



**Сафуан  
Шаймерденов**

**2  
ТОМ**



# Сафуан Шаймерденов

*Шығармалары*

*Повестер*

**2**  
**ТОМ**

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5 Қаз) - 44  
Ш 18

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ  
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІ  
«ӘДЕБИЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ ТҮРЛЕРІН  
БАСЫП ШЫҒАРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ


47938

**Шаймерденов С.**  
**Ш 18 Шығармалары** (*Сафуан Шаймерденов;*  
*құраст. И. Уандықова*). — Алматы: «Ан Арыс», 2013.  
Т.2.: Повестер. — 320 б.

ISBN 978-601-7337-49-0

Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері,  
көрнекті суреткер Сафуан Шаймерденовтың бес томдық шығармалар  
жинағының екінші томына кезінде қалың оқырман қауымның ыстық  
ықыласына ие болған «Қарғаш», «Ит ашуы», «Жыл құсы», «Мезгіл»,  
«Өмір нұры» тәрізді бірнеше повестері топтастырылды.

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5 Қаз) - 44



© Шаймерденов С., 2013  
© «Ан Арыс» баспасы, 2013

## ҚАРҒАШ

*Әкем бір күйеу болған жер,  
Шешем бір келін болған жер...*

**Күдері Қожа.**

### 1

**А**лдымда менің жол жатыр. Бұралаң, бұлтарысы көп өмір жолы. Талай жыл жүріп келем, жүріп келем. Өріне шығып сүйінген, ойына түсіп күйінген де күндерім бар. Сонда да жүріп келем. Адал жүріп келем. Ойға алған көп дүниені тындырғандаймыз, асыл мұраттың біраз биігіне көтерілгендейміз. Көкжиек кенейіп, жол шеті құбылып, ұзара түскен, қол жетпес арманша шалғайға тартып, шақыратын сияқты жұмбақ алысқа. Бір ғажабы, елегізімейтінге ұқсаймын. Күн болса, ұстараның жүзінен ауып, еністеп барады. Самай шашты қырау шалды. Алдымнан қилы-қилы гүл атқан құбылма көктемнің самалынан көрі, байсалды, нәрлі қоңыр күздің шуағын молырақ сезінетіндеймін. Көңіл шіркін баяғыша жастық шақтың сағымын қуалап алабұртпайды да, «жаздың тотықұс түсті көбелектерін» аңсап әуре де болмайды. Қайта «махаббат, қызығы мол» жас дәуренді еске алып, жол бойғы бекет-белгілерге көңіл көзін жібергенді көбірек қалайды.

Жүріп келемін. Артымда бел-белестер бар мен өткен. Бірінде нәресте көңілімнің жасы бар. Бірінде балалығыммен қош айтыс-

канмын. Тағы бірінде тау өзеніндей дүрліге тұтанып, өзегімді өртеген алғашқы жалқын махаббатым оянған-ды.

Ие, жас кезім, албырт кезім — бәрі де алыстап барады...

Мен өткен жолдың үстінде қарағай үй тұр. Заман салмағы түсе-түсе шөгіп, аласара бастаған ескі үй. Жел мен күн жеген бөренелері шіріп, қарайып кеткен. Кішкене терезелері де алқам-салқам. Тозығы жетіп, топсасы қайырылған сыртқы есігі жабылмайды, толассыз соққан желмен ұзақты күн шайқақтап, шикылдайды. Бұл — бір кездегі ауыл мәдениетінің ат байлары — мектеп үйі. Бірақ күмбір-күмбір қонырау соғылмайды қазір. Сәбилердің айқай-шуы да жоқ. Шырқала салынған ән де шықпайды. Бәрі де сап болған. Бәрі де жана жерге, жақсы қоныс-мекенге ауысқан.

Бұрын бұл орамда бұдан биік, бұдан сәулетті үй жоқ секілді еді. Көк шатырлы төбесі күндік жерден көз тартып, мен мұндалайтын. Құдай-ау, бала көзге терезелері де аттылы кісі өткендей тым үлкен еді. Бөлмелері кең, самаладай жап-жарық, қай жерінде отырсаң да, ең даланың өзіндегідей қиян-алыс қырқаларды көретінсің. Ие, дүние деген кең екен ғой. Сол кең дүниеде биік-биік таулар бар екен, ұзын-ұзын өзендер, ол шеті мен бұл шетіне ат шаптырса жетпейтін ірі-ірі қалалар бар екен. Бәріне де сол үйдің сол бір кішкене терезелерінен көз салған едім алғаш. Тумысымда тұңғыш рет сәби қолыма қалам алып, «Ана» деп жазуды да сонда үйренгем. «Алғашқы махаббат» дегеннің азап-қасіретін де осында тартқанмын.

Бұл маған соншалықты ыстық үй.

## 2

Соғыс біткен жыл. Мен онда он сегіз жаста едім. Ал Қарғаш болса, толып пісіп келе жатқан, он жеті жасар бойжеткен қыз болатын.

Екеуіміз бірге өстік, бір мектепке бардық. Жаз болса, орман аралап, шие, бүлдірген тергенбіз, қыс болса, қар лактырысып, асыр салғанбыз. Бір жас үлкендігімді пайдаланып, ақыл айтатын, ұрысып, жылатып қоятын күндерім де болған. Кейін, есейе келе, осы ойынымнан от шығарын біліппін бе, мен онда. Ие, ақ жарқын, ашық мінез Қарғаш басында да соншалықты қайғылы оқиға болар деп кім ойлады дейсің ол кезде.

Ойымда түк жоқ еді. Бәрі де менің қалада мұғалімдер училищесін, бітіріп, қайтып оралуыма байланысты болды.

Сөйтіп, мен төрт жылды артқа тастап, өзімнің туып-өскен мекеніме, өзім оқып шыққан бастауыш мектебіме келдім.

Шіркін, біздің «Сұлукия» — неткен сұлу жер еді десенізші! Бір жағында — бұйра талды, иірім аққан сұлу Есіл. Бір жағында — үнемі

сабасынан асып, шайқалып жататын сабатты шалқар көл. Сол екі ортада аласа болса да найзаша тік шаншылып аспанға ұмтылған қия – Сұлукия.

Бұл өңір, әсіресе, көктем шағында тым өзгеше. Көк сілемек мұнар басқан тоғайлар килы-килы гүлге оранады. Құбылма сағым ойнаған қырат, жондарда бәйшешек пен сарғалдақ жайқалады. Ақ селеулі қырда бозторғай шырылдайды, тоғайда бұлбұл сайрайды. Соған жалғыз-жарым көкек даусы келіп қосылады. Ал көл беті болса, өзінше думан-шу.

Міне, мен сондай жаздың ерке шағында сол ауылыма, аяулы адамдардың арасына келдім. Балаң көңілмен аттанып, марқайған жігіт болып, мұғалім болып келдім.

Анам байғұста ес қалған жоқ. Мені баяғы бала Сапар деп ойлай ма, немене, ертеден қара кешке дейін өбектей береді, аймалап бауырына баспақ болады. Бірақ өсіп, буыны қатып кеткен сүйекті мен құрғыр икемге келе де бермейтін сияқтымын. Оған жұрт та күледі, өзім де күлемін.

— Ойбай-ау, үлкен үйдегі келін-ау, тіл-аузымыз тасқа, Сапарын сойталдай жігіт болып кетіпті. Етегің елпі, жеңің желпі жүріп жоқшылық тауқыметін көп тартып едің, қолыңды жылы суға малып, шалқая отыратын уақытың болды енді, тезірек келін түсір, — дейді абысын ажындары.

Апам нык сөйлейді.

— Е, түсірсе несі бар, жасаған ием жеткерді. Мандайынан шертіп жүріп түсірем.

Жиналған абысын-ажындардың бірі бір пәленің ұшығын шығарып та қояды.

— Бәсе, деймін-ау, міне, оң жамбасыңда да бірі отырған жоқ па, жұтынып.

Әңгіменің Қарғаш жайында болып жатқанын мен бірден түсінемін, өзімше күліп де қоямын. Өйтетінім, ауылға үйленейінші деп оралғаным жоқ. Жалғыз отырған анамның көңілін кимай келдім ғой. Ойым — Алматыға барып, жоғарғы оқуға түсу еді, апам қарсы болды. «Жалғыздық бір Алланың өзіне ғана жарасқан, шаршадым, шырағым. Қайтсең де, бірер жыл қасымда бол», — деп қарсы болды. Оның үстіне бұрын кемпірлер арасында осындай сөз бола қалса, не тұра жөнелетінмін, не:

— Қатын алмаймын, қатынның маған керегі жоқ, өздерің бастарына шайнап жағындар, — деп отыра қалып жер тепкілеп, бақыра бастайтынмын. Осы бір жайлар есіме түсіп күлемін. Әрі «жұдырықтай баланы қалайша сөз етеді екен обалсынбай», — деп кейітін де секілдімін. Сөйтсем, бала кездегі Сапарын іздеген апам ұксап, мен де Қарғашты баяғы қалпы деп ойлаппын ғой. Төрт жыл-

дың ішінде оның да шынардай бой түзеп, сұлу қыз болып кеткені есіме келсейші тіпті.

Көрісуіміз де айта жүрерліктей қызық болды. Бұл мен келген күннің ертені еді. Болашақ бастығыммен танысайын деп мектепке бет алдым.

Баяғы «Сұлукияны» орағыта орналасқан колхоз аулы. Әркалайша сыланған үлкенді-кішілі маймақ төбе үйлер. Осы кияға барып тірелер шолақ көшенін басында аумақты жерді алып, шатырлы бір үй тұр. Қабырғалары жауыр аттың аркасы секілді, ойдым-ойдым сылағы түсіп, ырсиып көрінеді. Бұл — колхоз кеңсесі. «Кім бар екен?» — деген құмарлық жеңді ме, қайдам, кіре кетейінші деген ой келді.

Баяғы қалпы. Ескі орындық, сыры түскен шкафтар, ішінде де, үстінде де қағаздан бос орын жоқ. Талай жылғы колхоз есебінің түптеліп, тәртіпке түскен папкалары. Міне, төрде тиіп кетсен шикылдай жөнелер ши аяқ үлкен стол, баяғы орнында, баяғы қалпында. Бар өзгерісі — өңі тайған қызыл жамылтқының сия дағы жиілей, қалыңдай түскен. Сол столдың басында сарт-сұрт шот қағып көз киығы сүйірлеу, дөңгелек жүзді сары кісі отыр. Ол осы елде ертеден «Арам сары» атанған, бірақ өз ісіне берік Мелдес Асабаев — колхоздың бас бухгалтері. Маңдай шашының кейіндеп, самайына қылау тұра бастағаны болмаса, оның да «ішімдегіні жарып ал» — дейтін бұрынғы тымырсық қалпы.

Бұрын бас бухка қарсы бетте кемпір иектеу келген, сопан бет зор кара — Дәулет отыратын-ды. Ол Арам сарыға көмекшілік қызметін ғана атқарғанымен сөзге ұста, келіп-шығып жататындарға орнықты жауап беріп, риза етіп жіберетін көшелі кісі еді, өткен қыста дүние салыпты. Енді сол Дәукең марқұмның орнынан ұзын шашын қос бұрым етіп өріп, алдына түсіріп жіберген, ақ өнді, бойжеткен бір бейтаныс сұлу қызды көремін.

Мен Мелдеске қол беріп, бойжеткенге «сәлеметсіз бе» — деп басымды ғана изедім.

Мелдес жылы жүзін танытып:

— Е, Сапармысың, қашан келіп қалдың? — деп мұрнынан бір мыңк етті. Содан кейін «осы сұрағым да жетер, жауап беріп, әуре болмай-ақ кой», — дегендей, қағазына шұқшия төніп, шотын қаға берді.

Ал қыз болса, жауап қайтармады, әлдебір кекесінмен мырс етті. «Неге күледі бұл сокқан?» — деп сескене күдіктеніп қалдым ба, немене, тіктеп карасам, қан тепкен бетінің ұшындағы дөңгелек қалы үйіріле шұңқырайып барады екен.

«Ойбай-ау, сен Қарғаш екенсің ғой» дегенімше болмады. Қарғаш әзілге ұстарып қалған ауыл қызының мінезін танытып:

— Қалада оқығандардың әдеті, көзінің еті өсе келетін, — деді түйеден түскендей етіп.

Капелімде аузыма сөз түспей, қысыла бердім. Бойжеткен би-кешке санап, сыпайылық белгісімен кешірім сұрасам ба екен. Әлде баяғы бір шашынан тартып қалып, жылата салатын кездегідей бірдеме деп бетін қайтарып тастасам ба екен? Жөнін таппадым. Ақыры зорға дегенде:

— Танымасам, оған мен емес, өзін айыптысың, — дедім күліп.

Қарғаш маған тіке қарады. Құдай-ау, төрт жылдың ішінде қалай өзгеріп, өсіп кеткен десеңші! Бұрынғы қоңырлау өні, енді сүтке қан тамызғандай соншалықты нұрлы, бал-бұл жанады. Дөңгелек сәби иегі де сәл сүйірленіпкіреп, бұғағы айқын біліне бастаған. Түп-түзу қыр мұрыны бұрынғыдан ұзара биіктеп, толған ат жақты өніне зергер қондырғандай әдемі сән береді. Күлімдеген қоңыр көзінде ұяндық жоқ та, осындай жаңа пісіп, толса да, әлі уызы жарылмаған қыз балаларда кездесетін соқтыққыш ойнақылық бар.

— Неге мен айыпты болмақпын? — деп ол күлімсірей сұрады.

— Соншалықты өсіп, өзгеріп кеткенсің.

Қарғаш ырзалық белгісін білдіріп, бұйығып күлді. «Өскенім рас» — дегендей, биіктеп қалған кеудесінен асып түсіп жатқан бұрымын жауырынына қарай лақтырып тастады. Содан кейін әлдебір ойлы қалыпта сәл отырып қалды.

Арам сары бұл әңгімемізді ұнатпаған секілді. «Жұмысыма кедергі жасадыңдар» — дегенді танытып, үлкен алақанының сыртымен шот тастарын сарт еткізіп бір-ақ қайырды да, бірдемені мінгірлеп қағазына қайта үніліп, тізілген көп сандарды тағы да қаға бастады. Қарғаш терең бір дем алып, жымия күрсінді де, жұмысына кірісті. Ендігі тұрысты артық санап, мен де далаға беттедім.

### 3

Сөйтіп, арада төрт жыл өткен соң мен Қарғашпен осылай кездестім. Рас, бұл жылдарда жазғы каникулды пайдаланып ауылға талай келгенім бар. Бірақ шынымды айтсам, оны іздеген мен жоқ. Тіпті көрші отыртандықтан ба, Қарғаштың анасы Салика байғұстың мен дегенде жаны-құты қалмаушы еді. Келген сайын үйіне кіргізіп, дәм татырмай жіберген емес. Қызыл иегінде оқшау қалған алдыңғы өкі күрек тісін айқын көрсетіп, күле жүретін де «ал, іш, же, шырағым, жат жерде қай бір жағдайларың болып жүреді дейсін» — деп бар дәмдісін алдыма тартатын. Сөйтсе де, Қарғашпен бір кездесе алмаппын. Бір жылы келгенімде шалғайдағы ауданда тұратын нағашысына кетіп қалған. Ал одан кейінгі жылдары қайда болғаны есімде жоқ,

тіпті, «Қарғаш қайда?» деп сұрамаған секілдімін. Бір қызығы колхоз кеңсесінен шыға бергенде басыма әуелі оралған ой осы болды: «Неге сұрамадым екен?» деймін. Сонымды әлдебір әбестікке бағып, аздап қысылған сияқтымын. Міне, алдыңда айқын жол жатыр. Әр түп көдесі мен әр түп бұтасына дейін білем, бәрі де алақанымда деген жолын. Күндердің бір күнінде сол жолмен, өзіңнің таныс деген жолыңмен жүре қалсаң, оқыс бұрылыста, алдыңнан биіктеп өскен бір бейтаныс сұлу шынар шыға келеді. Сонда сен: «Апырау, не ғаламат бұл? Мына шынарды неғып көрмегенмін мен бұрын?!» деп таңырқайсың. Таңырқап қана қоймайсың, көңіліне бір күдік кіреді енді. Бұрынғы «білем» дегеніннің бәрін де білмейтін сияқтысың. Басқаны қайдам, мен өзім осындай бір күйге түстім. Мына өз ауылым өзімдікі емес секілді. Адамдары да бөлек, көшелері де басқаша. Сол бөлек ортада ең әуелі төмен қарап алып, тұғжындап шот қакқан Арам сарыны, содан кейін, неге екені белгісіз, Қарғашты көз алдыма әкелемін. Ол күле қарап: «Неліктен мен айыптымын? Бар кінә өзінде» — деп тұрғандай.

...Мазам жоқ... Үйде отырғым келмейді. Әлдекімді тосқан, ала көңіл адамға ұқсаймын.

Қызарып күн енкейді. «Сұлукияның» ұзын көлеңкесі тура мен отырған терезеге келіп түсті. Айнала жап-жарық. Аспандағы шуда бұлттар кешкі күн сәулесімен өртше алаулайды. Ақшыл-қызғылт реңге енген көл беті де тып-тыныш. Күн ұзақ ашық айдында жүрген қасқалдақтар енді қамысқа қарай бет ала бастаған. Кенет терезе алдынан көлеңке сызығын кесіп, жеңіл басып біреу өтті. Сөйткенше болмады, есік алдында апам біреумен сөйлескен сияктанды. Құлағыма Қарғаштың дауысы келгендей. Жүгіріп сыртқа шықтым. Бөтен бір пенде жоқ. Аула ішінде жамырап қойған бұзауымен ұрсысып апам ғана жүр.

Далаға бет алдым. Көрші үйдің көк қақпасына сүңгіп бара жатқан біреудің қос бұрымы қылт етті. Ол маған тағы да Қарғаш сияктанды. Неге екені белгісіз, солай қарай бет алдым. Кенет көк қақпа алдынан абалап ашулы бір ит ұмтылды да, орта жолға жете бере аңырып тұрып қалды. «Қалпақ киіп шікірейгенге бөтен біреу ме десем, өзіміздің Сапар екенсің ғой», — дегендей құйрығын бұлғандатып, танымай қалғанын ерсі көріп тұрғандай.

— Қырғын! Қырғын! — дедім ақырын ғана қайталап. Сөйтуім-ақ мұң екен, Қырғын салып келіп кеудеме қарғыды.

Мына көк қақпа Қарғаш үйінің қақпасы. Ит те сол үйдікі. Неге «Қырғын» атанды? Оны бір тәнірім білсін. Әйтеуір мен ауылда жүргенімде Қырғынның бірденені қырып тастағанын көрген емен. «Қырғынды ертіп аңға шығып едім, пәлен түлкі алды» немесе «пәлен қоян алды» дегенді де естігенім жоқ. Бір кереметі, әйтеуір, қақпаға

сак болатын. Осы Өтеген карттын үйіне бейсауат бір мал жакындап кетсе болды, қыр асырып салғанша айнала шауып, арсылдап итәлегін шығарады. Қырғынның бөтен адамға да ұмтылатыны бар. Бірақ онысы жай кокан-локкы ғана. Жүрегінді тоқтатып, қарсы жүрсен, құйрығын қысып алып, қораның қараңғы түкпіріне қарай зытып отыратын-ды. Сөйтсе де, ол кезде Қырғын біз сияқты балаларға аса елгезектігімен қымбат еді. Бірдемені лақтырып жіберіп, «бар, мынаған әкеп бер» — деп бір баланы нұсқасаң, жаза баспайтын-ды. Сол балалығым ұстап кетті білем, қалтама қол жүгіртіп едім, лайықты ештеңе табылмады, содан кейін құр қолымды сілтеп қалдым: «Қырғын, бар алып кел!» Қырғын аспанға бір қарғыды да, тасырлата жөнелді. «Түскен жерің осы-ау» деген деңгейге дейін ағып барды да, олай-бұлай жосылтып сүзе бастады. Мен мәз болып тұрмын. Қырғын олай шапты, бұлай шапты. Ақыры тұра қап маған қарады. «Кәне, қайда жібердің?» — деп қарағандай. Бір-екі рет тұмсығын көкке көтеріп үріп те алды. Содан кейін қорасына қарай бір-ақ тартты. Шақырсам да қайырылмады. «Дардай жігіт екен десем, баяғы бала қалпың екен ғой» —деп кеткендей.

Кенет қора жақтан күлкі естілді. Қарасам, көк қақпаның жақтауына сүйеніп тұрған Қарғаш екен.

— Иә алдауға жарап қалған екенсің ғой, — деп күледі.

Менің құлағыма дейін қызарып кеткен болса керек. Бұрқ етіп бетіме қан тепті. Жүрегім шымылдады. Қуанған сияқтымын. Сонымен бірге қатты қысылғаным да байқалады. Не дерімді білмедім. Бір реті табылар дедім бе, әйтеуір көк қақпаға қарай бет қойып, жакындай бердім.

Бірақ жайымды түсінген Қарғаш болмаса керек. Баяғы бір бала күніндегідей қасыма жүгіріп кеп қолтығымнан алды:

— Сорайып кетіпсің ғой өзің, аспанға тіреу етпекпіз бе, қайтеміз енді, — деп еркін күлді.

— Неге тіреу етсен де ғұзырындамыз, — деп мен жығыла айттым.

Қыз тағы да дауыстай күлді. Көзіне көзім түсті. Манағы бір соқтыққыш ойнақылықты тағы оқығандаймын. Разылық белгісі ме, кім білсін, бір сәт көзін жұмып білегімді төсіне салып қысып-қысып қойды. Пісіп, ұшталып қалған шымыр кеудесі тиген жерін күйдіріп, батып бара жатқандай сезіндім. Бір ауық ыстық демі келіп мойнымды қытықтап өтті. Жүрегім тулай соқты. Өне бойымды бүгінге дейін оянбаған ыстық бір сезімнің жалыны шарпығандай, қалшылдай бастадым. Бірақ сездірмеуге тырысам, ептеп қолымды босатып алдым. Енді екеуміз де бір-бірімізге таянып, қатарласа жүрдік. Қарғаш әлденеге үндемей қалды. Сезіміне сезіммен жауап бермей өкеплетіп алдым ба деп қорқам. Өзіме-өзім ренжіп, «әлде осы ынжық емес пе екенмін?!» — деп ойлаймын. Бір сәт өзіне ұқсап

колтығынан алып, бауырыма тартсам қайтеді, дегендей де ой келді. Бірақ кешігіп қалсам керек, қыз ажары тым салқын. Жүрегім дауамады. Тыныштық қолайсыздығын бұзғым келді де:

— Оқуды неге тастап кеттің, Қарғаш, қызмет табылмай қалады деп ойладың ба, әлде? — деп сұрадым оқыстан.

Қарғаш бет ұшындағы меңін үйірілтіп, тағы да күлді.

— Көрші отырған екі үйден біреу ұзап оқыған соң, со да жетер деген шығармын.

— Онынды ендеше ерте неге айтпадың. Сен үшін де бірдемелердің... — деп келе жатыр едім, Қарғаш киіп кетті:

— Оқыған адамның көзі ашық демейтін бе еді, өзі де білер деген шығармын.

Жүзіне қарадым. Әлгі бір ойнақы күлкінің ізі де жоғалып үлгіріпті. Сондай мұнлы. Көзінде мен түсініп болмайтын тұңғық сыр жатқандай. Тағы да баяғы бір ой жүректі тырналады: қалайша осы Қарғаш жайлы ойланбадым екен мен бұрын?

Біз көк қақпаның алдына келдік. Ар жақтан Салиқа шешей көрінді. Қызыл иегінде оқшырайып оңаша қалған күрек тісін көрсетіп, күле көрінді:

— Құдай-ау, Сапаржанбысың?! Аман келдің бе, шырағым. Осында мұғалім болып орналасты деп еді, рас па?

— Рас, Салика апай.

— Ойбай-ау, Шәйза байғұста ес жоқ десейші онда. Әкен марқұммен біздің шал түйдей құрдас еді, барып бір түйе бас жасасам ба екен өзін!.. Бәсе, неғып кіріп, шықпай жатыр деп едім өзім де. «Сәлемдеспеді» — деп әлгі шал да торсандап жүр еді. «Асықпа, өзіміздің Сапаржан болса, келеді» — деп басып қойғам, — Салика шешей салдырлай сөйлеп, есікті ашты.

Өтеген карт үйде жоқ екен. Өзі қатарлы шал-тұрақтарға қосылып, колхозға шөп шабамыз деп өзен бойына кетіпті. Неге екені белгісіз, Қарғаш қайтадан сыртқа шығып кетті. Ал Салика шешей болса, үй жабдығымен айналыса бастады. Мен төргі үйде жалғыз қалдым. Енді байқап отырмын, үй іші соңғы бір жылдың ішінде мүлде өзгеріп кетіпті. Кемпір мен шалдікі дегеннің бәрі де сырылып ауызға бөлмеге шығып, төргі үй түгелімен қыз тілеуіне бағындырылған. Қай бұрышына қарасан да, «Бұл үйде бойжеткен қыз бар, бұл үйде Қарғаш бар, маңдайы жарылған біреудің Қарғашы!» — деп паш етіп тұрғандай. Оң жақта желпейлі ак шымылдык. Инежіптен жана шыққан асыл көрпелер қатарланып жиналған ак керуеет. Түс киіз орнында өрнекті кілем, маңдайда әдемі кенереде үлкейтілген Қарғаш суреті. Үлкен гүл алқасының бір қанатына ұқсас сол бұрымын иығына төмен құлатып, фотоаппарат камтуынан әрі асырып тастаған да, оң бұрымын өріп тұрған халде. Күлкі ұялаған

бойжеткендерде болатын «міне, мен қандаймын!» дейтін еркелік назы да, менмендік салқыны да байқалады. Үй іші соншалықты тартымды, тап-таза. Еденге төселген ашық бояулы, машақат өрнекті алаша мен терезелерге ұсталған мәнерлі перделер де үй сәнін айрықша молықтыра түсетіндей. Бір бұрыштан жарқырауық үлкен әбдіре көрінеді. Ол да «мен Қарғаш үшін жаралғанмын!» дегендей жарк-жүрк етеді. Бір ғажабы, қыз жасауы сол әбдіреде емес, ұзын қабырғадағы терезе үстінен жүргізілген аспа сырықшаға ілінген. Сол кездегі ауыл сәнімен тігілген қыз киімдерінің бәрі де иін тіреседі.

Алғашқы ой: «Мұның бәрін неліктен мөлдіретіп қойды екен?» — болды. Содан кейін денем мұздап жүре берді. Көз алдыма бұдан бес-алты жыл бұрын тұрмысқа шыққан жақын әкпелеріміздің бірі келе қалды. Ол үй де қызын ұзатар алдында барлы-жоқтысының бәрін өстіп, дүкенге түскен дүниедей мөлдіретіп, жайып қойған болатын. Жалпы ескі қазақ ауылының, ұзатылған қыз бен дүние салғалы жатқан адамның жылдар бойы сандықта жатқан бар жақсысын жарық дүниеге алып шығатын әдеті бар. Сол есіме түсті. «Осыншама жасаулаған түрлері жаман, ұзататын болғаны ғой, тегі. Мезгілсіз оқудан шығарып алып, қызметке орналастырулары да тегін емес», — деп ойлады. Жүрегім сазып ауырғандай. Тұңғыш рет қызғаныш деген оттың жалыны шарпып өтті өн бойымды. Шеңгелін салып бүріп келе жатқан бейтаныс бөтен біреуден Қарғашты қызғана бастадым. «Жоқ, қайтсем де арашалап қалуға тиіспін» деймін. Оның үстіне бұл тағдырына Қарғаштың өзі де разы емес сияқты. Әлгі бір оқу жайындағы әңгіме үстіндегі мұңлы кейпі соны аңғартады. Осыдан барып тағы бір қызық ойға тірелгендеймін: «Қой, бекер болар. Құда түсіп, қыз ұзатылайын деп жатса, естімес пе едім әнеуіден бері». Мына өзімшілдікті қарашы. «Мені қиып Қарғаш қайда кетуші еді» деп те қоям бір ауық. Манағы бір күлкісі, қолтығымнан алып, қысып-қысып қойғаны, тағы бірде жылы қарағаны көз алдыма келді. «Бөтен ойы болса, неге өйтеді?» — деп өзімді-өзім жұбатамын. Расында да, осыдан кейін көңілім орнығайын деді. Қызарып батқан күн сәулесі ойысып келіп қабырғаға түсті. Үй іші бір түрлі құбылып, әлсіз қызыл сарғыш түрге енді. Көңілім, тағы да қыз суретіне ауды. О, ғаламат, басқа ала күнгірт дүниеден ала бөтен бөлініп, жұмбақ бір сәуленің көзі сияқты жарқырап тұр екен. Мына үй ішіндегі қызыл сарғыш сәуле күлімсірей қараған осы қыз нұрынан тарайтын тәрізді. Іштей толқынып, әсерленіп қалғандаймын. Көзімді жұмдым. Алысырақтан иттің үргені, бұзауын іздеген сиырдың мәңірегені естіледі. Есік алдынан салдырлатып арбалы біреу өтті. Әлдекімнің айқайлап сөйлескен даусы шығады. Ауыл қотаны кешкі тірлік камында. Көзімді аштым. Қарғаш суреті өз орнында, бірақ сөнген жұлдыздай тым күнгірт тартып барады. Енді байқадым: қабырғадағы

астыңғы шегесінен шығып, сәл шалқаланқырап қалған кішкене айнадан күн көзі әрі аунап кеткен екен. Енді үй іші де қараңғы тарта бастады. Көңіл шіркін соған орайласты ма, кім білсін, тағы бір ой толқынының ала құйын ағынына түсіп кетті: «Қарғаш қия алмайтындай араларыңда не бар еді соншама?! Тым болмаса, төрт жылдың ішінде бір рет жылы сөз айтып, хат та жазған жоқсың. Дәмесінін зорын-ай!» Маңдайымнан тер бүрк ете түсті. Қанша отырғанымды да аңғармаған секілдімін. Үй ішінің нобайы мүлде өзгеріп, қою қараңғылық құшағына енген. Суға кеткен тал қармайды дегендей: «Сөйтсе де, бірге өскен құрбы емес пе, ең болмаса, кететінін күн ілгері айтып, сырласпайтын не болыпты Қарғашқа? Ойымдағыны сонда жеткізермін!» — деп далбасаладым.

Өстіп өз ойыммен өзім алысып отырғанымда Салиқа шешей самауыр алып кірді. Қарғаш шам жақты. Содан кейін баяғының қыздарынша ұзын көйлегін алдына түсіріп, бір тізерлей отырып шай құя бастады. Маған алғашқы шәшкені ұсынарда «міне, мен де шай құйып бере аламын, бала санама» дегендей тура қарап жымия күлді де, көзін тез аударып әкетті. Сосын тастан қашаулаған мүсіндей салқын бір сұлулықтан өзгермей, шайын құйып ұзақ отырып қалды. Қанша тесіліп қарамайын, назар салған жоқ.

Мұнысын қалай түсінсем екен? Ана алдында артық мінез танытпайын деп тартына отырғаны ма? Әлде жат жұртқа жаралған ежелгі қыз қылығына бағып, неғайбыл болашақтағы неғайбыл тағдырына өзін өзі дайындап, бой ұсына бастағаны ма? Қайтсе де, есейгендіктің, піскендіктің нышаны. Осы сәтте Қарғаш маған қанаты қатқан кішкене бір құс секілденіп кетті. Дәп қазір дүр сілкініп алып, ана жұлдыздар жымындаған алқара көк аспанның жұмбақ тұнығына самғай жөнеліп, ғайып болатындай көрінді. Оған мына ескі мекен — ұя да, мен де төтеп бере алмайтындаймыз. Тағы да әлдене бұрап, жүрегімді шымшылап өтті. Тезірек білсем деп елеңдеймін. Өйтетінім, Салиқа шешей әңгімені Қарғаш жайынан бастаған болатын. Бірақ менің халімді біліп алып, қасақана істеп отырғандай, «енді айтар, енді айтар» деген кезде шақпа қантты қызыл иегіне сап әрлі-берлі бұлтандатып, қою шайды сораптай тартады да, шалқайып жүре береді.

— Құдай-ау, оқуды тастап кетеді деп кім ойлаған. Бір демалысында үйге келіп еді, бір жұма ақ боран соқсын. Содан жуатын кірқоны, жамау-жасқауы бар дегендей, жат жерге қыз баланы сыбайсалтан, қалай жібере аласын. Ананы табайық, мынаны табайық деп жүргенде тағы бір жұма өтіп кетіпті. Сөйтіп жүргенде, ана Арам сарысы құрғыр қыр соңымыздан қалмағаны бар емес пе. Күн демейді, түн демейді, солбырайып кеп отырып алады да, шалдың құлағының етін жейді кеп: «Соғыс кешікпей бітеді. Армиядағылар елге оралады,

заман түзеледі. Сол кезде алысырақ калаға барып та оқыр. Осындайда қызмет істеп төселіп алғаны дұрыс. Есеп-қисаптың бәрін өзін үйретем» – деп. Жазғанды жай жазғырған екенбіз. Басында «мойнына бірдеме мінгізіп алмас па екен» деп, ішімізге ас батпай жүрсек те, кейін көңіліміз орнығайын деді. Үйреніп кетті-ау, әйтеуір, құлыным. Обалы нешік, ана Мелдес кой үйреткен көз майын тауысып ерте демей, кеш демей. Күн барасын, түн барасын, екеуі тау-тау қағазды алдарына үйіп қойып, жазады да жатады бірдемелерді. Қалай шатаспайды десейші. Дегенмен, Сапаржан-ау, қызмет істеп, ішінде жүрген неге жаман болсын. Қарғашым іске араласқаннан бері бастықтың пиғылы дұрыс бізге. Қай жерде кездессе де тұра қалып амандасып жатқаны. Тіпті бар ғой, бұрын маңайынан құс жорғалатпайтын ана қара мұрт Әлмірза кілтші бар ғой, соның өзі де, «жем-мем бірдеме керек болса, айтып қойындар, қалт еткенде апарғыза саламыз ғой», – деп үйіріледі. Тәуба, соның бәрі осы Қарғашымның арқасы ғой. Кісі болғаны ғой. – Салика шешей осы тұста аз-кем тыныстап алды да, босаған шәшкесін: «Шәйінді қоюырақ етіп құй, құлыншағым», – деп Қарғашқа ұсынды. Содан кейін әңгіме тақырыбын кілт бұрып, менің де өсіп, азамат болғанымды, жас шағы жесірлікпен, жоқшылықпен өткен шешемнің бағы енді ашылатынын айтып кетті.

Әлгінде әңгіме өзі туралы болғанда Қарғаш кәдуілгі үлкен адамдарша шешенін кей сөзін ерсі санап, қарсылық білдіре отырған еді, енді өңі бір түрлі нұрланып сала берді. «Міне, сен осындайсың!» дегендей қошаметпен күле қарап, шәшкемді қолыма ұсыныңқырай ұстата бастады. Мен төбем көкке жеткендей бір түрлі шалқып кеттім...

Далаға шықтым. Дүниені бозамық сәулеге бөктіріп Сұлуқиядан тік асып ай қалықтап барады. Сансыз жұлдыздар жымындайды. Төңірегім шырылдаған шегіртке үні. Тоғай жакта әлдебір түн құсы әлсін-әлі кәдуілгі адамша айқайлап қояды. Бір ауық үйріліп аққан су сылдыры естілгендей. Алыста, арғы бетте енжар ит үреді. Жалғыз-жарым барлыққан күзетші даусы шығады. Түн жұмбақ сырларға толы.

Кенет бірен-саран көшеде өскен тал басын қыбырлатып Есіл беттен самал леп тұрды. Кеудемді айқара ашып, терең дем алдым. Адымдай басып ілгері аттаймын. Алдымда аласа үй бар. Кішкене терезесінен өлусіреп жанған шам жарығы көрінген секілді. Ол – біздің үй. Күнгірт сәуле шашқан терезе де біздікі. Үйде қазір қадірлі ана отыр. «Құлыншағым қайда жүр екен?» – деп мені күтіп отыр. Бірақ үйге кіргім келмейді. Дәп осылай көкірегімді самалға тосып, жүре берсем деймін. Кеудемде беймаза бір күй бар оянған. Сол күй қиян шалғай алысқа, арманды бір жұмбақ алысқа шақырып, еліктіріп жетелеп барады.

...Кенет алдымнан бір ит бұлаң ете түсті. Карасам, Қырғын екен. Манағы «өкпесін ұмытып» кеткенге ұқсайды. Құйрығын бұлғандатады. Қасыма шақырдым. Екеуміз де көкке келіп отырдық. Мен адамша, Қырғын итше шокиып отыр.

Жана ғана өзім шыққан көк қакпалы үйге көз салам. Үлкен терезелері самаладай жап-жарық. Бір кезде сырт жақтан салдырлаған арба даусы шықты да, қакпа алдына келіп тоқтады. Қырғын ұмтыла беріп еді, жібермей қалдым. Бұл жұмыстан қайтқан Өтеген қарт. Әлгіндей болмай тарс етіп көк қакпа ашылып, жабылды. Үй ішінде әрлі-берлі жүрген адамдардың көленкесі көбейіп кетті. Өтекеннің келуімен самарқау үй тірлігі жанданып сала бастады. Кенет ана көк қакпа мен самала терезелер де, мына менің қасымда шокиып отырған ит те көзіме сондай ыстық болып жүре берді. Жынды адам сияқтымын, Қырғынды мойнынан қатты қысып, құшақтап алдым.

— Сен білесің бе, Қырғын, мен ғашықпын! — деймін дауыстап.  
— Самал желге, жымыңдаған жұлдыздарға ғашықпын! Адамға ғашықпын!

Әлде қатты қысып жібердім бе, әлде, айтқанымды түсінгені ме, Қырғын екі-үш рет «ап!» — деп үріп басылды.

— Қалай үрсең де хайуансың ғой, Қырғын, сен. Адам жүрегіндегі асыл сезімді түсінерсің бе, сірә да! — деймін тағы да.

Өзім терезеден көз алмай қарап отырмын. Сонымды сезіп қалғандай, ар жақтан бір қолдың көленкесі көп перделерді сырғытып қойды. Құлды, «бұл үйде не шаруаң бар» — дегенді танытқан секілді.

Тағы да жүдеп қалғандаймын. Үйге келдім. Сықсима шамның жарығымен апам байғұс үңіле түсіп бірдеме істеп отыр.

Үй іші жүдеу. Жөні бүтін төсек-орын да жоқ. Аралары адам сыйғандай алшаң-алшаң, қисық теректен жарып салған еден де шотырайып-шотырайып кеткен. Екі жаққа қараған кішкене екі тереземіз де жап-жалаңаш. Тіпті сәндік үшін демесең, перде дегеніңнің керегі де жоқ секілді. Өйткені әдейілеп кеп үнілген біреу болмаса, қоңыр тірлігімізді мына сықсима шамның өзі-ақ пердеден әрмен көлегейлеп тұратын секілді.

— Үйді ақтап, тым болмаса, еденді былай таза ұстамайсың ба, апа, — дегенді қалай айтқанымды өзім де білмей қалдым.

— Үй таза болсын десен, қатын ал, — деді апам қатқылдау үнмен.

Әңгіме басталып кеткен соң мен де қайтпаған секілдімін.

— Е, мынадай кір үйге әйел келе ме?

— Әйел үйге келмейді, саған келеді.

Апамның бұл сөзін жөн санап, үндемей қалдым. Сонда да ішімнен үй тұрмысымның мынадай күйкілігіне қысылатын да түрім бар. «Алғашқы жалақыма, тірі болсам, құдай біледі, бұзыры бар шам алып, қарағайдан еден төсеттірермін-ау» — деп түйдім.

— Қайда жүрдің соншама кешігіп? — деді апам.

Бір сәт ойланып қалдым. Бұрын басымда болмаған әлдекалай толқу бар. «Айтқан жөн бе, айтпаған жөн бе?» Ақыры зорға дегенде «қуыстанатындай сонша не болып қалып еді, көрші отырған үй, айтқан жөн» — деп қорыттым да:

— Мына Салика құрбынның үйінен, — дедім. Сонда да неге екенін қайдам. — Есіктің алдында жүр едім. Салика апайдың өзі шаңырып алды, — деп ептеп қосынқырап жібердім.

Апам үндеген жоқ. Бойын жазды да, жеңіл күрсінді. «Мына күйбені көп жұмыстан қашан босатасың?» — деген сияқты болды маған онысы. Бірақ мен де үндемедім.

Төсек салынды. Шам сөнді. Ұйықтай алмай ұзақ жаттым. Апам да көз іліктіре алмағанға ұқсайды, анда-санда күрсініп, дөңбекши береді. Күйеуден ерте қалып, жоқтық, жалаңаштықта өткен күйкі тірлігін ойлай ма, әлде адам санатына енді аяқ басқан баласының келешегін ойлай ма, кім білсін, ана көңілінде не барын. Ал менің көңілім болса, көрші үйге қарай көбірек ауа берді. Жайып қойған қыз дүниесі көз алдыма көлеңдеп, басқа бір жат істің хабаршысын-дай мазалайды. Шыдай алмадым, бір кезде:

— Апа! — дедім дауыстап.

— Әу, жаным, әлі ұйықтаған жоқсың ба?

— Көрші үй қызын ұзататын болған ба?

— Көрші үйін қайсы? — Апам басқа көршінің бәрі өз ағайындарымыз, оларда бой жеткен қыздың жоғын біле тұра қасақана сұрап жатыр. Анықтап, қайталап айтсын дейтін болса керек.

— Мына Өтеген үйінен басқа қандай бөтен көршің бар еді? — деп мен де ренжіңкіреп тіл қаттым.

— Естігенім жоқ. Немене, ұзататын болыпты дей ме?

— Қайдан білейін, әйтеуір, қыз жасауын жәйіп тастапты

— Ә... онысы күйеу шақырудың амалы шығар. «Қызымыздың анасы бар, мынасы», — деп көрсетпей ме?

Жүрегім орнына түсті. Сонда да манағы бір сөзінің қарымын қайтарайын деп:

— Күйеу келсе, дүниесіне қарап келмейді, қызына қарап келмей ме?! — деп қойдым.

Бірақ апам басқа бір ойдың ағынымен кетті де, оныма мән берген жоқ.

— Қарғашы кенсеге тұрғалы тұрмыстары мүлде түзеліп кетті ғой бұлардың. Не бәлесінің барын кім білсін, ана Арам сары да осы үйден шықпайды.

Үй ішін бір сәл тыныштық басты. Бір заманда:

— Оны неге сұрадың? — деді апам қайталап.

Сөз: Жәй.

2-1039

библиотека

47938

Осыдан кейін апам да, мен де үндеген жоқпыз. Көп жаттым. Жаздың қысқа таңы қылан бере бастады. Көзім ілінер емес сонда да. Бойыма бір дерт жабысқан секілді. Тәтті арман мен азап-қайғыны ала келген дерт. Қай шұқанаққа апарып тастайды? Қай ұшпаққа көтеріп шығарады?

Кім білсін оны?

#### 4

Осы күннен бастап менде маза қалмады. Күні-түні ойлайтыным – Қарғаш. Күні-түні қарайтыным – колхоз кеңсесінің үлкен есігі мен Өтекең үйінің көк қақпасы. Көңілінде бөтен ой болмаса да, ешкім секем алмаса да, ұры адамша өзіннен өзін қуыстанып жүретін әдетін болады екен. Енді оңашалау сәттерді көбірек андимын. Қарғаш әуелі күлімсірей қарсы алады. Содан кейін алдындағы қағаздарды сырғытып, әлденені күткен адамша бір сәт отырады. Бірақ мен қызықты бір әңгіме қозғап, ермек етейін, көңілін көтерейін деп келмеймін ғой. Содан ба, жарытып ештеңе айта алмайтын секілдімін. Қарғаштың осыған көзі жетеді де, қағазына қайта үніле бастайды. Маған керегі де осы. Жүзіндегі әр құбылыс-ренкті айнытпай бағып отыра беремін. Менің бүйтіп отырғанымды Қарғаш әрине сезеді. Бірақ аңғармағансиды. Көзін сәл сығырайтыңқырап, қағаздағы көп сандарға үніле түскендей болады. Әнтек қабағын тыжырады. Енді бір кезде сіберлеп атқан таң шапағына ұксап кейпіне бірте-бірте күлкінің нұры жүгіреді. Содан кейінгі қабақ қағыста басын көтеріп, маған тағы да күлімсірей қарайды.

– Сен өстіп отырғанда сондай қысыламын. Не істеп, не қойғанымды да білмей қалам.

Мен бұған да жөндеп жауап таба алмаймын. Расында да, не демекпін мен оған! «Жоқ, қысылма!» деймін бе? Болмаса, «Е, бәсе, осылай қысылғаның дұрыс!» демекпін бе? Үндемеймін. Езуімді жәйіп, жай ғана жымыып, күлем де қоямын. Қайтсе де Қарғаш пиғылынан өзіме деген әлдебір жылылықты сезінетіндеймін.

Қарғаш ашыла сөйлейді.

– Соңғы кезде тым жиі келіп, өстіп үн-түнсіз отырып алатынды шығардың. Сондай қолайсыз тіпті. Әсіресе Мелдес ағай отырғанда қиын. Неге екенін білмеймін, жерге кіріп кете жаздаймын.

Рас, келуді жиілетіп жібергенімді өзім де аңғарам. Аңғарамын да: «Қой, мұным ұят болар, сиретейін» деп ант етіп, кеңседен шығамын. Бірақ бұл антым көпке бармайды. Бір сикырлы күш солай қарай тағы да «жүр-жүрлеп» жетелей бастайды. Колхоз кеңсесінің сықырлап

тағы да есігі ашылады. Ал, Қарғаш болса, «енді не айтасың?» — дегендей, күлімсірей қарсы алады.

Жок, бұл жолы өйтпеді. Мен кіре бергенде-ақ ұшып түрегелді.

— Жаксы келдің, Сапар. Қалай кездестірер екем деп отыр едім.

Жүрегім дүрсілдеді. Қарғаш іздесе, одан артық не бақыт бар мен үшін! Дегенмен онымды сездірмеген болып жатырмын.

— Кешке күн бата біздікіне кел. Ал қазір Мелдес ағайдың тығыз тапсырмасымен отырмын. Кедергі жасама. Бар! — деп Қарғаш мені еркелей нұқынқырап сыртқа шығарып, есікті жауып алды. Не істерімді білмей анырып қалдым. Сөйткенше болмады, есік қайта ашылып, Қарғаштың жарқын жүзі көрінді. Тегі, «мандайынан қағып, тым асырыңқырап алдым ба» деп қысылып, арқамнан сипап жатқаны болса керек.

— Ұмытып кетіп жүрме, Сапар, келетін бол... күн бата, білдің бе? — тәптіштей айтты.

— Жәйша ма? — дедім білмекке құмарлық жеңіп, шыдамым таусылып.

— Оны келгесін көресің, — деді де Қарғаш есікті жапты.

Далаға шықтым. Күн әлі тал түс. Жүрегім лүпілдейді. «Не шаруамен кел деді? Әлде жүрегінің түпкі тұнығында асыл қазынадай сақтаған құпия сырын ақтарар ма? Әлде біреуден көрген жәбірі бар ма екен айтатын? Қиналған, қысылған сәтінде көңіліне бірінші болып мен түсіп, «таянышым, панам — демесіне кім кепіл» деп далмын. Бірақ қуанышымда шек жок. Не тілегі болса да, орындармын деп серт етем өзіме өзім. Қайтсе де, қандай базына айтса да, қандай тілек қойса да басқадан орыным бөлек болғаны ғой деген байламға тоқтаймын. Бетім үй жак. Көзім — көк қақпада. Төңірегі жым-жырт. «Қырғын!» «Қырғын!» деймін дауыстап. Жайшылықта арсалаңдап алдымнан атып шығатын Қырғыннан да дыбыс жок. Дауысыма елеңдеді ме, қора ішінен апам көрінді:

— Балам-ау, балалығың қалмайды-ау әлі күнге дейін. Қырғынды қайтетін едің жер-көкті көшіре дауыстап. Жок Қырғын. Ертемен шал-кемпірге еріп кеткен.

— Шал-кемпірлері қайда еді?

— Олар таңсәріден құдаларына аттанған. Бірер жұмасыз оралмайды.

Сасқаным ба, әлде қуанғаным ба, қайдам:

— Қарғаш не сонда, жалғыз жатпақ па есіз үйде? — деппін ойда жок жерден.

— Е, жалғыз жатса қайтеді екен? Бай әкетпесе, басқа кім тиер дейсің сойталдай қызға, — деп апам сұрағымды ерсі санап, ұнатынқырамай сөйледі.

Кенет көз алдыма жанағы бір кездегі Қарғаш келе қалды.

«Ұмытып кетіп жүрме, Сапар, келетін бол!.. Күн бата, білдің бе?!» — деп күлімсірей қарайды. Жүрегім алып ұшып аузыма кеп тығылады. Оңаша қалған Қарғаштың таңдағаны мен болыппын! «Неге ұмытайын, кеудемде шыбындай жаным тұрғанда. Барамын. Ешкімнің көзіне түспей барамын!» — деймін іштей толқынып.

Жүріп келемін. Сонау төменде көк сілемік мұнар басып, Есілдің көк арнасыжатыр. Шілденің ыстығына бөгіп, маужыраған ашық күн. Жанға жәйлі самал бар. Дүние тынысы кең соншалық. Бірақ сол кең аспанның астына сыймайтын секілдімін. Ерсілі-қарсылы көшені кезем. Әлсін-әлі мектепке барғыштаймын. Сан рет колхоз кеңсесінің алдынан да өттім. Бетінде балапан толқындары қыбырлап, тек жатқан көлге де бардым. Күндізгі кем шақ тынысқа ойысқан құстар кең айдында төгілген маржандай шашырай жусайды. Қызық бір қиял арнасын қуалаймын. Құс болып заңғар биікке самғағым келеді. Суға үңілем. Үстінде қисық жаға ақ көйлегі бар, қоңқақ мұрын бір жігіт көрінеді. Қара шашы қайырылмайды, маңдайынан тік түседі. Аяғында хром етік, шалбарының кең балағын қайырып, төмен түсіріп жіберген. Етігінің сырнайша жиырылған қонышы болмаса, әйелдер киетін кең белдемше секілді. Өз заманының сәні болған соң тамашалаймын ба, разы болып күліп қойдым. Су астындағы жігіт те күлді. Мына бүгінгі күннің айрықша бақыт күні екенін, бүгінгі кештің айрықша бақыт кеші екенін о да түсінетін сияқты. Бұрын білмеген, бірақ «білсем-ау» — деп бар болмыс-тірлігім, тынысыммен аңсаған ғажайып бір тау бар еді, соның ғажайып сиқырлы басына шығатындаймын. Бұрын баспаған жердің бір жаннаты бар еді, сол жаннатқа еніп, татып көрмеген дәмді тататындаймын. Көкірегім толған нұр. Қай тарапқа карамайын, дүние реңкі жарқын, күліп, құшақ жайып тұрған сияқты маған.

Күн жалқындап ұясына қонды. Батыс жақта шөкімдей бұлт жоқ. Бұл — ертенгі келер күннің де дәп осылай айқын, ашық, жарқын болып келеріне хабаршы есепті. Үйге келдім. Бірақ орнығып отыра алмаймын. Қапасқа түскен жас арыстандай қораның ішін кезем. Күн қызылы бірте-бірте солғындап, көк аспан қара көк реңге ене бастады. Сұлукиядан асып алғашқы жарық жұлдыздар көрінді. Кенет үйіне қарай Қарғаш өтті. Жүгіріп қақпаға кеп, сонынан қараймын. Қос бұрымы тілерсегіне кезек соғылып кетіп барады. Толықша келген, тарамысты аяғы тіп-тік. Аласа өкше туфлиін жұмсақ басып, қалқып алыстады да, көк қақпаға еніп ғайып болып кетті. Мен күрсініп алдым. Жаңа ғана көлендеп алдымнан өткен періштемнен көз жазып, айырылып қалғандаймын. Қолымды созып, ұмтыла түсіп барып тоқтадым. «Асықпа! Әлі ертерек!» — дегендей әлдекім. Жок, айырылып қалмаған екенмін. Жарқ етіп төргі үйде сәуле

көрінді. Қолына шам ұстаған Қарғаш көленкесі бір қырындап барып қабырғаға түсті. Ұш жағы сәл көтеріңкілеу келген мұрны мен тік маңдайы, жұқа еріндері айна-катесіз. Кенет шам да, Қарғаштың көленкесі де ауызғы бөлмеге ауысты. Есік ашылып, сырттан шәлі салынған екі жас әйел кірді. Олар осы көрші отырған үйлердің келіндері, менің жеңгелерім. Ұзын бойлы, ашандау келген, шұбар бет жасамысы — Маркаба дейтін жеңгем. Ал орта бойлы, толықша келген дөңгелек жүзді сұлушасы — Тамаша деген, арамыз бес-алты атадан қосылатын жамағайынның әйелі. Тамаша соғыстың үшінші жылында келін болып түскен еді. Көп отаса алмады бірақ. Күйеуі іле майданға аттанды да хабар-ошарсыз кетті.

Екеуі де сөзуар, от ала келіп, отыз ауыз әңгіме шертетіндердің дәл өзі. «Жокты, барды айтып отырып алар ма екен?» деп жүрегім суылдады. Жок, бекерге үрейленіппін. Қарғаш екеуіне күле қарап бірдеме деді де, итермелеңкіреп шығарып жіберді. Маған онысы — «Басымды көп қатыра бермендер, жұмыстан шаршап келдім. Ұйынтаймын» — деген сияктанды. Енді шам да, көленке де қайтадан төргі бөлмеге ауыса берді. Жок, ауыспады, табалдырыққа жете беріп, жалп етті. Қарғаштың көленкесі де жоқ болды. «Дұрыс жасады, шам жағып, жұрт көзіне түсудің, үйге кісі шақырудың керегі не!» — деймін. Енді «уақытың болды баратын» — деген сияктанды әлдекім. Сыртқа шықтым. Ту сыртым құмырсқа жүгіргендей шымырлап, денем мұздап сала берді. Тынысым тоқтап қалған секілді. Дүрсілдетіп біреу жүгіріп келе жатқандай. Бұрылып артыма қараймын. Тірі пенде жоқ. Тағы ілгері жүрдім. Әлгі дүрсіл зорайып тағы естілді. Бақсам, алып ұшқан өз жүрегімнің дүрсілі екен. Аздап тынышталайын дедім. Көк қақпаның алды жым-жырт. Бір басып, екі басып жақындап келем. Кенет арғы жақтан қараңдап біреу көрінді де, осылай салды. Тығылуға жер жоқ. Сасқанымнан қаттырақ жүрдім. Көлденең өтіп бара жатқан біреу секілді болып көрінбекпін.

Бері салған — жуырда ғана армиядан оралған — Қайыржан деген жігіт екен. Тура көк қақпаның алдына келіп бір-ақ тоқтады.

— Әй, Сапар, сен де осы үйге келе жатырмысың?

Кенет: «Осы шіркін Қарғаштың оңаша қалғанын естіп төңіректөп жүргеннің қай жағы?» — деген ой сап етті.

Құдай өзі кешірсін, «өзін комсомолсың, өзін кәші жейсің» — дегендей, біреу болмаса, біреу естісе «совет педагогі де өтірік айта ма екен» — деп тепсінеді ғой, бірақ болған іс болды, қалай жасырайын, тіпті мұғалім екенім мүлде есіме келмепті ол жерде:

— Бұл үйде ешкім де жоқ. Есігі жабулы тұр, — деп жосылттым да салдым өтірікті шімірікпестен.

Қайыржан дағдарып қалды.

- Қалайша, Қарғаш қайда?
- Қарғаш әке-шешесімен жол жүріп кеткен.
- Қой, мана осында еді ғой?

Енді күнәнін азы не, көбі не, бәрібір делім де, міз бақпадым:

- Осы әлгіде ғана аттанды.

Қайыржан ойланыңқырап сәл тұрды. Бір кезде естілер-естілмес етіп бірдеме айтты да, жүріп кетті.

Ол ұзаған кезде барып демімді алдым мен. Ақырын келіп көк қақпаны қозғаймын. Ашық тұр. Әрине, ашық тұрады. Қалада оқып келген, Сұлукия бастауыш мектебінің мұғалімі, мына мен – Сәлменов Сапар келе жатқанда ашық тұрмағанда қайтушы еді. Бір аттап қараңғы қора ішіне ендім. Жүрегімнің лүпілі басылар емес. Сұп-суық сұмдық бір дүниеге еніп келе жатқандаймын. Денем қалтырайды. Күнде келіп жүрген есікті таба алсамшы. Қайдағы бір ашаларға соғылып, маңдайдың да талай жерін шодырайттым. Қақпа мен есік арасында бір кедергі жоқ секілді еді, толып кеткен қайдағы бұл ашалар деп таңырқап, әр қабырғаларды бір сипалап, ғаріп болдым да қалдым. Дыбысымды естіді ме, әлде «келер кезің осы-ау» – деген есебі болды ма, ақырын барып есік ашылды, үйде қайта шам жағылса керек, қора ішіне жалпак жол болып сәуле түсті. Байқасам, мүлде теріс, сиырлар тұратын жакқа қарай кетіп қалыппын. Салдыр-гүлдір сол жақтан шыққан соң, Қарғаш шошынып қалса керек:

- Бұл кім? – деп қатқылдау үн қатты.

– Мен, – деймін ақырын ғана. Үйге ендім. Аяқ-қолым қалш-қалш етеді.

Мені ауырып қалды дей ме, Қарғашта ес жоқ. Төргі бөлмеге алып кірді. Асты-үстіме түседі.

- Саған не болған, Сапар? – деп сұрай береді.

– Өзім де білмеймін, жаным. Осы әлгінде сау секілді едім. Айығармын бірдеме етіп, ал енді отыршы келіп қасыма, – деп оның білегінен ұстадым да, сыпайылықпен өзіме қарай икемдедім. Қарғаш қарсылық көрсетпеді, бірақ «е, бәсесі де» бірден байқала қойған жоқ. Бір сәт өзгеше бір күйде, «қайтсем екен?» – деген толқу күйде тұрып қалды. Содан кейін «қазір!» – деп қолын босатып алды да, тез басып сыртқа шығып кетті. Неге екені белгісіз, менің ойыма баспалдағы салынбай ашық қалған қақпа түсті. Қарғаш соны барып жауып жатқан сияқты. Бұл ойымды үй ішінің қазіргі тәртібі де айқындайды. Дағдыда кереуетке жиналатын басы артық көрпе-жастық бәрін де енді әбдіре үстінен көремін. Қарғаш төсегі салынып, шымылдығы сәл түсіріліп қойылған. Тағы да жүрегім тулай бастады. Тұла бойым құтырына қызынып, шыдамым таусылып бара жатқандай. Бұрын түсіме енген қайдағы бір күнәлі ойлар көңілге оралады. Көзімді жұмам. Ойша Қарғаш төсегіне барып жатқан бо-

ламын. Екі қолымды ауада айкастырып «аш белінен» қысып өзіме тартамын.

Кенет ауызғы бөлменің есігі сықырлап ашылды. Біреу сөйлей кірді. Бірден таныдым, шіңкілдек дауысты әлгі Тамашаның өзі.

— Көресімді ерке қыздан-ақ көрдім-ау, осы, тағы не қыл дейді, — деп төргі үйге қарай салып келеді.

«Ай мына жынды катын құртатын болды-ау», — деймін қыстығып.

Қарғаштың да даусы қосарлана шығып жатыр.

— Женешетайымнан айналдым. Онды өзі. Түнергені болмаса, жауары жоқ. Танертен ерте тұрып, асығып үлгере алмай кеткен ем. Тез жинай ғой енді. Кісілердің алды келіп те қалды.

Тамаша қағастау отырған мені байқамады білем, бірден төрге өтті де, барып төсек-орынды жиыстыра бастады. Сөйткенше болмады, сыртта терезе алдында жер-ошақ басынан от жылтылдады. Отын ұсақтаған, қазан-ошақ көтерген кара-құра адамдар көріне берді.

Күн бойы киялыммен соққан жалған сарайлардың бәрі де күрт құлады. Ата-анасы жол жүріп кеткен соң құрбы-құрдастарын шақырып, Қарғаштың бастаңғы жасағалы жатқанына көзім енді жетейін деді. Әлгі Қайыржанның келісі де, мына кіріп-шығып жүрген женгейлердің аңысы да соны танытады.

Бойымдағы кесел атаулының бәрі сап болды. Су ішінде ұзақ тұрған адамға ұқсап тоназиын деген сияқтымын. Қайыржан есіме түседі. «Қазір ол қайтып келеді. Сонда не демекпін? Қой, одан да көрінбейін ған» — деген оймен ұшып тұрдым. Тамаша мені осы кезде байқады білем:

— Көтек, — деді шошынып. — Мұғалім баламысың? Қайдан шыға келдің соншама шошытып? Әйтеуір, ағанның әскерден қайтып оралмағаны мұндай абұйыр болар ма, әйтпесе айран-асыр жасайтын ең. — Сөзге жүйрік Тамашаның бұл әзілінде адалдығы да, соғысқа деген лағынет, кекесіні мен «енді қайтем?» деген дағдарысы да бар секілді. Мүмкін тамырымды басып, қағытып жатпасына кім кепіл. Сөйткенше болмады, қасыма келіп, қолымды алды да:

— Кара, міне, лүпілдеп барады, — деп жүрегіне басты. Жүрегі шынында да атша тулап тұр екен. Бірақ бұлай тұрысты қолайсыз санап, қолымды тез босатып алдым. Сол кезде Мархаба кірді де, аузын бір сылп еткізді:

— Үйде кісі бар деп әлгі ерке қыз қоймайды. Кісі дегені мұғалім бала екен ғой.

Мен ауылдан көргеніме бағып, женгелеріммен еркіндеу, дөрекілеу сөйлесіп, шағынықырап жатырмын:

— Женешетай-ау, сонда не, мұғалім балаңыз кісі болмағаны ма? Кісілікке қолымыз қашан жетпекші?

Мархаба аңғырттау сөйлегеніне қысылғандай рай білдірді:

— «Қолда өскен түйенін тайлақ аты калмайды» дегендей, дамбалсыз жүрген күнінді көрген соң, бала санай береміз-дағы. Әйтпесе кісі болдың ғой.

Сөзге Тамаша араласты:

— Кісі болғанда, қандай. Мұғалім бала колына тисе, такияна тар сокпайды, — деп Мархабаны нұқып, күліп койды.

— Қойшы, жазған, қайдағыны айтпай, көзің қарайайын дегені ме тіпті.

Әйткенмен албырт кезде адамның үлкен көрінуге талпына-тын дағдысы бола ма деймін. Тамаша сөзінің астарын аңғарсам да, көтеріліп, марқайып қалдым.

Осы кезде тағы да есік ашылды.

— Шал-кемпірді өстіп, анда-санда, болса да жіберіп алып тұрмайсың ба. Бас қосу, бастанғы жасау дегенді ұмыттық қой мүлде, — деп лекіте күліп Қайыржан келеді. Сасайын дедім. Бірақ ол ұсақ-түйекті теріп жатпайтын, құдай берген ақ көңіл, қызық мінезді жігіт. «Сапар, сенің жаңағың не?» —деудің орнына соғыс таңбасы — бір езун көтеріңкірей күле келді де:

— Сапар, біз бүгін осы көріспедік қой деймін, — деп қолын ұсына берді. Сөйтті де үй ішін үйіріп әкетті. Әлгіндей болмай ауыл-үйдің қыз-келіншектері де топырлап жиналысып қалды. Ол кез осы Есіл бойын мекендеген бұл елде жиын-той, думандарды сылтауратып арақ-шарап ішу деген түгелдей салтқа еніп болмаған кез еді. Дегенмен ішкілік ішіп қызбасак та бастанғымыз соншалықты қызықты басталды. Қайыржан бірде «бұл майданда болған оқиға» — деп қайдағы сұмдық оқиғаларды айтып, бәрімізді ұйытады, бірде ауыл-үй арасындағы әзіл-сықақтарды айтып ду күлдіреді. Шегіміз түйіледі, тіпті. Одан Қарғаш та калысар емес. Енді байқаймын, сондай ашылып, мынадай өз құрбыларының арасында майталман жорға болып алған. Қысылмайды, екі беті бал-бұл жанып не айтса да әдеппен, орнымен тауып айтады. Ал мен болсам, төрт жыл болса да ауыл өмірінен алыстап кеткендігім бе, әлде табиғатымда тұйықтауымын ба, әйтеуір ана Қайыржан мен Қарғашқа ұксап топ жарып түсіп кете алмаймын. Бірақ көңілім қаяусыз. Не айтылса да, жұрттан бұрынырақ бастап, ұзағырақ күлемін. Дегенмен сөз қоспай отырғаным біреулерге танылып қалды ма, кім білсін, бір кезде қасыма Қарғаш келіп, ып-ыстық кішкене алақанымен шашымды кобыратты да:

— Сапар қала тәртібін үйреніп оралды ғой. Мана маған айтқан, бізге үйрететін жаңа ойыны бар екен. Ал, кәне, тыңдап көрейік, — делі төбеден түскендей етіп.

Жұрт тына қалды. «Жоқ, өтірік айтады» — деуге аузым бармады. Бірдеме дейін десем, капелімде ойыма түк келсінші. Сасқаным ғой деймін.

— Олай болса, «Ауған хан мен Қалған хан» ойнайық, — деп салдым.

Жұрт селт етпеді. Бәрі де Қарғаштың анысын байқап «Қарғаш не дер екен» — деп тартынып қалғандай. Манағы Тамаша жеңгем тілін сұққылап жатыр.

— Бетім-ау, не дейді, баяғы бала кезімізде өзіміз ойнайтын «Ауған хан мен Қалған хан ба?» Қала жастары да соны ойнай ма?

Бірақ мен де саса қоймадым. Білімімнің артықтығын танытып:

— Ұлы көсеміміз Ленин коммунизмге барған сайын қала мен дала арасы жымдаса береді деп үйретеді. Қала ойыны не, дала ойыны не бәрібір, түк айырма жоқ, — деп қойдым. Деуін десем де, «па, салыстыратын жерді тапқан екенсің», — деп ала түсіп жүрмес пе екен деймін жүрексініп. Бағыма қарай дауласқан ешкім болған жоқ. Расында да төрт жыл бойы қалада оқып, талай кітаптарды кемірген Сапар Сәлменовпен тайталасар мұнда кім бар дейсін. Сонда да Қарғаш «ие» демегенде мына танауын шүйіріп, мақтанып отырған «оқымыстының» халі нешік боларын кім білсін, әйтеуір дес берісте:

— «Ауған хан мен Қалған хан ба?» Табылған ойын! — деп қолын шапалақтап жіберді. Тоғанын ағытқан судай жұрт дүр сілкінді.

— Ойнайық! Қызық ойын!

— Ауған хан Қайыржан болсын!

— Онда Қалған хан етіп Сапарды сайлаймыз.

— Әбден дұрыс!

Жұрт өстіп «ананы сайлаймыз, мынаны сайлаймыз» деп бірінің сөзін бірі бөліп шуласып кетті. Көп сөйлемеудің пайдасы осындайда тие ме деймін, ойынымыз ескінің ойыны болған соң өткен дәуірдің тілімен:

— Жарандар! — деп дауыстап едім, үй іші тынып қалды. — Жарандар! Ханның бірі ерден, екіншісі әйелден сайланса, ойын қызықты болады. Хан болып Қайыржан мен Қарғаш сайлансын.

Үйдүрсілкініп, қызуқостай жөнелді. Сөйтіп, менің ұсынысыммен Ауған хан болып Қайыржан, Қалған хан болып Қарғаш сайланды. Бірақ мен сорыма қарай Ауған ханның қол астына кетіп отырдым. Сөйтсе де әу баста босандау басталған ойынның бір қызық шиеленісі — бақытыма қарай менің сол Ауған хан жағында болуыма байланысты туып кетті.

Біздің жақтың арасы селдіреп, Қалған хан жағы жене бастады. Сол кезде «хан» отырып: «Халкым ақ үйлі болып тозып барады. Ана Қалған ханға барып көршілес отырған тату ел едік, арамызды шиеленістіре бермесін, ауған халқымды қайтарсын. Сәлем, айт, бар!» — деді маған. Менің күтіп отырғаным да осы еді, өз «ханымның» елшісі болып барып, айтар сөзімнен жаңылған болып тұрып қалдым.

Жұрт ду күлді. Қалған хан жағының бірі «бір сүйенері осы еді, мұның да саудасы бітті, отыр!» — деп иығымнан басты. Мен «не болса да» деп Қарғаштың оң тізесін ала кеп құладым.

Енді Қалған хан жағы көтеріліп, Ауған хан жағы жасып, басылып қалған секілді. Қалған қарашасын жинап Ауған хан еліне төнген қатер жөнінде төтенше, құпия кеңес құра бастады. Бірақ оған мән беріп жатқан мен жоқ. Бар ықылас-көңілім Қарғашта. Көпке сездірмей жиі-жиі ұрланып қарап қоям. Екі беті бал-бұл жанады. Пәк көңілінің бар тазалығымен күледі. Тығыз отырғандықтан ба, Қарғаш жақ бүйірім күйдіріп бара жатқан секілді. Тағы да өн бойым қызына бастады. Мазасызданамын. Қарғаш сонымды сезе ме деймін, иығымен иығымды қағып күле қарады. Сондай қылықты, ерке қарас. Бірер рет қолымды кішкене алақанына салып қысып та қойды. Шын бақыт дегенді енді түсінгендеймін. Бар болмысыммен еріп, балқып бара жатырмын.

Бір кезде:

— Алдияр хан ием, ғұзырыңызға құлдық! — деген әйел даусы саңк етті. Карасам, Қарғаш алдына кеп шарта жүгініп отыра берген Тамаша екен. — Ауған хан жұртынан келген елшімін.

— Иә, сөйле, елшім, — деді Қарғаш айрықша бір салмақпен. Атам заманда өткен кәдуілгі шын хан иенің өзі секілді. Тамаша мүдірер емес:

*— Уай, хан ием!*

*Бұйырып патшам жіберді.*

*Қайта алмаймын бұл жерден*

*Іздеген жоғым табылмай.*

— Елшім сонда не тілейді екен?

— Елінде патшамның Сапар атты қарашасы жүр. Хан иесі басына жаманшылық тілемесе, қайтарсын кісімді дейді.

Жұрт тынып қалды. «Қайтсын!» — дей сала ма деп зәрем жоқ. Қарғаш байсалды сөйледі.

— Хан қайырымсыз болса, халқы безер деген. Сол қайырымсыз ханынан безіп шыққанда ел таппай Сапар келмеген шығар. Қарлығаш та канатымен су шашады. Айдың, күннің амаында қарлығаш құрлы жақсылық ете алмайтындай не бопты бізге. Қайтарылмайды. Өтеуіне не тілейді екен? Соны айта бар хан иене, — деп тоқтады.

Өксігін баса алмаған баладай бөліп-бөліп терең күрсіндім. Жұрт алдында жазадан тайсалып жетім қозыға ұқсатып тастай салмағанына шалқып жүре бердім.

— Хан ием қарашамды қайтармаса, онда өтеуі алты ауыз өлең мен белбеу жіберген.

Қарғаш қысылмады. Шай табақты қолына алды да, Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқасын» төгілтіп қоя берді. Әлдебір ыстық құмарлық, жалқын леппен беріле айтады. Енді бір кезде бұрыла отырды да:

*Қылығыңда жоқ ағат,  
Қарап тойман жүз қабат  
Ыстық тартып барасың  
Бір сағаттан бір сағат, —*

деп көзін тура маған қадап барып тоқтады. Әдейі арнап айтқан секілді.

Осыдан кейін іле: «Ал, кәне, белбеуіңді әкел!» — деп алақанын тоса берді. Қаймығар емес. Тамаша да тайынбайды, жұмырлап алған бет орамалмен: «Өз обалың өзіңе, ерке қыз, қайтарып жіберсең, болмайтын ба еді» — деп көсілте соғады. Қарғаш: «Кімді қайтарып, кімді алып қаларын хан иесі ешкімнен сұрамайды. Соға бер» — дейді шімірікпестен. Мен қатты аяп, қылпылдап отырмын. Оның табанына қадалған шөгір менің маңдайыма қадалса етті деймін бе, жаным шығып кете жаздайды. Бәрін де өзім бастадым. Бәрі де мен үшін, білем оны. Ақыры шыдай алмадым. Қарғаштың қолтығынан қолымды өткізіп алдым да, кішкепе алақанының үстіне апарып өзімнің үлкен алақанымды сала қойдым.

— Заңды бұзғаны үшін тағы да бес белбеу үстемелесін! — деп дауыстады Ауған хан.

Қарғаш:

— Бүлдіресің өйтсең, өзіме жібер, — деді қолын ілгері созып.

Осы бір кішкене ғана нәзік жан иесінің қажыр-қайратына қайранмын. Кенет Қарғаш басына қиямет-қатер төнсе бір, мен өзімді құрбан етсем де, сол қатерден оны арашалап қалатын болсам! — деп армандадым.

Бір кезде үзіліс жарияланды. Жұрт апыр-топыр далаға шықты. Мен онашалау бөлініп, алысырақ жерге барып бой жазып, ұзағырақ жүріп қайтсам, жұрт орынға отырып қалған екен. Қораның ішінде қалтылдап сықсима шам жанады. «Қашан ішесіңдер! Дайынмын!» — дегендей екі-үш самауыр гүжілдейді. Әлдекімді күткен, аңсаған сияқтымын ба, өзім де білмеймін, әйтеуір үйге енбей сәл тұрып қалдым. Іште думан, шу, күлкі естіледі. «Неғып іздемес екен қайда жүр деп?» «Қой, іздер, қалт еткен бір шақты пайдаланып шығатын болар». Кенет есік сыңырлады. Жүрегім тулап, тынысым тарылып жүре берді. Үйден Тамаша шықты. Қақпаға келіп, сыртқа басын қылтитты. Қораның ішіне көз жүгіртті. Содан кейін бұркылдап жатқан самауырлардың иығындағы тыныстарын ашып қайта кірді.

Мен какпа сыртынан шыға бердім. Сол кезде үй алдына катты желіп келіп арбалы біреу тоқтады.

— Ал, Қарғаш, өкілдің бетін көрдің ғой. Қазір ұйықта да ерте тұр. Тарат ана шуылдақтарды. — Мелдестің даусы. Аз-кем тыныштықтан кейін қорап сықырлады, біреу жерге қарғып түскендей болды. Содан кейін тағы да арба салдыры шықты. Қарғашқа мен қарсы жүрдім.

— Сен көре алмай қалдың ғой, қызық болды ғой жана. Ауданнан әлгінде өкіл кепті. Активтерді далаға қуып жатыр. Шақырып алып, маған да тапсырма берді. Алды жаман. Ұрсады айғайлап, зәрем ұшты... — деп Қарғаш асыға сөйлеп, әлгі екі арада көрген-білгенін, айтып жатыр. Бірақ оны тыңдаған мен жоқ. Ойым жүйрік, көңілім басқада. Өкіл түгіл, құдай тағаланың өзі келсе де селт етер емеспін. Қарғашқа сондай жакын келіп тұрмын. Оның бойынан да өзіме таныс, өзімдегідей бір діріл сезем. Кенет алдым да, өзіме тарттым.

— Ұят болады ғой, — деді Қарғаш сыбырлап. Бірақ қарсыласпады. Сонысы әл берді ме, кім білсін, бар күшіммен баурай құшып, маңдайынан сүйіп алдым.

Қарғаш ақ маралдың лағындай жәрдем тілеп, бауырыма кіре түскендей. Төмен қарап сәл тұрды. Дүрсілдеп сокқан жүрегінін дыбысын естимін. Құлағыммен емес, жүрегіммен, бар болмысыммен естимін. Қарғаш жоғары қарады да, бұйығы ғана күлді.

— Бұл ненің өтеуі?

— Әлгі ойынның...

Қарғаш күлкісі каттырақ шықты:

— Қарашасын таратып жіберсе, хан хан бола ма?

— Баяғыдан бері көрші отырып, сені бөтенге қоя берсе, жігіт те жігіт болмайды.

Қарғаш терең күрсінді.

— Ойын ғой мұның бәрі...

Осы кезде есік сықырлады. Біз ажыраса беріп үйге беттедік.

## 5

Сөйтіп, мен өзімнің ауылыма келдім. Өзім оқып шыққан бастауыш мектебіме мұғалім болып келдім. Бірақ бала саны бұрынғыдан азайып кеткен. Аз жылға болса да, өнім-өсімді тоқтатқан соғыстың зардабы. Баяғыша төрт класс бар. Ал мұғалім саны екеу-ақ. Бірі — мен, екіншісі — көп жыл бойы бастауыш мектепке сабақ беріп, тәжірибелі мұғаліма атанған аласа бойлы, бүйрек бет Зағыфыран Айтенова. Екінші емес-ау, бірінші — сол. Өзі — аласа болғанымен Сұлукия бастауыш мектебінің дырдай меңгерушісі. Ал мен болсам, педагогика деп атанған өнер мұхитында он мен солымды әлі айқын

танып болмаған, есі-дертім Алматы, жоғарғы оқу орны болып жүрген көк канатпын. Аудандық оқу бөлімінде де қайқы тұмсық бір шалғы мұрт:

— Сұлукияға біз сені неге жіберіп отырмыз? — деп маған шұқшия төніп келіп, — ана тәжірибелі мұғалімнен үйренсін, тәлім алсын деп жіберіп отырмыз, — деп шегініп кеткен. Мен, сөйтіп, үйренейін, тәлім алайын деп келдім өз ауылыма. Расында да, жұрт айтқан жерден шықты — менгеруші маған қатты ұнады. Несі дейсіз бе? Айттайын. Ең әуелі күлкісі. Күлгенде бар ғой, тіпті сұмдық. Басын бір жакка әнтек бұрып тастап, бүйрек бетінің бұлшық еттерін, иығын, алшак кеудесін, қала берді бүкіл быртық денесін селкілдетіп ұзақ күледі. Қарқылдап, ақақалап күлмейді бірақ. Ернін жымқырып алады да, маржандай ақ тістерін болар-болмас көрсетіп, сылқ-сылқ күледі. Сондай жарасты. Күлкі ғұмыр жасты ұзартады дейді ғой ғылымда. Тегі соныныңдың жаны бар пікір ме деймін мына Зағана қарап. Өйткені жасы сол кезде отыз бестерге келіп қалса да, маңдайында кәрілік сызықтарының ізі де жоқ еді тіпті. Содан кейін — кішіпейілдігі. «Мынаны үйрен, былай үйрен!» — деп тәжірибесінің көптігін көрсетіп, бастықтығын пайдаланып жатпайды. Әу баста, аудандық оқу бөліміндегілердің тапсырысының қатандығынан ба, әйтеуір қай жағымнан шығып қалар екен деп жалтақтаңқырап, «Бастауыш класта сабақ берудің тәсілі» деген кітапты емтихан ұстайтын шәкіртше аударыстырып келіп ем, бірақ бір ғажабы, таныстығымыз тетелес адамдардың арасындағыдай оп-онай басталып кетті. «Сабақ беру тәсілі» жайына қалды. Аты-жөнімді, кім екенімді айтуым-ақ мұн екен, менгерушім әуелі сылқылдап біраз күліп алды. Содан кейін сөз арасында... жоқ, сөз арасында емес-ау, күлкісі арасында айтқаны:

— Қашан келеді деп күтіп отыр едім. Сапаржан, міне, мынау өзін оқыған мектебін. Мынау сондағы мөр. Ал жарлық керек болса, мінекей, қазірден бастап директор өзінсін. Көрші ауданда көптен шақырса да бара алмай жүрген туғаным бар еді. Осы бір жұмыстың аз кезін пайдаланып, бес-алты күнге соған барып қайтпақпын, — болды. Менгерушісін деген жоқ, директорсың деді.

Мансапқұмарлық кімде жоқ дейсің. Ғибадатханаға баратын діншіл адамдарға ұқсап бір кезде жүрегіміз лүпілдеп кіретін қастерлі мектепке енді аз күнге болса да, «қазірден бастап директорсың» — дегенге есім шығып кетті ме, немене:

— Жарайды, қаншаға болсын жүре беріңіз! — деп қалай айтқанымды өзім де білмеймін. Содан Заған табаны күректей он бес күн жоқ болды. Ал мен болсам, «жерден жік шықты, екі құлағы тік шықты» дегендей, ойда жоқ жерден табаны күректей он бес күн «директор» болдым да шықтым.

Бірақ, бүйтіп болған «директорлығы» құрысын. «Байтал түгіл бас кайғының» кері болып, мұғалімдіктің өзінен айырылмай аз-ақ қалдым. Кей адамдармен арамыз ашылды. Тіпті ол да ештеңе емес. Бәрінен бұрын Қарғашты айтсайшы, соны ренжітіп ала жаздадым ғой.

Шын директор шынында да тәжірибесінің молдығын істеп кетіпті. «Жұмыстың аз кезі» — деген жай сөз болып шықты. Асылында бұл мектеп өміріндегі ең қауырт шақ екен. Үлкенді-кішілі ремонт, отын дайындау, балалардың тізімін алу, тағы сондай мың түрлі жұмыс. Бәрінен бұрын қожа көп. Көлденең өткен өкіл атаулы бір босатпайды: «Ремонт қалай? Отын дайындығы?.. Пәлен срок беріледі, түген срок беріледі. Орындамасан, орныннан алынасың!» Сөз осы.

Осының бәрі мектепті аралап келіп, өз көзімен көріп айтылса жақсы ғой. Жок, өйтпейді олар. Колхоз кеңсесіне шақырып алып, қыл көпірдің үстімен жүргізгендей етіп қысады.

Міне, мен қазір сондай бір көпір үстінде тұрмын. Колхоз кеңсесі. Мелдес те, Қарғаш та өз орнында. Шотын қағады, қағазына қарайды. Баяғыша. Жок, баяғыша емес. Оң қолда председатель столы. Басында аласа бойлы біреу отыр. Басына киген телпегінің етегі қарыс сүйем, содан ба беті қуыршақтың бетіндей болып шүмшірейіп қалыпты. Одан әрі өзіме таныс колхоз председатели, жылы жүзді Нәуан түрегеп тұр.

— Аудандық тері-терсек жинайтын мекеменің бастығы — Мүсәпіров Бакыт, біздің колхозға келген төтенше өкіл, — деп таныстырды оны Нәуан.

— Жақсы болған, — дедім мен сыпайылық білдіріп. Сол сол-ақ екен, шүмпіш бет киді де кетті.

— Ол не деген сөз? Жақсы болғаның қалай?

— Сіздің осы ауылға келгеніңізді айтам, — дедім ұялып қалғанымды сездіргім келмей.

— Һе, «жақсы болды?!» Ондай кекесінді тоқтат, бала.

Әңгіме бұлай шұғыл бұрылып, шатаққа кетеді деп ойламасам керек, абдырап қалғандаймын. Әсіресе Қарғаш алдында «бала» дегені өліммен тең ғой. Бетім өрттей жанып, біреу шапалакпен салып жібергендей дуылдап жүре берді.

— Жұмысқа неге шықпайсың?

— Жұмысқа шықпағаны несі? Кеше бір класты ақтаттырдым. Алдыңғы күні екінші класка жаңадан еден төсеттірдім. Бүгін...

— Жок, колхоз жұмысын айтам. Көмектеспейді дейді ғой сені колхоз жұмысына?

Бұл Арам сарының шағыстыруы екенін мен бірден түсіндім. Аанада ол «балаларды алып шөпке шық» дегенде «біреер күнге шы-

дай тұрындар. Мектептің сылағы бар бітпей жатқан» — дегенмін. Бірақ оның аяғы мынадай насырға шабар деп ол кезде ойламаған болсам керек. Енді ұяндық пен қысылысты ашуға жеңдіре бастаған секілдімін. Кімге ашуланамын? Істің ау-жайына үнілмей құр тапырандап жатқан өкілге ме, әлде түймедейді түйедей етіп копайтып жеткізген Арам сарыға ма? Білмеймін ол арасын. Әйтеуір қорғанысқа бекініп, бойымды жинап алғандаймын. «Оттапсың!» — деген бір сөз көмекейіме келіп қалды. Қарғашқа қарадым. Оның осы сәттегі аянышқа толы кейпі: «Ақылсыздық жасама, Сапар!» — дегенді танытқандай еді.

— Неге үндемейсің?! — деп тіксінді өкіл.

— Үндегенде не дейін. Колхозға көмектес дегенді ешкім шындап айтқан жоқ маған.

Өкіл шықылықтап күлді.

— Еше шындап айту керек екен ғой бұған. — Осыдан кейін қайта түйілді. — Дардай мұғалімсің. Шындап айтудың керегі не саған? Өзің неге білмейсің? Балаларды қалай оқытпақсың ертең?

— Оның үстіне, уақытша мектеп меңгерушісі, — деп Арам сары күлк етті.

— Вот әне, еше мектеп меңгерушісі, — деп өкіл орысша, казакшаны араластырып қойды.

Бұл әңгіменің немен тынатынын кім білетін еді, әйтеуір уақытымен Нәуан сөзге араласты.

— Сапар, сен ренжіме, бәрі де ел, колхоз қамы. Соғыс біткенімен де, етек-жеңімізді әлі жия алмай жатырмыз ғой. Сан-салалы шаруашылық бар. Бөле келгенде соның көбінде адам мен көлік жетісе бермейді. Жәйіміз сондай қиын кәзір. Жан мұрынның ұшында. Пішен шабудан соңғы орындамыз. Қауырт бір қарқын туғызбасак, келер қыста малды қырып алатын түріміз бар. Қолда бар адам күшін де, көлік күшін де осы пішен науқанына салайық деп едік. Оқушыларыңды алып, біраз күн егіннің арам шөбін жұлдырып қайтсаң деген тілек білдіргелі отырмыз, — деді ол кен түсіндіріп.

Әлгі бір әзірде қыстығыңқырап қалғандай едім. Мына түзу сөзден кейін көңілім орнына түсейін деді. «Құп» айтып далаға шықтым. Сонда да ашудың ағынымен келем. «Бұрын бармаймын десем екен, онда қалай сіліксе де жөн. Ал мынасы несі жөн-жосықсыз, бірден әкірендей жөнелгені. Мен бокмұрын бала болармын ба бұларға бір. Жанағыдай жайлап түсіндірсе де жететін еді ғой» деп өз ойыммен өзім алысамын.

Артымнан Қарғаш қуып жетіп:

— Керемет ерлік жасадың, Сапар. Қарсыласып қала ма деп қысылып отырдым, тіпті. Мінезі өзінің. Мелдеске де, Нәуанға да кейде «қырам, жоям!» деп айқайлап қояды. Бір жаксы жері олар

үндемей құтылады, әйтеуір. Бір ретте: «Ескілікті көздейсіңдер, ә! Үйіңе жастарды жинап алып «хан» ойынын ойнайсыңдар!» — деп мені де қағып өтті. Аузымды ашпадым, — деп мені көтермелеп қойды. Бірақ Қарғаштың бұл сөзі отқа сары май құйғандай әсер салып кетті маған. Енді ойласам, жазықсыздан-жазықсыз жәбірлеп, босқа әкірендеген өкіл алдында өзімді тым ынжық ұстаппын. «Тап сол жерде ендігәрі олай етпейтіндей етіп, сазайын беруім керек еді», — деймін. Зығырданым қайнады. Арам сарыға да ашулымын. «Өмірімде «Мелдеке» дегеннен басқа не жаздым оған?»

Осылай бұрканып мектепке келдім.

## 6

Мен енді ала көбеден тұратын болдым. Жүгіріп мектепке барамын. Үй жөндеп жатқан шеберлермен ендігі істелінер жұмыстың жәйін сөйлесемін. Содан әр үйдің есігін қағып, ауылда қалған балаларды жинаймын. Күн сәске болады. Кішкене ғана сап құрып, қызыл жалау көтеріміз де егін даласына аттанамыз.

Менің осылай жүгірінді болып жүргенімді байқады ма, бір күні ертемен үйден шыға бергенімде есігінің алдында жүрген Өтеген карт: «Әй, бала, бері келіп кет!» деп шақырып алды. Селдір өскен шоқша сакалын сипай күліп, жаңғырыққа кеп отырды. Өтегеннің кейде ынырси сөйлеп, үлкен-кіші деп қарамай әзіл айтын қоятын жымысқы қулығы болатын-ды. Қазіргі кейпінен сондай шымшыманың салқынын танығандаймын.

— Осы сені, Сапар шырақ, осы ауылға мұғалім болып келді дей ме?

— Ие, Өтеке, мұғалім болып келдім.

— Қалада төрт жыл оқу оқып?..

— Иә, төрт жыл оқып.

Өтеген мырс етіп күлді де, сәл отырып қалды.

— Мен сені құрығанда колхозға есепші болатын шығар деуші едім, төрт жыл оқып мұғалім болған азабым құрысын!

Мен бала оқыту үшін мұғалім білімінің көп болуы керек екенін айтып келе жатыр едім. Өтеген кесіп тастады:

— Өй, тәңір-ай, жоқты айтады екенсің ғой. Ана Кеңпейілдің Қапездері он жылдан бері оқымай-ақ мұғалім болып, бала оқытып келе жатқан жоқ па? Ең болмаса, пермеге үшетшік болып орнала-сып ал, қарның тоқ болады.

— Аяғын қаз-қаз басып, жана шыққан сәбиге «әліп-би» үйреткеннен артық қызмет бар деп ойламаймын, Өтеке.

— Әкен марқұм құрдас еді, сол есіме түсіп айтып жатқаным ғой, бала, бетіннен жарылқасын, — деп Өтекен аздап ауырланқырап қалды.

Шал көңілін аулағым келе ме:

— Рас, Өтеке, біздің орын бұл емес кой. Тағы да оқи берсем, Алматыға барып оқысам деймін. Бірақ оған апам көнбейді. Сол кісінің көңіліне қарап өстіп жүрмін ғой, — деп көңілімдегі әрмандағы арманымды да айтып салдым.

Әйткенмен мұғалімдік қызметті жек көрмейтін секілдімін. Балалар арасында болған кезімде өмірдің көп кем-кетік жайлары есімнен шығып, бой жазып, көтеріліп қалам. Шын рақат әкеледі олар маған.

Кенседегілер мен Өтекен карт бала санағанымен, оқушы қауым дүние сырларын әбден меңгеріп болған дана қариядан кем көрмейді. «Мұғалім!» —деп алып, қоймайтын сұрақтары жоқ. Мен оларға егін жайға бара жатып та, келе жатып та өзім оқыған кітаптардан әңгіме шертем. Қала жәйі мен дала жәйі да, Ұлы Отан соғысының батырларының ерлік істері де тілге тиек болады. Сөйтіп өкілден көрген жәбірімді ұмыта бердім. Қарғаштың: «Керемет ерлік жасадың, Сапар», — деген сөзінің мәнін енді-енді ұғып қанаттана бастағандаймын. Бұл сөзді басқа емес, Қарғаш айтса, одан артық не мактау бар мен үшін!

Осы қуанышыма тағы бір қуаныш қосылды. Енді егіннің арам шөбіне балаларды Қарғаш екеуіміз бастап баратын болдық. Оны осы әлгінде ғана мектепке жүгіріп келіп, Қарғаштың өзі айтып кетті:

— Балаларды жинай бер, Сапар, ертеңнен бастап мен де далаға баратын болдым. Осы әлгінде ғана өкіл мен Нәуан ағай екеуі отырып: «Ертеден қара кешке стол кеміріп немене, сен де шық егіннің арам шөбін жұлуға. Мелдеске өзіміз айтамыз», — деді.

Көктен тілегенім жерден табылғандай. Ертеңіне ұшып жүріп балаларды жинадым. Сұңғак бойлыларына қызыл жалау ұстатып, сап түзеп, дабыл қағып колхоз кеңсесінің алдына кеп тоқтадық. Қарғаш жоқ. Көп күттік. Ақыры «бұл неғып жатыр?» — деп кеңсеге кірсем, Қарғаш онаша отыр. Екі көзі бұлаудай ісіп кеткен. Жүрегім мұздады. «Кім сені жәбірлеген? Айтшы, барып қолында өлейін!» — деймін ойша. Бірақ тілім байланып қалған секілді. Ойымдағыны айта алмаймын.

— Не болды, Қарғаш, саған? — деймін көңілдегі шар болатты соншама жасытып.

Қарғаш қол орамалын алып көзін сүртті. Біршама үнсіз отырды. Мен де әлгі сұраулы пішінмен қимылсыз тұрмын.

— Жәй, — деді Қарғаш ақырын ғана, кем шактан соң. Өксігін баса алмай айтты.

Түйілген қалпым, бойымды жинап алған секілдімін.

— Кім жәбірледі? Айтшы, Қарғаш, барып қолында өлейін! — деп енді айттым.

Адалдығымды танып разы болғаны ма, әлде көзсіз аңғалдығыма көзі жетіп мазактағаны ма, әйтеуір Қарғаш езу тартты.

— Батыр екенсің ғой, Сапар, онынды ерте неге білмемегенмін? — Әлде өкініш, әлде кекесін? Аңғара алмаймын мұны да.

Қарғаш түрегелді.

— Сапар, өзің жүре бер. Мен бүгін бара алатын емеспін.

Сонда да кеңседен кеткім келмейді. Қарғаш сырын білгенше асықпын.

— Кеше ғана жап-жақсы едің. Не болып қалды сол екі арада?

— Оны кейін айтармын. Өкіл көрсе «тал түс болды, балаларды әлі әкеткен жоқ» — деп сөз қылады, бар, — деп қиылды Қарғаш.

Амал бар ма, тасыған көңіл судай басылды. «Қалайша өзгерді бір сәтте? Нәуан мен өкіл жәбірледі деуге дәлел жоқ. Әлде Арам сары болды ма екен? Әр жәйді орағытып келіп, неге екенін қайдам «Арам сары» — дегенде күдігім молая түседі. «Секектеме, не есепті жүргіз, не арам шөп жұлуға аттан! — Екінші бірі» — демесіне кім кепіл? Қайтсем де білгім келеді. «Оны кейін айтармын» — деген Қарғаш сөзі есіме түсіп, асыға түсемін. Бірақ «қырысқанда қымыран іритін» әдеті емес пе, көпке дейін Қарғашпен кездесе алсамшы. Сол күннің ертеңіне жүгіріп кеңсеге барсам, Мелдес екеуі бригада басына кетіп қалыпты. Екіншіде тағы да жоқ болып шықты. Үйіне барғаныммен оның да реті жоқ. Онаша сөйлесе алмайсын. Ақыры андып жүріп, кеңседе отырған үстінен түстім-ау бір күні. Бірақ бүйтіп кездескені құрысын, Арам сары әкесі өлгендей тұнжырап алған, тіл қатпайды. Соның ыңғайына баға ма, Қарғашта да жылылық жоқ. Сондай салқын. «Сапар келді-ау» деп көз қиығын да салмай отыра берді. Осыдан кейін, көз түрткі болған жетімдей бейсеует кеңсеге кіруге де бата алмайтын болдым. Мелдестен емес, Қарғаштан қаймығамын ғой деймін. Жок, Қарғаш отырған жерде Мелдестен қаймығатын секілдімін. Қарғаштың көзінше: «Не шаруан бар еді? Ертеңді-кеш кеңседен шықпай қойдың ғой», — десе, не демекпін? Содан ба, бар қызық балалармен бірге секілді. Бірде оларды егін жайға апарамын, бірде тоғай аралап тал кесеміз. Өзім білетін өсімдіктер мен ағаштарды көрсетем. Шамам келгенде солардың тірлік ерекшеліктері жәйінде сөз қозғаймыз. Сондай көп күндердің бірінде кештетіп үйге келсем, көрші үйдің алдында кер ат байлаулы тұр екен. Бірден таныдым. Мелдес мініп жүретін әйгілі ақтан кер ат. Неге екенін қайдам, жүрегім тулай соғып кетті. Кенет «кіріп барсам қайтеді?» деген бір ой келді. Бірақ ар жағым қозғалмайтын сияқты. Екі үйдің бірі болып, араласып кеткен көршіге де қаймығамын. Бұрын болып көрмеген қызық сезім. Құдай-ау, бала күнгі батылдығым қайда кет-

кен десенші! Ерте демей, кеш демей кіріп барып: «Қашан бір уыс ет асатар екен? Қашан бірер бауырсақ ұстатар екен?» – деп телміріп тұрмаушы ма едім? Енді не болды?

Ақырын кеп терезеге үнілем. Пердесі жабық тұр. Бірақ төргі үйде қатарласып дөңгелек столдың басында отырған екеудің көлеңкесі анық көрінеді. Бірі әйел, екіншісі еркек бейнесі. Айналып, екінші терезеге барам. Онын да пердесі түсірулі. Жок, етегінде болар-болмас санылау қалған екен, соған үнілемін. Расында да дөңгелек столдың арғы басында бері қарап Қарғаш пен Мелдес отыр. Алдарында коқырсыған көп қағаз. Бастарын түйістіріп, соған үніліп ұзақ отырды. Мына кереметті қараныз, менің де кеткім келмейді, тапжылмаймын, көп уақыт өтті, көп үйлердің шамы сөнді. Салиқа шешей көрінді де, төргі үйдің есігін жапты. Көп кешікпеді, ауызғы бөлменің шамы сөнді. Қарттар ұйқыға ауысты. Енді Мелдес пен Қарғаш екеуі төргі үйде оңаша қалды. Тағы да жүрегім лүпілдей бастады. Бірақ екеуінде де артық бір кимыл жок. Құдды менін терезеден қарап тұрғанымды біліп отырған секілді. Үнілген қалыптары. Мелдес әлдебір қағаздарды аударады. Ол аударған сайын, Қарғаш бірдемелерді жазып қояды. Бір заманда ауылдың бас жағынан тауық шақырып тынды. Түн ортасы болды. Мелдес қағаздан бас көтерді. Қарғашқа қарап бірдеме деген секілді – еріндері жыбырлады. Қыз ілтипатпен сәл тындады да, күлімсірей қарап, басын изеді. Мелдес түрегелді. Қарғаш та орнынан көтерілді. Әлгіндей болмады, сыртқы қақпаның баспасы сылдырады. Мен тасалау жерге шегіндім. Әуелі Мелдес, содан кейін Қарғаш көрінді. Арбаға отырып жатқан Мелдес:

– Ал, білдің ғой енді. Ертеңгі шәйға дейін қайтсең де бітір. Әлгі өкіл түскір асықтырып жатыр, – деді де жүріп кетті. Мен көк қақпаға қарай ұмтыла түсіп қалдым. «Қарғаш!» – дегенімше болмады, сықырлап ағаш үйдің есігі барып ашылды.

Аңырып тұрмын. Не істегеніме енді есеп бергендеймін. «Бір мектептің дардай мұғалімімін. Солай тұрғанымды біреу-міреудің көзі шалып қалса, не болмаса қасыма келіп, «мұғалім, не істеп тұрсың?» – деп иығымнан тартса, не айтқан болар едім? Үйге келдім. Тағы да ой ағынын қуалап ұйықтай алмаймын. «Осы менікі не жасқаншақтық? Бірге өскен өзіміздің Қарғаш емес пе. Еркінірек ашып есікті кіріп неге бармаймын? Ездiк еншіме тиіп пе еді соншама!» – деп толғанам. Өстіп жатып қалай ұйықтап кеткенімді де білмеймін, көзімді ашып алсам, үй іші жап-жарық. «Бар! «Бар!» – деді бір ой итермелеп түндегі ерсі ісімнің қарымын қайтар дегендей. Бұдан басқа түк ойлаған жоқпын. Ойлағым да келмейді. Ойлансам, таразыға салсам айнып қалатын сияктанам. Салып отырып Қарғаш үйінің есігін аштым. Шал мен Салиқа апай жаңа ғана тұрып жатыр

екен. Ал төргі үйден тырс еткен дыбыс шықпайды. Күннің соншама ерте екені сонда ғана есіме түсті. Шып-шып мандайым терледі.

— Көптен бері көрінбей кеттің ғой, Сапаржан, бір жакка барып келдің бе? — деп жатыр шешеміз.

Ал Өтекен болса, елегізіп қалғанға ұқсайды:

— Ертелетіп не, шырағым, тыныштық па?

Не дерімді білмедім. Күмілжи бердім. Түнімен жөндеп ұйықтай алмаған басым, кескінім де өрт сокқандай ма, немене.

— Амансыңдар ма? — деді шошыныңқырап шал мен кемпір косарланып.

Жаңа кіре бергенде қора ішінде тұрған Өтекен қарттың арбасын көзім шалған еді, кенет ойыма сол арба түсті. «Суға кеткен тал қармайдының» кебін киіп, енді соған жабыстым:

— Жәй... үйге бір тал түсіріп алайын деп... сосын ана арбаларың бос болар ма екен деп... соны білейін деп... — деп мінгірледім «депті» көбейтіп.

— Е, солай демейсің бе, күмілжи бергенге бір сұмдық болып қалған екен десемші. Бар, қораның ішінде тұр, — деді Өтекен.

Ал Салика шешей разылық білдіріп жатыр:

— Әне, кісі болды деген осы. Жарайсың, жаным, осындай жер қара, күн жылыда үйіп алғанын жөн. Мына шалға құдайдың зарын қыламын, осы бастан отын-суыңды жинай бер деп. Баспайды. Ауру бар, сырқау бар дегендей, кім ғайыпты болжап біліпті.

Әрі тыңдауға дәтім шыдамады. Есікке қарай айнала бердім. Сол кезде Өтекен қайта тіл қатты:

— Арбан-арба-ау, көлігің қайда, шырағым?

Табан аузында тағы ештеңе таба алмай абдырап жатырмын:

— Көлік пе, көлік болғанда... көліктің өзі...

«Мынаның есі дұрыс па өзі?» — деп ойлады ма, кім білсін, Өтекен бетіме бажырая бір қарады да, «ие, бара бер, бәрі де түсінікті» дегендей есікке қарай қолын сілтеді.

Мен «өлдім-талдым» — дегенде қораға шықтым-ау әйтеуір. Жұрт Өтекенді «қолында барды шашау шығара қоймайтын, сібер адам» — деуші еді. Қырсыққанда орынсыз жерден мырза бола қалғанын көрмейсің бе! Енді не істеу керек? Амал бар ма, көк қақпаны айқара ашып арбаны жан дәрмендеп алып шықтым да, сүйреп үй қасына әкелдім. Ар жақтан апам көрінді. Ол да таң-тамаша.

— Сапаржан-ау, мұнымен қайда барасың?

— Отынға, — дедім шімірікпестен.

Апам қуанышында шек жоқ.

— Өй, құлыншағым сол, үп-үлкен кісі болып, шаруа камын ойлап жүргеніңнен айналайын.

Дегенмен қысылатын мен жоқ енді.

— Күнде бала көре бересің-ау мені. Тал шаба алмайтын не болып-ты соншама!

— Ии, жаным, көлігің қайда?

— Көлік деген сөз болып па, тәйірі. Бәрінен де арбаны айтсаңшы. Апам қасыма жакындай түсті:

— Оның рас. Мына шал арбасын сен болған соң ғана беріп отыр. Әйтпесе үстінен құс жорғалатпайтын. Құдай бірдеме берер.

Апамның осы сөзі камшы болды ма, әлде қайтсем де өтірікші болмайын дедім бе, енді тал шабуға шын бел байлап, көлік іздеуге кірістім. Бірақ «көлік деген сөз болып па» десем де, ең қиыны осы болды. Олай жүгірдім, бұлай жүгірдім, «ат мінетін еді-ау» — дегеннің бәріне бардым. Қиығы бір келетін емес. Бірі ерте тұрып, далаға кетіп қалған. Бірі түнде күзеттен келіп, жүгенін сыпырып қоя беріпті. Бригадирлердің де ешқайсысын таппаймын. Салым суға кетіп үйге келдім. Арба қайқайып есіктің алдында тұр. Екі-үш рет Өтекең қарт терезеден караған секілденді. «Жарайсын, шырағым, ісіңе болайын, пысыксынып таң атпай келіп едің, ерте күнді кеш қылып әлі жүрсің бе?!» — деп кейіп отыр ма, кім білсін. Жоқ нәрсені ұят санап, жоқ нәрсеге намыстанып қалатын жастық шақ-ай десеңші, бара алмай қалсам, өлім көретіндеймін. Шын сасайын дедім. «Сау басыма сақина тілеп» — дегендей, жоқ жерден өңбес жұмыс тауып әуре сарсаң болғаныма кейіңкіреп, есіктің алдында отыр едім, кенет астындағы құласын жүгіртіп кесек денелі, адырақ көз бір кара қасыма келіп тоқтай қалды. Бұл — осы колхоздың комбайнері Сағит Тапин деген кісі. Армиядан келгеніне бір жылдан асса да, үстінде солдат көйлек, басында пилотка, кең кеудесінде орден, Сталинградтан бастап толып жатқан қалаларды «азат еткені үшін» медальдар.

— Ал, Сапар шырақ, жұмыстың қауырт кезі ғой, әне-міне, деп жүргенде уақытты өткізіп алдым. Ертерек келіп амандаспады деп өкпелеме, міне, кінәмді кешірсін деп әдейі келе жатырмын, — деді ол атынан қарғып түсіп.

Мен:

— Саға, көріскен едік қой... — деп барып тоқтадым. Есіме түсті, бұл кісіні бұдан бірер күн бұрын облыстық газеттен көрген екенмін. Үлкен комбайн, соның бер жағында осы киімімен түскен Сағит. Жоғарыда кара әріппен «Бұлар кеше советтік танкпен жауды таптады, бүгін советтік комбайнмен егін даласын аттайды!» — делінген. Шіркін, газетте отырғандар да осындай бір жаланқая сөзге келгенде шалдырмай кетеді-ау!

Саған сәл сылти басып келіп қасыма отырды. Әбден кара май сіңіп, көбелері қарайып кеткен арбақ саусақтарымен арқамнан қапсыра құшақтап алды.

— Ал амандық соңында онаша айтар сөзім де бар.

— Құлағым сізде, — деймін мен күлкімді зорға басып. Сағанның онаша қалай сөйлесетінін есіме алып күлемін. Өйткені Саған сыр-сыбыр дегенінді білмейтін адам. Біреуді «онаша сөзім бар еді» — деп былай алып шығып, бар даусымен дабырлап сөйлеп, жер-көкті көшіріп жататын ескі әдеті. Жұрт онысына күледі. Ол бар жерде әдейі «онаша сөйлесейікші» — деп өзді-өзі жырылып шығып, айкайласып жатқаны. Бірақ Саған оның біріне де мән бермейді. Дүрдік ернін қайқы танауы мен ата сақал бітетін жеріне дейін жиыра ашып, маржандай ақ тістерін көрсетеді де, қолын бір сілтеп тарта береді. «Онаша айтарым бар» дегенімен қазір де сол дағдысына бағып, дабырлап сөйлей жөнелді. Бірақ онып отырған мен жоқ. «Құлағым сізде» дегеніммен көңілім Сағит мініп келген атта. Содан ба, кім білсін, осы бір ұзақ сонар дабыр-дұбырдан бар ұққаным — Сағит колхозда тексеру комиссиясының председателі екен... Осы ретте тексеретін бір нәрселер бар екен...

Бір кезде «мұны неге соншама тәптіштеп айтып отыр? Маған оның қандай қатысы бар? — деген ой келе беріп еді, Сағит арқамнан қолын алды да:

— Ал, Сапар, бұған не дейсің? — деп тура қарады.

— Қайсыған? — деппін мен тыңдамай отырғанымды танытып.

— Ау, шырағым-ау, манадан бергі айтқаным ше?

— Саға, оныныңдың бәріне де түсіндім, — дедім мен түсінбесем де. — Егер соның бәрі маған тіреліп тұрса, мен қарсы болады екен демей-ақ қойыңыз. Оны, бірақ кейін ақылдасайық...

Сағит киіп кетті.

— Е, өзім де осылай ойлағанмын.

— Ал қазір маған сіздің атыңыз керек.

— Менін атым ба?

— Ие, сіздің атыңыз...

Сағиттың ақ көңілділігі сондай, «қайда барасын? Қашан келесің?» — деп те сұраған жоқ.

— Ала ғой онда! Қазір комбайн ремонттының кезі ғой. МТС-қа біреуге ілесіп-ақ барармын. — Осыдан кейін Сағит дауысын сәл төмен түсіріп: — Жаңағыны әзірге тісіңнен шығара көрме, — деп қойды. Мен «нені?» — деп қала жаздадым да, зорға тоқтадым:

— Тісімнен шығармауын шығармасын-ау, бірақ аузына ана өткен-кеткендер ие болса, болғаны ғой.

Сағит дүрдік ернін көтерді де, қолын бір сілтеп түрегелді. Ал мен болсам, ойда жоқ жерде апамды қуанып, Өтеген қарттың арбасын, Сағиттың атын мініп отынға аттандым...

Мен сөйтіп, ойда жок жерде тоғайға барып, өз үйіме бір арба тал алып келдім. «Бөле, тапқан екен айтар сөзді!» — дейсіз ғой. — Біреудің ат-арбасын мініп тоғайға барды. Тоғайға барып үйіне отын әкелді! Осы да сөз болып па!» — Рас, сөз емес. Ауыл тірлігінде қиян-қилы шаруа бар: біреулер тоғайға барады, отын әкеледі. Біреулер шөп шабады, мал бағады. Біреулер құдық қазады, үй салады. Жер де жыртылады, егін де орылады... Арыз жазылып, өсек те айтылады, жеңіл-желпі ұрлық та жасалып тұрады.

Бір ғажабы осының бәрі де колхоз ауылына кіре берістегі «Отан үшін жан пидә!», «Бәрі де коммунизм үшін!» деген үлкен ұрандар ілініп тасталған биік дарбаза арқылы өтіп жатады. Үйге отын әкелсем, ол да сондай елеусіз ұсақ істердің бірі. Бірақ шынымды айтайыншы, шатақтың басы осы бір «елеусіз» деп отырған талдан басталды.

Елеусіз дегенім жай сөз. Ең алдымен, бұл ісімді апам елеп, қуанды. Онысының реті де бар. Өйткені мен бұрын жас едім. Бір үйдің бас көтерері өзі болған соң, отын-су да қайтсе де апамның өз мойнында болатын. Енді мен отын әкелсем, апамды бір машақаттан босатқаным, кісі болғаным. Сол себепті апам бұрынғы ғұрыптын ырымы деп, абысын-ажындарын шақырып «тоқым қағар» жасады. Ал содан кейін елеген кім болды дейсіз ғой? Айтайын. Содан кейін елеген адам... бір кереметі, анадағы шүмпіш бет өкілдің өзі.

Отын әкелген күннің ертеңіне мен тағы да колхоз кеңсесіне шақырылдым. Баяғы кеңсе, баяғы столдар. Адамдар да бәз-баяғы орнында. Жалғыз-ақ Нәуан ғана жок. Мен председатель столында отырған өкілге қараймын. Басқаға қайдам, ол маған басына үлкен телпек кигізіп бақша ішіне шаншып қойған қаракшы секілді. Қансыз өңі сұп-сұр. Ойнақшыған көзі қалпақ астынан әрең-әрең көрінеді.

— Ал, директор жолдас, кеше қайда болдың?

Өкілдің әнеуегі жәбірін әлі ұмытпасам керек, жүрегім тулай соғып, тынысым тарылып жүре берді.

— Үлкен кісі сұрап отыр, дұрыстап жауап бер! — деп Арам сары қабағын түйіп күнк ете түсті. Тегі мына тұрысым оған ұнамағанға ұқсайды.

— Тоғайда, — дедім салмақпен.

— Тоғайға сені кім жіберді?

Мен Қарғашқа көз қиығын салдым. Ол жымыып күлді де төмен қарады. Маған солай көрінді ме, әлде расы осы ма, беті нұрланып, бал-бұл жанып бара жатқандай. Құдды, менің тоғайға неге барғанымды біліп алған секілді. Көңілім орнына түсейін деді. Мына

отырған өкіл мен Арам сары не десе ол десін, жүрегімнің түкпірінде жатқан осы бір киелі сыр-сезімді Қарғаш білсе, одан артық не арман бар!

- Ешкім жіберген жоқ. Өзім бардым.
- Ешкім жібермесе, өзің неге барасың?

Мына сөзге мен тағы да шамданыңқырап қалғандаймын. Өкілдің не тілейтінін біле алмаймын тіпті.

— Өзім бармағанда кайтем, абақтыда отырған адам емеспін ғой соншама!

Өкіл менің тура кеткенімді сезе қойды ғой деймін, енді басқа бір әлсіз тұстан келіп тиісті.

— Жоғары басшылар, айталық мына біздер күні-түні кірпік ілмей, сенің бақытыңды ойлап отырмыз. Ал сен болсаң, тоғайға барып, үйіне отын шауып әуресің. Коммунистік сана деген қайда, шырағым-ау?

Арам сары да қосарланып қалып жатыр.

— Өзімшілдік деймін, осы өзімшілдік құрты бұған да дари бастаған деймін.

Мен үндей алмай қалдым. Өйтетінім, өкілдің бұл сөзінде жан бар деп ұғамын: әкем ес білмей тұрған кезімде өліпті. Жетім баланың көрген күні не болсын, жалаң аяқ қар кешіп дегендей, өйтіп-бүйтіп жүріп ауылда бастауыш мектепті бітірдім. Содан кейінгі бар сабытымды мемлекет көтерді. Интернаттын тамағын іштім, киімін кидім. Интернаттың төсегінде жаттым. Сабағын оқыдым. Сосын «жетім еді» деп басқалардан бөліп қалаға жіберді. Ақыл көзін жүгіртсем, күні бүгінге дейін жетімге тиешектің бәрін де алып келіппін. Бірақ қайтарған әлі түгім жоқ. Өкіл осыны бетіме салық еткен секілденді. Үндей алатын рет бар ма енді. Алайда тағы бір ой келіп тайталасады: егер «өз үйім» деп күнде тоғайға барсам, колхозға көмек көрсетпесем, онда іс басқа, қалай айқайласа да сыйып жатыр. Келгенім кеше, әлі жөндеп орнығып та болған жоқпын. Тіпті өзімді мұғалім екенмін деп те ойламайтын секілдімін. Баяғы студент қалпымдағыдаймын. Ауыл-үйдің адамдары да әлі күнге дейін «бала» деп сөйлейді. Тек құдайға қараған кейбір жеңгелерім ғана «мұғалімді» қосып «мұғалім бала» дейді. Сөйтсе де қарап отырған мен жоқ. Таңның атуы, күннің батуы мектепте боламын, одан қалса, балаларды бастап барып егіннің арам шөбін жұлғызамын. Не қыл дейді енді?

— Үндемейсің, ә? — деп өкіл сәл қозғалып қойды.

— Мойындағаны ғой, — деп Арам сары күн кетті де, шотын сарт еткізді.

Осымен әңгіме біткенге санап, бұдан былай қайтсе де тоғайға өйтіп бармасқа өзімше ант етіп қозғала бердім. Шынымды айтсам, үлкендердің алдында ұнжырғасы түсіп кететін танауының алды кеп-

пеген ынжық балаға ұқсап «жаздым, жаңылдым» — деуге Қарғаштан ұялдым. Бірақ үндемегенімді өкіл басқаша түсінді ме, қайдам, не болса да жеріне жеткізіп тынайын дегендей:

— Колхоздың қандай халде екенін білесің бе өзін? — деп қалды.

«Білем» — деп токтасам, іс насырға шаппайтын ба еді, әлде қайтетін еді, «шығасыға иесі басшы болады» дегендей, күр «білемнен» түк шықпайтын секілденді маған. «Білмейді екен» деген пікірден өкілді ада-күде құтқарып алайын деген болсам керек, сабағын жаттап алған шәкіртше:

— Білгенде қандай! Колхоз халі мүлде ауыр қазір. Пішен шабу науқанынан артта қалып қойып отырмыз, — деп тақ еткіздім. Басын төмен салып, қысылыңқырап отырған Қарғаш маған бір түрлі ұнатпаған кейіппен шошына, тіксіне қарады да, жеңіл бір күрсініп қозғалып қойды. Ал өкіл болса, бір жеріне біз сұғып алғандай шоршып түсті.

— Оны саған кім айтты?

— Кім айтқаны қалай? Өзім білемін.

— Өзі біледі... — деп өкіл Мелдеске бұрылды. Содан кейін бір тоқтамға келгендей қадай сөйледі:

— Колхоз шөп науқанын орындай алмай отырса, ол мына сен сияқтылардың қырсығы.

Мен түкке түсінбей аңырып қалдым. Бірақ түсінбейтіндей түгі де жоқ екен. Енді ойласам, менің жауабым: «Өкіл болып келгеніңе көп болды, колхоз шаруашылығы қирап жатыр. Немді бітіріп жүрсің?!» — дегенмен тең екен ғой. Әйел қауымы ерте пісіп, сұңғылалықты бұрынырақ байқамай ма, Қарғаштың тіксіне қарауының төркіні де сонда жатса керек. Алайда бұлай екшеп саралауға ол жерде менің шамам қайда, түкке түсінбеген сол күйім. Тұра бердім. Өкіл телпегін баса түсті.

— Бәрін біледі. Біле тұра өз шаруасын күйттеп кетеді, — деп маған кекете тіл қатты. — Осы сен халық жауы емессің бе?

Тағдырдың мына сайқы мазағын көрмейсің бе, ойыннан от шығады дегендей, бір арба талдың ақыры, міне, қайда әкеп соқты десенші. Ашу бұды ма, әлде аузыма басқа сөз түспей қалды ма:

— Жок, мен халық жауы емеспін. Сен — халық жауы! — деп қалай айтқанымды өзім де білмей қалдым.

Өкіл ұшып тұрды. Көзі сөніп жанған электр шамына ұқсап, қалпақ астынан көрініп жоғалып, көрініп жоғалып ойнақшып кетті.

— Кәне, дәлелде!

Не деп дәлелдей алмақпын? «Халық жауысың!» десем, оным — қару сілтегенге құралақан болса да қол көтерген сияқты жандәрмен, бассауғам емес пе. Үндей алмадым...

Осы оқиғадан кейін апалаң-топалаң болып кетті. Милицияның оперативтік өкілі қайта-қайта жауапқа шақырды. Аудандық оқу бөлімінен кісі келіп, мектептің жәйін тексерді. Жайшылықта бар, жоғын сездірмейтін аудандық комсомол комитеті де шабуылдаумен болды. «Ауған хан мен Қалған ханды» қалай ойнадыңдар? Неге сен дәл осы ойынды ұсындың? Көздеген максатың не? Бұл ойын үстінде тағы қандай сөздер айтылды?» — деген сияқты толып кеткен сұрақтар жауды. Ақыры кеп тексерістің соңында «Сұлукия бастауыш мектебінің қысқа әзірлігі нашар. Колхозбен байланысы жоқ», — деген қорытынды шығарылды. Мені дұрыстап тәрбиелей алмағаны үшін Зағыфыран Әйтеноваға ескерту жасалды. Ал менің өзім болса, ақырғы сөгісті аркалап шықтым. Істің мұнан да жаманмен тынатын түрі бар екен, әйтеуір дес бергенде жастығым, тәжірибесіздігім қатты ескерілген болып шықты.

## 8

Мен енді бұдан былай Өтеген карттын арбасын өйтіп «сұрамасқа», сұрап алып отынға «бармасқа» ант еттім. Бірақ қайткен күнде де Қарғаш есімнен кетер емес. Қай жерде жүрмейін, мейлі үйде, жә мектепте болайын, мейлі далада қос басында болайын, «кіріп келмес пе екен, кездесіп қалмас па екен?» — деп үнемі ала көңіл болып, жүрегім лүпілдейді де жүреді. Енді бұрынғыша Өтеген үйіне де бара бере алмаймын. Әлі ешкім еш нәрсені сезбесе де, бетімде бір шіркеу тұрғандай өз-өзімнен қаймығып жүрексіне берем. Оның үстіне қылығыңды қабағыңнан айнытпай таныр кәрі тамыршылар емес пе, Өтекең де, Салиқа шешей де бұрынғыша «үйге жүре ғой!» — дед жалбақтамайды, кездесе қалса, сыпайы амандықпен шектеліп қала береді.

Өз тайғақтығымнан ба, әлде басқа бір себебі бар ма, әйтеуір өкіл екеуміздің қақтығысымыздан кейін Қарғашпен мүлде сирек кездесетін болып кеттім. Әдейі іздеп бара қалсам, әманда бір қарбаластың үстінен келіп шығам. Ал жұрт аяғы селдіреген бір уақытты таба қалсам, Қарғаштың реті келмейді. Қайдағы бір себепті айтып, сырғактай береді.

Ойымда сондай асыл сөздер бар. Айтқым келеді. Бірақ оны тындар Қарғаш жоқ. Бір ауық «Бәрін де хатқа жазып берсем қайтеді?» — деп те ойлаймын. Тағы да көрші отырып ұят болар оным, одан да үйіне бұрынғыша кіріп барып: «Қарғаш, сенде шаруам бар, шығып кетші» — дегенімнің өзі жаксы емес пе. Шаруа жәйімен Қарғашқа сан-сапалақ кісілер келіп жатады, сонын «мынасы ерсі» — деген шал-кемпірді көргенім жоқ қой — деп тоқтаймын. Шешім осы болды. «Қарғаш кеңседен оралды-ау» — деген кешқұрым кезде есік ал-

дына шықтым. Өрістен тойып қайтқан шанырақ мүйіз, шеңбірек қарын сиырлар тұяқтарын сыртылдатып, сыралжынды көк майса көшемен үйлеріне қайтып жатыр. Мал қайырған балалар, шелек ұстаған әйелдер. Өтекең үйінің алдында да кара-құра мал. Бірде Өтеген карт, бірде Салиқа шешей көк қакпаға шығып, кіреді. Олар да кешкі шаруа камында.

Екі қолымды қалтама салып, олай-бұлай көп жүрдім. Не істерімді білмеймін. Әлдебір қолайсыздықты сезіне бастағандаймын. Мына кереметті қараңызшы, біреу-міреу: «Ә, көк соққыр, дәуде Қарғаштын жұмыстан қайтар кезін аңдып жүрсін-ау», — деп қағытар ма деп өз үйімнің алдында ұзақ жүруге де қаймығамын. Енді бір айналғанымда қолында балтасы бар Салиқа шешей көрінді де, тура жаңғырық басына салды. Қасына қалай келгенімді де білмеймін, «апа, маған беріңіз» деп балтасын сұрап алдым да, отынды жосылтып ұсақтай бердім.

— Ер бала деген, міне, осы. Шайзаның енді не арманы бар десейші. Есігінің алдындағы отын анау таутеңіз боп үйіліп жатқан. Көзі ашылды ғой байғұстың, — дейді шешіле сөйлеп.

«Отын» дегенде қаншалықты оның қымбатқа түскен отын екенін ойлап, қызарып жүре бердім. Онымды сездіргім келмейді бірақ.

— Отын әкелу онша киын емес қой, Салиқа апа, керек болса, айтыңыз, бір қалт еткенде сіздерге де әкеле салайын, — деп жатырмын.

Салиқа шешей жымыып, күліп қойды. Ұсақтаған талды көтеріп үйге беттеп бара жатып:

— Сапаржан, үйге жүр. Қарғашқа дайындаған дәм бар азырақ, бөліп жендер, — деді.

Қуанып кеттім:

— Қазір, Салиқа апа, қазір. Тағы да азырақ ұсақтап тастайын... — Ісім бұрынғыдан да өніп жүре берген сияқты. Барымды жұмсап, қанша қимылдамайын, көзім кеңсе жакта болса керек, бір кезде есік ашылып екеу шықты да, табалдырықта сәл аялдады, содан бірі сылти басып ат қора жакқа тартты да, бірі осылай қарай салды. Олардың кімдер екенін мен іштей білем. Дегенмен көрмеген кісі болып, төмен қарап тұғжындап, балтаны құлаштай сілтеймін. Жакын жерден аяқ сыбдыры шықты. Қазір:

— Тал десе, құтын түсетін болды ғой! — деген сынғыр дауыс пен ашық күлкіні естимін. Аяқ сыбдыры тура алдыма келді. Қызыл туфлидің жып-жып еткен сүйір тұмсығы да көрінді. Күлкі естілмеді бірақ, сыбдыр алыстап көк қакпа сықырлады. Басымды көтердім, қызыл туфлидің біз өкшесі көтеріле беріп, қора ішіне сүңгіп кетті.

«Неге тіл қатпады?» — деймін айсыз түнде адасқан жолаушыға ұксап қалып ойдан жөн таба алмай. Балтаны жаңғырыққа құлаштай

соғып қададым да, түрегелдім. Көңілім бейжай, сынып, шөгіп қалғандаймын. Біршама уақыт өтті. Колхоз кеңсесіне карсы атқора алдында Мелдес ақтан керді жегіп жатыр. Қимылында жітілік, жинақылық бар. «Әлде бұлар бір жакқа жиналып жатыр ма екен?» Әлден уақытта үйден жүгіріп Қарғаш шықты. Менің мына бишара тұрысымды мүсіркеді ме, қасымнан өте беріп сәл ғана жымып, езу тартты:

— Асығыс шаруа бар еді...

Сол кезде Арам сары да ақтан керді делбемен жосылта бір тар-тып, бізге қарай екпіндей салды. Әлгіндей болмады, Қарғаш тар, буылдық қорапқа Арам сарымен қатарласа кеп отырды. Делбе жеп, жұлқынып тұрған ақтан кер әуелі аспанға қарғыды. Содан кейін бейне бір жүйрік тазыға ұқсап алдыңғы аяғын басынан асыра салып жер бауырлай көсіле жөнелді. Сөйткенше болмады, шолақ көшенің басынан ағындап шықты да, Қарғашты түн қараңғылығына еніп, қарауыта түксіп көрінген қалың орманға қарай зырлатып алып алыстай берді. Кенет «ең болмаса, перміге үшетшік бол» — деген Өтекен сөзі есіме келді. Дүниенің «қоры» — мұғалім болғанша, есепші болып неге жаралмадым екен! — деп армандаймын да, жүрегім сазады. Бір түрлі Қарғашты қызғанамын. Қалың орман өзінің аса бір қатерлі тылсым күшімен, тұңғиық сыр-жұмбағымен жүрегімді тырнап мазалайды, үрей салады. «Қайда кетті Қарғаш? Қайда алып кетті Қарғашты Арам сары? Ойбай-ау, қайдасындар? Барсындар ма маңайда? Бірдеме десендерші?».

«Міне, мен бармын» дегендей сүйкене көлендеп су алып Тамаша өтіп барады:

— Мұғалім бала-ау, екі иініннен су кеткендей, ұнжырған тілті түсіп кетіпті ғой өзіңнің. Өстіп көз майынды тауысып, соңынан қарап қала бергенше, қасыңа отырғызып алып неге кетпейсің? Ай, ынжықсың ғой деймін.

— Алып кетпеймісің деп тұрғаның кім? — деймін түкке түсінбегенсіп.

Күлкі естілді. Тамашаның даусында ойнақылық бар:

— Біле...міз, мұғалім бала. «Мен білгенді кім біледі» дейсің ғой баяғы. Жасырғаныңмен жағаңнан шығады әлі.

Тамашамен тәжікелесуге дәрменім жоқ. Үндемедім. Кенет «кездескен бір атқа жайдақ болса да міне салып, салып ұрып барсам ба сондарынан?!» — деген ой сап етті. «Қой, мен ойлағандай болмай шықса, неге келдің ентігіп, есің дұрыс па өзіңнің? — десе, не айтпақшымын?» — деймін.

Осы кезде Салика шешейдің жаңғырық басынан даусы шықты.

— Сапаржан-ау, мынаны неғып тастағансың?

Карасам, жанғырыққа қадаған балтаны суыра алмай әуре-сарсан.

— Ылғи от алып, асығады да жүреді өстіп. Бір шәшке шәй ішуіне де қаратпады. Не сұмдық бұл дайын тұрған тамаққа қарамаған! Айдын, күннің аманында үнемі өрт сөндіріп жүрудің несі жақсы дейсін. Ал жүре ғой, жаным.

— Жок, Салика апа, тағы бірде келермін. Қазір тамаққа құлқым сокпай тұр, — дедім, жанғырыққа өзім қадаған балтаны олай шайқап, бұлай шайқап зорға дегенде суырып алып.

«Қарғаш болса жок, шал-кемпірмен отырып не ракат табасың?» — деді ме, Салика шешей үндемеді, балтасын алып үйіне жөнеле берді. Мен үйге беттедім. Ойыма тағы да түксиген орманға қарай зырлап бара жатқан ақтанкер түсті. «Мұндай қорлықты көргенше, апамның айтқанына қарамай-ақ, сол жактан оқуға тартып отырмаған екенмін», деп өкіндім.

Сондай оғаш, қызық бір теңеу — Арам сары осы үйдің жаңғырығына мықтап тұрып қадалған жаңағы қара балта іспеттес.

Суырып алар күш қайда оны?

## 9

Жок, күш бар екен. Дәл мына өзімде бар екен күш. Алдым қарауытқан орман. Қараңғы түн. Жок, түн емес, таң саз беріп қалыпты. Орман да қарауытпайды, көгеріп, сілеміктеніп көрінеді. Шенгелдерді жапырып, қалың жынысты жарып келем. Шапанымның етегін бұталар алып қалып жатыр. Үстімдегі ақ көйлегім де парара. Жок, бұталар алып қалып жатқан жок, қайтар жолда адасып кетпейін деп өзім іліп кетіп барам. Кенет ат кісінеді. Жер тарпып «тез жет!» — деп кісінегендей. Жануар-ай, жылқы болса да, оның да бүйрегі маған бұрады екен ғой. Сыр-сыр етіп қол шалғының даусы шығады. Ағаш арасы селдір. Баспалап алаңға қараймын. Көк-орай шалғыны белуардан келетін әдемі алаң. Қапсағай денелі Сағит ұзын шалғымен орай сілтейді. «Колхозға жаны ашитын шын еңбек иесі ғой. Көмектесіп жатқанын көрмейсің бе?!» деймін. Жақындай бердім. Шөп арасынан бір әйелдің басы көрінеді. Жок, әйел емес, Қарғаш, менің Қарғашым. Екі көзі бұлаудай.

— Саған не болған, Қарғаш?

Қарғаш үндемейді. Төмен қарап, солқ-солқ жылайды. Жауапты Сағит беріп жатыр:

— Не болғанын қайтесін. Өлім аузынан алып қалдым. Қолыма түспей кетті ит. Әйтпегенде мытитын едім өзін бір. Бар, қуып жет те, жазасын бер.

Кімді қуатынымды бірден түсінгендеймін. Айнала бердім:

— Көне, қайда, қалай қарай кетті?

— Былай қарай, былай, — деп дауыстайды Сағит.

Бойымды жинап алдым. Алдымда қас жауым тұрғандай, аяғымды еппен басам. Жок, ол тіпті аңдымапты. Қарғашты жәбірлегені де есінде жок. Артынан мен қуып келер деп те сескенбеген. Сондай жайбаракат. Шотын қағып отыр.

— Осы арада да шот қағып жатырмысың? Қай есебіңнен жаңылысқан едің? — деймін. даусымда салқындық бар.

Ол үндемейді. Сәл ғана қабағын шытты. Кәдуілгі дағдысынша бірдеме деп мұрнынан мінгірлеп тынды. Анық түсіне алмаймын.

— Неге үндемейсің? Тілің бар ма өзіңнің?

— Бар. Мінекей. — Ол аузын ашып, тілін шығарады. Жок, тіл емес, құжынаған есеп шоттары.

Кілең бір қызыл сымның бойымен әрлі-берлі жылтыңдап есеп тастары сарт-сұрт жүгіреді кеп, сөйлейді кеп.

— Мен ісімді үндемей тындырам. Мен сөйлемеймін. Өлең де айтпаймын. Сендер секілді ыржақтап, күлмеймін де. Жүрегімді суырып, «күйдім, жандым, ғашықпын» деп те жатпаймын. Оны да сендерге бердім. Өйткені менде жүрек жоқ, есеп қана бар. Сендер «Жүрек! Жүрек!» — деп даурығып жүргендерінде мен бәрін де шотыма салып, есептеп қоям, сол себепті кателеспеймін де. Ұпайым да түп-түгел.

Әлгі бір әзірде «тіл орнына шот болғаны несі?» деп шошыныпқырап та қалған едім, енді ойласам, түк оғаштығы жоқ секілді. Етім үйренейін деді. Мұндайлар да бола береді ғой деп қоям. Сонда да көкейімнен Қарғаш кетер емес.

— Үлкен балаңмен жасты Қарғашты қайтіп жәбірледің? Ұятын қайда? — деймін қыстығып.

«Ұят мынада!» дегендей ол шотын көтерді.

— Бәрінің де тірегі — есеп. Есептей біл.

— Қарғашты неге жылаттың? Мұнында да есеп бар ма?

— Есеп бары рас. Бірақ Қарғаш жылаған жоқ. Жыламайды.

— Көріп келдім ғой.

— Жоқ, жыласа, сенің Қарғашың шығар жылаған. Менің Қарғашым жыламайды.

— Дүниеде екі Қарғаш жоқ. Қарғаш біреу-ақ. Менің Қарғашым.

— Есептей біл дедім ғой мен саған. Міне, қара Қарғашқа, жылап тұр ма, күліп тұр ма?

Расында да, манағы Қарғаш дегенім, басқа бір әйел болса керек, шын Қарғаш күліп келеді.

— Ей, Сапар жазған, баласың әлі, шорқақсын есепке. Есептей біл, — дейді ол да сыпайы күліп.

Апырау, бұл не қылған сұмдық, айналам есеп шоттарына толып барады.

Қолымды сермеп, сытылып шыққым келді. Тұншыққан секілдімін. Айқайлаймын жан-дәрмен деп:

— Құрығанда есебі құрысын!

Өз даусымнан өзім шошып ояндым. Терезеден күн сәулесі тура менің басыма түсіп, күйдіріп барады екен. Терлеп қалыппын, көзімді ашып, пеш жакка қарасам, апамның қасында кәдуілгі Қарғаштың өзі отыр. Жүзінде нұрлы күлкі. Көзінде қуақылық. Құдды әлгі есеп шоттарының арасынан келген беті секілді.

— «Есеп, есеп» — деп сұмдық айқайладың ғой, Сапаржан. Қолайсыз бір түс көрдің бе деймін, — деді апам.

Қарғаш жүзіндегі күлкі ізі айқындала түсті:

— Көрмегенде кайтеді. Тым болмаса, жатарда құдайды аузына бір алмайды, — деп от тастап жатыр.

Апам жанығып кетті.

— Е, соны айтам. «Бісмилда!» — дей салса, несі кетеді. Жаман үйренген түге!

Апамның сөзіне мән берген мен жоқ. Әлгі түстің әсері ме, «осы сен кімнің Қарғашысың, соныңды айтшы?» деген қызық бір ой келді маған.

Қарияның аңқау балаша ойын сөзге оңай еріп, көрінеу құрылған қақпанға жеңіл түсіп қалғанына мәз бе, Қарғаш төмен қарап қыстыға күліп, зорға отыр. Дәл қазір осы бір күлкісімен «жоқ, мен басқанікімін» — дегенді танытатын секілді. Жалынғым келеді: «Күлмеші, Қарғаш, бүйтіп. Жылашы, бүйтіп. Жылашы қайта, егіліп жылашы» — деймін ішімнен. Кенет оның анада кеңсе ішінде жылап отырғаны есіме түсті. Апырау, кім жәбірледі екен десеңші сонда Қарғашты?

Ойымды Қарғаштың даусы бөлді.

— Сапар, тапсырма бар. Бүгін өкіл мен Нәуан: «Сапар екеуін бірінші бригадаға барып, қабырға газетін шығарындар» — деді. Соған келдім.

Мен ұшып тұрдым да, асығыс киіне бердім...

## 10

Ашық күн. Айнала тып-тыныш. Күлгін түсті ұсақ жапырақ жамылған қалың талдар кимылдамайды. Ұзарып пісіп, сабағы енді ката бастаған үкі бас қурайлар мен жалбыздың ісі шығып, аптап ыстық леппен ауық-ауық мұрынды қытықтап өтеді. Арғы бетте өзен бойын жарыса қаулап кете берер қалың тоғай. Одан әрі көгерген көк алсынды жалпақ шабындықта талмен өріп, бастырып тастаған маялар — жер бетінің мендері секілді.

Біз өзен арнасының оқыс ойысып, кен қолтық жасап өтер биік жар қабағында отырмыз. Алдымызда Есіл жатыр. Жай көзге өзен беті сондай алдамшы, тып-тыныш. Биіктеп шыққан күн сәулесі ай-

надан көрінгендей, қалтылдап қаймақшымайды. Су бетінде тірлік күресінің жорығымен әлсін-әлі шоршып шығып, қайта сүнгіп жатқан су мекендеушілердің ғана ізі бар. Әуелі нокаттан басталар сақиналар сан буын құрап барып, жағаға жетіп жоғалады. Мұның бәрі алдамшы тыныштық. Ағынның қатты екенін бейсеует қалқып, батып, шығып, қылтындап, зырлап бара жатқан ағаш түбірі, томарлардан байқайсын. Суға тапшы кең сахара — Сарыарқаның сан мыңдаған жыра-сайларынан жылап шығып, барған сайын кенейіп, барған сайын молайып кең арнаға айналар өзен бұлықсып, дыбыссыз ағады. Бір сәт тоқтау жоқ, бір сәт үзіліс жоқ. Өйткені алдында құшағын кең жайып, асыға күтіп жатқан қиырсыз ұлы мұхит бар. Соған асығады. Табиғат әманда ұлылыққа құштар. Ұланқайыр кендікті аңсайды. Уақыт та, адам да солай. Мен де шалқыған теңізді — махаббат теңізін аңсаймын. Қасымда жымыып күліп отырған Қарғашқа ұмтыламын. Бірақ өзен маған: «Сабыр, батыр-екесі, сабыр! Шын құштарлық, терең сезімде, «ал кеттім» жоқ та, сабырлылық қана бар» — дегендей болады.

Бұл бір көптен күткен, түсіністік іздеген жақсы күнім секілді. Қос басына Нәуанның өзі әкеп салған. Жұрт ертенгі шайын ішіп жұмыстарына кетті. Біз екеуміз онаша қалдық. Алдымызда қабырға газетінің макеті. Бастарымызды түйістіріп, үңіліп отырмыз. Үндемейміз. Қарғаштың не ойлайтынын қайдам, ал менің көзім қағазда болғанымен көңілім мүлде басқада. «Сұрайтын кезін осы шақ. Қазір ас пісіретін әйел келіп қалады» — деп бір ой мазалайды. Сөйтсе де батылым бармайды. Тамағымды қырып, талай рет оқталам да, «кейінірек айтайын» деп кешеулете берем. Қарғаш осы күйімді байқады ма, қарындашпен алдындағы қағазды шұқылап төмен қарап отырған бойы:

— Сапар, не ойлап отырсың? — деп сұрады. Айтар сөздің қолайы келген соң іркілмедім.

— Не ойлайын. Сені ойлаймын-дағы. Қарғаш жымыып күлді.

— Мені ойлайтындай не, кереметпін бе соншалық?

— Кереметсің, Қарғаш. Бірақ оныңды өзін білмейсін.

— Білгенде не істемекпін?

— Білгенде ме, білгенде... биік басыңды қор етіп, «жүр» — дегенге ілесіп кете бермес едің ғой.

Сөзім дөрекілеу шықты. Ренжіп қала ма деп жүрегім су ете түсті. Бірақ Қарғаш кескініне күлкінің нұрын жинап үнсіз қалды. Мен әлденіп кеттім.

— Білетін, бағалайтын болсан, күннен де, желден де қызғанамын сені, Қарғаш.

— Қызғанудың да жөні бар емес пе?! — деді ол байсалды түрде. Менің көкейімде не тұрғанын, нені тұспалдап отырғанымды дәп басып шешіле сөйледі. — Қызық болды ғой соншалық. Бірінші бригада

басындағылар өкілге «учетчик еңбегімізді дұрыс жазбайды, шапқан шөбіміздің есебі дұрыс емес» — деп шағым жазыпты. Содан ол кісі кенсеге келіп, екі аяғымызды бір етікке тықпасы бар емес пе. «Бұл жерде не бітімшілдікке отырсындар? Ертең таңға дейін анықтап, маған жауабын беріндер!» — Сөз осы. «Бар, сен де бар, көмектес Асабаев жолдасқа! Салқын жерде отырып әбден жаман үйренгенсіңдер» — деп маған да шүйлікті. Алас-қапаста далаға кеткен себебіміз сол. Ұйқы-күлкі көрмей түнімен үйілген шошақтарды өлшедік. — Қарғаш сәл кідірді де езу тартты. — Биік басымның «қор» болғаны содан.

Осы бір зілі жоқ мазақ, жеңіл кекесін мені шабыттандырып жіберді білем:

— Ал анадағынды қалай түсінуге болады? — дедім турасынан салып.

Қарғаштың көзі күлімдеп, тура қарады:

— Қайдағыны айтасың?

— Аанада кенсеге барғанымда жылап отырғаныңды... Кім жәбірледі. Неге жыладың?

Көзіндегі әлгі бір күлкі айныған жоқ, бірақ күрсініп қойды:

— Жылағым келді, жыладым...

— Ал арам шөп жұлысуға шығам деп шықпай қалғаныңды қалай түсінбекпін?

— Бәрін де білгін келеді. Анқаусың, Сапар, соншалық. Баяғы бала қалпың. Тіпті ит алдауға да жарамағаның ғой деймін.

Неге бұлай деді! Көңілімдегі күдік зорая түсті. Не себепті баласына береді осы мені. Не қылық көрсеттім сондайлық?

— Неге үндемей қалдың? — деп сұрады Қарғаш қолындағы қарындашты алдына қойып.

— Жәй...

Неге екені белгісіз, Қарғаш әлдебір шаршағандықтың белгісін танытып, шағына сөйледі.

— Жұмыс соншама ауыр. Күні-түні бір дамыл таппайсың. Кейде «оқуды неге тастадым екен осы?!» — деп өкінем.

— Онда бәрімен де хош айтысып, қол ұстасып, оқуға аттанайық.

Қарғаш разы болған секілді, иығымнан келіп басты.

— Рас айтам, Қарғаш. Бар пейілім осы.

Қарғаш қайта кеп орнына отырды. Жүзіндегі күлкі ізі суып үлгерген. Көзін бұлдыр алысқа қадай сөйледі.

— Жок, Сапар, бәрі де кеш мен үшін. Ал сенің оқи беруіңе болады. Келешегін алда.

— Дүниеге келмей жатып, келешектен үміт үзген сені ғана көрдім.

Қарғаш үндемеді.

— Мелдес екеуіңнің араларыңда не бар осы? Шыныңды айтшы? — деп сұрадым мен оқыста. Қалай айтып қалғанымды өзім де білмеймін.

Карғаш тіксіне, шошына қарады маған. Кірпіктері найзаша қадалып, қабағы кимылдап кетті. Сондай бір ашумен:

— «Іріген ауыздан шіріген сөз шығады» дегендей... Есін дұрыс па өзіннің? — деп ұшып тұрды да, есікке ұмтылды.

Абдырап қалдым.

— Карғаш, Карғашжан, кешіре көр, аузымнан қайтіп шығып кеткенін өзім де білмей қалдым, — деп мен де іле ентелей шықтым қостан.

Бір кезде Карғаш тұра қалды. Жүзінде әлгі бір ашу.

— Мені кім деп ойлайсың сонда?

Мен жүзімді төмен салдым. Карғашта да үн жоқ. Тесіле қарап, тіксініп тұрғанға ұқсайды.

— Жаксы, — деді ол бір кезде кесімді өктем дауысын, — бұдан былай мұндай сөзді айтпақ түгіл, ойына алатын болсаң, мені бүйтіп қасымда жүреді екен деп есептеме!

— Кешірші, Карғаш! — деп жалындым, үлкеннің алдында қалтыраған балаға ұқсап.

Карғаш қайталап ештеңе демеді. Мен оның осы бір жерде жарк етіп көрінген кесек мінезіне сүйсінген секілдімін. Адал екеніне көзім енді жеткендей. «Адал болмаса, осынша қазылып шамданар ма еді?» — деймін. Бұрынғымның бәрі де болымсыз күдік болып шықты. Осы күні ойлаймын, тегі, әр дәуреннің өзіне тән қызғанышы болады екен ғой. Біз, міне, бұл күнде албырт жастықтан алыстап бара жатқан жандармыз. Қазіргі тоқтасқан шағымыздың сезім-махаббаты мен көңіл-күйі де өзгеше. Ең жаксысы — өзіңдікі қайсы, өзгенікі қайсы, деп басып ажырата білесің. «Өзімдікі» дегенді жанымызды салып құрметтейміз. Ал «осы менікі болмайды-ау» — дегенге орынсыз жүгіре бермейміз. Содан болар, біз құралпылардың қызғаныш-махаббатында «ал кеттім» жоқ, та, жарасты сыпайылық, әдептен озбаушылық басым болады. «Үмітсіз сайтан ісі» дегендей жаксыға қолымызды созамыз, бірақ уысымызға ілікпесе, сабырсыздық танытып мінез көрсетіп жатпаймыз. Іштен тынып қала береміз. Сөйтеміз де, қит еткенді «бала соққан кездіктің басы жарық болмай ма, жеңілтектік, ақылсыздық мұнысы» — деп күстаналаймыз. Құдды өзіміз бір бала болып көрмегендейміз.

Ал жас дәуреннің жөні басқа ғой мүлде. Албырт кезінде «басқанікі» — дегенді кім біліпті. «Мынау артық, мынау кем, анау аласа, анау асқар» — деген де ұғым жоқ. Айнала жасанып, құлпырып көрінген кең дүниені бар асылы, бар жасығымен қосып «өзімдікі» деп баурамақ боласың. Өрең жетпесе, өтеуі жоқ қайғы. Өзіннен, өз бойынның шырғалығынан көрермісін оныңды сірә да. Ол кезіннің қызғанышы да бір түрлі қызық. Сондай секем алғышсын. Жок, жерден орынсыз таусылып, түңіліп жатқаның. Байыбына бару жоқ, қайтсе де.

Сол бір сәттегі бет әлпетім, тұрған тұрысым соншалықты аянышты болса керек. Қарғаш кенет өзгерді де менің қолымнан жетелей сүйреп, өзенге қарай беттеді.

Есілдің тоғайын аралап, биік жар қабаққа осылай келгенбіз. Әуелі үндеспедік. Қарғаш мені бірдеме айтсын дейтін секілді. Ал мен болсам, не дерімді білмей жер шұқылай берем. Біршама уақыт өтті. Тағы да жалбыздың иісі кеп мұрнымды қытықтады.

— Қарғаш... — дедім момақан дауыспен естілер-естілмес етіп.

Қарғаш маған тура қарады. Жүзінде сұрау бар. Жүрегім тулады.

— Мен сені жаксы көремін ғой, Қарғаш...

— Білем, — ол осымен тынды.

Тағы да біраз жер шұқыладым. Содан кейін зорға дегенде:

— Ал сен ше?

Қарғаш бір сәт көзін жұмды, басын шайқады...

— ...Ондайды айтыспайды, Сапар.

— Екеуміз бала кезімізден көрші тұрдық. Енді, міне, есейдік, ел санатына қосылдық...

— Ие, сосын?.. — деді Қарғаш сәл жымыып.

— Менде әке, ал Өтекенде ұл бала жоқ...

Қарғаштың өңі құбылып, сынық тартты. Мен сөзімді жалғай бердім:

— Екеуміз де жартымыз...

Қарғаштың әлгі сынық қалпы. Көзі бұлдыр, алыста.

— Бір бүтін болайықшы, Қарғаш...

Қарғаш үндемей көп отырды. Мен ұстаранын жүзін басқандай «үндесе екен, бірдеме айтса екен!» деп асығам. Ұрланып кейпіне қараймын. Не қуанышы, не қайғысы жоқ, бір түрлі. «Өмірлік жар таңдау оңай ма, қиналады ғой» деймін ішімнен. «Етегіңнен ұстадым... Бастай бер!» дейтін сияқты болып көрінді. Ұлы Мұхитқа асыққан Есілше уақыт та үнсіз есіліп зырлап барады. Жүрегім алып ұшады. Тынысым тоқтап қалғанға ұқсайды.

Бір кезде Қарғаштың жүзіне күлкі жүгірді. «Уп, бар жұмбақтың түйіні шешілді енді». Жок, шешілмеген секілді.

— Сосын?.. — деді қыздың жінішке дауысы.

— Сосын бақытты семья құрамыз.

Қарғаш салғырт сөйледі:

— Жок, Сапар, саған оқу керек әлі.

Шыдамым таусылды.

— Содан кейін де оқи береміз ғой, Қарғаш.

— Жок, алдымен оқуды бітіріп аласың. — Дауысы қатқыл, кесімді.

Одан әрі не демекпін? Ойланып қалдым. Қыз жауабын ой сарабына салам. «Жок» деген секілді. Дегенмен «е, бәсесі» де танылмайды. Неге бұлай сөз бұйдаға салады? Шын сүйетін болса, айтпай

ма бірден сүйем деп? Есіме тағы Арам сары түсті. Баяғы күдік тағы да мазалай бастады. Содан кашкым келе ме, биік жар қабақтан түбіне дейін көрінер мөлдір қайраң терең иірімге көз салам. Айна-ла жүйткіп шабақтар ойнайды. Жок, ойнамайды, тірлік күресінде, жем іздейді. Ерсілі-қарсылы үйіріле жосылып, бейбіт іздейді жемді. Солардан окшауырақ шығып жүрген, үлкендеу келген ала канат бірі бар. Көзім соған көбірек түседі. Басқаларындай жүйткімейді ол. Нар қамыстың арасында құйрығы мен ала канаттарын баяу қозғап, ен-жар қимылдайды. Төңірегінде жүріп жатқан тірлік күресінің түгіне мән бермегендей, марғау. Әдепкіде бұл келгенде қатары бұзылып, сапырылысыңқырап кеткен шабақтар мұның бейкам қалпын көріп, манағы бір үйір тәртібіне қайта ауысты. Ала канатқа керегі де осы екен. Бұған еті үйренген үйір ішінен бірі сетіней шыкса бітті, окша атылып барып, бас салады да бір-ақ қылғиды. Содан кейін баяғы монтаны марғау кейпіне тез еніп, ала қанатын анда-санда енжар қозғап қойып тұра береді. Бейкам жайылған үйірдің бұдан түк хабары жоқ. Мен күліп жібердім.

— Неге күлдің? — деп сұрады Қарғаш шошынқырап.

Арамдығына найза бойламайтын ала қанаттың жәйін түсіндірем.

Тұтқиылдан шабуылдап түре тиіссе, көп болса, бірін, не екеуін ғана жем етер еді. Көрмейсің бе тасадан баспалап келуін. Пайдасын біледі. Әрі ана шабақтарға жаманатын да байқатпайды.

Енді Қарғаш та су ішіндегі көріністі тамашалай бастады. Не болса да болсын деймін бе, отпен ойнаған балаға ұқсап тиісе сөйлеймін енді:

— Аумаған Арам сарының қылығы.

Бірақ Қарғаш мен ойлағандай шамданбады. Дегенмен:

— Мелдес аға не істеді соншалықты? — деп ұнатпағандығын да танытып қойды.

— Жок, үндемейтінін айтам...

— Мелдес ағаны жұрт түсінбейді. Түсініскен адамына ол сондайлық ашық.

Мен таласпадым. Қарғаш та осыдан әріге бармады. Екеуіміз де біршама үнсіз отырдық. Екеуіміздің де ойлағанымыз бір адам. Бірақ екі түрлі пікіріміз бар.

Жок, тіпті бұлай болмай шықты. Мұным — өз қиялымның ғана жемісі екен. Қарғаш қулана күлді де:

— Жаксы, Мелдес аға ала қанатқа ұқсасын. Ал сонда ана шабақтарды кімдер демексің? — деп сөз ұшығын тигізе айтты. Мен не дерімді білмей іркіліп қалдым. Сөйтсе де сөзден тоқтаттым деп отырған Қарғаш жоқ. Қиыла сөйледі:

— Қабыл алсаң, колкам бар салатын, Сапар, саған.

Мен лыпып кеттім.

— Кабыл аласың ба?! Сенен қызғанатын не бар еді менде. Колкалай бермейсін бе бірден, — деп жатырмын.

Қарғаш күлді. Разы болғанын танытады.

— Мен десен ана Сағиттың сөзіне ерме!

Мұнын не колқа екенін біле алмай таңырқай бердім.

— Ол не дегенін?

— Жасырма, бәрін де білеміз. «Сапар Сағитқа көмектеседі екен. Екеуі бірігіп, колхозға ревизия жүргізеді екен», — деп бүкіл ауыл шулап жүр.

Есіме енді түсейін деді. Анада атын сұраған жолғы ұзақ-сонар Сағит әңгімесі осы жәйінде болған екен ғой.

— Ревизия жасаса қайтеді? Онда тұрған жаманшылық не? Бәрібір мен болмасам, басқа біреу көмектеспей ме? — деп ойымдағыны ірікпей айттым.

— Көмектесе берсін. Он жерден тексерсін, бәрібір Мелдес ағай есебінен бір шашау таба алмайды. Құр жаманатты боласың. Онсыз да өкіл саған қырын қарап жүр.

— Сол өкілін не істе дейді маған?

— Не істе десін, түк те демейді. Оның да ойлап жатқаны осы ауылдың шаруасы. Ақырын айтсын, катты айтсын, бәрі де мына біз үшін.

Үндей алмаймын. Дауласарға дәрмен жоқ. Қалай десен де ол осы елдің камын жеп жүр. Жәбір көргендіктен бе, мен соған ақыл көзін жүгірте алмаймын. Бұл Қарғаштың есейіп қалғандығы. Содан ба, бірден көндім. «Расында да өз жөнімді жөндеп алайын. Колхозда менін не шаруам бар? — деймін. — Қыз сөзі жанашырлық сөз».

Тағы да су түбіне көз салам. Әлгі бір жайбарақат жосып жүрген шабақтардың енді бірі жоқ. Алақанат та қамыс арасына тығылған. Көзі шарасынан шығып барады. Қылт етіп, қатердің бір белгісі білінсе-ақ зыта жөнелуге әзір секілді. Байқасам, тұнықты ерсен-қарсан жосылтып октаудай бір шортан жүр. Бұл қойнаудың ендігі әміршісі сол ғана.

Кенет алшандай басқан ат дүбірі естілді. Қарғаш маған ым жасады да, бұға калды. Қыз көңілін қайтармайын деп мен де жасырынып жатырмын. Қалың тал арасынан сығалап көз салам. Осы тұсқа таяу ойысыңқырап келіп өтетін айдау жолмен бері салып келе жатқан екі салт атты көрінді. Бірі Арам сары да, екіншісі — өкіл. «Басыңды көтерме!» дегендей Қарғаш желкемнен басты. Шын қорыққан секілді, қолы дір-дір етеді. Арамызда айтарлықтай ештеңе болмаса да, әлденеден күнәлі жандарша осылай жасырынбақ ойнағанымызды ептеп мақтаныш етем бе деймін. «Көріндер менін кіммен отырғанымды» — дегенді танытып тамағымды кенеп қоям.

Аттылар өкпе тұсқа лекті. Мінгірлеген Мелдес даусы анық естілді.

— Бала қалай десен де, басқа мектепке ауыстырылғаны жөн. Қатты өтінеміз. Бұл жерге бас-жөн білетін, айтқаныңды екі етпейтін тіс қакқан мұғалім керек. Өзін де байқап жүрген жоксың ба, әр үйдің терезесін сығалағаннан басқа не бітірді келгелі? Түк те бітірген жоқ, қалада бетімен жүріп жаман үйреніп қалған... — Одан ары Арам сары не айтты? Өкіл не деп жауап берді? — ести алмадым. Олар ұзай берді.

Әнгіменің төркіні мен жайында екенін бірден түсіндім. Жүрегім дүрсілдей соқты. «Терезеден сығалағаным да жұртқа аян болған екен ғой». Бетімнен отым шығып өртеніп барам. Жердің жарықшағы болса, батып кетсем деймін. Қарғаш та қолайсызданып қалғандай.

— Қазір қос басына бара салып бірден бізді іздейді аналар. Екі бөлініп кетейік, — деп тал-талдың арасымен жүгіре жөнелді.

Мен де қос басына қарай бет алып келем.

«Осы Арам сарыға не жаздым, соншама соңымнан қалмайды?» деп булығам. Оның үстіне тағы бір шаншу сұрақ кеп кадала береді: «Япыр-ау, бірге жүрсек несі бар? Неге үрейі ұшты соншалық? Түк қылмысымыз жоқ еді ғой, жәйдан жәй жүріп, Арам сары десе, көлеңкесінен неге қорқады?» — деймін қазылып.

## 11

Аптап ыстық август айы. Елеусіз кемітіліп жаз да таусылуға айналды. Жердің көк жасыл ренкі аса бір құдірет шеберлікпен бірте-бірте жасыл сарғыш тартып, дала жана бір түске елеусіз еніп келеді. Егін сары балақтанып, кара бидай пісті. Қанша орындалғанын кім білсін, әйтеуір пішен ауызға сирек алынады. Өкіл де, колхоз белсенділері де енді «Астық!» — деп айкайлай бастады. МТС-тан шыққан Сағит комбайны ауылды басып тура егін жайға аттанды.

Жыл жыл бойғы өз бойына жинаған ауыр жүк, бар жылуын толық дәнге айналдырып, соғыстан күйзеліп шыққан ел ырысына мол ұсынып жатыр...

## 12

...Ертемен күн ашық еді. Енді бұлт түнере коюланып, жанбыр бүрке бастады. Ертемен менің көңілім де ашық болатын, енді қамығып, ақылымды әлдебір намысқа алдырыңқырап келем. Өйтетінім, мен атқосшы есебінде көшірде отырмын. Ал артта тар буылдық қорапқа бір-біріне тақасып Арам сары мен Қарғаш жайласқан. Мен мектепке керекті көрнекті құралдар аламын деп оқу бөліміне бара жатырмын. Ал Қарғаш пен Арам сарының не ша-

руамен шыққанын сұрағаным жоқ. Керек десен, Арам сарымен сапарлас болармын-ау деп те ойламағам. Ертемен көлік сұрап Нәуанға барғанымда:

— Қазір ауданға Мелдес жүргелі жатыр... Сені ала кет деп соған тапсырғанмын. Барып жолық, — деген ол дағдылы жұмсақ мінезін танытып.

Бірақ Арам сары жылылық нышанын байқатпады.

— Ауданда сені кім сағынып отыр екен? — деп күнк етіп тынды.

Нәуанның әлгі сөзі қамшы болды ма, ашылайын деген секілдімін:

— Кім сағынушы еді, мектептің шаруасы бардағы, — дедім тігірек келіп.

Арам сары үндемеді. «Жарайды ала кетейін» — деген жоқ. Бірақ «ала кетпеймін — деп те айтпады. Сылти басып күйбеңдеп, ақтан керді жегіп әуре. Жалығып кеттім. Мектепке барып, бар оқиғаны Зағыфыранға айттым. Неге екенін кім білсін, ол кісі: «Арам сары болса, сөйтеді...» — деп сылқылдап ұзақ күлді. Күлкі арасында тағы да:

— Бірер күнде қайтарсын. Ана спектакльді тезірек дайындап, қос басына апарып қойып жіберейік. Ертең оқу басталған соң қолымыз тимей кетеді, — деді.

Мен, тіпті, шынымды айтсам, ауылдан шыққым да келмейді қазір. Есі-дертім сол спектакль. Спектакль емес-ау, Қарғашты ойлаймын.

Бұл жөнінде Зағана мың да бір рақмет. Өйткені, осы спектакль дегенді шығарған сол. Бір күні: «Колхоз қара бидайды шаба бастады. Қос басындағыларға апарып ойын көрсетейік, соны ұйымдастыршы», — деді. Сол-сол-ақ екен, ауыл жастары: «Қозы Көрпеш — Баян сұлуды» қоямыз, — деп шулап кетті. Көктен сұрағаным жерден табылғандай. Күнде кешке мектепке жиналамыз. Қарғаш — Баян да, мен — Қозы. Репетиция жасаймыз.

«Бүгін жер бетінде жалғыз ауыз сөз жүр!.. Ол — Баян. Жел — Баян деп ызындайды, көл — Баян деп теңселеді, өзен — Баян деп ағады, тау — Баян деп күңіренеді!..» — деймін бүкіл үйді басыма көтеріп. Бірақ бұл жаттанды сөз емес. Көңілімнен жарып шыққан өз сөзім секілді. Асыл махаббатты ту етіп көтерген талай ғасырдың Қозылары осы асқақ сөзді сұлу Есіл жағасындағы кішкене ғана Сұлукия ауылының жетімегі мына мен — Сапар үшін әдейі арнап қалдырып кеткендей. Баян деп аузым ғана айтса, ішімнен «Қарғаш» деп мың қайталаймын. Соны Қарғаштың өзі де сезеді ғой деймін. Мен «Баян!», «Баян!» — деп тебіреніп тұрғанымда жүзін бір қырын төмен салып жымыып күліп отырады. Қарғаштың осы бір кейпі көз алдыма келді.

— Ауданға өзіңіз-ақ барсаңыз қайтеді? Мен мұнда сіз келгенше спектакль дайындап қояйын, — деймін қипалақтап.

Зағаң тағы да сылқылдап күлді.

— Жок, маған бастауыш партия ұйымынын кезек күттірмейтін тапсырмасы бар. Шыға алмаймын.

Осы кезде терезе алдынан зыр етіп бір арбалы өтті. Ат жүрісінің жітілігіне қарағанда ақтан кер ме деймін. «Токтамай-ақ қойса екен?!» — тілегім осы. Сөйткенше болмады. «Сапар!» деген дауыс шықты.

— Әне, келді, бар! — деді Зағыфыран апай.

Сыртқа шықтым. Басын көңілді шұлғып, арыстай көсіліп ақтан кер тұр. Арбада Арам сары. Қасында дәл қазіргідей Қарғаш. Үстінде мен көрмеген гүлді жібек көйлек. Камзолға ұксас, ұзындау, мол тігілген таза пиджак. Бар жақсысын жолға киіп шығатын ауыл әйелдерінің әдеті болушы еді. Кенет сол есіме түсті. Бір түрлі, қуанатын секілдімін. Жүрегім лүпілдеді. Әлгінде Зағаң «Жақсы. Олай болса өзім-ақ барып келейін» демегеніне шүкіршілік айтып қуанам.

— Ауданға баратын ба едің? — деп күңк етті Арам сары.

— Барам...

— Ендеше қайда жүрсін? Арбаға көтеріп салу керек пе осы сендерді?

— Қайдан білейін, жана үндемей қалған жок па едің. Апармайтын шығар деп ойлағанмын, — дедім орнықты түрде.

Одан артыққа Арам сары бармады:

— Ал отыр! — деп қабағын шытыңқырап арбаның алдын нұсқады. «Атқосшы болмақпын ба, мен сонда бұған?»

Сәл толқып, кешеуленкіреп қалып ем, Қарғаштын:

— Кел, отырсайшы енді, — деген даусы көтеріп әкеп көшірге бір-ақ қондырды. Содан кейін: «Өзінде де бар-ау осы. Үш кісі қатар сыймаған соң, менен басқа кім отыруға тиісті еді? Қарғашты қайтып көшірге отырғызбақпын? Ал Арам сары болса, өлсе орнын берер ме маған?» — деймін өзімді өзім сөгінкіреп. «Қарғаштың көшіріне отырудың өзі неге тұрады. Маған айтпай екеуден екеуі тартып отырса, қайтер едім? Ала кетейік деген, әрине, Қарғаш қой. Шүкіршілік осынысына да».

Осыдан кейін жадырай бастадым. Алдағы бірер күннің жоспарын сызамың. Қайтсе де Қарғаш екеуміз бірге боламыз. Мен оны клубка апарам. Одан шыққанға дейін күн де айығады. Біз село шетіндегі бақшаны аралаймыз. Көңіл сандығын ашып, сыр шертісеміз. Содан кейін олай өтіп, бұлай өтіп жүргенде түсетін таныс үйге барып, қонамыз...

Өстіп енді-енді желкектеп, көтеріліңкіреп келе жатқан көңіл күйімді айнала түнеріп, арты ақ жаңбырға ауысып бара жатқан бүрікпе күн астаң-кестен етіп жүре берді.

Алғашқы жаңбыр тамшысымен Арам сарының дауысы бірге шықты.

— Токта, Сапар!

Мен аттың басын тарттым. Арбадан жайлап түскен Арам сары астында жатқан етек-жені кен, жалбағайлы брезент шекпенді алып шықты да, бүркене жамылып Қарғашты қолтығына ала отырды.

— Ал жүр!..

Жүріп келем. Ой түбіне жете алмай келем. Кәдуілгі ерлі-зайыпты адамдар секілді, бірінен-бірі қысылмайды тіпті. Мені де кісі санатына қоспайтындай... «Арам сарыныкі бір жөн, ал Қарғашқа не болды?» — деймін өзімнен өзім қорланып. «Кел, Қарғаш, мына менің қатарыма отыршы!» деген сөз орала береді тілімнің ұшына. Бірақ айта алмаймын. Орын тар. Оның үстіне ана Арам сарыныкіндей шекпенім де жоқ. Арқамнан аздап дымқыл білініп сүмірейінкіреп отырған күйім бар. Не түріммен кел демекпін?! «Жығылған үстіне жұдырық» — дегендей, осы бір жүдеу көңілімді көрші ауылдың мына Арам сары тұрғылас бір қу тақымы қарсы кездесіп мүлде құлазытып кетті.

— Ей, Арам сары, атқосшыға дейін түгел, сайланып шығыпсың. Кәріліктің алды, жастықтың соны деп жігітшілік құрып бара жатқанның қай жағындасың? — деп әлденеге мегзеп, астарлап сөйлеп жатыр.

Қаным кайнады. Екеуінің де өнешіне қорғасын құйып, үнін өшірсе екен деймін де, бар үмітпен Қарғашқа қараймын. Жымия күлген кейпінде ашу-ызаның түк белгісі жоқ. Намысқа булығып қалш-қалш еттім. «Арбадан қарғып түсіп, жаяу кетсем бе еден» — деп те ойлаймын. Дегенмен ашуымды ақылға жеңдірдім. «Таусылатын не бар! Ауыз өздерінікі, надандар не демейді. Соның бәрін ауыр алып, шыжбалақтай бере ме екен? Әй, Сапар-ай, баласың әлі?» — деп Қарғаш сөгетін болса не айтпақпын?

Осы ойдан кейін тағы да аздап жадырай бастаған сияқтымын. Қыздың әлгі кейпі ана қу мүйіздердің әлгі бір сауал, жауаптарын қолпаштау емес, қайта елемендікті, мен-мен биіктікті танытардай болып көрінді енді. «Шу, жануар!» — деп делбені қағам. Онсыз да жерді өндіре ұтып, ұмтыла салып келе жатқан ақтан кер жібек құйрығын бір шипын еткізеді де, ытырына жөнеледі. «Тарта, тарта баланың алақаны тозады» дегендей делбені қарыстырып ұстаймын. Жалпак жая үстіндегі шлея тармағы ақ көбікке малынып сарт-сұрт ұрады. Галифе шалбарша бұлтия шығып тұрған күбішек сандар бұлт-бұлт етіп ойнаған доп секілді. Доңғалақ зырылдауықша айналып, енді-енді жаңбыр себелей бастаған асты кебу жол шаңдағы бұркырай көтеріледі. Таяк тастам жерде кездесер тостаған көлдер мен шок-шок ағаштар кейін қалып жатыр...

«Шіркін ақтан кер аттың төресі ғой. Колхоздың бірінші басшысы Нәуан мінетін-ақ жануар. Әттең, Арам сарыға батып «маған бер! — дей алмайды» — деп ойлаймын. Бірақ бұл менің сөзім емес. Ауылда естігендерім. Нәуан шаруашылықты да, жол-жобаны да білетін кісілігі бар басшы. Әттең, Арам сарыдан аса алмайды. Қисынды жерде ешкімнің бетін қайтармайды. Ондайда «жоқ, бұл болмайды!» — дегенін көрген емен. Қуанышықа бірге қуанысып, ренішінді бірге бөлісіп, пейілін салып тыңдайды айтқаныңды. Сөзі де майда. «Жарайды, бірдеме істерміз», — дейді. Бірақ істелгенін көре алмаймын. Мұның себебін жұрт Арам сарыдан іздейді. «Науанның өз басы жақсы ғой. Бәрін бүлдіретін Арам сары. Қыл шылбырмен қызыл кеңірдектен қылқындыра ұстап жібермейді», — дейді. Бұған іштей мен де қосылам. Өйткені, Нәуан «Жә, осылай болсын!» — дегенде Арам сарының далада болса, күнк етіп теріс айналып кететінін, кенседе болса, қағып отырған шот тастарын кейін серпіп, ұнатпағанын қабағымен танытып қалатынын талай-талай байқағанмын. Сонда мен: «Аузын бұған өгіздей үндемейтін осы Арам сарыдан жұрт сондайлық неге қаймығады? Не кереметі бар мұның?» — деп ойланам да, жауап таба алмаймын. Менің балаң ойымша біреу болмаса, біреу келіп: «Арам сары, көрінген жерге араласа берме, есебінді біл!» — десе, ол, тіпті, қарсыласпаған болар еді. Бірақ бұлай дейтін пенде жоқ. Пенде табылар еді-ау, «езіп тұрғанын не өзіннің? Қай егініне түсіп ем? Дәлелде!» — десе, «ана жөнсіздігін бар», «мына жөнсіздігін бар», — деп мойнына салу қиын. Себебі Мелдекең «Арам сары» болып бекер атанбаған ғой. Ол не істесе де ешкімге сездіртпей, жымба жолмен астыртын істейді. Дәлелдеу қиын.

Міне, менің де күдігім мол. Өлердей қызғанам одан Қарғашты. Бірақ «шаруаң болмасын! Жәйіне жүр!» — дей алмаймын. Дәлелім жоқ. Өйдеуге артық бір қимылын көрмеген соң «бірге кетті», «қатар отырды» — деген ұсақ-түйекті негізсіз күдікке айналдырып, жүрегімді жаралап босқа жүрмін. «Қашанға дейін өстіп жүре бермекпін?» — деймін жан ұшырып. Жоқ, оған көп қалмапты. Кейін ойласам, біз сонда жар жағалап келе жатыппыз ғой. Бірақ мен оны білмеппін.

Күн түске ауысты. Бұлт қоюланып, жер-көктің бәрі күнгірт сілемік тартты. Дүние жабырқау, ағаштар селт етпейді. Жолдың миы шығып, донғалақ күбішегінен енеді. Су араламаған жерім қалмады. Қалш-қалш етем. «Тоңып қалдың-ау!» деп айтатын бір жан жоқ. Арам сары да, Қарғаш та үндемейді. Мол шекпенге оранып, жауын-шашынға шалдықпай бұйығы отыр.

Жүріп келеміз. Жанбырмен шыланып, тұнжырап тұрған аудан орталығының да төбесі көрінді...

Кешке карай ызғарлы өкпек жел көтерілді. Қара бұлттар жөңкіліп көше бастады. Бірақ арасы бір сетінемейді. Таусылмайтын неткен көп бұлттар десенші. Шетсіз, шексіз телегей-теніз бір жатқан. Бұрынғыдан да қоюланып алған секілді. Былжырап тұрған ак жанбыр енді борай соғатын болды.

Жиіркене басып кітап магазинінен шықтым. Арқамда үлкен қапшық бар. Іші толған көрнекті құралдар мен оқулықтар. Қайтсем жанбырға тигізбеймін деймін. Бұрылып, баспалап өтер жер жок. Ондай баспаны менің де іздегім келмейді. Шешінген судан тайынбайдының кері ме, миы шығып, қорысқа айналып кеткен ақшу көшелермен аяғымды қағылез басып, салып келем. Бұл село да кең сахара казак жеріндегі үлкен мәдениеттің данғыл жолынан әлі де болса қағастау жатқан аудан орталығының бірі. Сонда да жазды ен далада самарқау өткізіп, зерігіңкіреп қалған маған үлкен қала секілді. Облыс орталығында өткізген күндерім есіме түседі. Көңілім бөлінгендей. Әрі мына мектеп жұмысының да әсері бар ғой деймін, жолдағы ауыр ойдан біраз айығып қалғандаймын. Сонда да Қарғашты ойлай берем. Қайтсе де оны Арам сарыдан бөліп әкетсем деймін. Ол жөнінде бағана қыздың тамырын да басқан ем. Біз аудан орталығына келіп кірген бетте Арам сары жуан портфелін алған бойы аудандық жер бөлімінің қасында:

— Сендер жуан Мекеттің Сашкасы бар ғой, соның үйіне барып түсе беріңдер. Менің тығыз шаруам бар мұнда. Сапар, сен атты доғарып, суытып қой, — деп түсіп қалған-ды.

Мен ілгері жүрдім. Жол ауыр болса да актан кер сыр бермеген, ширақ басады. Бұрылып екінші көшеге түсем, үндемеймін, бірақ. Бір кезде Қарғаштың:

— Сапар, мында отырсайшы, — деген даусы шықты. Мен естімеген секілдімін. Арба шайқалды. Қарғаш жағамнан тартты.

— Санырау болғансың ба өзін? Мына жерге отыр деймін.

Жүзіне қарасам, сондай көңілді. Шыдай алмадым. Арам сарының орнын енді мен бастым. Тіпті презент шекпенді бүркеніп те алдым. Жып-жылы. Таяна отырмын. Қарғаш қаймықпайды, кашақтамайды.

— Қарғаш, — деймін бойым жылына бастаған соң. — Осы бетімізбен ғажайып бір алысқа тартып отырайықшы.

Қарғаш жымыып күліп, бүйірімнен түртіп қойды.

— «Бала қыран алғыр да келеді, аңғырт та келеді... Обалына қалам ба деп те ойланам. Бұғанан қатпаған көрінеді».

Осы бір сөзді сан қайталап естіген едім. Өйткені ол «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» пьесасының екінші актысынан үзінді. Баян

кол бастап жауға аттанып бара жатады. Жас батыр Қозы келіп «жолыңды бер, жауына мен барайын» деп колқа салады. Сондағы Баянның айтқаны. Естіген сайын шаншудай қадалады, әйтеуір. Баянның Қозыға емес, Қарғаштын мына маған — Сапарға айтып тұрғаны секілді. «Жоқ, обалыма қалмайсың, бұғанам қатқан» дей алмаймын. Дыбысым шықпайды. Мен түгіл Қозының өзі де дәп осы жерде үндемей қалыпты. Не демекпін.

Жуан Мекеттің Сашкасының үйіне кеп түстік. Қарғаш үйге кірді. Мен аула ішінде ақтан керді ағытып, ашаға байладым да, тура оқу бөліміне тарттым. Үсті-басым малшынған су болса да намысқа тырысам. Арам Сары дем алмағанда, мен неге тоңып келдім деп сыр бермекпін? Шынын айту керек, жұмыс жағына келгенде Мелдеспен таласа да алмайсын. Ертеңді-кеш қазылып кенседен шықпай отырады да қояды. Ісіне сондай тыңғылықты. Бетіне жұрттың келе алмай-тыны да содан болса керек.

Сөйтіп, Арам сарыға еліктеп мен де біраз жұмысты тындырып келе жатырмын. Ендігі ойым: «Спектакльді тезірек дайындап, қойып жіберейік», — деп Қарғашты көндіріп, ауылға қайтып отыру. Осылай Жуан Мекеттің Сашкасының ауласына кірдім. Дереве байлаулы тұрған ақтан кер «отқа қоятын уақытын болды», — деп оқыранып қойды. Ат дыбысын естіді ме, үйден Қарғаш шықты.

— Жаңа осында сені іздеп Мелдес ағай келіп кетті.

— Ие, — деймін елеңдеп.

— Осында Қайыржан жүр екен. «Жұмысын тез бітірсін де, қайтсын сол Қайыржанмен» деді саған.

— Ал сен ше? — деппін абдырап. Түкке түсінбей қалсам керек.

Қарғаш тағы да Баян болып ойнап кетті:

— «Бері қара, батыр! Жоқтағаным кімнің намысы деп менің жәйімді сен сұрамайсың. Жұмсағаным кім деп сенің жәйінді мен сұрамаймын»...

Бұл не мазағы? Күлейін бе, жылайын ба? Жоқ, онымен түк те ұта алмаймын. Әрбір удың усойқын таба білу керек. Ол Баян болса, мен Қозымын:

— Мұныңды орындай алар ма екем! Осы шартыңды қоймағанда қайтетін еді? Не қырсығы тиетін еді сонын?

— «Қыз сырын сұрамас болар... қыз арынын сынамас болар...» — деп Қарғаш та болмайды.

Осыдан кейін бұл көріністе Қозы «Амалым, не көнемін тағы», — деп қыз қаруын асынып жауға аттанады. Ал менің көнгім келмейді. Қозы өзінің қайратына сенді. Ертең-ақ жасанған жауды талқандап кеп қыз жүрегін дауалары қақ. Ал мен болсам, ана Арам сары тұрғанда өзіме де, Қарғашқа да сене алмаймын. Шіркін, қыз дегенін

неткен тасбауыр, катыбас еді! Бір жылы сөзі үшін жүрегінді суырып беруге әзірсін ғой.

Неге, білмейді соны? Неге бағаламайды? Үнілсенші, Қарғаш, жанымның тұнығына. Онда сен деп шалқып жатқан дария бар. Онда сен деп лапылдап жанған от бар. Тым болмаса, көзіннің құйрығын салсаң да түсінер едін ғой соны. Дариясына елігіп жүзер ең. Отына лаулап күйер ең. Түк киыны жок, назарынды салшы, жаным! Дүниеде, тазалықты, пәктікті елемеуден жаман бар ма. Қатар отырған екі үйде бірге түтін түтеткен, бірге өскен, бірге жылап, бірге күлген құрбы түгіл, адам сапар шегіп келе жатып, жол үстінде кездескендерге де тоқтап, амандасады ғой. Жөн сұрасып, кім екенін біліседі. Қайдан шыққанын, қайда бара жатқанын, анықтасады. Сол бейтаныс жолаушы құрлы болмағаным ба, Қарғаш? Сенбесең, сынамайсың ба? «Ерлігінді көрсет! Тазалық-тұнығынды көрсет!» — деп салмайсың ба, киынға! Неге болсын ойланбастан-ақ барар ем ғой. Не болды саған? Не жұмбақ сырын бар мен білмейтін?

Осындай бір күйінішпен үйге ендім. Шағын ғана бөлме — ауыз үй, төр үй. Жып-жылы. Тап-таза. Ашытқан нан иісі шығады. Сарымсақ иісі шығады. Қыр адамына таңсық, ауыздан сілекейінді шұбыртар иістер. Үй иесінің әйелі сары кідір тартқан жуан ақ сары кісі екен. Бәйек болып жатыр:

— Балам-ау, су болғанда да оңбай қалыпсың ғой. Кел, шәй ішіп жылынып ал, — деп ақ булқасын, сүтін, ыстық шайын менің алдыма қойды. Қарғаш та қасыма кеп отырды. Менің жан дүниемде соғып өткен ала құйын дауылды сезе ме, үндемейді.

Сөзді мен бастадым:

— Кететін болсақ, бірге кетейік, Қарғаш. Сені мұнда қалдырғым келмейді.

— Біздің жұмыс бастан асып жатыр ғой, Сапар. Бірер күн боламыз біз.

Күйініп отырғандықтан ба:

— «Бізін» не осы? Отырсаң, тұрсаң да ылғи біз дейсің де жүресің. «Мен» деп еншінді бөліп, іргенді ажыратар күнін бола ма? — дедім тұңғыш рет мінез көрсетіп.

Қарғаш танырқай қарап сәл отырып қалды. Мұндай сөзді күтпеген секілді. Дауысы баяу, орнықты:

— Қалағаның сол болса, ал «мен». Менің жұмысым басымнан асып жатыр. Ертең ертемен мен банкіге барам. Сосын түстен кейін мен жер бөлімінде болам, — деп «менді» көбейте сөйлеп езу тартты. — Разымысың енді?

— Неге кетсін дейді Арам сары маған? «Сұлукиядан қуындар. Басқа мұғалім жіберіңдер!» — деп басқаға жамандайды. Егініне түстім бе мен оның.

Қарғаш менің ашуымды бағып, сипай сөйледі.

— Жер болса лайсан. Жол болса ауыр. Актан кер десе, ағайдың ішкен асын жерге қоятынын білесің.

Бұдан кейін мен де тым биіктенкіреп кеткенімді сезіп төмен түстім:

— Жаксы, менің де жұмыстарым бар. Біте қалса көрермін, — деп қайта сыртқа беттедім де, содан жатар орынға бірақ оралдым. Қайыржанды іздегем жоқ. Қарғашты қалдырып кетем дегенді ойлағым да келмейді.

Арамызда болған оқиғаны Қарғаш айтып жеткізді ме, әлде «қайтсын!» — дегенге қайта қоймайтынымды өзі сезді ме, әйтеуір Арам сары талағы бетіне шығып, күренітіп отыр екен.

— Осы жұрт деймін ауданға келсе, қыдыру үшін келеді деймін, — деп, күңк етіп басылды.

Мен түсінбеген болдым да, үндемедім. Арам сары секілді тұйық мінезді адамдарды шапка түртіп, шамдандыру үшін олардың өздеріне ұқсап, діңкелетіп үндемей, мән бермей қою керек пе деймін. Мен дәп сөйттім. Бұл үйде Арам сары жоқ есепті маған. Көп отырдық. Тым-тырыс. Қарғаш та әлденеге жазықты кісіше аяғының ұшымен басады. Ақыры мен жеңдім. Арам сарының шыдамы таусылса керек, сөзді бұрын бастап, тиісе сөйледі.

— Мектептеріңнің қысқы әзірлігі нашар. Отындарыңның тең жартысы тасылған жоқ әлі. Көп терезелер замаскаланбаған. Ертең азынаған суық үйде балалар қалай оқымақ деймін?.. Соны неге ойламайсың деймін?..

Енді мен де шыдай алмадым.

— Ойлайтын жерді тапқан екенсің!

Арам сары әрі аспады. Жүзі сәл құбылып, қабағы жазылыңқырап отырып қалды. Бір кезде әлдебір әлсіздікті танытқандай болып:

— Ендігінің жастары міне өстіп «ә десен, мә» деп шыға келеді, — деп тынды.

Кезегі келсе айтармын деп жүрген сөзім көп еді. Бірақ Қарғаш алдында ұсақтық танытып, тәжікелесіп жатпай-ақ қояйын деп сыртқа шығып кеттім.

Қараңғы аула іші. Жел қайта басылған. Былжырап жаңбыр жауады. Төңірек жылбыскы жас терідей, сонша жиіркенішті, сонша жабырқау, тым-тырыс. Үй де, үй алдындағы шағын-шағын, шажырқай сарайлар да аласарып мелшиіп қалған. Осы көңілсіз дүниеден су болса да көк шөпті күрт-күрт шайнаған актан кердің көңілді дыбысы ғана окшау шығады. Күндізгі су шалған, суық шалған денем ауық-ауық соғып өтетін тым салқын жаңбырлы лептен тоназып, қалтырай бастадым.

Не істемекпін?

Әлде басқа бір таныс үйдің терезесін барып қаксам ба екен?

Кенет Қарғаш есіме түсті. Суық колдан балапанын қорыған ұябасарға ұқсап айналсоқтай бергенім сол Қарғаш үшін емес пе еді! Енді Арам сарының қасына қалай оңаша тастап кетпекпін? «Басқа бір үйдін терезесін қақсам ба?» — дегенім жай бір шарасыздықтың шалығы. Бер жағым айтқанымен, көңілім шегіншектей береді. Еріксіз басып үйге кірдім. Төргі үйдін есігі жабық тұр. Ыдыс-аяғын жинастырып күйбеңдеп жүрген Мария Ивановна алдымнан шықты.

— Олар ана бөлмеде тынығатын болды. Ал сен түнде ат қарайсын ғой, мында жат, — деп жалпақ орыс пешінің үстін көрсетті.

— Ат қарайды дегенді кім айтты сізге?

Даусым қатқылдау шықты білем, Мария Ивановна ренжітіп алдым ба дегендей кипалақтап қалды.

— Ана Мелдес Асабаевич солай деді ғой.

Денем мұздап сала берді. Төргі бөлменің есігін қалай ашқанымды да білмеймін. Арам сары жердегі төсекте жатыр. Ал Қарғаш болса, кішкене айна алдында шашын жазып, түрегеп тұр.

Ай-түй жоқ, бірден:

— Жүр, Қарғаш, мен десен! Кетеміз! — дедім қатқыл үнмен.

«Қайда?» — дегендей Қарғаш танырқай қарады. Шарасыздық па, әлде көнбістік пе, әйтеуір мүләйім қарас. Баяғы асаулықтың белгісі жоқ, қайтсе де.

— Жүресін, Қарғаш, менімен. Жатпайсың бұл үйде. Жатқызбаймын, — деп таяп барып білегінен алдым.

Қарғаш шегіне берді.

— Кой деймін, Сапар. Түн ішінде, мына жанбырда қайда барамыз? Ұят болады.

— Кімнен? Мына жатқан Арам сарыдан ұят па? — деп айқайлап жібердім.

Арам сары басын көтерді.

— Ау, денің дұрыс па өзіңнің?

— Дұп-дұрыс, сап-саумын!

Қарғаш буын-буыны қалтырап, қалш-қалш етеді. «Босат деймін!» — деп менің қолымды жазбақ болып, шегіне тартып тырмысады.

— Қарғаш айдай әлемге айқайлап айтам: жақсы көрем сені! Өмірлік жарым деп қараймын саған! Илан осыған! Иланбасаң шарттың ең ауырын қой. Орындай алмасам, жолда қалайын! Мен десен, жүресін қазір, кетеміз бұл үйден!

— Жок, жок, атама ондай сұмдықты. Ешқайда да бармаймын мен бұл үйден! — Қарғаш даусы да қатан, кесімді.

— Рас айтасың ба?

— Рас айтам, Сапар!

Енді айтар ештеңе де қалмады. Қолымды жазып жібердім. Тартынып тұрған Қарғаш тура Арам сарының үстіне барып құлады. Мен сарт еткізіп есікті жаптым да, сыртқа жүгіре шықтым.

Сабалап тұрған жанбырдың астымен қараңғы көшеге бет алдым. Жанбырмен малшынып, жайсыздықты сезіне ме, «жеті қараңғы түнде қайда барасын?» дегендей актан кер де бір-екі рет оқыранып қала берді...

## 14

Ашу үстінде есікті қатты серіптім бе деймін, ақылға қазір қонақ беріп отырғандаймын. Енді қайттім? Қайда барам? Ауылға барсам, Қарғаш көзіне қалай көріне алам? Арам сарыға не деп сәлем берем? Әлде үйреншікті қалаға тартып отырсам ба екен. Бірақ онда не бітірмекпін? Көше кезіп, табан тоздырғаннан басқа, арам жолмен мал тапқыштардың тобына қосылғаннан басқа не бар күтіп тұрған? Жоқ, одан да Алматыға аттанып отырайын, жетімдігімді айтармын, көзімнің жасын сатармын. Мүсіркейтін, қол ұшын беретін біреу табылар...

Ал сонда анам қайда қалады?

Осы бір сұраққа тірелем де мүдіре берем. Айтпай кетсем жарым-жасы құрып, мүлде шөгіп қалады-ау. Жазығы не байғұстың? «Қой, ең болмаса бір көрініп, қайда баратынымды айтып кетейін», — деймін көп ойланып. Оның үстіне, жасыратын несі бар, Қарғаштан да үмітсіз емеспін. Өткендегі кездесулердің бәрі де жай нәрсе секілді. Шын отырып, көңілімдегіні жеткізе айтсам, қайтіп иілмейді, қайтіп кеудемнен итере салады кет әрі деп? Мүмкін емес сияқты.

Осындай болымсыз үміттің өлусіреп жанған шырағын медеу көріп Сұлукияға бет қойып келем. Үш күн толассыз жауған жанбырды тосып, екі күн осылай қарай жүретін көлік бола ма деп бүкіл аудан басын кезіп, араға бес күн салып келем. Жақындаған сайын баяғы аудан орталығында жасаған байламдарымның бәрі іріп, көңіл күдігі зорайып бара жатқандай. Мазам жоқ. Қырқаға көтерілдім. Әуелі Сұлукия, одан кейін ауылдың нобайы көрінді. Ыстық күннің лебімен бұйраланып жосыла ойнаған сағым арасынан тыныш, жайбарақат қалқып құбыла көрінеді. Сонда да бұл бір алдамшы құбылыс секілді, жүрегім дауаламайды. Арам сарыны жауын ашылысымен кеткен деп естігем. Келе салып, алдымнан не «сыйлығын» дайындап қойғанын кім білсін!? Үйге ешкімнің көзіне түспейін деп сырт жақтан жасырынып келіп кірдім. Апамның бірінші сұрағы: «Шырағым-ау, әнеугіден бері қайда жүрсің?» болды. Жүрегім қылп ете түсті. «Іздеп жатыр екен той» — деймін.

— Немене, бөтен әңгіме бар ма?

— Жоға... Арам сарылардан неге қалып қойдың дегенім ғой.

— Жұмыс болды ғой, апа.

Апам күрсініп алды.

— Тірі адамның жұмысы таусылар ма? Сапаржанымды қайда тастап кеттіндер деп ем. Қарғаш та: баланыздың «жұмысы болып қалды, апа», — деп күледі. Жеңілдеу бірдемеге тұруына болмады ма! Өз жаныңды өзін жеп қайтетін ең сол.

Жүрегім орнына түсейін деді. Анамның анқаулығына іштей күліп, мәз болып та қалдым. Үйге беттеймін. Апам байғұс «төсек орынды мында, шошалаға шығарғанмын былай жүр» — деп жатыр.

— Шошалаға шығарғаны несі?

— Ағаш үйдің тақтайын копарғызып тастадым.

Ие, үй іші астаң-кестең. Ескі теректен жарып салған тақтайлар түгел алынып, сыртқа шығарылған. Мен апама танырқай қарадым.

— Кеше Арам сары: «Анада Сапар едендік тақтай керек деп жүруші еді, реті келетін түрі бар соның. Қарағайға кеткен көп көліктің алды келе бастады. Дайын отырындар» — деп кетті. Сонсоң үйдің асты ке-бе берсін дегенім ғой...

Сасқаным ба:

— Кой?.. — деппін.

Апам бетін жырты.

— Құдай-ай... Ойнап тұр дей ме бұл байғұс. Мына Өтеген үйінен аттанып бара жатып әдейі бұрылып келіп айтты.

Қайран қалып тұрмын. Рас, көңілі түскен бір кездерінде «едендік тақтай керек еді» деп құлақ-қағыс еткенім бар еді.

Бірақ «көрермізден» артық жарытып ештеңе демеген. Қайтсе де жаманшылыққа жорығым келмейді. «Мүмкін онда тақтай болмаған шығар. Ал енді қарағай тасылып әкелініп жататын болса, өз ақшама бермегенде не істейді? Қанша айтқанмен барды-жоқты көріп, ауыл-жәйін ойлай жүретін адам ғой, болмашы бір ағаттық үшін баламен бала болып жатсын ба!» деймін. Сонда да сыңайын байқағым келеді. Мектеп жаққа бет алдым. Айтқандай-ақ қораның алдында Мелдекенмен жолығыстым. Жүзінде бір жылылық бар секілді. Аздап сылти басып қасыма келді.

— Сапар, деймін, ендігі отынды қораның жел жағына үйгізіндер. Ық жаққа қар көп үймелейді. Қыста аршып алуларын қиын болады, — деп жатыр. Түк болмағандай.

Әуелде отыншыларға ық жақты көрсеткен мен едім. Қай жаққа қардың көп үймелейтінін есептемеппін. Бұл қатемді сапардан оралған бетте Зағыфыран апай да көрсеткен болатын. Сол себепті Мелдекен ақылын құп алып жатырмын.

Ол енді мектепке жақындап келді.

— Ана-мына десек те ремонтты жақсы жасадыңдар, — деп мақтап та қойды. Содан кейін кірер есікке қамыстан жылы қалқан ұстауды, әйтпесе қыста балалардың кіріп-шығуының қиын болатынын айтты. Ол үшін колхоздан кісі де бөлмек болды. Осыдан кейін мен брынғының бәрін ұмытып жүре бердім.

Арам сарымен ара қатынасты бірыңғайлап, көңілді орнықтырған соң, енді Қарғашты ойлаймын. Көруге құмартам. Бірақ ол аудан басынан келе сала колхоз шаруашылығымен бес-алты күндік жол жүріп кетіпті. Дегенмен жадырай бастаған секілдімін. Арам сарыдан мақтау алғандықтан ба, күндіз-түні мектептен шықпаймын. Ерте кетем үйден, кеш оралам.

Бір күні кешқұрым күндізгі әдетім бойынша мектептен келсем есік алдында бір арба тактай жатыр. «Мелдекең сөзінде тұрған екен» — деп үйге кірдім.

— Апа, мына тактайларды кім әкелді?

— Әлгінде бір-екеу кеп түсіріп жатқан. Ана Арам сары жіберген шығар деп тіпті кімдер екенін байқаған да жоқпын, — дейді апам. Көзім ұйқыға кеткенше ойлағаным еден жәйі. Қай шеберді шақыртып, қалай төсеттіретінімді жоспарлаймын ұзақ жатып.

Ертеңіне ертемен жүгіріп кеңсеге бардым. Мелдекеңді орнынан басып, тактайлардың құнын төлейін деймін. Бірақ ол асығыс екен, салқын ғана амандасты да:

— Шаруан болса кейін келерсің, Сапар, — деп актан керді борбайға бір салып, дала бригадасын бетке алып тартып отырды.

Ойымда түк жоқ. Жайбарақат бір халде мектепке келіп оқу программасын оқимын. Талай рет тексеріп, талай рет қайталап көшірген балалардың тізіміне үңілем. Ұзақ отырып тағы да көшіре бастадым. Терезеден киыстау түскен күн сәулесі бөлменің орта тұсына қарай аунады. Кенет Сағит келіп кірді. Жүзі салқын. Әлденеге ала көңіл болғандықты танытады.

— Оңаша отырғаның жақсы болды, — деп скамейкаға кеп жайғасты да, мектепті басына көтеріп дабырлай сөйледі. — Сен бала, осы, істеп жүргенің не?

Жүрегім мұздап сала берді. Аудан басындағы әбестігімді естіген екен ғой деймін. Ештеңе дей алмай күмілжи бердім.

— Өйтіп тактай ұрлағанша, қаңғырып кеткеніңнің өзі жақсы ғой.

— Тактай ұрлағаны несі? — деймін шошынып.

— Осы әлгінде қос басында тамам жұрттың көзініне Арам сары өкілге айтты. «Кеше кешке таман колхоздың тактайы жоғалған еді, іздестіре келсек, әлгі облыстан оқып келген мұғаліміміздің қорасынан таптық», — деді.

— Қой, бекер шығар, Саға, — деймін. Тіпті сенгім келмейді.

— Мынау не дейді! Міне, оң құлағыммен естідім де, анығын білейін деп әдейі шауып осында келдім. Өкілдің беті жаман, шырағым.

Менің басыма қарай бір сұмдықтың шоғырланып келе жатқанын енді сезгендеймін. Қапасқа түскен арыстандай өзімді өзім қоярға жер таппаймын. Ұзақты күн алпарысумен болдым. Апырау мұнысы

несі? Құтылғысы келсе, басқа бір амалын таппайтын ба еді? Басымды кылмыска итермелегені қалай?

Күн алаулап, батыс жақты қызыл күрең өртке бояп көкжиектен асты... Ымырт үйірілді. Тоғай жак карауытып, арғы қыркалар суалған көз жанарындай бұлдырай іріп, жоғалып барады. Колхоз кеңсесінде самаладай болып шам жанды.

Арам сары жалғыз екен. Алдындағы қағазға үніліп үнсіз отыр. Келгенімді ұнатпағаны ма, маңдайын тыжыртты. Мен де ештеңені естімеген адамша:

— Мелдеке, ана тактайлардың акшасын төлесем бе деп едім, — деймін биязы ғана.

Арам сары қағаздан басын көтеріп алды да:

— Қайдағы тактайдың акшасы? — деп күнк етті.

— Ана сіз түсіртіп берген тактайлардың...

— Өзіннің айтып тұрғаның не? Мен кашан тактай түсіртіп беріп едім? Есің дұрыс па?

— Апама уәде беріпсіз ғой...

Арам сары даусын бір саты төмен түсіріп сәл жайыла сөйледі.

— «Шешенді кездестіргенім рас. «Көрерміз» — дегенімнен де танбаймын. Бірақ сол «көрермізді» пайдаланып ешкімнен сұрамастан, бас жок, көз жок, қоғам мүлкін сүйрей жөнелуді кайдан шығардыңдар?

— Мен сүйредім бе? Түсіріп берген жок па!

— Кім түсіріп берді? Кәне, айтшы соны. Жерге қағып жіберейін әулие болса да.

Мен күмілжи бердім.

— Ә, бұған келгенде үндей алмайсын.

— Мен үйде жок болатынмын. Апам сіз жіберген кісілер шығар деп тіпті мән бермепті, — дедім ағымнан жарылып.

— Өлсеңдер біреуге кандарыңды жакпай өліндер, — деді де Арам сары қағазына үнілді.

«Сөзі бітті осымен. Бар, жөнел!» дегені бұл онын. Бірақ кеткім келмейді. Сөз аяғы тынбаған секілді. Сасқаным ба:

— Енді не істеймін? — дедім бір кезде тұрып-тұрып.

Арам сары басын көтерген жок.

— Мен ештеңе де білмеймін. Бар, Нәуанмен сөйлес, — деп күнк етті де, быртық саусақтарымен шот тастарын сартылдата жөнелді.

Бұдан кейін Арам сарыны «әке», «көке» деп сөйлете алмайтынды мен жақсы білем. Торығып сыртка шықтым. Дөңгеленіп толысқан ай беті күп-күрең, талаурап кеткен. Қара өрт ішінде шымырлап кайнап жатқан секілді әлдене.

— Апыр-ай, Сапаржанбысың, шырағым? Бір сұмдыкка көрінбесе жарар еді, ай жарыктык тұтылып тұр ғой, — деп бір кемпір күбірлеп өтті.

Денем мұздады. Баяғы бір шок желке сұрақ тағы алдымнан көлденеңдей қалды: енді не істемекпін?

Атқораның алдында қараңдап біреу жүр. Даусынан таныдым. Нәуан. Жүгіріп қасына бардым да:

— Иланыңыз, Нәуке, тактайды мен ұрлаған жоқпын. Имандай сырым, адалмын. Өзім жокта біреулер кеп түсіріп кетіпті, — дей бердім.

Асығып, аптығып тұрғандығымнан ба, Нәуан күлген секілді болды.

— Тактайың не? Қайдағы тактай?

Көңілім орнығайын деді. Мен енді болған оқиғаны басынан бастап баяндадым.

Нәуан ықыласымен үнсіз тыңдады да:

— Жарайды, бір жөні болар. Қорықпай-ақ қой. Мелдес түсіртсе тана қоймас. Сұрастырармыз. Анық-қанығына жетерміз, — деді.

Нәукеннің осы бір жұмсақ жауабын малданып үйге келдім. Келсем, есік алдында үюлі жатқан тактайларды қарап, құрылыс бригадасының бір-екі адамдары жүр.

— Ие, бұл жоғалған біздің тактайлар, — дейді біріне бірі.

Мені көріп бірі қасыма келді:

— Сапар-ау, айдың, күннің аمانында бұл не қылғаның? Тактай ұрлады деген не сұмдық мұғалім басына! Одан да қайыр сұрап, ел ақтап кеткеніңнің өзі тыныш емес пе еді?!

Мен үндей алмаймын. Ызаға булығып үйге кірдім. Ұрынарға қара таба алмағаным ба, апамды кінәлаймын.

— Үйде отырып, кімдердің кеп түсіріп кеткенін де білмейміз, қайтып ел санатына қосыла аламыз осы!

Бәрінен де бейхабар апам байғұс аң-таң.

— О не боп қалды?

— Тактайды кім түсірді, ие жок. Маған өзің ұрлап алып отырсын деп бөле жауып жатыр.

— Не дейді? Әлгі Арам сары қайда?

— Арам сары ештенені де білмейді.

Апам күмілжіп қалды.

— Қайдан білейін, бір-екеу дабырласып сөйлесіп кеп арбаларын қораға тақап қойып түсіріп жатты. Тіпті шаруам да болған жоқ. Әлгі Арам сары жіберген шығар деп өз ісіммен айналыса бердім.

Ен далада еркін жүріп, үйреніп қалған қазақшылық-аңқаулық-ай десеңші! Қулық-сұмдық дегенмен қайдан ауылдас қонсын! Дегенмен кесімді бір байлам жасап: «Мұның бәрін Мелдес жасаттырып отыр» — деуге көңлім тағы дауалай алмайды. «Қайтіп ол мұндай пасықтыққа бара қойды? Әлде бір жаңсақтық жоқ па екен бұл жерде?» — деймін толғанып.

Көрер тан көзбен атты. Не болып жатыр екен деймін бе, тұра салып кенсе жаққа бардым. Ойда жоқта қарсы алдымнан Бақат шыға келді. Телпегі бұрынғыдан да үлкейіп, өзі бұрынғыдан да кішірейіп кеткен секілді.

— Ә, бала, бұрынғы кінәларын аздай, енді ұрлық жасауға кірістің бе? Тұра тұр, — деді көзін ойнақтатып.

— Мен ұрлық жасағаным жоқ.

— Енді кім? Сен болмағанда мен бе енді? Тактайды қайдан алдың? — Дауысы сондай қатаң. Беті сондай жаман. Енді бірдеме десем ушықтырып алар түрім бар. Түсіндірем дегенмен илана қояр ол жоқ. Үндемегенді жөн көрем. Бірақ онымен де ештеңе ұтпадым. Өкіл бел алып кетті.

— Үндемейсің, ә? Үндеттіремін әлі мен сені! — Бақат одан арғы сөзді артық санады ғой деймін, кілт бұрылып кенсеге кірді.

Шын қатерді мен енді сезгендеймін. Дүние тынысы тарылып, айналам қусырылып, келе жатқан секілді. Қазылып, таусылып қалдым.

Өстіп жаның күйзеліп, қысылған кезінде суға кеткен тал қармайдының кері ме, Нәуанның кешегі «бір жөні болар» — дегені есіме түсті. Енді соны іздеймін. Жүгіріп үйіне барсам, далаға, егін басына кетіп қалыпты, жаяулап-жалпылап егін басына барсам, басқа бір жолмен ауылға кетіп қалыпты. Апырай, жол дегенің неткен көп еді! Дүниеде бір-ақ жол неге болмайды екен осы? Адамдар сонда адаспас еді ғой. Бірін-бірі өстіп іздей қалса жолығыса алмай шарқ ұрып қиналмаған да болар еді. Мына мен секілді жоқ жерден бәлеге тап болып күйзелмес те еді. Әттең не керек.. Жазған құлда шаршау бар ма, тағы да жаяулап ауылға келдім. Әйтеуір уақытымен келіппін, аудан басына жүргелі жатқан үстінен шықтым. Бір жақсысы, қабағы жазық, жүзі жылы екен. Көңілге сонысы тоқ.

— Сені тактай ұрлады деп жазғыра алмаймын, Сапар. Сенбеймін ондай сөзге, — деді Нәуан жұмсақ сөйлеп. — Сондай-ақ Мелдесті де жазғыра алмаймын. Оған да көзім жетпейді. Олай дейтінім, тактайды біз алыстан тасып әкеп жатырмыз. Колхоздың өз жыртығын бүтіндемей тұрып, Мелдестің маған түк деместен шешене кездескенде айтқан «көрермізден» басқа мырзалық жасауы мүмкін емес. Меніңше мұнда бір жаңсақтық бар ма деймін: колхоз мүлкіне арам қолын сұққан біреулер сенің үйіңнің қасынан өте бергенде әлденеден қысылған да аудара салған. Әйтпесе ұзыннан өші, қысқадан кегі жоқ Мелдес ағаң не себепті ондай іске барады? Сені жыққанда не мұратқа жетеді? Ойланшы өзін. Мүмкін емес.

Нәуан көңіл пернесін дәп басты білем:

— Өзім де солай ойлаймын, — деп салдым.

Нәуан сөзін жалғай берді.

— Олай болса, милициядан кісі шақыртып, шу көтерудің қажеті жоқ. Өкілге мен осы пікірді айтам.

Бұл сөзге де мен құлақ асып тұрмын.

— Жөн сөз.

— Жөн сөзін жөн сөз-ау, бірақ мұнымен іс бітпейді, Сапар. Сен мұғалімсің. Ал ел ішінде «ұры мұғалім» атанған да жаман. Мешкей деген жақсы емес. Тілімді алсан, коныс аудар. Баска ауданға көш. Не болмаса, осы ауданның алысырақ бір колхозына сұран. Әйтеуір бұл жерде қалма енді.

Нәуан осыны айтты да жүріп кетті. Мен көшеде ойланып қалдым. «Әйтпесе ұзыннан өші, қысқадан кегі жоқ Мелдес ағаң не себепті ондай іске барады?» — деген сөз құлағымда тұр. Ие, баруға тиісті емес. Бармайды.

Осы бір токтам тағы да мені колхоз кеңсесіне жетелеп әкелді. Қарғаш орны бос тұр. Столының үстіндегі шыныдан жұқалаң шаң көрінеді. Арам сары жалғыз. Баяғы қалпы. Төмен қарап отыр. Сықырлап есік ашылғанда көзінің астымен бір қараған еді, содан кейін үнсіз қалды. Қарғаш столына кеп отырдым. Кіріп келгенде жалтырап таза тұрсын деймін бе, неге екенін қайдам, жеңіммен орап шынысын сүрттім. Арам сарыда дыбыс жоқ. Ұшы майлы аяқтанып бітетін жалпақ табан қаламұштің қағаз бетіндегі жорға сырылы ғана естіледі. Әңгімені неден бастаймын? Не айтпақпын? Білмеймін тіпті. Тілім сөйлеуге келмейтін секілді. Дауыстан да айырылғандаймын. Кенет «Қарғаштың да кетіп қалғанын көрмейсің бе! Ол болса, қалай десен де «Сапар кінәлі емес бұл жерде» деп кесіп айтар еді» — деп ойлаймын. Күнді санаймын. Бүгін бесінші күн. Ертеңдер келіп қалуға тиісті.

Арам сары мандай сызықтарын жиырып сәл қабағын түйді. Бір сәт ойлана отырып қалды. Содан кейін қайта еңкейе беріп жүндес келген жуантық саусақтарын шот тастарын бойлатып жүгірте жөнелді. Менің ұзақ күтіп отырғаным қаперіне кіретін секілді емес мүлде. Тіпті менің дүниеде бар, жоғымның түк мағынасы жоқ па деймін ол үшін. Ертең мен сотталып кеттім. Жә болмаса, осы бір әділетсіздікке төзе алмай жарық дүниемен хош айтыстым, бәрібір ана жүрек селт етпейтін, ана шот тастарын қуалап отырған жүндес қол қалтырамайтын секілді. Арам сары осы бір сарғылт, жайбаракат қалпында қала беретіндей.

Жүрегім тулай соқты. «Неге осындайсың, Мелдес? Не жазығым бар еді бір ауыз сөзіне зар ететін? Өкпеге қиса да, өлімге қимайды демеуші ме еді атамыз қазақ? Менің туғанымды көрдің ғой, Бәлкім шыр етіп жерге түскенімде іңгәлаған даусымды бірінші болып естігендердің бірі де шығарсың?! Сонда дәл мына қазіргі мен секілді жас тілеулі балаң жігіт емес пе едің? Үмітің бар еді, отын бар еді.

Махаббатын бар еді кеуденде, арманын бар еді ғой алыстан іздеген. Ие, шілдеханамда да болдың ғой. Кезегін келіп жұрт қоймаған соң бір-екі ауыз өлең де айтқаның менің қошеметіме. Сол кезінді есіне неге алмайсың осы бір сәтте? Тіпті сені жазғырмаймын. Бәлкім, адал да боларсың. Нәуан айтқандай бұл бір жаңсақтың шығар. Сонда да мынадай менің жаным қыл үстінде тұрған осынау бір шақта жан дүниемді түсініп «ие мен жіберткем» — дей салсаң, жас тілеулі бір пендені апаттан сақтап қалмас па едің! Ағалығың қайда сүрінгенде жол көрсетер?

Арам сары тағы қабағын түйді. Түрегелді де артына кілт бұрылып, шкафты ашты. Маған жауырынын беріп, әлдебір папканы ұзақ тұрып ақтарды. Ең болмаса, «неге келдің?» деп болса да тіл қатар түрі жоқ. Шыдамым таусылды. Ұзақ сықырлатып есікті соза аштым. Арам сары сонда да селт етпеді. Сол жонын берген қалпы қала берді...

Ендігі тірек — жалғыз Қарғаш.

## 15

Мектепте, шағын ғана мұғалімдер бөлмесінде отырмыз. Кеш түсіп, төңірегіміз ала көленке тартып келеді. Шынжырына екі кірпішті қосақтай байлап қойған ескі қабырға сағаты дағдысынан тез, шықылдай соғып, шолтаң-шолтаң етеді. Бірақ уақыт жылжымай тұрып қалған секілді. Жүрегім лүпіл қағып, асыға күтем. Жок, күтпеймін, уақыт осылай тынып қалса екен деймін. Зағыфран апайда да өзгеріс бар. Аралата, сирегірек күліп, салқындау отыр. Тамаша бұрышта тұрған глобусты айналдырып әуре. Кодар рөлінде ойнайтын Қайыржан, неге екенін кім білсін, «Сары аурудан сауығу бар ма еді, кетермін де Сарыарқаны сандалып!» — деп күрсініп қойды. Ұстараның жүзінде отырғаным сондай, бұл сөз де шаншудай қадалып жатыр.

Есік алдында аяқ дыбысы естілді. Басқалардан артығырақ елеңдеп отырғандығымнан ба, бойымды электр тогі соғып өткендей болды: «Ал, келді. Ашылды бәрі де!» Жұрт шуласып есікке қадалды: «келе жатыр!».

Жок, келе жатпапты. «Спектакль қояды» деп сыртта дүрліккен балалардың бірі болып шықты. Өксігін тыя алмаған балаша, мен бөліп-бөліп күрсініп қойдым.

— Мынау жұмыр жер болып, осылай зырқырап айналып тұрса, жер үстіндегілер сыпырылып түсіп қалмай қалайша жүреді екен? — деп Тамаша ернін сылп еткізді.

Әрқайсымыздың шеше алмай жатқан әр қилы сырымыз бар.

Зағаң сылқылдап ұзақ күлді. Тамашаның аңғал сұрағына мәз бе десем, мүлде олай емес.

— Бұл шіркінге не болды? Әлгі жіберген баламыздың өзінен айырылып қалдық-ау, — деп дем ала алмай буына күледі.

Ай, Зағыфыран апай-ай, жанын нәрестедей таза болса да, мінезін оғаш, қызық бір жансың-ау. «Ол шіркіннің келмеуінде» сонша буынып күлетіндей не бар еді? Әлде аудан орталығындағы оқиғаны естідің бе екен? Тынышсызбын.

Күткеніміз — Қарғаш. Өнеугі жанбырлы күннен бері мен оны көргенім жоқ. Күн сайын осылай мектепке жиналамыз. Күн сайын өстіп күтеміз. Босқа күтеміз. Үш күн өтті... төрт күн өтті... Келмейді. Бүгін де жиналып, тосып отырмаймыз. Өзінен де, жіберген баладан да хабар жоқ.

«Бұл шіркінге не болды?» — деп жұрт аң-таң. Қарғаш қылығы оларға терең жұмбақ. Оларға жұмбақ болғанымен маған аян. Сол сыр-жұмбақ барша жұртқа пәш болса, құрыдым ғой онда. Жұрт көзіне қалай көрінем? Кезенген мылтықтың аузына қарсы жүргендей күнде мектепке құр сұлдерім келеді. Қашанға дейін өстіп бітеу жараға ұксап жүре бермекпін. Келсе екен тезірек деймін. Өлетін баланың молаға қарай жүгіретін әдеті емес пе, көрсем деп аңсаймын. Әлдебір тал қармағандай: өкпеге қиса да өлімге қия қоймайтын шығар, — деп жокты медеу тұтып, жұбаныш табам ондайда. Сөйтем де оқыс шошынып, айнып қалам. Ал келді? Ал жұрт болып «саған не болды?» деп жан-жақтан анталап сұрақты жаудыртты кеп? Сонда Қарғаш тұрып: «Оны мына Сапар біледі. Осыдан сұрандар!» — десе не деймін? Жоқ, жүрегім дауаламайды. Көңіл күйімді, жан күйзелісін түсінер Қарғаш жоқ секілді енді. Өңі салқын, тіл катпайды. Қарсы келе жатсам, бұрылып кетеді. Сонынан жүрсем, қайырылмайды.

Ет қызуымен бірдемені бүлдіріп тастап, артынан бетіңнен басып өлгенше өкінетін бір кезің болмай ма. Тап сондай бір халдемін. Қарғашты ренжіткенім қак. Қатты ренжіттім. Не жаза қолданса да обалым жоқ. Рауа. Жаман ойға қалай бардым? Күнәдан пәк асыл Қарғашты жаман атқа қалай қидым десеңші?! Ал арбада қатар отырды... Ал тіпті қатар жатты... Ар жағында көңілі таза болған соң онда тұрған не бар еді? Қорап тар болған соң қатар отырмағанда не істейді? Үй біреу болған соң бір бөлмеде жатпағанда қайтеді? «Осының көңіліне күдік келер-ау» — деп мені ғана ойлап, қалайша басқа үйге кетіп қалмақшы? Арам сарының алдында қолынан ұстап «Жүр, кетеміз!» деп тарттым-ау, маскара-ай.

Осындай мазасыз бір ойлар жанымды жегідей жеп азаптайды. «Қол жетпес қияда тұрған алтын басынды төменде деп ұғынып, дөрекі мінез көрсеттім. «Кешір, жаным!» — дегім келеді. Бірақ соған жағдай жоқ. Талай рет талай ғасырдың сенімді серігі болып келе

жатқан кәрі қаламды алдым қолыма. Талай рет көңілімдегі асыл есімді «жаным Қарғаш!» — деп қағазға да түсірдім. Бірақ айтайын дегенім бұл емес сияқты. Ұнамайды өзіме, жүректе, лаулап жанған от қағазға түскенде су сінді шаладай қарауытып сала береді.

Қабырға сағаты шық-шық етеді. Үй іші қараңғыланып, қара қанылтырлы дөңгелек пешпен мүлде астасып алды. Кішкене бөлме болса да бір-бірімізден көз жазыса бастадық. Үй күтуші әйел кеп керосин шам жақты, ала-көленке күнгірт қабырғаларда енді дәу-дәу көленкелеріміз түсіп, баяу қимылдайды.

Осы кезде Қарғашқа жұмсаған бала келіп кірді де, Зағыфыран апайға тілімдей бір қағаз ұсынды. Заған әуелі жүгіртіп ішінен оқып, сылқылдап тұрып күлді. Жұрт кейпінде — «не болды?».

Заған маған қарады. Содан кейін басқаларды шолды.

— Оқиын ба?

Бір сұмдық барын сезген секілдімін. Тынысым тарылды. Бетіме бұрк етіп қан тепті.

— Оқы, оқымағанда ше! — деп шуласты көпшілік.

Зағанның даусы естілді:

«Сапар Қозы болса, мен Баян болып ойнамаймын. Қодар ролін алса, қарсылығым жоқ. Қарғаш».

Аспан қак айырылды... Үміттің бәрі талқан болды. Жұрт үрпиісіп маған қарады. Мен төмен қараймын. «Ай, Зағыфыран апай-ай, тәжірибелі мұғалім емес пе едіңіз. Дүйім елге сүйінші сұрағандай айқайламасаңыз да жарайтын еді ғой...» — дегім кеп бір тұрдым да, тағы да бір оғаштық көрсетіп алармын деп үндемедім.

— Ие, Сапар, не болды сендерге?

«Анау болды, мынау болды» деп шашылудан не пайда, шошытпайын дегендей асықпай тұрдым да, жай басып сыртқа шығып кеттім.

Тағы да қараңғы түн. Бірақ жаңбырлы түн емес, ашық, айлы, жылы түн. Дүние бозамық, сәулеге оранып, бөгіп жатқандай тыптыныш. Алыс қырқалар қарауытады. Күмістей жалтырап Есілдің ирелең арнасы көрінеді.

Жан күйзелісінің осынау бір дағдарған шағында: «Суға қарғып кетсем... Сүйетіндігімді сонымен танытсам... Ертең іздейді. Сүйегімді тауып алса, апам бастап жанашыр, туыстардың бәрі де жоқтап жылайды. Салиқа апай да жылайды. «Неге ғана бүйттім екен!» деп өкініп Қарғаш та жылайды. «Өшімді өстіп алсам...» — деген сұп-суық бір ойдың шалығы да соғып өтті.

Кенет абалап ит үрді. Шапқан жылқы дүбірі естілді, құлын мойнына байлап жіберген қоңырау күмбірледі. Шошынып қалдым. Ал, жылады, сонда не түсті? Сонда кімді мұқаттым? Бала болдым, ауылда өстім. Балаң жігіт болдым, қалада оқыдым. Ер жетсем,

азамат болсам деп армандаушы ем. Сол арманның ақыры осы ит өліммен тынбақ па? Бүкіл елім болып, мемлекет болып оқытып еді, көмектесіп еді, сол көмектің қарымын осылай қайтармақпын ба? Аркам мұздады. Жок, бұлай ерегіспеу керек. Ақылсыз болмасаң басқа бір жол тап, Сапар!

Осы бір сәтте көптен армандасам да, табанымды тап баса алмай жүрген оқыс бір тоқтамға келдім де адымдай басып ілгері жүрдім. Жок, өзенге емес, өзімнің бүгінгі бақытты болашағыма қарай жүрдім. Ақмақшылықтың бәрі де ақыл нұрынан қағыс қалған бір ғана сәтті, жалғыз ғана қабақ қағысты аңдып жүрмей ме, сол қабақ қағыста соғып өткен әзәзіл ойды өмірге деген қыршын құштарлық, болашаққа деген балғын арман жеңді. Тылсым жоқтық қаранғылығын қалқыған ай мен ашық күннің нұры, самал жел мен кек жапырақтың қыбыры, өзен шуы тұншықтырып әкетті. Өзен ұлы мұхитқа асығады. Уақыт ұлы болашақ деп соғады. Адамды да ұлы арман алға, ғажайып алыс болашаққа жетелейді...

Жүріп келем. Қолымда қаладан әкелген кішкене қол чемоданым бар. Жүріп келем. Ғажайып болашағыма бет қойып жүріп келем. Бар күдік пен қайғыдан адамын. Бойым да сондай сергек. Аяғымды да ширақ басам. Артта «кемді күн» балалық шағымды өткізген Сұлукия қалды. Апам қалды. Бір пендеге айтқаным жок. Бір пенде кеткенімді білген жок. Жалғыз-ақ қыр асырып салған Қырғын ғана болды. «Кетпе, сәл шыдасаң, дегеніннің бәрі де болады» дегендей, кес-кестеп алдымды орайды. Етегімнен кейін тартады. Құйрығын былғаңдатып үстіме секіреді.

Тан саз берді. Шығыс жақтың алқаракөк аспаны ағарып, қауырсын қанат қызыл сызықтар жүгіре бастады. Жол үстіндегі моладан да астым. Онда әкем жатыр...

— Қош, әке! Жатқан жерін торқа болсын! — деймін. — Сен тірі жүрсең, мен бүйтіп кетпес пе едім, әлде қайтетін едім? Сен тірі жүрсең, Қарғаш та маған басқаша қарар ма еді, қайтер еді?!.

Осыдан кейін жынды адамша сөзімді Қырғынға арнаймын:

— Саған өкпем жоқ, Қырғын. Қарғаш мені сенше түсінсе, бүйтіп ұрланып кетпеген де болар едім ғой. Амал жоқ. Ал мына хат саған аманат. Иене табыс ет, — деп түнімен отырып, жазған хатымды қарғы бауына түсіп қалмайтындай етіп қыстырып жібердім де, аяндай бердім...

Қош бол көріскенше, туған жер!

«Қош» деп күдерімді үзіп айтсам да, қыстың орта шенінде Сұлуқияға тағы да қайтып оралдым. Оған да себепкер болған Қарғаш.

Мен сол кеткеннен Алматыдан барып бір-ақ шыққан болатынымын. Қазак университетінің физика-математика факультетіне келіп түскем. Баяғы үйреншікті студенттік тұрмыс. Оқып жатырмын. Антым қатты. Бұрылып бір жаққа шығайыншы деп селт етпеймін. Оки берем. Барар жерім — университет пен кітапхана ғана. Небір айықпас деген дерттің де шипасын салып, сауықтырып жіберер ұлы дауа — уақыттың өзі емес пе, сәнді астана, жаңа таныстар ортасы көңілімді бөліп, сергіте бастады. Сокпа дерт секілді ауық-ауық Қарғаш кеп есіме түсіп, көңілімді астан-кестен етіп кетсе де, жалғзынан айырылып, боздап қалған анам жәйі көбірек мазалайды енді. «Қайтсем де көшіріп алсам, қала сыртындағы колхоздардың біріне уақытша орналастыра тұрсам... жоктыққа, жалаңаштыққа көнген жан ғой. Мен оқуды бітіріп шыққанша шыдар еді», — деп армандаймын.

Өстіп күндер өте берді...

Арты биіктеп барып бітетін кең аудиторияның түпкірінде отырмын. Сыртта жапалақтап ұлпа қар жауып тұр. Ұйтқымайды, қонатын құсқа, немесе төмен жылжыған парашютқа ұқсап бір түрлі баяу қалықтап, дыбыссыз жауады. Бұталарына ақ сокта қар қонып, салбырап-салбырап қалған ағаштар селт етпейді. Бұл жердің табиғаты да құдды аялы алақан ана секілді, сондай бап. Өз нәрестелерін қалын мамық ақ мактасымен соншама кербез еппен өбектеп, орап жатыр, орап жатыр. Өз аулымның қақаған үскірігі, апталап сокса бір толастамайтын жынды бораны есіме түседі. Сұлуқияның ақ қоймалжын арасынан көріне түсіп жоғалып, көріне түсіп жоғалып кете беретін төбесін көргендей болам. Құлағыма еміс-еміс бір дауыс келеді.

«...Эйнштейн — бұл заманның асқан ұлы ғалымы. Оны XX ғасырдың Ньютоны деп бекер айтпайды. Ньютонның тартылыс заңынсыз физика, механика жоқ. Бұл заң болмаса, біз аяғымызды аттап та баса алмаған болар едік. Суда кеме де жүзе алмайды, аспанда самолет те ұша алмайды. Жерде поезд, машина да жүре алмаған болар еді. Сол секілді Эйнштейннің шама жайындағы қисыны да осы дәуірдің ұлы жаңалығы. Бұл қисынмен қаруланған адам баласы жүйрік ракеталарға отырып, ертең жұлдыз аралық кеңістіктерді шарлайды...» Ие, шарлайды... Біреулер... айға барады. Біреулер жұлдызаралық кеңістіктерді аралайды. Ал мен болсам, дәп қазір ойша көркем Есіл жағасын, бозторғай шарлаған кең сахара даланы, шалқар көлі мен сұлу қиясы бар Сұлуқияны шарлаймын. Сұлуқия енді қай күйде екен? Үскірік боран соға ма? Әлде аязды ашық Күн астында аласа үй мұржаларынан түтінін будактатып тірлік кешіп жа-

тыр ма екен? Міне, менің апам да от басында отыр. Мені ойлап отыр. Көк қақпаның алдында актан кер байлаулы тұр. Денем шымырлады. Жок, байлаулы тұрған жок. Өтекең карт пен Салика апай дағдылы шаруашылығымен әуре. Ал Қарғаш болса, әрине кеңсесінде. Арам сарыға қарсы қарап отырып шот қағады.. Жок, шот қақпайды, біздің үйге апамның қасына барып мені әңгімелейді... Әлде... жаңа жылға арнап, мен кеткен соң қойылмай қалған «Қозы Көрпеш – Баян сұлуды» дайындап жатыр ма екен? Қарғаш сөз жок Баян... Ал Қозы кім? Қызық бір ой жүгіріп өтті. Мелдес емес пе екен? Күліп жібердім. Қасымда отырған ақ сары қыз бүйірімнен түртіп «не болды» – дегендей таңырқай қарады.

Осындай бір ойлармен жабығыңқырап аудиториядан шықтым. Вестибюльде әрлі-берлі сапырылысып жатқан студенттер. Кенет біреу кеп білегімнен ұстай алды. Қарасам, өзіммен бірге бір бөлмеде жатқан Мүсілім деген бала. «Мә, мынау саған келген хат» – деп бір конвертті ұстата берді. Жүрегім лүп-лүп етті. Қолым қалтырады. Алғашқы ой: «Қарғаштан болмаса игі еді!». «Қой, Қарғаш хат жаза ма, апамнан болар. Мені апамнан баска кім іздейтін еді!»

Конверттің төменгі жағына үңілем. О керемет! Нанайын ба, нанбайын ба, өз көзіме?! Соншалықты ыстық, таныс қол – «Өтеге...» депті де ар жағын иректете салыпты. Қолым қалтырады.

**«Егер көңілің баяғыдай болса, тез арада келіп кет...»**

**Қарғаш», –**

деген бір-ақ ауыз сөзді оқимын.

Далаға шықтым. Жапалақтап қар жауып тұр. Жауып тұрған жок, тіпті, бұрқырап төгіліп тұр. Көшелер де, үйлер де, ағаштар да аппақ. Үп еткен жел жок. Жүріп келем. Жок, жүріп келе жатқам жок, зулап келем. Қарғаштан хат келген соң тұра алам ба, он күнге рұқсат алып, бүкіл Сібірді орағытып поезбен заулап келем. Жатсам-тұрсам да ойлайтыным біреу-ақ: Ақылсыз қыз емес қой Қарғаш. Ойланған шығар мен кеткен соң. Түсінген шығар сүйетінімді. Сағынған шығар сүйтіп.

Осы бір оймен асыға арпалысып, бесінші күн дегенде Сұлуқияның өкпе тұсындағы бір кішкене станциядап кеп түстім.

Тағы да жүріп келем. Аралатпа шоқ-шоқ ағаштары бар жалпақ қарлы даламен жүріп келем. Күн бақан бойы көтеріле беріп қайта батады. Біз де бақан бойындай ғана жер жүріп қоналқалық жер іздейміз. Бірақ өгіз керуеннің жүрісі бейне бір көрген түс секілді, өнбейді. Қар жамылған жалпақ даланың сонау кек жиегінің арғы астында менің Сұлуқиям бар. Онда шығып-кіріп, жол қарап, келуімді асыға күтіп Қарғашым отыр. Көңілім сонда. Алдақашан барып қауышқан күткен жарыммен, жете алмай келе жатқан құр денем, сұлдерім ғана.

Өгіз керуеннің жолағасы тәмпіш мұрын Камал деген кара. Көрші колхоздан. Көп сөйлемейді. Бишігін үйіріп «а, былай, өк!» деп ақырып қояды да отыра береді. Сонда да мен еріксіз сөзге тартам.

— Ауылдарын аман ба? — деймін орағытып.

— Дін аман, — дейді Камал келтесінен.

— Біздің ауыл ше?

— Дін аман...

— Колхоз басшылары өзгерген жок па?

— Дін өзгерген жок...

«Қарғаш қайда?» — деген сөз тіл ұшына үйіріледі де:

— Ал басбух Мелдес ағай ше? — деп сұраймын. Сол кезде ол арттағы шаналыларға:

— Әй, таяса отырындар. Күн райы жаксы емес, қоналқалық жерге ертерек барып орналасайық! — деп дауыстайды да, маған карап, — дін аман, — деп қояды.

Осы бір «дін аманды» малданумен, төртінші күні түн ортасы ауа бергенде тоғыз тәулікті артқа тастап, Сұлукия қотанына да сықырлап келіп кірдік-ау әйтеуір.

Көзім әуелі Өтекеннің көк қақпасына түсті. Жабық тұр. Терезелері де қараңғы. Жатып қалған. Айнала тым-тырыс. Ақырын ғана ысықырып, «Қырғын!» — деп шақырам. Бұрын жердің түбінде жатса да, қарғып шығып, құйрығын былғандатып келіп кеудеме асылатын Қырғыннан да бір белгі жок. Қайда жүр екен. Әлде... Ойымды өз үйім бөлді. Терезеден сықсима шам көрінеді. Апам байғұс жатпаған. Баласының келе жатқанын іштей сезіп әдейі ұйықтамай, күтіп отырған ғой деймін.

Еппен басып кіріп келе жатырмын. Пеш алдында бүктүсіп киімшен біреу жатыр.

— Бұл қайссың-ай? — деп басын көтерді апам. Өзімнің аялы алақан жан анам. — Құдай-ау, Сапаржанбысын? Келдің бе жаным? — деп түрегеп кеп маңдайымнан сүйді. Даусы қалтыраңқырап шықты. Бірақ буынын бекітіп, босаған көңілін сездірмеуге тырысады. Сондай аяп кеттім. «Қайда жүрсем де енді сені қалдырмаспын» — деймін ішімнен.

— Біржола келдің бе? — деп сұрады апам.

— Жок, апа, саған келдім. Сені көшіріп әкетейін деп келдім.

— Осы қыс ішінде ме?

— Қыс ішінде...

Апам үндемеді.

— Апа, ауыл-үй аман ба?

— Аман, — деп апам да Камалға ұксап жауапты келте қайырды.

— Колхоз белсенділері өзгерген жок па?

— Жүр ғой бәрі де осында.

— Көрші-колаң ше? — дедім қысылындырап.

— Аман болмайтын не ғыпты?! Аман...

— Қарғаш үйінде ме? — деп сұрадым аса бір өлермендікпен не болса ол болсын деп енді.

— Екі-үш күннен бері көрінбейді. «Арам сары әйелі өлген біреуге шығарып жіберіпті», — деп жұрт шулап жүр ғой. Жел сокпаса, шөп басы қимылдай ма, рас па деймін.

Төбемнен жай түскендей, тілім байланып, отырып қалдым. «Тоңып келдің ғой, шәй қояйын», — деген апам сөзіне де мән бергем жоқ. «Келіп кеті не? Күйеуге тиіп кеткені қалай? Хат жазғаннан кейін жарты айға шыдай алмайтындай не сұмдық болды екен?»

Осы кезде сықырлап есік ашылды. Дауыс қылып Салика апай келді:

— Сапаржан-ау, қарағым, нендей күйге тап болдым, жаным. Ойында түк жоқ секілді еді. Қалай кеткенін де білмей, аңырап қалдым ғой. Қарғашымнан айырылып... Жұртқа не бетімді айтам?... — деп үйді күнірентіп барып сәл саябырлады да, енді үнсіз егіліп жылай бастады. — Соңғы күндері сені есіне жиі алып, «хат салуды да білмейді. Ауылдағы бізді не қылсын!» — деп жүріп еді. Сапаржан-ай, қайда кете қалып ең? Сен болғанда мұндай күйге душар болмайтын едім ғой мен бейбақ...

Ештеңе дей алмай үнсіз отырмын. Не демекпін? Жұбаныш боларлық не сөз бар? Есімнен адастым ғой деймін, кенет:

— Қырғын қайда? — деп сұрадым.

Салика апай тағы боздады. Қалтасынан жыртылған бір қағазды шығарып жатыр.

— Қарғашымнан айырылып қалған күннің ертеңіне көлденең бір жүргіншілер келіп атып кетіпті. Қарғы бауын алайын деп барсам, мойнында тұмар секілді мына бір қағаз жүр. Бұл немене екен деп қалтама сала салып едім. Қырғын дегенге есіме түсіп жатыр. Мә, көрші, Сапаржан!

Ұзынынан қак айырылған қағазды қолыма алып, жымдастырып қарасам, баяғы өз жазуым. Басындағы «Қарғаш!» — деген сөз дәп ортасынан айырылып, «Қары» бір жағына, «ғашы» екінші жағына кетіпті. Бұдан төрт ай бұрын осы бір кішкене үйде тебірене отырып түнімен жазған өз хатымды енді өзім оқып жатырмын.

«Туған ауылым — Сұлукияға сен деп келмеп ем. Бірақ келгеннен кейін сен деп қана тірлік кештім. Сен деп қырларды кездім. Сен деп Есілдің тоғайын араладым. Сен деп қуандым да, сен деп қамықтым. Мына жайнаған дүниенің сенсіз түк сәні жоқ болды. Сен болмасан мен үшін жарқырап күн де шықпайтын секілді. Жайкалып гүл де шешегін жармайтын секілді. Сылдырап аққан өзенде де түк мағына жоқ еді. Қарғашжан, соны сен түсіне алмадың. Бағалай алмадың.

Көзінді алыс бір кияға қададың ба, әйтеуір, аяғынның астында жатқан мен сорлыны аттап жүре бердің. Қашанға дейін шыдаймын, мен де әйтеуір жылы шектің иесімін ғой. Жеткен жерім осы болды. Түк өкпем жоқ. Кінә — кияға көтеріле алмаған өзімде. Қайда бармайын, қай жерлерде жүрмейін, әманда бақытты болуыңды тілермін. Қош, Қарғаш!» — деп жазыппын.

Бір түрлі жан-дүнием езіліп, көзіме мөлтендеп жас кеп қалды. Екі қарияға сездірмейін деп бекінген, қайратыма мінген болам. Бірақ өзегімді тілгілер өкінішім бар: сонда әманда жылы жүзін танытып жүретін осы Салика апайға келіп неге айтпадым екен сырымды. Иттің мойнына хат байлаған не балалық? Сенімді деген біреуге неге бермедім екен десенші? Қарғаш оқитын еді сонда. Түсінетін еді мені. Екеуміздің тағдырымыз да басқаша шешілетін еді ғой, әттен не керек...

Осы бір өкінішпен қабаттасып манағы бір сұрақ тағы да кеп көлендей береді:

Бір жарты ай күте алмайтындай не болды, Қарғаш, саған?

Бірақ мен уақыттың тығыздылығынан бұл жұмбақтың сырын шеше алмай кеттім. Өлсек те енді бірге болайық деп апам екеуміз келесі күні ауыл-үймен қош айтыстық та аттанып отырдық...

## 17

...Алдымда менің жол жатыр. Бұралаң-бұлтарысы көп өмір жолы. Талай жылдар өтті, жүріп келем, жүріп келем. Өріне шығып сүйінген, ойына түсіп күйінген де күндерім бар. Сонда да жүріп келем. Адал жүріп келем. Ойға алған көп дүниені тындырғандаймыз, биік мұраттың біраз биігіне көтерілгендейміз. Көкжиек кең, жол шегі құбылып, ұзара түскен. Қол жетпес арманша шалғайға шақыратын секілді. Бірақ бір кереметі елегімейтінге ұқсаймын. Күн болса, ұстараның жүзінен ауып, еністеп барады. Самай шашты қырау шалды. Бұрынғы алабұртқан асау көңіл токтасқан секілді. Жүріс-тұрысқа баяулық, ұйқыға әдемі сергектік кірді...

Жоқ, елегімеймін дегенім бекер. Елегзиді екенмін. Он сегіз жастың албырттығымен емес, қырық жастың сабырлы салмағымен елегзімін.

Міне, тереземнің алдында гүл жайкалып тұр. Одан әрі көк жапырақты орман, биік үйлердің шатырлары көрінеді. Назарымды сәл биікке салам. Шығыстан батысқа қарай сұлай созылып ақ басты тау жоталары жатыр. Геология үшін жас та, адамзат үшін соншама кәрі тау. Кәрі Алатау. Қар басқан шын-шоқылары шашырай шығып келе жатқан күн нұрына малынып, құбылады. Жоқ, құбылмайды.

Құбылады десек, ол біздің көңіл күйіміз бен көз жанарымыздың ғана жемісі. Тау құбылмайды. Дүниеде болып жатқан ұлы өзгерістердің бәрінен де бейхабар, салғырт сұлап жата береді де, бір күні баяғының алыбынша ұйқысыраған болып аркасын қозғап-қозғап қояды. Неге өйтеді?

Табиғат, сен қызықсын. Құдірет, кереметтерін сондайлық көп-ақ. Сан мыңдаған жылдардан бері ұдайы толысып, ұдайы кемеңгерленіп келе жатқан ақыл-ойға бой бермей, таптырмай жатқан жұмбақ сырларың бар әлі де.

Күн сайын мың түрлі сұрақ келіп туады? Мың түрлі шешімін іздеп әуре боласың. Бәрі де елегізеді сені.

Радио тыңдайсын. Қатпар-қатпар замандардан сыр шертетін кітап қоймаларын сүзесін. Күнделікті газет-журналдарды қарайсын. Соның бәрінен де сырлар ұққың келеді. Елегзисің. Әманда келем деген біреуді күтіп отырған адамша елегізсің.

Міне, демалыс күні...

Тау жақ балкон ашық тұр. Ертенгі самалмен хош иістер аңқып, бөлмеңді толтырады. Үлкен көшелермен машиналар зулап өтіп жатыр. Біз өкшелерін, жай өкшелерін тротуарға қадай басып, адамдар ағылады. Әрітінірек бір үйден музыка даусы естіледі. Жастарға болмаса, біз құралпылардың құлағына түрпідей тиетін дірілдек, шуылдақ джаз музыкасы.

Түннің бір уағында сәл ғана көз шырымын алып, ұйқыдан ерте оянатын мазасыз, шулы қала тірлік қаракетінде.

Елегізіп отырмын. Үлкен қызым хор үйірмесі жұмыс істейді деп пионер сарайына кетті. Ұлым стадионда. Футбол жарысына қатынаспақ. Кенже қызым мен жамағатым жаңа қойылған бір балетке барғалы жатыр. Үйде қалатындар баяғы апам екеуіміз ғана. Табиғат қартайса, сарғаяды. Ал адам қартайса, ақшыл тартады. Апам сондай. Кимешегі де, өңі де, шашы да мол ағарып келеді. Бірақ баяғыдай жалғыз емес. Бір үйлі жанның үйелмен ұйтқысы. От басының сәні. Ол кісі де елегиді. Ол кісінің де арманының көкжиегі кеңейе түскен. Бір кезде мені — Сапаржанымды жеткерсем екен деп армандады. Ал мен жеткен кезде немере сүйсем деп тіледі. Онысы да орындалды. Енді осы бір белестегі мұрат-максаты — шөбересін көру. Оған да алыс қалмаған секілді. Сөйтіп, апам да белестен белеске асып, арманнан арманға ауысып келеді. Немере-шөбереге құштар. Күннің көзіне, самал желге құштар. Тірлікке құштар.

Есік қонырауы соғылды. Ол әрине, почташы қыз. Күнделікті хат-хабар, газет-журналдарды әкеле жатыр...

Терезе алдында жұмсақ кресло бар. Соған кеп отырам да, қыз алып келген дүниелерге үнілем.

Мына бір хат Москвадан екен. Жаздың орта шенінде бейбітшілікті жақтайтын физиктердің халықаралық жиыны болмақ, соны хабар-

лайды. Дұрыс, уақытында келген хат. Соғыстың халық басына не кесепат әкелгенін ол кезде есіміз кіріп қалған біздер жақсы білеміз. Дайындалуым керек. Сөйлеуім керек. Аналар немересін, ақ шашты әжелер шөбересін сүйуге тиісті...

Ал мына бірін Оңтүстік Қазақстандағы бір орта мектептің физикамен шұғылданып жүрген оқушылары жазыпты. Кел деп шақырады. Физика қазақ даласына кенжелеп еніп келе жатқан ғылым. Бару керек болар. Жас физиктермен кездескен жөн. Қазақтың да өз Эйнштейні болуға тиісті ғой...

Газеттерді қараймын. Жер-жерден берілген қысқа хабарларды шолам. Кенет жексенбі күннің тыныштығына ойысқан жан дүнием дір детті. Ұлы уақыт ұлы дауасын тауып, ұмыттырып бара жатқан өткен күндерімнің бір көрінісін көргендеймін.

«Сұлу Есіл өзгерді енді. «Сұлукия» совхозы тұсынан бөгеу салынып, шалқыған жана теңіз пайда болады. Алыстағы тың совхоздарына құбырлар тартылады. Қалың ел, сөйтіп, келешекте ауыз суды Есілден алмақшы» — дегенді окимын.

Сұлукия! Ие, ұзын аққан Есілдің бойында Сұлукия атты әдемі бір жер бар еді. Мына терезе алдында жұмсақ креслода ертенгі хат-хабарды қарап отырған жігіт ағасының сол жерде ыстық балалық шағы өткен. Асыл жер! Сенде нәресте көңілінің тазалық-тұнығын қалдырды ол. Сәби күлкісі мен көзінің жасын қалдырды. Қуанышын қалдырды. Күйінішін қалдырды. Тау өзеніндей дүрліге тұтанып, өзегін өртеген алғашқы махаббат, сәтсіз махаббатын қалдырды...

Сұлукия неткен сұлу жер едің! Сенің күнің басқаша шығып, басқаша бататын еді. Самалың да басқаша желпіп, бораның да басқаша соғатын. Тоғайларың да басқаша бүрлеп, басқаша көгеретін. Көкегің де басқаша шақыратын. Осы бір тұста Есіл де өзгеше кемел толқып, бұйралана ағушы еді. Көшендегі қиян да басқаша, ешбір жерге ұқсамайтын. Ондай жер жоқ еді әлемде. Сондағы қара домалақ ынжық бала қазір ғылымның қиын асуларына бет қойды. Есейді, толысты. Ал Сұлукия, сен ше? Өзгердің бе? Өзгерсең, қалай өзгердің екен? Бір кезде өзегімді өртеп, ақыл-ойымды баурап, бағындырып алған сұлу Қарғаш, сен қайдасың? Не күйде жүр екенсің?

Бойымды ыстық бір сағыныштың оты биледі. Бір кезде шешем келін боп түскен, әкем күйеу бала болып барған, бір кезде өзім де бір бала болып асыр салған жерім — Сұлукияны көргенше асықтым...

...Туған жерге бет қойып жүріп келем. Өзен де ирелендеп жүріп келе жатыр. Міне, мына қырдың астында шалқар көл бар. Одан әрірек жан-жақтан кеп тоғысқан төрт көшенің маңдайы секілденіп

Сұлукия тұр. Жүріп келем. Көріп келем... Қыркаға да шықтым. Ақ шағала құйылып ойнай бастады, өйткені төменде айдын көл жатыр. Сұлукия көлі. Енді-енді көтеріле бастаған қоңыр желмен ақжал сабынданып, күреніте қарсы алғандай... Жок. Қателестік ғой деймін. Бұл мүлде Сұлукия емес. Басқа жер. Көлдің Есіл жақ дөңінде қабат-қабат, биік-биік тас үйлер жапырлайды. Су тартқыш, мұнара, электр сымы тартылған биік бағаналар көрінеді. Кәдуілгі қала дерсің. «Есілдің бұл тұсында қандай қала бар еді?» — деп танданам.

— Міне, сағынған Сұлукияңызға да келіп қалдық, — дейді шофер бала көңілденіп.

— Сұлукия?

Ие, бұл Сұлукия екен. Өзгерген, жаңарған, бір аттап биігірек жерге барып жаңа қоныс тепкен жаңа мекен, жаңа ауыл. Қуанам. Әр бұтасына дейін өзіме таныс, көзіме ыстық туған ауылымның бейтаныс кейпін көріп қуанам. Сөйте тұра бұрынғы ауыл қайда деймін, көрсем деп аңсаймын.

Міне, мынау баяғы өзіміз еліктей секіріп төбесінде ойнайтын жартас — Сұлукия. Бұрын жердің нақ кіндігі сияктанып ауыл ортасында биіктеп тұрушы еді. Енді ауылдың Есіл жақ шетінде жетімсіреп қалған. Мен өсіп кеттім бе, әлде совхоз орталығындғы екі қабат, үш қабат үйлер көзді тарта ма, әйтеуір боран-шашынды жел өкпегінде күн жеп, мүжіле-мүжіле аласарып кеткен секілді. Осы Сұлукияның Есіл жақ бетінде бір кезде мен оқыған мектебім болушы еді. Оны да танымай қалғандаймын. Терезелері алқам-салқам. Тозығы жетіп, топсасы қайырылған сыртқы есігі жабылмайды. Толассыз сокқан желмен шайқақтап шикылдайды.

— Бұл бұрынғы мектеп қой. Танып тұрған боларсыз? — дейді шофер бала. — Жуырда бұзылып, түзік бөренелері теріп алынбақ. Келер жылы су басады бұл жерді.

Тағы ілгері жүрем. Төмпе-төмпе жұрттарды көрем. Танып тұрмын. Бұл Өтекең үйінің жұрты. Есіме түседі, бір кезде бастаңғы жасап, «Ауған хан мен Қалған хан» ойнаған түні мына бір жерде сары самауырлар гүжілдеген. Мен, міне, былай тұрып өз өмірімде тұңғыш рет қыз маңдайынан сүйгем... Беті ашылмаған жас уыз сол бір оқыс мінезімнен қысылып, сәл төмен қарап тұрып қалған еді. Мен сонда дүрсілдей сокқан жүрегінің дыбысын естігем. Жүрегіммен, бар болмысыммен естігем...

— Бұл ненін өтеуі? — деп еді ол бұйығы күліп.

Сондай қасиетті жұрт бұл мен үшін. Шофер бала айтпаса да сезіп тұрмын, ертең бұл жерлерде де ақ көбік атып, астау жон толқындар ойнайды. Алыс арман, қиялдарымның мекені, меруерттей мөлдір көз жасым мен меруерттей мөлдір көңіл күйлерімнің, қуаныш-шаттықтарымның мекені. Жүрген жерлерім, күлген жерлерім бәрі

де енді су астына кетеді. Қайғырып тұрғаным жок, қуанып тұрмын қайта. Болашақ теңіз — менің жан тазалығымның, менің көңіл мөлдірлігімнің жемісі секілді. Сәтсіз болса да тереңде тұтанған асыл махаббатымның егіні секілді көктеп өсіп толқыған. Ертен осы жерден алыс атыраптарға құбырлар тартылып, әр еңбек адамының жай-мекеніне су барады. Мөлдір су. Есіл суы. Сол суларда менің сәби күлкілерім мен қуанышымның мөлдір тамшылары бар. Судың сылдырап барар себебі де сол.

Өзгеріс Сұлукияның адамдарын да өзгертіп жіберген: Зағыфыран апай пенсияға шығыпты. Үйде немерелерін бағады. Сағит әлі комбайнер. Бірақ кеудесінде Алтын Жұлдыз жарқырайды. Нәуан да қызметтен қалмаған, совхоздың бөлімше бастығы. Ал Арам сары болса колхозды совхоз шаруашылығына көшірерде әлдебір кателіктер жіберген бе, сонынан сөз еріп барып, басқа бір совхозға ауысыпты. Өтекен мен Салика апай екеуі де өткен жылы дүние салған...

Ал Қарғаш... Ие, Қарғаш та осы совхоз орталығында көрінеді. Сатушы. Неге екенін қайдам, барған жерінде көп тұрақтай алмапты. Бір қыз, бір ұлын ертіп бірер жылдан кейін Сұлукияға қайтып оралған, жесір отыр деп естимін.

Әуел баста көрсем, кездессем деп құмартып ем, токтасқан көңіл: «Ескі күнді еске түсіріп, ескі жараны тырналап қайтесін. Өзгерген ауылыңды көрдің, мауқыңды бастын, осы да жетеді», — деумен болды.

Сөйтіп, қайтатын күн де таяна берді...

...Күн ашық еді. Бой көтеріп, сән түзеп қалған жас бақшадан асып, өзен жағасына беттеймін. Баяғыша жалбыз иісі шығып, мұрынды жарып барады. Баяғыша тұңғыық қайранда балықтар жүйткіді...

Кенет артымнан аяқ дыбысы естілді. Он бір, он екілер шама-сындағы бала.

— Сапар аға, мына қағазды сізге Қарғаш апай берді, — деп ұсына берді.

Дәптер қағазына жазылған баяғы таныс қол. Бірақ неге екенін білмеймін, жүрегім туламайды. Қарғаш деген жалғыз сөзді естігенде өреки жөнелетін көңіл шіркін де тып-тыныш.

«Келетін шығар, сәлемдесетін шығар деп ем. Ол үміт орындалмайын деген секілді. Өзім барып амандасуға әйел жолы жінішке ғой, ұят санайтындаймын. Ертен жүреді деп естідім. Мүмкіндігіңіз болса, кіріп шығыңыз — Қарғаш».

Бұрынғыша «сен» демей, «сіз» деп жазыпты. Бір түрлі қысылған секілдімін. Бармағаным ағаттық болды. Баскасын қойғанда, ата-анасына көңіл айтып шығуым жөн еді, деймін. Осыны ойлауым-ақ мұн екен, тұтанып жүре бердім. Сабыр салмақ жайына қалды. Көргім келді. Сөйлескім келді. Сұлу шынардай баяғы сымбат қалпында қалды ма екен? Әлде толысып, өзгеріп кетті ме?

Міне, шағын ғана бак өсірілген сокпактын екі беті қолдан отырғызылған тал. Одан әрі аласа қытай шиесі мен сібір алмасының ағаштары, енді-енді түйін сап келеді. Бір ағаштын көленкесінде жималы кіреует тұр. Үстінде кітап оқып біреу отыр, жоқ біреу дегенім бөтен емес, Қарғаш. Мені көріп бері бұрылды. Құдай-ау, қалай өзгермеген. Баяғы гүлдеп, балқұрақтай бой салып келе жатқан уыз күйі. Шашы да сондай ұзын, екі өрім. Көйлегі де ашық гүлді. Жаңаша, қалаша, бірақ. Қасыма келгенше анырып карап, тұрып қалыппын.

— Сәлеметсіз бе? Үйге кіріңіз... — деді ол баяғы құлағыма сінген үнді, көңілді қоңыр даусымен сыпайылық білдіріп.

Мен тұра берсем керек, оның бет ұшы шұңқырайып, кескініне нұр жүгірді. Таныс белгі, таныс нұр.

— Сіз Сапар аға емессіз бе? Үйге жүріңіз, — деген дауысты естимін тағы да. — Апам үйде, күтіп отыр сізді.

Оянып кеткендей болдым. Ілгері жүрдім. Есік ашылды. Ар жақтан қайыстай қатқан ұзын бойлы арық бір әйел көрінді. Маңдайында ажымды сызықтар, самай шашы аппак. Әйтеуір таныс адамыма ұқсайды. Мені көріп әйел орнынан тұрды. Көзі күлімдеп, мұның да бет ұшы үйірілді... Құдай-ау, енді таныдым, Қарғаш екенсін ғой.

Көңліме әлдебір аяушылық, танырқаушылық енгендей. «Қалай өзгеріп, қартайып кеткен?!» деймін. Бірақ «амансыңбадан», баска ештеңе айта алмадым. Қарғаш та байсалды бір кейіпке еніп, шаршаған адамша үнсіз отырып қалды. Жаңағы мені бастап кірген қыз бала біресе Қарғашқа, біресе маған қарап: «Бірге өскен таныс емес пе едіңдер, неге үндеспей отырсыңдар?» — дегендей болады.

Бір кезде Қарғаш терен күрсінді де:

— Бұл менің тұңғыш қызым — Нүргүл, биыл он бірінші класты бітіреді, — деп қойды.

Мен Нүргүлге қарадым. Бір түрлі, жүрегім шаншып өткен секілденді. Жок, Қарғашқа ұқсатқаным қате екен. Мүлде ұқсамайды. Шашы да, өңі де ақ сарғыш. Көз қиығы сүйірленіп, иегі дөңгелеп біткен. Неге екенін білмеймін, аудан орталығындағы жаңбырлы түн көз алдымнан көлеңдеп өтті...

— Ұқсайды...

— Кімге? — деп сұрады Қарғаш сәл елендеп. Тұңғыш рет ойымдағыны бүгіп, айттым ғой деймін.

— Әрине, өзіне. Аумай қалған.

Қарғаштың маңдай сызықтары қалыңданып барып, алыстағы бір күлкінің нышанын аңғартты.

— Өз қызым болған соң өзіме ұқсамағанда кімге ұқсасын.

Тағы да бір шама үндеспей отырдық. Алыстап, суысынқырап кеткендігіміз бе, әлде екеуіміз де өткен күннің өкінішіне бой алдырып, мазасызданамыз ба, әйтеуір сөйлесерге тақырып жоқ секілді.

Қарғаш жүзін төмен салған бойы, қолындағы алтын жүзікті айналдыра отырып, тағы да Нұргүл жайына ауысты:

— Сондай зейінді. Күні-түні қолынан кітап түспейді...

Нұргүл көзіне мақтағанға қысылыңқырап қалған секілді. Ренді нұрлы жүзіне қан тепті. Сызылып, биязы тұрды да сыртқа беттеді.

— Есіл-дерті Алматы. Сонда барып оқимын дейді. Қарсы болғым келмейді. Өзім оқи алмай қалған соң, оқығанын, сіз секілді ғалым болғанын тілеймін.

Орайы келген соң:

— Есімде ме, қол ұстасып оқуға кетейік дегенімде, мойныңды бұрмап едің. Енді Нұргүлді жібер. Бас-көз болып жүрерміз, — деп қойдым.

Қарғаш іркіліп тағы да біраз отырып қалды. Ажымды өңі ойлы, байсалды.

— Рахмет оныңызға... — деді бір кезде. — Келмеген соң, біздей жесірді не қылсын, ұмытқан ғой деп едім. Жоқ, өткен күннің лаулап жанған отынан көңіліңізде әлі де бірдемелер қалған екен, Сапар. Ризамын. — Осыдан кейін Қарғаш өзгеше толқып, шешіле сөйлеп кетті. — Жесір болғанмен жаман тұрмаймын. Өз тапқаным өзімізге жетеді. Бір кезде үйімді сәндесем, киім кисем, кілем жинасам деуші ем. Осы әлсіздік мені жарға да апарып жықты. Осы күні барды разы етем. Жокты іздемеймін. Тіпті өмірде ана екі қарғаны жеткерсем дегеннен басқа түк тілегім де жоқ. Басым да, кеудем де құр қуыс. Селт етпейді. Өзіме қызыға ма, болмаса үйіме қызыға ма қырындайтындар да, көз салатындар да бар әлі де. Жас кезде аңғырттықпен қолдан сусытып алған асылды енді егдейген соң қайта іздеп қайдан таба алармын, несіне әуре болам деймін бе, біріне мойын бұрғым келмейді. Сөйтіп баяғыда өліп, көңіл шырағын әдейі қолдан сөндіріп, құр сұлдерім ғана тірі жүргенінде сіз келді дегенді естідім. Естідім де, ұйқы-күлкіден айрылдым... Көрсем деуші едім көптен бері. Алдыңыздан өтіп, кешірім сұрасам деуші едім. Жатқызбаған да, ұйқы-күлкіден айырған да осы арман. Адам жас кезінде, албырт кезінде ненің қадірін білген? Ой-ақыл көзін терең жіберіп не нәрсені түсінген? Сайтан көбелекше жылтырағанды от деп санаппыз да тереңде жатқан шын асылды танымай, шын сезімді елемей теріс жолмен кетіппіз. Осы күні бір нәрсеге қайранмын, сонша ынтығып, сонша от болып тұтанып, қатарымда жүріп, тіпті қолымнан да алмапсыз ғой, жеңіл мінезділіктің сынығын да көрсетпепсіз. Түсіне алмаппын мен соны. Сол түсінбегендігімнен болар, қысылған сәтте хат жазғаныммен, соңымнан іздеп келер деп ойламаппын. Сенбеппін. Соныма өкінем. Өмір бойы орны толмайтын өкініш. Адамдар неге түсінбейді екен, осы бірін-бірі, бір-бірінің жүрек түбіне неге тереңірек бойламайды

екен осы? Көңілдің қандай екенін танып, жүрек сырларын білуге тырысса, адалдық та, арамдық та жарық күнге шыға келген болар еді ғой. Сонда адаспаған да болар едік қой, — деп тоқтады.

Қарғаш бұрын мұнша, сөзшең, мұнша ойшыл секілді көрінбейтін еді. Тегі, өмір жолы үйреткен ғой деп шамалаймын.

Ие, өкінеді. Шын өкінеді. Түсінем онысын. Қарғашты түсінбеген күнім жоқ менің. Түсінгендігім, сүйгендігім сондай, тіпті сонау бір жылғы қаңтарда Қарғаш деп қайтып келгенімде «жайым осы, ендігісін өзін біл» деп алдымнан шықса, не қылмысы болса да, ойланбай-ақ кешіріп, ыстық құшағымды жайған болар ем ғой, әттең ол ғой түсінбеген. Өкініштен не пайда бірақ. Пайдасы болса, менің көңілімде де талай «әттегене-айлар» бар. Бір кездегі тәкаппар сұлу Қарғаштың енді менің алдымда алғаш рет ағынан жарылып, кішірейе сөйлеп отырғанында, сол «әттегене-айлар» дән салып, көктей бастаған секілді.

Өкінем, ауылда жаксы адамдар көп еді. Солармен ақылдаспағаным өкінем. Рас-ау, бірер жас үлкен болса да, құрбы қатарындағы Қайыржанға неге айтпадым? Сағитпен неге сөйлеспедім? Айтқан болсам, ақылдасқан болсам, кірісетін еді олар. Іс те басқаша шешілетін еді. Тіпті бәрін қойып, өкілге неге бармадым десейші. Қанша қатал десең де, адам ғой, түсінетін еді. Қарғашты шақырып алып ұрсар еді, көңдірер де еді. Әй, көрінгеннен қысылып, жоқ нәрсені намыс көріп, қызарақтап қалатын, беті ашылмаған балалық шак-ай десенші, мықтап соқтым деген кездігіңнің да жарықшағы көп болады-ау, қайтсе де.

Мен үшін сайрап жатқан тағы бір төте жол бар еді. Осы күні айтылып, жазылып жүргеніндей ауылымның кем-кетігін көре келсем... Алға ұмтылатындарды өз төңірегіме топтастырып, қиындық атаулыны қиратып жоя келсем... Партия ұйымына арқа сүйеп, комсомол ұйымының ұйтқысы болсам... көзге түсер ем. Қарғаш та онда ешқайда кетпейтін еді. Қайтесің, халық қамын ойлап, сананың биігіне көтеріле алмаппын ол кезімде. Бәрін де өз сезіміме бағындырып, жатсам, тұрсам да «Қарғаш! Қарғаш!» — деп жүре беріппін. Өзімшіл болғаным жоқ, бірақ өзгенің де қамын ойлап жарытпадым. Өкіл ұрысса, шам көретін түгі жоқ. Осы мінезімді біліп ұрысты. Арман етем: осы ақыл-біліммен, мол өмір тәжірибесімен сол күндеріме қайта оралсам, ең алдымен, ел жайын ойлар ем. Өрелі азаматтың қатарына қосылып, халықты соңымнан ертер ем деймін. Әттең ол күндер қайтып оралмайды. Оқасы жоқ, өмірде мен секілді сана сезімі кешеулеп оянатындар да бар ғой. Адам туа коммунист болмайды. Жүре болады. Санадан жырақ, сондай бір алаңсыз, балаң, шикі кезінді елемей үнемі қағас қалдыра берсең, саналы кезіңнің қызығы кетіп, жасанды болып та көріне ме деймін.

Расында да, өткен албырт кезімнің бояуын сырлап, болмағанды болдырдым, істемегенді істеттірдім деп әсіре қызылданып, несіне көкімің?! Өйтсем, оның өзі де бір оғаштық болмай ма! Осы күні шығып жатқан санаусыз кітаптардың бас қаһармандарына бас жоқ, көз жоқ, босқа еліктеп, «тасты жарып жол салдым, тауды бұзып қаналдар қаздым. Құрағытқан далаға су жіберіп, шөлейтті көкорай шалғынға, мәуелі бакқа айналдырдым, адасқанға жөн сілтеп, тура жолға салдым, сүрінгенге ақыл айттым, жебедім», деп сәуегейсісем, Сұлуқиядағыларға не бетімді айтам? «Өтірігіңе жол болсын, ол кезін белгілі еді ғой бізге» — десе не деймін? Қой, өйте алмаспын. Ерлікті, соңынан жұртты ерте білушілікті талап ететін заманымыздың жақсы нышандарын, асыл мұраттарын арзан жол тауып саудаға салар жәйім жоқ. Ұят тіпті. Ерте оян, ерте піс, ел баста, немесе кеш оян, кеш піс, көпке дейін өз басыңнан аса алмай жүр, әйтеуір ұстаған. жолың адал, ішкі сарайың сау, бағытың дұрыс болса, қашанда халқыңа пайдан тимей қалмақшы емес.

...Күн батты. Күндізгі аңызактың уыты қайтып, қоныржай самал тұрды. Манағы балапан бақтың ішімен келем. Мен кеткен кезде ғана жаралса да, енді азамат болып қалған өз аулымның бейтаныс жастары топ-топ болып, екеу-екеу болып олар да қыдырады. Баяғы біздерден киімдері де өзгеше, сән-салтанаттары да бөлек. Анық би алаңында да жігіт пен қыздар көп.

Бактан жастық күйі шалкиды.

Жүріп келем, соларды іштей қошаметтеп, қуанып, шалкып келем.

Міне, мына бір скамейкада басқалардан жырыла шығып екеу отыр. Жас қыз, жас жігіт. Бүгінгі күннің Қарғашы. Бүгінгі күннің Сапары. Көңілім соларға ауады. Әрі өтіп, бері өтіп жүріп, үндерін естігім келеді. Түсінемін оларды. Жүректерінің лүпілін түсінем.

Бала жігіт өзге дүниені ұмытып кеткен секілді, беріле сөйлеп отыр. Ал қыз, болса, байсал тыңдайды. Менімен шаруалары жоқ. Бір өткенімде жігіттің:

Айтшы, жаным, бірдеме деші! — дегені құлағыма келді.

Аяп кеткендеймін. Сол үн көкірегімнен жаңғырық тауып: «Бірдеме деші, бірдеме деші!» — деп сан рет қайталаймын.

Жігіт, сен кімсің? Бұл жерде «жаным!» деп отырғаныңмен қуыс кеуде, жалған сөзімнің иесімісің? Әлде арың таза, жаның таза, азамат болғалы тұрған өренбісің? Жас уыз қыз бала, сен кімсің? Адал жар болып, сүйгенінді аялауға жарайсың ба? Әлде «соқпа дерттен өлер деймісің?» дейтін айнымалы, ұшпа мінездің бірімісің? Кімдерсіңдер? Ұстаған жолдарың қайсы? Тазалық-адалдыктарың қандай? Болашақ армандарың не? Білгім келеді. Сұрағым келеді. Байқамаған болып қастарына барып отырам. Сәл ыңғайсызданыңқырап қалған қыз сы-

зылып тұра берді. Жігіт те түрегелді. Екеуі қатарласа жүрді. «Не іздеп келді қасымызға? Не жоқ екен үйінде бала-шағаларының қасында отырмай» деп бара ма? Десеңдер дей беріңдер. Бір кезде мен де сендер секілді жас болғам. Кеудемде шалкып алғашқы махаббаттың оты да жанған. Бірақ аялар шын иесі болмады. Соған мен де өкінем, әне, терезеден осылай қарап, сендерге қарап сәл ойланып қалған Қарғаш апаларың да өкінеді... Кенет дауыстап тоқтатып, шақырып алғым келді оларды. Шақырып алып: «Сыйласа көріңдерші, шырақтарым! Біріннің бірін жан дүниелеріне тереңірек үңіліп, ұғыныса біліндерші! Жер қазасыңдар ма, мал бағасыңдар ма, болмаса, әлемнің кең қиырларына жол салып, жаңалықтар ашасыңдар ма, ол өз алдына, жүректеріңді шын тулатқан асыл махаббаттарың болса, жас нәрестеше әлпештеп, аялай көріңдерші! Адам әманда жоқты іздейді. Барды, молды «бар екен, мол екен» — деп ойламайды. Іздемейді. Сендер де сондайсыңдар. Бойларыңда шып-шып, шүпілдеп тұрған мөлдір сезім бар. Мол сезім. Соны абайсызда білместіктен төгіп ала көрмендерші! Ен табиғаттың ішінде махаббат адамға ғана берілген. Ұлы жүректен ғана орын тапқан ол. Жүрек біткеннің бәрінде сол асыл махаббаттың оты лаулап тұрса, жарқырап күн де шығады. Жасанып көктем де келеді. Жылатып алмандаршы сол асыл нәрестені!» — дегім келді. Бірақ баяғы бір ұяндықтың салқыны соқты ма, шақырып ала алмадым. Айтайын дегенім көңілімде кетті.

*1965 жыл.*

# ИТ АШУЫ

## Бірінші тарау

### АЙҚАС

#### 1

**А**йналасын барақы тау қоршаған қан жайлау бүгін сондай бұлынғыр. Ұлпа мұнар дым бүркіп тұр. Шүйгін жайылымды еркін төстеп, шайлыққан қой отары өрістен ерте оралған. Жеңіл қалқан тал шарбақта бырт-бырт күйсеп, жайбарақат ұйлығысады. Қақпа алдында бетін үй жаққа беріп ақ тұмсық қара ит жатыр. Көзі есікте. Күнде далада, жерошақта лаулап жанатын от бүгін киіз үйге, темір пешке көшкен. Әлде қызылсырады, әлде қадірлі бір қонақ келеді, қайтсе де үй иесі келе салып бір тоқтыны алып ұрған еді. Қазір қазанда бүлк-бүлк ет қайнап жатыр. Қой жақтан шығатын үйреншікті шуаш ісіне араласып, жас сорпа иісі мұрынды қытықтайды. Бірақ ақ тұмсық қара ит тоқмейіл, селсок. Әлгінде ішек-қарын тазалаған кезде үй иесі қомақты бір қан-жынды «енбек сенікі, мә, Марғау!» — деп лақтырып тастаған.

«Марғау» дегеннің мағынасын қара ит түсіне бермейді. Әйтеуір күшік кезінен бастап құлағында осы сөз: Марғау. Марғау! Кә-кә-кә! Марғау, Марғау! Мә-мә-мә! Марғау, Марғау! Айт-айт! Не бермесін, қайда жұмсамасын, әйтеуір «Марғаусыз» рет жоқ. Содан барып осы сөз ақ тұмсық қара иттің құлағына сініп кеткен. «Марғау» — деді, бітті, құйрығын былғандатып атып тұра келеді. Ит көзінде сұрау: қане, не берейін деп едін? Қане, қайда айтақтайын деп едін?

Осы үйдегі жандардың бәрінде де осы секілді өз үлесіне тиесілі бірді-екілі аттары бар. Мәселен: үй иесі — селдір мұрт, еңкіштеу келген, ашан, қара кісіні сырттан келгендер «Лезбай» немесе «Леке» деп шақырады. Ал үй иесінің әйелі болса: «Әй», «өй», «әлгі», — деп, немесе көңілі түскенде «біздің үйдін кісісі» — деп атайды. Балалар жөні бір басқа: жыласа да, қуанса да — «әке, әке!». «Әке» — Марғауға

сондай жылы. «Әкелеген» бала даусын кейде «кәкәлеген» екен деп атып тұратыны да бар.

Бұл үйде бала саны үшеу: үлкені — Қанат, әлдеқашан оқу бітіріп, әйел алып, бөлек үй болып кеткен. Қазір Алматыда әлдебір ғылыми институтта әжептәуір іс басында. Одан кейінгілері — Дабыр, Адыр — тым жас балалар. Қанат пен бұлардың арасында талай нәресте болды деседі, бірақ бірде-бірі тұрақтамапты, туа өле берген. Кейде Лезбай қажыған бір сәтінде: «Қанат болса, жайына кетті, қалғандары жас, Көшенім мен Есенім тірі болса бүйтіп жалғыздық көрмеген болар едім ғой. Әйтеуір жанға медет, сен барсын», — деп Марғаудың басынан сипалағанын ақ тұмсық қара ит талай көрген. Қанат, шынында да, алыста жүрсе керек, ай аралатып қана келіп кетеді. Ал қалған екеуі кашанда Марғау алдында. Содан ба кім білсін, әйтеуір ақ тұмсық қара ит оларға еркін. Бала қолындағы нан, май, дәмді сүйекті алғысы келсе, іркілмейді. Бергісі келмеген бала пиғылы сезілсе, ырылдайды. «Ыр-р-р!» Бұл ырылды балалар өздерінше түсінеді де бірден көнеді. «Әне Дабыррр! — деп тұр». «Жок, мені емес, Адыр, — деп сені шапырған секілді», — деп таласа келіп, қолындағыларын лақтырысады.

Үй иесінің әйелі — ұзын бойлы, тарамыс денелі, әдемі ақ сұр келіншек — Ұмсындық. Жұртпен жылы сөйлесетін, ойнақы, сынық мінездің кісісі. Ұмсындықтың әсіресе көзі керемет. Иек бітімі дөңгеленіп келген ат жакты өңіне кейде тереңде жатқан алыс бір күлкінің ізін білдіріп, үлкен қара көзін төңкеріп тастайтыны бар. Бұл сиқырлы құбылыстың ар жағы немен тынарын Марғау жақсы түйсінеді. Даладан шаршап келген Лезбай болса, тез жадырап, әйелінің арқасынан қағады. Әлденеге айқайлап, аптыға келген біреу болса, әп-сәтте өзгереді де аттан түседі, үйге беттейді. Ал бұл үйге енген адамның қабақ шытып, реніш білдіріп шыққанын ақ тұмсық қара иттің байқаған кезі болған емес. Содан болса керек, Марғау көбіне келген адамды аттан жұлып алардай абалап қарсы алғанымен, кетер адамға үрмей, сол жатқан күйі қапысыз бақылап, көзімен ұзатып салады.

Бір қызығы, осы үйдегі үш баланың екеуі «Ұмсындық» деп, онын атын атайды. Тек ең кішкенесі Адыр ғана «тәтелеп» шақырады. Себебі: Ұмсындық бұларға өгей шеше. Туған ана Айған арғы жылдың күзінде дүние салғап. Содан кейін кешікпеді, осы үйге Ұмсындық келіп түсті. Түсе салысымен үй ішінің шаңын қақты. Айғаннан Қалған төсек-орынды тасып далаға шығарды да, әлдебір жаққа жөнелтті. Әлдебір жақтан қызылды-жасылды төсек орындарды әкеліп үйге енгізді. Жөнелтілген төсек-орында кісі исі, кір иісі бұрқыраса, мына келген дүниеде Марғау тұмсығына жат баска бір иістер бұрқырайды. Осыдан кейін ит құлағы: «Әйел болса

Ұмсындықтай болсын. Үй ішіне қыл жұқтырмайды. Өзінен тумаған балалардың үсті-басын қарашы, кіршік жок, тұянадай. Тумаған деуге аузың бармайды тіпті», — деген сөздерді жиі шалып қалатын болды. Әрине, бұл сөздердің мағынасын Марғау түсіне бермейді. Бірақ жұрт ықыласының дұрыстығын жадыранқы қабақтан танитыны айдан анық.

Тағы бір жаңалық: ендігі келетін адамдардың түрі де өзгеше: бұрынғы Айған бардағы қаба сақал шалдар мен басына ақ жаулық салған кемпірлер сиреп, олардың орнын Марғау көрмеген шолақ жең, қысқа етек біреулер келіп басты. Күн демейді, түн демейді, тіпті Лезбайдың бар-жоғы да есеп емес, келіп жатады, кетіп жатады. Марғау бұларға күні бүгінге дейін көндіге алмай жүр. Алдарынан ырылдап шығады да, көлденеңдеп тұрып алады. Мұндайда үйдегілердің бірі араға түсіп: «Әй, Марғау, кет былай!» — деп қарғысынан ұстамаса, ит алды қатты, кіміңді болсын сескентпей қоймайды. Ондайда Ұмсындық бәйек болып:

— Ана итті байла, біреу-міреуді қауып алып жүрер, — деп ескертіп жатқаны үнемі.

Бұрын Айған барда Марғаудың кей-кейде үйге кіріп, табалдырықта жататын әдеті болушы еді. Енді ол еркелік алыстап кеткен секілді.

— Үйге ит кірді деген не сұмдық, ыдысты арамдайды, бар, шығар, — деп бұйырады Ұмсындық.

Бірақ үй иесі самарқау:

— Осы үйдің кара табаны әуелі мен, содан кейін мына Марғау. Қайтесің, жата берсін.

Лезбай осылай жылы сөйлеген соң Марғау алдыңғы екі аяғын созады да, тұмсығын жерге төсеп, досына жылы, қасына сондай қаһар қызыл көзімен үй ішіндегі құбылысты тамыршыша қапысыз бағып жата береді.

Ұмсындық кескініне үйреншікті алыс күлкінің ізін жинайды да, үлкен көзін төңкере қарап:

— Ау, біздің үйдің кісісі, мен сізге не айтып отырмын, әлде естігіңіз келмей ме? Олай болса, мен кетейін, — деп сыпайы дауыспен ауыр салмақ тастайды.

Лезбайдың дымын құртатын осы бір қылық. Сәл қабағын шытып:

— Жә, жә, сен кеткенше, ит кетсін, — деп арбиған қолымен көзіне түскен дәмді комақтап алады да, Марғауға лақтырады. — Бар, Марғау, далаға шық. Кешікпей соңыннан мен де жетем.

Лезбай мен Марғау достығы осындай.

Обалы нешік, Марғауды жек көресің деп Ұмсындықты жазғыра қою да қиын. Үйге кіргізбесе, өзінше тазалық-тәртіпті жақсы

көргендігі ғана. Әйтпесе, шопан тірлігінде Марғау енбегінің қандай екенін Ұмсындық жақсы біледі. Әрі бағалайды да. Ерте демей, кеш демей әманда қадағалап, тамақ салып жүретіні де содан. Баска бір жаққа қонаққа барып келгенде де бірінші сұрағы: итке тамақ салдыңдар ма? Қолы тимей жатқан кезде де: «Әй, балалар, Марғау ашықты ғой, итаяғына ас құя салындаршы», — деп қамқорлық көрсетіп жатқаны. Ұмсындық әсіресе Лезбай жоқ кезде ұқыпты. Мал қайырып жүргенде әлсін-әлі кәкәлап, әлсін-әлі айтақтап қасынан шығармайды. Марғау ықыласы да соған орай. Рас, Лезбайға жасайтын еркелігін көрсетпейді оған. Сонда да: «Кәне, не қызмет жасайын, айтшы! Кәне, қай жауыңнан арашалап алайын, айтақташы!» — дегенді танытып, Ұмсындық алдында біршама жерде құйрығын анда-санда бір қозғап қойып, көзін қадап жататыны бар. Бір ретте шопан үйіне үш-төрт қонақ келді. Соның бірі Лезбайдың құрдасы Кенеш деген кісі еді. Әзілі жарасты Кенеш бұрын келген сайын құрдастығын танытып, Айғанды әурелеп, ойнайтын. Сол дағдысымен енді: «Өзім болмасам, Лезбайда не қауқар қалды дейсін, кел бері», — деп Айған орнын басқан Ұмсындықты құшақтай берем дегенде, тыныш жатқан Марғау атылып келіп, жарып тастай жаздаған еді. Тіпті Лезбайдың өзі араласып: — Марғау, кет былай! Ұмсындыққа келген жау жоқ, дегеніне де басылмай, жұрт тарқағанша арсылдап, төңіректі азан-қазан етіп жіберген-ді. Содан бері біреу-міреу келе қалса, зәрезат болып қалған Ұмсындық елден бұрын мазасызданып: «Ана итті байландаршы!» — деп жатқаны қашанда.

Лезбай анау айтқан алда жүрмесе де, өз ісіне ұстамды, тыңғылықты шопан. Жыл аралатып бәйге де алатыны бар. Бірақ ауызға көп іліге бермейді. Ауызға ілігу үшін көзге түсу керек, көзге түсу үшін әкім-қаралардың тілін тауып, ығынан жүру керек. Шынын айтқанда, Лезбайдың бұл өнерге қыры жоқ. Іздеп келгендері болса, қарсы алады, дегенін істейді. Бірақ өзі іздеп барып, ешкімге қолқа салмайды. Ерінеді. Айған марқұм: «Өйтпедің, бүйтпедің, барып сөйлеспейсің бе, айтпайсың ба түсіндіріп!» деп қыңқылдай беретін. Ондайда Лезбай жауабы келте:

— Тайға таңба басқандай айқын нәрсе, қайталап жатудың қажеті қанша, өздері де білмей ме.

— Әй, жазған-ай, өздері біледі деп жүріп талай үлесіннен мақұрым қалып келесің ғой.

— Неден мақұрым қалыппын? Бәрі де орнында.

Айған да таласып болмайды.

— Әне, ана Бұзаубайдың көрсеткіші сенен артық емес еді. Сонда да мақталынып жүрген жоқ па?!

— Өткен жылы бізге де бәйге тиген. Ана керегеде ілулі тұрған қызыл кілем сондағы сыйлыққа келген дүние.

— Қалай алғаныңды білем, «Бұл Лезбайдың өзіне емес, итіне берілген сыйлық», — деп Қарғабектің жар салғаны да есімде.

— Ішкен адам не демейді.

— Ішсе де ішіндегісін айтады.

Іс беті теренге тартқанда Лезбайдың жығыла салатын әдеті:

— Тіпті Қарғабек дұрысын айтады. Ол бәйгеде ит үлесінін бары рас.

Ерлі-зайыптылар арасында бұл жиі қайталанатын сауалдар. Және бір қызығы, осындайда Лезбай әңгімені Айғанға емес, итіне қарап отырып айтады. Содан болса керек, Марғау сөз төркінін аңғаратын секілді, «мақтағаныңа ризамын» дегенді танытып, құйрығын былғандатып қояды.

Марғау ел ішінде лақапқа айналып бара жатқан ит. Сол себепті, оны қалаушылар көп. Тіпті: «Бұзаулы сиыр берейін, итінді сат», — дегендер де табылған. Лезбай бірақ баспайды.

— Не қаласандар да берейін, жалғыз-ақ итім мен қатынымды қолқаламасандар болғаны. Көңілдерін қалады.

Лезбай сөзінің жаны бар. Марғау бұл өңірде мүлде бөлек жаралған хайуан. Жазды күні осы бір қан жайлауда талай ел тоқайласып, талай иттің басы қосылады. Тіпті кейбір еріккендердің ит таласын қызықтайтыны да бар. Сондайда Марғау алдына ит баласы түсе алмайды. Қандай бір арылдап, жұлқынып тұрған төбеттердің өзі Марғауды көрсе бітті, екі-үш рет айналып, әр жерін бір иіскейді де, басылып қалады. Ал Марғау болса, «өзара ырылдасып, таласатындай не болды осы сендерге, алысқа қараңдар!» — дегендей мойынын ілгері созып маңкиып тұрып алады. Оның осы бір тұрысын түсінбеген төрт аяқты бір туысы табыла қалса, Марғау ауыз салмайды, артқы аяғымен бір-екі рет жер тарпып, топырақ лақтырады да, жақындай беріп, кеудесімен соғып жібереді. Ана тентекке осы да жеткілікті. «Өзіме де осы керек еді, сазайымды тарттым» — дегендей, құйрығын қысып алады да жымып отырады.

Мұндайда Лезбай даусы көтеріңкі.

— Әкел, бәйгемді беріндер!

— Иттер таласқан жоқ, бәйгені қалай алмақсың?

— Иттің екі аунап тұрды. Ол аз ба саған?..

— Өй, сенің итіңде бір сиқыр бар. Таласам деп келмейді.

Лезбай мәз болып, қарқылдап күледі.

— Менің итім ит алмайды, қасқыр алады...

Міне, Лезбай иті осындай.

...Кенет Марғау тұмсығын көтерді. Әлгі бір таныс иістерге араласып, басқа бір жат иіс келетіндей.

Ит тұмсығын жел жакка бұрып, ұлып басылды. «Сактанындар, бір сұмдық жаман иіс жакындап келеді» дегені. Денесі түршікті. Бүкіл орамды бензин иісі алып барады. — Марғаудын жек көретін иісі.

Ит қарғып тұрды. Бетін жол жакка беріп, екі-үш дүркін дүңк-дүңк етіп үріп қойды. Бұл оның — «манайға жоламандар! Мұнда мен бармын», — дегені.

Бірақ бұл үрісті үйдегілер өзінше түсінсе керек.

— Ит үрді, келген болар? — деп Лезбай, оның соңынан Ұмсындық жүгіре шықты.

Осы кезде төменгі беттен қалқайып жүк машинасы көрінді. Гүріл естілді. Марғау атып тұрып абалай тартты. Лезбай даусы өктем:

— Марғау! Қайт былай! Ұмсындық та қосарланып жатыр.

— Біреу-міреуді жазатайым етер, байлап қойсайшы.

Ақ тұмсық қара ит осындайда үй иесін түсінбейді — кім, не пиғылмен келе жатыр? — Қайдан біледі? Қымс етсе жеку: қайт кейін! Кет былай! Ал кетсе кете салады. — Мысы құрыған Марғау қайтып оралды да, иесінің аяғына келіп жатты.

Әлгіндей болмай-ақ машина келіп тоқтады. Кабинадан орта бойлы семіз қара жігіт түсті. Қызық, үрген мес секілді буылтық-буылтық. Лезбай жайшылықтағы жайбасарлығын жайына қалдырып, қалбалақтай барып қолын ұсынып жатыр:

— Түсе қалындар. Хабар кешірек жетті. Сонда да бәрі дайын, күтіп отырмыз.

Жігіт қолы селқос созылып, ерні ғана жыбырлады. Не дегенін Лезбай түгіл, сак құлақ Марғау да ести алған жоқ.

Кейінірек тұрған Ұмсындық еркінрек басып алға шықты.

— Қайным-ау, көптен бері көрінбей кеттің ғой тіпті. Бұл қалай, ағанды біржола ұмытқаның ба сонда? — деп қонақ пен күйеуіне кезек қарап күле, еркінсі сөйледі. — Сен келеді дегенге мына кісінде ес жоқ: «Шайынды қой, етінді тезірек пісір». Соншама әбігерленетін не болып еді дейім. Ерегестірсең шай да қоймаймын, ет те аспаймын.

— Сабыр, сабыр, бәйбішесі! — деді Лезбай Ұмсындықтың асыңқырап бара жатқанын байқап.

Қара жігіт кілт өзгерді, ұмтылып барып, қолын Ұмсындыққа күле ұсынды.

— Ашуыңызды қиыңыз бір жолға, женешесі. Бұдан былай ат ізін суытпай келіп тұратын боламыз. — Қателік осылай жөнделеді.

— Е, бәсе, сөйтпесен ат-шапан айып тартасың.

— Жә, енді үйге бар да, тамағынды әзірле, — деп Лезбай аздап қарсылық білдірді.

Ұмсындық қонаққа көзін төңкеріп бір тастады да, болар-болмас күрсініп үйге беттеді.

Марғау бұл қараны да жаксы біледі. Әманда Лезбайды ығыстырыңқырап, өктем сөйлеп жүретін Қарғабек деген жігіт. Бұрын Айғанның барында айында, жылында бір-ақ көріне салып, жоқ болатын еді. Ұмсындық түскелі келуді жиілетіп жүр. Сөйтсе де жеңешесіне жакпай жатыр, неліктен? Бұл, әрине, Марғаудың ақылы жете бермейтін шаруа.

— Ал жана жерге қашан көшесің?

Лезбай даусы катын дауыстанып жіңішке шықты:

— Қареке, өзіне қарап отырмыз ғой.

— Не қарайтыны бар, дайындала бермейтін бе кісі деген. Ауызға қашан шайнап салады деп қарайсыңдар да отырасыңдар ылғи.

Шопан күмілжіңкіреп қалды. Дүниеде жанға теңгермейтін Лезбайға осылай сес көрсетіп, сыздана келетін осы мес қараны Марғау жек көреді. Қарғып тұрып, қара санға ауызды көме салар ма еді! «Сен өзін кіммен, қалай сөйлесіп тұрсың», — дегендей ырылдай бастады. Сол кезде Қарғабектің көзі ит көзіне түсті. Сондай ашулы, қып-қызыл, шошынарлық көз.

— Өй, мына итіңнің түрі жаман ғой, тіпті. Алып кетші кәпіріңді.

Лезбай итінің қарғысынан алды.

— Келіп жүрген адамды таниды, қаппайды.

— Қаппай-саппайынды білмеймін, тайыншадай екен құрғырың!

Лезбай мәз бола күлді.

Үйден Ұмсындық даусы шықты:

— Байлап қой деп едім ғой мен саған. Біреу-міреуді жазатайым етеді.

Лезбай әйел сөзіне құлақ асты. Итті қой шарбағына апарып байлады да, қонағына қарады.

— Ал үйге жүріңдер. Қарғабек машина жакқа бұрылды.

— Ау, түссендерші.

Машина үстінде отырған екі жігіт қарғып жерге түсті. Қарғабек таныстырып жатыр.

— Мынау бала — құда бала, мына бала — жиен. Екеуі де Алматыда оқиды. Демалысқа ауылға келген екен. «Жайлауымызды көріңдер», — деп әдейі алып шықтым.

— Ә, бәрекелді. Дұрыс болған. Жайлау аралап, бой көтергендерің жаксы.

Екі жігіт Лезбайға қол беріп амандасты.

— Баспаймын, — деді ұзын мойын шүңірек көзді.

— Таспаймын, — деді аласа бойлы ақ сарысы.

Қарғабек түсіндіріп жатыр.

— Лезбай бізге аталас ағайын. Оның үстіне қак-сокта жұмысы жоқ, қойған жеріңнен табылатын сенімді адам.

— Ал ас дайын, үйге кіріңіздер.

Қонақтар дабырласып үйге беттеді.

— Төрлетіңіздер! — деген Ұмсындық даусы айқын естілді.

— Ау, біздің үйдің кісісі, әлгі итті байладың ба?

— Неге мазасыздандың? Байладық.

— Біздің үйдің кісісі осы ит десе жанын береді. Келген-кеткенді қауып алар-ау деп ойламайды, тіпті.

— Өзі де итім-ақ екен. Қасқыр алатын-ақ шығар? — деді жас қонақтың бірі.

— Қасқыр алады деген сөз бе, тәйірі. Менін итім жолбарыс та алады. Өткен жылы бір топ ұялас қасқырдың ортасына түсіп, содан да аман қалған, — деп Лезбай көтеріліп қойды.

Кенет бұрқ етіп тағы бір жат иіс шықты. Марғаудың тағы бір ұнатпайтын иісі — арақ иісі. Шыны сылдырлады. Дауыстар зорая бастады. Солардан бөлініп, Ұмсындық даусы сынғырлап айқын шығады.

— Алсайшы, қайным-ау. Жаманнан жарты аяқ ас қайтады дегендей... Жас қозының еті, жемдер.

— Ал, жеңеше, өзін де алып жібер.

— Жеңешен әлдеқашан-ақ жұтып қойған, қайным. Кезегінді өткізбе.

Енді Қарғабек даусы жырылып шықты.

— Жеңешем менің сөйтеді. Әттен, мына секілді шал-шапқытқа қор болып жүргені болмаса, азамат қой. Ал кәне, жеңгіміздің ден-саулығы үшін алып тастайық.

— Ал кеттік!

Тағы да шыны-аяқ сылдырлады. Марғау қарғы бауын сүйретіп былайырақ барып жатып еді, киізі апшып кейін кеткен босағадан үй ішіндегілер айқын көрінді: Лезбай төменде онашалау қалыпты. Төрде екі жас қонақ. Олардың сол жағында оң жамбастап Қарғабек жантайған. Оған таяу Ұмсындық. Сорпа сапырып жатыр. Екі бала қазан арасында: Үлкені бірдемені шұқып жеп әлек. Адыр ұйықтап қалғанға ұқсайды.

Арақ ішкен соң ұзын бойлы шүнірек көз қонақтың тілі шығайын деді:

— Қарасеке-ау, шал-шапқыт дейсің. Лекен әлі қарап тұр ғой, — деп бір пәленің басын сабақтап қойды.

— Шал-шапқыт емей немене, қанша сүйресен де ілгері бір бастайды, төрт табандап жатқаны.

Енді аласа бойлы ақ сарысы киліге кетті.

— «Төрт табандап» деп қалай кемсітесің кісіні! Екі табандап десен бір сәрі. Төрт табан малда ғана болады.

— Ай, мына Таспайдың қуын-ай! — деді Ұмсындық шамданыңқырап. — Қарғабек дұрысын айтып отыр. Біздің Лекен жарықтық

ұмтылмайды ғой. Ұмтылса, әлдеқашан-ақ герой болып кететін еді ғой.

Қарғабек қыза сөйледі.

— Жұрт жүз елу бес козы, жүз алпыс жеті козы, жүз сексен козы... деп уәде беріп жатады. Ал мына шал болса: «баска бас» деп сіреседі де қалады.

— Басына бас қосу да аз шаруа емес-ау, жігіттер, — деп түйді Лезбай.

— Өне, айттым ғой. Әй, шал, сен осы ең алдымен, осы бір кертартпа пиғылдан құтылуың керек. Осы пиғылдан құтылсаң, жүз елуді де, тіпті жүз сексенді де ала аласың, — деп Қарғабек қыза сөйледі.

Лезбай осындай бөспе сөзді ұтнатпайды. Төтелеп кетті:

— Қалай ала алам? Жаздың ыстық-суығы бар, қыстың қалың жауған қары, көк тайғағы бар. Мал іш тастамай тұрмайды. Өлім-жітімі, ит-құсы тағы болады. Қалай алам сонда?

— Жұрт қалай алады?

— Оны менен сұрамай-ақ қой, Қарғабек. Жұрттың қалай алатынын сен де білесің, мен де білемін. Өйтіп көрсеткішке ие болмай-ақ қойдым.

Қарғабек мықты бір дәлел іздеді ме, ойланып қалды.

Марғау Қарғабектің күмілжіп, иесінің үстем шыққанына разы болды білем, тұмсығын көкке беріп бірер рет «ап-ап!» деп тынды.

Қарғабек байсалды.

— Қазір біздің алдымызда үлкен мақсат тұр. Қой басын елу миллионға жеткізуіміз керек. Үкімет талабы осы.

— Қостанайлық бір қыз «алпыс миллионға да жеткізе аламыз» — деп уәде берген, — деді Баспай мен Таспай жарыса сөйлеп.

— «Қой басын елу миллионға жеткізіндер!» — десе, бар-жоқ мүмкіндік ескерілген мамандардың есебі болар. Ал сол жерде мінбеге шығып алып, алпыс миллионға жеткіземіз деп айқайлаған қыз енесінің бәтегіне сүйеніп айтты ма екен?

Екі жігіт шегі қатқанша күлді.

— Байқаймыз, Қареке, Лекен сөзге алдыратын емес.

Қарғабек қабағын түйді.

— Қызда айып жоқ. Еш есепке сүйенбесе де, ұран тастады. «Алпыс миллион!» — деп айғайлап жүріп, үкімет талап еткен елу миллионды шығарсақ, бірдеңеміз кете ме?!

Лезбай шоқша сақалын қайырып апарып ерніне жымқырды. Ашуланған секілді.

— Түсінбеймін. Бұрын арық айтып, семіз шыққанға не жетсін деуші еді. Сендердікі баскаша. Семіз айтасындар да, арық шығарасындар.

Ұмсындық күйеуіне жакындады.

— Ішкен кезде әдетін-ау, таласа кететін. Қонақтарына алдырып қоймайсың ба?

Лезбай артығырақ кеткенін енді байқап, зорлана күлді.

— Ойбай-ау, солай екен-ау. Ал мына екі інішектің денсаулығы... деп жіберейік...

— Десек, дейік.

Байлаулы жатқан Марғау ыңырысқан секілді бір дыбыс шығарып, есінеп қойды: осы бір ішкілік құмарлығында не қасиет бар екен? Ақылы жетпейді. Ішіп-жемнің бәрі табиғат талабы. Шөлдесен су ішіп, аңқанды басасын. Орта қарынды ет жеп толтырасын. Ал осы арақ деген пәленің тірлікке не септігі бар? Міне, Марғау болса, сол шіркінінді татқан емес. Сонда да өлген жоқ. Ал адамдар болса, ішеді кеп, ішеді кеп! Содан кейін дабырласып сөйлеседі кеп. Жай сөйлессе бір сәрі, қызыл кеңірдек, айкайға барысады ғой, тіпті. Дүниенің тұтқасын қолына алып, талай ғаламат сырларды ашып жатқан ақыл иесінің осы бір қылығы мүлде түсініксіз.

Марғау ойлай алса, осындай бірдемелерді топшылар ма еді, әйтеуір ұзақ жатты.

Кенет радиоқабылдағыш күтірледі. Ит көзін тағы да босағадағы саңылауға қадады. Таспай барып радиоқабылдағыштың құлағын бұрап жатыр екен.

— Израиль самолеттері арандату мақсатымен тағы да Ливан үстінен ұшып өтті.

— Әй, жиен, таста оны, одан да мұнда кел, өлең айтамыз, — деп Қарғабек шалқая беріп сыртындағы Таспайға бұрылды.

— Е, бәсе, — деп Ұмсындық жанып кетті. — Анда-санда бір кездескенде өстіп көңіл көтеріп қалайық та.

Қарғабек басын көтерді.

— Әй, балалар, сендер білесіндер ме, мына Ұмсындық жеңгелерінің даусы бар ғой, сынғырап тұр. Әнді осы жеңгелеріне салдырайық.

Ұмсындық қара көзін күйеуіне бір төңкерді де, наздана күлді.

— Қай жөнді дауыс дейсің. Біздің бастан тарак қалғалы қашан.

— Ал, тындайық. Кәне, айтып жіберіңіз.

Лезбай анықтай түсті.

— Жеңгелерін бұрын әлгі немене деуші еді: самодетел ме еді...

Екі қонақ тез аңғарып, тез түзету жасады.

— Самодеятельность. Народная самодеятельность.

— Иә, иә, сол самодетелге қатысып, бәйге де алған.

— Біздің Ұмсындықтың даусы Бибігүл Төлегенованың даусынан бір де кем емес. Лекең жайдан-жай соқтыға ма! — деп Қарғабек көзін қысты.

Лезбай ракаттана күлді.

— Сол самодетелмен келіп-кетіп жүргенде көзім түскені рас еді.  
Ұмсындық сөзі астарлы.

— Ау, шалым, аузына тентек су тиген соң, қутындап барасын, байка, қонақтар кеткен соң, баяғы таз кебінді қайта киіп қалып жүрме!

— Ол есептерінді өзара айырыса жатарсындар, ал, кәне, ән салып жібер. Лебізіңді естімесек, неге келдік дейсің. Ет пен арақ басқа шопандарда да бар.

— Қайным қолқалаған соң, амал жоқ. Айтсам айтайын. Сөкпендер, — деп Ұмсындық қолына шай табақ алды.

Даусы шынында да сынғырап тұр екен. Әлдебір созымды да нағды, мұн аралас бір халық әнін бастап кетті де, қайырмасына келгенде ауыздан шыққан үнді шай табақпен қайырып, ойнатып жіберді.

*Алма ағаштың гүліндей-ай,  
Текеметтің түріндей-ай.  
Өтіп өмір барады-ай,  
Ешбір жанға білінбей-ай!..*

Екі жас қонақ мәз болды. Қарғабек сәл үнсіз отырды да, күрсініп қойды.

— Иә, өтеді, өтеді ешкімге білінбей. Ал кәне, осы жеңешемнің даусы үшін алып жіберейік.

Лезбай босаған шынылардың әрбірінің түбін сығалап, абдыранқырап қалды.

— Апыр-ау, ештеңе қалмаған ба? Ұмсындық, қалған-құтқан бірдемең болса шығар бермен.

— Жоқ болса нені шығарайын? Аана автолавка келгенде көбірек алып қал дегенімде, тағы да келмес дейсің бе, осы да жетеді деп болмап едің, ал тап енді.

Лезбай желкесін қасыды. Қарғабек даусы өктем.

— Әй, шал, немене сыздыктатып? Бірер шөлмекті артық ала салсаң, дәулетің шайқалатын ба еді? Әлде қаражатың жетпей ме?! Онда мен берейін.

— Апыр-ай, ә? Жететін-ақ секілді еді. Қой, онда мен дүкенге шабайын.

Қарғабек шалқая жатты.

— Атпен барып, келгенше қай заман? Мына машинаға мін онда. Баруың, қайтуың, алуың бар, бір жарым сағат. Бір минут кешіксең, тоспаймыз, көршіңе қарай қоныс аудар саламыз.

— Апырай, ә! — деп Лезбай машинаға мінді. Манадан бері есікті бағып жатқан Марғау бірер рет жұлқынып, үріп тынды.

— Мені тастап қайда барасың? Бірге барам, — дегені.

Лезбай машинадан қолын бұлғады.

— Мен кетем, сен кетесің, қойға кім ие болады сонда? Кешікпей қайтып келем. Жат орнында.

Марғау бұл сөзді түсінген секілді. Жаман иттерше шәуілдемей қалып қойды.

Жанбыр былжырап, сылбыр жауады. Қалқан ішіндегі қойлар жайбарақат. Бір ырғақты күйіс қайырады — бырт-бырт. Кеш түсті. Тау жақтан соғып өтер салқын леп қилы-қилы дыбысты, қилы-қилы иісті алып өтіп жатыр — күрс етіп биік заңғарға тас құлады. Әне дүбірлетіп бір жел аяқ аң қашып барады. Әлдеқайдан қасқыр ұлып жатыр. Бір кезде тау астынан аю өкірді. Бір заңғарда құйын тұрған секілді — ағаш басы суылдайды. Кенет мүк иісі, шіріген өлексе иісі жосылып өтті. Марғау бірақ селт етпейді. Өйткені бұл иіс пен дыбыстардың бәрі де ит құлағы ғана шалып, ит тұмсығы ғана сезе алатын қиян шалғай алыстан келіп жатыр.

Киіз үйдің есігі ашылып, Баспай мен Таспай сыртқа шықты. Марғау ұмтылғысы келіп бір оқталды да, масаңдау екі жігіттің бал-бұл жанып, қызара бөрткен зиянсыз түрін көріп тез басылды. Сөйтсе де ата тегінің дәстүріне бағып, қырағы көзімен іс-әрекеттерін қадала, қапысыз бағуда.

— Төңірек қандай тыныш! Ауа қандай таза! — деп Баспай тамсана керілді.

— Тіпті селкеу шыққан бір дыбыс жоқ!

Марғау ит болмай, адам болса ішек-сілесі ката күлген болар еді. Ит болған себепті бірер рет «әуп-әуп!» — деп қойды: «Оттапсындар! Айналаның бәрі жақсы-жаман иіс пен сыбысқа толы. Бірақ оны естіп, сезуге сендердің қабілеттерің жетпейді», — деп ашу-зілсіз әзілдегені секілді.

Екі жігіт шошып қалды.

— Ойбай-ау, мына жерде ит бар екен-ау! — деп кейін серпілді де, әрірек жатқан өзенге қарай беттеді.

Ұмсындық ескертуден кенде емес:

— Байқандар, жігіттер, біздің үйдің иті қабаған ит, жазым етіп жүрмесін.

Ит көзі тағы да үй ішіне түсті. Ұзақты күн далада ойнап, шаршаған балалар жас ет пен ыстық сорпа буындарына түссе керек, отырған жерлерінде қылжиып-қылжиып ұйықтап қалыпты. Қарғабек енді сол жағына қарай жамбастаған. Ұмсындық дастарқанды кейінірек сырып, тізерлесе отырды.

— Сорпа ішпейсін бе, қайным?

Қарғабек қолы Ұмсындықтың мықынына барып қалғанын Марғау анық байқады.

— Ұмсындық секілді тәтті жеңгесі у берсін, қайнысы сескенбейді. Ішіп салады, — деп Қарғабек Ұмсындықты өзіне тартты.

— Әлгі жігіттер келіп қалар...

— Олар аға сырын ерте танып, қылығын бағып өскен балалар. Жаман шалың оралмай, бұл манайға жоламайды.

Ұмсындық үндемеді. Қарғабек енді әйелді екі қолымен қармап, көтеріле берді...

Өзі өлсе де, иесін жау қолына қалдырмайтын ит атаулының қанына сіңген қасиет емес пе. Сөз төркінін түсінбегенімен, әр қимылды манадан бері қапысыз бағып жатқан Марғау күнде алдына ас-су салып жүретін Ұмсындықты жат табанның астында қалай қалдырсын, жұлқына абалады.

— Келіп қалды ғой деймін. — Ұмсындық жүгіріп далаға шықты. Ешкім көрінбейді, келмепті. Лезбай кеткен төменгі бетте қыбырлаған жан жоқ. Қарғабек сөзі де рас екен — Екі қонақ өзенді өрлеп, едеуір алыстап кеткен. Жуыр манда орала қояр түрде емес.

— Біреу әкетіп бара жатқандай неменеге абалайсың? Жәй жат! — деп итке жекіді де, Ұмсындық үй айнала беріп сәл кідірістеп, ішке кірді.

— Кім екен? Кешіктің ғой? — Қарғабек даусында діріл бар.

— Ешкім көрінбейді.

— Ит неге абаланды?

Ұмсындық ойнақы.

— Оны иттің өзі біледі де.

Қарғабек күліп, келіншекті тағы өзіне тартты:

— Сайтансың ғой деймін... Тезірек келші! Сондай сағындым...

— Қайдам?! Басқа бір тәтті жеңгенді тауып алып жүрмесең. Келуді сиретіп барасың.

— Сенен тәттісі дүниеде жоқ сонда да. — Қарғабек әйелге қарай аунай бастады...

— Шалдан ұят болмай ма? — деді Ұмсындық. Бірақ қарсыласатын сынайы жоқ. Құмға сіңген батбатқа ұқсап, алпамса дененің астына қарай батып бара жатыр...

Ит тағы да үріп, екі-үш рет ышқына ұмтылып еді, шарбақ талы суырылып кетті. Өз екпінімен бір домалап тұрған Марғау атылып келіп есікті тырмалады.

Босанған Марғаудың үйге оңай кіре алатынын білетін Ұмсындық шыр ете түтті.

— Ойбай, тұр, Қарғабек! Ит босап кетті, өлтіреді қазір. — Алқынған Қарғабек әйел сөзіне құлақ қойған жоқ.

— Босанғаны жақсы!..

Осы бір екеу ара қайтарма сөздің ырғағынан бөтен адамның Ұмсындықты жәбірлеп жатқанын анық түсінген ит аяғымен тырма-лап есік тиегін ағытты да, Қарғабекті бас салды.

Қарғабек есін енді жиғандай. Жан дәрмен дегенде зорға аунап түсті.

— Мына атана нәлет кайтеді?! Өлтіретін шығар.

— Айтпадым ба, мен саған! — деп бәйек болған Ұмсындық даусы енді ашы шықты. — Марғау! Марғау деймін, кет былай!

Бірақ Марғау тындамады. Жігіттің майлы жеріне ауызды салып жіберіп, сілкіп-сілкіп қалды. Қарғабек те өлермен. Суға кеткен адамша екі қолын ербендетіп итті басқа-көзге төпелеп жатыр. Марғау шымыр, бой берер емес. Ит пен жемтікке айналған адам допша кезек домалап есік көзіне дейін барды. Ыдыс-аяқ салдыр-гүлдір, балалар жылап оянды. Қазан ақтарылды. Ендігі айқас майлы сорпа үстіне ауысқан. Қарғабектің үсті қан жоса. Бір ұрымтал кезеңде Ұмсындық кеп иттің қарғысына жабысты. Босап қалған жігіт ұшып түрегеліп, ілгері ұмтылып еді, түймесі ағытылған шалбары төмен сырғанап, аяғына орала кетті. Табалдырық көзінде Қарғабек үш домалап, өлдім-талдым дегенде далаға шықты-ау, әйтеуір. Жығылса да қарғыдан айырылмаған Ұмсындықты сүйреп, Марғау да сыртқа ұмтылды. Қараса, шалбар бір жақта қалған. Қарғабек өрт ішінен қашқандай, іш киімінің арты жарқылдап салып барады. Ит арылдай ұмтылды. Қанша мықты болғанымен қара жерде кісі сүйреу оңай ма. Ұмсындық зіл қара тас секілді. Марғау арс-арс етті: «Жанынның барында жібер! Әйтпесе өзіңді қан жоса қыламын!» дегені. Бірақ, өлсе босатар әйел жоқ. Соны түсінді білем, жемтігінің құтылып кетерін білген ашулы ит ендігі сәтте арс етіп тұп-тура Ұмсындықтың өзіне бас салды. Қарысқан қол жазылып жүре берді. Марғау қашқын соңынан түре түсті. Осы кезде есік алдына машина келіп тоқтады да, кабинадан Лезбай қарғыды.

— Әй, Марғау, қайт кейін!

Иесінің даусын естіп, Марғау қалт тоқтады. Ұмсындық даусы ашы.

— Табан астында ит құтырды, ит. Мені де, міне, қан жоса етіп тастады. Неғып тұрсың? Өлтірді ғой аналарды. Қайырсайшы кейін қарай! — деп ашылған-шашылған жерлерін жауып тұра берді.

Лезбай итінің қарғысынан алды. Даусы зілді.

— Тырп етсең, жаныңды шығарам, қозғалушы болма!

Марғау дүңк-дүңк етіп үріп тынды: «Мен емес қой кінәлі. Кінәлі ана екеуі ғой. Сені мазақтаған соң шыдай алмадым ғой» деп тұрған секілді Лезбайға.

— Ойбай, байқа, шалым, сені де қауып жүрмесін! Сау емес дедім сау емес. Табан астында құтырып шыға келді. Міне, көрмейсің бе, күнде тамақ беріп жүрген менің өзімді де алып тастады.

Тенселе басып Қарғабек жақындады. Марғау қайта атылды. Табандап тартқан Лезбайдың өзі сырғанап барып жығылмай зорға қалды.

— Қайтеді мынау? Қой деймін, Марғау!

— Андағын құтырған, қәне табанда құрт көзін! — деді Қарғабек.

– Түкке түсінсем бұйырмасын, – деп Лезбай алба-жұлба әйеліне бір, шалбарсыз қалған Қарғабекке бір қарады.

– Түсінбейтін ештеңе жоқ. Сыртқа шығып едім ай-шай жоқ, итін кеп бас салды. Шалбарды беріп зорға құтылдым.

«Шіп-шикі өтірік айтып тұрғаны!» – дегендей Марғау қайта ар-сылдады.

Қарғабек ашулы. Үй іргесінде жатқан келдекті алып итке ұмтылды.

– Құтырған иттің көзін жоғалтасың ба, жоқ па?!

Бір кәкірдің барын Лезбай сезген болса керек, ашуға булық-кандай. Аяқ-қолы дірілдеді.

– Жоғалтпасам не істейін деп едің?!

Қарғабек сөзге келмеді.

– Мә ендеше сазайы! – деп жұлқына ұмтылып тұрған итті жамбасын ала беріп келдекпен соғып жіберді.

Ит қаңқ етті. Лезбай келдекке жармасты.

– Әкеннің ауызы! Жібер деймін. Аянар жер қалған жоқ, қан қылам! – деп бакырды Қарғабек.

– Әй, бала, не деп шатып тұрсың? О не дегенің?

– Дегенім деген! Білдің бе? Итінді әдейі босатып кетіп отырсың, білдің бе? Маскараламаксың, ә, сөйтіп?!

Мұндай жалаға жаны төзбейтін Лезбай ашуға булықты. Аянар жер қалған жоқ.

– Әкеннің аузы олай болмайды, былай болады! – деп тоқпақ жұдырығымен құлақ шекеден бірді қонжитып жіберді. Ит талап әлсіреген Қарғабек қалпақтай ұшты. – Айт! Айт! Марғау!

Бірақ Марғау басын сәл көтеріп, ыңырси үргені болмаса, орнынан қозғала алмады.

– Тұра тұр, бәлем. Енді көрінеу итке талатпақ екенсің ғой?! Итке талатқанды көрсетейін мен саған! – деп Қарғабек тұра беріп машинаға жармасты. – Ай, балалар, жүр кеттік. Милицияға барамыз.

Айғай-шуға жүгіре басып келген екі жігіт ештеңеге түсінген жоқ. «Не болды? Не болды?» – десіп қозғала берген машинаға отырды.

Қарғабек шалбары есік көзінде қалды.

## 2

Лезбай үйі түн ортасы ауғанша жатқан жоқ.

– Құрт көзін құтырған иттің! – деп зарланды Ұмсындық. – Міне, қолымды көрмейсің бе? – Расында да Ұмсындықтың сол білегінде ит тісінің танбасы. Қан әлі тоқтамапты. – Құтырған ит иесіне шабады деген осы.

— Құтырса маған неге бас салмады? «Қайт былай!» дегенімді тындап, кейін бұрылды ғой, — деп Лезбай көңгісі келмеді.

Екі бала екі жақтан шулап қоя берді.

— Марғау құтырған жоқ!

— Марғау құтырды деп тәтем өтірік айтады.

— Құтырған, құтырмағанын сендер қайдан білесіңдер? Жайларыңа бағып, тыныш жатыңдар? — деп, Ұмсындық зілдене сөйледі.

— Мен білем. Ана кісі тәтемді барып бас салып, үстіне шықты. Марғау сосын ыза болды. Мен де тәтемді өлтіреді екен деп қорықтым, — деді кішкене Адыр.

Ұмсындық шыр ете түсті.

— Айдың, күннің аманында не көрініпті кісі өлтіретін?! Қайта мен емес пе иттің қарғысына жармасқан: Соған қарамастан, сүйреп апарып, есік көзіне домалатып кеткен жоқ па?

— Жә, жә! Болды енді! — деді Лезбай ұнатпағандық білдіріп. — Мына сөзіңе қарағанда айқас үйде өткен секілді ғой?! Ал, Қарғабек болса, әлгінде далаға шыққанда бас салды демеп пе еді?!

Ұмсындық жол тауып кетті.

— Далада бас салды. Қарғабек сосын қашып үйге тығылды.

Лезбай үндемеді. «Осы үйдің менен кейінгі естияры сен едің ғой. Не айтасың? — дегендей әкесі Дабырға қарады. Кішкене Адыр байқаған жайдан Дабыр мүлде бейхабар екен.

— Мен әлгінде Марғаудың қасына барып едім, басын менің аяғыма салып ынырсыды, — деп сөзді мүлде басқаға бұрды.

Адыр таласа кетті:

— Мен анық көрдім: көзінен жас парлап жылап жатты ғой. Сен ынырсыды дейсің.

Адыр әлгі сөзді бөлелікпен айтпаған секілді.

Ұмсындық енді әлденіп алды.

— Көресің, қазір көзін құртпасаң, ертең ауданнан кісі келіп, не атып тастайды, не жынын тексеруге алып кетеді.

Дабыр мен Адыр шулап қоя берді:

— Аттырмаймыз. Бермейміз!

— Біз үстіне түсіп, жатып аламыз!

— Атып көрсін осыдан! Сосын мен барайын да әкемнің мылтығымен олардың өздерін атайын! — деп кішкене Адыр сөзді нығырлап қойды.

— Адыр дұрыс айтады. Әкелі-балалы бәріміз жабылып, Марғауды бізешкімге бермейміз. «Атамыз» дейтіндер табылса, қолында өлеміз, — деп Лезбай түйе сөйледі.

— Әйтеуір, мен айтпады деме, — деді Ұмсындық сәл басылыңқырап.

Үй іші бірте-бірте ұйқыға ауысты. Марғау ғана ояу. Жамбаста жан жоқ секілді. Қозғайын десе, икемге келмейді. Тілімен ұзақ жа-

лап, жаранын қанын тазартты. Неге екені белгісіз, ұлығысы бар. Тұмсығын жоғары созады. Бірақ шама жоқ. Ішкі сарай өз орнында секілді емес. Оның үстіне ұлығанды үй иесінің жек көретіні де жатында. Айған байғұс көп ауырды ғой. Бір ауық түрегеп жүретін де жатып қала беретін. Сондайда үстіне ақ халат киген дәрігерлер келіп, Айғанды айлап алып кетеді. Айған кеткен соң балалар да, Лезбай да жүдейді. Қолынан тамақ алып, ас-су ішіп үйренген Марғаудың да мазасы қалмайды-ақ. Аласұра іздеп, сағынады. Сол сағыныш белгісі ме, кім білсін, шокиып отыра қалып, көкке қарап ұлиды-ай келіп. Айған дүние салардан үш күн бұрын осы бір дерт Марғауды мүлде мендеп алған еді. Үй сыртындағы төбенің басына шығып, алып, күн демей, түн демей толассыз ұли берген-ді. Тіпті Лезбайдың далаға жүгіре шығып: «Қара басына көрінгір, не болды саған? Кет», — деп жекірген кезі де бар. Соған да қаратпаған. Сондай бір тылсым күш: «Ал ұлы! Ал кәне боздат!» деп жетектей беріп еді. Айнала тып-тыныш, селкеу шыққан дыбыс, секемді иіс сезілмейді. Сөйтсе де Лезбай үйге кіріп жатса-ақ болды, көкірегіне сыймай тұнып тұрған бір қасірет-қияметті көмейінен тағы да сыздыктатады-ай кеп. Арада үш-ақ күн өтті. Айған дүние салды. Марғау сонда әлдебір алапат тамұқтан құр сүлдерін сүйреп, зорға шыққандай өлі мен тірі арасындағы бір халде түнді үнсіз өткеріп еді.

Сонда жұрт:

— Ит шіркін, жаманшылықты біледі. Бүгін тіпті дыбыс бермеді ғой, — деп шуласқан.

Міне, тағы да сондағыдай бір кесел жабысқан секілді: көкірегі тағы да тұнып тұр. Бірақ содан босануға дәрмен жоқ.

Кенет маңайды бензин иісі алып кетті. Бензин иісі шықса жақсылыққа апармайтынын білетін Марғаудың денесі дірілдеді. Бір сұмдықтың жақындап келе жатқанын түйсінді ме, әйтеуір бұрынғыша лепіріп үрген де жоқ. Жылай-жылай дымы құрыған нәресте өксігіне ұқсас бір дыбыс шығарды да, сал бөксесін сүйретіп үй сыртындағы өзенге бет алды. Аз-кем уақыт өтпеді, аудан орталығы жағынан машина жарығы көрінді. Соған мотор дүрілі келіп қосылды да, әлгіндей болмай түн тыныштығы бұзылды.

Жақсылық соны тез қайталанбаса да, мынадай үлкен дүрбелең-шайқас арты қайта оралып сокпай тынбайтынын аз ғұмырында талай байқаған Марғау, жарқабақтан жайлап өзен арнасына түсті де, тастан-тасқа сырғанап, бұлқынып жатқан мөлдір суға бөксесін салып сәл отырды. Қатты шөлдеп, қаталаған соң шалпылдатып су ішті. Енді не істеу керек? Адамға ұқсап өзіне мұндай сұрақ қоя ал-маса да, жақындап қалған машина жарығы мен сәт сайын зорайып құлағынды суырып бара жатқан дарыл-дүріл, қолқанды атқан жа-ман иіс — бензин иісі итті жайбарақат қалдыра алмады. Бір басып,

екі басып қозғалып еді, су сорған жаралы бөксе жеңілдеп, икемге келіп қалған сияқты. Ит көзі арғы жағаға түсті. Жанағы «енді не істеу керек» — деген сауалдың жауабын іздегендей еріксіз түсті. Өзінің талай өтіп шиырлаған таныс жағасы, міне, қол созым жерде. Су болса саяз. Су саяз болғап соң қанша гүрілдегенімен ағыны да қатты емес. Тіпті сал бөксені бос тастап екі аяқтап та өтіп кете алады. Осы бір шешіммен Марғау қозғала берді... Сол кезде есік алдына жеңіл машина келіп тоқтады да, жарықты кешіп, қарандап үйге қарай екі адам өтті. Марғау салмастан таныды: бірі — жақсы да, жаман да емес, әлдебір дала шөптерінің иісін бұрқыратып Айғанға келіп жүретін ақ халат. Екіншісі — үлкен бір жиын-тойларда тәртіп орната бастайтын, немесе біреу-міреу жанжалдаса қалса, сап етіп араларына келіп түсе қалатын көк қалпак.

Қолында мылтығы, үйден жүгіріп Лезбай шықты.

— Әй, әй! Бұл қайсыларың!

— Лезбаймысың? — деп көк қалпак сұраққа сұрақпен жауап қатты.

— Иә, мен Лезбаймын.

— Білдей бір азаматты итке талатып, сокқыға жыққан батырдың өзі екенсің ғой?

Лезбай абдыранқырап қалды.

— Итке талатқанда...

— Жә, жә, не дерің бізге белгілі. Ауданға барған соң бәрі де анықталады. Ал құтырған ит қайда?

Манағы оқиғадан кейін жұрт аузында қайталана берген «құтырған ит» сөзі Марғау құлағына сіңіп, жатталып қалса керек. Көз алдына келдек ұстаған Қарғабек, ашылған етегін жауып жатып бақырған Ұмсындық келе қалды. Сол сұрықсыз елестен құтылғысы келді, әлде мына бейсауат жүрген ақ халат, көк қалпақтан қаймықты, әйтеуір бір қатерді жүрегі сезген Марғау бөксесін сүйретіп судан өтті де, жарға біткен қалын талдың арасына кірді.

— Құтырған ит қайда деп тұрмын ғой мен саған? — Сұрақ зілі күшейе түсті.

— Біздің үйде құтырған ит жоқ.

— Құтырмаса, сау адамды неге талайды?

Осы кезде үйден дауыс көтеріп Ұмсындық шықты.

— Құтырмады деп бекер айтады. Қасқыр алатын қадірлі иті болған соң атып тастайды деп әдейі жасырып тұр. Әйтпесе құтырғанда қандай. Құтырмаса, күнде сүйек-саяқ салып жүрген мені қаба ма? Міне, көріңдер білегімді. — Ұмсындық білегін машина жарығына тосты.

Милиция формалы жігіт пен ақ халат киген әйел жарыса үнілді.

— Қапқанда да оңдырмаған екен.

— Ал кәне, Лезбай, итті тап!

— Ит жаңа осы арада жатқан, — деді Лезбай.

Ұмсындық разы емес.

— Осы арада жатқанын не?! Шакырмайсың ба?! Лезбай үндемеді.

— Мынаған не болған? — деп таңданған Ұмсындық. — Марғау!

Марғау! Кә-кә-кә!

Лезбай даусы шықпағандықтан ба, Марғау қалыңға қарай жыл-  
жи түсті.

Милиция формалы жігіттің қолында қол шам. Ерсен-қарсан кезеп, о да итті шақыра бастады.

— Марғау! Марғау!

Ұмсындық сүлікше қадалып болмайды.

— Мына кісі шақырмаған соң келмейді ол ит. Ит деген аты бол-  
маса, қулығы адамнан да артық.

— Жынданды деп тұрған жоқсың ба? Жынды итте не қулық болу-  
шы еді? — деді Лезбай әйелінің бетін қайтармақ болып.

Көк қалпақ зілдене түсті:

— Тәлкекті қояйық. Ал кәне, итті тап!

Иттің табылмайтынына Лезбайдың көзі жетті ғой деймін.

— Ит жоқ.

— Жоғы қалай? Шақыр кәне!

— Жоқ итті қайдан шақырам?

— Өзің қалай-қалай сөйлейсің? Қалайша жоқ? Лезбай жауабы  
келте:

— Атып тастағанмын.

— Бекер айтады, — деп Ұмсындық көлденеңдей кетті.

— Біреуге қол жұмсағаның, ит айтақтағаның өз алдына, оның  
үстіне құтырған итті жасырсан, қылмысың ауырлай түсетінін қайтіп  
білмейсің?

— Білем.

— Білсең, итті тап!

— Айтып тұрмын ғой, атып тастадым деп.

Бұл тәжікеден ештеңе шықпайтынын аңғарған көк қалпақты  
жігіт әйелді ертіп үй төңірегін шарлады.

— Марғау, Марғау Күшім-күшім!

— Марғау! Марғау! Кә-кә-кә!

Марғау зым-зия.

Осы жүріспен аппақ болып таң атты. Иттің табылмайтынына  
келгендердің көзі енді жеткендей.

Ақ халат киген дәрігер Ұмсындыққа ине салды. Содан сон:

— Ендігі отыз тоғызын күн сайын аудан орталығына келіп  
жасатасың, — депті.

Кейінгі кезек көк қалпақты жігітке:

— Ал, Лезбай, сен бізбен бірге ауданға жүресің. Үш кісі қол қойған  
акт, міне, менің қолымда. Ал, кәне, кипалақтама.

Лезбай екі қолын артына ұстады да, үн-түнсіз алға түсті. Аз-кем уақыт өтпеді, қызыл белбеулі кара машина бұрылып алып, келген жолымен кері салды.

Марғау аузын ашты. Қансыраған Марғаудың әлде ұлығаны, әлде үргені, әйтеуір ит табиғатына жатпайтын бір дыбыс өзеннің арғы бетінде ұзақ уақыт сыңсып тұрды.

## Екінші тарау

### ӨТКЕН КҮННІҢ БЕЛГІЛЕРІ

#### 1

Осыдан бес жыл бұрын түннің бір уағында Лезбайдың отарына қасқыр шапты.

Айғанның төсек тартып, жатып қалған кезі. Малдың күндізгі бағымы, түнгі күзеті бір басына түскен Лезбай ақпанның үскірігіне қарамай қой қиынан қалқайтқан қалқаманы айналып ұзақ жүрді де, жылынып шығайын деп үйге кірді. Ортада тұрған темір пешке көмір тастады. Ашылып қалған балаларды қымтады. Содан кейін бойын жылытайын деп ыстық шайды ұрттай беріп еді, қой дүр ете түсті. Жүгіріп шыққан Лезбайдың көргені — қалқамадан қарғып түскен бір кара құлақ қой ішінде ойранды салып жүр. Қимылында қапы жоқ. Бір бұрышқа ұйлыққан қой ішінен нысанаға алғанын атылып барып алқымынан бір-ақ басады да, ілгері ұмтылады. Сонында аяқ-қолы жазылып, серейіп сала берген қойды көресін.

Лезбай кикү салып қақпаға ұмтылды. Адам тегеуірініне шыдамаған қасқыр қалқаннан бір-ақ қарғыды. Қараса, қабак қағыста бес тоқты тыпырлап қалған екен. Лезбайға алғашқы келген ой: «Құдай-ау, Ақтөс қайда кеткен? Неге дыбыс бермейді?».

— Ақтөс Ақтөс!

Ақтөс зым-зия. Қойға бірі ғана шапқанмен қасқыр тегі, тобымен келсе керек. Лезбай оны ертеніне сезді. Үйден біршама жерде қым-қуыт шиырлы іздер қалған. Соның ішінде алысқан Ақтөс ізі де ап-айқын. Аққан қан, жұлынған теріге қарап итінің енді қайтып оралмайтынына шопанның көзі жетті.

Осы оқиғадан кейін Лезбай Алматыда оқуды бітіріп, жана ғана қызметке орналасқан баласына хабар салды: қойымды қасқыр қырып кетті. Қайткен күнде де малға абай болатын тегі жақсы бір ит тап. Адам құнын сұраса да іркілме.

Қанатта ес қалған жоқ. Салып ұрып ит базарына барды.

Бұл хайуанның неше бір түрі осында болады екен: шолағы мен саппы еріні, тықыры мен сабалағы, шәуілдегі мен маңғазы, тағы тағылары. Бірі тайыншадай болса, енді бірі егеу құйрық тышқандай-ақ. Мактауы да соған орай, бағалары да әр килы. Көзіне дейін жүн басып кеткен бұйра барак кішкене екі кара итті:

— Венгер овчаркасы пули мен пуми породасынан — деп таныстырды. — Түн баласына көз ілмейтін сак ұлақтың дәп өзі. Үйініздің ығы түгіл, желінен де құс жорғаламайтын болады.

Шеткеріректе кеудесінің жүні түйенің шудасындай жерге төгілген сүйір тұмсық, ала мойын бір қызыл ит тұр. Денесі сондай сала құлаш жүнді болғандықтан ба, тықыр басы тым кішкене көрінеді.

— Шотландия овчаркасы колли, Россияға есте жоқ ескі заманда әкелінген ит. Орыс-жапон соғысында санитарлық қызмет атқарды. 1952 жылдардан бастап Қиыр Шығыс совхоздарында таңбалы бұғы бағуға пайдаланып келеді. Ит-құсқа сак, күзетке мығым болғандықтан колли Қазақстанның қойлы аудандарына да тарай бастады, — деп зарлап тұр ит иесі.

«Қазақстанның қойлы аудандары...» дегенге Қанаттың көңілі жылып сала берді.

— Пайдаланған дегенде... қалай өзі қасқыр ала ма?!

— Алғаны сол, қырып салады.

Біреу Қанаттың жеңінен тартты.

— Саған шын қасқыр алатын ит керек пе?

— Иә, шын қасқыр алатын ит керек.

— Ендеше, міне, мына овчаркадан артық итті таппайсың — Кавказ овчаркасы.

Енді біреу көлденеңдей кетті.

— Шығыс Европалық овчарка тұрғанда Кавказ овчаркасы деген не, тәйірі!

— Нағыз қырып сал деп Азия овчаркасын айт.

— Жоқ, неміс овчаркасына бір ит жетпейді.

Ит иелері өстіп өзді-өзі дауласып кеткен соң Қанат қай итке ен саларын білмей анырып қалды.

Осы кезде ит саудасын бағып шеткерірек тұрған жасыл телпекті бір кексе адам Қанатқа жақын келді.

— Сізге ит не үшін керек? Үйге ұстамақсыз ба? Қанат әкесінің сәлемін айтты.

— Олай болса, бұл иттердің бірін де алмаңыз.

— Не себепті?

— Себебі, ересек иттің қалыптасып қалған мінез-қылығы бар. Жаңа жағдайға оңайлықпен көндіге бермейді. Шопан әкене серік бола алатын шын қызметші ит керек болса, күшігінен асыраңыздар.

— Ондай күшікті қайдан табам?

— Бір жарты қойсаңыз, мен көмектесем.

Қанат сезіктене қарады: ұсқыны жоқ екен, телпегі мыжырайып кеткен. Көне пальтосы алқам-салқам, сауыс. Тегі пальто қызметінен басқа, реті келгенде төсек-орын қызметін де атқаратыны байқалады. Нұры тая бастаған көзінің алды күлте-күлте. Көмірдің ұнтағы сінген күс алақан қолында діріл бар. Соған карағанда кеше тегі, өлтіре ішкен болу керек. Сөзіне қарасаң дұп-дұрыс. Өңі бірақ адам шошырлық. «Оңай жолмен қызметін сатып осындай жерді торуылдайтын маскүнем делдалдар болушы еді. Соның бірі емес пе екен?» Қанаттың осы ойын сезіп қалғандай:

— Рас айтам, әкен өмір бақи разы болып өтеді, — деп қойды делдал.

— Жартыны қалай, қазір берейін бе, әлде кейін аласыз ба? — деп Қанат сынап сөйледі.

— Бері жүріңіз.

Шал алға түсті. Қанат сонынан ерді.

— Ал қайда бармақпыз?

— Мына арадан бір жарты ал. Қайда баратынымызды сосын айтам.

Қанат сәл ойланды да: «Жә, қойшы, қайда қалмаған бір жарты. Мүмкін іздегенімді табармын» деп магазинге кіріп шықты.

Жасыл телпек шөлмекті қойнына сұғып жіберді де, жанып сала берді.

— Анау ит, мынау ит дейді. Сен маңғұл иті мен король догін білесің бе?

— Ит жайында хабарым мүлде аз еді.

— Олай болса, тыңдай бер: дүниеде жойқын екі ит бар. Оның бірі — дог, екіншісі — моңғол овчаркасы. Күш, ірілік, сұлулық жағына келсе король догі бірінші орында. Оның арғы тегі ежелгі гректердің жаугершілік соғысқа пайдаланған жауынгер иті молосқа жатады. Келе-келе дог күзет қызметін атқарды. Европаның ақ сүйектері аңға алып шығып қабан, аю секілді ірі аңдарға салған да кезі бар. Бірақ ерте заманнан бері сұлулығына қызыққан жұрт оны үйде ұстап, мәпелеп өсіріп келе жатқандықтан, дог үй күшік болып кеткен. Жүні тықыр, түбіті жоқ. Сол себепті қыста суыққа тонғақ келеді. Бұл — оның үлкен міні. Ал моңғол овчаркасының тегі тибет догіне жатады. Өте ірі, өте қарулы, бөтенге елікпейтін, әрі ашушаң, әрі қабаған, өжет те төзімді ит. Бұл тұқымдас ит Ұлы Отан соғысы кезінде көшпелі моңғол шопандарына еріп жүріп Өскемен, Семей аймақтарына тараған-ды. Қазір Шығыс Қазақстан малшыларымен бірге қыстың қақаған бораны мен жаздың аптап ыстығына бірге төзіп, адал қызмет ат қарып келеді.

— Ал осы екі иттің қайсысын ұсынбақшысыз маған? — деп сұрады шыдамы таусылғап Қанат.

Жасыл телпек киген адам Қанатқа күле қаран көзін қысып қойды.

— Ішін білсін. Мен саған елде жоқ бір күшік берем. Бәлкім, оны жасыл телпек экстерьері десен де болады.

Мына сөз Қанатты қызықтыра түсті.

— Есіміңіз кім? — деп сұрады жақынырақ танысқысы келіп.

— Есебі, Иван Иванович десен де болады.

— Қайда істейсіз?

— Есебі, бір мекемеде кочегар десен де, немесе қойшы, сиыршы, шошқашы деген секілді, итші десен де теріс емес. Дұрысына келсек, кинологпын. Иттің жаңа түрлерін тауып, өсіретін мамандарды осылай атайды.

Осындай әңгімемен олар Алматы өзенін бойлап отырып, онаша бір үйдің ауласына келіп кірді.

— Былай қарай жүріңіз, — Иван Иванович Қанатты ауланың бір бұрышындағы кішкене жер үйге алып кірді.

— Мен итті осындай жылы жерде ұстаймын.

Жауырыны мен жотасында, бүйірі мен жамбасында, сауыры мен мойнында ірілі-уақ бұршақ танбалары бар тықыр жүнді ақ ит қарғып тұрды. Иван Иванович итті: «Жойқын! Сабырлы бол. Бұл жігіт біздің досымыз!» — деп адаммен сөйлескендей қарғысынан алып мойнын сипады.

Жойқын ұмтылып кеп, Қанатты иіскеді. Жігіт жүрегі лүпілдеп кетті.

— Қорықпа, тимейді енді, — деді Иван Иванович.

— Сонда да қарғысынан қысыңқырап ұстаныңшы. — Қанат үй иесінің артына қарай тығыла түсті.

Иван Иванович қарқылдап күлді де, итті қоя берді. Жойқын тұмсығын Қанаттың кеудесіне қаданқырап ұстап сәл тұрды. Сом темір дерсін. Қорыққаны ма, кеудесіне әлдене батып, ауырып бара жатқан секілденді. Бірақ ит көзінде ашу емес: «Кімсің өзін?» — деген сұрау бардай.

— Біздің Жойқын келген адаммен осылай амандасады, — деп Иван Иванович тағы күлді. Содан кейін итіне қарады. — Ал, Жойқын, орнына бар.

Жойқын денесімен Қанаттың бөксесін сипап өтіп кері бұрылды.

— Жойқынның бұл қылығын татулыққа шақырғаны деп біл. Иісінді алды. Енді өмір-бақи қаппайды.

Қанаттың жүрегі орнына түсейін деді. Қайран қалды. Ұзын бойлы-ақ жігітеді. Қарғымай, шапшымай жай тұрған ит тұмсығының кеуделесіп келгенін өмірінде көргені осы. Ит емес, көз алдында көлендеп жүрген жолбарыс дерсін.

— Король догі міне, осы. Шоқтығының биіктігі тоқсан жеті сантиметр. Есінде болсын, бұл қаншық ит. Ал әлгі базарда тұрған арлан

иттің әулие дегенінің шоктығы алпыс бес, жетпіс төрт сантиметрден аспайды. Салыстыра беріңіз, — деп Иван Иванович, неге екені белгісіз, «сізге» көшіп, рақаттана шырт түкірді.

Қанат не дерін білмеді. Иван Иванович көтеріле сөйледі.

— Ал, мына Жойқынның енесі Жолбарыстың бойы жүз үш сантиметр болатын. Алакөлдін қамысында өз бетінше қабан алған.

— Ал мынаның не өнері бар?

— Бір-екі рет аюмен тірескені болмаса, мұның өнері онша емес, — деп Иван Иванович қарқылдай күлді.

Қанат та мәз.

— Аюмен тірессе, өнері шынында да онша емес екен.

— Ал мынау Жойқынның әр көрмеде алған «жаман-жұман» медальдары, — деп Иван Иванович саудырлатып бір жәшікті көтеріп алды. — Жаман-жұман десек те бәрі де алтын. Мынау Москвада Бүкілодақтық көрмеде алғаны. Мына бірі республикалық көрмеден. Мынау... Жә, бәрін санап тауысу оңай емес. Ұзын саны отыз шақты.

Бұл кезде ит жылуы әлі қайта қоймаған қалқама пешті айнала беріп еді, ыңырысқан бір дыбыстар шықты. Иван Иванович Қанатты қолымен ымдап сол жаққа қарай шақырды. Жақындап келіп байқаса, пеш тасасында бір-біріне үймелесіп бес күшік жатыр. Тұмсығы мен алқымында ойдым-ойдым ақ бұршақ таңбалары бар, жүндес қара күшіктер. Қанат жақыннан көргісі келіп ұмтыла беріп еді, Жойқын көлденең шықты да, ақырын ырылдап қойды.

— Иттің аты ит. Одан әрі жақындама, — деді Иван Иванович. Осылай тұрып-ақ таңдай бер.

Қанат ұзақ қарады. Бір кезде енесі жақындап келіп жантая бастап еді, күшіктер шиқылдай ыңырысып, Жойқынның сауырына қарай жыбырлай жөнелді. Жамбасында ақ бұршақ таңбасы бар біреуі Қанаттың көзіне ерте шалынған. Сол күшік енесінің бауырына қалғандарынан бұрын жетті де, төске қарай өрмелеп барып, үлкендеу бір емшекке жармасты. Ендігі сәтте дүниенің қайғы-қуанышынан ада ене құшағында ақ сүтті рақаттана борпылдатып, көсіле жатқан құртақандай тіршілік иелерінің ішінде әлгі бір ақ тұмсықтың мүлде ерекше екені бірден танылғандай. Басқаларынан әлдеқайда тұрықты, әлдеқайда ірі, қимылы да басқаларына қарағанда жіті, қағылез.

Қанат ұзақ тұрып ақыры осы ақ тұмсықты таңдады.

— Ау, ит жайында мағлұматым аз деп ең, нағыз қырағы көз маманның өзі секілдісің ғой? — деп таңданды Иван Иванович.

— Қайдам, басқаларынан үлкенірек көрінген соң, ең тағып жатқаным ғой.

— Жарайсың, жігітім. Көзіңе ілікпесе, осыны ал деп өзім айтайын деп тұр едім. Бұл ақ тұмсық түбінде бар ғой иттің нағыз төресі

болады. Ал сонын құрметіне атап жіберейік, — Иван Иванович қойнындағы жарты мен жем-суды шығарып, колдан қалқайтқан үстел үстіне қойды.

— Мен ішпейтін едім.

— Ауыз ти, дегенмен.

— Жок, рақмет.

Иван Иванович әлде өтірік, әлде рас, қабак шытты.

— Онда ақ тұмсыктан күдерінді үзе бер.

Амал жок. Қанат ескі жәшіктен қалқайтқан орындыққа кеп тізе бүкті. Иван Иванович қолбасаның орауын жазып, столға қойды да, өзі пеш қоймасындағы стакандарды жуа бастады. Ет иісі келді ме, Жойқын салып ұрып Қанаттың қасына қайта кеп, темір тұмсығымен білегінен түртіп-түртіп жіберді.

— Жойқын, байка! Біз енді жаңа туыс боламыз. — Осы бір күлкілі сөздің аузынан қалай шыққанына таңырқаған Қанат қолбасаның бір жапырағын алып жерге тастады. Ит мойнын сәл төмен салып иіскегені болмаса тиіскен жок.

— Қара мынаның кірпиязын. Жердегіні жемейтін болғаны ғой? — Қанат қолбасаны алып, енді үстел шетіне қойды.

Жойқын үстелге сәл иек артып, тағы да иіскеді. Осы кезде стакандарды алып келген Иван Иванович:

— Ә, біздің Жойқын бөтен адамның қолынан тамақ жемейді. Кім біледі, сен мүмкін ине сұғып, немесе у қосып қойған шығарсың, әлде жем тастап, сенімімізге еніп алып, бірдемемізді қағып кетуіңіз де ғажап емес, — деп қарқылдай күлді. Содан кейін қолбасаны өз қолына алып, олай-бұлай қараған болды. — Ештеңесі жоқ, таза қолбаса екен, мә, Жойқын, жей ғой.

Жойқын қомағай емес екен. Үстел шетіндегі қолбасаны тағы да бір-екі иіскеп барып қылғыды.

— Мынауын бір ақсүйек қой!

— Ә, көрдің ғой, біздің Жойқын осылай, шырақ!

— Жойқынның мақтауы жетті. Ал ана ақ тұмсық не өнер көрсетпек?

Арақ ішіп құрыс-тырысы жазыла бастаған Иван Иванович шешіле сөйледі.

— Байқайсың ба, енесі сондай тықыр, ал күшіктері болса жүндес. Неліктен деп ойлайсың?

— Осы сұрақты мен қойсам ба деп едім.

Иван Иванович мандайының терін сүртті.

— Міне, гәп осында. Бұл күшіктердің әкесі бір қыста он жеті қасқыр алған барақы жүнді монғол овчаркасы — Таусоғар. Байқап отырған шығарсың. Сіздің алдыңызда иттің жаңа тұқымы. «Жасыл телпек экстерьері» дегенімнің негізі осы. Әкесі қасқыр алса, енесі

аюмен тіресіп, нағашы атасы қабанды жәукемдесе, бұл күшікті түбінде нағыз кырып сал, ұлы иттің өзі болады деп тани бер.

Қанат қаркылдай күлді. Кейде тіпті адамның басқа бір ерекшеліктеріне орай «Ұлы футболшы Пеле», «Ұлы боксшы Мұхамед Әли» — дегеннің өзінде құлағын тосырқар, ақыл мен ойға байланысты ғана айтылатын осы бір ірі анықтаманы енді итке телігенде күлмегенде қайтесін. Иван Иванович жәбірленіңкіреп қалғандай.

— Сенбейсің бе? Осы ақ тұмсықтан түбінде нағыз ұлының өзі шықпаса, басымды алып таста. Күлме, күлме. Жылайтын боласың кейін. Айтпады деме, ақ тұмсық енесіндей ірі де сұлу, ақсүйек, әкесіндей өжет те қарулы, жаудан да, жұттан да тайынбайтын, нағыз сенімді ит болып өседі.

Қанат асыққанын білдірді.

— Ал жақсы, мактауын жеткіздің күшігіңнің. Төлемі не еді?

Иван Ивасович қылилана бастаған көзін Қанатқа қадады.

— Сен маған ұнайсың. Енді бір жарты қойсаң, ақ тұмсық сенікі.

Қанат қалтасынан ақша суырды.

— Жок, мұның болмайды. Әкеліп бер.

Бір сәт Қанат: «Осы маскүнеммен әуре болып жүрем бе» деп ойлап еді, жолбарыстай болып пеш қуысында жатқан Жойқынға көзі түсіп, ол пиғылынан тез айныды.

— Жақсы, әкеп берейін. Бірақ іш деп зорлама.

— Көндім.

Жөнеле берген Қанаттың құлағы:

— Әй, бала, біреу емес, екі жарты: Ит бар ғой, басытқысы молырақ болсын! — дегенді естіді.

Қанат ит иесінің айтқанын істеді. Магазинге жүгіріп барып келді.

— Ал күшікті қалай алам?

Иван Иванович саусағымен ернін басты.

— Үндеме, Жойқын түсініп қалады. — Содан кейін итке бұрылды.

— Жойқын, жүр аулаға шығып, аздап қыдырып келейік.

Жойқын атып тұрды. Оңаша қалған соң енесін іздеп қыңсылай бастаған күшіктерге Қанат тағы да көз салды. Ақтұмсық басқаларына қарағанда әлдеқайда ірі, әлдеқайда пысық екен. Ене емшегін шарк ұрып іздеген бойы ұяластарының үстіне шығып кетті.

Қанат еңкейе беріп ақтұмсықты желкесінен ұстады да, қойнына салды.

— Мынадай күшікке кезіккен әкеңнің бағы бар екен. Бар, тезірек жөнел. Жойқын қойнындағынын иісін алса, жарып тастайды, — деді Иван Иванович.

Қанат жүгіре басып сыртқа шықты.

Иван Иванович ағаш дуалдан басын қылтитып:

— Қасқыр мен қабан алып, аюдың бетін қайтаратын ит іздегендер табылса, құлак қағыс бола жүр. Күшік бағасы екі жарты. Ауырсынғанға бір жартыға да бере салам, — деді.

Қанат келіскендігін танытып қолын бұлғады.

Әлде күшігінің иісін сезді, әлде дуалға өрмелеген иесінің ісін ерсі санады, әйтеуір Қанат ұзап кеткенше Жойқын әлденеге арсылдап, беймаза болып жатты.

\* \* \*

Ақтұмсық көзін жол үстінде ашты. Алдымен әдемі бір иісті сезді. Ене иісінен, емшек иісінен бөлек, жат иіс. Бірақ сондай жақсы, жылы иіс. Адам иісі. Адам болғанда да Қанаттың иісі. Ақтұмсық тыпырлап, тұмсығымен Қанаттың кеудесінің әр жерін түрте бастады. Мұның да тұмсығы балғадай. Қанат алыста қалған Жойқынды еріксіз есіне түсірді.

— Ене тартып шын жойқын болсан жарар еді.

Кенет маскүнем кинологтың даусы құлағына келгендей.

— Жойқыннан да асып кетеді. Нағыз қырғынның өзі болып шығады.

Қанат өз қиялына өзі мәз болып күліп қойды.

— Шынында да атын қырғын қойса да болады екен-ау.

Рульде отырған шофер жігіт те құптап жатыр:

— Қырғын деген жақсы ат.

Ақтұмсық тағы да Қанаттың ол жер, бұл жерін түрткілеп, тұмсығын пальто жағасынан шығарып алды да, жан-жағына таңырқай қарады.

— Емшек қой іздегенін. Ауылға жақын қалды. Бара салып, сүт ішесің.

Ақтұмсық өрмелей түсті. Қызық, дүние зымырай айналып, апалаң-топалаң болып жатқандай. Өзі мінген машинаның зырлап келе жатқанын қайдан білсін. Қорыққандықтан көзін жұмды. Сонда да бекзада тұқым тегіне тартып, бұлқына қынсылады. Көрінген жерге сари салу қанында жоқ қасиет. Зәр қысқанын бұдан басқа қай тілмен айтып жеткізсе екен? Бірақ оны түсінген ешкім болтан жоқ.

— Әлгінде үйден шығарда сүт ішкен секілді еді? — деді шофер бала.

— Тоймағаны ғой, комағай бола ма деймін, — деп Қанат күшіктің басынан шертті.

Ақтұмсық тұмсығын жиырып алды. Сол кезде Қанаттың қабырға тұсы жып-жылы болып жүре берді. Ағаттық жасағанын жігіт енді түсінді.

— Алда ит-ай, дүниені бүлдірді-ау.

Шофер жігіт ен әуелі:

— Немене? — деп шошып қалды да, кешеулеп барып түсініп, күліп жатыр. — Күшікте кінә жоқ. Түсінбеген өзіннен көр.

— Ит тілін білмеген соң көретін күнің осы да.

Жолдан шығып машина тоқтады. Қанат күшікті қардың үстіне жіберді де, пиджагін тәртіптей бастады. Ақтұмсықтың онда шаруасы болған жоқ. Ақ қарда тұмсығымен түртінектеп қонызша жорғалап жүр.

— Ит болмай кеткірдің қара, көзін аша салысымен тіміскілеп жатқанын. Байқа, суық тигізіп алып жүрме.

— Әкесі солтүстіктің үскірік аязына бой бермейтін Таусоғардың өзі болса, оңтүстіктің көктемі Ақтұмсыққа түк те етпейді.

«Рас айтасың» дегендей күшік тұмсығын жоғары көтеріп қынсылап қойды. Кәдуілгі үлкен итке ұқсап үрген іспетті. Шофер мен Қанат қарқылдай күліп қайтадан машинаға отырды.

Суыт жүрген екі жігіт түс ауа Лезбай отырған қыстауға да келіп жеткен еді.

— Ал, әке, аманатыңыз орындалды. Ала беріңіз, — деп Қанат күшікті әкесіне ұсынды.

— Ау, күшігің не? Мен саған қасқыр алатын үлкен ит тап демеп пе едім?

— Ит жайын білетіндердің ақылы осы.

Екі бала Адыр мен Дабырда ес жоқ.

— Асырауға күшік жақсы.

— Ал атын не деп қоямыз. Қанат өз ойын айтты.

— Нағашы атасы қабан алған Жолбарыс, әкесі қасқыр алған Таусоғар. Ал аюмен алысқан енесі Жойкынды өзім көрдім. Ақтұмсықты енді Қырғын деуден басқа жол жоқ.

Лезбай қарсы болды.

— Қырғын деп қойып, түк қырмаса не болмақ? Жаман иттің атын Бөрібасар қояды дегендей, жұрт күлмей ме. Одан да Марғау дейік.

Жұрт шулап кетті.

— Марғау, Марғау! Кә-кә-кә!

Ақтұмсық келісімін бергендей ыңырысып қойды.

Бұдан бес жыл бұрын көктем нышаны біліне бастаған март айының әдемі бір күні Марғау Лезбай үйіне осылай сая болған еді...

Сегіз айда Марғау ересек иттің қатарына келді. Енесіндей аршын төс, ұзын сирақ, сурет мүсін, әкесіндей жуан мойын, дөңгелек табан, сом дене. Өзі сондай қап-қара. Алқым, жанбас, тұмсығындағы

бұршақ танбалары әдейі қолдан бояғандай мінсіз ақ, әдейі қолдан сызғандай мінсіз дөңгелек. Бір қарағанда «Осындай да ірі ит болады екен-ау» деп, сурет мүсін, сұлулықты табына, тамашалап қалсан, анқыған иісі мен құлпырған түсіне елтіп роза гүлінің тікенді сабағын жаланаш қолмен ұстағанындай, өмірінмен ойнап тұрғаныңды кешеулеп барып аңғарасын. Кең қолтық кеуделі иттің көз тартар көркі мен толыса бастаған сом денедегі ерен күш, жырта қарыс ауыздағы қайшы тіс ғажайып үндестік таба бастаған. Ұйқы қашырап жай шәуілдектердің талайын көрген Лезбай Марғау бойындағы осы бір айрықша қасиетті әу бастан-ақ айырған секілді. Жас балаша өбектеп, тамақты да өзі беретін себебі сол.

Бір күні Лезбай қойды ертерек әкеп шарбаққа қамады да, кербестіге қайта қонды. Марғау ата кәсібін жасап, иесінің соңына ерді.

— Ә, ел таныған, жер таныған дұрыс, — деп қойды шопан итіне қарап: — Көрші шопанға барып қонақ болып қайтайық.

Көрші шопан өзеннің жоғарғы бетінде отыратын қаба сақал Әбікеш деген кісі екен. Лезбай келгенде тоқты бауыздап жатты.

— Ә, қош келдің, Лезбай. Әлгі ала бөтен бір иті бар деп еді. Сол иттің бе мынауын?

— Соның өзі, Әбікеш.

— Итім-ақ екен. Мә, ендеше! — деп Әбікеш қанжынды Марғауға лақтырды.

Ит орнынан қозғала қойған жоқ.

— Ау, мынауын бір тоқмейіл ғой. Күнде тоқты сойып беріп тұрудың қай жағындасын?

Итінің ата-тегі туралы жай лақапқа ие болып жүрген Лезбай бірдемені білетін адамша қарқылдай күлді.

— Мұның өзі «док» деген аксүйек тұқымынан. Жат қолынан өлсе де тамақ алмайды.

Қаба сақалдың ғұмыры көрмегені. Соншалықты қайран:

— Сүйек-саяққа қырылысып қалатын біздің шәуілдектен емес десейші. Естімеген елде көп деген осы екен-ау!

Лезбай дән риза. Итінің мойнынан сипады да, Әбікештің қасына келіп, көкке жантайды.

\* \* \*

Марғау екіге аяқ басты. Биік тау қойнауындағы кең жайлауда күз белгісі сезіледі. Күндіз күн шуақты жылы болғанымен түнде бозғырау бар. Шопандардың ендігі әңгімесі күздеу жәйі. Ферма бастығы Қарғабек келіп Лезбай отарының қай күні көшетінін айтып кетті.

Түс әлетінде өзеннің арғы бетінде отыратын қырғыз шопаны Сәршен келді. Соңында еркек-ұрғашы екі кара ит.

— Бір өзеннің екі бетінде отырған қырғыз-қазақ еліміз. Жиналып жатқаныңды көріп, қоштасқалы келдім. Көш көлікті болсын!

— Әлей болсын!

Марғау келген кісіден көрі өз туыстарына көбірек көңіл аударды. Ит арланы кара қаншықты айнала береді. Соған карағанда бірденені сезетін болса керек. Марғау атып тұрды да, салып иттерге барды. Бойында өзі әлі түсініп жетпеген жұмбақ бір сезім ойнап шыға келді. Қонақ ит кес-кестеп Марғаудың алдын орап жатыр.

Марғау бірақ құлақ асқан жоқ. Құйрығын қайқайтып, бойын жазып сәл керілді. Содан кейін алдыңғы аяғымен шымдауыт жердің қыртысты топырағын күрек салғандай көсіп-көсіп алып, бұркыратып кейін серіпті. Қандай иттің алдында тұрғанын қаншықта сезген болса керек, жер бауырлап жылжып, Марғаудың астына кірді де, әр жерін бір жалап, қыңсылай бастады. Марғау қаншықтың жамбасын иіскеді. Сол кезде қонақ ит арс етіп кеп, жайбарақат тұрған Марғаудың бүйірінен алды. Марғау жалт бұрылып, қонақ итті кеудесімен соғып жіберді. Анау үш домалады. Марғау тістесе барды да, тұрып үлгірмеген итті аттай мініп, балға аяғымен кеудесінен басты. Тырп етсе, бас салмақ. Төрт аяғы көктен келген қонақ ит соны сезді білем, қозғалған жоқ.

Сәршен мен Лезбай ит қимылын қызықтап тұр екен.

— Апырау, мынау итін қырып сал ғой?

— Ә, Марғау әлі ит емес, күшік.

— Күшігі қалай? — деп таңырқады қырғыз шопан.

— Күшік болатыны — бір жарым жастан енді ғана асты.

Сәршен сенбеді.

— Қойшы, ойнайтын шығарсың.

— Арғы жылдың ақпанында туған. Қыркүйек енді кірді. Санай бер ар жағын.

Қонақ сәл ойланды.

— Төсекте басы, төскейде малы, араласқан қырғыз-қазақ туыс елміз. Бір күшігінді қисаң қайтеді? Қалағым келіп тұр.

Өз итін қызықтаған Лезбай қырғыз-қазақ кездескенде айтатын ежелгі жарасты әзілге басты.

— Қырда малымыз, ойда итіміз араласқан демейсің бе?

Басында:

— Көтек мыналары несі? — деп шын шошып қалған Айған енді наразылық білдірді. — Еркектерде осы ұят жоқ. Не болса, соны айтасындар да жатасындар.

Сәршен ойы басқада.

— Мейлі, не десе ол десін, көңіліміз жақын дос адамдармыз. Бір күшігін қиятын шығар деп ойлаймын.

Кісі көнілін қайтармайтын Лезбай Сәршеннің шындап бара жатқанын байқап сасайын деді.

– Күшік болғанымен, өз қолымыз зорға жетіп еді...

– Қырғызда жан жоқ екенін білесің ғой. Қалағаныңды берем. Түйе сұрасан, түйе, бие сұрасан бие...

Лезбай не дерін білмеді. Жолды Айған тапты.

– Әлгі қаладағы бала ғой алып келіп жүрген. Соған хабар салсан, осының бір ұяласын әкеп бермес деймісің. Ал мына күшікке балалардың көзі үйреніп қалған еді, кинама бізді, Сәршен.

Лезбай әлденіп кетті.

– Ұяластары көп деген. Жарты айда бір күшікті қолыңа тигізем.

– Марғауды біз ешкімге де бермейміз, – деп балалар жан-жақтан жылады.

– Уәде құдай аты ғой, Лезбай? – деп нығарлады Сәршен.

– Енші алла.

Қоштаса келген дос Сәршен шығарып салма сөздің төркінін түсінсе де әлдебір үмітпен аттанды.

### 3

Күздің жылауық бұлтты аспанды жиі торлайды. Бірде ұзақты күн дым бүркіп, сары аурудай созылып, былжырап тұрса, бірде қара нөсер болып, дауылдата кеп төгіп-төгіп алады. Қайтсе де, мал мен жанға қиыны осы бір кез екен. Уақыт тоқтап қалған секілді. Үйде де, түзде де сондай көңілсіз. Малмандай су басқан қойлар самарқау оттайды. Үстіне брезент шекпен киіп, жалбағайын бастырып алған Лезбай мұндайда тас-түйін.

– Оқыс оқиғалар осындай күндері болып қалады. Марғау, сен он бүйірге шық, мен сол жақта болайын. Марғау, сен алға шық, мен сонда болайын, – деп үнемі құлағы тігулі, ат үстінде жүреді. Шопан тілін анық түсіне бастаған Марғау сондай елгезек. Дегенді екі етпейді. Лезбай нұсқаған жаққа шауып шығады да, қойды қақпайлап қайырумен болады.

...Сондай бір жауын-шашынды лайсан күннің бірі. Ертемен борай жауған ұйтқыма жанбыр түс кезінде толастап, бұлт арасы ыдырады. Жел терістік жақтан. Өксігін баса алмаған сәбидей ауық-ауық ышқына соғып, сөгіле бастаған қара бұлттарды сілкіп-сілкіп қалады. Сол кезде жанбыр тамшылары шаныта бұрқырап басылады. Лезбай тонайын деді. Денесі мұздай бастаған Марғау отарды айнала шауып жүр.

Бір кезде бір отар қойды қақпайлап екі жігіт жақындады.

– Е, Леке, аман-саусын ба? – деп айыр қалпақ киген ересектеуі бері салды.

— Мына құдайдың күні кайтеді. Қыс ерте түсе ме деймін. Әпіріктей иіріп барады, — деп шағынды Лезбай.

— Тонсаң жылынуға болады. Күн райын байқап, бірер жұтым спирт ала шыққам...

Лезбайдың өңіне жылылық нұры жүгірді.

— Міне, білетін адам сөйтеді.

— Тоңып кеттім. Содан кейін Лекен де жетісіп жүрмеген шығар деп, ана балаға малды осылай қақпайлайық дедім ғой мен байғұс, — деп айыр қалпақ қойнынан шөлмек пен стакан суырды.

— Көмекшің бар екен ғой?

— Ағамның баласы. Мал десе, қазіргі жастардың жыны бар емес пе! Тракторға мінем деп болмайды. Жалынып жүріп, зорға көндірдім.

Ішіне жылу түсіп, буыны босай бастаған соң, күндегі үйреншікті қиындықтар Лезбайға зорайып асқаралы тау секілді болып көрінгендей.

— Көмекшің бар, жаксы екен. Ал менде таяныш жоқ. Үлкен бала Алматыда. Қалғандары әлі жас. Әйел болса ауру...

— Әй, қайдам, көмекші болып не жарытады дейсін. Шідерге жанаспағанның нақ өзі. Әйтеуір ер-қара демесен...

Осы кезде абалап ит үрді. Айыр қалпақ ер-қарасының «әй, шәй былай, шәй, шәй!» деген даусы шықты.

— Әне, бір сәт көз аударсаң көретін күнің осы, — деп айыр қалпақ атқа қонды. — Әй, бала, не болды?

— Табын араласып барады.

— Табынды араластырып... сен не, жыныңды бағып тұрсың ба?

Марғау Лезбай қасынан жосылта шауып үріп өтті: «Ана бала қойларды араластырып жіберді. Тезірек атқа қон!»

Арак буына түскен адамға сырдың суы жұлығына да келмейтіні бар емес пе?

— Е, араласса қайтер дейсін, ажыратып алармыз, — деп Лезбай асықпай атқа мініп, малға беттеді.

Айыр қалпақ төпелеп, қойларды ажыратып әлек. Марғау мал ішінде әр қойды бір тістелеп, арсылдап жүр.

— Ау, Леке, мына итіңе не болды? Қойлардың ит әлегін шығарды тіпті.

Лезбай итін ұстады. Ер-қарасын сыбай жүріп, айыр қалпақ малдарды ажыратты. Осы әуремен кеш түсті. Інір қараңғысында жан дәрмен Лезбай әйтеуір отарын алдына салып үйге беттеді. Марғауда ес жоқ. Арасы алыстап бара жатқан екі отардың ортасында жосылта салып абалаумен жүр.

— Бүйтпесең сен ит боласың ба?! — деп кейіді Лезбай.

— Ап! Ап! — Кейігенін не, ана отарда бір қора мал кетті.

Ит шынында да бекер абаламаған екен, ертеңіне Айған араласып, қой басын санаса, он шақты саулық жоқ.

— Осыншама жаска келсен де айыр қалпақтың жүрген жері күйелі қаксал екенін білмей-ақ қойдың ғой, — деп кейіді Айған.

Жамандыққа баспайтын Лезбай:

— Қате санаған жоқпыз ба осы? — деп күдік келтірді.

— Бір емес, үш рет санадық қой.

— Әй, қайдам?

— Қайдам-пайдамынды білмеймін. Айыр қалпақтың бұл үйрен-шікті ісі. Былтыр Сәршен ағайынды да алдап, арақ беріп, қан қаксатып кеткен. Қазір бар да көзін құртып жібермей тұрғанда малынды қайтарып ал.

— Апырай, жамандыққа қайтіп бара қойды екен? Әлдеқалай жансақтық болды-ау, тегі бір. — Лезбай біреу желкелеп итеріп, біреу бұйдалап сүйреткендей болып, Марғауды ертіп, айыр қалпақ шо-панға келді. Айыр қалпақ кешегідей емес, салқын.

— Ау, саған не болған? Аманшылық па?

— Бүйткен аманшылығы бар болсын!

— Не болды соншама? — деп танданды Лезбай.

— Кеше қой араласқанда сенің отарында малым кетсе керек. Он шақты тоқтым жоқ.

— Не дейді? Жокты мен іздеп келсем, жаналықты сен шығар-дың ғой?!

Марғаудың мазасы жоқ. Шарбақты айнала шауып қойларға қарап үрумен болды: айыр қалпақтың сөзіне сенбе. Біздің отардың қойларын мен міне, ісінен танып тұрмын, көзінен танып тұрмын. — Соны растағандай үріккен қой арасынан бірер саулық көзін танырқай қадап, Марғауға жақындай берді.

Айыр қалпақ қатты кейіді.

— Әй, мынау итің немене өзі? Кеше малдың берекесін алып еді, бүгін біздің берекемізді кетірді ғой тіпті — деп қолындағы күрегімен тұра ұмтылды. Марғау бөтен жердемін деп сескенбеді. Қызыл көзін қадап, тұрып қалды. Күрек сермелсе бітті, атылмақ кейіпте.

— Байка, алып тастап жүрмесін, — деді Лезбай.

Айыр қалпақ шошынып, кейін серпілді. Марғау шокиып отыра қалды да, дүңк-дүңк өтіп үріп қойды: малымызды жасырғанынмен қоймай жала жапқын келеді тағы да!

Лезбай бірақ ит қылығына мән бермеді.

— Марғау, кет былай! — деді де, айыр қалпаққа бұрылды. — Малың кетсе бізге жүр. Қара. Әйтпесе мен қарайын сенің отарыңды.

— Малыңды өрістете бер. Кешке барам. Осы байлаумен Лезбай үйіне келді.

— Ал, не бітіріп келдің? — деді Айған төсектен басын көтеріп.

Марғау дүңк-дүңк етті: түк те бітірген жоқ. Біздің қойлар қой ішінде жүр. Салмай таныдым.

— Кешке айыр калпақтың өзі келетін болды осында.

— Өзі келетіні қалай?

— Оның да малы жоғалған секілді.

— Айыр калпак өйтіп бұйқыры мен сиқырын түтетпесін, — деді де Айған киіне бастады. Лезбай жаны Айғанда.

— Кетсе мал кетер. Қой-ақ қойсаң қайтеді. Күн салқын. Өзін жуырда ғана ауруханадан келіп едің. Суық тиіп қалып жүреді ғой.

Өтірік айтқан айыр калпакқа да, әдейі барып түк бітіре алмай келген күйеуіне де ашулы Айған Лезбай сөзін тыңдаған жоқ. Жылы киініп, белін тас қып буынды да атқа қонды.

— Ал, Марғау, соңыма түс. Кімнің малы кімде кеткен екен, көрейік.

Марғау Айғанға ерді. Лезбай үйде қалды.

Бұлар келгенде сәске болып қалған еді. Айыр қалпак қойын өріске шығарған екен. Айғанның жайшылықпен келмегенін бірден байқап, көлденендей берді.

— Кешке таман өзім барам деп едім ғой?

— О не дегенің? Сені күтіп отырған ешкім де жоқ еді ғой біздің жақта?

— Кеше сіздің отарда малым кетті.

— Ол қулығыңды қой, шырақ. Өткен жылы Сәршен байғұсты қан қақсатқан едің. Қайтар малымды!

— Малың болса, қайтарармын. Жоқ болса, не қайтарам.

Айған әрі таласпады. Атын тебінді де жайылып жатқан қойға ұмтылды.

— Айт, айт, Марғау! Ізде, қой ішінен Лезбай сорлының саулықтарын!

Марғаудың күткені де осы еді. Салып ұрып бейбіт оттап жүрген қой ішіне қойды да кетті. Отар быт-шыт, тым-тырақай. Айыр калпак бажылына Айған қараған жоқ. Айтақтауын айтақтаса да «енді не істер екен?» — дегендей ит қылығын бағуда. Отар ішінде жосылтып жүрген Марғау бір кезде бір саулықты қақпайлап бөлек алып шықты.

— Мынаған не айтасың? Мынау, міне, біз салған ен ғой? — деді Айған саулыққа қарап.

Айыр калпак күмілжіңкірей жауап берді:

— Мұндай ен бізде де бар.

— Былжырама!

Арада аз ғана уақыт өтті. Марғаудың арқасында Айған жоғалтқан малын айдап үйіне оралды.

Айған малын айдап үйге оралды да, төсек тартып жатып қалды. Тағы да ақ халатты дәрігерлер келді. Бірақ бұл жолы олар Айғанды ешқайда да әкетпеді. Әкетпеді емес-ау, ешқайда да барғысы келмеген Айғанның өзі.

— Бара-бара жалықтым. Не көрсем де, балаларымның алдында көрейін, мазаламандар мені енді.

Бұрын: «Қайтсе де жүресің», — деп отырып алатын дәрігерлер бұл жолы неге екені белгісіз, зорлаған жоқ.

— Бір есепті, үйде болғаны да теріс емес. Жалғыз-ақ тілек бар: не ішем, не жеймін дейді, бетін қақпандар. Ыдыс-аяғы, бет орамалы бөлек болсын. Балаларды көп жақындата бермендер қасына. — Осыны айтып ақ халаттылар қош айтысты. Соның артынан көп кешікпей қарашаның қары жауып, еріді. Қар жауғанда басын көтеріп, бір кесе сусын ішіп еді, бір күн жатып қар ерігенде ыстық дүниемен қош айтысып, мәңгіге көзін жұмды.

Ел арасында Айған сондай аяулы әйел екен. Жаназаға жиналғандарда қисап жоқ. Таза арулап, айнала тау қоршаған осы жайлаудың елге шыға беріс аузында, өзен жолында көлденең түсіп жатқан биік төбеге қойды.

— Иманды болғырдың тілеуі дұрыс екен. Ел беттен де, тау беттен де алыстан көзге түсіп, мен мұңдалап тұратын жайлы жерге жатты, — десті зираттан қайтқан қалың ел.

Ұлып-ұлып Марғау солығын басқан кезде, кезек Адыр мен Дабырға тиген секілді. Есі кіріп қалған екі бала үйге бата оқырға жиналған жұрттың сай-сүйегін сырқыратты:

— Қайран апатайым-ау, бізді тастап қайда кеттің? Ренжіткен жеріміз жоқ еді ғой!

— Енді қайтсін! Шешесіз күн қараң ғой, — деп жатыр біреулер.

Топтан бір ақсақал суырылып сөйледі:

— Балалар қайтер дейсің. Ертең-ақ жетіліп кетеді. Шын қиындық жер ортасына келген Лезбайдың басында.

— Қайсысына болсын оңай деймісің.

— Балалардың кір-қоңы мен ішіп-жемі. Үй ішінің отын-суы дегендей.

Әлгі ақсақал тағы бір түйін тастады.

— Әй, Лезбай, өлер Айған өлді. Ол енді қайтып келмейді. Үй іші азып-тозбасын, балалар жүдемесін десең, тезірек аяқтану жағын ойла. Алдында үкімет малы. Оны бағып-қағуға да көмекші керек. Ешкім сені сөкпейді.

Еркек жағы осыны мақұл десті. Әйелдер жағында шу көп.

— Айғанның беті жасырынбай жатып бұл не сөз?!

– Тым болмаса, топырағы басылсын да.

– Еркектер әне сөйтеді.

Басына шаққандай ақ жаулық салған бір әйел тым ерекше:

– Әй, көк тұқыл, сен өлген күннің тап ертеніне кемпірінді азғырып, бір бойдақтың арбасына салып жібермесем бе, әпкел қолыңды.

– Сенен бұрын кететінімді қайдан білдің?

– Пиғылың жаман. Аруақ соғады сені.

– Әй, қанша азғырғанмен әйел байғұс көнер ме. «Қырқы, жүзі, жылы» деп жүріп алады ғой, – деді бір әйел.

Ақ жаулық көнер емес.

– Осы тұқылға ерегіскенде қалайда көндірем.

Шал да болмайды.

– Байың өлгелі пәлен жыл. Өзің неге отырып қалдың?

– Менің жөнім бір басқа.

Ерлер ішінен біреу киліге кетті:

– Өзі секілді әзәзіл азғырғышы болмаған шығар.

– Ойын бір басқа, шын бір басқа. Лезбайдың ойланғаны жөн, – десті көпшілік.

Осы ақылмен жұрт тарасты. Ал Лезбай болса, ойланумен болды. Екінші жауған қар бекіп, дүниені суық ұрғанда Айғанның қырқына Қарғабек келді.

– Ау, Леке, осы сенің не ойлағаның бар?

Бұл сауалдың мәні неде? Жанашырлық па, әлде тағылған кінә ма? Соны түсінбеген Лезбай жауабы қатқыл.

– Не ойласын деп едің?

– Қыстың көзі қырау. Балалар болса, жас. Өзің болсаң жалғызсың. Малды қалай бағасың?

– Е, көмекшіге біреуді беретін шығарсың?

– Көмекшімен іс бітпейді, Леке. Малдан бұрын, қарауылшы балаларға керек.

Лезбайдың деген жеріне тиді білем, жүзі жылың деді.

– Оны мен түсінбейді дейсің бе. Мал мен баланың қыбын білетін ондай қарауылшыны қайдан таппақпын?

– Іздейміз.

Лекен үндемеді. Сөзді тағы да Қарғабек сабақтады.

– Мына сиыршы ауылдағы Ұмындықты қалай көресің осы?

Лезбай ойланып қалды.

– Ақылсыз адам емес қой. Оның үстіне Айғанға жақындығы тағы бар. Балаларға тиышсыз бола қоймас. Жиендері ғой, – деп Қарғабек айқындай түсті.

– Қайдам? – Лезбай екі ұрықтау. Оның себебі де жоқ емес. Ана бір жылдары Ұмындық совхоз орталығында ұйымдасқан халық

өнерпаздар үйірмесіндегілермен бірге жайлау аралап жүріп ән салған. Сонда әркімнің көзі түсіп, сонынан ептеп қанқу сөз де ерткен. Сол қанқу сөздің бір ұшы мына Лекеннің өзіне де келіп соғады. Айған ауруханада ұзағырақ жатып, Лезбайдың жүденкіреп жүрген кезінде Ұмсындықтың «жездеlep» келіп, осы үйге қонып кеткені бар болатын. Оның үстіне баласы жоқ. Себебінің неде екенін кім білсін, қыздай қосылған күйеуімен де көп отаса алмады. Осы жайлардың барлығы Лезбайды толғандырмағанда қайтеді?! Екінші жағынан, Ұмсындықтың мінезі жақсы. Ел ішінде «әй, көпір» атанған емес. Айғанға арғы жағынан келіп қосылатын аталас жақындығы тағы бар. Тағдыр жазып қосыла қалса, балаларға теріс қарауға тиісті емес.

— «Қайдамды» қой, — деді Қарғабек Лезбайдың ойын бөліп. — Ұмсындық кет әрі бола қоймас. Бар да сөйлес. Көнбей жатса, елміз ғой, оны да көрерміз. — Осыны айтып Қарғабек машинаға мінді. Лезбайда тағат қалмады Ертеніне таң сәріде атқа мінді де, «кешігіп қалсам қарай салындар», — деп малын көршідегі Сәршенге тапсырып жолға шықты. Сонына ерген итіне:

— Ал, Марғау, жүгіртіп көрші ауылға барып қайтайық, — деп адамша сөйлесті.

Көрші ауылы келесі төбенің астында отырған сиыр фермасы екен. Лезбай аттан түсіп жатыр.

— Иә, Лекесі, таң сәріде бұл не жүріс? Астыңыздан су шығудың қай жағы? — деп Ұмсындық күліп тұр.

— Бір өзін деп келдім. «Анау-мынау десен де, кимайды екен көз көрген» деген бар емес пе.

«Өзін» деп келдінің төркінін Ұмсындық бірден сезсе керек.

— Тәтей бар кезде сүтке түскен күшіктей болып жүруші едің, сақал-мұртты басып, қутындап кетіпсің ғой өзін? — деп Лезбайды сөзбен қағытып, жамбасымен қағып өтті.

— Әй, көксілім-ай, баяғы қалпыңнан танбапсың-ау.

Ұмсындық қара көзін төңкеріп тастады.

— Немене, өзгерді деп естіп пе едің? — Өнінде күлкі, өзі сондай қылықты. Лезбайдың іші-бауырына еніп барады.

Содан ба, әлде еті үйренген бұрынғы көз көргені болғандықтан ба, әйтеуір қонақ еркін.

— Екеуміздің де айдарымыздан жел есіп тұрған жоқ, Ұмсындық. Менің әйелім өлді. Сен байдан кеттің. Кінә кімде, деп тексерер мен емес. Өткен күннің күнәсін қайсымызда көп, қайсымызда аз екен деп қазбалап та жатпаспыз. Мен елуге жетсем, сен отыздан астың. Отыз әйелге аз жас емес. Жалғыздық кімге жарасқан. Менде бір-екі қара домалақтар бар ғой. Соларға ана бол.

Ұмсындық ойнақы.

— Сол екен ғой араға Қарғабекті женгетайлыққа салып жүргенің.

Лезбай тіксініп қалды. Мына сөзге қарағанда, Қарғабек келіп, Лезбайдың атынан Ұмындыққа ұсыныс жасаған. Оны қалай түсінсе екен? Бірақ көп кешікпеді, адам пиғылын әмәнда жақсылыққа жоритын Лекен көңіліне: «Жарайсың, Қарғабек, қарамағындағылардың қамын ойлап жүргенін кісілігін болар» — деген ой келді. Лезбайдың көңіл-күйіне үніліп жатқан Ұмындық жоқ. Әлгі сөзін әрі жалғап, «кет әрі» еместігін танытты:

— Жездемізді Қарғабексіз де білеміз ғой.

Шай келді. Шаймен бірге арақ келді. Ұмындық тізелесе отырып, кішкене қырлы стакандарды өзі толтырды.

— Мүмкін, «мен» деп келгендегі дәмен осы шығар?

— Иә, осы еді, — деп Лезбай күлді.

— Осы болса, ал ендеше алып қояйық.

— Алсақ, алайық.

Осы «алып қоюдың» аяғы малды да, жанды да ұмыттырып жіберді. Қой қорада, екі бала қамауда қалды. Лезбай бір күн, бір түнді оңаша үйде әдемі келіншек қасында өткізді.

Ертеңіне жалғыз басты келіншектің төсек-орны тиелген оқшау шана Лезбай үйіне бет алып бара жатты.

## 5

...Дағдылы бір күн. Қар жапқан кең жазық далада жаяу бұрқасын бар. Лезбай ат үстінде, артта келеді. Марғау болса, дағдысынша отардың оң, мен солын кезек бүйірлеп, жау торуылдайды. Ит иісін алып, әбден үйренген қойлар жайбарақат. Кішкене темір тұяқтарын шыңылтыр қарға шегеше қадап, жайыла оттап келеді. Құлақтанып, қызара шыққан күн етекпен біршама көтеріліп барып, әлденеге ілініп қалғандай, жылусыз көзін сығырайтып қарауытқан аспаннан салғырт қарайды. Лезбай аттан түсіп, біршама жаяу жүріп, тақымын жазды. Содан соң кер бестінің ауыздығын, алып, тебінге жіберді де, өзі бір биіктеу жерге келіп отырды. Мұндайда Марғаудың отарды орағыта шауып, жан-жағына қарап алатын әдеті бар. Сыралғы ит бұл жолы да сөйтті. Тебіннің дөңестеу жерінде мойнын айналаға соза салып, қарғып-қарғып алды: көз жетер, құлақ естір, иіс келер жердің бәрінде тыныштық. Жат қыбыр, селкем дыбыс, секкем иістің түк белгісі болмаған соң, Марғау салып отырып иесінің қасына келді. Кер бесті тұяқ жұмсап әуре емес, қой өтіп, босап қалған тебіннің түбін індетіп әлек. Лезбай көзі жұмулы, басын бір кішігірім тасқа салып дем алып жатыр. Ит келіп, тұмсығын шопан үстіндегі кір сінген ескі тонға сүйкеп-сүйкеп алды. Күшік күнінен әбден мұрнына сінген таныс иіс — шуаш иісі, кір иісі — тамаша иіс.

Қаладағы жылы үйде қолда тұратын, тек бір мезгіл кеш құрым ғана біреу жетегінде көшеге шығып, сейіл құратын тұмшалы ақ саусак туыстарын қайдан білсін, мына ең далада еркін көсіліп, қой соңында жүретін бейнетқор Марғауға, әйтеуір, дүниенің асылы осы иісте.

Лезбай көзін ашты. Бір жамбастап қисая беріп, итінің басынан сипады. Марғау бүйтіп қасына келсе, төніректе тыныштық екенін шопан жақсы біледі.

— Таң сәріден шабуылда, шалдығып кетер, кер бестіні үздіріп алмасак, болмайды.

«Айтқанына түсіндім» — дегендей, Марғау да көзін жұмып, маңдайымен Лезбай алақанын сүйкеп-сүйкеп қойды. Жақсы көргенді байқаса, арсалаңдап иесінің үстіне қарғып, әдемі сезімнің бейберекетін шығаратын кейбір даңғой туыстарын Марғау ұнатпайды. Оның бар махаббат-ықыласы осындай сыпайы қимылмен тынады. Итінің осы қылығына разы болды ма, кім білсін, Лезбай жарлауыт қабақтың астында жатқан кішкене көзін күлімдете қадап:

— Затың ит болғанымен, кейбір екі аяқты ақымақтардан әлдеқайда артықсын-ау, — деп дән ризалық білдірді.

Сол сол-ақ екен, Марғау жүресінен отыра қалып екі-үш дүркін дүңк-дүңк етіп үрді де, жосылта жөнелді.

— Әй, мактағанға дандайсып кеттін-ау деймін, — деп Лезбай қарқылдап күліп, бір аунап түсті. — Әйтпесе ит боласың ба?!

Жок, Марғау мактанбағанға ұқсайды. Жан ұшыра абалап, қой отарын айнала шапты. Әлі де жайбарақат жатқан Лезбайға құйғытып келіп, үріп-үріп өтті: Не ғып жатырсын? Жау келді, атқа қон! Кенет қой дүрлікті. Бір сойқанның болғанын Лезбай сонда барып түсінгендей, қарғып атына мінді де, ит кеткен жаққа шоқыта салды. Істің жайын дөң асып барып байқады: бір көк шулан жер бауырлап жақындап қалыпты. Қарсы алдында Марғау. Не істерін білмейтін секілді, мойны күдірейіп, тісі аксиып кеткен.

— Марғау, Марғау! Айт Айт!

Адам тегеурінінен сескенген көк шулан қарғып тұрды да, жөнеле берді. Адам тегеурінінен қуат алған Марғау бөрі соңынан бүктеле салды. Екеуі де дөң асты, ойға түтсті. Артта қуғын барын анық сезген Марғау көкжалды қарсы қабаққа асыла бергенде қуып жетті де, жұқа шаптан қапсыра қауып, тұмсығымен түйіп өтті, көк шулан тонқалаң асып барып, қайта тартты. Шабынан саулаған қан қарды таспадай тіліп сызып барады. Қан көрінсе құтырынып кететін арғы тегіне тартты білем, бар қауіпті ұмытып үлгірген Марғау қасқыр соңына қайта түсті. Ит тегеурінінің ондай емес екенін енді аңғарған көкжал әлде тақыстығы, әлде сасқаны, әйтеуір қиыстап барады. Марғау мақсаты біреу-ақ: қансыраған ата жауын тағы бір қуып жетіп, Лезбай келгенше мүлде жәукемдеп тастау. Денеле әлі қуаты көп, жағдайға

біржола үстем ак тұмсық кара ит екінші бір жыраға қасқырмен қатарласа келіп түсіп еді. Бір бүйірден жанапайлап шыға келген бір топ бөріні Марғау осы тұста барып байқады. Артында қардан шаң тұрғызып, құйғытып келеді. Өзгелерінен оқ бойы алда келе жатқан көш басы арлан жаралы ұяласын өткізіп жіберді де, Марғаумен айкаса кетті. Шар болаттай шындалған екі тұмсық арандай ашылып, бір-біріне тіресіп қалды. Құлды, қайсымыздың аузымыз үлкен екен, көне салыстырайық дегендей ырылдайды. Осы бір сәтте екінші бірі келіп Марғаудың оң жамбасына ауызды көміп қалды. Дүние жып-жылы болып жүре берді. Тіршіліктен әлі күдерін үзбегені ме, әлде жан тәсілімі, кім білсін, жабыла шүйліккен қасқырлар жайына қалды, Марғаудың есіне ең әуелі құйғытып келе жатқан кер бесті, одан кейін қамшы үйірген Лезбай түсті. «Кайдасын?» — дегендей бір қанқ етті де, серейіп сала берді. Сол шақта күркіреген Лезбай даусы шықты. Гүрс-гүрс мылтық атылды. Содан арғысы есінде жоқ.

...Бір кезде Марғау көзін ашты: екі бөрі сұлап жатыр. Біреуін иісінен анық таныды, — манағы өзі қуып жетіп, таңын тартқан көк шулан. Қалғандары зымзия.

— Екеулеп жүріп екеуін түсірдік. Енді Лезбайдың отарына аяғын байқап басар өздері де, — деп Лезбай сыдырып алған жас терілерді қоржынына салды да, атқа қонды. Кер бесті әлденені сезгендей көзін аларта оскырынып үрке салды.

— Е, қорықпа енді бұлардан. Ал, Марғау, кеттік, — Лезбай итімен осылайша сөйлеседі.

Марғау кеудесін көтерді. Бірақ алдыңғы аяғында жан жоқ секілді. Икемге келмейді, соны аңғартқаны ма, болар-болмас белгі беріп, қынсылап қойды. Ілгері кеткен Лезбай қайта оралып аттан түсті.

— Алда байғұс-ай, аяғыңды шайнап тастаған екен ғой. Бәсе, неғып қозғалмай қалды деп ойлап едім, — деп итінің мойнынан сипады да, атқа өңгеріп алды. — Қамықпа, әлі-ақ ойнақтап кететін боласың.

Лезбай қойын айдап үйге келді. Өрістен ерте оралғандықтан ба, үйден үрпіісе шыққан балалар мен Ұмсындық кейіпінде сұрау:

— Мал аман ба? Соны аңғарған Лезбай:

— Мал да, жан да аман. Мә, мынаны үйге апарыңдар, иге саламыз, — деп теріні балаларға лақтырды да Марғауды өбектеп аттан түсті.

— Бұған не болды? — деп Ұмсындық шошып қалды

— Қасқыр аяғын шайнап тастаса керек.

— Енді не істейсің?

— Емдейміз, — деп Лезбай екі талды жонып қалақша жасай бастады.

Ит басын жерге салып сұлық жатыр. Балалар бірінен соң бірі келіп нан тастап әлек.

— Жемейді ғой? — деді Дабыр.

Адыр киліге кетті.

— Аяғыңды қасқыр шайнаса, сенін тамақ жегенінді көрер едім! Марғау қайта жыламай үнсіз жатыр. Сен болсан, бақырар едің.

— Иә, саған, мен емес, ең алдымен «аяғым, аяғым» деп сен бақырар едің ғой.

— Қой, жокка таласпандар, — деп әкесі балаларына басу айтты.

— Марғау болмағанда мына қойды қасқыр қырып кететін еді. Ал қойды қасқыр қырды дегенше әкелерінді түрмеде деп білiндер.

Адырдың көзіне жас келіп қалды.

— Иә, деген! Мен сені түрмеге жібермеймін.

Дабыр өшін алғандай. Мазактап жатыр:

— Әлгінде ғана жыламаймын дегенін қайда? Адыр жылауық, Адыр жылауық.

— Әкемді қамап қойса, мен түгіл сен де кеңкілдеп жылар едің ғой.

Лезбай мен Ұмсындық Адырдың мына сөзіне шегі қатқанша күлді.

— Ұрлық істеген жок, өтірік айтпайды. Жайдан-жай әкелерінді неге қамайды? Ешқайсың да жыламай-ақ қойыңдар! — деді Ұмсындық Адырдың басынан сипап.

Лезбай нағыз сынықшы секілді. Иттің аяғын асықпай отырып көп сипады. Сынығы, жарықшағы бар ма деп сипайтындай. Марғаудың жаны жай тауып, көзін жұмды. Адырдың даусы қаттырақ шықты.

— Көзі жұмылып кетті. Өліп қалмай ма?

Марғау баланы қорқытпайын деді білем, басын сәл көтеріп, ынырсып қойды.

— Неге өледі, өлмейді, — деп Лезбай ит жарасына дәрі септі. Содан кейін әлгі қалақшалармен сынық аяқты танып тастады.

Марғау үш аяқтап үш ай жүрді.

— Ит емдеп қайтетін едің, көзін құртпайсың ба? — дегендерге шопан жауабы шолақ.

— Марғау екіге жаңа ғана жетті, жас сүйек әлі-ақ жетіліп кетеді.

Лезбай сөзі қате кетпеді. Ақыры шипалы қолдың салауатымен Марғау құлан таза айығып, байырғы қызметіне ауысып еді...

## 6

...Марғау төртке аяқ басты. Күз белгісі біліне Лезбай отары төменге бет алды. Үй мен балаларды машинаға салып кеше жөнелткен-ді. Қой соңында Лезбай мен Марғау. Ұмсындық қазан-ошақ артқан арба үстінде.

Лезбай мұндайда саспайды. Жаз бойы оты мол, суы мол шыбынсыз жайлауды еркін жайлап, шелденген малдың алдында ұзақ қыс тұрғанын әсте естен шығармақ емес. Сол себепті, «ерте барсам жерімді жеп қоям» — деген ниетпен, ықтырма мен күздеуде отыруды қатты ұстанып, жұрттын соңын ала малды оттата жылжытып келеді. Кейде шеттеген қойды қайырып, тырқырата бастайтын Марғауға жекіп тастайтыны да содан. Марғау сондай есті. Айтқанды екі етпейді. Малдың кең жайылып оттауына мүмкіндік жасап, ондайда алыстан орағытады.

Түс ауды. Мал жусайтын кез. Бұл шақта Лезбай отары айнала қалың қарағайлы тау қоршаған кең жайлаудың төменге түсер аузына іліккен еді. Ендігі бет алды Кегеннің кең жазығы. Одан әрі Қулық тауы. Тау сыртында қыстаулар, мал қоралары.

Біраз төмендегендіктің белгісін танытып бұлттан күн шықты да, ысыта бастады. Лезбай астындағы өзіндей көнбіс кер бестінің шаужайын тартып, жерге түсті. Үстіндегі кір сіңген ескі кара тонды шешіп былай тастады.

— Әй, Ұмсындық, мал жусайтын кез. Демалайық. Шай-суынды дайындай ғой.

Ұмсындық арбадан зорға түсті.

— Ау, саған не болған?

— Ауырып келем.

— Ертемен шыққанда сап-сау едің ғой?

— Ертемен сау болсам, қазір аурумын. Әйел жайын білмейсің бе?

Лезбай сәл кейіңкіреп, мұрнының астымен бірдеме деді де, арбаны көлденең тартып, қалқан жасап, шай қайнатты. Ұмсындық Лезбай шешіп тастаған тон үстінде қисайып сәл жатты да, басын көтерді.

— Жазған-ау, мына тонды баяғыда таста деп ем ғой? Қайтіп киіп жүрсің?

— Қара тонмен ойнама, ол менің құтым.

— Құт болса болар, ісі әдемі екен. Тер саси ма, әлде шуаш саси ма, ажыратып болар емес, — деп Ұмсындық бөлек жерге қисайды.

— Жә, жә, кекетіп мұқатпай? Сенің де шыққан тегің белгілі еді ғой маған. Одан да мына шайды құй.

— Еркелеп жатыр дейсің бе. Ауырып келем дедім ғой.

Лезбай кенет Айғанды есіне алды. Ащылы-тұщылы бірге отасқан жиырма бес жылдың ішінде ауырып жүріп те бір рет аурумын деген екен. Тіпті өлерінің алдында айыр қалпаққа барып, қосылып кеткен саулықтарды айдап алып келді-ау. Мүмкін, сол жолы бармай-ақ қойғанда өлмейтін бе еді, әлде қайтетін еді? Осы бір тоқтам үстінде Лезбай енді өзін кіналады: біреудің бетіне келіп, осы бір жүз жыртпастық-ай десенші. Елуді озып, алпысқа тартқан шағында анқаулық пен аңғырттық, сенгіштік пен бұйығылық деген

кеселден қайтсе құтылмақ?! «Менің қойым қайта сенде кетті» — деп шімірікпей тұрды-ау айыр қалпак. Дардай басымен жұрт қайтіп барады екен осындай қулыққа? Қулық сырын түсінбегендіктен талай жерде опық та жеп жүр. Сондай өкініш үстінде «бұл бір сабақ болды. Енді ме, енді қайтып ондай іске Лекен баса қоймас, енді қайтып бұлай құрылған қулық тұзағына онайлықпен Лекен түсе қоймас», — деп өзімен өзі болып, ант-су ішкенімен, залымдық пен қулық шіркін тонын айналдырып киіп, кейпін өзгертіп келеді де, табиғатында аңғал жаралған Лезбайды тағы да оп-онай ауната салып, жарк беріп кете береді.

Лезбай қатты ойланған екен, атам заманнан келе жатқан тас құман тасып, бұрқырап кетіпті: «Жазған-ау не болған саған, шайын тасып жатыр», — деген Ұмсындық даусын зорға естіді.

Кенет абалап ит үрді. Лезбай жан-жағына шошына қарады. Отар тыныш. Қой біткеннің селкеу шыққан бірі жок. Аядай ашық жерде ұйлығып жатыр. «Марғау қайда?»

— Марғау, Марғау!

Марғау тағы да абалады. Даусы, бірақ әртінде.

Лезбай енді алысқа, алдыңғы беттегі төбеге көз салды. Марғау төбе басында. Әуілдеп үріп Лезбайды шақырады. «Жайдан-жай бүйтпесе керек еді ғой? Не көрді екен?»

— Марғау, Марғау! Кә-кә-кә!

Марғау өршелене түсті. Келер сынаы жок тіпті.

— Даусы тым қатты ғой ана бишаранын. Бекерге мазаланбаушы еді, бірдемені көрген болар, барсайшы, — деді Ұмсындық.

Ыстық шайдан бір-екі ұрттап, Лезбай атқа конды. Шоқытып төбеге шыкса, Марғау Айған моласының басында тұр. Лезбай көзіне жас келіп қалды. Аттан қарғып түскен бойда итін келіп құшақтады.

— Мал мен бір құлқынның жайын ойлап жүріп, Айғанның осы жерде екенін де ұмытып кетіппін ғой тіпті!

Лезбай дін дегеннің не екенін де білмеуші еді. Ақсақал, карасақалдар жиналып дұға оқып, дәм қайырып жатқанда Лезбай қолын жұрт сөзіне қалмайын деп жаятын. Баска біреулер аузын жыбырлатып тие берсін айтып жатқанда бұл баска бірдемені ойлап, әлденеге алаң болып отыратын-ды. Не болмаса: «Аузын жыбырлатқанда осылар не айтады екен?» — деген сұраққа жауап іздеп азаптанатын. Сол Лезбайың тізе бүгіп отыра қалды да: «Алдын жарық болсын, Айған. Артында қалған қарғаларың реніш дегенді білмесін!» — деп күбірлеп, бетін сипады. Екінші жылға айналып, басылып қалған моланың әр жерін көтерді. Қирай бастаған шарбақты жөндеді.

— Кешіктің ғой, не көрдің? — деді Ұмсындық ренішті оралған Лезбайға.

Лезбай үндемеді. Атына бір жамбастап отырған күйі отарды орнынан көтерді.

— Ау, біздің үйдің кісісі, бірдеме естігеннен саумысыз? Далада қалып қоймайық. Арбаны ыңғайла, атты жек, — деп Ұмсындық күле қарап, көзін төңкеріп тастады.

— Арба дайын емес пе? Ыңғайлайтындай шашылып жатпаған еді ғой, — деп Лезбай кете берді.

Іс мәніне жете түсінбеген Ұмсындық:

— Әлгі екі арада мынаған бірдеме көрінген шығар? — деп аузын бір сылп еткізді. Атты жегіп, шашылған нәрселерді жинастырды. Көзі кір сіңген кара тонға түсіп еді, ұрыстың бәрі осында тұрса да қойшы», деп көтеріп алып лақтырып тастады да жүріп кетті. Бұл кезде төбеден түсе берген Марғау жұрт жаққа қарап мұрнын шүйірді. Қарайып жатқан тонды иісінен танып тұр. Лезбайға қараса біршама алыстап кетіпті. Одан беріректе ыдыс-аяқты салдырлатып Ұмсындық мінген арба зымырап барады. Кара тон жұртта қалған. Марғау дүнк-дүнк етіп екі-үш рет үрді. Ұмсындық қараған жоқ. Лезбай естімеген секілді. Ит жүгіртіп төменге түсті де, кара тонды үш айналды. Лезбай тоны, жақын келіп үш иіскеді. Лезбай иісі. Аянар жан қалған жоқ енді. Абалап үріп, алыстап кеткендердің соңынан салды. Ұмсындыққа жетіп, арбаны айнала үрді. «Тон қалды! Тон!» Ұмсындық бірақ селт еткен жоқ. Одан кейін Лезбайды қуып жетіп, отарды айнала шапты: Тонын қалды! Тоның!.. Лезбай атының басын тартып, итіне қарады:

— Неге шабаландың?

Марғау өршелене түсті: Тонын қалды жұртта! Тонын!

Лезбай қойдың ол жақ, бұл жағына шықты. Бәрі түгел, бәрі аман секілді. Артына қарады. Салдырлатып Ұмсындық та келе жатыр.

— Ау, ит неге абаланды? Ренжіген Ұмсындық жауабы келте:

— Ит иесі өзін білмесең, мен қайдан білем...

Лезбай үндей алмай қалды. Ашуды кер бестіден алғандай. Қамшыны бір үйіріп, борбайлата салды да отардың сетінеген жағына шаба жөнелді. Марғау тағы да үрді. Лезбайдың қайрылмайтынын білген соң, жосылтып, жұртқа келді. Кара тонды үш айналды. Қателеспеген. Лезбай тоны. Жақын келіп үш рет иіскеді. Нак Лезбайдың иісі. Қызық. Кара тонды қалдырып бұлар қайда бара жатыр? Ит ақылына сыймайды. Марғау жосылтып тағы келді Лезбайға. Жағына тыным жоқ. Отарды айнала шауып үрумен жүр. Ай мен күннің аманшылығында мынадай мінез көрсеткен ит қылығын Лезбай өзінше: «Айған қалды төбеде, Айғанды тастап қайда бара жатырсың?! Қайт кейін!» — дегені деп түсінді. Өйткені Айған дүние саларда Марғаудың үш күн бойы жағын жаппағаны Лезбайдың әлі есінде.

— Өлген Айған кайтып келмейді енді. Қой, Марғау, — деп жекіді Лезбай.

Марғау, бірақ өршелене түсті: «Ап! Ап!»

Әр қилы сезім жетегінде келе жатқан Лезбай Марғау абалап, жанынан өте берген кезде бишікпен тартып жіберді.

— Байбалам сап, мазаны кетірдің ғой тіпті!

Аз ғана ғұмырында тәніне тұңғыш рет таяқ тиген Марғау әуелі шоқиып отыра қалып ұлыды да, кері салды. Артық кеткенін тез аңғарып: «Марғау! Марғау!» — деп шақырған иесіне де қарамады. Салып жұртқа келді. Тон үстіне шоқиып отыра салып тағы ұлыды. Бірақ Лезбай отары алыстай берді.

## 7

Арада ай өтті. Лезбайдың күздеуді қалдырып, қыстауға бет алар кезі де таянып қалған. Басында дала мінезін танытып: «Есті ит еді ғой, келіп қалар» — деген үмітпен жүрген Лекең бара-бара көнілін күдікке алдырып «Апыр-ау, қайда кете қалды?» — деген сұрақты жиі қойып, жауап таба алмай дал болатынды шығарды. Әр қилы тон пішеді: әлде қасқыр тобына кезігіп қалды ма екен? Әлде көре алмаған жат-жақын, шопан-жоралардың бірі жазым қылды ма? Әлде тәніме ащы таяқ тигіздің деп өкпелеп кетті ме? Не көрінді? Ойда жокта неліктен беймаза бола қалды? Әлде... Қойшы, осы бір «әлдемен» жүргенде тағы да біршама уақыт өтті. Лезбай отары төменге құддилап қыстауға келіп бекінді. Бірте-бірте Марғау ізі көмескілене бастағандай. Басында ауыз жаппайтын балалардың өзі де Марғау атын сиретіп барады. Жалғыз-ақ мал сетінесе, жә болмаса, боран-шашында қасқыр торуылдаса, сонда ғана Марғау аты ауызға ілінеді.

— Шіркін, Марғау болғанда ақсақ қой далада жатып қалмас еді ғой.

— Марғау болса қасекең де аяғын байқап басар еді-ау біздің отарға!..

Осылай қыс өтуге айналды. Лезбай үйі Марғауды өлдіге санап, біржола ұмыта бастаған еді...

## 8

Бірін бірі жақсы көретін ит пен онын иесі Лезбай арасында әйтеуір бір түсініспестік болды: «Тонын қалды», — деп Марғау абалап барып еді, оны Лезбай Айғанға байланыстырып, өзінше жо-

рыды. Соған орай тұңғыш рет мінез көрсетіп, қол көтерген Лезбай қылығы да Марғауға «неменеге беймаза бола қалдын, қалдырып кетсем, қарап тұрмайсын ба, келмейтін бе едім қайтып?!» — деген жарлық есебінде жетті. Қайтсе де Марғаудың тон күзетіп қалғанына талай уақыт. Күнде жолға қарайды. Тұмсығын созып, ауадан Лезбайдың иісін іздейді. Сөйте-сөйте жалыға бастады. Бір нәрсеге қайран: қара тонды неге тастап кетті? Неге іздеп келмейді? Ашыға бастаған кезде тышқан аулайды. Тышқан аулап, қарнына бірдеме барған кезде есіне тон түседі де, салып ұрып орнына келеді. Қызық бір ой: адам тойса, уайым-қайғысы азаяды. Жатқанды, демалғанды ұнатып тұрады. Ал ит ше? Қарны тойса, атадан мирас болып келе жатқан өз міндеті — күзет міндеті есіне түсіп, мазасы кете бастайды.

Бір күні борап қар жауды. Ит жатқан жер дөнес желдің өті екен. Сол себепті, Марғау қара тонды тісімен сүйретіп жыраға келіп түсті де, үлкен бір қой тастың ығына келіп жайғасты. Осынысы ақыл болғанына Марғаудың көзі ертеніне жетті. Ұйтқи сокқан боран жырашықты қармен толтырып, қойтастың үстінен жүріп кеткен. Етегінде кішкене саңылау бар. Құдды әдейі жасаған үйшік дерсің. Марғау далаға шықты. Айнала аппак. Нағыз қан сонар. Тау беткейіндегі шыршалар қар жамылып мүлгіп тұр. Олай-бұлай жосылта шауып ит бойын жазды. Содан төбеге шықты. Айған моласы қар астында. Көз жетер атырап із түспеген ақ қағаз бетіндей. Әлде Марғау иісі, әлде тон иісі шошытты, түн жортпалары бұл өңірді айналып өткенге ұқсайды. Ит аңсары кенет жазда Лезбай отырған жұртқа ауды. Құйғытып келіп, айнала тіміскілеп жүр. Таныс жер, міне, мына жерде өзі жататын. Мынау Лезбай демалатын орын. Мынау, міне, Ұмсындық иісі. Қазан-ошақ иісі. Дабыр, Адыр иістері де бұркырап жатыр. Дәп қазір сол иістердің өзі болмаса да, ит көзіне анық, айқын қалпында сол кездің суреттері келеді. Ал қаймағы бұзылмаған осы суреттердің ит жадында таныс, етене иістерге айналуы ықтимал құбылыс қой. Марғау тұмсығын көкке созып, ұзақ ұлыды. Көкіректі сондай бір ыстық сағыныш оты шарпығандай. Көзін аша салысымен бауыр басқан бір үйлі жаннан айырылып, мына жұртта Марғау неге қалды осы? Жылы ықтасын, Ұмсындық беретін сүйек-саяк, көже көзден бір-бір ұшқандай. Бұрын мал қамы, жан қамы болмаса, құлқын қамы дегенді білмеуші еді. Ендігі іздейтіні — не кезігеді, қалай кезігеді?

Марғау өз жұртын тіміскілеп жүріп жарты таба нан тапты. Аяз сорып, қатып қалған нан. Темір секілді, домалатқан тасқа тиіп шықшық етеді. Марғау нанды Лезбай жататын жерге алып келіп ұзақ әуреледі. Ақыры түс ауды. Нанның соңғы қиқымын жеп, тұра беріп еді, алдында анадай жерде шоқиып отырған қасқыр қаншығына көзі түсті. Шошынып, денесі мұздап қоя берді. Ата жауын осыншама

жақын келтіріп, қалай аңғармай қалған. Иісін қайтіп сезбеді? Марғау мойнын күдірейтіп, ырылдап еді, қасқыр қаншығы жер бауырлап жата қалып құйрығын былғады. Достыққа, татулыққа шақырған белгі. Өзі жылжып келеді. Жауап есебінде Марғау да құйрығын былғап қойды. Шын достыққа ниетін болса, мен де қарсы емеспін – дегені. Содан кейін ұшып тұрды да, төрт аяғын жерге шалқайта салып, кеудесін кере сәндене бой жазды. Ал көре ғой, ит баласының сұлулығы менен өтпеген!

Қаншық жылжи қынсылап, Марғауға жетті. Марғау да қарап қалған жоқ, бозбала сері мінезбен екі-үш аттап барып қаншық сауырынан иіскеді. Бірақ қасқыр қаншығының бойында айла-лы есеп болмаса, басқа сезім белгісі жоқ. Соны сездірмейін дей ме, құйрығын қайта-қайта былғалап, қынсылай береді. Көңіліне әлденені секем алған Марғау алыстан тұрып, мойынын қайта соза беріп еді, қаншық шыққан беттен құйғытып келе жатқан үш нокатқа көзі түсті. Аялдар шак қалған жоқ. Жалт берді. Дярлық жасап, жер бауырлап жатқан қаншық кілт өзгерді де тұра ұмтылды. Дегенмен ұзын сирақ Марғау адымы алымды екен, барған сайын ұзай берді. Ұзаса да маза жоқ: қайда бармақ? Ізге түскен бір топ қасқыр қайда барсаң да қалмайтыны айдан анық. Артына көз салып еді, басқаларынан оқ бойы алда келе жатқан қаншық пен өз арасы жақындап қалған секілді. Қуғанның жетпей қоймайтынын сезген Марғау бір шешімге белін бекем байлаған секілді. Енді шоқалақтап баяулата шапты. Әлгіндей болмады, қаншық салып жетіп, ауызды сала берем деген кезде Марғау төрт табандап бұға қалды. Қаншық өз екпінімен Марғаудан асып барып үш домалады. Ит ұмтылып қасқыр алқымынан алды да, бірер толғап, ілгері тартты. Қаншықта дәрмен қалмағандай, серейіп сала берді. Соңынан жеткен үшеудің бірі қаншық қасында қалды да, екеуі төтелей салды. Бұл кезде Марғау ертемен өзі қалдырған үйшікке жетіп, сүнгіп те үлгерген еді. Екі қасқыр қара тоннан адам иісін сезсе керек, салып ұрып келгенімен, үйшікке кіруге батпады. Марғау сақ сонда да. Қасқырлар көбік қарды бұзып кіре ме деп дайын жатыр. Қара тонды сүйреп есік алдына апарды. Адам иісі барына қасқырлардың көзі анық жетсін дегені. Үйшік іші түні бойы көк мұзданып бекіп қалған. Төңіректі олай-бұлай дүбірлеткен қасқыр салмағын көтеретін де сияқты. Бірақ көкжалдар жақындамады. Бірер сағат тас төңірегін айналып, ұлып-ұлып, ақыры қас қарая кетіп отырды. Марғау далаға шықты. Айнала бұрылып ауаны ұзақ иіскеді. Қасқыр иісі алыстап кеткен. Шынылтыр аяздан басқа ештеңе сезілмейді.

Аяғындықиябассаң қатертөндіргенендігі тірліктің ашы-шындығы ит қабілетін инстинкт таразысына салып дәл бағалауды талап етеді. Өйткені, Марғау бойындағы қалыптаса бастаған сезім түйсіктері

өзінің кара басын сақтау күресінде шынығып жетілмегендіктен дала тағысымен бұл ретте таласа алмайтыны көрінді. Әлдебір жансақтық себеп болып, тірлік үшін күрестің ұлы дүрбелен жолына оқыс түскен Марғауға, міне, енді барынша сақ, барынша әккі болу керек. Жауына қарсы бару – ең соңғы шара. Екінін бірі – өлесін, не өлтіресін. Адам қолында бұла өскен, көп ретте өз тірлігін қорғауда, ең оңайлы, тіпті тамақ тауып жеуде қырсыздық көрсететін Марғауға ондай тәуекелдің қажеті не?! Шаман келсе, бұғып қал. Әйтпесе аңғырттық пен жайбарақаттық жарға жығады. Бар болмысымен осы ақиқат шындықты сезінген ит ұзақ тұрып, меңіреу тыныштық басқан төңірекке қадала қарады. Әлсін-әлсін тұмсығын көтеріп, ауадан иіс ізін іздестірді. Ақыры секем алар дыбыс пен иіс сезілмеген соң манағы қаншық жығылған жерге барды. Қарға қан тамған. Тіпті көп тамған. Қайсы ретте қасқырлардың сол қан тамған жерді қауып тістегендері де байқалады. Жығылған жерінің қарайып қалғанына қарағанда әлде қансырады, әлде есін жия алмады, әйтеуір қаншық ұзақ жатыпты. Марғау бір сәт өз күшіне, өз ісіне разы болып, қайта-қайта керіліп, олай-бұлай жүрді де, үйшігіне оралды.

## 9

Марғау өзінің ашыққанын сезінді. Шынылтыр аяз сорып, қары әбден бекіген жылы үйшіктен шыққысы келмеп еді, қу құлқын тысқа қарай жетелей берді. Не істеу керек? Төскейде қалың қарағай бар. Соған барды. «Шауып өткен бір қоян ізі жатыр. Иісі бірақ ескі. Тегі, әлденеден секем алып, ығысып кеткен болса керек. Марғау ізге түспеді. Қарағай басында бұтақтан бұтаққа қарғып бір тиін жүр. Соны аңдып ұзақ тұрды. Қимылы мүлтіксіз, қайықша сырғанады. Бұтақ үзілмесе, жерге түсер ойында жоқ. Мекен-жайы мен тамағы – ағаш басы. Марғау одан күдерін үзіп, тағы ілгеріледі. Бір ағаш түбінен аюдың иісі шығады. Баспалап келіп қарап еді, буы бұрқырап жатыр. Бірақ көп аялдамады, алыстан орағытып әрі кетті. Аюмен ойнауға болмайды. Тағы да із кесті. Алдағы бір төбе – суыр мекені. Оған да аялдаған жоқ, Суырды індету – су ішінен балық аулаумен тен. Түс ауды. Марғау айналасы қалың шілік тал түбіне тап болды. Іздегені де осы еді. Қоқыстарды копарды да, ұйқылы-ояу қалпында бір борсықты оп-оңай суырып алды.

Карны тойған Марғау есіне тағы тон түсті. Байқаса, біршама алыстап кетіпті. Келген ізді қуалау бос әурешілік. Сол себепті, төтелер салды. Кенет әдемі бір иіс шықты. Адам иісі, жылқы иісі. Қуанғандығы сондай, даусын созып, ұлып жіберді. Қарағай арасын қағып екі салт атты шықты. Мойнында мылтығы, сонында иттері бар. Әдепкіде Марғау құйғытып барып қосыла кеткісі келіп еді, тез

айныды. Адамдар әр килы, айдалада жалғыз қалған Марғау жайын түсінсе жаксы. Түсінбесе, «қаңғырған бұл не қылған ит?» — деп атып кетпесіне кім кепіл. Жылыстай берді. Оқыстан абалап иттер үріп, осылай салды. Тегі. Марғау ізіне түскен болса керек. Иттерге елігіп, аңшылар айкайласты. Орман іші дабыр-дұбыр, азан-казан.

— Әне кетті ақ тұмсық қара қасқыр. Екінші аңшы қарсы.

— Қара қасқыр бола ма екен? Не шатып тұрсын?!

— Өз көзіммен көрдім.

— Қасқыр дегенің өзіміздің Қырғын шығар.

— Жоға, Қырғын онда мына жакта жүрген. Аңшылар қалай таласса, олай талассын, Марғау максаты қайтсе де көзге түспеу. Ізінде екшелеп келе жатқан иттер барын сезіп, қалыңға бұрылды. Сол кезде қарсы алдынан дәп өзіндей ақ тұмсық, қара ит шыға келді де, Марғауға ырылдап ұмтыла беріп, тоқтап қалды. Марғау даусында араздық та, татулық та жоқ.

— Р-р-р-р! Не керек өзіне?

Аңшы иті құйрығын былғап, Марғаудың қасына барып қатарласа тұрды. Танауында ақ бұршақ танбасы бар. Қалған жері менсіз қара. Бойының кішілігі болмаса, бас, кеуде, дене бітімі қаптап қойғандай нақ өзі, аумай қалған. Марғау бойына әлдебір жылылық сезімі пайда болды. Өзіндей ақ тұмсық қара итке таянып барып, құлақ түбінен екі рет жалады. Тіпті иісі де таныс, өз иісі. Тағы бір таныс ит иісі. Марғаудың көз алдына қырғыз шопаны Сәршенге еріп келген қара қаншық келді. Ұлы инстинкт заңы табыстырған әкелі-балалы екі ит сағынып көріскен адамдарша айкасып сәл тұрды. Сол кезде жақындап қалған ат дүбірі шықты. Түбіт жүні дүрдие қалындап, жартылай тағыға айнала бастаған Марғау қозғала берді. Өз орнында қимылсыз қалған Қырғын абалана үрді:

— Мені тастап қайда барасың? Бірге болайық.

Марғау да дүнк-дүнк үріп барады:

— Қызмет бар. Дүниедегі ең қымбат адам Лезбайдың тонын күзетіп жатырмын! — дегені.

Осы кезде аңшылар да келіп жеткен еді.

— Әне, әне кетті. Қара қасқыр болмайды дейсін. Мынау немене қара қасқыр емей?! — деді манағы жіті көз аңшы. — Қырғын, Қырғын! Түс соңына! Айт! Айт, Қырғын!

Қырғын, бірақ қозғалмай қалған күйі ұли бастады.

Кейінірек келген Сәршен де басында Қырғынды айтақтап қалғанымен, кеткен ит нобайын кешеулеп барып таныды.

— Ойбай-ау, бұл Лезбайдың иті ғой. Жоғалып кетті деп зарлап жүр еді. Марғау, Марғау! Кә-кә-кә!

Марғау қайырылмады. Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлы инстинкт сезімі қара тонға қарай жетелеп алып кете берді.

— Ана иттің қайрылмағаны бір жөн делік. Бейтаныс адамдармыз. Ал мына біздің Қырғынға не көрінді? — деп таңданды аңшы серік.

Сәршен ракаттана күлді.

— Онда бір кілтипан сыр бар!

— Не сыр?

— Біздің Қырғын ана кеткен Марғаудың баласы.

Аңшы серік үндей алмай қалды.

Сәршен бір тоқтамға бекіген секілді.

— Ал, бала, Лезбай қыстауына тарттық. Итін көргенімізді айтып, сүйіншісін алайық.

— Тым алыс қой?..

— Алыс болса да, ат аяғы жетпейтін жер жоқ, бала.

Аңшылар Лезбай қыстауына бет алды.

## 10

Марғау хабарын естігеп Лезбай Сәршен аттанысымен жолға жиналды. Жаксы көретін итінің тірі екенін біліп, балалар «мен барам, мен барам» — деп таласып жатыр. Лезбай оларға: «Жер мойыны шалғай. Тоңып қаласыңдар», — деді де, аттанып кетті. Бөтенге сондай сұсты болғанымен, жакынға тым арсалаңдай бермейтін ұстамды, ақылды Марғаудың ойда-жокта жұртта калып қою себебін қанша ойласа да Лезбай таба алмайды. Ақыл алтау, ой жетеу, ақыры ара қонып, жайлау алқымына жакындаған еді. Қол созым жерде Айған төбесі. Төменде былтыр күзде өзі шай ішіп аттанған жер. Марғау осы жерде кеткен. Бірақ Сәршен көрдім деген түс әлі біршама алыс. Лезбай сол бетке көз тікті. Кенет кер төбе оқыранып қоя берді. «Оу, саған не болды?» — дегенше болмады, алдында оқ бойы жерде шокиып отырған бір итке көзі түсті. Итіне аяқ астынан оңай кездесем деп ойламаса керек-ті. Әдепкіде: «Қара қасқыр болады деуші еді», — деп шошып қалған Лезбай кейіндеп барып таныды. Кәдуілгі Марғау. Жон терісі қалың, мойны жуандап, аяғы сомдалып алыпты. Лезбай атын тебініп алға ұмтылды.

— Марғау, Марғау, кә-кә-кә!..

Бұрын атылып келіп үстіне асылатын Марғау қозғалар емес. Көкке қарап, әлдебір түсініксіз дыбыс шығарды. Итке ұқсап үргенге де, қасқырға ұқсап ұлығанға да ұқсамайды. Лезбай «кә-кәлеп» жакындай берді. Марғау кейін шегінді. Екі көзі қып-қызыл, қанталап кеткен. Алты ай қыс бойы қанғыртып далаға тастап, жаман тонды күзеттіретіндей мен саған не жаздым деген ашу белгісі. Лезбай аттан түсіп, ілгері аттады.

— Марғау, кел бері.

Марғау шегініп барады. «Бұған не болды? Танымай калудын кай жағы?» — деп Лезбай дағдарыңқырап қалды. «Он жыл өтсе де ит иесін ұмытпайды деуші еді ғой». Сасканы ма, енді бет алды балаша сөйлеп келеді.

— Мен Лезбаймын ғой, Марғау. Үйде Дабыр, Адырлар бар. Марғауға апар деп олар жылап қалды. Қанат болса, Алматыда. Жазда біз тағы мына жайлауға шығамыз. Сонда Қанат келіп, жатып кететін болады. — Кенет Лезбай көзі әлгінде ит шокиып отырған жерге түсті. Ар жағында үнгір үйшік. Аузында бірдеме қараяды. Лезбай енді солай бұрылды. Марғаудың ұнатпаған белгімен аздап ырылдағанына қараған жоқ. Үйшік босағасын етік тұмсығымен бірер теуіп, қарайғанды суырып алды. Ғажап, өз тоны! Осы күнге дейін жұмбақ болып келген ит қылығын енді түсінгендей. Марғау андаусызда жұртта қалып қойған тон күзетінде. Лезбай басын шайқады. Күлерін де, жыларын да білмейді. Күлейін десе, есеп-кисабы жоқ ит қызметінің адалдығы кімді болсын ойлантпай қалмас еді. Жылайын десе, жыртқы тонды күзетіп айдалада қалу тіпті ақылға сыймайды. Есіне өткен жылы осы жерден қалай аттанғаны түсті. Ойлап қараса, бәріне кінәлі Ұмсындық. Кейінде бір: «Осы менің тоным қайда?» — деп сұрағанында, «лақтырып кеткем», — деп Ұмсындықтың жауап бергені де бар. Сонда қара тон мен ит жоғалуы байланысты-ау деп ойламапты ғой. Лезбай әлденеге кейігендей, Әлде өз түйсіздігіне, әлде жоқ жерде пысықсына қалған қатын қылығына кейіді ме, тонды лақтырып жіберді. Марғау: «Керегі жоқ болса, неге айтпадың? Қыс бойы бекерге күзеткенім бе мен сонда?» — дегенді танытып, ырылдап тісін көрсетті. Лезбай өз иті болған соң қорыққан жоқ. Қайтсе де қарсы жүрді. Марғау әлдебір өкпелі дауыспен екі-үш рет ұлып, үрді де жортақтай жөнелді.

— Марғау, Марғау! — Лезбай алқынып ит соңынан төбеге шықты. Шаршаса да қалатын емес. Марғау соны аңғарды білем, бір шыршаның түбіне барды да, бері қарап жатып алды. Құдды атылар қасқыр дерсің. Ит алдында өз кінәсін мойындаған шопан жан ұшыра алқына келіп, Марғауға қол созды.

— Марғау жақсы ғой. Марғау иесін қаппайды. Марғау оңды ғой. Марғау Лезбайды қаппайды.

Рас, ырылдағанымен Марғау ұмтылған жоқ. Лезбайдың жылы алақаны маңдайына тиісімен көзін жұмып сұлық жатты. Аялы алақан адам қолында тұрудан артық не бар дейсің дүниеде. Содан кейін: «Сен осы шын Лезбаймысың?» — дегендей, көзінің қиығын салды да, «өкпемді кештім» — дегенді танытып, иесінің қолын жалай бастады. Қорықпаса да, басында әлде қайтеді деп сақтық жасаған Лезбай енді еркіндеп, итін қапсыра құшақтады.

— Бүйтпесен сен ит боласың ба? — Бірақ көтере алар түрі жоқ. Күзден бергі төрт-бес айдың қиямет-қайым тауқыметін тартқан

Марғау бұрынғыдан да сомдалып, күш пен қайраттың түп иесі нағыз соқталы арлан итке айналып алған екен. Қарулы деген Лезбайдың өзі ит кеудесін козғалта алмаған соң, белбеуін шешіп, қарғы баудан өткізді де:

— Ал, Марғау, ауылға тарттық! — деп жетелей бастады. Баяғы жұмсақ, қамқор дауыс. Ит өткен күнді есіне алды білем, селкос тұрып иесінің сонынан ерді.

## 11

Марғау Лезбайға еріп, келесі күні қыстауға жақындады. Баяғы таныс қоныс. Таныс қора, таныс иіс. Таныс емесі бір сары ит. Лезбайды қызғана ма, алдарынан абалап шықты.

— Қойсайшы, Сарықасқа, шәуілдей бермей! — деген Лезбайды да тындамады. Азу тісін ақситып: «Сені мұнда кім шақырды?» — дегендей, ұмтылып келеді.

Марғау да ырылдады: «Мен болсам, осы үйдің итімін. Сен қайдан сая бола қалып едің?» Сарықасқа күжілі сондай зор:

— Бұл біздің үй. Есін дұрысында жолыңды тап!

Марғау жай ғана ырылдап, аттың екінші жағына шықты:

— Лезбай да қой деді ғой. Қойсайшы енді. Ақымақ болма! — дегені.

Бұл мінезді сары ит өзінше түсінсе керек. Марғаудың тегін келе жатпағанын сезінгендей, біржола ықтырып алмақ болып, ауызды басып қалды. Қайырыла беріп, онша атылған Марғау сары төбетті желкеден тістеді де сілкіп-сілкіп жіберді. Содан кейін өзі: «Мен сен түгіл, небір көкжал бөрілердің де талай қоқайын көргенмін. Кәне, не қыласың?» — дегенді танытып, қасқая тұрды. Сарықасқа бір сәтке есеңгіреп қалса керек, құлап қала жаздап, тенселе барып түзелді де, дүниені басына көтеріп қансылай тартты.

— Әй, қой десе қоймайсың, өзіне де сол керек, — деді Лезбай, аттан түсіп жатып қарқылдап күліп. — Сенің ит болып жүргенің Марғаудың жоқтығы ғой.

Ит даусын естіп, үйдегі балалар далаға қопарылған.

— Марғау, әй, Марғау! Марғаужан! — деп Дабыр мен Адыр жарыса келіп, нан тастады.

Марғау бірақ селкос.

— Байқандар, балалар, қауып алып жүрмесін. Бұрынғы Марғау емес бұл, — деп ескертті Лезбай.

Балалар шошып қалысты.

— Әй, мынау сабалақ жүн біздің Марғау емес қой, — деп Дабыр кейін шегінді. — Біздің Марғау мұндай үлкен болмайтын.

Дабырдан кейінірек тұрған Адыр Марғауға ұзақ қалалды. Бір кезде ит пен бала көзі түйісіп қалды. Сол кезде Адыр:

— Иә деген, бұл Марғау ғой. Неге өтірік айтасындар? — деп айкайлап жіберді де, жүгіріп барып құшақтай алды. — Марғау, Марғау, сен осы қайда қашып кеттің бізді тастап? Мен сені сағындым ғой.

Марғау әлдекалай ынырсыған секілді дыбыс шығарды да, баланың аяғын жалай бастады: «Мен сені ұмытқан жоқпын ғой, Адыр. Сенің ақылды көзің мен нұрлы жүзің менің есіме бірден түсті», — дегендей.

Марғау балалармен осылай онай табысканымен, Сары төбетпен зорға татуласты. Басында: «Аты-жөні жоқ жәй бір даңғаза ақымақ екенсін», — дегендей манайластырмай жүріп еді, кейіндеп барып білді, бас-көз демей, бет алды тапырақтағанымен, арамдығы жоқ екен. Тамақ салса, таласпайды. Ең алдымен, Марғау, сен ал дегендей кейіндеп тұрады. Мал қайырғанда да мұнын анысын бағады. Содан барып, Марғау көңілі бірте-бірте жіби бастаған-ды. Осы өзгерісті Сары төбет уақытымен түсінді Сол себепті, бұл күнде Марғаусыз аяғын аттап та баспайтын болған. Қашан да қай нәрсені болса да бұрын көріп, қашан да қай иісті болса да бұрын сезіп, жер-көкті күмпілдей көшіріп, Марғау тұра тартқанда Сарықасқада жан қалмайды. Шәу-шәу етіп, не катерге болса да сонынан жөнеледі. Бір сөзбен айтқанда, Сары төбет Марғауға, Марғау Лезбайға, ал Лезбай болса, өз совхозына қызмет етіп, аман-есен мал бағып жүріп жатыр еді, сормандайлардың ойда-жокта мына бір оқиғаға тап болғанын көрмейсің бе?!

## Үшінші тарау

### ЖАЛҒЫЗДЫҚ

#### 1

Марғау тал арасында тапжылмастан екі күн жатты. Өзіне таныс қызыл белбеу машина талай келді. Қасына Ұмсындықты ертіп алған милиция формалы жігіт іздемеген қуыс қалдырған жоқ. Шөп арасын, бұта астын сүзгіледі. «Марғау, Марғау!» — деп дауыстары жыртылғанша айкайлап та бақты. Марғау, бірақ селт етпеді. Не қатердің барын білмейді. Әйтеуір өз атын естіген сайын басын көтеріп, дыбыс берудің орнына қалың тал түбіндегі төмпешікті қалқалап, жерге жабыса түсті. Дес бергенде өзеннің екінші бетіне

өтіп алғаны мұндай жақсы болар ма. Кейде тіпті ізшілердің қарсы бетте қол созым жерге келіп қалған да кезі бар. Сонда да байқаған жоқ. Бір ретте Ұмсындық тіпті балаларды да өзен жағасына алып келді.

— Сендер шақырындаршы! Адыр жауабы бәрінен де орнықты.

— Шақырғанмен түк те шыкпайды.

— Неге шыкпайды?

— Марғау бәрібір келмейді.

— Танысы шақырса ит келмеуші ме еді, келеді, — деп Ұмсындық көнер емес.

— Манадан бері бақырып жатырсың, неге келмейді ендеше? Сен де таныс емессің бе?..

— Не дейді мына күшік? — деп Ұмсындық бетін жыртты.

Ал, Адыр болса, кәдуілгі үлкен кісіше нығарлап жатыр.

— «Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді» дейтін әкем. Мен білсем бар ғой, Марғау да «өлімтігімді мыналарға көрсетпей-ақ қояйын» деп алыс бір жакка тартып отырды.

Ұмсындық үндеген жоқ. Ебін таппаған тұз жалайды дегендей, Марғаудан күдер үзген көк қалпақ қой шарбақтың алдында тыныш жатқан Сарықасқаға бас салды.

— Бұл Сарықасқа. Басқа ит дедім ғой, — деп Ұмсындық көлденендей берді.

Көк қалпақ тындаған жоқ.

— Бір ит құтырса, бар ит те құтырады. Алып барып, тексертеміз.

Ұмсындық қарсыласқан жоқ. Жалғыз-ақ тілегені:

— Құтырмаған болса қайтарып берсендер жақсы болар еді. Қалай десен де ит аты бар, абай ғой, — деп Сарықасқаны жетелеп машинаға салды. Кем шақта қызыл белбеу машина да, Сарықасқа да көзден ғайып болды.

Марғау тұмсығын төмпешікке салып, қимылсыз жатыр. Бір кезде Ұмсындық келіп, тап қарсы беттен су алды. Үйге жете бергенде салт атты біреу жолығыса кетті.

— Ау, Лезбай қайда, тысқа шықсын.

— Ол кісі үйде жоқ. Екі-үш күн болды, ауданға кеткен.

«Неге жасырады?» «Арақ таусылған соң Лезбай төменге түсіп еді. Сол кезде Қарғабек маған қол салды. Қызғанған Марғау содан кейін Қарғабекті талап тастады. Мұның ақыры төбелеспен тынды. Милиция келіп Лезбайды алып кетті», — деп турасын неге айтпайды? «Адамдар неге қулық сактайды өстіп?» — Марғау осындай бір қияли сұрақ қойып, жауабын таба алмаған адамға ұқсап көзін жұмды. Бірақ көкірегі ояу. Құлағы тігулі.

Аудан жақтан келген екінші бір салт аттының хабары мүлде бөлек.

— Лезбайды қамап тастапты. Істін беті жаксы емес. Қарғабек тым ашулы көрінеді.

Лезбай аты естілген соң иесін сағынған Марғау тұмсығын көкке беріп, ұли бастады. Үй сыртында ойнап жүрген екі бала қалт тоқтады.

— Марғау емес пе ұлып жатқан? — деді Адыр тағы да сергектігін танытып.

Дабыр құлағын тосты.

— Кәне?

— Марғау ұлыған сияктанды маған. Дабыр ештеңе естімесе де інісін құптады.

— Рас, ұлыған сияқты.

Есік алдындағы Ұмсындық бұл жайдан мүлде бейхабар. Салт аттыға қадала сөйлеп жатыр.

— Қарғабекке сәлем айт. «Өкпеге қиса да, өлімге кимайды» деген бар. Ағасын соттатқанда не барқадар таппакшы...

Марғаудың сырқырап жамбасы ауырды. Жылжып барып суға түскісі келіп еді, үй төңірегінде кара-құра көп болған соң ол пиғылынан тез айныды.

Салт атты кеткен соң Ұмсындық шарбак ішіндегі қойды жайылымға айдады. Көзін ашқаннан бері қоймен өріп, қоймен оралатын Марғауға мына жай тіпті ауыр. Екі күн қамауда қалған бір отар қой енді тұңғыш рет Марғаусыз өріп барады. Кейбіреулері жекерек шығып, маңырап, мазаны кетірді. Не іздейді? Тұтқынға түскен Лезбайды іздей ме? Әлде тал түбінде тығылып жатқан Марғауды жоқтай ма? Әйтеуір қой екеш қойға да бірдеме жетпейтін секілді.

Қойлар жапырлап, жамырай келіп ең әуелі суға бас қойды. Марғау қынсылай бастады. Өйткені, осы отардағы ірілі-уак бес жүз қойдың бәрі таныс оған. Әрқайсысының мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, тіпті иісіне дейін анық біледі. Өне ана бір қайкы мүйіз секті Марғау иісінен таныды. Қашан да өзгелерден өзгеше бір иіс шығарып, бұркырайды да жүреді. Лезбай болса, ерте демей, кеш демей далада да, үйде де ұстап алып, құйрығына дәрі сеуіп жатқаны. Ал өне бір ак қаска сондай жалқау. Бір-екі рет тіпті далада жатып қалып, Лезбай мен Марғаудың зорға іздеп тапқаны бар. Ал өне бір теріс жайылатын қыңыр текені қайырғанға көнбеген соң кеудесімен соғып, екі-үш рет домалатып жібергені де болған.

Айрықша үлкен бір боз саулық мамырлап кеп суға түсті. Марғау да, Лезбай да бұл қойды жаксы көреді. Лезбайдың жаксы көретіні — боз саулық жылына салмастан төрт қозы табады. Сол себепті мал иесі әманда оны көзінің алдында ұстайды. Жиі-жиі сауырын сипап карап, кейде тіпті қоналқаға оралғанда басқалардан бөліп алып, жем беретіні де бар. Ал Марғаудың жаксы көретіні, боз саулық қамшы салдырмайды. Үнемі қойдың кеуде тұсында жүреді. Бұра тартып, бүліне шығатын мінезін мүлде көрген емес.

Боз саулық суын ішіп болды да, ит жатқан қарсы бетке қадалып ұзақ тұрды. Марғаудың иісін алды ма, кім білсін, маңырай бастады. Иттің тынышы кетті. Бар қатерді ұмытып, атып арғы жағаға шығайын деп еді, қираған бөксе қақсап ауырып, қозғалтпады. Анада мына бетке ет қызуымен өткені енді белгілі.

Суға қанған қойлар жағаға шығысымен-ақ отқа бас қойып, ұзай берді. Марғау өзімен өзі арпалысып, аз-кем жатты да, дәрменсіздігін білдіріп, көзін жұмды.

## 2

Марғау тал арасында тапжылмастан үш күн жатты. Лезбай із-түзсіз. Сарықасқа да ізім-қайым. Қызыл белбеу машина да, ақ халатты әйелдер де көрінбейді. Ат сабылтып келіп жүретіндер де сап тыйылған. Бұл дүниеде Лезбай бары, оның мына бір жылап ағатын тау өзені жағасында үйі тұрғаны, бәрі де ұмыт болған сияқты.

Әйтеуір күйкі тірлік. Кешірек айдап шығарып, ертерек айдап қамаса да, қойды Ұмсындық бағып жүр. Қой өріске ұзап шыққан кезде екі бала оянады. Көже қатығын іше салысымен өзен жағасына келеді. Ойнайтындары құм. Шұқанақ қазады. Тау тұрғызады. Сарай соғады. Ойынды тату бастайды да, араздасып аяқтайды. Кейде әрқайсысы өз алдына ту тігіп, араз бастап, тату аяқтайтын да кездері бар. Ондайда әңгіме тақырыбы да жарасты.

— Әкемді сондай сағындым ғой, — дейді Дабыр. Адыр төтеден қосылады.

— Мен де.

— Бізді зарықтырып неге келмей жатыр екен? Адыр үлкен кісі секілді. Кешіккен әкенің келмей жатқан себебін анықтап әуре.

— Әкем ауданда жиналыста жүрген жоқ па? Жиналыс қалай бітеді, солай келеді.

Дабыр үндемеді. «Жиналыста жүр» — деген Адыр сөзі құлағына жағатын секілді.

— Бәрінен де Марғауды айтсайшы. Ол әкем секілді жиналысқа кеткен жоқ қой. Жиналысқа кетпеген сон, қайтып келмей қалуы да мүмкін ғой, — деп Адыр тағы да зерделілік білдірді.

— Ә, қайдан білесің, әкеме еріп кеткен шығар? — деді Дабыр.

— Қалай еріп кетеді?! Аяғы сынып қалғаны қайда!? — Адыр жауабы бұлтартпайды.

Өз аты жиі қайталанған соң Марғау шыдай алмады. Жайлап басын көтерді де, «Ап, ап!» — деп соңын үілмен бітірді.

Адыр қалт тоқтады.

— Әне, Марғау үрді ғой?

– Иә, үргендей болды.

Екі бала ойындарын қалдырды да, суға төніп келді.

– Марғау! Марғау! Кә-кә-кә! Марғау, Марғау! Кә-кә-кә!

Марғау тал түбінен бері жылжып шықты да, жүрелеп отырды.

– Ап-ап! Ап-ап! Адыр бұрын көрді.

– Әне Марғау!

– Мен де көрдім, – деп Дабыр да қосарланды.

– Марғау! Марғау! Бері келе ғой. Марғау орнынан қозғалмады.

– Келмейді ғой? – деп ренжіді шыдамы таусылған Адыр.

Дабыр қарсы:

– Дұрыстап шақыра алмай тұрмыз. Марғау! Марғау! Кә-кә-кә!

Марғау сонда да қозғалмады. Адыр жана бір ұсыныс жасады.

– Марғаудың қарны ашты ғой. Тамақ апарып берейікші!

– Сөйтсек, сөйтеік!

Екі бала жүгіріп үйге барды да, жүгіріп қайтып келді. Қолдарында нан, май, ет. Үш күн нәр татпаған Марғаудың сілекейі шұбырды. Қынсылап, тағы бір табан төмен жылжыды. Қимылсыз жатқанда мазаламаған жамбас енді қан қақсап ауырып барады. Содан ба, Марғау балаша жылаған секілді.

– Марғау шақырып жатыр ғой, арғы жағаға өтейік, – деді Адыр.

Дабыр бұл жерде естияр екенін танытты.

– Сен өтпейсін, мен өтем. Сен кішкентайсың, суға жығылып қаласың.

– Сен мені ұстап жүр, сонда жығылмаймын.

Дабыр сонда да көнбеді.

Ит тағы да үрді.

– Әне «тез кел» деп Марғау мені шақырып жатыр, – деп Дабыр суға беттеді.

– Жок, «Адырды тастама, бірге өтіңдер!» – деп тұр ғой.

Марғау тағы да үрді.

– Әне, естідің ғой өзін де, – деп Адыр тиянақтап қойды.

Дабыр көнейін деген секілді.

– Сен онда менен мықтап ұста. Сонда жығылмайсың.

Екі бала тәуекел деп суға түсті.

Өзен табаны төменгі бетте ойлы-қырлы, кедір-бұдыр тереңірек болғанымен, дәп мына тұста ұсақ малта тастары қолдың саласындай тізіліп жатқан тегіс болып келетін еді. Балалар соны білетін секілді. Жылжып келеді. Дегенмен орта тұсқа жеткенде Адырдың белуарына жақындаған су көбіктеніп «байка, ағыным бар» дегендей сылдырай бастады.

– Құлап қалмаймыз ба? – деді Адыр сескеніпкіреп.

Бойына сенген Дабыр мақтанғысы келді білем:

– Сен құласаң, құларсың. Мен өзім құламаймын, – деп ілгерілеп кетті. Адымдай аттап, қаттырақ жүргендіктен бе ағын екпінімен сәл

ығынқырап төменгі тереңірек жакка салғанын өзі де байқаған жоқ. Ал корқа басып сақ келе жатқан Адыр су астындағы ұсақ малта тастарды табанымен сипалап тура жылжи берді. Сол кезде бір ірілеу таска барып тірелген Дабыр:

— Өй, берірек жүрмейсің бе? — деп аттай берді де, су шайып, шалау тұрған сырғанақ тастан аяғы тайып кетіп, тәйкесінен түсті. Бірер рет су жұтып шашалған соң қолындағы май мен еттен де айырылып қалды. Ал Адыр болса, сасқан жоқ. Ышқырланып алған көйлек ішіндегі нанды бір қолымен басып ұстап, арғы бетке шықты да, артқа көз салды. Мыктымсынған батырың кейін кетіп барады.

— Өй, ет пен май қайда?

— Суға кетті.

— Ендеше үйден тағы да алып шық.

— Жоқ, алып шықпаймын.

— Неге алып шықпайсың? — деп қадалды Адыр.

— Итке тамақ беремін деп жүріп суға кетіп қалсын дейсің бе?

— Кетпейсің. Мұнда мен бармын.

Дабыр қайырылмады. Құм ойыншыққа қайта ауысты. Оның шын келмейтініне көзі жеткен соң, Адыр көйлек ішіндегі нанды суырды.

— Мә, Марғау, жей ғой.

Ашыққан Марғау әп-сәтке жіберген жоқ, шеті ғана үзілген бір таба нанды жеп, жүрегін жалғады да, шалпылдатып су ішті. Содан кейін қайта жылжып келді де, дән ризалығын білдіріп, Адырдың сирағын жалай бастады. Бала да қарыздар болып қалмады. Иттің басын сипады.

— Үш күн бойы қайда кеттің, Марғау?

Марғау жауап берудің орнына қынсылай бастады.

— Білем, білем тығылып қалдың ғой. Тығылғаның жақсы болды. Әйтпесе, ана Сарықасқаға ұқсатып сені де алып кететін еді. Сарықасқаны сау қайтады деп ойлама енді.

Өстіп ит пен бала көп отырды. Күн еңкейейін деді. Кенет Марғау басын көкке көтеріп, танауын шиырды да қалыңға қарай жылжи бастады.

— Марғау, қайда барасың?

Марғау қайырылмады. Арғы беттен Дабырдың даусы шықты.

— Адыр, бергі бетке шық. Ұмсындық келе жатыр. Ұрсады ол.

Марғаудың неге жылыстап кеткенін Адыр енді түсінді.

— Әй, Дабыр! Қазір Ұмсындық тәтем келгенде Марғауды көрдім деп айтпа. Марғауды көрдім десен бар ғой, машинаға салдырады да, аудан басына аттандырып жібереді. Білдің бе?

— Білдім. Ал өзін бергі жакка өт. Ұмсындық ұрсады.

— Қалай өтем? Тәтем ұрсады екен деп суға кетіп өлейін бе? Кел де шығар.

– Қара өзін! Суға кетсін деп тұрсын ғой? – деп Дабыр дауласа бастады.

– Ендеше тәтемнің өзі келіп шығарып алады.

– Өзі келіп шығармайды. Өзі келіп ұрады тәтең сені.

– Ұрса, ұрсын...

– Сен жылайсың сосын.

– Жыласам, жылайын...

Дабыр енді не дерін білмей қалды. Сол кезде Ұмсындықтың даусы шықты.

– Әй, балалар, қайдасыңдар? Қойдың алдын қайырысыңдар!

Дабыр жүгіріп кетті де, әлгіндей болмай Ұмсындықты ертіп қайтып келді.

– Әне, әне отыр.

– Ол бетке неге шықты?

– Білмеймін. Марғауды көрдім дей ме, – деп күмілжіді Дабыр.

Адыр айқай салды.

– Өтірік айтады, тәте. Дабырдың сөзіне нанба. Марғауды көрдім дегенім жоқ.

– Енді неге өттің?

– Дабыр ерегістірді. Сен өте алмайсың, кішкентайсың. Ал мен үлкенмін, өте алам деді. Мен сосын өтіп кеттім. Ал үлкенмін деген Дабыр су ішінде жығылып қалды.

– Иә деген, Адыр өтірік айтады, – деп Дабыр бір бәленің басын қылтитып келе жатыр еді, Адыр мына беттен жұдырығын түйді. Ұмсындық: «Не дейді мыналар!?» – деп бетін жыртты.

– Жығылғаның өтірік пе? Неге мойындамайсың?

Адыр болар емес.

Бір жаксы жері Ұмсындық ит жөніндегі әңгімеге мән бермеді. Етегін ышқырына түріп, бергі жакка өтті де, Адырды көтеріп алды. Жұмыстан шаршап келгендігі болса керек, қабағында кірбін.

– Сен ерегісем деп жүріп суға кетсен, әкене не бетімді айтам?

Тасада жатқан Марғау есінеп алды. Әрине, ол адам болса, «бала өлімінен көрі, бала әкесінің алдында жауап беру көбірек қинайды екен ғой сені?» – деген болар еді. Бірақ жеті жасар бала жауабы одан да асып түсті.

– Суға кетемін деп ерегіспедім ғой, қайта суға кетпеймін, арғы бетке өте алам деп ерегістім ғой.

Ұмсындық аузын сылп еткізді.

– Мына шірік не дейді?

– Тәте, мен өлмей-ақ қояйын. Сен әкем алдында жауап та бермей-ақ қой.

– Жетпегірдің сөзінің тастайын қарашы! – деп басқа жауап таппаған Ұмсындық Адырды жерге түсіре беріп, маңдайынан иіскеді. – Арғы бетке енді өтпейсін ғой?

— Өтпейін, тәте!

Ұмсындық Дабырға қатандау ескертті.

— Енді қайтып ерегістірмейсің ғой?

— Ерегістірмейін.

— Ерегістірсең, менен жақсылық күтпе. Аямай шықпыртам.

Дабыр мұрнын тартты.

Осы оқиғаның бәріне куә болып жатқан Марғау өз орнына жайласып алды. Тамақ уайымы тарқаған секілді. Ендігі уайымы — Лезбай. Сағынады. Даусын сағынады. Иісін сағынады. Жұмсақ алақанын сағынады. Әрине, Лезбай үйде болса, бүйтіп тасада жатпас еді. Марғау орны онда үй қасы болар еді ғой. Лезбай арғы қыстағыдай Марғаудың сынған жамбасып сылап, сүйектерін орнына келтірер еді де, дәрі сеуіп, таңып тастар еді. Содан кейін аз-кем күннің ішінде Марғау құлан таза айығып, шапқылап та кетер еді. Ит басындағы осы бір қасірет ұлғайып Лезбайдың жоқтығын дауасыз ауруға, іш құса уайымға айналдырып жібергендей. Марғау басын төмпешікке салып ақырын сыңсып, ұзақ уақыт ұлып жатты.

### 3

Марғаудың тал арасында тығылып жатқанына бүгін жетінші күн. Бір жақсысы, ішіп-жем мәселесі бұрынғыдай қинамайтын болған. Ұмсындық ертемен қой жайып кетеді. Олар кетісімен Дабыр мен Адыр өзен жағасына келеді, тамақ лақтырады. Марғау жылжып төменге түседі де, тамақтың өзі жатқан жағаға жеткенін қақшып жейді. Содан кейін шалпылдатып су ішеді.

Бүгін де сондай бір дағдылы күн. Ұмсындық қойды өріске айдады. Бірақ неге екені белгісіз, бұрынғыша Марғау балалардың келуін күткен жоқ. Жылжып су жағасына түсті де, әлдебір сағынышты зар танытып, қайта-қайта ұли бастады.

Дабыр мен Адырда ес жоқ.

— Тез барайықшы, Адыр, Марғау ұлып, бізді шақырып жатыр. Қарны ашқан ғой байғұстың, әйтпесе бұрын өйтіп үрмейтін еді ғой, — деп асықтырды Дабыр.

Бір қызығы, Адыр ойы осындайда мүлде баскаша:

— Мен таптым!

— Нені таптың?

— Марғаудың неге ұлып жатқанын.

— Иә, неге ұлып жатыр?

— Бүгін әкем келеді. Соны біліп ұлиды Марғау.

Әкесін сағынған Дабыр айқайлап жылап жіберді:

— Әке-ау, қайда кеттің бізді тастап? Сағындым ғой сені?!

Адыр кіші болғанмен есті.

— Өй, неге жылайсың? Жыласаң, әкем келмей қояды. Сонда қайтесің? Бақыра бермексің бе әлдебір жаман балаларға ұксап?

Дабыр көзінін жасын сұртті.

— Ал онда Марғауға тамақ апарайық

Марғау бұл кезде сүйретіліп өзеннің бергі бетіне шыққан еді. Үй қасына келіп, жолға карап тағы да үре бастады.

Екі бала нан мен кешегі желінген тамақтың сүйек-саяғын алып үйден шыққанда, Марғау есік алдында болатын. Дабыр мен Адыр соған кайран.

— Айттым ғой, қарыны ашты деп. Міне, қарыны ашқан соң ғой өзі келіп тұрғаны, — деп Дабыр тамақты Марғау алдына тастады.

Марғау тамақты екі-үш қармап, алғы жаққа құлағын тікті де, үре бастады. Екі бала сол бетке көз салып еді, алыстан қарайып бір машина көрінген екен. Осылай қарай салып келеді.

Екеу ара мана басталған таласқа енді Адыр жауап беріп жатыр.

— Айттым ғой әкем келеді деп. Әкемнің келе жатқанын сезіп, Марғау, міне, үйге оралды.

«Әкем келе жатыр» деген соң несіне талассын, Дабыр үндеген жок. Хайуан сырына тым жетік, нағыз кемеңгер адамша кесіп-пішіп айтқан Адыр пікірі бұрыс па, дұрыс па, оны бала түгіл үлкендердің өзі де дәп басып дәлелдей алмас еді. Тетігі қайда екенін кім білсін, әйтеуір жақсылық, жаманшылық хабарды ең алдымен ит сезетіні көпке аян ғой. Машина жақындаған сайын балаларда да, итте де ес қалған жок. Абалай үріп, бөксесін сүйретіп ит козғалды. «Әкелеп» балалар жүгірді. Дабыр мен Адыр, бірақ бұл жолы Марғаудан жүйрік болып шықты. Олар жеткенде кілт тоқтаған машина ішінен әкесі емес, Қанат қарғып түскен-ді.

— Ой, ағатайым ғой?

— Алақай-алақай, ағатайым келді!

Мойнына асылған екі інісін Қанат кезек сүйіп жатыр.

— Ұмсындық тәтелерін қайда?

Адыр өкпелі.

— Тәтең қайда дегенше, әкенді неге сұрамайсың? Қанаттың қабағына кірбең ілінді.

— Әкеннің қайда екенін біліп келем, Адыр.

— Ал қайда екен?

— Жолда аудан орталығына соғып, сұрасам, Алматыға жөнелтіп жіберіпті.

Екі бала тұнжырап қалды. «Алматыға жіберетіндей не жазығы бар еді?» — дегенді танытқаны ма, кім білсін, Марғау қайта-қайта абалады.

— Ә, Марғау үйде екен ғой?

Екі бала жарыса сөйлеп, түсіндіріп әуре.

— Әкемді әкеткенде Марғау тығылып қалған.

— Марғау сенің келе жатканыңды біліп, осы жаңа ғана үй жанына келді, — деп анықтады Адыр.

Дабыр таласа кетті.

— Иә, саған... Әлгінде сен әкем келе жатыр, соны біліп келді деп едің ғой?

— Әкем келді не, ағатайым келді не, бәрібір емес пе мынадай күйзеліп тұрған кезде.

— Жә, жок нәрсеге таласпандар, — деп Қанат басу айтып, екі баланы жерге түсірді де, өзі қыңсылап жылжып келе жатқан Марғауға барды.

— Марғау! Марғау деймін. Сен мені таныдың ба?

Марғау құйрығын қайқайта былғап, алдыңғы аяғын тыпырлатты.

— Ап! Ап! — танығанда мен таныын. Көзімді ашпай тұрып иісінді алған едім ғой. Сол иісін бүгін күндік жердей маған жетіп, тығылып жатқан жерімнен сүйреп шыққан жок па?! — деген секілді. Қанат қайран қалды. Алдында баяғы Жойқынның өзі жатқандай. Ұмтылып барып, жүресінен отыра қалды да, иттің арқасынан сипады. Марғау алдыңғы екі аяғын тік басып, кеудесін көтерді. Содан кейін бұған тура қарап, ұзақ үрді. Әкесінің не себепті тұтқынға алынғанын біліп, торығып келген Қанатқа ит көзінде терең мағына бар: Қарғабек сенің әкеңнің арын қорлады. Намысын аяққа басты. Соның жазасын тартып Лезбай түрмеде жатыр. Мен болсам, міне, жарымжанмын. Ал Қарғабек болса, сайрандап жүр.

Шынымен ит көзінде осындай сырлар жазылған ба, әлде сол бір оқиғаның қаһарманы Марғауды көрген соң бұрқ еткен өз көңілінің түйткілі ме, Қанат оны анықтап жатпады:

— Әй, «жігіттер!» камықпандар. Бүгін болмаса, ертең әкеміз үйге келеді, — деп інілерін жебей сөйледі.

— Ертең келгенше, бүгін келсе жақсы болар еді, — деді Дабыр.

Адыр сабырлы:

— Қашан келсе де, келсе екен әйтеуір.

Қанат сипалап, иттің жамбасына қол апарып еді, Марғау арс етті. Ашуы емес, ауырды дегені. Басқа бір шәлдігей, шыдамсыз ит болса, қансылап жер-көкті басына көтерген болар еді. Марғау болса, дүнк етіп бір үрді де басыла қалды. Байқап тұр: иттің жамбасы қираған. Егер жедел жәрдем көрсетілмесе, қатарға қосылуы екі талай. Осы жайды түсінген Қанат інілеріне сұрана қарады.

— Әкелерін келер-ау, мына Марғауды не істейміз?

Адыр ойы әртінде:

— Ағатай, Марғауды Алматыға алып кете көрші. Мұнда қалса, бәрібір ауданнан келетіндер атып кетеді. Олар атпаған күнде де Ұмсындық тәтем ашулы, тірі қоймайды.

Қанат ойланып қалды. Әрине, болған оқиғаның егжей-тегжейін білмесе де, көңіліне түйген жорамалы бар-ды. Онысы Қарғабек пен Ұмсындық ара қатынасына саятын. Ел құлағы елу дегендей, ауылдан келгендердің кейбірі Қарғабекті көрінеу жамандаса, кейбірі астарлы күлкімен «Ол ма? Ол...» — деп айрықша мән бере әжуалап, көңілге түйткіл салып кететін-ді. Жігіт көңілі албырт. Төзімін намысқа алдырып, шыдамы таусылған бір сәтте:

— Әке, ел іші гүлеген сөз. Тындырсайшы бірдеме ғып! — деп қалғаны да бар. Бірақ құлақ аса қоятын әкені көре алмаған-ды.

— Жұрт сөзі ана қара домалақтарға шеше, маған қатын бола ма, шырағым?! Оттай берсін! — деп Лекен бір-ақ қаққан.

Сол елемеушілік, ынжықтық мынадай жағдайға душар етіп отыр. Не істеу керек? Бір ойы — дәп қазір салып ұрып Ұмсындыққа барып, көкіректе кек болып катқан намыс отын дүр ете түсіргісі келді. Онда не болады? Әке сонынан өзі де барып, абақтыға отырмақ па? Жок, бұл ақылдылық емес. Одан да істің жөнімен танысып, алдын алу керек. Осы бір тоқтамға келген Қанат тоқал шешемен кездесе істің насырға шабарын білді де, күрт шешім жасады.

— Әй, Дабыр, әй, Адыр, тез киініндер де машинаға отырыңдар. Алматыға, әкелеріне алып барам.

Дабыр айкайлап үйге жүгірді. Адыр тұрып қалды.

— Марғау қайда қалады сонда? Тастап кетеміз бе?

Көңілін әке қайғысына алдырған Қанат оқыс бұрылып итке қарады. Марғау тұмсығын жерге төсеп, көз қиығын ағалы-інілі екеуіне кезек қадап, сұлық жатыр екен. Қанаттың көзімен көзі түйіскенде ақырын қынсылап белгі берді: «Көзімді ашқан күннен бері мен сендерге адал қызмет етіп келем ғой. Жеті күн бойы сен келер деп, не болмаса әкенің өзі келер деп тығылып жатып ем. Мына жарымжан күйімді көрмейсің бе, қалдырып кете көрмеңдер!» — деп жатқан секілденді жігітке. Қанат не қыларын білмей сасып қалды. Жолда Көртоғай аузындағы шлагбаум есіне оралды. Арғы бетте аусыл бар екен. Өткен-кеткен машинаны қарап, арнайы ерітінді құйған жерден өткізіп жатқан-ды. Итті қалай алып өтпекші сол жерден?

— Қалдырып кетуге тура келетін шығар?

— Қалдыруға болмайды, ағатай. Біз кетсек-ақ болды, көзін құртады оның табан аузында, — делі Адыр.

— Жолда карантин, бәрібір жібермейді итті.

Адыр көнер емес.

— Ендеше мен де бармаймын. Марғаудың қасында болам.

Әңгіме негізін ағайынды екеудің бет әлпетінен аңғарған Марғау Қанатқа тура қарап үре бастады. «Алып кетпесең, қайтейін, тағдырдың салғанын көремін де. Алдыннан жарылқасын!» — деген сияқты болып естілді Қанатқа.

— Тәуекел, Адыр, бар, киініп келе қойындар. Марғауды да алып кетеміз, — деді Қанат. Қуанған екі бала үйге жүгірді.

Аз-кем уақыт өтпеді, кішкене «Жигули» машинасы кері айналып, келген жолына қайта түсті. Ит пен Адыр артында, Дабыр мен Қанат алдында. Ілгеріде жайлаудың ирелен жолы жатыр.

Кенет оң бүйірден әйел даусы шықты.

— Әй, тоқта, Қанат!

Жалт қараған Қанат далақтай шауып келе жатқан Ұмсындықты көрді. Оқыстан жүрегі өрепкіді. Көріспейін-ақ деп еді, енді не істесе екен?

— Тәтем ғой мына келе жатқан. Токта, ағатай, — деді Адыр.

Ұмсындық даусы енді айқындала бастады.

— Қайрылмай кетті деген не сұмдық? Токтандар, дедім ғой сендерге!

Шие «Жигули» жолдан шықты. «Неге тоқтадың?» — дегені ме, жә болмаса, Ұмсындықты көргісі келмеді ме, машинаны басына көтере манкылдап Марғау үрді.

Бұрынғы жылылығы жоқ, Ұмсындық жүзі салқын.

— От ала келдің бе, неге қашып бара жатырсың?

— Қашып бара жатқан ешкім де жоқ, — деп Қанат та салқын жауап берді.

— Енді неге келдің?

— Келгім келді келдім. Кеткім келді, кетіп бара жатырмын.

— Қалай-қалай сөйлейсің, шырағым. Әкенді жіберттірген мен деп тұрсың ба? — деді Ұмсындық.

— Енді кім? Бәрін де білем. Мүләйімсімей-ақ қой, Ұмсындық.

— Ей, шірік, не деп тұрсың өзін? Нені білесің? — Ұмсындық кер бестіні тебініп, машинаға жақындады. Қорғанудың амалы — шабуыл жасау екенін жақсы білетін секілді. — Менен ана ит артық болған екен ғой? Соған келген екенсің ғой?!

— Енді кімге келді деп едің? Ит пен інілерім үшін келдім.

Ұмсындықтың кара көзі от шашып, жалт етті.

— Ендеше ана малды жинап алындар. Боктарыңды теріп жүре алмаймын сендердің, — деп тебіне жөнелді.

— Тергенде, қандай тересің әлі. Лезбайдың малы мен дүниесі үшін келмегенде неменеге келіп едің? — деп айқайлады Қанат ұзап бара жатқан Ұмсындық соңынан. — Ашуланғаны сондай, аяқ-қолы дірілдеп, машинаға зорға енді.

Адыр аяушылық білдіріп жатыр:

— Тәтемді бекер ренжіттің-ау, ағатай.

— Тәтең әкенді неге ренжітеді ендеше?

Адыр үндеген жоқ. Машина тағы жолға түсті. Сол қапталда Қарқара өзені жарысып келеді. Төмен түскен сайын көлденеңдеп келген жыра-сай, жылап аққан бұлақ, бастау көздер қосылып,

молыға түскен өзен даусы зорайып, мотор үнімен тамаша бір әуен тапкандай. Біршама уақыт өтті. Осындай дала жолында бауырын жаза алмай, кібіртіктеп қалатын «Жигули» машинасы Айған төбені айналып барады. Марғау терезеден басын шығарып, дүңк-дүңк етіп үре бастады. Неге мазасызданды? Бұл өлкенің қыбыр еткен тышқанынан бастап, жыра-сай, төбе-төмпешіктеріне дейін дәл басып жадына сақтаған ит: «Ей, Қанат, Ей, Дабыр, Адыр, токтасандаршы! Мына төбеде аяулы аналарын жатыр ғой, бір сәтке бұрыла соғып, тауап етіп кетпейсіңдер ме?» дей ме? Жә болмаса, тұңғыш рет машинаға отырғанына не күйініп, не сүйініп үре ме, ол арасын кім білсін, қайтсе де ит тілін ұғайын деп ұмтыла қойған ешкім болған жоқ. Алғаш рет қалаға келе жатқан екі бала алыс арман жетегінде. Ал рульде отырған Қанат болса, әлгі бір оқиға төңірегінде күйкі тірлік азабымен әуре. Айған төбе ұзап қалды. Ұзап қалса да, бір кезде өз тәнінен жаралған үш қарғасына ақ жол, оң сапар тілегендей көпке дейін мен мұңдалап тұрған еді. Машина жүрісіне еті үйрене бастаған Марғау тынышталайын деді.

— Ау, Адыр, соншама абалап итіңе не көрінді? — деп сұрады жадырай бастаған Қанат.

Ақылды, тапқыр Адырдың өзі де не деп жауап берерін білмей қалды. Ең әуелі «жөк жерде осы сенің мазан неге кете қалды?» — деп Марғауға қарады. Содан кейін оң мен солына көз салды. Ақыры: «Марғау кимайтындай не қалып еді?» — дегендей артына бұрылып еді, мен мұңдалаған Айған төбеге көзі түсті.

— Әй, ағатай, тоқта!

Қанат тежемені басты.

— Жаңа дәп қасынан өтіп, апама тие берсін де айтпаппыз ғой. Марғау соған мазасызданған. Енді таптым.

Ит пиғылы дәл осылай болмаса да, іні жауабы Қанатқа сондай орынды көрінді. Өлген аруакты ескермей, баса-көктеп өтіп бара жатқан өз ісін ағат санап, машинадан шықты. Екі бала сонынан ерді.

— Ағатай, кейін оралып, соға кетсек қайтеді? — деді Адыр.

Мұны Дабыр да костады.

Қанат сәл ойланды. Күн ауып барады. Жол болса, ұзақ. Оның үстіне қырық-елу шақырым дала жолымен қиыстап, шлагбаумды айналып өту керек. Әйтпесе Марғауды қалаға апару оңай емес. Бұл ісінің теріс екенін жақсы да біледі, бірақ амал қанша, кейде қоғамдық тәртіп пен адамгершілік, мораль принциптері өстіп қабыспай қалатыны да болады ғой. Сондайда жақсы деген азаматыңның өзінің де былай тартса арба сынады, былай тартса өгіз өледінің қайсысын қалары неғайбіл.

— Өлген шеше өлді ғой. Қарап жүріп кіріптар болып қалған тірі әкені тезірек босатып алудың қамын ойлайық, — деп Қанат машинаға отырды.

Неге екенін кім білсін, машина қозғалысымен-ақ артқы терезеге тұмсығын қадап Марғау ұзақ ыңырсыды. Әлгі бір өз кателігін кешірілмес күнә санап, қазылып отырған жігіт ит тілін өз көңіл-күйіне әуендестіре түсінгендей:

«Кешір, Айған, қапа бола көрме! Қайтесін, адам табиғаты осылай. Әйтпесе балаларың жаман емес. «Қасымнан өткенде есіне неге алмады» деп ренжуің де мүмкін. Бірақ өзіңе де аян ғой, тірінің ісі қашан біткен. Асығып барады. Жолдарын бөгеме!» — деген секілді болып кетті оған ит ыңырсуы.

Қанат терең күрсінді. Анасын еске алған екі бала іштей тынып, үндемей қалды. Біршама уақыт өтті. Күн еңкейейін деді. Жолаушылар айналып жүрер жол межесіне жақындады. Жақындаған сайын Қанат: «Тәуекел деп тура кетсем қайтер еді?» — деп толқып келе жатыр еді. Дес берісте бір таныс шофер қарсы жолығып, күзет қала жақтан келетіндерге ғана қойылғанын бұл жақтан қалаға қарай жүретіндерге тоспаның жоқ екенін айтты. Расында да солай екен. Тосқауылдан оңай өтіп, машина асфальт жолда көсіле салып келеді. Ағайынды үшеуі де енді көңілденейін деді. Бұрын менен жүйрік кәне кімің бар дегендей, ен далада жосылтып жүретін Марғау да «Жиғули» атты өзінен зор шыққан соң креслоға басылып, тынып қалған. Артта алыстап тау астында Айған төбе қалды. Алға сағымдай бұлдырап үміт пен арман жетелейді. Өскен жерді тастап, туған жерге келе жатқан жарымжан Марғау жөні бір басқа. Ақ басты тау етегінде көк түтінге оранып далиып жатқан үлкен қала — шоғырланған адам мекені — оған не сыйлығын дайындап тұр? Айту қиын.

## Төртінші тарау

### ӘУРЕ-САРСАН

#### 1

Қалаға жақындаған сайын жол үстінде үлкенді-кішілі машиналар көбейіп кетті. Содан болса керек, жер де, ауа да тарылып, тыныс алудың өзі қиындай бастады. Әсіресе, кара тұман құсып бара жатқан дарылдақ дәу машиналарды басып озғанда қиын. Қолқанды атқан көк түтін кабина ішіне лақылдап кіреді де, көпке дейін сейілмей тұрып алады. Марғауда маза жоқ. Қынсылап, есікті тырналаумен келеді: «Көсіліп жүгіретін ен даланы қалдырып, қайда келе жатырсыңдар?» — дегендей. Әрине, Лезбай мен өзі тартқан мына тауқыметтің негізіне үніліп, себебін ашуға оның қабілеті жетпейді.

Сонда да иіс пен дыбысқа сергек Марғау тыныс алу қиындығы машинаға, бензинге тікелей байланысты екенін жақсы түйсінеді. Беймазалықтың кілтипаны да сонда.

Қанат қала шетіне іліге беріп, ұбак-шұбак тізіліп тұрған көп машинаның арасына кіріп тоқтады. Қиямет-қайым осында ма дерсін. Төңіректі орап алған бензин иісін тек машинамен ғана байланысты жадына ұстаған Марғау тағы бір «жаналық» ашқан секілді: мына бір жағымсыз иіс машиналардан ғана емес, келіп тоқтаған соң машиналарға түтіктерін созатын ана бір темір жәшіктерден де атылып жатады екен. Неге екені белгісіз, мұндағылардың бәрі ашулы. Жоқ жерден себеп тауып, айқайласып жатқан біреулер. Қанша тұрсаң да, қарқылдап күлмесе де, жылы шырай танытып, көңілді жүрген ешкімді кездестіре алмайды екенсің. Сондай қызық, мына кішкене машина ішіндегілер де бірте-бірте кабактарын түйіп, қалай сыздап, қалай ашулана бастағандарын өздері де аңғармай қалды. Марғау тіпті түлданып алған, қараптан қарап отырып біреуді барып бас салып қауып алғысы да келді. Осындай халде кезек күтіп тұрған бұларға бір үлкен машина жақындап, кабинасынан бадырақ көз біреу басын қылтитты:

— Әй, сәулік, атаңның басына қарап тұрсың ба? Ана өз колонкана бар. Машинасына ит салып алған түрін... түрінді ұрайынның?!

Иі жұмсақ деген Қанаттың өзі қатты қыстықты. Әлдебір тұздықты сөзбен бетін қайтарып тастайын деп оқтайлана беріп еді, бадырақ көздің пошымы мен дауыс ырғағын, кимылын ұнатпаған Марғау алдыңғы екі аяғын ашық тұрған терезе жақтауына салып алып, мойнын соза ұмтыла үріп, төңіректі шулатып жіберді. — Ап! Ап! «Жап аузыңды, шошқа! Әйтпесе алқымыңнан бір басып, үніңді өшіре салармын!» — дегені.

Құлақ түбінен шыққан ит даусының зорлығына қайран болды ма, бадырақ көз ашуынан тез қайтып, Қанат машинасына жақындап барып басын шайқады.

— Әй, мынау бір иттің дәйі ғой!

Адыр да ашулы екен.

— Әрі кетіңіз, әйтпесе есікті ашамын да, итімді қоя беремін, — деп қорқытты.

Бадырақ көз сескеніп, кейін шегінді. Айласының асканына іштей мәз болып, масайраған Адыр үстемелеп жатыр:

— Менің итім сіздей бейпіл ауыздардың талайын көкесіне танытып жіберген!

Бадырақ көз: «Кәне, қалай танытар екен, жібере ғой!» — дей алмады. — «Құтты жолбарыс дерсін. Осындай үлкен итті тумысымда кездестірген емеспін», — деп өз машинасына беттеді.

Қанат Марғау тарихын баяндап жатпады.

— Не десең де сияды, — деп машинасын ілгері колонкаға таяды. Бірақ көңілінде реніш: айқайлап, балағат сөз айтпай-ақ: «Әу, жігітім, сіз қате тұрсыз ғой, колонкаңыз ілгеріде емес пе, солай жылжыңыз», — десе жетпейтін бе еді? Бензин колонкасына келгенде адамдар не болып кетеді осы? Осы бір ауыр оймен Канат қаланың ішіне кірді. Ағаның көңіл күйі балаларға да әсер етсе керек. Дабыр мен Адыр да үнсіз. Өзінің жайсыз, жат ортаға келе жатқанын сезе ме, әлде жарасы сыздап ауыра ма, әйтеуір, адамдар өнінен салкындық нышанын байқаған Марғау да үйге жеткенше ұзақ ыңырсып, ұлумен болды.

## 2

Машина бір биік үйдің алдына келіп тоқтады.

— Нағира жеңгейлерің, міне, осы үйде тұрады, — деді Канат машинадан түсіп жатып.

Адыр сұрағы оқыс:

— Ал өзің ше?

— Мен де.

— Ендеше «Нағира жеңгелерің» — деп неге бөлектеп жатырсын

— О, Нағира жеңгелерің жақсы адам!.. — Інілерін мына жаңа жағдайға дайындағысы келді білем. Канат әйтеуір өз әйеліп осылай мақтай сөйледі.

Нағира — Марғаудың көп естіген есімі. Қыстың суық шағында көрінбей кеткенімен, жаздың сарша-тамыз ыстығы түскен кезде үнемі Канатқа еріп, ақ сары келіншек жайлауға келетін. Нағира — соның аты. Ит жадында із қалдырғаны — Нағираның иісі. Қарғабектен шығатын арақ иісі, немесе ақ халаттылардан бұрқырап тұратын дәрі иісі де емес, басқа бір түсініксіз иіс. Қарғабек ішіп шығарса, Нағира жағып шығарады. Тағы бір ерекшелігі — Нағира бұл төңіректегі әйелдердің біріне де ұқсамайды. Жұрт болса, қой шарбақта, жә болмаса қазан ошақ төңірегінде тірлік қарекетімен әуре болып жатар еді, ал Нағира болса өйтпейді. Лезбай қойды өрістетіп, сәске кезінде шайға оралғанға дейін ұйықтайды. Содан кейін Канатты алып өзен жағасына барады да, кеудесі мен бөксесінен басқа жерін жалаңаштап суға шомылады. Күнге қыздырынады. Тағы шомылады. Сосын асықпай жуынып, таранып, әлгі бір түсініксіз ащы иісті бұрқыратып жаға бастайды. Марғау бұл иісті де ұната бермейді. Дегенмен бензин мен арақ иісіне карағанда иман таразы екенін де аңғара алады. Кейде жақсы мінез-қылықтармен араласып, қатарласа шыкса, ұнатпайтын дүниенің көлеңкеде қалатыны болмай ма, сол секілді Марғаудың мына өз табиғатына жат әтір иісіне онша көп өшікпейтіні де Нағираның сырт келбетінің әдемілігіне,

мінез-құлқына, сыпайылығына байланысты болса керек. Нағира жайлауға каншама рет келіп жүріп, біреумен айкайлап ұрысқан, немесе тіпті дауыс көтеріп қатты сөйлескен кезін Марғау көрген емес. Бар болғаны, кішкене күшіктерге ұксап Қанаттың мойнына асылып, ойнап еркелейтіні ғана ит жадында қатты сақталған. Содан болса керек: «Мен Нағираны танымын ғой» — дегенді байқатып, құйрығын былғандатты.

Балалардан құптау сөз ести қоймаған Қанат:

— Әне «Нағира» дегенге Марғау да құйрығын былғап, ықылас білдіріп жатыр, — деп қойды.

— Жаксы, жаманын қазір қарсы алғаннан-ақ білеміз. Ал, Марғау, сен бүйтіп бос жалбақтай берме, — деп Адыр итінің құлағынан тартты. — Кәне, түсейік.

Марғау қынсылап, тағы да құйрығын былғандатты: өз бетіммен түсе алмаймын ғой, — дегенді танытар көмек сұрау белгісі.

— Марғау жүре алмайды ғой, көтеріп алсақ қайтеді? — деді Адыр.

Оған карағанда Дабыр бар, жоқ шаманы байқайтын секілді.

— Қалай көтересін? Көтере алмайсың Марғауды.

— Біз көтере алмасақ, ағатайым бар, көмектеседі, — деп Адыр тағы да жол тауып кетті. — Ағатайым көтеріп шығарса, Нағира тәтем де «иттерің не, әкет» дей қоймас.

Тапқыр інісінің сөзіне мәз болған Қанат машина багажнигінен бір құлаш жіп алып шықты да, итті шабынан асып, бір ұшын екі балаға берді.

— Үшінші қабат. Ал көтерілдік... Алдыңғы аяғы сау ғой, Марғау кеудесін өзі алып жүре алады.

...Есікті Нағираның өзі ашты. Марғау оны бірден танығанын білдірді:

— Ап! Ап! — Сәлеметсіз бе, — дегені.

Ит даусында ашу болмағанымен Нағира шошып, жүрегін ұстады.

— Танымай қалдың ба? Бұл Марғау ғой, Нағира! — деп Қанат неге екені белгісіз, көтеріңкі айтты.

Нағира таң-тамаша.

— Қайдағы Марғау?

— Кәдуілгі Марғау ше? Талай-талай қасқыр алған, әкем баққан малды талай-талай апаттан сақтап қалған Марғауды қалай ұмытып қалдың?

Нағира түсінгендей болды. Бірақ жүзінде жылылық жоқ:

— Бұған не болған?

Қанат ептеп қосынқырап сөйледі:

— Әкем жокта қой ұрлаймыз деп келген біреулер мертіктіріп кетіпті.

Нағира сөзі кекесінді.

— Ит өлген жерден сосын осында алып келдің мертіккен итті?!

Суға кеткен тал қармайды дегендей, сасканы ма, Қанат болмашыға жармасып жатыр.

— Ойбай-ау, Нағиражан-ау, бұл ит емес, баяғы өзім барып сатып әкелетін күшік қой.

— Күшігі не, иті не, бәрібір маған.

Сөз таппаған Қанат күмілжіп желкесін қасыды. Нағира сәл жібіңкіреген сияқты.

— Аядай екі-ақ бөлме, қай жеріне ит ұстайсың? — деп шарасыздық белгі танытып алақанын жайды.

Әңгіме басы осылай салқын болған соң ба, Дабыр мен Адыр есік көзінен аттай бере тұрып қалған. Марғау дағдысынша тұмсығын еденге салып, Нағираның жүріс-тұрыс, қимылы мен қабағын тап-жылмай бағып, сұлық жатыр. Бір ғажабы, ықылассыз қарсы алған осы әйелге түк өштігі жоқ. Қайта, неге екенін кім білсін, жүрек түкпіріндегі бұрынғы бір жылы сезім құйрығының ұшына барып, дамылсыз қозғай беретін секілді. Өйткені ит түйсігі қате болмаса, Нағира жауыз, қайырымсыз әйел тобына жатпайтын секілді.

Қанат енді әйелін сөзбен сылап жатыр.

— Нәке, ақылсыз емес едің ғой. Әкем болса, тұтқында отыр. Марғау оның мына балаларына тең санайтын қадірлі иті. Ертең тұтқыннан шығып: «Итім қайда?» — десе, не дейміз сонда?

Нағира артығырақ кеткенін осы жерде аңғарды білем, балаларға қарады.

— Ал сендер неге бұл жерде тұрсындар? Былай шықпайсындар ма?

Аузын бұртитып, ашуланыңқырап тұрған Адыр суырыла сөйледі.

— Қалай шығамыз?! Қалада Нағира тәтеміз бар деп сағынып келгенде маңдайымызға салып-салып жібердің. Есенгіреп қалдық қой тіпті.

Нағира балаға бұрыла беріп аңырып қалды. Жүзінде ашудың ізі жоқ. Қайта көзінде күлкінің нышаны байқалады.

— Өзіңе де сол керек, ал сөйлес енді Адыр қайын інінмен, — деп Қанат ұрымтал жерден ұстады.

— Өй, сен Адырсын ба?! Өсіп, сойталдай жігіт болып кетіпсің ғой өзін? — деп Нағира жадырай келіп, Адырды көтеріп алып бетінен сүйді.

Кенет разы болғанын танытып, үйді басына көтере дүңкілдеп Марғау үрді.

— Кет, ей! Қауып алып жүрер мынауың?

— Қабағыңды қарс жауып қарсы алып жатырсын, қапса қабады да, — деп қойды Қанат.

Адыр аңқау бала мінезін танытты.

– Марғау каппайды. Өйткені біз тірі жетім сияқты — Нағира тәтемнің қолына келдік қой. Өзі біреуге кіріптар бола тұрып, несіне жетісіп қабады! Кай кезде, кімді қалай қабатынын Марғау біледі!

Қанат ішегі катқанша күлді. Нағира да сылқылдай күліп, Адырды құшағында ұстаған калпы умаждап әлек.

– Мынанын тілі мірдің оғындай ғой. Тұқымында ділмар ешкім жоқ еді, кімге тартып мұндай болып жүрсің?

Адыр әлгі ойының жетегінде.

– Бір күн тамақ бермей қойсан, саудамыз біткен жоқ па. Өтірік деші, Марғау.

Марғау растағандай, әлдебір дыбыс шығарып ыңырсып қойды.

Нағира мүлде жадырап алды.

– Қорықпа Адыр. Тамақ та, кабак та болады. Бұл сенің өз үйің, жайғаса бер. Әкеме барам деп кетіп, ит алып келген соң, мына ағана қыжылым ғой көрсетіп жатқан, — деп Адыр мен Дабырды ілгері бөлмеге қарай жетеледі.

– Жок, тәте, итімді есік көзінде қалдырып, ол жағыңа шыға алмаймын.

– Итінді де төрге шығарамыз. Бірақ, ең алдымен, тазалап жуындырып, дәрігерге көрсетіп, содан кейін шығарамыз.

Марғау қателеспепті. Нағира салқын қарсы алғанымен, кілті табылса көктемнің күн шуағындай жазылып кетер тегі жақсы, қайырымды әйел екенін бірден танытқан еді.

### 3

Түнімен Марғаудың мазасы болмады. Ен далада таза ауада еркін өсіп, көсіле жүгіріп дағдыланған итке мына дәліз тар қапас дерсін. Тынысын тарылтып, тынышын кетірді. Әлденеше рет есікті келіп тырналады. «Түнгі сағат он бірден кейін бейсеует дыбыс шығаруға болмайды» — деген қағиданы адамдардың өздері де үнемі орындай бермейді. Марғауға не зорық. Шырт ұйқыда жатқан жұртты оятып, дүнк-дүнк етіп әлсін-әлі үрумен болды. Қанат оны далаға да алып шығып келді. Сонда да үре берді. Адыр мен Дабыр оянды. Дымы құрып, шыдамы таусыла бастаған Нағираға дәлелді жауапты тағы да Адыр тауып жатыр.

– Марғау бар ғой, тәте, әкемді сағынып жатыр. Осында келе жатқанда үндемеді ғой. Үндемеген себебі — әкемді көрем деп ойлады. Ал әкем болса, жоқ. Әкем жоқ болған соң: «Неге мені мұнда әкелдіңдер? Табындар, кәне!» —деп үреді. Әкем қазір кіріп келсе бар ғой, Марғау бірден басыла қалар еді ғой. — Адыр топшылауы өз тілегі, өз ойындағысы екенін Нағира түсінеді. Лекең келсе иттен бұрын, ең алдымен, Адырға жақсы болар еді ғой.

— Ұрлық қылған жок, өтірік те айтпаған. Накак адамды тектен тек ұзақ ұстамайды. Көп кешікпей келеді әкеміз.

— Тәте, аузыңа май. Айтқаның келсін.

Қаймағы бұзылмаған ауыл ішінің осы бір сөзін үлкендерше дөп түсіріп айтқан бала тіліне Нағира сондай қайран.

Бір сәт тынышталған ит тағы абалады. Сөйткенше есік қоңырауы сылдырады.

— Бұл кім? — деп сұрады Канат ит мазасын алып ұйқысы қашып, «енді не істеу керек?» — деген дағдарыспен.

— Аш дедім ғой. Көршінмін... — Дауыс сондай өктем.

Есік ашылды. Ар жақтан бір тақыр бас көрінді. Беймезгіл шақта мына келістің жай келіс емес екенін білсе де Канат сыпайылықпен ілтипат білдіріп жатыр.

— О, көрші екенсіз ғой? Танымай қалғаныма ғафу. Жоғары шығыңыз.

Бұл құрметке мән берген көрші жок.

— Қалада тұрып ит асыраған деген не өнер? Ұйқымызды алдыңдар ғой?

— «Ұйқы алғанда...» — деп Канат істің мән-жайын түсіндірейін деп келе жатыр еді, ашулы көрші бір-ақ какты.

— Ана-мынанды мен білмеймін. Мына пәленің көзін құрт. Әйтпесе табан аузында милицияға хабарлаймын.

— Немене, милиция ит ұстамасын дей ме екен сонда?

Тақыр бас ашулы көрші таңырқап қалды. Шіңкілдеген бала даусы. Қайдан шықты? Сөйтсе жүресінен отырған ит тасасынан бір кішкене баланың құлағы қалқаяды. Канат артына бұрылып Адырды көрді де, күліп жіберді. Ашулы көрші де езу тартты.

— Тілің мен жағыңа сүйенген сен өзің кімсің?

— Еркекпін.

Көрші қарқылдап күлді.

— Еркек екенінді көріп тұрмын ғой, — деп күмілжіді тақыр бас.

Адыр бастырмалатып барады.

— Еркек екiнiмдi бiлген болсаңыз, ендi неге сұрайсыз?

Манадан бері бала тіліне мәз болып тұрған Канат Адырдың қатты кеткенін байқап, қысылып қалды.

— Адыржан, олай деме. Біздің бұл көрші үлкен ғалым адам. Ертен жігіт болған кезінде өзің түсіп оқитын университеттің профессоры.

Адыр ит тасасынан бері шығып, тақыр басқа жақындады да, балалық аңғалдықпен сыбырлай сөйлеп, сырын ақтарды.

— Марғау бар ғой ішқұса. Осында әкемді көремін деп келіп еді. Ал әкем болса, жок. Сағынып келгенде көргісі келеді. Көре алмаған сон үрмегенде қайтсін... Әкемді мен де сағындым. Сағынғандықтан да ұйқым келмей қойды. Бірақ үндемей жатырмын. Егер Марғауға

қосылып мен де бакырсам онда не болғаны? Сіз онда тіпті әйеліңізді ерте келіп, әлектің көкесін екеулеп көрсеткен болар едіңіз ғой. Сол себепті, мен жыламаймын. Өлсем де жыламаймын. — «Жыламаймын» — десе де бала көзіне жас келіп қалды. Соны байқаған Марғау тағы үре бастады. Әкесін сағынып, көңілі босаған Адыр итінің мойнынан қатты қысып құшақтап алды да, бакырып жылап қоя берді.

— Үрме, Марғау. Үріп жұрттың мазасын ала беретін болсан, алып кетеді де, бір жерге апарып атып тастайды. Білдің бе? Дыбысыңды шығарма ақылды болсан! — деп шырылдады. Бала шырылдаған сайын ит даусы да зорайып, ығы-жығы халқы көп үлкен үйдің бүкіл орамын алып кетті. Түпкі бөлмеден Нағира көрінді.

— Жаксы көршісі-ау, түн ішінде қонағымызды дүрліктіретіндей не жаздық? Қай бір айдарымыздан жел есіп, ит асырайын дедік дейсін. Істің реті осылай болып қалды. Бірер күнге шыдасаңыз не ететін еді. Таяу арада әкеміз келеді. Әке келген соң далада өскен ит пен баланы байласақ та токтата алмаспыз, — деп байсалды сөз айтты.

Басында ашумен келген тақыр бас көрші енді неге келдімге түсті. Бар айтқаны:

— Байқаулы болсандаршы. Түн ортасында ит үріп, мазаны кетіргеннің несі жаксы дейсін, — деп есікті жапты.

— Ракмет, ағасы, — деп Канат есіктің баспасын салды.

Қаладағы алғашқы түнді Марғау осылай өткерген еді...

#### 4

Үнемі қой соңында жүрген Марғау мен Лезбай ұйқы дегенді білмеуші еді. Кез келген жерге қисаятын да, бір ғана шакқа қорете түсіп, көз шырымын алып, тұрып жүре беретін-ді. Ал мына қала халқы мүлде басқа. Жұмыстан келе салып тамағын ішеді. Содан кейін телевизорға шұқшияды. Содан кейін баптап, мамықтап төсек салады. Содан кейін ит үшін жылына пара-пар ұзақ түнде тұяк серіппей ұйықтайды.

Міне, таң атқалы қашан. Жайлаудағы мал ұзап өріп, отығып алған да болар. Таң атпақ түгіл күн де біршама көтеріліп қалды. Жайлаудағы мал суға беттер, ал, Марғау болса, иісі бұрқыраған кен сахарада жосылта салып, отарды өзенге қарай қаумалар шақ. Ал, мыналар болса, әлі тұяк серіпкен жоқ. Дәліз болса, қапас орны секілді, аядай ғана. Бір аттауына келмейді. Тарлығы бір сәрі-ау, тынысыңды тарылтатынын қайтерсің. Марғау даланы сағынады. Даладағы жусан иісін, шуаш иісін кербесті мен Лезбай иісін сағынды. Сағынғандығы соншалық, тұла бойы өрт дерсің. Еріксіз аузын ашты. Көкіректе шер боп тұнып, шемен боп қатқан жалын тарғылданып, тыныс белгісі

жок үрдіс те ұзақ, құлақ кесті ашы бір дыбысқа айалып жүре берді. Ит ұғымында соншама ұзақ ұйқы болғанымен, адам ұғымында көршіге де маза бермей түнімен дүрлігіп, жаңа ғана көз іліктірген Қанат пен Нағира шошып оянды.

— Мынау тірлік болмайды ғой. Енді қайттік? — деп сұрады Нағира.

Қанат үндемеді, бар болғаны, сағатына қарады да:

— Ойбай-ау, сегіз болып қалыпты ғой? — деп киіне бастады.

— Мына итті не істейсің?

Оқыстан Қанат ойына Адырдың түндегі бір сөзі оралды. Жеті жасар бала түгіл, үлкен кісінің өзі тауып айта бере алмайтын сөз.

— Осы ит шынында да Адыр айтқандай ішқұса ғой деймін. Әкемнің ескі-құсқы бір киімін алдыру керек шығар.

Нағира қанша десен де бұл жолы әйелдігін жасады.

— Ескі киім деп үні жүз шақырым жерге тағы да машина айдамаксың ба?

Қанат үндемеді. Нағира да қайталап тіс жарған жоқ. Солай жүріп екеуі тамақ ішті. Обалы нешік, Марғауды да ұмытқан жоқ. Суға салып қара нан, қалған-құтқан тамақ қалдығын әкеп алдына қойды. Содан кейін итті алып, ерлі-зайыптылар далаға шықты...

Сағат тоғызды соқты. Ит мінген, ерлі-зайыпты екеуі мінген кешегі кішкене машина біраз көшелерді аралап, бұрыла салып, бір үлкен үйдің алдына келіп тоқтады. Үлкен үйдің үлкен есігіне маза жоқ. Қалың нөпір адам тобы осы бір мерзімге әдейі уәделескен секілді, жан-жақтан шоғырыла жиналып, ағыла кіріп жатыр.

— Түсіністік қой деймін? — деді Нағира машинадан түсіп жатып. Даусында айрықша бір мән бар.

— Адыр жылап жүрмес пе екен?

— Осыншама жасқа келіп, екеулеп жүріп, жеті жасар баланы жұбата алмаймыз ба?!

Қанат желкесін қасыды.

— Бәрекелді, қалаға алып барып... жақсы істеген екенсіңдер. Өйтетінің бар, жатқан жерінен неге қозғадыңдар? — деп әкем келгенде реніш білдіреді-ау...

— Қой, былкылдатпа, жігітім, тыныштық керек. Ал уақыт болып қалды. Дегенді істе де, тез орал, — деп Нағира ішке беттеді. Тумысында ит баласынан тұңғыш рет қойнына Марғауды ғана салған Қанат пен тумысында адам баласынан тұңғыш рет Қанаттың иісін алған Марғау екеуі машина ішінде оңаша қалды. Қанат ойын ит түсінді дей алмайсың. Сонда да бірдеме айтқысы келгендей, ашу араздығы да, тату-тәттілігі де жоқ бейтарап салқын жанарын жігітке қадап дүнк-дүнк етіп үрді де, креслоға қисайды. Алда күтіп тұрған ит тағдырын жұмсартқысы келді ме, жә болмаса, амалсыздықтан туған қатыгез өз шешімін ақтағысы келді ме, кім білсін, Қанат әйтеуір артына қайырылып Марғаудың маңдайынан сипады.

– Жазғыра көрме, Марғау. Қала жәйі киын, сен жарымжансың. Ал бізде сені күтерлік жағдай жоқ. Сол себепті мен сені көшеде ит аулайтындардың арбасына салып жіберейін деп алып шықтым. Басқа амал қалмады.

Марғау тырс етпеді. Тағдырдың не сұмдығын болса да қайыспай қарсы алар кейіпте.

Кішкене машина қозғалып кетті. Әр көшеге бір түсіп, ұзақ жүрді. Жапырайған аласасы мен маңқиған биігі, дүнкиген үлкені мен үйшіктей кішкенесі... небір үйлер артта қалды. Көшелер де әр қилы екен. Шолтаң етіп, маңдайы әлденеге барып тірелетін шолағы мен қанша жүрсен де таусылмайтындай болып көрінер ұзыны да, тау етегіндегі орман секілді көгалдысы мен қызыл шақа жартас секілді жаланашы да, шынардай сұлу мүсін түзуі мен сексеуілдей бұралып жатқан қисық, бүкірі де бар.

– Жайшылықта көлденең жүргізбеуші еді. Бұл иттер қайда кеткен? – деп кейіді Қанат. Әлде, салып отырып ит өткізетін жердің өзіне барған дұрыс па? Ондай пункті қайда болды екен? Жігіт өтіп бара жатқан бір ересек адамды тоқтатты.

– Ит өткізетін жердің жобасын айтып жібермес пе екенсіз?

Ересек адам жақын келіп машинаға үңілді.

– Қалай делініз?

– Ит өткізетін жер?..

Ересек адам көзі артқы креслоны бір өзі толтырып терезеге қарап шоқиып отырған Марғауға түсті.

– Кешіре көріңіз, ит өткізетін жер болғанда... өткізейін дегеніңіз сонда мына ит пе? Жаңылыссам, әрине, айып ете көрмеңіз. – Танданған да, тамашалаған да сұрақ.

Қанат жалтара сөйледі.

– Жоқ, мұндай итті өткізіп... жынданды дейсін бе?

– Бәсе, бәсе... – деп көлденең адам қуанып қалды. – Дегенмен бұл итті өткізбесеніз, ондай жердің не қажеті болды екен сізге? Сұрағым ерсі болса, әрине, кешіре көріңіз, інішек.

Қанат не дерін білмей қысылып қалды.

– Қажеті болғаны да.

– Құдай ақы, қысылмай-ақ қойыңыз. Расыңызды айтсаңыз екен.

Қанат енді көп созып тұрмайын деді де, төтелей тартты.

– Ағасы, егер білсеңіз сілтей салыңызшы.

– Сілтегенде... мына келесі көшемен оңға бұрылып, одан арғы көшеде солға... – деп көлденең адам сәл мүдірді. – Жоқ... жо... астапыралла, қателесіп тұр екем. Келесі көшемен оңға емес, солға бұрылып, арғы көшеде солға емес, оңға бұрылып... Ит өткізетін жер... Так... так... Ит өткізетін жер, ә?.. – Көлденең адам ит пен Қанатқа алма кезек сұқтана қарап сәл тұрды. Содан кейін бармағын

тістеді. — Ит өткізетін жер, ә? Құдай-ау, ит өткізетін жер дейтін жер бар ма еді осы қалада?

Қанаттың шыдамы таусылды.

— Білмесеңіз, білмеймін демейсіз бе?

— Оныыз рас. Білмейді екем шынында.

Ашулы Қанат жөнеле берді. Көлденен адам қайта дауыстап ұмтыла түсті.

— Ә, былай екен ғой, жаңа есіме түсті.

Табиғатында ұстамды Қанат қайта тоқтады.

— Ғафу етіңіз. Мынадай сұлу итті ондай жерге апарғанша, маған бере салсаңыз қайтер еді? Әрине, құнын төлеген болар едім.

Көлденен адам пиғылын Қанат енді түсінді.

— Е, бұталақтатпай, басында-ақ осылай демейсіз бе?

— Сізді ренжітіп алам ба деп... — деп мүдірді көлденен кісі. Мынадай сұлу иттен сізді жерінер деген кімнің ойына келмекші.

— Жерінбес-ақ едім, амал қанша. Жарымжан болып қалды. Жамбасы қираған болса керек, бөксесінде жан жоқ.

— Қап, әттеген-ай, ә? Тұқымын алатын-ақ ит екен.

— Анығын айттым. Алам десеңіз, қарсы емеспін.

Көлденен адам қуанып кеткені соншалық, итке қолын созды.

— Итім жақсы ғой...

Манадан бері мына әңгімені үнсіз тыңдап, тыныш жатқан Марғау ырылдай бастады: «Осыдан қолыңды тигізіп көр! Жұлып алайын!»

— Ұнатпады білем, ырылдап жатыр ғой?

Қанат Марғауды сипалады.

— Марғау жақсы, Марғау қаппайды... — Айтпақшы, қайда тұратын едіңіз? Апарып салайын, итті сол жерде алып қаларсыз.

Көлденен адам қуанып, алдыңғы есікті аша беріп еді, Марғау атып тұрып, арс етті. Қанат итке тәтті де, ашы да айтты. Бірақ Марғауда көнер сиық жоқ. Көлденен адам есікті ашып қалса-ақ болды, бас салып, талап тастауға әзір. Қанаттың ашуы келді.

— Ендеше өз обалың өзіңе. Айдалаға апарып тастаймын. Не болмаса, ит аулайтындардың арбасы кезіге қалса, салам да жіберем. Сонда табан аузында сабын қайнататын жерге жетесің де, қолың қол, бұтың бұт болып кете барасың. Ал не таптың?

Не табарын кім білсін, Марғау әйтеуір, көнген жоқ. Қыстыққан Қанат газды басынқырап жіберді білем, шиіе түсті «Жигули» зырлай жөнелді. Қайда бармақ? Есеп бермеді. Бар мақсат қайтсе де масыл иттен құтылу. Келесі қапталда салдыртып кеп үлкен магазиннің алдынан бұрыла беріп еді, кеше қиысында оғаштау тұрған біреуге көзі түсті. Біреу болғанда да бір жерде көрген таныс адамы. Бір кереметі — мойыны толған сары ала медальдар. Айқыш-ұйқыш етіп салып алған. Бірақ көйлек, шалбары умаж-умаж, сары ала сауыс.

Бір кездегі жасыл түсті қалпағы аппак бөздей жұқара оқып, мыжырайып қалыпты. Қолын сілтеп бет алды сөйлеп тұрған секілді. Тамашалаған топ құрамы алысырақта, әжептеуір. Қайда көріп еді? Оқыс есіне түсті де, сарт еткізіп тежемені басты.

— Иван Иванович!?

— ...Әй, жарандар! Түсінсендерші! Соңғы екі ғасыр дүниеге өзінің екі ұлы перзентін әкелді. Бірінің аты — Сүлеймен, екіншісінің аты — Ахмет. Он тоғызыншы ғасырдың ұлы перзенті Сүлейменнің қартайған шағы. Үйірді бастар шама жок енді... — деп тоқтады.

Топ ішінде күбір-күбір сөз, сыбыр-күлкі.

— Ұлы перзенті не? Үйірі қалай?!

Иван Ивановичка бұл күлкінің түк әсері болмады. Қолын ілгері сермеп, сөзін жалғастыра берді.

— Сүлеймен кілең қыршын, көкөрім жастарды сапқа тұрғызды да, топ алдында ойқтастап ұзақ жүрді. Әрқайсысын тұмсығымен түрткілеп, аяқ-қолын, өсіп келе жатқан күрек тісін байқады. Ақыры қарт көңілі Ахметке құлаған ғой. Бұл ықласты өзіне мақтаныш санаған Ахмет Сүлейменнің қасында қолқанат-серік болып ұзақ жыл жүрді. Жатса күзетіп, демалса шыбынын қакты кәрінін. Өстіп жүріп күндердің бір күнінде екеуі де ғайып болды. Сырттан бақылаған көпшілік құлағы түрік, бір-біріне сұрау салып хабар алып жатты. Бірақ Сүлеймен мен Ахметті көрген бірі жок. Ақыры араға алты жыл түсіп жұрт көңілі суып «өлдіге» санаған кезде туған жері Кениясына Ахмет қайтып оралып еді. Қартайған Сүлеймен әлде мұхитқа жетіп суға кетті, әлде Піл сүйегі жағалауы еліне барып, батпаққа батты, бір құдайым білсін оны. Көп кешікпеді, Ахмет Сүлейменнің орнын басты. Үйірге түсті. Сүлейменге ұқсап аса ірі, аса қарулы, ақылды болып өскен Ахмет жетпіс жыл бойы өз үйірін сетінетпей, от пен судан да, қаскөй жаулары құрған айла-шарғы қамалдардан да аман алып өтіп, бүгінгі заманның ұлы перзенті атанды.

Сол ұлы перзент Ахмет те қартайды қазір. Ұлы ұстазы Сүлейменге ұқсап, бұл да өзіне қолқанат-серік тандап алып, үйірімен қош айтысқан. Осы кереметті көрейін деп мен Африкаға бардым. Кенияның ой мен қырын, далаларын кездім. Қия жартастарда миллиондаған жыл бойы піл аяғы қашап түсірген ғажайып жолдармен жүрдім...

— Мен бұл шалды жақсы білем. Африкада болдым деп өтірік айтады, — деді біреу топ ішінен.

Екінші біреу жарыса кетті.

— Ана мойнындағы салпыншақтары да қызық. Ит көрмесінен келген медальдар.

— Айтып тұрғаны не нәрсе өзінің? Түгіне түсінсем бұйырмасын, — деп екінші біреу жүріп кетті.

Машинадан шыққан Қанат Иван Ивановичтің нені меңзеп тұрғанын білгісі келеді. Неге болса да шыдап, тыңдап қалған.

— Мен, сөйтіп, қызыл шака қия жартаста миллиондаған жыл бойы пілдер түсірген жолмен жүрдім. Іздегенім — Ахмет. Көрсем деймін. Төртінші күн. Қасымдағы кениялық жол басшым қуанып кетті.

— Мінекей Ахметтің ізі!

— Ахметтің ізі екенін қайдан білдің?

— О, Ахметтің ізін білу оп-онай. Баска пілдерден Ахмет екі есе үлкен ғой. Сол себепті табаны да сондайлық жалпақ.

— О, бұл шал пілдер туралы айтып тұр екен ғой, — деген көп ішінде сыбыр жүргірі.

— Мен жерге еңкейдім, — деп жалғады Иван Иванович сөзін. — Расында да, екі піл қатар өткен айқын із. Мені қайран қалдырды: бір із бақыр шелектің түбіндей де, екінші із бақыр шелектің аузындай.

— Байқайсын ба, тезегі әлі жас екен. Бұл жерден кеше ғана өткен ғой. Алыста емес, осы маңда. Бүгін кешке, не ертең азанда кездесуге тиіспіз, — деді жол басшы.

Тағы да екі күн өтті. Біз Ахметтің ізінен қалмадық. Үшінші күн азанда бір ағаштың түбінде үйездеп тұрған Ахметті көрдім мен. Қасындағы әзірге аты жоқ бала пілге қарағанда таудай екен. Тұмсығын созып, ағаштың шор басындағы жапырақты жұлып жеді де, ұзақ уақыт құлағын тігіп, қимылсыз қалды. Төңірегінде кісі барын сезген болды-ау деймін. Одан артық жақындауға батылымыз бармады. Тағы біршама уақыт өтті. Ахмет тұмсығын жоғары көтеріп, бірер рет өкіріп еді, анадай жерде оттап жүрген жол серігі жүгіріп келді. Содан кейін екеуі маң-маң басып ілгері кетті. Алдында Кенияның ұлан қайыр, кен жазық қырқа қорығы жатыр. Сол қорықты еркін жайлап жүреді де, бір әдемі күні Сүлейменге ұқсап Ахмет те ғайып болады. Иә, бұл бір адам үшін шешілмес жұмбақ. Өлер шағында пілдер осы қайда кетеді? Бір адам оған жауап бере алмайды. Оның себебі — піл піл болып жаралғаннан бері піл өлімтігін көрген бір адам жоқ. Өлген піл сүйегін кездестірдім деген бір пендені ұшырата алмайсың. Иә, Ахмет те солай, актық демі таусыларға дейін кен жазира даласын төстеп жүре береді. Өйткені Ахмет секілді табиғат ғаламатына бір пенде қол көтеруге тиісті емес. Қол көтерер бір тентек табыла қалса, Кения заңының қатал қаһарына ұшырайды. Өйткені Ахмет ұлт, адамзат мақтанышы. Ахмет жиырмасыншы ғасырдың ғаламаттарының бірі. — Көңілі толқып, көзі жасаураған Иван Иванович алақанын алға созды. — Ей, жарандар! Мен сендерге не жаздым? Итім қайда менің? Жойқынымды қайыссын аттыңдар? Неге аттыңдар? Дүниеге ғаламат күшіктер келтіргеннен баска не жазығы бар еді оның? Анау піл төресі Ахмет секілді, менің Жойқыным да ит

төресі еді ғой. Жүрегі дауалап қай хайуан қол көтерді екен?! — Иван Иванович даусы барлығып, аяқ-қолы дірілдеп кетті.

Шал қасіретін Қанаттан басқа бір пенде түсінбеген секілді. «Бет алды сөйлейді екен. Алжасқан шал ғой мынау бір», — деп тараса бастады. Қанат машинаға сүйенген қалпы қозғалмай қалған. Иван Иванович сөзі көр соқыр көңіл көзін әлденеге ашып жіберген секілді. Өзінен өзі қысылып итіне бір, Иван Ивановичқа бір қарады. Байқаса, әлгінде ғана көшеде кездескен бейтаныс адам ұғымы Қанаттан көш ілгері екен ғой. Қандай надандық! Көзін аша салысымен әкесінің малын баққан, адал баққан асыл итті көзі қиып қалай өлтірмек болды. Жарымжан? Жарымжан болса момын әкенің намысын қорғаймын, арын аяққа бастырмаймын деп мертiкті ғой. Қазір үйге барғанда «итім қайда?» — деп алдынан жылап шығар кішкене інісі Адырға не демек? Ертең әкесі келгенде қандай дәлел таппақшы? — Қанат осыған қысылды. Марғауды ветпунктке апарып көрсеткен жөн.

Мына шал жоғалған Жойқынды өлген жақынындай жоқтап, қастерлейді екен. Қанат болса, бір түнгі қиындықты көтере алмады. Марғаудан құтылғанша асық. — Өз ойынан өзі ұялған жігіт тез басып машинаға келді де жүріп кетті.

Оқыс шошынғанда кей сақаудың тілі шығып кететіні секілді, Иван Ивановичпен кездесу — мына шаруаға жауапсыз, жеңілдеу қараған Қанатты кілт өзгертіп жіберді. Бір шешімге шұғыл келіп, мықтап бекінген жігіт күшік күнінде қойнына салып, елге апарған Марғауды енді қайтып жәбірлемеске ант етті де, мандайшасында «Ветпункт» деген жарнамасы бар үй алдына келіп тоқтады.

Кішкене бөлме сондай таза екен. Кәдуілгі поликлиникалардағыдай үстінде ақ халаты бар қария қарсы алды.

— Не шаруамен келдіңіз?

— Итім мертiккен еді, жәрдем керек болып тұр.

— Дәрігер қазір болады.

Қанат Марғауды алып, қайта кіргенде ақ халатты дәрігер орнынан ұшып тұрды.

— О, мынау Иван Иванович итінің тұқымы ғой.

— Ә, иә, біледі екенсіз ғой?

— Білмегенде ше! Иван Иванович айрықша ірі, аса көрнекті ит тұқымын өсірген үлкен кинолог еді ғой.

Дәрігер сөзі өткен шақпен айтылғандықтан ба, Қанат күрсініп алды.

— Иван Ивановичті мен осы жаңа ғана кездестірдім.

Дәрігер басын көтеріп алды.

— Біреудің ала жібін аттамайтын алтын адам еді ғой. Әттең, не керек... Әсіресе, иті өлгеннен бері адам танығысыз, тіпті.

- Итін кім атқан?
- Кім атты дерін бар ма? Жер бетінде ақымақтар көп қой әлі.
- Сонда да?... — деп қиылды Қанат.
- Иван Иванович соңғы кезде бір құрылыс объектісін күзеткен екен. Ұйықтап қалған ғой. Түнде келген ұрылар объектіге кіре алмаған соң, итті атып, қашып отырған.
- Мынау ит ендеше сол Иван Иванович итінен туған еді. Мұны да бір хайуан мертіктіріп тастады.
- Дәрігер Марғаудың жамбасын ұзақ сипалады. Айнаға да салды. Ақыры жіліктің жамбасқа кіріп тұрған ұршық басы үзіліп кеткенін анықтады. Содан кейін укол жасады. Гипске салып танып берді.
- Итің көп жатып қалған екен. Ертерек келгенінде жазатын едік. Амал бар ма, тым кеш әкеп тұрсыз. Осылай ақсақ болып бітеді енді, — деді дәрігер.
- Қанат қапаланып, ветпунктің есігін жапты.

## 5

Жараның аузын тазалап, укол салып, гипстеген соң жамбас сырқырағаны басылайын деді. Марғау үш аяқтап жүруге жарады. Содан ба, әлде қала тәртібіне көндігейін деді ме, әйтеуір келесі күндер шусыз, дұрыс өтті. Ит тыншыққан соң негізінде ақылды Нагира да назаланған жоқ. Қанат айтқан дәлелді сөзге құлақ асып:

— Түнде үріп, көршілерді шулатпаса болды ғой, — деп тынды.

Осындай өзгерісті байқаған Адыр да жадырай басталды. Ағасының машинасынан түспейді. Қайда барса да қасында. Қанат әлдебір жұмыспен бір мекемеге кірсе, Адыр ұзақты күн күтуге бар. Шаршамайды. Жалықпайды. Іші пысса, ермегі дайын, сурет қарайды. «Балдырған» журналының беттерін аударыстырып, өлеңдерін ежіктейді. Табиғатында пысық, дарынды бала жайлауға келетін газет-журналдарды екі жасынан бастап қарап, әріп таңбаларын өз бетінше жаттап алған еді. Енді қалаға келгелі басқа ермек болмай, көбірек үнілгендіктен, сол әріптердің басын қосып, ежіктеуді машық ете бастаған-ды...

...Шие «Жигули» бір үлкен үйдің алдына келіп тоқтады. Дағдысынша Қанат Адырды машинада қалдырып, «отыра тұр» — деп кетіп қалды.

Адыр ұзақ күтті. Аздап зеріге бастаған соң машинадан шықты да, ашылып, жабылып, шикылдап жатқан үлкен есіктің алдына келді. Есік қапталы жыпырлаған бір кенерелі тақтайлар. Сол көп тақтайдың бірінен Адыр «Облыстық прокуратура» — деген жазуды оқыды.

Бір кезде Канат шықты.

— Ағай, әкем осында ма? — деп сұрады Адыр.

— Оны неге сұрадың?

— Өне, прокуратура деп тұр ғой.

Канат өсіп келе жатқан ақылды ініге сүйсініп қойды. Тек тіл-көзден аман болсын де.

— Осында.

— Неге мұнда? Әкемді милиция кеп әкетіп еді ғой?..

— Милиция кателескен. Сосын істі прокуратураның өзі қолға алды.

— Әкем, немене, ойыншық па еді оларға?! Неге кателеседі? Бәріне кінәлі Қарғабек сұм ғой, Ұмсындық тәтеме қол салып... Кателессе, соны неге алып барып жауып қоймайды?

Қайтер екен деді білем, Қарғабек аты аталған соң Канат інісін жайлап сөзге тартты.

— Алдымен қол жұмсаған әкемнің өзі көрінеді ғой?

— Иә, саған! — деп Адыр ашулана бастады. Әкесіне шаң жұқтырар емес. — Қарғабек сұм ғой Марғауды мерткітіргеніне қарамастан, әкеме «әкеннің аузы...» деп... Әкем сосын «Не дедін? Қайталашы?» — деді. Қарғабек сұм тағы қайталап «әкеннің аузы...» деді. Әкем, қайта, құлаштап бір-ақ рет ұрды. Мен болсам... бар ғой, оның аузын бұзар едім... — Адырдың көзіне жас келіп қалды. Канат зерек інінің енді сұңғылалығына қайран. Әрі қарай жанын жаралай бермейін деп жұбата сөйледі.

— Ау, сен немене, ынжық балалар секілді көзіне жас алып... Мен жана облыстық прокурордың өзінде болып, түгін қалдырмай айттым ғой. Істі өзім алып танысам деп, ол кісі уәде беріп қалды ғой.

Адыр жадырайын деді.

## 6

...Кешке қарай Канат пен Дабыр, Адыр ушеуі Марғауды есік алдына алып шықты. Ушеуі де көңілді. Үлкенді-кішілі болып бірін-бірі әзілмен қағытады.

— Итін мақтаулы ит болмады ғой, Адыр. Бір Қарғабекке шамасы келмей, өзі мерт болған соң не дерсін, — деді Канат.

— Шамасы келмеген жоқ. Келді. Бірақ аяды ғой, — деді Дабыр.

Адырдың қабағы қалындап кетті.

— Аяғаннан не пайда, әкем түрмеде жатыр. Әкемді бәрібір түрмеге салатын болған соң, көкесін таныта талауы керек еді.

Кенет ит үрді.

— Ә, итін жаманшылыққа үйрететін мына батырдың өзі екен ғой. — Құлақ түбінен естілген бір таныс дауыс. Зәрезат болып

калғандықтан ба, Адырдың жүрегі су ете түсті. Такыр бас көрші профессор екен.

Адыр жүгіріп профессордың қасына барып:

— Көке, құлағыңызды тосыңыз, онаша айтар сөзім бар, — деді.

Профессор жуан денесін иіп, Адырға еңкейді.

— Көке, Марғаудың күшіктері қасқыр алатын кілен ірі ит болып шығады. Солардың ішінен нағыз дөкейін тандап сізге сыйлаймын.

Такыр бас профессор каркылдап күлді.

— Рахмет, Адыр.

Адыр профессорды еңкейтіп тағы сыбырлады.

— Марғау сондай ақылды. Бет алды үрмейді. Жаманшылық ойлап келгенге ғана үреді. Сіз, міне, жақсы адамсыз. Марғау сізге үрмейді. Өйткені сіз қастық ойламайсыз.

Профессор да, Адыр сыбырын естіген ағалары да мәз.

— Бірақ итің жаңа мен келгенде үрді ғой... — деді көрші аздан кейін сәл қуланып.

Адыр жауапқа қысылған жоқ.

— Жоқ, ол үргені емес, амандасканы ғой. Сіз түсінбей қалған екенсіз ғой. Жақсы адамдармен Марғау үнемі өстіп амандасады.

Профессор кішкене дипломаттың тіліне мәз болып үйіне беттеді.

Кенет есік алдына машина келіп тоқтады. Ішінен бір жігіт шықты. Жыға танымаса да, Қанаттың бір көрген адамы секілді.

— Қырғыз Сәршен кездесіп, арнайы сәлем айтып жіберді.

— Құлағым сізде.

— Сіз осы Лезбайдың баласысыз ғой?

— Ия, Лезбайдың баласымын.

— Тоқал шешеннің аты Ұмсындық па?

— Ия, Ұмсындық? — деді әлденеге жүрегі лүпілдей бастаған Қанат.

— Ендеше сол Ұмсындық шешен ашуланып, «кой бақпаймын» деп кетіп қалыпты...

— «Кой бақпаймын» деп?.. Отар қайда?

— Білмедім... Қырғыз Сәршеннің айтқаны осы.

Не істеу керек? Мал иесі — мұның әкесі. Ұмсындықта түк жауапкершілік жоқ. Мынадай іске шатылып жүргенде, оның үстіне бір отар кой қолды болса... Құдай ұрды дей бер.

Ұмсындықтың кетіп қалуына өзін тікелей кінәлі санаған Қанат әйеліне телефон соғып, істің мәнін түсіндірді. Содан кейін жұмысына барып, бірер күнге рұқсат сұрап алып, дереу жолға шықты. Ең болмаса, қолдан санап, үкімет қойын өзіне өткізу керек.

Марғау дәлізде тыныш жатыр еді. Зеріккен екі бала магнитофон ойнатты. Қонакка келгендердің даусын жазып алу Қанат пен Нағираның машығы екен. Барлығып шыққан домбыра үні, еркек дауысты әйелдер, әйел дауысты еркектер... Бәрі де осында. Дабыр өткен жылы мектепке барса да, екі баланың хатқа жүйрігі Адыр. Сыртына кісі аттарын бадырайта жазып, дестелеп қойған ленталарды сұрыптап отырып, өз әкесінің даусына кездесті: «1974 жыл. Көктем айында қалаға келгенде жазып алынған» — деп Қанат қол қойыпты.

— Әй, мына кара, әкем де жүр!

— Кәне! Кәне?... — деп Дабыр қосарлана үнілді. — Кәне, ойнатайықшы.

Магнитофон жағына жүйріктеу Дабыр ойналып жатқан лентаны алып тастады да, әке даусы жазылған лентаны косты: әуелі күмбірлеп домбыра тартылды. Содан кейін орта жасты бір әйел тамаққа тойып алған болса керек, ендігі отырып Нұрғисаның «Құстар әнін» шырқады. Әке даусына құмартқан Адырда шыдам жоқ.

— Фу, Ұмсындық тәтем әлдеқайда жаксы айтады.

Ду қол соғылды. Түсініп болмайтын бір еркек, әйел әзілдерінің соңы күлкіге ұласты. Содан кейін теңгермес асыл әкенің «Қадірлі туыстар!..» — деп бастаған қасиетті, ыстық даусы саңқ етті. Екі бала таласа келіп магнитофонға төнді. Сол мезетте жайбарақат жатқан Марғау құлағын қайшылап, оқыс қарғып тұрды да, келер сәтте абалай салды. Оқыс үрген иттен сескеніп, Дабыр кейін шалқайды. Адыр орнында қозғалмай тұр. Марғау келген бойда магнитофонға қарғыды. Тышқан інін иіскелегендей әр жерін бір иіскеп, дауыстап сөйлеп жатқан Лезбайды іздейді. Көрінбегені өз алдына, иісі жоқ тіпті. Соған танырқады ма, енді әлдебір жалынышты кейіппен қынсылай бастады: «Дауысыңды естимін, өзің де, иісің де жоқ. Қайда, қалай тығылып тұрсың? Шықшы бері қарай!» — деп жалынатындай.

— Әкем даусын Марғау да таныды ғой. Әй, қорқақ, бері кел! — деді Адыр.

Танырқаған Дабыр қайта келді. Магнитофон ішін тіміскілеп ештеңе шығара алмаған Марғау қатты ызаланды білем, екі-үш рет арсылдап үрді де, кеудесімен тумбаны соғып өтті. Тумба бір жакқа, магнитофон екінші жакқа домалады. Екі бала қатты шошынды.

Түскі шақта кішкене қонақтарға тамақ істеп берем деп үйге келген Нағира да сескенгендей: «Құтырғаннан сау ма екен?» Қанша сабырлы болайын десе де, осы иттің жан масылдығы өз алдына, шырықты бұзып, берекені кетіре бастағанына қынжылатын секілді.

Не істеу керек? Әлде ит аулайтындарды шақырып алып, арбасына салып жіберсе қайтер еді? Көп болса қайын атасы ренжір. Тіпті кісі азасы да ұмыт болмай ма, ренжір де басылар... Бір итке бола ажырасып кете қоймаспыз. Ажыраһсан, татуласармыз. Осындай тоқтамға келген Нағира телефон трубкасын көтерді...

— Алло... Алло... Бізде бір мертiккен ит бар еді. Күні-түні, өзімізді былай қойғанда, көршілеріміздің мазасын алып, шыркымызды кетіріп тұрғаны. Алып кете көріңіздерші. Құдай ақы, жол шығынын өзім төлейін тіпті. Жүгіртіп келе қойсыншы. Сұрамаңыз тіпті. Келістік қой?.. — Нағира телефон трубкасын қойды да, үстінен бір ауыр жүк түскендей күрсініп алды: «Бүгін магнитофонды қиратса, ертең жыны түссе, мына балалардың біріне ауыз салмасына кім кепіл? Қайтсе де құтылған дұрыс».

Адыр сұңғыла. Әңгіме төркінін аңғарып қалған секілді.

— Тәте, Марғауды қайда жөнелтпексін?

— Жарасын емдеп жазам деген бір дәрігер бар еді. Соған... — деп жалтарды Нағира.

Адыр «рас па?» — дегендей Нағираға сынай қарады. Нағира ештеңеге түсінбегендей.

— Ал, балалар, менің уақытым аз. Шайға келіңдер.

Екі бала үнсіз келіп тамаққа отырды. Марғау дәліздегі өз орнын-да үнсіз жатыр.

— Тәте, Марғауды ешқайда да жібермеші.

— Емдеп, жазатын адам дедім ғой.

— Емдемей-ақ та, жазбай-ақ та қойсын.

Нағира жауап беріп үлгірмеді. Марғау дәлізде бір жамбастап ерсілі-қарсылы шапқылап, үйді басына көтере үре бастады. Оған Адыр даусы қосылып жатыр.

— Тәтетай! Келді ғой, әне, Марғауды алып кетуге. Мен естідім ғой, дәрігер емес, ит аулайтындардың арбасына салып жіберейін деп тұрсын ғой. Керегі жоқ, тәте. Ешкімге де емдетпей-ақ қойшы Марғауды, — деп боздады.

Әлде ашуы, әлде қуанышы, итте, әйтеуір, ес қалған жоқ. Арсылдай үріп, есікке шапшыды. Адыр да шырылдай түсті.

— Марғаудың далаға шыққысы келеді. Көрмейсің бе, әне, есікті тырналап жатқанын. Мен Марғауды далаға алып шығайыншы, тәтетай. Мен Марғауды далаға алып шығып, қыдыртайыншы.

Істің аяғы бұлай насырға шабады деп Нағира ойламаған еді. Өз есебі бойынша балалар тамақ ішіп жатқан кезде ақырын ғана есікті ашып, жөнелтіп жібермек болған. Енді қайтпек?

Марғау арсылдап, тағы да есікке асылды. Не істерін білмей әрі қысылып, әрі дағдарған Нағира:

— Жә, шығарсан, шығаршы! — деді. Даусы қытымыр.

Адыр жүгіріп есікті ашты. Марғау сыртқа атылды... Иттің жұрт түсінбеген осы бір жат қылығының сыры біреу-ақ еді. Жансак ста-  
тьямен түскен ісі бұзылып, түрмеден шыққан Лезбай бұл кезде есік  
алдына жеткен болатын. Накактан аз да болса зәбір көріп, тұтқыннан  
көңілі бұзылып, жасынқырап шыққан шопанды есік көзінде бірінші  
болып қарсы алған, үлкенді-кішілі балалар да, ата сыйлай білетін  
жақсы келін де емес, жаздың аптап ыстығы мен қыстың қақаған  
үскірігінде де көленкесі болып, қалмай қасында жүретін ит жолдас  
— адал жолдас — Марғау болып шықты. Шын сағынған екен, Сау  
жамбасына салмақ салып, артқы аяқтап көтерілген ит сағынысып  
қауышқан кәдуілгі адамға ұқсап, алдыңғы екі аяғын иесінің иығына  
асты да, тұмсығын Лезбайдың мойнына тығып алып, ыңырсып  
көрісе бастады. Шопан көзіне жас келіп қалды.

— Жә, жә болды, Марғау, мен, міне, біржола босап шықтым, —  
деп итінің жауырынынан қағып, үйге беттеді.

Балалар мен ит ұғымында жүдеу тартып тұрған үй бірден  
көңілденіп жүре берді. Сағынған сәбилер әкесін қоршап алған.  
Соңғы жарты айда болған түрлі жаңалықтарды жарыса айтысып, әке  
мағлұматын кеңейтіп жатыр.

Нағираның балаларға арнаған шайы келді. Үлкен кісі төрде, ба-  
лалар екі жақта. Бірден күрт тынышталған Марғау Лезбай аяғына  
тұмсығын салып, стол астына кеп жатты. Сондай сұлық. Енді қайтер  
екен деп жангесіне қайта-қайта қарай берген Адыр дастарқаннан  
нан алып төмен еңкейді де, дауыстап жіберді:

— Әке, мына кара, Марғау жылап жатыр!..

— Қой, ит жылайтын ба еді? — деп Нағира төмен еңкейді.

Жасының үлкендігі, мінезінің ауырлығына қарамастан Лез-  
бай да Дабырмен бірге орындығын кейін ысырып, стол астына  
үніліп жатыр. Адыр сөзі рас екен. Талай күндер аурумен, ең жақын  
деген адамдардың білместігінен, жат адамдардың немқұрайды  
салғырттығынан барып туған өлім қатерімен, сағыныш атты дертпен  
алыскан Марғау дәп қазір айтып жеткізе алмас ұлы бір тыныштықта  
— рақат-жан тыныштығында. Бір пенде түсініп жетпес ит көңілінің  
арғы бір терең түкпірінде туып, жұмулы көзінің ұшпасынан секунд  
сайын мөлдіреп шыққан жас тамшысы кірпік астындағы қылшық  
ұштарымен дыбыссыз домалап, кілемге түсіп жатыр, түсіп жатыр...

Нағира қысылайын деді.

— Құдай-ау, кәдуілгі адамша жылайды ғой.

Жұбаныш тауып, көңілдене бастаған Адыр енді мықты.

— Марғаудың заты ит демесең, адамнан да артық. Ал, тәте, сен  
болсаң, осындай ақылды итті беріп жібергің келді ғой.

Лезбай елендеп қалды.

— Беріп жібергісі келді? Қайда?

Шақырған адамдары келіп қала ма деп қыпылықтап, асығыс ісін ағаттыққа санап, қысылып отырған Нағира атасына шынын айтты да, телефон трубкасын қайта көтеріп, «келмей-ақ қойыңдар» — деп өтінді.

Лезбай көңілі бір түрлі, күйзеліп, жасып қалғандай. Өзі жоқ он бес күн талай-талай өзгерістерге толы: екі бала қаңғып Алматыда жүр. Ұмсындық болса, Лезбай үйінің түндігін жауып, түтінін өшіріп өз жайына кеткен. Ақылды деген келін пиғылы болса, мынадай. «Қой, шалқайып жатып, қонақтап қала қыдырар шақ бұл емес. Қайтсе де ауылға жетіп, сөнген отты қайта жағып, жабылған түндікті қайта ашу керек».

Лезбай дайын шайдан екі-үш ұрттап, қасына балалары мен итін ертіп алды да, ауылға аттанып отырды...

## Бесінші тарау

### ІЗІМ-ҚАЙЫМ

#### 1

Жайлау қақпасынан өткен соң-ақ Марғаудың мазасы кете бастады. Таныс жер — кең сахара. Ауасы да бөлек. Әр тұста көк шүйгінге тұмсығын қадап, жайылып жатқан шоғыр-шоғыр мал. Қарбаластық, әбигершілік дегеннен мүлде бейхабар. Марғау машинаның ашық терезесінен басын шығарып, тұмсығын шүйірді. Шопан иісі, қой иісі — жұпар иіс. Қазір машинадан қарғып түсіп, мына тылсым тыныштық орнап тұрған кең жазық, жасыл аңғарда бауырды бір жазып алар ма еді! Не керек, бір Жамбастың аты — бір жамбас, салдау-ыр секілді. Кимылға келмейді.

Машина үйреншікті есік алдына келіп тоқтады. «Үйге келдік, үйге келдік!» — деп балалар жамыраса түсті. Қуанғандығы сондай, үш аяқтап Марғау да қарғып түсіп Жан-жақты тіміскеlep иіскей бастады. Үй де, қой шарбақ та орнында, бірақ бәрі иесіз. Қыбыр еткен тірлік белгісі жоқ. Қой қайда? Ұмсындық қайда? Ұмсындық төркініне кетерде қойды өткізіп жіберген шығар... Осы бір жорамал жауап ретінде көлеңдеп көңілге орала берсе де, жаңағы екі сұрақ қорғасын болып көмекейде тұр. Әлсіздік тұтқындаған осы бір сәттегі хал мүшкілдігін, бишара кейпін балаларына көрсетпейін деді білем, Лезбай теріс айналды. Ұмсындыққа не болды екен? Төсекте басы қосылып, шопанның ашы еңбегінде білегі айқасқан соңғы бірер жылда ренжіткен күні жоқ еді ғой. Бетіне де келмеген. Кейде

оныкі кысык, өзінікі дұрыс болса да, заты әйел ғой, бұзып жарып не қылар дейсін, ренжітпей-ақ қояйын деген ниетпен: «Жә, сенікі жөн» — деуші еді ғой. Бір он бес күнге шыдамай, неге кетті? Әлде күнде аркасынан қағып, мандайынан сипап жүрсең де, күн сайын сөгіліп, ашыла берер қираған ескі үй қабырғасындай көлденен түсіп, жас алшақтығы себеп болып жатыр ма? Бірақ отыз деген әйелге аз жас емес қой. Сырт қарағанда екеу ара жас айырмашылығы он сегіз жыл кере қарыс секілді болып көрінгенмен, келер мүмкіндікті салыстырсаң, шығар төбен — бір он бес жыл қарайлас, қатар шауып шығар меже емес пе. Қырық бесте әйел шешек жармайды. Бұл көпке аян. Алпыс бестегі еркек туралы олай дей алмайсың. Рас, жер ортасы елуге келгенде тағы төсек жаңғырту онай шаруа емес. Бірақ аяғын алыс-шалыс басып жүріп, отызға келген әйелдің де жар тауып ала қоюы онай ма? Қарғабектер жолсоқты ғана. Шынтауайтка келгенде, бетіннің әрі он жерден құлпырып тұрса да аузына су да тамызбайды. Ұмсындық ақылды болса осыны неге ойламайды? — Лезбай күрсініп қойды. — Кім біледі, мүмкін ойлайтын да шығар. Өйткені өзі білетін Ұмсындықты ақылсыз әйел дей алмайды. «Әрі отыр, бері отырсыз» үй іші болмақшы емес қой. Сондай кезде Ұмсындық істі ушықтырмайтын. Қайта ынғайлы жол тауып, бірлік, татулық жалауын жоғары көтеруге тырысатын-ды. Ана екі өгей баланы алалап, мандайынан шерткен кезі болған жоқ. Әрқайсысында әр қилы мінез болғанымен солардың жүрегіне жол тауып, қатесін қате, дұрысын дұрыс деп әділ қазы бола білді. Қасына келінді ертіп, кісі ертіп ерте демей, кеш демей қаладан келіп жүретін Қанатқа да бөтен мінез көрсеткен емес. Әке ойын Адыр бұзды:

— Ұмсындық тәтем рас кетіп қалған ба? — деді аузын бұртитып жыларман түрмен.

Дабыр да көңілсізденіп қалды.

— Бәріне ағатайым кінәлі.

— Ағатайың неге кінәлі? — деді Лезбай жұлып алғандай.

— Бізді алып кетерде ұрысты ғой Ұмсындыққа.

— Сөйтіп пе еді?! — деп Лезбай жақтырмаған кейіппен шытынаңқырап қалды. Бір пәленің беті ашылғандай.

Ошағына қайтып оралған Марғау күйі бір баска: жатқан, шоқиып отырған, тамақ ішкен жерлерін тіміскілеп жүріп қой шарбаққа келді. Өткен түнде түнеп шыққан бір отар қой иісі бұрқырап жатыр. Ит жер иіскелеп түртгінектеп біраз жүрді де, екі-үш дүркін манкманқ етіп үріп, үш аяқтап қырға тартты. Лезбай Марғауды қайырған жоқ. Қалай десең де, үйде біреу қонғанға ұқсайды. Ертенгі қой қиы әлі кеуіп үлгірмепті. Әлде Ұмсындық қайтып келіп, қой жая кетті ме екен? Лезбай көзі ит кеткен жақта. Шоқандай алыстап, нокатқа айнала бастаған Марғау жайылып жүрген бір отарға жетті. Сол-ақ

екен, ұшып тұрып біреу атқа конды. Марғау ноқатқа өзіндей тағы бір ноқат қосылып, енді үшеу болып бері салды.

— Кім болды екен?

— Дәуде болса осы келе жатқан Ұмсындық, — деді Дабыр.

Адыр баяғы қалпы, ойға жүйрік.

— Марғау қасында кара ит бар. Тәтем болса, ол кайдан сая бола қалған екен?!

— Сарықасқа қайтып келген болар?

Адыр болар емес:

— Сарықасқа сары ит. Ал, мынау, әне көрмейсін бе, кара ит.

Дабыр дәлелді сөзге жауап бере алмаған сон үндемеді.

Әлгіндей болмай салт атты келді. Қырғыз көрші Сәршен.

— Оу, Лезбай, келіп қалдың ба, әйтеуір аман-есен? «Қатын елде» деп атаң қазақ баяғыда білмей айтпаған. Ен жақсысы, жасыма. Жаныңа салауаттық болса, бәрі де қалпына барады. Ал отарың аман. Кірген кірісің болмаса, шыққан шығының жоқ. Санап ал.

Істің жайын сөз шалымынан байқаған Лезбай еміреніп кетті.

— Әй, Сәршен, аттан түс. Еркектерше төс түйістіріп, қушақ-тасайықшы бір. Он бес күн он бес жыл секілді. Сағындым ғой.

Ежелгі дос қырғыздың кісілігін Лезбай осы жерде тағы көрді. Өгей баласына өкпелі Ұмсындық малды тастап кеткенде, көрші Сәршен шыдай алмаған екен. Өз малын әйелі мен көмекшісіне қалдырып, Лезбай отарына келген де, екі күн қамауда жатқан қойларды өріске шығарған. Адал достың осы азаматшылығын көрген Лезбай іштей ұялатын да сияқты.

— Ана жылы итімді қалап келгенінде ойлаған жеріңнен шыға алмап едім. Мына ісінді көріп сол қылығыма қысылып тұрмын нансаң. Кісілік жасадың, Сәршен. Бір семіз құнаным, бір семіз танам бар — қалағанын ал.

Сәршен көмекейіне дейін көрсетіп қарқылдай күлді:

— Бірер күн малыңды бақсам, сенен ақы дәметіп бакты деймісін. Күнде байқаймын, қойың қамауда. Маңыраған даусы мына бетке — бізге естіледі. Үй төңірегінде қабырлаған тірі жан жоқ. Ежелден мал баққан елдің баласы емеспіз бе, содан соң шыдай алмадым. Ойлаған жеріңнен шықпадым деп қысылма, Лезбай, түйе қалап, бермесен, өкпелер едім. Ит бермедің деп өкпелеу иттік болады. Ит бермесен де, нәсілін бердің. Мынау жатқан Қырғын сенің итіңнің баласы. Марғауыңнан артық десем, мақтанды дерсін. Бірақ кем десең, кеміткенің. Өткен қыста бір өзі үш қасқырды домалатты.

Көңілдене бастаған Лезбай көзі енді иттерге түсті. Марғау мен Қырғын сән түзеп қатар жатыр. Нәсілі десе дегендей. Әкесінен сәл кішілеу көрінгенімен, жамбастағы ақ бұршақ танбалары жоқ демесең, аумай қалған, сом денелі, сұлу мүсін ақ тұмсық кара ит. Лезбай қызыға қарады. Бәрінен бұрын ит татулығына қызықты.

Бұрын көріспеген екі ит өскен кыста ай далада жолығысып, бірін бірі иісінен таныды. Мынау екінші рет кездесуі. Сонда да атам заманнан бірге өскен секілді. Айналасы кең болғанымен бір-біріне тақасып, тату жатыр.

— Айтқаным айтқан, Әсіре сөз деме, Сәршен. Екеуінің бірі — калауын.

— Менің де айтқаным айтқан, Лезбай. Бұлай тұрып, саудаласа бермейік. Сен барам деп ойламаған жеріңнен кемді күн дәм татып оралдың. Ендігі дәм қырғыз үйінен. Малды иттер мен балалар қайыра тұрады. Жүр, атқа мін.

Лезбай сәл ойланып, Сәршенге ерді.

## 2

Кеше күні бойы ет қызуымен көп жүгірген Марғау бүгін қозғала алмай қалды. Жамбасы сырқырап, қалай көтерсе де қақсап, ауыра берген соң амалдың жоқтығынан киіз үйдің көленкесіне келіп жатты. Қой болса, өріп кеткен. Соңында шапқылап Дабыр жүр. Адыр көңілді. Су жағасында дағдылы ойынымен әуре. Бұл төңіректе көңілсіз жүрген жалғыз ғана Лезбай. Ертемен қойды өргізіп, Дабыр алдына салып беріп, қайтып оралған еді. Ер-тұрманды жастанып, қолын желкесіне айқастырған қалпы ұзақ жатты. Түс болды. Әлде ой қажытты, әлде басқа себеп бар, әйтеуір бір кезде оқыс тұрып анадай жерде тұсаулы жүрген кер бестіні әкеліп ерттей бастады. Шамасы бір жакка жиналатын түрі бар. Марғау ата кәсібіне бағып, атып тұрып еді, жамбасы қақсап қоя берген соң, бір қаңқ етіп, қайта жатты. Осы кезде кішкене машинасын салдыртып Қанат келді. Қуанғанын танытып, бірер рет әуілдеп үріп еді, көңіл аударған Қанат болған жоқ, «Әке!» — деп құшағын жайып Лезбайға ұмтыла берді.

— Шығарда ғана жолықтым ғой прокурорға. Шығарамыз деп еді. Сөзінде тұрған екен ғой.

Лезбай салқын. Қолымен белгі жасап, баласын тоқтатып тастады. Ұмысндықтың кеткенін Қанаттан көретін секілді.

— Үйіңнен алдыңғы күні шыққан екенсің, содан бері қайда жүрсің?

— Сол күні осында келгем. Қырғыз Сәршен «малыңды мен қарай тұрайын» — деген соң совхоз орталығына бардым. Директор жоқ екен, соны күттім.

Лезбай даусы кекесінді.

— Көп нәрсені тындырыпсың.

Әке жөнінде әр қилы қаңқу сөз естіп, сағы сынып жүрген Қанат та шыдай алмады.

— Өзің де тындырып келдің ғой біраз дүниені. Әкесінен асып қайда барушы еді баласы.

Лезбайдың селдір мұрты дірілдеп кетті:

— Осыны айтқалы келдің бе?

Қатты ашуланса да, не істедің амалын таппай мысы құрыған Қанат жылармен халде:

— Ел іші гулеген сөз. Тұтқынға түсуін жайлы әркім әр сакка жүгіртіп айтады. Тыңдауға ұяласың, тіпті. Сүйекке таңба екенін ұқсан деймін.

— Жә, жә! Ақылгөйсу ақылы аздың үлесі! Ойға кемел, кемеңгер адам артық ақыл айтып, көрінген жерде шашыла бермес болар. Сен қаладасың. Мен екі ініңмен даладамын. Сен маған бала, мен саған әке болғаныммен отымыз бөлек. Әркім ауырған жерін өзі біледі. Өз қонын өзі қасиды. Мен өлсем, жаназамды сен шығарып, арулап сен қоярыңды да жақсы білем. Бірақ қалаға хабар барып, сен мұнда жеткенше олай-бұлай болып кетсем, басымды кім ұстайды? Аузыма суды кім тамызады? Осы арасын ойладың, ба? — деп Лезбай жуаси, салмақ сала сөйледі.

Қанат шоршып түскендей. Сұрағы да оқыс:

— Сөзіннің төркіні жаман екен. Ұмсындықтың аяғына тағы барып жығылмаксың ба сонда?

Лезбай шыдамады:

— Анада әдейі келіп ұрыс салғандағы ойың бізді ажыратып жіберу екен ғой? Енді түсіндім.

Ішкі бір есеппен әке тамырын басқысы келген Қанат «қайтер екен» деп әдейі морт кетті:

— Ұмсындық қайтып осы үйдің табалдырығынан аттаса, мені балам деп санамай-ақ қой.

Какпанға түсер Лезбай жок.

— Санама десең, санамай-ақ қояйын. Отқа қарап отырған жоқпын. Басқа да балаларым бар. Ештеңем кете қоймас. Мен, бірақ сені аяймын. Осы күнге дейін ішіп-жемнің өзін бізден тасисын. Астыңа машина мініп, шалқақтап жүргенің де жаман әкенің арқасы. Ал, әкең болса, біреу-ақ еді ғой. Содан айрылып қалсан, сенің күнің не болады?

— Ол жағынан қиналмай-ақ қой.

— Ендеше, мен жөнінде сен де қиналма!

Қыстығып, сөз таба алмаған Қанат үндей алмай қалды.

Лезбай даусы енді күрт жұмсарып, жылылық нышанын танытты.

— Жұмысыңнан зорға босанып шыққан екенсің. Күн ашықта үйіңе жетіп ал да, ертең қызметіңе бар. Ұят болып жүреді.

Әке сынайынан ештеңе шығара алмайтынын білген Қанат осы жерде қош айтысты да, келген ізімен кейін қайтты.

Лезбай ұзақ отырды. Манадан бергі әке-бала карым-катынасына сырт куә Марғау жағын таянып, әлденеге ойға шомып калған иесінің қасына келіп жатты.

— Е-е, Марғау, сен жарымжан, мен жалғыз. Ендігі күніміз не болар екен?

Лезбайдың ішкі сезім, ой ағынын қылып еткізбей кейпінен бағып, көз алмай жатқан Марғау егер адамша сөйлер болса: «Намыс үшін ер-азамат өлімге де барады. Канат балаң дұрыс айтты. Арын тапталған сүрлеуге қайта түспе. Аузына су тамызар, басыңды ұстар адам іздесен, өз құралпыннан іздей көр! — деген болар еді. Бірақ тілі болмағандықтан құйрығымен екі-үш рет жер соғып, екі-үш рет үріп басылды.

Лезбай терең бір күрсініп алды да, атқа конды.

— Қой, бұл тірлік — тірлік болмайды. Қайтсе де істің басын ашқан жөн.

...Түс ауды. Дабыр шоқытып келіп, сусын ішіп кетті. Адыр ойын үстінде. Бұл кезде кан жайлаудың төсінде қой арасында салдыртып жүретін Марғау болса, тілін сала құлаш етіп шығарып жіберіп, іс-қарекетсіз үй көленкесінде жатыр. Ұят сондай...

...Бесін болды. Дабыр отардың бетін бері бұрды. Қазір қойлар жапа-тармағай кеп, суға құлайды. Содан кейін орта қалған жері болса, соны толтырып, аз-кем шак тағы жайылады. Сөйткенше кеш түседі. Қақпа шалқалап ашылады. Қой кен шарбаққа кіреді. Күнімен қарынға түскен дүниені қорытып, бойға сіңіру үшін сол бойда жата-жата қалады да, күйіс қайыра бастайды...

Марғау, міне, күнделікті кәсіп-тірліктің рет-ретімен бәрін де біліп жатыр. Амал не, қимылдауға дәрмен жоқ.

...Ымырт үйірілді. Сәскеде кеткен Лезбай әлі хабарсыз.

Сәршен көрші келді де:

— Әкелерің әлі келмеген бе? Ірі әңгімеге кіріскен ғой. Түнделетіп болса да жетер. Анда-санда судан өтіп келіп, қойларыңды өзін байқаймын ғой. Алаңдамай жата беріңдер, — деп кетті.

...Ай туды. Марғау бұрынғы дағдысы бойынша қой шарбақтың қасына барып жатты.

...Таң атты. Өзеннің арғы бетіндегі қырғыз малы өре бастады. Марғау есік көзіне келіп ұзақ үрді: оян, Дабыр, жұрт малын өргізіп кетті. Әкен болса, келген жоқ. Қойын қамауда. Өріске шығар мезгіл болды.

Ит даусынан Дабыр емес, Адыр оянды. Ояна салып Дабырды шымшылады.

— Ерте оянам деген батыр едің. Әлі ұйықтап жатырсың ғой. Тұр кәне. Малды өріске шығарайық.

Ит Адырды оятып, Адыр Дабырды оятып, ақыры Лезбай отары өріске беттеді. Сәршен келіп балаларды мақтап кетті.

— Қайтер екен, оянар ма екен, оянбас па екен деп әдейі кешеулеп келіп ем. Жарайсыңдар, балалар. Кісі болғандарыңның белгісі бұл.

Тағы да түс болды. Үш аяқтап қой соңына ерген Марғау жамбасы ауыра бастаған соң амал бар ма, кері оралып, кешегідей тағы да үй көленкесіне орналаса беріп еді, кенет машина дүрілі естілді. Ит, бірақ бұрынғыдай қарсы ұмтылған жоқ. Мазасының кете бастағанын танытып, екі-үш рет арсылдап үрді де, алысырақ барып жатты. Әлгіндей болмады, қырқадан калқайып көрінген жүк машинасы есік алдына келіп, бір-ақ тоқтады. Сол машинамен жарыса салған Лезбай да аттан түсті.

— Ал, Ұмсындық, мынау өз үйін. Үй сәні әйелмен. Сен кеткелі тозып қалғанға ұқсайды. Қолыңа ал.

Ұмсындық сызылып машинадан шықты. Баяғы қалпы. Қабағын керіп, қара көзін төңкеріп, жан-жаққа көз салды.

Лезбай бала секілді. Алдына түсіп жорғалап жүр.

— Сенікі де қызық. Жоқ жерден өкпелеп?.. Бала менікі болғанмен оты бөлек, суы бөлек. Қалада тұрып, тік мінез болып кеткен жандар. Ол келмесе, мен өзім барып басымды идім. Не қыл дейсің?!

Ұмсындық сынайы ұнатпағандықты танытады.

— Жә, қойшы. Кешеден бергі айтқаның бір сөз. Көке мылжың болып кеткенсің ғой деймін өзін.

Лезбай жым. Машинадан көр-жер, төсек-орын түсіріп, үйге тасып әлек. Ұмсындық та қолқабыс жасайын деп білегін сыбанды.

Анадағы өзі салған үш тіс танбасы тыртық болып шодырайып біткен екен. Соны байқаған Марғау жадына сол бір оқиғаның елесі қайта оралып, ырылдай бастады. Ұмсындық итті осы кезде ғана байқап, шошып қалды.

— Мынау ит тағы да сая болған ба?

— Үйге келсек, есік алдында жатыр ғой, — деп Лезбай қосынқырап жіберді.

Ұмсындық мұндайда сабырлы. Тіс жарып ештеңе дей қойған жоқ. Бірақ қабағы да онша жадырамады. Иттің де оған деген ықыласы көп емес. Тамақ берсе, ішеді де, алысыраққа барып, үй ішіндегі, үй төңірегіндегі жайларды сырттан ғана бақылап жата береді.

Осындай қоңыр салқын қоңырайысқан күйде біршама күндер өтті. Келе жатқан күз белгісін танытатын беткейлер түсі әр қилы. Қайындар сарғайып, терек жапырақтары қызарып сола бастаған. Дегенмен жайлау өңі онша өзгермеген. Биік тауға өрмелей өскен шыршалар ғана әуендесе көгеріп, қалпында жатыр.

Бір әдемі ашық күн. Неге екені белгісіз, Ұмсындық пен Лезбай ұзақ сөйлесті. Әлденеге келіспейтін түрлері бар. Тіпті Ұмсындық даусы қаттырақ та шығып кеткендей.

— Өйтетін болсан, сонымнан сүмендеп несіне келіп ен?

Лезбай үндемеді. Сол бойда қой шарбакка кіріп, бір тоқтыны ұстап алды да, тағы да алып ұрды. Өрген қойдың соңында Дабыр кетті. Өзі үйде қалды. Құдды осыдан ай жарым бұрынғы жағдай. Жалғыз-ақ күн бұлынғыр емес, ашық. Қой да өрісте. Ал жас тоқты еті болса, енді далада, жер ошақта бүлкілдеп жатыр.

Ұмсындық пен Лезбайдың тағы бір қадірлі қонақ күтердей түрі бар.

Ақ тұмсық кара ит те анадағыдай тұмсығын жерге салып, қой шарбактын қасында жатыр. Бірақ бұрынғы күй жоқ. Уақыт озған сайын жамбас жарасы ұлғайып бара жатқан секілді. Бір күн қоймен өріске шыкса, азабы екі күндік. Өстіп жатып қалады. Содан болса керек, Лезбай да бұрынғыдай емес. Көңіл бөле бермейді. Марғау: «Кә-кә-кә!», «Айт, айт! Айт!» — деген сөзді естуден қалып барады. Кейде кәне, қашан кә-кәләр екен? Кәне, қашан айтақтар екен?» — деп мөлиіп ұзақ жатып күтетіні де бар. Амал қанша, ондай күн бұлдыр сағым-сағынышқа айналған. Өзін ит болып жаралған соң, кә-кәлеп ешқайда шақырмаса, айтақтап, ешқайда жұмсамаса, дүниенің қоры екенсің ғой. Керемет қызықтың бәрі деннің саулығында.

Марғау өстіп мына күйбең тірлік қарбаластығынан шеттенкіреп жүдеп жатыр.

Кенет машина гүрілі естілді. Ит селк етіп, басын көтерді де, қайта жатты. Қозғала қоймады.

— Келе жатыр ғой? — деп Ұмсындық үйден жүгіре шықты.

— Солар ма екен? Әлде басқа біреу ме? — деп Лезбай да тесіле қарады.

Баяғы жолмен баяғы жерге келіп машина тоқтады. Баяғы машина. Адамдар да солар. Қарғабек, Таспай, Баспайлар. Басқа айтар сөз жоқ па, әлде жатталып қалғандықтың салдары ма, неге екені белгісіз, баяғы сөз де қайталанып жатыр.

— Мына бала — құда бала, мына бала — жиен. Екеуі де Алматыда оқиды. Ауылға келген екен, жайлауымызды көріңдер деп әдейі алып шықтым.

Лезбай елп ете қоймады. Салқын. «Түсе қалыңдар» — деп бәйек боп жатқан Ұмсындық қана. Қарғабек, бірақ баяғы қалпы, еркін.

— Әй, жігіттер, кәне, ана аға сыбағасын ала түсіңдер!

Екі жігіт коньяк, шампаны бар бір жәшікті көтеріп жерге қойды.

— Ой, бұларын не, ішіп-жем осында да бар еді ғой? — деп Ұмсындық қысылыңқырап қалды.

Қарғабек домаландап жүр. Бет бақтырар емес.

— Жок дегенім емес. Ағамыздың алдында аздап кінәміз бар. Атшапан айыбы соның.

Қарғабек кішірейген соң Лезбай езу тартайын деді.

Манадан бері Лезбай қылығына разы болып тыныш жатқан Марғау «өлсең де иіле көрме!» — дегенді танытып ырылдап қойды. Қарғабек шошып кейін шалқайды.

— Өй, мына итің әлі бар ма еді?!

Лезбай ұнатпағандықты танытып итіне жаман көзімен қарады. Соны түсінген Марғау: «Байкамай қалдым, кешіре көр», — дегендей әлдебір жалынышты түрде қынсылады да, шокандап кейінірек барып жатты.

Қонақтар үйге кірді.

Дәл анадағы көрініс: Лезбай төменде оңаша. Төрте Таспай мен Баспай. Олардың сол жағында оң жамбастап Қарғабек жантайған. Оған таяу Ұмсындық.

Қарғабек басын көтерді.

— Мен қазір жұмыс жайын сөйлегім келмейді. Ол басқа мәселе. Мен ферма бастығы болғаныммен, қызмет бабында келіп отырғаным жоқ, — деп бір тоқтады да, Лезбайға қолын шошайтты. — Мына кісі маған аға болады. Арамыз бес-алты ата ғана. Сол ағаға сәлем берейік деп келдім. Сол үшін өзім ақ алып қоям...

Жұрт көтеріп қойды. Лезбай отырып қалды. Ұмсындық бәйек болып жатыр.

— Жолының үлкендігіне қарамастан ағалап жатыр ғой. Алып қой енді.

Лезбай алып қойды.

Шыны сылдыры көбейе берді. Тарсылдап шампан атылды. Қандала иісіне енді ашыған көже секілді бірдеменің иісі араласып, бүкіл орамды алып кетті. Осы иістер ұлғайған сайын үйдегі адамдардың да дауыстары зорайып, күлкі жиіледі.

— Ал, ағайындар! — Бұл тағы да Қарғабек даусы. — Мына шал, байқаймын, әлі де қоныр отыр.

Сөзге Ұмсындық араласты.

— Қоныр отырмайды. Кеше сен келем деп хабар салған соң-ақ бәрін кешкен.

Қарғабек даусы қайта көтерілді.

— Кешкенде бар ғой, бір сәт адам болып тереңірек ойланайықшы. Неге ренжістік біз осы? Бір итке бола!.. Итке бола ашуланыстық. Итке бола төбелестік. Естір құлаққа ұят тіпті. Ал енді ағалы, інілі болып жүріп сол ағаттығымызды, тіпті ағаттық емес-ау, ақымақтық қой, міне, сол ақымақтығымызды бір-бірімізге кешіріспесек, көрінген жерде қонырайысып, сәлемдеспей жүретін болсақ, сонда не болғаны?.. Құдай-ау, біз сонда бар ғой адам болып екі аяқтап жер басып жүрсек те, төрт аяқты иттің нағыз өзі болып шықпаймыз ба?!

Баспай мен Таспай ішегі қатқанша күлді.

— Ай, біздің Қараекен сөйлейін десе тілдің майын тамызады-ау өстіп?!

— Рас емес пе осыным? Жо-жо... Тіпті бар ғой иттен де жаман болып кетеміз.

— Жөн айтасың, қайын інім, — деп қойды Ұмсындық.

— Сол себепті, мен өзім көп сөзді білмеймін, — деп Қарғабек қайта көтерілді. — Жасы үлкен аға, Леке, сіздің алдыңызда абайсызда иттік жасап алдым. Сол кінәмді мойындап, кешірім сұрай келіп отырмын. Кессен, бас мінекей. Кешсен, ықыласыңдамын.

Екі жігіт жарыса сөйледі.

— Төс түйістіріп, ер азаматтарша құшақтасу керек, Қарғабек ұшып тұрды.

— Аталы сөзді қайырма енді, түрегел, — деп Ұмсындық та Лезбайдың қолтығынан алды.

Шопан қарсыласқан жоқ. Ұмтылып келген Қарғабекке құшағын жайды.

— Кіші болып, кішірейіп келгеніңе рақмет, Қарғабек. Мен де өзімді ұстай алмай қалдым ғой. Сен де сол ағаттықты кешіре көр. — Лезбайдың көзіне жас келді білем, даусы барлығыңқырап шықты.

Манадан бері үй ішін бақылап, қой шарбақтың түбінде үнсіз жатқан Марғау құшақтасып, шөпілдесе сүйісе берген Лезбай мен Қарғабекті көрді де, атып тұрып, үре бастады: «Ай, адамдар-ай, үшеу ара араларыңда не қатынас — сыр жатыр, жақсы білесіңдер ғой. Ұмсындық Лезбайдың некелі әйелі екені Қарғабекке қандай анық болса, сол әйелдің Қарғабекпен не қатынасы бары Лезбайға да сондай аян ғой. Ұрыс басы ит болғанымен тамыр тереңде емес пе. Сол жайды біле тұрып, білмеген боласыңдар. Көре тұрып, көздеріңе жас алып құшақтасасыңдар. Өстіп, жәй көлгірсу неменеге керек осы?!» — дегені болар ма?

Екі аттап орнына барған Қарғабек ит даусын естіп тынып қалды.

— Әй, Леке, кешіргенің рас болса, осы иттен құтылшы. Көкесіндей ит тауып берем...

Ұмсындық даусы жарыса шықты.

— Бұрын қой қайырады деуші еді. Енді нендей дәлел айтар екен? Лезбай дәлел таппады білем.

— Қалай құтылам? — деп дағдарды.

— Сол да сөз болып па?! — деп Қарғабек кекей сөйледі. — Былай шығарасың да, атасың да тастайсың.

— Жок. Марғау сондай қадірлі ит. Қол көтере алмаймын. Ит те болса, обал.

Қарғабек қояр емес:

— Ендеше Баспай мен Таспайдың бірі атады. Арак ішіп қызыңқырап алған екі жігіт жарыса сөйлеп:

— Қарғабек аға айтса, ит түгіл... — деп мүдірді. Аңада өз үстінен жасалған актыға қол қойған үшеудің екеуі осы Баспай мен Таспай болатын. Сол есіне түсті білем, Лезбай:

— Ит түгіл, немене мені де атасындар ма? — деп тіксініп қалды.

Қарғабек шалқая тартты:

— Ал енді бар ғой, жеме-жем дегенін, міне, осы жер. Осы тілегімді орындамадың бар ғой... Онда, шынымды айтайын, қанжығада көрісеміз.

Ұмсындық шыр ете түсті:

— Мына кара ит кара пәле болып жабысты-ау осы бізге!

Лезбай отырған орнынан ұшып тұра келді де, тұнғыш рет әйеліне:

— Өй, иттен жаралған неме, жап аузыңды! — деп ақырды. Содан кейін Қарғабекке төнді: — Қанжығада көріскенде, немене, шауып аласың ба мені?!

Қарғабек даусында салмақ жатыр.

— Одан да жаманы болады.

— Жаманы болса, көрсет көне, найсап! Көп болса, үшеуің бірігіп тағы акт жасарсындар. Тағы да қаматарсындар көп болса, — деп Лезбай ойламаған жерден көтеріліп, булыға сөйледі.

Қарғабек басылып қалғандай.

— Оу, Леке...

Лезбай өршелене түсті:

— Мен сендерді шақырған жоқпын ғой. Не әкелеріңнің құны бар осы менде? Кәне, қайқайып тұрыңдаршы!

Үш жігіт жым болды. Ұмсындық дағдылы ерке қылығын танытып:

— Біздің үйдің кісісі, үйге келген қонақты қуып, бұл не?.. — деп жатыр еді, Лезбай бір-ақ қакты:

— Қарғабекпен кіндігін жабысып қалған болса, бар, сен де кет!

Марғау сөйленіп жатқан сөз мағынасын түсінбесе де, бірте-бірте зорайып шыққан дауыс екпініне сондай қанық. Мұндай отырыс аяғы жақсылықпен бітпейтіні — ит жанына өшпес таңба, із қалдырған. Анадағыдай Қарғабек шыға келіп, бұған ұмтылар болса, Марғауда қарсы тұрар қайрат жоқ. Ит бойындағы тірлікке құмарлық санасыз түйсік тұжырымы осы. Сол себепті, тұмсығын көкке беріп, ұзақ ұлып үрді де, бір жамбастап келіп судан өтті. Бет алды — қалың жыныс тау беткейі. Аанада өзі жатқан тал түбіне де сокқан жоқ. Бұл биіктеген сайын өзен деңгейі айқындалып, ал сол өзен жағасындағы шопан үйлерінің қарамаы кішірейіп барады.

Кенет дауыс естілді. Таныс дауыс. Лезбай даусы.

— Марғау! Марғау! Кә-кә-кә!

Марғау бір сәт кері бұрылды. Лезбай үйінің қасында бес кісі тұр. Бәрі де таныс: ақ байлар салған әйел — Ұмсындық. Ұзынды-қыскалы екеу — Баспай мен Таспай. Ал ана буылтық дене — Қарғабек. Лезбай олардан қол ұсыным алда:

— Марғау! Марғау! Кә-кә-кә!

Бұл шақырыстың мәні неде? Жалғызсыраған Лезбайдың Марғаудан сұрар көмегі ме? Жә болмаса, дуылдап, канша керіссе де қайта табысып, ымыраға келген топтың әлдебір қатпарлы шешімі ме? Марғау оны қайдан білсін, қайтсе де қайырылмады. Беткейді бөктерлей ілгері салды.

«Марғаулаған» Лезбай даусы айқын, санкылдап шығады. Марғау?! Көзін ашқан күннен бастап құлағына сіңген осы сөзде енді түк мағына жоқ секілді. Марғау не? Қырғын не? Не болмаса, Сарықасқа дедін... Онда не тұр! Ақылы асып жаралған адамдардың бір итті екінші иттен ажырату үшін жай ғана ойдан шығарған бірдемесі. Бұдан былай ондай аттардың ақ тұмсық кара итке түкке де керегі жоқ. Ақ тұмсық кара ендігі жолда кездескенді түстүгі мен иісінен, тісі мен күшінен танып, дәп басып ажырататын болады.

— Мар...ғау!.. М-а-р-ғ-а-у!.. — Үзіліп жінішке шыққан балалар даусы.

Марғау оқыс тоқтап артына бұрылды. Екі бала өзгелерден бөліне шығып жарыса айқайлайды.

— Марғау! Қайда кеттін, Марғау?!

Айла-арамдығы жоқ, тек қана ыстық ықылас, сәби махаббатынан туған бұл шақырысқа құлағын төсеп, сәл тынып қалған ит шоқиып отыра қалып, ұлып-ұлып алды да, тағы да ілгері жөнелді. Жуан-жінішке, үлкенді-кішілі адам үні барған сайын алыстап барады.

Біршама уақыт өтті. Бір жамбасын көтеріп үш аяқтай салған ақ тұмсық кара ит шоқандап жортқан сол бойы қалың қарағай арасына енді де, көзден ғайып болып жүре берді...

## ЭПИЛОГ

Арада айлар жатыр. Қыс түсіп, қар бекіп алған. Лезбай отары қыстауда. Шопанның дағдылы кәсібі: ашық күні ертерек айдап, малды тебінге шығарады. Кешеулеп әкеп жылы қораға қамайды. Жер үй мұржасынан ұшатын түтін де ошақта тірлік барын танытып, будактап шығады. Күзде жоғалған Марғау да ізім-қайым. Сырт қарағанға пәлендей өзгеріс жоқ секілді. Ия, бұл сырт көзге ғана осылай. Жанарған тірлік нышаны мән беріп, үнілгенге ғана байқалмақ. Өзгерістің үлкені — балалар совхоз орталығында оқуда. Адыр биыл бірінші класқа барған. Ол жақтан бір жақсы хабар бар: Адыр екі ай оқып, екінші класқа көшіріліпті. Бала ыждаһаты жақсы. Көктем шыққанша Дабырды басып озып үшіншіге ауысып кетуі де ықтимал. Сабәк берген мұғалім пікірі осылай. Әлі жаттыға қоймаған сәби қолымен әкесіне жолдаған хатында: «Жалғызбын деп қамықпа, әке. Жазғы демалыста өз қасында боламын. Өз қасында болып, жаз бойы қой бағысам», — депті Адыр.

Жалғыз қалған қам көңіл әкеге медеу болар мағыналы хат бұл.

Ия, Лезбай қазір жалғыз. Аңадағы оқиғадан кейін ол күрт өзгеріп, үндемейтін болып алған. Не ойласа да ішінде, әйтеуір. Бұрынғыдай Ұмсындыққа жалбақтай да бермейді. Осы өзгерісті аңғарған Ұмсындық жоқ жерде мінез танытып, реніш білдіріп қалатын болды. Сондай бір үйішіндік кикілжін үстінде Ұмсындық:

— Өйтетін болсан, кетемін! — деп қалды.

Үлкен баласы — Қанатпен арасы ашылып, оның үстіне ел ішінің өсегі құлағына жетіп, әрі жасып, әрі қазылып жүрген Лезбай жалына қоймады.

— Осы үйден қалағаныңды ал да, бара қойшы! Құлағымыз тынышталсын, — деген.

Ұмсындық қайырып ештеңе айтпады. «Тағы келіп аяғыма жығылып, жалынасың ғой, байғұс», — деген ішкі есеппен өзіне тиесілі дүниесін алып, кетіп отырған. Лезбай, бірақ қайтып барған жоқ. Бұл жолғы шопан байлауы — нағыз шие, шешілмес түйін.

Ұмсындық кеткен соң көп кешікпеді, Қарғабек те орнынан алынды. Тағылған айып: ішеді, қыдырады, өзіне тапсырылған қызметке жауапсыз қарайды. Жана болған ферма бастығы жүре бара бұзылмаса, дәп қазір Қарғабек бойындағы кеселдерден таза. Жұмысына да ұқыпты, ізетті жігіт. Жалғыздығы ауыр тисе де, Лезбай қазір Ұмсындық пен Қарғабек арқылы кадалған шөнгеден құтылып, кісі болып қалды. Жалғыз дейтін, тіпті, жалғыз да емес ол қазір. Совхоз директоры көмекші болсын деп бір жас жігітті қосып берген. Енді малды екеулеп бағады. Сонда да Марғаудың жоқтығы ма, боранды күні жиі-жиі қасқыр торуылдап, мазаны алып жүр. Жол серік, жұмыс серік бір тәуір итің болмаған соң шопан тіршілігінің

онбайтынына көзі жеткен Лезбай бір күні аудан орталығына арнап келіп, Қанатқа телефон соқты.

— Балам, Марғаудан айрылған соң, шырқымыз бұзылайын деді. Әлгі ит алған кісіне жолығып, қайтсең де бір тәуір күшігін алып бермесен, құритын болдық.

Әке туралы өсектен құлағы тынышталып, көңілі орнына түскен Қанат ықыласты:

— Әке-ау, ол кісінің иті өліп қалған.

— Өліп қалса, үрім-бұтағы, заузаты бар шығар, соларға із сал.

Әке айтқан соң амал жоқ. Қанат Алматы өзенінің жағасындағы таныс үйге тартты. Келсе, Иван Иванович үйінің орнында төрт қабатты бір үлкен жай тұр. «Осы үйденсің-ау» дегеннің Қанат бәрін де тоқтатты.

— Осы жерде бұрын Иван Иванович деген кинолог тұрып еді. Қайда көткенін айтпас па екенсіз?

Кездестірген адам сондай көп. Жауап, бірақ, біреу-ақ:

— Атам заманнан бері бұл жерде осы үй ғана. Иван Иванович дегенді естіген де, көрген де емеспіз.

Тауы шағылған Қанаттың есіне ветпункттегі дәрігер түсті.

— Ә, Иван Иванович па? — деп дәрігер суырмадан бір блокнотын суырды. — Міне, адресі:

Иван Иванович қаланың шет жағындағы жаңа салынған биік үйлердің бірінде тұрады екен: Дәрігер көрсеткен адреспен оңай тапқанымен, Қанат одан да ештеңе шығара алмады. Есікті ақ сары бір қыз ашты.

— Маған Иван Иванович керек еді...

— Иван Иванович?

— Иә, Иван Иванович. Кинолог. Былайша айтқанда ит бапкері. Асыл тұқымды ит асырайтын адам.

Ақсары қыздың жүзі жылы тартты.

— Ә, Ваня ағайды айтады екенсіз ғой?.. Ол кісі дүние салған...

Қанат шошып қалды.

— Қайтіп?

— Ваня ағай көптен ауыратын еді ғой...

Не дерін білмей абдырап қалған Қанат тыныштықты бірінші болып бұзды.

— Ал семьясы, әйелі қайда?

Ақсары қыз күрсініп алды.

— Әйелі жоқ болатын. Балалары болса бой жетіп, ер жетіп әр жакқа кеткен.

— Ал сіз ше?

— Мен бе? Мен бір пәтерші ғана едім...

Қанат сөз аяғын күтпей кері бұрылды.

Иван Ивановичтің өлген хабары жетіп, айтулы күшіктен күдерін үзген Лезбай, енді Марғауды ойлай бастады: Ит жамбасы жазылып кеткен секілді оған. Ана жылғыдай әлдебір себеппен жайлауда ғана қалғандай. Осы бір ойдың жетегіне ергені сондай, тіпті ескі-құскы киімдерін де түгендеді. Қара тонды күзеткеніндей және бір киімін бағып, далада қалып қоймады ма екен тағы да?! Тіпті Лезбай ат сабылтып әдейі іздеп Сәршенге де барды. Өзін, итін, тағы бір жігіттерді ертіп, топ-топ болып талай күн Мыңжылқы, Қарқара жайлауларының ормандарын сүзді. Ел ішінде гулеп бір сөз жүр:

— Ақ тұмсық бір кара иттің Айған төбеде ұлып тұрғанын біреу көріпті.

— Бір көкжалмен алысып жатқанда үстінен шыққан біреу бар деседі...

— Орман ішінде аң қағып жүрген ақ тұмсық кара қасқырға пәленшекен жолығысып қалыпты дейді ғой...

Лезбай осындай сөз шыққан жердің бәрін де індетті. Бірақ ақ тұмсық кара итті өз көзімен көрген бір адам жоқ. Екінші, үшінші адам арқылы жеткен лақаптардың арты тайғақ. Сөйтсе де күдерін үзер емес: ертең көктем келеді. Мал тағы да жайлауға бет алады. Сонда Айған төбе тұсынан Марғаудың еркелей шығып, Лезбай мойнына асыла кетуі де ғажап емес қой...

## МЕЗГІЛ

*Өгей анам Жақсыбайқызы  
Бейіс марқұмның аруағына арнаймын,*  
Автор

**К**үн ұзақ билет алудың қамымен әбден титықтап, шаршап жүріп, онаша купеге кеп жайғасқан соң, болат доңғалақтардың дүрсілін тыңдап шайқақтап жатып, қалғып кетсем керек, дабыр-дүбір дауыстан ояндым. Байқасам, есік алдында екі жолаушы тұр. Бірі – кірпішешеннің инесіндей тікелейтіп шаш қойған, қалқан құлақ кара жігіт, ал екіншісі – тым жүдеу, жак еті суалған, сонысына карамастан осы Арка әйелдерінің салтын сақтап көк жаулық, оның үстінен қақырайтып шаршы тартқан карт адам. Бет әлпетіне карағанда ұзақ уақыт төсек тартқан, мол сыркаты бар жанға ұқсайды. Қалтыраған қолымен кірпі шаш жігітті демеу етіп, зорға жылжиды.

Кірпі шаштың кейпінде дағдарыс бар.

– Екеуі де үстіңгі орын екен ғой, қайттім енді?

Қарсыдағы астыңғы орында мана мен кіргенде түрі тас құдайға ұқсаған мықыр мойын бір көзілдірік газет қарап отырған еді. Енді көз салсам, сол баяғы қалпы, козғалмапты. Мына есік алдында тұрғандарды елеітін түр білдірмейді.

«Осындай бір типтер болады-ау», – деп ойлаймын мен. Ондайлар үлкенге үлкен екен деп ізет көрсетпейді, кішіні кіші екен деп құрмет тұтпайды. Ал «өзін бір ұялтып тастайын» деген оймен осындай бір қылығын бетіне салық етіп көрші, сонда қайтер еді дейсін ғой. Қайтушы еді, қысылмайды. «Сіз өзіңіз не қыл деп тұрсыз? Міне, билетім сатып алған. Ауру? Ауру болса қайтеіін, ауырмасын», – деп жауап береді. Дәл осындайларды ел ішінде: «Ой, ол ма, ол адам емес, мал ғой» – деуші еді. Тауып айтады екен ғой. Мен түрегелдім де, кірпі шашқа қарап:

– Сіз дағдарманыз, дені сауға төмені не, жоғарысы не, бәрібір емес пе. Шешей мына мен жатқан жерге жайғассын, – дедім.

Сөзімнің бір ұшығын мықыр мойынға әдейі тигізе сөйледім. Бірақ оған мән беріп жатқан мықыр мойын болған жоқ.

Босатылған төсектің шетіне келіп отырған қария:

— Көңілің ашылсын, шырағым, өзін бір иман жүзді бала екенсің, — деді бөліп-бөліп. Ал кірпі шаш болса, өзінің үлкен алақанына менің қолымды салып алды да, ризашылығын танытып, қыса берді сытырлатып.

Байкаймын, кірпі шаш лыпып жүр. Жүгіріп барып төсек-орын алып келді, кемпірдің жастығын түзеді, үстіне айқарып көрпе жапты. Сонысын көріп мен «анасы болуға тиісті» — деген токтамға келдім. Бірақ ол бір сөзінде:

— Бишәм, таңдайың құрғақсыды ғой деймін, сусын жұтсаң кайтеді? — деп қалды кемпірге қарап.

«Анасы болса атын неге атайды? Әлде әпкесі болды ма екен? Қойшы, кімі болса, онысы болсын, онда сенің не шаруаң бар?!» деген оймен дәлізге беттедім мен. Бір мезгілде тас құдайға ұқсап, мықыр мойын, көзілдірікті көршім де купеден шықты. Артына қарай сүйір иегін нұсқады:

— Қайдан сая болды? Ыңкылдап-күрсілдеп мазаны алып бітті тіпті. Бос орны бар купе болса, соған ауыстырсақ кайтеді өзін?

— Ондағы жолаушылардың мазасын алмай ма екен өйткенде? — дедім мен ұнатпаған үнмен. Мұнымның онша сыпайы жауап емес екенін де сеземін. Дегенмен ит қағанағына қақалмайды деген бар емес пе, ауырлаған ол жоқ, әйнегінің қалыңдығы бір елі қара көзілдірігінің астынан сүзе қарап, бір сәт тұрды да:

— Күрк-күрк жөтеледі, жолға шығып несі бар екен. Одан да ауруханаға түсіп емделмей ме! Ал бұлар емделудің орнына қыдырады. Құдай біледі дейін, дәл осы кісі бар ғой, ит жанын сүйретіп, не бір құдасына, немесе құдасының құдасына төбе көрсетем деп бара жатыр. Бұлар қара шыбын сияқты, жұқпалы ауруларды қара өрттей қаптатағындар міне осындайлар, — деп әрі актала, әрі бір пәлені таяй сөйледі.

Үстірт сөйлеп, жеңіл байлам жасап тұрған бұл жігіттің сөзіне мен әрі кейіп, әрі ойланып қалдым.

Кейітін себебім, осы мықыр мойын сияқтылардың алға басар ісімізге кеселін тигізер жайын жиі байқайсын. Ел тұрмысында әдет-ғұрып дегенін ғасырлап қалыптасады. Әрине, оның жақсысы да, жаманы да бар. Жиренетіні де, үлгі етерлігі де болады. Ал жанағы мықыр мойын сияқты «жанашылдар» соның байыбына барып, мынасы дұрыс, мынасы бұрыс деп саралап жатпайды. Өзі бір бар жаманшылықтан арылып ала қойғансиды да, өз көңілі тұрғызған жалған бір биіктен төмен қарап: «Бәрін де жою керек!» деп жар салады. Жұрт мұндайларға сескене қарайды да, өз бойындағы асылын да, жасығын да қорғап қалуға тырысады. Ал ойланатын себебім,

шынында да ана мыкыр мойын айткандай туыссырап бара ма екен бұл жолаушылар? Әлде баска бір себебі бар ма? Олай болса бұлар қайдан шықты? Қайда бармақ? Кірпі шаш жігіт кім? Ауру ана ше?

Мен осы бір мазасыз оймен терезе алдында сыртқа қарап тұрғанмын. Көк сілемік мұнар басқан ашық күн. Тақтайдай ұлан-қиыр жазық дала. Аңызакты аптап шілденің жуан ортасы болса да, дүние ренкі көгілдір, ізнәрлі жер бояуын әлі бермеген. Ойпаны мен биік-биік қыраты, жұлге-жұлге таулары жок, осындай көгілжім жазықтарда көк жиегі де алыстап кететін болса керек, тым киян шалғайдан көз ұшына ілігіп, сағыммен ойнап, белбеулене көтерілетін үйірім-үйірім, бұлын-бұлын, шок-шок ағаштар бейне теңізде жүзген ғажайып та жұмбақ алып кемелерге ұқсап көпке дейін толқып, баяу жылжып жақындайды да, айналып артқа түсіп алыстаған сайын әлгі бір ойнақы кейпіне тез ауысып, тағы да бұлындап, тағы да толқып сала береді.

Бір кезде дәл құлағымның түбінен:

— Міне, енді Мезгілдің даласы басталды, — деген дауыс шықты. Жалт қарасам, қасымда кірпі шаш жігіт тұр екен.

Мен бұл дала жайында жас кезімде киян-қырлы әңгімелер еститін едім. Ол кезде, бір ғажабы, біз балалар болып айнала түнеріп, тұнжырап тұратын ну орманнан қорқатынбыз. Ал сол шетсіз-шексіз орманды айлап кезсе селт етпейтін үлкендер: «Мезгілдің даласы құрдым ғой, шетіне бір шыға алмайсың. Нысана етер, белгіге алар тұлдыр таппайсың, қалай қарап жүрсен де көсіліп жатқан кең жазық, адасып кетуің оп-оңай», — дейтін.

Мен сонда адасса орман ішінен адаспай ма, айналана көз салсаң қырымдағы көрінер медиен далада қайтіп адасуға болады деп танданатынмын. Сонда да «Мезгілдің даласы» деген сөзді естісем, әрі қорқынышты үреймен, әрі құмарпаз арманмен ұмтылушы едім осы бір ғажайып алысқа.

Міне, біз, сол Мезгілдің даласына еніп келеміз. Шынында да әлгі бір бұлын-бұлын ағаштардың бәрі де азайып, көз ұшына дейін бұлдырап кете берер көк теңізге ұқсап жалпақ дала — егін даласы басталып кетті.

Терезеге үніліп тұрған кірпі шаш:

— Мезгіл! — деп бір тыныстады да, күрсініп алды. Күрсінісінде де, қарасында да терең бір сыр жатқандай. — Жол болса ұзақ көрінеді. Танысып алсақ қалай болады? Менің атым — Мезгіл.

— Мезгіл?! — деппін танданған кейіппен.

— Ие, Мезгіл... Мына Мезгілдің даласында туыппын. Содан болса керек, атымды азан шақырып Мезгіл қойыпты.

Енді байқадым, Мезгілдің қиықтау келген монғол көзінен жайдарылық пен үйірсектікті танып тұрмын. Танысудың орайы

енді келгендей. Мен өз атымның Тулан екенін айтып, манадан бері тілімнің ұшына орала берген сұрақты төбеден түскендей етіп қойып қалдым.

— Ал жол болсын, Мезгіл? Мына ауру қарияны қайда апара жатырсыз?

Жігіт, тегі, әңгімені бұлай тұрып бастағысы келмеді білем.

— Қарағандыға, — деп сүлесоктау етіп келте қайырды. Содан кейін купеге кіріп кемпірге бірдеме деді де, кері шықты. — Мұндай составта «Ресторан» дегенің бола ма екен?

— Әлбетте.

— Олай болса, соған барып сусын іше отырып әңгімелесейік. Мына аңызак жел де таңдайынды кептірмей қоятын емес. Қариядан рұқсат алып шықтым.

Мен Мезгілдің әңгімесін естігенше асық едім. Содан ба, жігіт ұсынысына қарсылық білдіре қоймадым.

\* \* \*

Вагон-ресторанда адам онша көп емес екен. Біз онашалау бір үстелге келіп отырдық. Айнала үлкен терезелері бар самаладай жарық ресторанның зырлап қалып жатқан дала көрінісі бұрынғыдан да айқын, бұрынғыдан да әсем. Біз отырған беттегі сонау шалғай етекте жалғыз шуда бұлтқа ұқсап бұлыңғырып бір төбе көрінеді. Ал мына бетте қиян алыста жер шегіндей болып орман көгеретін сияктанады. Осы бір жалпақ жазықта көзге ілінер де сол екеуі ғана. Қай бетке қарасаң да, болат донғалаққа келіп соғылар сары балақ тартқан егін теңізі тұп-тура темір жолдан басталады да, көз ұшына дейін құлдырап арманғы алысқа кете береді.

— Сөйтіп, қария жайын білгіңіз келе ме? Бұл бір ұзақ сонар әңгіме. Жалықпасаңыз, басынан айтайын, — деді Мезгіл ыстық кофеден бір ұрттап қойып.

— Неге жалығайын, қайта жол қысқарады.

— Мен мына Қарағанды түбіндегі Саран қаласында тұрамын. Кен инженерімін, — деп бастады ол әңгімесін. — Құдайшыл болмасак та айта береміз ғой, құдай біледі дейін, тап беделсіз емеспін. Топ жарып, суырылып шығар анау айтқан өнерім бар демеймін, сонда да «Мезгіл өз ісін білмейді» деп ешкім айта алмайды. Содан ба, коллектив те, бастық та теріс қарап көрген емес. Өз ісіне мығым болсан, біреуге қиянат жасамасаң, теріс мінез көрсетпесен кімнің кімде не шаруасы бар дейсін, — деп бір тынды Мезгіл. Содан кейін шалқая отырып, темекісін тұтатты да, көзін даланың қиян шалғай алыс бір нүктесіне қадап отырып қалды. — Тулан, сіз білуге тиіссіз, біз бір қарбалас, аласапыран өмірде көктеп, дән салып келе жатқан жандармыз ғой.

Жолымыздын бұлтарыс-қалтарысы жоқ болғанымен, бұраланы көп. Кейде үндемей ғана тындыра салар шаруа үстінде орынсыз даурығып бітеміз. Мен сондайда осы бір айқайшылдығымыздың өзі әлсіздігіміз емес пе екен деп те ойлап қаламын. Әйтеуір артық кетейік, кем түсейік, соның бәрі арманды бір жарқын болашақ үшін деп түсінеміз де, соған семіреміз. Қайтсе де ниетте алалық жоқ.

Осындай бір кезекті науканның кезі болатын. «Егер коммунизм күнін бір табан жағындатқын келсе, көмір өндірудегі тоқсанның жоспарды мезгілінде орында!» деген ұранды газетке де үсті-үстіне төпелеп жазып, әр шахтаға да ілгізіп, қызыл танау болып жатқанбыз. Соған ала көңіл болдым ба, немене, әйтеуір түнімен ұйықтай алмай шықтым. Ет жүрек кейде сезе ме деймін жаманшылықты, қобалжумен болдым. Содан ерте тұрып, мекемеге келсем, жұрт та жиналып қалған. Күтіп отырғандай-ақ, өре тұра келіп, иіліп, ілтипат көрсетіп жатыр. Бірі тұрып: «Сені бастық тосып отыр», – деді. Дегенмен мұның бірін де жаманшылыққа жорымадым: «Ет үйренген күнделікті науқан жайы шығар» деп ойладым да, кіріп бардым. Ол өзі анау-мынауға секектей бермейтін, өз бағасын түсінетін, жақынмын дегенді іші-бауырына біржола тартып та ала қоймайтын, алыспын дегенді үзілді-кесілді алшақтатып та жібере бермейтін, қайсысын болса да «ұрымтал жерің осы-ау» деген жерде ұстайтын, орнықты, жырынды адам еді. Сол мінезінен басекен де айырылып қалыпты, қалбалақтап жатыр.

– Мезеке, Мезгіл жакка барып қайтуына тура келе ме, әлде қайтеді?

Біз болсак, жүріп-тұруға піскен, көнбіс адамдармыз ғой:

– Тығыз шаруа болып тұрса... – деп күмілжідім.

– Ие, ие, тығыз шаруа. Тап бүгін аттанғанын жөн. – Ол үстел тартпасынан бір қағазды суырып алды да, шиыршықтап біраз отырды. Сосын маған ұсынды.

Алсам телеграмма екен:

«Қайтсен де жет. Анаң әл үстінде: Көргісі келеді».

Мезгіл тура маған қарады. Шіркін, көз атаулы да қиян-қилы болмай ма. Мезгілдің осы бір қушық келген дөрекілеу кескінінде, ана қиықша келген монғол көзінде де жан тұнығы, аяушылық пен сенгіштік байқалатындай.

Ие, Мезгіл тура қарады маған. «Ал сосын қайттің? Анаң байғұсты көре алдың ба?» – деген сұрау қысып мен де тағат таппай отырмын.

Мезгіл менің осы ойымның үстінен түскендей.

– Мен анырып отырып қалыппын. Қалтыраған қолыммен шиыршықталған телеграмманы укалай берсем керек. Бастық болса, аяушылығын білдіріп жатыр.

– Қамыққанмен өнер ештеңе жоқ енді. Берік бол. Мүмкін әлдеқалай беріле салған телеграмма шығар. Мүмкін айығып та

кететін болар. Осында жұрт шығарып саламыз, көмектесеміз деп камданып жатыр, мен де солардың ішіндемін... — деген сияқты.

Обалы нешік, пейіліне рақмет. Өз қасиетін де, жора-жолдас-тарынның адамгершілігі де осындайда көрінбей ме. Аянғаны болған жоқ, қолынан келгенін жасады бәрі де...

Мен, сөйтіп, жол жабдығына кірісейін деп үйге келдім де, телеграмманы әйеліме бердім.

— Бұл қайдағы анаң? Анаң бар ма еді сенің? — Әйелімнің бірінші сұрағы осы болды. Бұл байғұста да кінә жоқ. Мен басында балалар үйінде тәрбиелендім. Одан біраз жылды майданда оқ пен оттың ортасында өткердік. Сосын институтқа түстім. Сонда жүріп сол замандасыңмен кездестім. Оқу да бітті, үйлендік. Балалы-шағалы болдық. Содан жұмысқа орналастық дегендей. Бірақ осы жылдардың ішінде «анам бар еді» деген сөзді тісімнен шығарып көрген пенде емеспін... Сол себепті қайдан кінәлі болады ол бишара. Бірақ анасынан безіп кетіпті деп жазғыра көрменіз. Бұл жерде менің де кінәм онша көп болмаса керек. Сөйтіп, не керек, қысқарта сөйлегенде әйеліме бар сырды осы жерде баяндадым да, марқұмның басына бір уыс топырақ салуды өзіме парыз санап, жолға аттандым.

\* \* \*

— Көкшетауға келгесін білдім, — деп жалғады Мезгіл әңгімесін. — Мен іздеп келе жатқан үй Мезгілдің Есіл жақ шалғай шетіне жаңа қоныс тепкен тың совхозында екен. Олай қарай жүретін автобус ертемен кетіп қалған. Оны күтсем, тағы бір күнім босқа өледі. Ең абзалы такси жалдап кету болды.

Мен, сөйтіп, бір «Волгаға» отырдым да, айналып жүретін жаңа тас жолды тастап, бұрын бала шағымда талай рет шиырлап өзім жүрген ескі жолмен төте тарттым...

Мен тоқтаусыз жүріп келемін. Жүріп келе жатсам да ұстараның жүзінде отырғандаймын. Мегзеулі жерге жақындаған сайын жүрегім өрекипиді. Әуелде байқалмаған бір сезімге берілгендеймін. Көп жылдан бері көріспей жат бауыр болып кеткен осы бір адам сәт сайын кимасым болып, қымбат тартып барады. «Көре алмай қалам ба», — деп асығамын да мазасызданамын. Оған себепші — жоқ-жұтан балалық шағымды өткерген осы бір ыстық өлке — туған жер ме деп те шамалаймын. Бір кезде бала жүрекке түскен өткен күннің із-танбалары, қайғы-қасірет жайлары — ұлы дауа — уақыттың өз шипасымен көмескі тартқан қайғы-қасірет жайлары міне, енді дүрбіден көрінгендей тым ұлғайып, айқын елес береді де, сөнген сезімдерді қара өрттей лаулатады. — Мезгіл тағы да темекі тұтатты. Сездіргісі келмесе де, қолының қалтырағанын байқаймын. Толқып

отыр. — Өрт! Өрт! — деп екі рет қайталап тынды ол. Содан кейін бері бұрылды. — Бұл даладағы кара өрт дегеннің не екенін білесіз бе?

— Әрине... өрттің аты өрт емес пе, — деп күмілжідім.

Мезгілдің қабағына кірбең ілінді. Даусы қатқылдау шықты.

— Жок, Тулан. Мезгілде бұрын болып көрмесеңіз, кара өрт дегеннің не екенін білмейсіз онда. Ондаған жыл бойы ұйысып жатқан өлі қауға от тисе бітті, ақыр заманның келгені деп түсіне беріңіз. Қау дегенін лапылдап майша жанады. Қызуы қандай десенші бет қаратпайтын. Жолындағының бәрін де жалап, жалмайды да жылжи береді. Қыбырлаған жан иесінде ес қалмайды. Тайлы-таяғымен шығып, күн алысады, түн алысады, бірақ жаһанды жалпағынан жайлап алған кара өрттің беті қайтпайды. Құдайдың дес берісінде, кара нөсер төгіп берсе, сонда ғана басылады. Әйтпесе, сеңдей соғылысқан халықтың өлгені өліп, өлмегені жан сауғалап, бетінің ауған жағына босып кете береді. Жұт жеті ағайынды десе, тап мына Мезгілдің даласы үшін сегіз ағайынды болған-ақ шығар деймін. Бала кезімізде сондай кара өрттің талайын көрдік қой.

...Міне, машина жылжып келеді. Қай тарапқа көз салмайын адамның ашы терінен жаралған егін теңізі — бұрын осы даланы басып, жаныштап өтетін сан алуан жұттарды келмеске жіберген ырыс теңізі сахара саматымен толқып, тербеледі. Көк аспанда ала шарпы бұлт көшеді. Құдды дүние, дүние болып жаралғалы аспанында дәл ссылай ала шарпы бұлт көшіп, даласында дәл осылай егін толқып тұрғандай. Құдды бұл өңірде осы жарқын көріністен басқа өзге көрініс-құбылыстардың көленкесі түсіп, өтпеген сияқты. Ие, бұл тосын көзге, санылауы жоқ, ойсыз көзге ғана солай. Байымдағанға талай-талай оқиғалардың талай-талай іздері жатыр мұнда.

Міне, жайқалған егін арасынан әдебір төмпелер қылаң береді. Одан әрі шөп басқан көл бар. Ал сол көлге құлай беріс кабакта зырлап өтіп жатқан заман толқынының, зырлап өтіп жатқан әр қилы адам толқындарының тоқтап, тұнып қалған бір сәті — моалар қараяды. Ана төмпелер біздің ауылдың ескі жұрты, ана моалар біздің сол ескі ауылдың моласы. Екеуінде де осы даланы жайпап өткен кара өрттің ізі бар...

Жаз болса сулы, томарлы, көлді жерлерді сағалап, Мезгілдің жан бармас түкпірлеріне қарай сұғына көшіп, ілгерілеп кете беретін біздің ауыл 1930 жылы осы «Торка» деп аталатын шөпті көлдің ық жағынан қоныс тепті. Мен онда сегізде едім. Сегізде болсам да, сондағы көп жайлар көкірегімде бүгінгідей сайрап тұр. Әлі есімде, көктемнің жаңбырлы бір күнінде шинельді, бір тапал келді. Басына оттай қызыл жұлдызы бар шлем киіп, қолына жуан портфель ұстап келгеніне дейін ұмытпаппын. Жұрт жиналып, кішкене төбені айнала отырды. Жанағы шинельді тапал төбенің мұғар биігіне шығып алды

да, колын олай-бұлай сермеп сөйлей берді. Содан есімде қалғаны ТОЗ деген бір сөз.

Сол сол-ақ екен, үлкеннің де, кішінің де бар айтатыны ТОЗ болды да кетті. Егін салса да ТОЗ, мал бағып, пішен шапса да ТОЗ. Қора-қопсы, жайларды салып бітіріп, үйге енгеннен кейін әкем де:

— Біз енді ТОЗ болып ұйымдастық, — делі.

«ТОЗ-ы несі?» — деп мен ойлаймын. Мені әлде баласына ма, болмаса, айтқанды жетіп өзім түсіне алмаймын ба, қайдан білейін, әйтеуір бір пендеден тұрлаулы жауап ала алмаймын.

Әкем менін шапеті, шағын денелі қағылез кісі еді. Әрі мінезі де жұмсақ, көп сөйлеуді білмейтін-ді. Әңгіме айтқандарды кезек құптап, қиықша келген монғол көзін күлімдетіп үн-түнсіз отыра беретіні көз алдымда.

Өзі де бір бак деген малды бағып, істе деген шаруаны істеп жүре беретін, көлденең сөзде жұмысы жоқ, қой аузынан шөп алмастың өзі еді. Сонысына бағып көп айтып анықтауға еріне ме, болмаса, өзі де айқын түсініп жетпеген бе, кім білсін, ол да:

— ТОЗ деген ол кәдуілгі ТОЗ-дағы, — деп жауап береді.

Қысқасы, біздің ауыл, сөйтіп, ТОЗ болып ұйымдасты. Трактор деген болса да жоқ ол кезде. Дегенмен сирек көретін басқа саймандардың бірсыпырасы — ат сеялқасы бричка деймісін, шөп жинайтын ат тырнауышы, соқа-саймандар деймісін, әйтеуір ауыл қотанына жинала берді. Қайдан келіп жатқанын да жөндеп білмеймін. Жалғыз-ақ, «Ана Әлти байдың көк бірішкесін жек те, шөпке бар», «Ана Тырнауық байдың көк қасқасымен өкілді сыртқы ауылға апарып сал!» деп әкеме арнап жиі айтылатын тұжырымды бұйрықтардан ғана «е, бұл байлардың дүниесі екен ғой» деп шамалаймын. Ол, тегі, қазіргі ойым болса керек, өйткені сегіз жасар баланың ненің қайдан келіп, қайда кетіп жатқанында не шаруасы болады дейсін. Жалғыз-ақ менің есімнен кетпейтіні сол жылғы жаздың айырықша ыстық болғаны. Ойпырай, бұл жерде сондай ыстық болады екен-ау. Құбыладан соққан аңызак жер-дүниені күйдіріп, қаусатып жатты. ТОЗ болып, бірлесіп салған, аз егінге қарасаң, ішін ашиды. Сүт күйінде сабағы курап, дән салмаған масағы сарғая қуырылып, жел өтінде елбектейді де тұрады. Ала жаздай сазарып бір тамбай қойған күн ренкі тым бұзық. Содан түршіге сескенген жұрт аузында:

— Жыл репеті жақсы емес. Қыс ау-жайы қалай болар екен?

— Құдай сақтасын да, бір сіренке басы ұшып түссе, Мезгілдің даласында жалғыз түп көде қалады деп ойлама!

— Қағына тиелі дей бер.

— Кезектесіп күзет қойған жөн. Сақ болған жөн.

— Өншең тобырлар жиылып ТОЗ құрыпты, тоздырып жіберу керек дейтін көрінеді өшіккен байлар. Қарап қалады дейсін бе?

Ескі күнді еске алса жұрт: «Біздің елде ана бай, мына бай болған» десіп жатады. Ал мен болсам, тумысымда бір байды кездестіріп көрген емен. Содан да «бай» десе, зәрем ұшады. «Бай» дегеннің кім болатынын да білмейтін болсам керек онда. «Бай», «бай» деп жұрт жамандай беретін болғандықтан ба, әйтеуір ол маған кездескенді жалмап, жұта беретін аждаһа сияқты елестейтін-ді. Сол үрейдің салдары ғой деймін, жұрт сөзін тындасам, жүрегім тітіренеді. Көрінбейтін бір құбыжық ақырын жылжып келе жатқан сияктанады маған...

Әлі есімде, желді, аңызак күн еді. Кеш түсті. Жалкынды өрттей қызарып, зорайып барып күн батты. Дүние алаулай мұнартып түгіндеп тұрды. Үйге төсек салынды, мен жатқанымды ғана білемін. Содан ояна келсем, әкемнің қолында жүрмін. Төңірек самаладай. Ащы түтін иісі шығады. Айнала орап, қаулай жанып кара өрт келеді. Бет бактырмас алды — біздің ауыл. Арты — кара түннің өзіндей қап-кара үңірейген жоктык. Екілене ішін тартып, жел соғады. Жел соккан сайын алтын найзалар жарк-жүрк етіп ырғып-ырғып түседі де, дуылдай жөнеледі. Карғып, қораларға шығып жатыр. Кеше ғана еңбекпен тұрғызған мекен-жайлар міне енді көз алдымда күтір-күтір, күрс-күрс құлай бастады. Қора аркалықтарын ораған сұғанак жалын тілдері соккан желдің күшімен қарманарға ештеңе таба алмағандай, бір ауық созыла дірілдеп, жалаңдап тұрады да, үзіліп барып, алдағы тың жерге жабыса қалады. Содан кейін тағы да дүр етіп қоздап, балалап жатқаны.

Төңірек шуға толы, азан-қазан. Шәуілдеп ит үреді. Әйелдер зарлайды. Барлығып еркектер айқайлайды.

Мен де әкемнің қойнында жылап жүрмін. Біздің үйдің терезесінен жалын сумандай бастады. Содан қорқамын ба, дауыстап апамды іздеймін. Бірақ қайтып көруге жазбапты оны маған. Кейін білдім ғой, «аксұнқар балапаны үшін торға түседі» демей ме, жаңылыстан мені үйде қалды деп ойлап, лаулаған оттың ішіне қойып кеткен де, содан қайтып шықпаған.

— Сөйтіп, анам сорлы тағдыр ойыншығы есепті, қайғылы жансақтықтың құрбаны болып кетті... Мен, сөйтіп, анамнан айырылдым. Бала кездің қуанышы да, қайғысы да тамырсыз, негізсіз келеді. Тез тарқайды дейді ғой. Мен осыны теріс ұғым ба деп шамалаймын. Өйткені қанша жұрт жиналды. Мола басына қалай бардық, бәрі де есімде. Тіпті анамның қыр мұрынды қызыл жүзі, қалың келген кара қасы, басын әнтек бұрып төмен отырып күлгенде көрінетін ақ тістері де көз алдымда. Мен оны ұмыта алмадым. Біреуден жәбір көрсем де, қарным ашса да, әкемнен қалып қойсам да үнемі есіме апам түседі де, боздай беремін. Ал біреу-міреу шақырып алып, қолыма бір үзім нан ұстатса, «алда байғұс-ай!» деп аркамнан қақса,

қайғы-қасіреттің бәрі ұмыт болған сияктанады. Асыр салып, ойнап кете барамын. Ол бірақ көпке бармайды, жетімдік бұлты тез келіп қайта орнайды.

Дегенмен жер дүниені жайпап кеткен осы бір өрттен кейін ТОЗ өмірінде де, менің өмірімде де үлкен-үлкен өзгерістер болды. Маялаған пішені мен тірі тұрған егінін, үй-жайы мен шаруашылық құралдарын өртке берген соң ТОЗ-да не күй қалды дейсін, тозып кетті. Ал мен болсам...

Осы кезде поезд жүрісі бәсеңдей берді де, кішігірім станцияға келіп тоқтады. Мана біз келгенде қарсы алдымыздағы күн шырқап төбеге шығып алыпты. Мезгіл сағатына қарады.

— Еһе, тәуір-ақ отырыппыз ғой. Қарияны тамактандыратын уақыт та болған екен. Мен шай апарып беріп келейін, — деп ширак басып шығып кетті.

Оңаша қалғандықтан ба, мен ала көңіл болып отырмын. «Бір анасы өліпті, бір анасын іздеп бара жатыр. Бір қарияны ертіп келе жатыр. Бәрі де жұмбақ болып барады», — деп ойлаймын.

\* \* \*

Сөйтіп, мен ойда жоқта жетім болып шыға келдім, ал ТОЗ болса, тозып кетті, — деп жалғады Мезгіл әңгімесін поезд қозғалып кеткен соң. — Бірақ ТОЗ-дың жарасы жеңіл болды. Қайта сол төңіректегі талай ТОЗ-дар, талай ауылдар жиналып, келер жылы «Майбалық» деген қайран көлдің жағасына жаңа қоныс тепті, колхоз болып ұйымдасты. Қызыл шатырлы, көк шатырлы биік-биік үйлер көбейді. Күнде жиын болады, қызу-қызу сөздер айтылып жатады. Ақ көбік болып аттар сабылады. Ел-елдің арасында шапқындар жосылады. Ізін құрғатпай өкілдер жүреді, портфель ұстап, мылтық асынып, соттар келеді жуан-жуан папкаларды аркалап. Ойын-той, думандар да көп. Болып жатқан бұл қызба, ал кеттім көрініс-құбылыстардың көбіне мен түсінбеймін. Сонда да ел өмірінде қауырт бір өзгерістердің болып жатқанын аңдасам керек. Міне, тозған ТОЗ-дың ақыры осылай өрге тартты.

Ал менің халім мүлде мүшкіл. Әкем жұмысқа кетеді. Мен үйде жалғыз қала алмаймын. Қайда барса да қасындамын. Шешенін жоктығынан маған да, үй ішіне де жүдеушілік кіре бастағанға ұқсайды. Оны иіні жыртылған көйлегімнен, бұрыш-бұрышта салбырап тұратын өрмекші сілбісінен, әкемнің қабағынан аңғарамын. Үндемейді, күлмейді. Осындайда сап етіп апам түседі есіме. Сағынамын. Көршідегі үйдің терезесінен пешінде маздап жанған отты көрсем де көңілім жүдеп, жасып қаламын. Мына қаскөйлекті қойсаңшы, әкем екеуіміз болып тұтатқан тезектің бықсымай,

түтіндемей ана сияқты маздап жанатын бір күні жок. Пешке басты тығып жіберіп, өнештей үрлеп үнемі қызыл кеңірдек боламыз да жатамыз.

Өсти-өсти күндер де өте берді. Жылауық бұлтты күз түсті. Килы адамдарға килы-килы тағдыр дайындап отыз бірінші жылдың аты шулы қысы да таянып келе жатты.

Себелеп жанбыр бүркеді. Дүние күнгірт, жабынқы. Қыс келерін танытар ызғар бар ауада. Суға малшынған камыс қоранын ығында құлағын салбырата жусап аққаптал бір арық ат тұр. Белсенділерден ығыр болған ба, кім білсін, мені көріп қаға беріске қарай айнала береді. Жауырда менің не шаруам бар. Өз әлегім өзімде. Кітабымды арқалап, мектептен келемін. Тоңып келем. Жамбастап қалған көн етігім бар. Қопарылған ұлтаны кайырылып қалмасын деп аяғымды көтеріп басамын. Жер лайсан. Етіктің іші одан да өткін. Жалаң аяқ саман үйдің лайын басып жүрген сияқтымын. Қорс-қорс етеді.

Үйде әкем жок. Ертемен тұрып басқа бір колхозға кеткен. Қасында колхоз ісіне араласып, белсенді атанып жүрген Нұрым деген жақынымыз бар. Қайда әкетсе де сол әкетті.

Мен лай басып үйге жакындадым. Сұсты, суық үйге кіргім де келмейді. Міне, терезе алдынан өттім. Кенет пеште жанған отты көрдім. Тағы да өрт екен ғой деп жүрегім су етті. Бірақ түтін дегенін мұржадан шығып жатыр. Бықсып жанған оттын түтіні емес, дауылдап жанған оттын түтіні. Түйін-түйін, буын-буын болып будактап шығады. «Кім келіп жакты екен? Әлде әкем бе екен?» деген оймен үйге кірдім... Пеш қасында бір әйел отыр. Басында қызыл шәлі. Үстінде батсайы қамзол. Пеш қойнында сары самауыр ызылдайды. Үй іші жып-жылы. Бірақ әкем жок. Бейтаныс әйелден басқа бір пенде жок. Мен есік алдында бокшамды ұстап, адырая қарап анырып қалдым.

— Сен Мезгілмісің! Өй, айналайын, келе ғой, — деді әйел. Сонан соң бетімнен сүйді. Қолыма бір түйір кант ұстатты. — Тоңдың ғой, кел, жылына ғой.

Менде үн жок. «Қолы да жұмсақ, сөзі де жұмсақ бұл кім? Әлде мен білмейтін жақын жекжат, нағашылардың бірі ме?» Мен бірақ кімсің демедім. Ол да пәленмін деп айтпады. Далаға шықтым. Келдібай дейтін жырық танау бір даукес бала болатын. Сол кездесе кетті де, жаңалықты табан аузында жеткізді.

— Әкен қатын әкелді. Көрдін бе, ей?

«Әкем әйел алады-ау» — дегенді мүлде ойламасам керек, жырық танаудың сөзі жай түскендей болды. Жүрегім ауырып жүре берді. Содан күн ұзақ үйге жоламадым. Етік ішіндегі лайды былш-былш басып, қора төңірегінде жүрдім де қойдым. Бәрінен бұрын әкемді қызғанамын. Сөйтіп жүргенде кеш түсті. Ауыл-үйдін Нұрым

бастаған бірер адамы келді. Қазанға ас салынды. Әкем байғұс бұрынғыдай емес сияқты. «Осы баяғыда...» — деп әнгімені баяғыдан бастап, көтеріле сөйлеп отыр. Әкем жайдарыланған соң, менің де ауруым тарқай бастаған секілді. Қисайып жатып, қазан-ошак жаққа қараймын. Ол бір ығыр еткен дүние еді мені. Енді әйел қолына тигені ептеп мақтаныш та сияқты ма қалай.

Ауылды жерде тан сарғаймай тамақ пісе ме, солай жатып ұйықтап та қалыппын. Ояна келсем, жым-жырт, қап-қаранғы. Қасымда әкем жок, жалғызбын.

— Әке! Қайдасын, әке? — дедім шошынып.

— Жата ғой, жаным, мен осындамын. — Әкем қозғалатын емес. Бір жарым жыл бойы қойнында жатып, бауыр басып, иісін алып қалғандық болса керек, қармалап жүріп қасына бардым. Ойымда түк те жок. «Неге жалғыз қалдырған?» — деймін қайта. Барсам, ар жағында теңкиіп біреу жатыр. Кенет жырық танау ойыма сап ете түсті: «Әкең қатын әкелді. Көрдің бе, ей?» — Көрдім. Міне, енді көрдім.

— Мынау кім, әке? — деп сұрадым білсем де.

— Ол сенің Бибігүл апан. Саған апа бола келді осында.

— Ие, саған, апам емес. Біреудің апасы апа болмайды маған. Кетсінші әрі. — Намыстанып жатырмын. Ертен жырық танау Келдібай: «Әкең ана алып келген қатынның жанына жатты. Сен ұйықтап қалдың. Ұйқы-шы-л», — деп мазактарында дау жок. Мен екеуінің арасына түстім де, әкемді қатты құшақтап жатып алдым.

...Ояна келсем, сәске түс. Төсекте әкем жок, терезеден қаруы қайтқан күз күні сығалайды. Сонан ба, үй іші көңілді, сергек сезілетіндей. Оң жақта батсайы шымылдық желбірейді. Сондай сәнді. Пештің қара қожалақ күйесі де жок, шанқандай ақ тартып, жалтырайды. От та маздап, қыза жанып жатыр. Еден де кірден тазарып қалған. Қысқасы, бір құдіретті қолдың күшімен үй де, күн де өзгеріп, айрықша нұрланып кетіпті. Кенет қазан-ошак жағынан біреудің жүргені естілді. Сары самауыр күжілдейді. Маған: «Сені күтіп күжілдеймін, түрегел», — дейтін сияқты. Көзімді салсам, көк көйлекті біреу жүр. Кәуділгі менің апам. Жүріс-тұрысы, айна-қатесіз аумайды. «Апа!» — деп дауыстап жібере жаздап тоқтадым. Жок, ол апам емес, кешегі әйел, түндегі Бибігүл дейтін әйел.

Мен түрегелдім. Қарсы алдымда жылы жүзбен күле қарап Бибігүл тұр. Тым қызғаншақ екенсін. Әкеңді қызғанып сомадай болып... ұят-ай! — деп күле ме, кім білсін. Мен төмен қарадым.

— Ана үстіңдегілерді шеш те, мынаны ки! — деп ол қасыма бір түйіншекті тастады. — Тез киін де, түрегел, шәйін суып қалады.

Түйіншекті жазсам, жаңа тігілген көйлек пен дамбал екен. Жаңа нәрсені көрмегеніме қанша болды десеңші, қуанғанымнан жүрегім дүрсілдеді. Тез киіп алдым да, шайға отырдым. Пеште дүрілдеп от

жанып жатыр. Бибігүл менің ескі көйлек-дамбалымды, домалақтап алды да, отқа ұрды.

— Бар қырсық осымен кетсін!

Мен отқа карап отырмын. Ол шай құйып беріп отыр. Екеумізде де үн жоқ. Пеш ішінде торсылдап, борсылдап менің құрым болып кеткен көйлек-дамбалым жанып жатыр. Қызық-ай, ескі киім дегенін отқа салса, тезек сияқты бықсымай, камыс сияқты лапылдамай, бытырлап-шытырлап жанады екен ғой. Оны кім білген!

Ол бірінші болып үн қатты:

— Ана желкомнан басқа көйлегің жоқ па еді? Неге жырым-жырым болған соншама?

— Жок. Апам барда көп болатын. Бәрі де жыртылып қалды.

— Апаң қайда?

«Білмейтін шығарсың!» — деп қойдым ішімнен.

— Өліп қалған, — деп келте жауап бердім. Бибігүл күрсініп қойды.

— Сенде апа жоқ, менде бала жоқ...

— Балаң қайда?— дедім оқыстан, ойланбастан. Ол да жауапты келте қайырды.

— Өліп қалған...

Кенет менің көз алдыма өрт елестеді. Неге екенін кім білсін, оның баласы да менің апама ұқсап, анасын іздеп жүріп от ішінде қалған сияқтанды.

Әлде өлген баласын есіне алды ма, болмаса басқа қайғысы бар ма, қайдан білейін, төмен салған басымды көтерсем, Бибігүлдің көз шарасы жасқа толып, мөлдіреп тұр екен. Бұл бейшараның халі менен де жаман екен деймін бе, әйтеуір, көңілімде оған деген бір аяушылық пайда болды.

— Апаңның жоғын естігенмін, — деді ол. — Ести тұра әдейі келдім, бала етіп алайын деп келдім.

Мен үндемедім. «Бала болмаймын!» — деп айта алмадым. Бірақ бала мінез дегенді қойсаңызшы, осы күні ойласам күлкім келеді. Отырып, отырып:

— Бірақ әкемнің қасына жатпайсың. Өйтіп апа болмайды. Сен түгіл өйтіп апам да жатып көрген емес, — деппін.

Бибігүл күлді:

— Ол рас, өйтіп апа болмайды.

Бірақ қазір күлкі болса да, ол кезде шын көңілім сол ғой. Көлденен біреу келіп бар сенген әкенің жанына теңкиіп жатып алса, енді қайтесің? Ол соны ұқты ғой деймін. Менің дегенімді істейтін болды. Мен оған «бала болам, айтқан сөзіңді тыңдаймын», — деп уәде бердім. Содан кейін о да, мен де анттан тайып көрген емеспіз. — Мезгіл тағы да езу тартты. — Маған білдірмей бұзса өзі біледі, ал көзімше әкеме бір таянған кезін байқаған емеспін. Сол себепті, өгей шешенің айтқанын мен де қайталатып көрмедім.

Сөйтіп, мен өгей шешеммен осылай таныстым. Жай шарттасқанмен адам көңіліне күдік деген кіре береді екен ғой. Көпке дейін бауыр басып кете алмай жүрдім. Сәл нәрседен кісі киікше секем алып, состиып қаламын. Өстіп күндер өтіп жатты.

Бір күні бір топ бала асық ойнады. Ішінде жырық танау Келдібай да бар. Мен оның асығын ұтып алдым. Ол менің жағамнан алды:

— Асығымды қайтар. Мен өтірік ойнасам, сен шындайсың.

— Жібер деймін, көйлегімді жыртасың.

— Ол сенің көйлегің емес. Әкеннің қатыны берген саған. Бер асығымды, — деп Келдібай жағамнан тартып қалып как айырды да, тұра қашты. Мен әудем жөрге жібермедім, қуып жеттім де, желкеден бірді қондырып қалпақтай ұшырдым.

— Ал, жырық танау, саған керегі осы ғой, — деп үстіне мініп алып, төмпештей бастадым.

— Ал саған керегі ше? — құлағым тызылдап әкетіп барады. Жалт қарасам, жырық танаудың ағасы:

— Ә, қалқан құлақ, әлім жетті деген қалай екен?!

— Өзі неге тиіседі кісіге?

Келдібайдың ағасы мені тұрғызып алды да, кеудемнен түйіп кеп жіберді. Он төрт, он беске келіп қалған сойталдай немеге мен төтеп бере алайын ба, шалқамнан түстім. Сол кезде Бибігүлдің даусы шықты:

— Бұл жетімек сорлыны өлтірейін деп пе едіңдер-әй, екеу-леп?.. — деп жүгіріп келді де, Келдібайдың ағасын шапалақпен сарт еткізді. — Ендігәрі бұлай істесен сирағыңды қырқамын, білдің бе. Соктыққандарыңның соны осы болсын.

Менің төбем көкке жетті. Ол маған кара ағаштай пана екен ғой.

Сөйткенше болмады. Бибігүл мені сүйрей жетелеп үйге кірді.

— Өзіңде де бар. Неге соктығасың сол содырларға! — деп ал кеп ұрыс. Мен «мұнысы несі?» деп жаутандап тұрмын. Бірақ байқаймын, зілі жоқ секілді. Жек көріп, жекіп ұрыспайды, таяқ жедің деп аяп, жаны ашып ұрсады. Кәдуілгі өз апамның ұрысканы сияқты. Мен оны құшақтай алдым да, өксіп жылап жібердім. Бибігүл кеудемнен итермеді. Қайта өз анама ұқсап бауырына тартты. Байқасам, оның да көзінде жас тұр. Мен сонда ол екеуіміздің мұңдас жандар екенімізді ұқсам керек, әйтеуір бар балалық сезіміммен біржола құлай берілдім.

Кейін білдім, Бибігүл де сіңірі шыққан кедейдің қызы екен. Он бес жасында зорлықпен бір бай шалға әйел үстіне тоқал болып барыпты. Содан жүре-бара бір бала көтерген екен, үш жасқа жетпей ауырып өлген. Ал бай 28-ші жылы конфескеге ілінген соң, бұл байғұс басына бостандық алып, босап шығыпты. Бірақ мұны кейін білдім дедім ғой. Мұңдас дегенде мен оны аяп жүр дейсің бе. Бала махабба-

ты деген үлкендердің өзіне қалай қарайтынына қарай тумай ма. Бұл әйелден сондай бір жылы сезімді, жұмсақ алақанды байқасам керек.

Сөйтіп, мен өгей шешеммен осылай табыстым.

Бибігүл маған шын мағынасында ана бола білді. Мен оған бала болуға тырыстым. «Өгей шеше...» — десе көптің ұғымында бір ғана жәбір-жапа, ұрыс-керіс тұрады. Мен мұны бір жакты үстірт ұғым демекпін. Қазір өз бойымда көзге түсер жағымды бір қасиет бар болса, сол өгей шешемнен келген қасиет деп білемін. «Көре алсам жарар еді!» — деп тағат таппай асығып келе жатқаным да содан болса керек.

Мен шыдай алмадым:

— Сол жақсы көрген анаңыздан қайтып ажырасып қалдыңыз? Әйеліңізге «анам бар еді» деп айтпағаныңыздың мәні қалай? — деп сұрадым,

Мезгіл ойлана отырып қалды. Қолайсыз сұрақ қойып ренжітіп алдым ба деп менде де маза жоқ. «Өзі айтса айтты, айтпаса не шаруам бар еді қазбалап?!» — деп өкінемін. Ебін таппаған тұз жалайдының кері болып, сасқанымнан терезеге қараймын. Манағыдай емес, жер бедері де өзгерген. Жазық далалар ауысып, бел-белестер, адыртөбелер көбейе бастады. «Тегі, Мезгілдің даласынан өтіп кетсек керек», — деп ойлаймын.

— Бұл даладағы жынды боранның не екенін түсінесің бе, Тулан? — деп сұрады Мезгіл оқыстан.

«Әрине, боранның аты боран емес пе?!» — дегім келіп бір тұрдым да, манағы өрт жайындағы жауабым есіме түсіп, тоқтап қалдым.

— Жок, былай естігенім болмаса...

— Бәсе, білмейсіз. Өй, сойқан ғой ол бір. Қара өрт дегенің түк емес мұның жанында. Одан әйтеуір жол тауып құтылуға болады ғой. Ал мына жынды боранның қармағына бір іліксен, тірі шығуың жоқ. Жок, жұт сегіз ағайынды емес, тоғыз ағайынды болған мына Мезгілдің даласында. Айлап соққан ақ түтек толастамайды-ау! Жер мен көк астасып, ақ кебінге оранып алады да, құтырына ұйтқиды кеп. Осындайда сыртқа шықсаң болды, көз алдында қарайып, қалқайып көрінген көрші үйлерден табан астында көз жазасын да, ақ сұрқай қоймалжың бір зәһәрлі дүниенің ішіне еніп жүре бересің... Үйде отырып та рақат таба алмайсың. Шөккен пілге ұқсап терезе алдында тау-тау қар тұрады. Әр қилы өрнек салып әйнекке қалың қырау катады. Күн тал түс болса да, өз үйің өткен түннің бір бөлшегін жасыра тығып, ұстап қалғандай, тым қараңғы тартады. Сырттан кіргенде көзің үйренгенше әр нәрсені бір қарманып, мүгедек боласың да қаласың. Пеш мұржасы әлденені азалап, ертенді-кеш ұлиды кеп. Жүрегінді тырналайды. Айналаң гүлеген жел болады. Пеш манынан басқа баспана таппайсың тіпті.

«Ананыздан қайтіп ажырастыңыз?» — деп сұрадын ғой жана. Айтайын. Мен ол кісіден сол жылы осындай бір жынды боранда адасып қалдым. Туған шешемді Мезгілдің өрті алды, өгей шешемді Мезгілдің бораны әкетті...

Осы кезде поезд бір станцияға келіп тоқтады. Ресторанға лап қойған аумақты топ буфетті қоршалап алды да, сыра сұрап, арақ сұрап дабырласа бастады.

— Далаға шығып аз-кем бой жазсак кайтеді? — деді Мезгіл.

Мен қарсылық жасамадым. «Е, мына өзімен бірге келе жатқан қария — сол Бибігүл шешесі болды ғой» — деп мен де қозғалдым. «Бірақ, әлгінде Бишәм демеп пе еді? — деген тағы да бір ой келеді. — Бұл әлде үшінші анасы болды ма екен?»

\* \* \*

Поезд тағы да ілгері жылжыды. Біз тағы да баяғы орнымызға келіп отырдық.

— Ол заманда зорлық-зомбылық дегенде шек болған ба, менің әкем жәбір көрсе, өз ағайындарынан көріпті, — деді Мезгіл. — Бойдақ кезінде әлді ағайындарының малын бағып, отын-суын тасығаны өз алдына, кейін отау болып онаша шыққасын да, «бәрекелде, бетіннен жарылқасын!» дегенді ести алмаған. Шабындық бөлінсе, жердің таз-шақатты жерлерін беріпті. Ал егін салса, «алған соқа-сайманыңның майы, мінген көлігінің майы» — деп, түскен шығымның молын өздеріне алыпты. Ананың кезегі, мынаның кезегі дейтіндердің бәрі де қит етсе Қойшыбайдікі бола қалады. Үй ішінін «әрі отыр, бері отыры» сияқты жақындарынан көрген жапасы итермеледі ме, әлде қараңғы болса да заман ауқымын бағдарлай білді ме, әйтеуір, Қойшыекеннің жалғыз аты мен жалғыз сиырын ортаға салып, колхозға бірінші болып кіргенін білемін.

— Ағайын арасында артық-кем деген болмайды. Бәріміз де жұмылып жұмыс істейміз. Бірлестік, теңестік деген осы, — деді ол мүше болып келген күні қуанып. Әке қуанса бірдемені біліп қуанады да. Біз қайтып қағас қаламыз. «Өзімдікі» деген қаншық ит ол заман түгіл, осы күннің өзінде де әркімнің ішінде күшіктеп жатпай ма, қорамыздан мал кеткенге жанымыз ептеп ауырды. Сонда да өгей шешеміз екеуіміз болып біз де қуаттап, мақұл десіп жатырмыз.

Әкем әуелі орталықтың малын бакты. Анам орталықтың сиырын сауды. Содан кейін екеуі де сарайға ауысты. Ол кезде машина дегенін түске енген бе, әкем үш сырғауылды мосы етіп асып алады да, ертеден кара кешке дейін қол елеуішпен бидай елейді. Қойшыекен бойы шырға болса да, аса қарулы, жиын-тойларда күреске түсіп, белдескенді жығып жүретін, балуан атанған кісі еді, бір қажымайды.

Шаңырақтай үлкен елеуіш толған бидайды тағандап тұрып алып шайқай береді, шайқай береді. Қас қарая қолына киіз кітабын ұстап есепші келеді де: «Бүгін Қойшыекен пәлен еңбек күн тапты, пәлен тонна тұқым қорын тазалады. Сөйтіп колхоз құрылысының жауларына пәлен тонна соққы берді. Жарады!» — дейді мақтап. Есепші әкемді осылай мактаса, мен шешем үшін қалай мақтануым керек екенін таба алмаймын. Өйткені әкем пәлен тонна тұқым қорын елеп, колхоз құрылысының жауларына пәлен тонна соққы берсе, сол пәлен тонналарды бір сарайдан шелектеп тасып елеуішке салатын да, одан шыққан соң екінші сарайға тасып апарып құятын да менің өгей шешем. Әйтеуір бірді бірге қосса, екеу болатынын білемін де. Бибігүл апам екі әкенің жұмысын атқарып жүр деп бағалаймын.

Күн сайын тонналап ақталған соң шыдасын ба, көп кешікпей тазармаған бидай қалмады. Ал колхоз құрылысының жаулары қайтсе де құрып кете қоймады.

...Толассыз жынды боран соғады. Сондай түндерді баспаналап төрт аяқты, екі аяқты аш бөрілер жортады Мезгілдің даласында. Олар колхоздың малын торида. Олар колхоздың сарайларын торида. Қыбын тапса қарап қалмайды, атады, шабады, соққыға жығады, сөйтеді де айдап әкетеді, арбалап әкетеді.

Осындай шабыншылықтан ығыр болған колхоз белсенділері күзетшілерді сенімді деген адамдардан қояды. Сол сенімді дегеннің бірі менің әкем болыпты.

Ол бір күні кеңсеге шақырылды. Ауданнан келген тұрақты өкіл — Жүсіптің өзі шақырған. «Өзі» дейтін себебім бар: Диктатор болу үшін қол астындағы халықтың аз-көбі, қарайтын жердің көлемді-көлемсізі есеп емес пе деймін. Бір диктатор бар, миллиондаған халықты билеп, мыңдаған шақырым жерге әмірін жүргізіп отырса да місе тұтпайды. Басқа елдерге, басқа жерлерге көз алартумен болады. Ал екінші диктатор бар, қол астында елу-алпыс құралпы үй болса басқаны іздемейді. Ондайлар соған разы.

Жүсіп біздің ауылдағы сондай «айдағаны төрт ешкі, ысқырығы жер жаратын» кішкене «диктатор» еді. Ең алдымен оның ауылға қалай келгені менің күні бүгінге дейін есімде. Үш ат жегіп, екі иығына айқарып екі винтовка асынып келді. Келді де шапқылап жүріп көшелерді аралады, көшелерді аралап жүріп, тарсылдатып мылтық атты. Сырттағылар қашып үйге тығылды, үйдегілер «не сұмдық болып қалды» деп, босып далаға шықты.

Осыдан кейін үй жаппай тінту басталды. Не жоқ іздейтінін кім білсін, Қаһар Жүсіп күнде ертемен көшенің бір басынан түседі де, астан-кестенің шығарады. Көрпе-жастық, төсек-орын жұлынған тауықтай бұркырап терезеден сыртқа лақтырылады. Пеш киратылады. Есіктердің топсасы жұлынады. Үлкен болсын, кіші

болсын, бәрі де далаға шығарылады. Ақ карда сөйлеуге аузы келмей кемсендеп кемпір-шал мен жас нәрестелерге қарайтын бір пенде табылмайды. Осы күні келмеске кеткен сол бір көріністерді ойлаймын да, қайран қаламын, Тулан. Жәбірлеуші де, жәбірленуші де адамға тән сезімдерден ада секілді. Жәбірлеушінің бойынан: «Ертең осы үйдін халі не болады? Шиеттей балалары бар екен, аштан өліп қалмас па?» — деген аяушылық сезілмейді. Қолына түскеннің бәрін де сыпырып алып, кеңсеге қарай аттандыра береді. Осымен тынса жақсы ғой. Тынбайды ғой мұнымен. Қора мен шошала кертесінен азын-аулақ үн шыққан, қарынға салған майы мен ет шыққан үй тайлы-таяғымен жауапқа шақырылады. Қайдан алса одан алсын, шындығы керек болмайды. «Ұрлап алдым, жасырып, сойып алдым» — дегенді мойындағанша, тартатын азап пен жазада толас жоқ. Суық шошалаға қамаған талай ана мен талай балалардың жан тапсырғанын көзіммен көрдім, Тулан. Ойласаң, денен мұздайды тіпті. Хайуан екеш хайуан да нәсіл қалдыруға тырысады екен ғой. Нәсіл қалдырмаса, тұқым-ұрпағымен құрып кететінін о да біледі. Қазір жер шарында екі жарым миллиард халық бар дейміз. Егер сол екі жарым миллиардтың өнім-өсімін елу-ақ жылға токтатар болса, жер бетінде бір пенде қалмайды екен. Адамзат ұрпағы құрып кетпек! Көз жүгіртші, Тулан, осыған. Өзі қонақтап отырған бұтақты аралаған Қаһар Жүсіпті не деуге болады?! Қарғыстың қандайы бар оған лайық? Хайуан дермісің, мал дермісің?!

Ал жәбірленуші ше? Бұл да бір осы күнге дейін шеше алмай қойған жұмбақ сырым: бір үйлі жан болып, ошарылып, талғажау етіп отырған көжелігін тартып алып кетіп бара жатқанға даусын шығарып тіл қатар бірі жоқ қой. Ертең аштан өлерін біледі. Біле тұра үндемейді. Жалынбайды. Жағынбайды. Томсарған күйде қала береді. Олар қайыр-садақа сұрауды да білмейді. Бала болсам да, бүгінгідей көз алдымда. Аштықтан көзінің алды күлтеленіп, аяқ-қолы ісініп, бұралып жатқандардың талайын көрдім сол қыста. Бірдеме берсең алады, жейді. Бірақ өз бетімен қолын созбайды. Ештенені дәметпейді де. Өнменіннен өтер өткір көзін бірдемеге мағынасыз қадап жата береді. Бұл не нәрсе, Тулан? Ерлік пе? Әлде ездiк пе? Береген қолым алаған демеуші ме еді халық? Бар күнінде қонақжай дарқан пенделердің өлім аузында басқадан түк дәметпеуін, дәметпей жатып жан тапсыруын қалай түсінуге болады? Жұмбақ бұл маған. Күні бүгінге дейін жұмбақ.

Бірді айтып бірге кете беремін, Тулан. Адам болған соң, көкейде жүрген сыр ғой бұл. Енді Қаһар Жүсіптің өзіне оралайық. Ие, менің әкемді сол Жүсекеннің өзі шақырған.

— Сен кімсің?

— Мен, Қо-Койшыбаймын...

— Қой бағып жүріп, байып кетсін деп қойған ғой. Ниетінін жама-нын қарашы. Байлармен байланысын жоқ па?

— Жо-жок...

— Жок болса, бар. Колхоз сарайын күзетесін. Байқа, қаппа алдынан құс жорғалап өтсе, жақсылық көремін деп ойлама! — деп Жүсекен алты атарын суырып алып әкеме кезенген.

Қойшыекенде «жок болмайды» — деген болған ба, «колхоз сарайын күзетсем, күзетейін», — дейді ғой әрине.

Сөйтіп, менің әкем күзетке шықты. «Күзетсем, күзетейін» дегенімен, Қойшыекеннің тапсырылған жұмысқа сүлесок бола алмайтыны тағы бар ғой. Күн демейді, түн демейді, сарай маңынан аяғын аттап баспайды. «Жүсекеннің өзі айтты ғой, құс жорғалап өтсе, расында да ұят болар», — деп жүреді де қояды. Өйтуіне тағы бір себеп, күзде құйған тұқым қорының қыс ортасында жарым-жартысы жоқ болып шығыпты. Сарай төңірегіндегілердің күзетшіге дейін түгел ауыстырылуының мәні де осында. Содан кейін, қайдан келіп жатқанын кім білсін, колхоз сарайына шана-шана бидай келіп түсіріле бастады. Ашыққан жұрт осы шаналарды, шанада теңкиіп жатқан алаша қаптарды торуылдайды. Сол кезде сап етіп Қаһар Жүсіптің өзі жетіп келеді де, бала демейді, шаға демейді, камшының астына алады. «Мына иттерді неге қумайсың?!» — деп әкеме ақырады. Ал Қойшыекен болса, үндемейді. Тұтас алашадан тігілген қанар қаптардың аузын шешіп, тұқымдық бидайды шелек-теп таси береді.

Бір күні осындай бір іс үстінде тағы да Қаһар Жүсіп келді.

— Мына шелекпен не өнеді. Қаптап неге тасымайсындар? — деп кілтші Нұрымға төнді.

— Бұл қап емес, алаша ғой, кім көтере алады дейсің, Жүсеке... — дейді Нұрым ақырын ғана.

Қаһар Жүсіп менің әкеме бажырая қарады:

— Әй, Қойшыбай, сені жұрт мықты дейді ғой. Мына алашаны көтеріп сарайға жеткізші, кәне, ақысына бір бұт бидай аласың.

Әкем «рас па?» дегендей, кішкене көзін күлімдете қарады. Бұл кезде біздің үйде де қаптың тақырланып қалған кезі еді, итермелеген сол жай ма, тайынар емес.

— Неге қарайсың? Рас айтам. Бір бұт таза бидай аласың.

— Көтерсем, көтерейін. Тек демесіп, иығыма салып жіберетін болсын.

Менің жүрегім су ете қалды. Жадағай шананың өн бойын алып, теңкиіп жатқан бір алаша бидайды қалай көтермек? Астында қалып мерт болмас па? Бірақ оны ойлаған бір пенде жоқ. Қаһар Жүсіптің қабағын бағып тұрған жүкшілер алашаны арқасына құлата бастады. Денем қалтырайды. Бакырайын десем, дыбысым шықпайды. Жасқа булығып, үнсіз тұрмын.

Дегенмен акыры қуанышпен тынды. Ең әуелі, алаша әкемді шын басып қалған секілденіп еді. Қол-аяғы, басын түгел жауып кеткен. Енді қарасам, сарайға қарай сүйретіле қозғалып барады. Алашадан әкемнің қыбырлаған өкшесі ғана көрінеді.

Әлі есімде, таразыға салған Нұрым:

— Он сегіз бұт, бес қадақ! — деп нәштей сөйледі. Даусында дән ырзалық бар.

Біз, сөйтіп, өгей шешем екеуіміз бір бұт бидайды көтеріп, қуана-қуана үйге оралдық. Бірақ әкем күзетке шыққаннан бері ол жазғанда да маза жоқ. Қаһар Жүсіп атып тастай ма деп шын қорқа ма, әлде колхоз сарайына төнген қауіп күшті ме, білмеймін, кеш түссе-ақ тері шалбар, үлкен тұлып киеті де, тымақтың бауын бастыра байлайды. Содан соң тот басқан ескі бытыраны аркасына асып алып, әкемнің соңынан кетеді. Мен болсам, азынаған ессіз де қараңғы үйде жалғыз қаламын. Сыксиманы жағып қояйын десем, жалп етіп сөніп қала береді. Желдің қайдан соғатынын да білмейсін. Жел қопсытқан төбе қаңылтыры боранмен ұйтқып тарсылдай ма, дүрсілдей ме, бір тынбайды әйтеуір. Көзім ілініп бара жатып, шошып оянамын. Колхоз жаулары төбені келіп қопарып жатқан секілденеді. Толассыз терезе тысырлайды. Көзім ілініп бара жатып, тағы да шошып оянамын. Солбан етіп бір көкжал түсіп келе жатқан сияқтанады. Тарс етіп мылтық атылғандай болады. Гүрс етіп бірдеме құлап түскен секілденеді. Бір ауық қасқыр ұлиды, бір ауық інгәлап бала жылайды. Әйтеуір боранды дүние қатерлі де, жұмбақ ызың-шуға толы. Мен айкай саламын. Әкемді, Бибігүлді шақырамын. Бірақ олар енді қайтып оралмайтын сияқтанады.

Осыны ойласам, осы күннің өзінде де аркам мұздап жүре береді. Қалай жынданып кетпедім екен десенізші.

Сондай бір үрейлі түндердің бірін артқа салып, таң ата көзім ілінген екен, жылаған дауыстан шошып ояндым. Қарасам, екі бүйірін таянып алып, өгей шешем дауыс етіп отыр. Алдында әкем жатыр. Басын таңған шүберектен ұйып қатқан қан көрінеді. Кіріп, шығып жұрт сапырылысады. Бәрінің де айтатыны:

— Сокқыға жығып кетіпті.

— Албардың құлпын сындырып, тұқым қорын талап кетіпті.

— Бибігүл сорлының аяқ-қолын байлап, аузына шүберек тығып кетіпті!

Сөз осы. Мен сорлыда не қайрат бар, әкемді құшақтап бақыра бердім.

Бір кезде шалқасынан есікашылды. Ең әуелі жаркетіп найза, содан кейінақпиманың басы көрінді. Сырттан бір қора ызғарды алып, жырық етек тон киген, ала көз, дәу қара кіріп келе жатты. Жұрт — тым-тырыс. Бибігүл тас түйін, дыбыссыз қалды. Мен салмастан таныдым. Бұл — Жүсіптің өзі.

— Құлыпты бұзып алған бидай кайда? Кайда тықтындар? Тап! Кәне?! — деп шешеме төнді. Менде үн жоқ. Жүрегім суылдайды. Байкаусызда көзім түсіп кетіп еді, бір ала көзімен оны, бір ала көзімен мені атып бара жатыр. Қорыққанымнан бақыра беріппін. Баксам, ол сондай аки көз екен.

— Алмаған бидайды кайда тығады. Ұрылар әкетті, — деді Бибігүл. Тайынатын сияқты емес.

— Тінтіңдер! — деді Жүсіп қасындағыларға.

Осы бір жалғыз сөздің қаншалықты құдірет-күшінің барын мен Жүсіптер кеткен соң білдім. Еден копарылды, пеш тас-талқан болды. Қора кертелеріне сумандап сүймен жүгірді. Шешем үш күн суық албарға камалып шықты.

Осыдан кейін біздің үйдің шаруасы оналмады. Әкем жатып қалды. Бибігүл істі болды. Талғажау етіп отырған баяғы бір бұт бидай белсенділердің қолында кетті.

Аш иттей әр үйді бір торып, әр қораны бір тіміскілеп, шетке шыққанға ауыз салып жүрген аштық біздің үйге де аранын ашып келе жатты.

— Енді қайттік? — деді дағдарған әкем төсектен басын көтеріп, үйге кіріп шығуға жараған соң.

— Ие, енді қайттік?

\* \* \*

...Айнала шайқалған теңіз бейнелес. Ұйтқып жыңды боран соғады. Алда түтеген ақ қоймалжыннан әрең-әрең көрініп екеу келеді. Ол — менің әкем, ол — менің өгей шешем. Артта, кішкене қол шанада мен отырмын. Күшімнің жеткенінше үшеу болып, қатарласа жүрейін десем, оған жағдай жоқ. Жамбасынан басқан көн етіктің ұлтаны бір бөлек, өзі бір бөлек болып алдақашан қалған. Мен тобан аяқпын. Сол себепті, Бибігүл байғұс қалың кигізге орап, шанаға отырғызып қойды.

Олар бір басады, екі басады, ілгері жылжиды. Қол шананың соңында тартылған сымдай болып, ап-айқын жіп-жіңішке қос сызық қалады. Жок, қалмайды, өкшелей қуған, жанапайлап қуған қар теңізі толқынымен лық еткізіп көміп келеді. Ақ ирек жолдың кедірі мен бұдыры да көп. «Шанада отырмын» деген атым ғана. Көлденен тұрған атжал, ақбайталдарға қиялап шыққанда жел өкпінімен әлсін-әлі аунап кете беремін. Ондайда Бибігүлдің жылы алақаны тағы да кеп демеп, шанаға отырғызып қымтай, шымқап жатқаны.

Алдымыз сұп-суық белгісіздік. Бірақ мен оған онша көп қиналмаймын. Өйткені алда баяғының алыптарынша соныдан соқпақ салып келе жатқан әкем бар. Бибігүл бар. Сол екеуі

бар тұрғанда қай тарапка бет қойып жүрсек те, бір жұрттан барып шығарымыз хақ. Жалғыз-ақ ана жоғалып жатқан ізімізден шошынамын. Туған жердей Мезгілдің бораны ығыстырып барады. Біржола ығыстырып бара жатқандай. Қайта айналып келу жоқ, қайта айналып көрісу жоқ секілді. Оның үстіне құлақ тұндыра соққан үскірік жел қойны-қонышымды аралайды. Бейнебір жылан ысылдап аралап жүргендей. Тісім тісіме тимейді. Қарынға түскен де қауқарлы ештеңе жоқ. Ол да бір жағынан сәт сайын ойға оралып, мазалайды.

Біз шыққалы, міне, екі күн. Күнәсіз болсақ та, күнәлі есепті, ұрланып, түнде шықтық. Қайырсыз үйдің оты жағулы, төсек, орны жиюлы, тіпті өгей шешемнен келген батсайы шымылдығы да құрулы, бәрі де өзіміз бардағы күйінде қалды. Бұл — екі-үш күн болса да Қаһар Жүсіп секем алмасын деп із тастау ғана.

Жүреді, тұрады олар. Түнделетіп, бір жай-мекендерге келеді. Қонған үйдің отынын ұсақтайды, есігінің алдын алып қалған тау теңіз қарды аршиды. Содан кейін су-суанын ішіп, жолға деп бір уыс көжелігін сұрап алып тағы да ілгері кетеміз. Соққыдан әлі есін жиып болмаған әкем байғұс жиі тоқтайды. Қол шананың жібі аш болсын, тоқ болсын бір мойымайтын, бір кабак шытпайтын өгей шешеме, дүлдүл шешеме қайта-қайта ауысып барады да, ұзағырақ тоқырап қалады. Қол шана артына бір қарыс қос сызық салып жылжи береді...

Содан бері отыз бір жыл өтті. Мен, міне, тағы да дәл сол жолмен келемін. Ақ сүтін бермеді дегенін болмаса, шын ана бола білген, аяулы адамға асығып келемін. Бірақ қол шана емес, астымда желден жүйрік машина. Сонда да асыққан көңілге ілесе алмай егін-егіннің арасындағы шоқалақ жолмен өндірмей келеді.

Жол!

Жол тағдыры да адам тағдыры сияқты қызық болады екен ғой, Тулан. Бір кезде мүлгіп жатқан қазақ сахарасына сор әкеліп, ырысын әкете берген, бүкіл Еуропаға әйгілі аты шулы қасқа жол еді бұл. Нілдінің мысы мен Қарағандының көмірі осы жолмен барып, бүкіл дүниелік базарлардың саудасына түскен. Француздың жібегі де, ағылшынның жүн маталары да осы жолмен айлап, жылдап жүріп жеткен-ді. Қазақ даласына бұл жолмен жәбір-жапа, қулық-сұмдық келді, ақша келді, тез келді бірақ. Самарқау елдің санасы да осы жолмен оянды. Кеш оянды, бірақ. Бұл жолмен жаяу-жалпылап жүріп Пушкин келді. Некрасов келді далаға. Бұл жолға қазақ халқы қасқыр көрген жылқыша оскырына, шошына қарап жақындай берді, жақындай берді... Пайдасын да көрді, басын да құлдыққа байлап берді.

Сөйтіп, бір кезде дүние жүзінің жебірлерін бал арасына «мен мұңдалайтын» қызыл гүлше өзіне тартқан жол — міне, енді егін арасының шоқырақ соқпағына айналып кетіпті.

Ие, Тулан, жол тағдыры да қызык. Бір кездегі данғыл жолдар шөп шығып, бүркеу тартады да, жоғалады. Соныдан таспадай болып жана жолдар түседі. Ол жол жана да жақсы мекен-жайларға апарады. Алдау-сұмдығы жоқ, пәле-жаладан қағас, өсек-ғайбаттан ада қарым-қатынастарға – адам қарым-қатынастарына апарады...

...Қайда апарарын білдім бе мен онда. Әке-шешем сүйреткен қол шана мені қалың бір қарағайдың ішіне алып кірді.

Ең жақсысы, бораннан құтылды. Бықсыған тезектен, құр лапылдағанымен, қызуы жоқ қамыстан құтылды. Қарағай басы шайқақтап тулайды. Мезгілдің боранын сол ғана еске салады. Ал қойыны болса, құлаққа ұрған танадай тып-тыныш. Үп еткен жел тұрса, жоса жөнелер қалың қардың қозғалар түрі білінбейді. Төсегін мықтап салып алған. Үлкендер болса, жуан-жуан ағаштарды кесіп әкеледі де, отқа тастайды. Жан-жаққа жалқын қызуын жайып маздап, қоздап жаналы ол.

Біз енді жалғыз да емеспіз. Жаңа бір үй ішімен табыстық. Үй иесі сопақ бет, сары сакалды Нұрыш дейтін енгезердей сары кісі. Ұзын сапты ақ балтасын жарқылдатып, құлаштай соғып, құлатылған қарағайларды бұтарлайды да жатады үнемі; сөзбен де ісі жоқ, әкем сияқты үндемейтін бір пенде. Нұрекең үндемесе де жақсы адам еді. Шай ішіп жатқан үстіне кіре қалсаң, айыр саусақты, арбиған қолымен бөлке наннан уыстай үзіп алады да, әйелге тән жінішке даусымен:

— Ал, қағып ал! — деп есікке лактыратын. Әрине келген шаруаны бітірген соң қарап тұрам ба, жақсы көретінімді жайылған езуіммен танытып, жайыма жөнелемін ғой. Жок, жөнелмеймін, алғанға көңілім көншімесе, арқамды бір қиқаң еткізіп тұра беремін. Арқаны қиқандататын себебім де бар. Баяғы Бибігүл апамнан келген көйлектің жалғыз жағасы мен омыраушасы ғана қалған. Жат көзге көйлегі бар екен десін деймін бе, қамыт кигізген атша, сол жаға мен омыраушаны мойныма іліп, жалаңаш етіме шапан киіп жүретінмін. Нұрекең сонымды байқаған болса керек, бір барғанымда үстіндегі көйлегін шешіп алып, маздап жанған отқа жағасынан бүрмелей ұстап, әрлі-берлі, дөңгелетіп алды да, қолыма ұстатты.

— Бар, үйіне бар да киіп ал.

Нұрыш осындай жақсы адам.

Осы жақсы Нұрекеннің үйінде менің қыртысым сүймейтін де біреу бар. Ол — көзі тышқанның көзіндей жылтырап тұратын қушық бет қара кісі — Садыр. Ол мені кездескен жерде: «Өй, бокмұрын» деп кемсітіп, мұрнымнан шертіп кетеді. Нұрыш жоқта бара қалсам: «Неге келдің, бокмұрын? Ана мұрнынның сорасын ағызбай, табаныңды жалтырат!» — деп айдап шығады. Сол себепті, мен оны жек көремін. Жек көргенімді қайтейін, шынымды айтсам, қорқамын одан. Қорқа жүріп, атарға оғым тағы болмайды. Өйтегіні: Садыр Бибігүлмен кездессе-ақ болды, бірдемелерді айтып, әзілдей бастайды. Қалайсыз

жерлерге колын жүгіртеді. Сонда мен қызғаныштан жарылып кете жаздаймын. Бірақ Бибігүл де оны ұнатпайтын сияқты. Алдырмайды:

— Кет әрі, іннен шыққан каптесерге ұқсамай! — деп бетін қайтарып тастайды. Сонда ғана жаным жай тапқандай, сазайын берген шешеме разы болып, Садырға ішімнен: «Өзіңе де осы керек!» — деп қоямын.

Сол Садыр мен әкем ағаш аралайды. Нұрыш жығылған қарағайларды бұталайды.

Бұл кәсіппен айналыскалы тұрмыстың беті түзелейін деді. Қалай десен де, нанға аузымыз тиді. Әкем кешке жұмыстан босаған соң, асханаға барып, ақ бөлкені қолтықтап қайтады. Жалғыз ғана қолайсыздық бар: Нұрыштың үйі де, біз де қалын жабылған қоста тұрамыз. Тәйірі, ішіп-жемің болса, дені сауға аяз дегенің түк емес екен ғой. Өгей шешем жуан-жуан дөңбектерді алып келіп, дүрілдетіп отты жағады. Картопты шелектеп асады. Ақ нанды, үгілген картопты тоя жейміз. Содан кейін қабат-қабат жамылып жатамыз да қаламыз. Танауымыздан ақ буды паровозша будақтатып, ұйқыға да кетеміз. Бір ғана жаманы — ертесіне тұрғанда қиын. Айнала қысқан сары аяз басынды көтерсең-ақ бас салып, жылы төсекке қорғалата береді. Бір тұрып алған соң мұртыңды балта кеспейді. Лаулап жанған отқа тал-тая қақтанып, екі бетің бал-бұл жанып отыра бересің. Ал, реті келсе, Нүрекеннің қосына қарай жалаң аяқ, жалаң бас жүгіріп ала жөнеле бересің. Ақ қарда аяғыңда лыпаңның жоғы да түк емес екен, қарнын ток болсын де!

Бірақ менің бұл қызығым ұзаққа бармады.

Әкем әуелі «басым айналады», — деп шағына беретін болды. Бара-бара жатып қалатынды да шығарды. Ондайда «қой кезегі» Бибігүлге келеді. Бірақ оған Садыр разы емес. «Қойшыбай тойынған соң, шолжандайын деді. Өзі үйде қалып, жұмысқа әйелін жіберетінді шығарды» — деп қалады. Онымен де тынбады! Бір күні қосқа келіп қиғылықты салмасы бар ма!

— Пакетті бірдей аласың да, жұмысқа қатыныңды жібересің. Олай болмайды енді. Не орынды босат. Не жұмысқа шық. Екінін бірі.

Шешем болса:

— Асырай алмай жатқан қызыл сирақтарың бар ма еді?! Қып-қызыл жігітсің, ұялсайшы осылай деуге. Менен артық қиратып, сен де ештенені қырып тастаған жоқсың, — деп шаптыға сөйледі.

Ал әкем болса, үндемей қалды. Ертеніне:

— Айтты-айтпады, Садырдан ұят болды. Бүгін жаман сияқты емеспін. Өзім барғаным жөн болар, — деп жұмысқа кетті. Бірақ сол кеткені кеткен болды. Қайтып қосқа кіре алмады. Еңкейіп ағаш аралап жатқан кезінде:

— Көзім қарауытып барады, тұра тұршы, Садыр, — деп отырып жатыпты да, өтіп жүре беріпті...

\* \* \*

Осы кезде ресторан кұхнясынан шыжылдап, бұркырай шыккан екi бифштекс «былай тұрындар, жол берiндер, мен келемiн!» – дегендей, әр ауыздың сiлекейiн шұбыртып, бiздiң алдымызға келiп тоқтады. Мен бiр рюмка коньякты құтты орнына аттандырып жiбердiм де, қуырылған еттi ала берiп, ойланып калдым. Көз алдыма бала Мезгiлдiң Сiбiр орманының iшiндегi халiн, мұшкiл халiн елестететiн сияктымын. Содан кейiн не iстедi екен бұл байғұс? Әлде ақ қардың, көк мұздың үстiнде жалаң аяқ жүрiп ел ақтады ма? Әлде...

Менiң ойымды Мезгiлдiң даусы бөлдi:

– Әке кеткен сон бiзде не күй калды дейсiн, Тулан. Бибiгүл әуелi Садырға серiк болып, ағаш аралап жүрдi. Бiрақ бұрынғыдай емес, жок нәрсеге кейiп, кабак шытатын мiнез шығарды. Быксып, от жанбаса да, байкаусызда қазанның түбi күйе бастаса да, «құдайы құрғыр, ку құдай-ай!» –деп таусыла қалады. – Бiрақ мен онысынан сескенбеймiн. Өйткенi бала деген тамыршы сиякты емес пе, өзiне деген көнiлдiң ала-құлалығын дәп басып, бiрден бiле қояды ғой. Әкем өлгеннен берi шеше көнiлiнен ондай өзгерiстi байқамаймын. Кабак шытса, басына түскен ауыртпалыкқа, жан жолдасынан айырылғанына, өз тағдырына қайғыратын шығар. Оңай деймiсiн!

Мен, бiрақ осы бiр тышқан көз, жыпылық Садырдан сескенемiн. Соның мiнез-құлкында, жүрiс-тұрысында маған ұнамайтын бiрдемелер бар. Жұмыс басында дем алған болып отырып, шешеммен ұзақ сөйлеседi. Мен өйтiп отырмаса екен, сөйлеспесе екен деймiн. Кейде әр нәрсенi себеп етiп, қастарына барамын да, малақайымды табаным салып тұрып қаламын. Не сөйлесетiндерiн бiлгiм келедi. Бiрақ тыңдау қайда маған?

– Әй, бокмұрын, бар, табаныңды жалтырат, менен бiрдеме көрмей тұрғаныңда. Тыңшы сияктысын көрдiң бе өзiнiң! – деп ақырады Садыр.

Сол кезде шешемнiң көзiнен мөлтiлдеген жасты көремiн:

– Жетiм деп, жесiр деп басынасың-ау, Садыр. Мезгiлдiң әкесi болса, бiзбен бұлай сөйлеспеген болар едiң ғой. Сөйле. Саған кер келер деймiсiң, – дейдi ақырын ғана күрсiнiп.

Сондайда мен шешемдi әрi аяймын, әрi iштей кейимiн де оған. Кейитiнiм: бұрынғыдай адуын сөйлеп, бетiн қайтарып тастамайды. Қажығандығын танытып, мүсәпiрси сөйлейдi. Неге өйтедi екен, картоп сиякты сопиып тұрған жылтыр мандайынан бiр перiп: – Бар, ендi қайтып қарамды көрме! – деп неге айтпайды екен? – деп кейимiн. Бiрақ тұра беруге шама жок. Садырдан қаймығамын да, коска қарай тартып жөнелемiн. Онда да мазам болмайды. Мына сұңғылалыкты қараңызшы. Қаршадай болып алып, Садырдың менi ғана емес, Бибiгүлдi де жәбiрлейтiнiн сезетiн сияктымын. Жатып

алып әр түрлі айла ойлаймын. Тор құрамын. Кайтсе де тышқан көз Садырдан құтылудың амалын іздеймін. Біресе Садырдан екі есе зор, батыр жігіт болсам, сөйтіп, оны көтеріп апарып бір ағашқа асып қойсам деймін. Кенет орман ішінен бір жолбарыс шыға келіп, аркалап алып жөнелсе деп те қиялдаймын. Жүріп келе жатқанда алдынан бір ор кездесе қалып, соған неге түсіп кетпейді екен деген ой келеді. Бірақ қанша айла-тәсілді армандап бақсам да, Садырға бір кер келмейді. Қайта біздің қосқа ана-мынаны сылтауратып, жиі келгіштейтінді шығарды. Бір келсе болды, жокты, барды сөз етіп шықпай қояды.

Осылай қыс та өтті. Биікке көтерілген күн жер-ананы бусандыра бастады. Жер аяғы кеңіп, орман іші қилы-қилы гүлге, қилы-қилы үнге толды. Бірақ мен ауырып қалдым. Көзім қарауытып, басым айналады. Кара судан басқа түк ішкім келмейді. Шөлдей беремін. Түн болса-ақ, көз алдыма керемет бір елестер кеп орнайды. Мағынасыз бір қыз ойнақтарға араласып кететін сияқтымын. Ұйтқып боран соғатындай... Жапырылып ағаштар құлайды. Солардың астында қалған әкемді көремін. Тегі сандырақтайтын болсам керек. Ояна келсем, маңдайыма суық су басып отырған Бибігүлдің: «Тиышталшы, шырағым. Бәрі де орнында. Мынау шыққан көктем ғой. Боран қайдан соқсын. Ағаштар да құлаған жоқ. Басыңды көтеріп, асқа қараған кезінде әкеңнің басына барып, дұға оқып қайтамыз. Сабыр ет, балам» — деген қоңыр үнін естимін.

Бұл сөз маған әл беретін сияқты. Кембағал көңіл жұбаныш табады. Көзім қайта іліне бастайды. Тағы да әлгі бір қызылды-жасылды әлеміш дүниеге барып енемін. Сол бұлдыр елестің ішінен ап-айқын болып, Бибігүл шешемді көтеріп әкетіп бара жатқан Садырды көрем. Айқайлайтын болсам керек. «Мен, міне, қасыңда отырмын. Сабыр ет, шырағым», — деген Бибігүлдің дауысы келеді тағы да. Мен сонда өгей шешемді құшақтап аламын. «Кетпеші, апатай, кете көрмеші» — деп жалына бастаймын.

— «Сені тастап қайда кетеді дейсің, мен бейбақ!» — дейді Бибігүл аузыма су тамызып. Мен оның бауырына кіре түсемін. Бар қарағаштай панам сол. Айырылып қалсам, өлетін сияқтымын. Бибігүл де сонымды сезер болса керек. Қасымнан екі елі кетпейді. Сұрағанымды екі етпей, ұзақты күн отырады да қояды.

Осындай алас-қапас, жан ұшырумен талай күндер өтті. Тегі бетім бері қараған болса керек, тамаққа көңілім шаба бастады. Бірақ тұрайын десем, басым айналып, құлап қаламын. Төсекті босағаға жақын салдырып, ұзақ жатам. Есіктен көк мөлдір аспанның аядай бір пұшпағы көрінеді. Одан бері көк жапырақтарын жайып келе жатқан ақ қайың бар. Баяу теңселіп қыбырлап тұрады. Не іздейтінін кім білсін, қайың бұтағының арасында ұшып-қонып бір сары шымшық шырылдайды ертеңді-кеш. Мені сиқырлы көктемнің осы

бір құлпырма көрінісі әлдебір киян шалғайға шақырғандай болады. Ана бір сары шымшық болсам деймін. Сары шымшық болып, мөлдір сулы тостаған көлдері бар Мезгілдің даласына қарай самғап кетсем деймін. Сол кезде «Ал Бибігүл қайда қалады?» — деген сауал қаперіме сап етеді. Жүрегім су ете түседі. «Жок, жок, Бибігүл шешемнен өлсем де айрылмаймын!»

Бір күні Бибігүл есік алдында менің көйлегімді жамап отырды. Мен күнделікті дағдыммен қоста жаттым. Дауыстай сөйлеп Садыр келе жатыр. Менің жүрегім тулап қоя берді. Қос есігінен сығалаймын. Садыр келген бетте-ақ жантая беріп, Бибігүлдің мықынына қол жүгіртті:

— Мықыныңның өзі немене, өлген қойдың жамбасына ұксап шодырайып кетіпті ғой.

Шеше жауабын тыңдарға дәрмен қалмады. Қалай тұрғанымды да, не ойлағанымды да білмеймін. Қостан атып шықтым да, Садырдың үстіне мысықша жармаса түстім. Аянбадым. Бейғам жатқан Садыр тұрғанша тырнақты да, тісті де батыра салып, жосалай бердім. Көзім қанға толды ма, әлде булыққан жасқа толды ма, оны да білмедім, әйтеуір ештенені көрген жоқпын.

Садыр да аянып қалмағанға ұқсайды. Белім, қабырғам күтірледі. Содан кейін лақтырылған допша көтеріле бердім де, сылқ ете түстім жерге. Басым жанғырыққа тиді.

— Мына әкеннің аузын... Иттің баласы, қайтеді? Бетімді тырнап тастады ғой! Қолыңды қол, бұтыңды бұт етіп тас-талқаныңды шығарайын ба осы!

— Ойбай, құдайы құрғыр, шұнақ құдай-ай, өлтірдің ғой қу жетімек сорлыны. Жоғалшы, көрінбеші көзіме! — деп Бибігүл жүгіріп келді. Даусы ширақ, баяғы әкем бардағыдай. Маған керегі де сол ғой, қатты қысып құшақтап алдым да, ағыл-тегіл жылай бердім. О да мені ыстық бауырына тартты да, дауыс қосты.

Міне, сол ана арада отыз жыл өткен соң әл үстінде жатып іздепті мені, көргісі келіпті. Неге іздеді? Неге көргісі келді екен? Мен осыны көп ойладым, Тулан. Ойладым да бір сұраққа кеп тірелдім. Білгін келеді: Адам осы өлер алдында не ойлайды екен, соны білгін келеді.

Менінше, адам өлерде дүниенің ыстық екенін түсінеді. Қимайды. Осы жасында қилы-қилы бұлтарыс, қалтарысы бар бұралан жолмен жүріп, жақсыны да көрді, жаманды да көрді. Жақсы адаммен де кездесті, жаманмен де кездесті. Өзінің де жаман, жақсы болған күндері бар. Соны ойлағанда жаманның бәрі ұмыт болады да, дүние енді нұрлы, ыстық, жарқын жағымен көз алдына ұлғая сыландайды. Сондай сәтте адам өзінің адамдық махаббатын берген, мейірімін салған, қымбат та қимас, аяулы деген жандарын іздейді. Солардың болашақ тілеуін тілейді. Соған қызыға, қызғана қарайды. Мен, міне,

осылай деп ойлаймын да, асыға түсемін. Көргім келеді, тілдесіп қалғым келеді.

— Ие, содан соң? — дедім мен дегбірізденіп.

— Содан соң сөз қысқа. Жолымыз екіге айрылды ғой. Мен көп кешікпей балалар үйіне кеттім. Ал Бибігүл болса, тұрмысқа шықты...

— Садырға ма?

Мезгіл маған қарады. Кейпінде «өзің қалай ойлайсың?» деген сұрау бар.

— Ие, соған... — Мезгіл тұнжырап отырып қалды. Содан кейін бір күрсініп қойды да, сөйлей берді. — Жок, тұрмысқа шықты деп жазғырмаймын. Қазір ойласам, сол кезде маған кексе көрінгенімен, жиырма бесте ғана екен ғой. Жиырма бес деген немене, уызы арылмаған сәби емес пе! Ие, сәби! Жок, шындап келгенде, тіпті Бибігүл байсырап да шықпаған болар. Сараласам, бірден-бір дұрыс жол осы. Мен балалар үйіне алынып, мемлекет тәрбиесіне көшпесем, ол тұрмысқа шықпаса, Сібірдің қай ағашының түбінде қаларымызды құдайым білсін! Міне, «анам бар еді» —деп әйеліме айта алмаған себебім осы еді, — деп тоқтады Мезгіл.

— Содан кейін көріспедіңдер ме?

— Жок, көрістік. Күз түскенге дейін жиі-жиі келіп тұрды. Біресе ақ бөлкесін аркалап, біресе паякка алған тәттілерін орамалына түйіп әкеп жүрді. Содан кейін тегі, қоныс аударып, басқа жерге көшіп кетті ғой деймін, көз жазысып қалдық. Жок, тағы да бір рет кездестік. Ол соғыстан кейін дәл бұдан он бес жыл бұрын еді. Мен майданнан оралған соң Днепропетровскінің кен институтына барып түскен едім. Соның үшінші курсына оқып жүріп мына Қарағандыда практикада болдым. Сонда кімнен естігенін білмеймін, осынау «Мезгілден» құрты мен майын аркалап іздеп келді. Көріспегелі көп жылдар өтті ғой. Көп жаналықтары бар екен. Ең алдымен, өз сөзімен айтқанда, «заман түзелген соң» «Мезгілге», колхозға оралыпты. Тағы да бір қуаныш, менің өзім танымайтын екі інім, бір қарындасым бар болып шықты.

Бибігүл қасымда он күн болды. Қоштасарда:

— Жетім еді, жетсе екен, адам болса екен — деп тілеп едім жатсам да, тұрсам да. Жат бауыр болма, шырағым. Жазынды үнемі шешеннің қасында өткіз, — деді.

Бірақ мен бара алмадым. Тышқан көз Садырдың алдында несіне мүсәпірсіін деген намыспен бармадым...

— Ғажап екен, ал көре алдыңыз ба Бибігүл шешейді бұл сапарыңызда? — деп сұрадым тағы да.

— Ғажабы сол — кіріп барсам, үлкенірек келген төргі бөлмеде қаптап отырған жан екен. Бәрінің де жүзі сынық, бәрі де тілсіз. Солардың ішінен көзім бірден Садырға түсті. Баяғы қалпы. Тышқан көзі жылтырайды. Үстінде барқыт бешпет. Бар

өзгерісі — сұлу етіп кара сакал жіберіпті. Қолында таспиык. Көптен бері жұмысқа жанаспағандықты танытар күсі жок ак саусақтарымен таспиықтың жақұт тастарын бір-бірлеп ауыстырып күбірлейді. Одан кейініректе сол Садырға ұқсас екі бала жігіт отыр. Ішімнен: «Бейтаныс інілерім осылар шығар», — деп ойладым. Он жакта ак кереует. Үстінде біреу жатыр. Беті ак орамалмен көлегейлеп қойылған. Мен оның кім екенін бірден білдім. Бірақ мына жұрттын сынық жүзіне, көрсем деп асығып келген кісімнің кимылсыз қалған тұлғасына қарап, жүрегім су ете түсті.

Әуелі Садыр шырамытты мені.

— Ау, келді ғой...

Жұрт кимылдап, қозғалып қалды. «Е, алла байғұс-ай! Қайтсін!» — деген күбір жүгірді.

Бейтаныс інілерімнің екеуі де ұшып түрегеліп, құшақтай алып жатыр.

— Жаңа ғана көзі ілінді, — деді бірі мені қорқытпайын дегендей.

Сол кезде көлегейленген орамал да кимылдады.

— Басымды көтерші, — деді әлсіз ауру дауыс. Содан кейін ажимды бір тереңнен жанары қайтып, суала бастаған бір көз қадалды маған. Арада көп жылдар өтсе де, көңілімде ыстық суреті сақталған, мейірбан көз, ана көзі бұл...

— Үйбүй-й-й. Мезгілмісің?... Шыбыным-ай, келдің бе? — деді ол ақырын ғана. Ол осыны айтты да қайта қисайды. Көзін жұмып көп уақыт үнсіз жатты. Қарасам, жас моншақтары сарғайып, суалған бетіне мөлдір сызық салып домалап барады екен. Неге жылады? Не ойлады ол дәл осы сәтте? Мына қазіргі екі дүниенің ұстара жүзіндей қыл арасында жатқан ауыр халін ойлап, жарық дүниені кимағандықтан жылай ма? Әлде: «Сенде ана жок, менде бала жок, соны естіп бала етіп алайын деп келдім», — деген сөзін есіне алып, оның ана бола алған, менің бала болуға талпынған алғашқы күндерін, ауыр күндерін есіне алып жылай ма? Болмаса, «екі талай кезенге келгенде, сөзімде тұра алмадым, затым әйел болған соң, әлсіздік еттім, кешір сонымды» дей ме? Қайдан білейін мен оны, Тулан. Адам көңілі ғажайып үндерге, ғажайып сырларға тұнып тұрған нәзік перне сияқты емес пе?! Бір қылын бассан-ақ қуаныш-қайғы болып, күйініш-сүйініш болып, төгіліп кетпей ме! Сөйлеп кетпей ме? Екінші бірі ұға бере ала ма оны.

Міне, үй толы жандар отыр осында. Бірі тұнжырап, бірі жылап та отыр. Мүмкін олар өзінің сәбидей пәк тазалығымен, ағайынтуғанды алыс-жақын деп алаламай, бәріне де мейірбан ана бола алған, ауыл анасы бола алған Бибігүлді аяп тұнжырайтын болар, аяп жылайтын болар. Бірақ мұның бәрі өткінші, ұмыт болар сезімдер ғой. Олар ана күнде сылап, күнде тарап сұлу сакал жіберіп, қолына таспиық ұстап қалған пірәдар Садырдың көңілінде не күй бар, мына ыстық дүниеден өткелі жатқан ана көңілінде не күй бар, ақыры отыз

жыл бойы көріспей, суысып кетсем де, екі сөздің күшімен канбақтай ұшып келіп түскен менің көңілімде не күй бар, қайдан білсін, қайдан ұқсын! Бар болғаны:

— Әлсіреп қаласың, жылай берме! Күткен балаң келді. Арманың жоқ енді, — деп қосарлана сөйлеп, басу айтып жатыр. Бірақ ана байғұс тіл қатпады. Көп жатты. Содан кейін тағы да басын көтерді. «Қысылып қаларсың, жата тұр!» деген ақылды алған жоқ.

Енді жүдеу кескініне анықтай қарасам, әлгінде жоқ бір күйге келіпті. Бет ұшында әнтек қан ойнап шыға келгендей. Көңілді де сергек сезіледі.

Мен мұны өз басымдағы күдікті үмітке жеңдірген «е, бәсе, осылай болса екен!» деген алдамшы сезім құбылысы ма деп едім, оным теріске шықты. Шешем бұрын түн болса, жөтеліп, тынши алмай шығады екен, мен келген түні тыныстап жақсы ұйықтады. Ертеңіне асқа көңілі шабатынын айтты. Содан кейін белін мата белбеумен қатты буып, үй ішінде бас көтеріп бірер басып жүрді де.

Сұрастыра келсем, мұның бәрі де мен келгеннен бергі өзгерістер. Көңіл деген, әне сол. Іздеп еді, ансап еді. Көрді де, тынды. Жоқ, тынбады. Дертіне дауа тапты. Сергіп, сергек сезініп қалды.

Сөйтіп, ауру шешемнің алғашқы шипасы — мен, менің келуім болды. Бірақ мен келдім, бітті демедім. Аудан орталығына машина жіберіп, дәрігер алдырдым. Тышқан көз Садырдың: «Пыраш-шырашынды қайтесің, шырағым. Алланың жазуы осылай болса, тура келген ажалға кім ара түсе алады!» — дегеніне қарағам жоқ.

«Ал сонда, анаңның сырқаты не болды?» — демексіз ғой. Ол — талайды баудай түсіріп жатқан құрт ауруы — туберкулез екен. Мен дәрігермен ақылдаса отырып, бір тоқтамға келдім де, шешемді салып алып, станция қайдасың деп бір-ақ тарттым.

— Ойпырау, ана Бишәм деген кісі сол Бибігүл шешей ме?

— Ие, сол кісі. Қайдан шыққанын білмеймін, әйтеуір солай атап кетіппін ғой кішкене кезімде. Бишәм деп қалсам, сол дағдыма бағып жатқаным да.

— Ана Садыр шал неғып көне қойды? — деп сұрадым тағы да.

— Шафғат, Сафғат деген екі жасөспірім інім қарсы болмаған сон ол қайда барсын! Бірақ өзіне аттанарда:

— Бір кезде жалаң аяқ қар кешіп, панасыз қалған кезімде көзімнің жасына, мұрнымның боғына қарамап едім, енді менің де саған қарайтын жайым жоқ. Бүгін өстіп, үсті-басына тозаң түсірмей, жігітше сыланып, сипанып отырсаң, мен оныңнан күн демей, түн демей салпақтап, колхозда еңбек еткен, одан қалса, сиырынды сауып, қол диірменінді тартқан, отынды жағып, күлінді шығарған, кірінді жуып, балаларынды баққан, сөйтіп, саған жағынам деп жүріп, мезгілінен ерте солған анамның ашы терін, азап-михнатын көремін. Жеткергенің осы болыпты. Бишәм енді жоқ саған, — дедім.

— Әрине, «жөк» дегенді ойнап аттым. Ойлансын деп айттым. Балалы-шағалы болып, бауыр басып қалған қария ел-жұртын сағынбай тұра алар ма? Қарағандыда ірі дәрігерлер бар, тамаша ауруханалар бар. Соларға көрініп, сонда емделіп, айығып, тазарып шыққан соң, апарып саламын ғой, — деп Мезгіл әңгімесін бітірді.

Бағана бұлар купеге кіргенде ана ауру кемпірдің басында осыншалықты тамаша хикая бар деп кім ойлапты. Мен енді сол бір таза жан иесін анықтап көрсем екен деп асықтым.

Біз купемізге келдік. Қарт ана шайқақтаған поезд жүрісімен тербеліп, демалып жатыр екен. Әнтек жұмылып, жазылыңқырап қалған қабағында сергектік бар. Оң қолы диваннан сырғанай түсіп жатыр. Енді байқадым, ана суалған, шөккен тұлғасына қарағанда бір түрлі ірі де кесек тарамыс қол. Жолдың бір бұрылысында күн көзі ойыса келіп, кәрі алақанға қорғалай тұрып қалды. Айқыш-ұйқыш тартылған шытырман сызықтары да енді тым айқын. Кенет Мезгілдің жол туралы айтқаны есіме түсті. Ие, бұл сызықтар да шытырман жолдар есепті. Үзілмес үмітті, аяулы арманның жолы. Қиямет бейнет пен азап-михнаттың жолы. Енді бір ауық қол қозғалып кетті де: «Аларыңды алып болдың ғой, берерін кайда енді?» дегендей, көтеріле беріп тоқтап қалды...

Бибігүл ана аунап түсті.

\* \* \*

Қарағандыға поезд ертеніне түсте келді. Тегі, «анасын әкеле жатыр» — деген хабар жеткен болса керек, қарсылап жатқан топ қарамы едәуір. Сол қуанышты, жарасты топ ішінен қала тәртібімен киінген бір жас әйелді көремін. Қолында гүлі бар, арадан суырыла шығып, ұмтыла басып келеді. «Мезгілдің жары осы болса керек» — деген ой келді маған. Қария поездан түскен соң бір қолымен жаңағы келіншекке, бір қолымен Мезгілге асылып, машинаға қарай жүрді.

Поезд тағы да ілгері жылжыды. Терезеден үніле қарап мен тұрмын. Кенет «мен мұндамын» дегендей газет сыбдырлады. Ол, әрине, мықыр мойын тас құдай ғой кешегі. Мазасыз жолаушылардан құтылғанына қуанып отыр. Сөз жоқ, қуанады. Өгей шеше түгіл, өз шешесіне қайрылмай кететін мұндайлар «махаббат» деп аталатын ұлы сезімнің қасиетін түсінеді деймісін.

Поезд көсіле тартып заулап келеді. Мен де үй ішімді сағынып, заулап келемін. Бірақ өзім асыққанмен көңілім Қарағандыда қалды. Кенет менің де шешем сол Бибігүл сияктанып кетті. Өзім де Мезгілге ұқсаймын. Мезгілге ұқсап, қарт ананы қолтықтап, демесіп бара жатқандаймын...

## ЖЫЛ ҚҰСЫ

### 1

**К**еше кештетіп төгіле жауған кара жанбыр жер бетін жалап өткен екен, сарғайып қуқыл тартқан кер дала химчисткадан шыққан көне киім секілді — сондай таза, сондай өңсіз. Жакындап қалған күз белгісін танытып ызғырық жел соғады.

Битабар өгізшелерді Сарысудың әлі де нәрі бар көкшіл өзекшесіне сәскеде айдап түсірген еді, қазір шанқай түс. Жаз бойы ен даланы еркін жайлап, жонданып алған жануарлар тұмсығын жерге кенеше қадап, үскі тілімен қылтанақ алсынды орай соғады. Қолға қарап қорада тұрар ұзақ қыстың алдында қарбытып қалайын дейтін секілді. Битабар көп уақыт осы бір ойды қызықтады. «Мал екеш мал да қысқа дайындық жасап әлек». Бір қызығы, тосыннан мал баққан адамның екі қолы алдына сыймай қалатыны болады екен. Бұрын шулы, думан тірлікке үйреніп қалған жігіт ағасына мына жым-жырт дала да, аспанда үнсіз көшкен ақ бұлт пен үнсіз қалықтаған қаракұс та әлдебір жат әсер салып, мазалайтын секілді. Зерігінкіреп барып, бір тастың ығына қисайып еді, көп жата алмады, жер әлі сыз екен, жамбасы шылқып мазасын кетірді. Содан ба, тағы да келер күнді ойлап: «Қыс шіркін, биыл ерте түсейін деді-ау, — деп қойды. — Мал мен жанға қолайлы бола қойса игі еді».

Басқа ермек болмаған соң, көне заманнан бері қимылсыз жатқан дәу тастарды қопарып, домалата бастады. Бір шұбар тастың асты бықыған шұбар жылан екен. Шошып қалды. Бірақ суық соғып әлсіреген жыландар басын баяу көтеріп шұлғып-шұлғып қойды: «Ұямызды бұзатындай біз саған не жаздық?!»

Әлден уақытта мына жым-жырт даланың тынышын бұзып дүріл естілді. Битабар шұбар тасты өз орнына домалата салды да, мойнын созды. Сарысудың арғы қабағынан бір машина құлап келеді. Әлгіндей болмай екі жағынан күміс қалқан тұрғызып өткелден де жарып өтті. Дөңге шықты. Сосын тағы бір өзекшеге сүнгіді. Битабар ойыншыққа алданған баладай ұзақ қарады: «Апырау, бұл мақұлығын да жүзіп кетеді екен ғой».

Күн бесін болды. Битабар әлі қарап тұр. Өзекше толассыз ызыңға толы. Бірде зорайып, бірде өлеусіреп шығады. Ұйықтар кезде құлағынның түбінен естілетін масаның ызыңы секілді. Битабар солай қарай бет алды.

Машина бір кішкене жырашықтың үстінде тұр. Екі адам көрінеді. Бірінің басында шетен қалпак, окшауырақ жерде, ызғырық желден ығысып, мойнын тығып алған. Екіншісі — машинаға секіріп мініп, машинадан секіріп түсіп әлек.

— Е, неге тұрсыңдар, ерте күнді кеш қылып мидай далада?

Шетен қалпак ұнатпаған кейіппен:

— Неге тұрғанды білмейді, ә? — деп кекетті шала қазақшалап.

— Көріпкелім болмаса, қайдан білем? — Өзі ішінен: «Әлімнің Бертшегі секілді мынау бір жатқан қырсық қой», — деп қойды.

— Көріпкелін болмаса да, көріп тұрған жоқсың ба?

Битабар да енді шетен қалпактың әуенімен:

— Көргенмен білмейді, — деді.

— Қазақтар өстіп, білмегенсіп, аңқау келеді.

Машина қасындағысы қазақ жігіт екен, жылы түс танытты.

— Ау, ақсақал, білмеген жердің ой-шұқыры көп деген емес пе, байқамаппыз, сазға түсіп кетіп, шыға алмай жатырмыз.

Машина сазға батып қалады, машина саздан шыға алмай қалады деген ұғым Битабардың қаперінде жоқ екен, машинаны айналып жүріп-жүріп басын шайқады.

— Бұл мақұлығың да батып қалады екен ғой. Енді қалай шығарасың?

— Біле алмай тұрмын. Сүйреу керек шығар, не көтеру керек.

Битабар жанып кетті.

— Көтеру керек?

— Ия, көтерсе де болады.

— Сонда бұл мақұлықтың салмағы қанша?

— Салмағы ма? Салмағы екі тоннадай.

— Тоның не? Атан түйедей бола ма, соны айтсайшы.

— Екі жарым түйеге пара-пар-ау...

— Сонда бұл мақұлығыңның бір бөкесі... — деп Битабар сәл күмілжіңкіреп, әлденені есепке салған адамша ойланып қалды.

Осы кезде шетен қалпак айғайлап жіберді.

— Саздап жатқанда не әңгіме бұл?! Доғар әңгімені. Машинанды батпақтан шығарып ал әуелі!

Жігіт бір жеріне біз сұғып алғандай шоршыды.

— Ойбай, ағайын, былай тұр, нашәндіктің ашуы жаман.

Битабар да ерегісіп кетті.

— Сол нашәндігіне ерегіскенде машинанды көтеріп берсем не дер едің?

Шофер жігіт күлді:

— Не дейін, туған-ау, айта жүрем де.

-- Ал ендеше, күрегін болса, шым ой.

Шофер жігіт қағылез кимылдап шым ойды. Битабар бір-екі шымды жотасына тастап жіберіп, машинаның астына енді.

Аяқ-колымен жер тіреп бір сәт тұрды да:

— Иа, аруак, қолдай көр, һәуіп! — деп қалды.

Сазға кіріп кеткен қос донғалақ сопан етті. Содан кейінгісі оңай болды. Машина бұғаудағы арғымақтай ілгерілі-кейінді сәл теңселіп тұрды да, жұлқына жөнелді. Шетен қалпақ кабинаға жармасты. Жакындап қалған Битабарға шофердің: «Ал, туыс, рақмет!» — деуге ғана мұршасы келді. Неге екені белгісіз, Битабар шетен қалпаққа ызалы: «Енеңді..., шекірейген бірдеме екен, шым ойған жерге ауната салмаған екенмін өзін!» — Сөйткенше болмады, тызылдап дөнге шығып үлгерген машина қазықты айнала шапқан атша дөңгелене беріп кері салды. Битабардың жүрегі лүп етті. Құтты осы бір теріс ойдың үстінен дөп түсіп, ұстап әкетуге бұрылған секілді.

Шетен қалпақ есікті аша берді.

— Ақсақал, сіз кім боласыз? — Байкаса, тап жанағыдай ашулы емес, жүзінде жылылық белгісі бар. Битабар осыны байқап, қайта кесірлене қалды.

— Қазақ боламын!

— Қазақ екеніңді біліп тұрмын. Аты-жөніңді айтам.

— Менің аты-жөнімде не атаңның құны бар. Бар, жүре бер жәйіне!

Шетен қалпақ сәл абыржынқырап барып, басын шайқап есікті жапты.

Қайта өрге шығып бара жатқан машина соңына карап қалған Битабардың ойына шофер жігіттің: «Нашәндіктің ашуы жаман» — деген сөзі түсті де шошынып кетті.

— Жөнсіздеу сөйледім-ау осы. Мылтығы болып атып кетсе, не істейтін едім!

Осы ой Битабарды кешке дейін мазалаумен болды. Ауылға да тым кештетіп, қас қарайып кеткен кезде біреу желкелеп, біреу сүйрегендей болып зорға келді.

## 2

...Битабар кештетіп келсе, ауыл іші у-шу.

— Балуан Шолақ келіпті!..

— Балуан Шолақ келіп, байдың үйіне түсіпті...

— Балуан Шолақ керемет қызық ойын көрсетеді дейді....

Битабардың көптен іздегені жерден табылғандай, бір аяқ айранды қотара салды да, шала жуынып, байдың үйіне тартты.

Бай – Әлім деген бетінде секпілі бар, сопақ бет, ұзын ақ сары кісі. Көзі басқа казактан өзгеше, көкшіл. Сакал-шашы да жас кезінде жирен болған деседі. Бірақ бұл күнде ұзын өскен сұлу шокша сакалы мен екі ұшын әдемілеп басқан мұрты да аппақ. Жирен түстің түк нышаны жоқ. Әлім бай болғанымен кісілігі мол, ел адамы. Өткен-кеткен қонақтар да бұл ауылға келсе «Әлім» деп келеді.

Әлім бұл жолы да қонақжай, мырзалығынан танбапты. Арканын ерке серісі, балуан серісі Шолаққа арнап ауылдан алысырақ көкөрай шалғынға тоғыз канат ақбоз үй тігіп, іргесін түріп тастаған. Айнала нөпір жастар.

Біреулер жабықтан сығалайды, біреулер жиі ашылып-жабылып жатқан есікке үніліп қалады. Үй іші у-шу. Әйелдің сыңғыр күлкісі, «беу шіркін!» – деп көтермелеген ерлер даусы. Солардан өзгеше бөлініп, баппен қағып, тартылған домбыра сазына кешкі самалдай есіліп майда қоныр дауыс кеп қосылады:

*Ғалияның қолында бұйда пышақ,  
Ғалияны көрдім де-ау, жайдым құшақ...  
Отыр ма екен Ғалия, жатыр ма екен  
Айдың көлде жүзген аққуға ұқсап?  
Аққуға ұқсап...  
Беу, Ғалия-ай, жан сәулем, бетіңнен,  
Аппақ қардай етіңнен  
Бір күн ауру, бір күн сау  
Жазылдың ба-ай дертіңнен?*

Битабардың жүрегі шымырлап кетті. Бұл ән Балуан Шолақтың Ғалияға ғана арнап шығарған әні емес, бүкіл мүскін бозбала атаулының өз ғашық жарларына арнап шығарған әні секілді. Ыстық құмарлықты, ынталық, адал сезімді пәш ететін ән. Битабардың көңіл зердесіне тағы да Жанкүмістің Ғалиядай асыл бейнесі кеп орнай қалды. Онаша бір сәтті тауып кездесе қалғанда әмәнда бір асыл сөз айтқысы келуші еді, бірақ айта алмаушы еді. Сондағы айтып жеткізе алмайтыны осы ән екен ғой. Балуан Шолақтың «Ғалиясы» екен ғой. Битабар соны жаңа тапқандай.

Битабар селк етті. Енді аңғарды, қиялдың пырағына мініп, тым ұзап кеткен екен. Бай үйін төніректеген бозбала шуылына қайтып оралды.

– Кір, кір, Битабар, үйге кір! – Айнала қоршай қалған жас жігіттер Битабарды есікке итермеледі.

– Ау, өздерін неғып тұрсындар?

– Біз сені күтіп тұрмыз. Әуелі сен кіресің, Балуанға сәлем бересің. Сосын біз...

Битабардың ойлауына пұрсат болған жоқ. Ақбоз үйдің табалдырығынан барып бір-ақ шықты. Әйтеуір ешкім елемеген секілді. Жұрт

құлағы әнде, жұрт көзі Балуан Шолақта. Битабар әуелі как төрден Жанкүмісті көрді. Тұғырға конған каршығаға ұксап, Шолактың оң тізесінде отыр. Байкаса, сол тізесінде тағы бір үкілі қыз. Балуан екі қызды құс балапанындай айқара құшақтап төсіне басыпты да, домбыра шертіп, «Ғалияны» шырқайды. Әлдебір қызғаныш оты ма, Битабар тіксініп қалды да шегіншектей берді.

Балуан бір сәт тынып қалды. Жұрт жапырылып есікке қарады. Қонақтың көзі Битабарға түсіпті.

— Ә, кел, кел!

Балуанның сол жағын ала отырған Әлім байдың жалғыз ұлы Бертшектің:

— Әй, жаман, сәлем неге бермейсің! — деген даусы шықты.

Битабар айыбын жумақ болды да, тез басып барып қолын ұсына беріп:

— Ассалаумағаләйкем! — деп дауыстанқырап айтты. Неге екені белгісіз, үй іші осы кезде ду ете түсті. Тұғырда отырған екі қыз да сәл бетін қалқалап, ұрлана күліп жатыр.

— Уағалейкөм... — деп барып Балуан Шолак жігіт қолын асықпай алды да, оқыс бытырлатып қысып жіберді. Аңғырт жігіттің жаны мұрнының ұшына келді. Ауырғаны сондай, бақырып та қала жаздады. Мұның бәрі жалғыз-ақ қабақ қағыста болған жай еді, ендігі сәтте есін тез жиған Битабар да еруліге қарулы жасап, қайрат көрсетіп жіберді. Шолак басын көтеріп алды да жалт қарады:

— Ә, көп жасықтың бірі ме десем, жас арыстан екенсің ғой, кел, кел, отыр.

Битабар осы сөзді ғана күтіп тұрған екен. Еркін қимылмен Балуанның оң тізесінен Жанкүмісті суырып түсірді де, екеуінің арасына барып отыра кетті.

Топ іші гу-гу: «Жарайсың, Битабарым! Ел сағын сындырмаған өзін ғана!» «Е, бәсе, біз де елміз ғой, анамыз ұл тапқан екен ғой!»

Құлағының дәл түбінен Жанкүмістің ыстық демі естілді:

— Сен де бақырасың ба деп зәрем ұшып еді.

Сыртта жабықтан сығалап жүргендердің ау-жәйін Битабар енді аңғарайын деді: үйге кірген бозбалалардың сәлемін Балуан Шолак өзінше алады екен:

— Атыңды айт.

— Атым — бәленшебай...

— Жок, дұрыстап, жұрт еститіндей етіп айт!

— Бәленше...еба...й.

— Е, дұрыс, ал енді құрт ұрлағаныңды, кебежеге түсіп қаймақ жегенінді баянда!

Мұндай ұрлығы болған күннің өзінде де жұрт алдында, мына тұғырда отырған сұлу қыздар алдында қалай айтсын.

— Шөке, ондай ұрлық жасамаған едім.

Мұндайда Балуанның әдісі бар: мұжық қолымен жігіт қолын батырлатып қысып жібереді. Амалы құрыған жігіт не бақырады, немесе құрт пен каймақты қалай ұрлағанын тәптіштеп баяндап береді. Қыздарға қырындап жүрген бозбалаға қайсысы болса да өлім. Жұрт соған мәз. Дуылдап күліседі. Дыбысын шығармай қыздар да күледі: «Жігіт болған түріне болайын!»

Осы сыннан аман өткен Битабар Балуан Шолақтың он қанатында мәртебесі өсіп, биіктеп отырды. Жұрт көңілінің гүл шоғы – Балуанның өзі де былайғы жұртты жайына қалдырып, «жас арыстанға» бұрылып алған. Не айтса да сөзін жалғыз соған арнаған адамның шырайын білдіреді.

Бұрынғыдай емес, Жанкүмістің де, ілтипаты өзгеше. Битабардың әр қылығын тамыршыша қылт еткізбей қостап, жымыып қояды. Кей-кейде тіпті жанаса отырып, ақырын ғана сүйкеніп қалатын да мінез шығарды. Битабар соған бір түрлі шалқып кетті. Қызғанышы үстірт екен, көңілі орнына түсейін деді. Енді Жанкүмісті өз еншісіне қайтарып алған соң, ақырын отырып дағырты үш жүзге бірдей тараған Балуанға көз қырын сала бастады. Атын көп естігендіктен бе, Балуан Шолак айырықша бір алып адам болып елестейтін еді, мүлде олай емес екен. Отырған қалпы осы. Битабардың өзіндей-ақ. Бірақ төртпак, тым жоталы. Балуанға өзін қанша тенестіргенімен мүлде кейінде, әкесінің артында отырған балаға ұксап қалғанын Битабар біраздан соң барып білді. Бірақ одан да артық әсер – Шолақтың айырықша көркем, сұлулығында жатқан секілді. Аздап қорасан дағы бар дөңгелек қызыл жүзіне кішкене шоқша сақалы сондай жарасымды. Ашуға емес, жайдарылыққа біткен қалың қасты жайпақ қабағының астынан кішкене қара көзі күлімдей қарайды. Ал мойны мүлде өзгеше. Іші тартылып қалған жарау аттын кеудесіне ұксас, тынысы мол кең кеудесіне онша көп үйлесе қоймайтын шошақтау келген кішкене басы сомдап сокқан жұмыр темірге орната қойған секілді. Дегенмен жұрт тегін мактамайды екен. Құдай-тағала бар өнерді қадақтап өлшемей, бір басына үйіп-төгіп бере салған. Ән мен жыр да, күй мен қара сөз де бір басында.

Осы бір сезімді ұзақ тамашалап, ынтыға қарап қалған «жас арыстанға»: «Жығылсан нардан жығыл» деген бар емес пе, белдесіп көрер ме еді өзімен», – деген бір ой келді. Балуан құдды осы ойын сезіп қалғандай домбырасын іргеге сүйей салды да: «Ал мен бір ойын көрсетейін», – деп, ортаға қарай жылжыды. Бұл ойынның тәртібі – кімде-кім қолымның қаруы бар десе, ортаға шығып, Балуанның алқымынан қысып қылқындырады екен. Балуан өліп кетсе, құдай алдында сұрауы жоқ, аяма, жаны шыққанша қыса бер. Қыса алмасаң, жеңілгенің. Бұл ойын Битабарға ойыншық секілді болып көрінді. Өйткені өткен қыста Битабар құрық сілтесе, қарсы шабар

халде бір қурайды тасалап болдырып жатқан қасқырдың алдына бір аңшыны қалдырып, өзі артынан келіп, қона түскен бойда алқымына қолды салып жіберіп, жерден көтеріп алған да, дарға асқандай етіп асып өлтіре салған еді. Жұрттың есінде осы оқиға бар ма, «Битабар шықсын!» — деп ду ете түсті. Битабар жеңіл қарғып түрегелді. Балуан тоят іздеген бүркіттей қомданып алыпты. Кейпіндегі әлгі бір жылылық жоғалып үлгірген. Екі көзі қанталап, от шашады.

Битабар арбиған саусақтарын Балуанның алқымына қадады... Бірақ қос уысы айкаспады. Тегі, көкшұланның мойнынан да жуан-ау — болды алғашқы ой. Ал Балуан болса мүлде жайбаракат отырған секілді.

— Аянба! — деді Балуан сәл қырылданқырап, — не саған серт, жас арыстан, не маған серт.

Аянайын деп тұрған Битабар жоқ. Даланың көкжалына ұқсатпаса да, «Ойбай өлдім, қоя бер!» дегізіп, өз жасағанын өз алдына келтірсе, одан артық мерей бар ма.

Бар күшін жинап Балуанды алқымдап жоғары көтере берді. Сол кезде Балуан қойдың жілігін жемсауына салып жіберіп, бытыр еткізе түсіретін бүркітке ұқсап, басын мойнына ала беріп, шұлғып қалып еді. Битабардың қолы сарт етіп шығып кетті. Мойын емес, темір дерсін, тырнақтың ізі де қалмапты. Битабар қайта ұмтылмады, жеңілгенін танытып, басын шайқап, орнына кеп отырды.

Балуан осыдан кейін талай ойын көрсетті: үш жігіт жабылып, жалғыз жұдырығын аша алмады. Он жігіт жабылып жалғыз аяғын бүге алмады. Соның ішінде Битабар да жүр. Бірақ мұның бәрі күші асқандық емес, өнері асқандық болып көрінді Битабарға. Бәрі де тәсілдің, ұзақ жаттығудың нәтижесі секілді.

— Балуан, мұның бәрі жақсы ғой, дегенмен белдесіп күш сынасқанға не жетсін! — деп салды Битабар.

Әкесі Балуанға айырықша құрмет көрсетіп, үй тігіп онаша қарсы алған соң, баласы қадірлі қонақты өзіне меншіктеп алса керек:

— Арыстанмен алысып, мерт болайын деп пе едің! Жәйіне отыр, Битабар, — деп Бертшек қосарлана кетті.

Балуан жайдары қалпымен байсалды сөйледі.

— Жас арыстан жыкса, кәрі батасын береді. Ал кәрі арыстан жыкса, мерт етем деп жықпайды, өйткені шығар биігім осы, жеткен жерім осы демейді. Десе шын қартайғаны онын. Қайта мен бол, мына мендей бол, деп қияға баулиды. Жас арыстанның бетінен қақпа, Бертшек.

Сөздің тоқтамы Балуанның осы айтқаны болды.



Неге екені белгісіз, Битабар түнімен ұйықтай алмай шықты. Ертенгі күн сәт сайын құбылып, қиян-қилы көрініс береді. Әуелі Балуан Шолақпен жағаласқан секілді еді. Сол елестін арты алыстап, арыстан, жолбарыс секілді түсі суық мақұлықтарға ауысып кетті. Осы бір ой азабы тіпті ұзақ мазалады. Үсті-басы малшынған кара тер. Битабар терең бір күрсініп, аунап түсті. Байқаса, әлі түн екен, өзі әлі төсекте жатыр. Түндіктің жабылмай қалған бір саңылауынан кара көк аспанның пұшпағы көрінеді. Содан қос жұлдыз жымыңдап тұр.

Битабар сәл езу тартты да, тағы да көзін жұмды. Әлгі бір қияли елестер күрт жоғалып, енді басқа бір шытырманға енген секілді.

...Жүріп келеді. Жок, жүріп келе жатқан жок, тоқтап, дағдарып тұр. Жүрейін десе, алдында тосқауыл бар. Сом темір секілді кесек, бірдеме көлденең жатыр алдында. Аттап өтуге де, бұрылып кетуге де Битабардың халі жок.

Апырау, «жас арыстанға» тосқауыл болған бұл не екен? Битабар үніле берді... Байқаса, әлгі «бірдеме» дегені Балуан Шолақтың мойны. Битабар шошып қалды. «Шошыма, Битабар! Шошыма!...» Балуан Шолақтың өз даусы.

Осыдан кейін әлдебір нұрлы дүниенің ішіне еніп жүре берді. Аздап қорасан дағы бар кілең бір дөңгелек қызыл жүз... Кілең бір сұлу шокша сақалдар... Қалың қасты жайпақ, жадыраңқы қабак астынан жымыңдаған кілең бір кішкене кара көздер...

Битабар тағы аунап түсті. Баласының мазасызданып, ұйықтай алмай жатқанын білді білем, қасына анасы келді:

— Битажан, не болды саған, дөнбекшіп, ұйықтамай жатырсың ғой?

— Әлі ештеңе болған жок. Не болса да, ертең болады... Ана бірден түсінді:

— Кой, шырағым, Балуан Шолақ — үш жүзге аты кеткен аруакты адам. Жағаласпа. Мерт боласын.

«Үш жүзге аты кеткен аруакты адам...» — бұл сөз көкейіне ұялай кетті. «Мерт боласын» — бұл сөзді Битабар қабылдамады. Неге мерт болады? Битабардың күреске түсіп жүргені осы ма еді.

Анасы тағы бірдеме дейін деп келе жатыр еді. Битабар тұрды да, далаға шығып кетті.

Шашырап күн шығып келеді. Котан қанырап бос жатыр. Қой өріп кеткен. Киіз үйлердің түндігі түрілген, есік алдындағы жер ошақта от жылтылдайды. Құлындар да желіге байланып үлгірілген. Тек кейбір кеш қалған әйелдердің «құраулаған» жалғыз-жарым даусы ғана ертенгі тыныштықты бұзатындай.

Битабардың көзі ауыл сыртындағы онаша, окшау тұрған акбоз үйге түсті. Есік-түндіктің бәрі жабық. Балуан Шолак әлі шырты ұйқыда. Бүгін сәскеде үлкен майдан тұрғаны қаперінде де жоқ. Үй төңірегінде Әлім қарттың өзі жүр. Ак таяғын әріге сілтеп, «дабырлап сөйлеп, қонақ тыныштығын бұзбандар, алыстан орағытып жүріндер!» — дегенді ыммен танытып, жақынырақ келген малшы, сауыншыны қуалайды.

Осы көріністің өзі Битабарға қатты әсер еткендей. Бір түрлі жүрегі лүпілдеді. Енді жатып, ұйықтап жарытпайтын болған соң, Иманак тауын бетке алып ұзақ жүрді. Ауылға сәске түстің кезінде оралды.

Онаша үйден окшауырақ жерге кілем жайылған. Кара-құра халық көп. Солардың ортасында Балуан Шолак сараңдау домбыра шертіп, әлдебір әңгіме айтып отыр. Түндегіден де көркем, нұрлы жүзі бал-бұл жанады. Битабардың келгенін алдымен Бертшек біліп, ұшып тұра келді де:

— Кешегі есуастықты таста. Әкем де естіп, ренжіп жатыр, — деп Битабардың құлағына сыбырлап үлгерді.

Битабар жауапты келте қайырды:

— Өлсем де жағаласып өлем!

— Ә, жас арыстанбысын? Кел, кел бері карай, — деді түндегі сөзін қайталап. Даусында кешегідей қулық-ажуа жоқ та, құрмет бар.

Битабар еңкейіп тағым етіп, қос қолын ұсынды. Жүрегі өрекіп, буын-буыны қалтырады.

Балуан Шолак домбыраны былай қойып, жалаңаш етіне жамылған түйе жүн шекпенді сырып тастады — күреске дайындалып келгені көрініп тұр. Кешегі нұрлы көз бүгін сондай өткір.

Битабардың даусы сәл дірілдеп шықты.

— Шөке, мен кеше асылық айтсам керек. Екі кісі белдессе, бірі жығары аян ғой, не сіз, не мен... Қорғалап, қорқып тұрғаным ол емес, бірақ. Сіздің қасиетті жағанызға қол апаруды артық деп білем. Қаласаныз батанызды былай алғым келеді.

— Е, міне, мұның жөн сөз, — деді Бертшек.

Балуан оны тыңдаған жоқ. Басын көтеріп тіктеп қарады:

— Өнерін не сонда? Көрсет көпке өнерінді.

— Түйе көтереді! — деді біреу топ ішінен. Шолак даусы ширақ.

— Келтір ендеше түйелерінді.

Атан түйе көлденең тартылды. Битабар бауырына кірді:

— Ия, аруак! — түйе жерден бір шама көтеріліп, салбырап қалды. Түйе түйе болып жаралғалы кісіге мінгені осы болса керек, бақырып жатыр. Битабар оған қараған жоқ, отырған жұртты бір айналдырып барып, жанағы жерге қаз қойды да, Балуанның алдына келіп бір тізерлеп отыра қалды.

— Жарадын, жас арыстаным! — Үш жүздің баласында өзіме тартып туған кім бар деуші едім. Асылық екен айтқаным. Бар екен. Тасын өрге домаласын! — деді Балуан Шолақ. Содан кейін шу ете қалған жұртты мұжық колын жоғары көтеріп тоқтатты да: — Жалғыз-ак айтарым: күрес те өнердің бір төресі. Мал табар оңай кәсіпке айналдыра көрме! — деп Битабардың маңдайынан сүйді.

Битабардың төбесі көкке жетті. Балуанға тағы да тағзым етіп түрегелді. Шулаған жұрттың біріне де қараған жоқ. Ауылдың аяқ жағында шала дүмбілез молла болатын. Тура соған тартты.

— Молла-еке, бір ауыз сөзім бар, соны қағазға түсіріп берсең?..

— Е, ол не сөз?

— Құдай сөзі.

— Е, құдай сөзі болса, түсіруге болар, еншалла. Тек садакасын ұмыта көрме.

Битабар да моллаша сөйлеп жатыр.

— Садакасы бола жатар, еншалла.

— Ал айта ғой, пендесі.

— «Күрес те өнердің бір төресі...» Молла дауыстап жіберді:

— Мұның несі құдай сөзі, пендесі-ау?

— Нағыз құдай сөзі, жаза бер, молла-еке... «Күрес те өнердің бір төресі. Мал табар оңай кәсіпке айналдыра көрме!»

Молла анырып отыр.

— Жаз, моллаеке. Бір қыстық шөбінді шауып берем.

— Ә, онда жазайын, балам. Кім біледі, құдай-тағаланың өзі айтқызып тұрған шығар мұндай сөзді...

Осыдан екі-үш күн өткен соң Битабардың қолтығынан анасы үшкіл бір затты көрді.

— Бұл не нәрсе, балам-ау?

— Бұл ма? Бұл тұмар, апа. Ана байғұс дән риза.

— Е, тұмар таққаның жақсы, балам. Пәле-жаладан қағыс жүресің.

\* \* \*

Балуан Шолақ бұл ауылда ай жатты. Аттанатын күні Әлім ақсақал шапса үстіне су төгілмейтін құлын мүше бір кара жорғаны дереге әкеп байлады.

— Үш жүзге атың шыққан Балуан Шолақ едің. Ел таппай келген жоқсың. Мініп кетесің.

Битабар бағып тұр: Балуан Шолақ мүлде балаға ұқсап кетті. Арғымақтың ол жағынан бір, бұл жағынан бір шығып көп қарады. Сом білектерімен қаз мойнынан құшақтап жас балаға ұқсатып қысып та қойды. Қаршадайынан ер қанаты — ат мүсінін тамыршыша

бағып өскен сыншы көз бірден таныды: алдында — жай кара байыр емес, түрікпеннің атакты текежәуміт сәйгүлігі.

Балуанның аузынан шыққан алғашқы сөз:

— Сурет секілді. Мұндай да жылқы баласы туа береді екен ғой?!

Әлім ақылдылық жасады. Өткен жылы бір нар түйе, бір ту бие оның үстіне он қозылы қой қосып, сатып алған жорға екенін айтып жатпады.

— Қолымыздағынын сізге лайықтысы осы болды, — деп тынды.

Балуанның қуанғаны сондай, ай-түйге қарамастан жорғаға қарғып мінді де, Иманак тауына қарай төгілте жөнелді. Қайтып келгенде айтқаны:

— Жануарым-ақ екен! — Осыдан кейін жиналған топқа үніле қарап, кейінірек тұрған Битабарды тауып алды.

— Әй, жас арыстан, бері кел!

Битабар ілгері шықты. Балуан ат тізгінін ұсына берді:

— Әлім ақсақал жорғаны маған сыйласа, мен жорғаны саған сыйладым, жас арыстан.

Битабар тізгінге ұмтылмады. Шолақтан ат мінім деген ойында болған ба, абдыранқырап қалды. Сөйткенше Бертшек даусы жарыса шықты:

— Құдайға шүкір, Битабар ат мінім десе, табылады. Бұл — атамның сізге арнаған сыйлығы. Мініп кетесіз.

Балуан Шолак Бертшекке бұрылды.

— Бертшек шырағым, жөн-жобаны біліп, түзу өсіп келе жатқан ақылды бала екенсің. Бір сөз айтсам, түсінесің ғой деп ойлаймын.

Бертшек қарсылық еткен жоқ. Жүзін төмен салып тыңдап қалды.

— Өмір деген қан базар. Мен сол базардың жуан ортасында жүрген жанмын. Базардан қайтқандарға жорғанын керегі жоқ. Есек мінсе де жарай береді. Жорға мен жүйрік қан базарға бет алған жас арыстандарға керек. Солар мінген жөн. Атаң маған ат мінгіздім деп қалады. Мен атаңнан ат міндім деп аттанам. Қара жорғаны итке тастасам да ерік менде емес пе енді, — деп қадала айтты.

Бертшек бірдеме демек болып келе жатыр еді, Әлім ақсақал ақ таяғын көтеріп, баласын сөйлетпей тастады.

— Батырым, жөн айтасың. Сыйламақ парыз бізден. Алмақ парыз сізден. Екі парыздың екеуі де орындалды. Әңгіме жорғада емес, көңілде. Ендігісі өз қалауың.

Балуан шегіншектеп, жасқанып тұрған Битабарға қатқылдау үн қатты:

— Жасқаншақтық ердің ісі емес, ездің ісі. Бойына үйір етсең, қор боласың. Кел бері, ал тізгінді!

Бұл сөзден кейін Битабар тұрып қала алмады. Еркін, нық басып келді де, бір тізерлеп отыра қалып, тізгіннің Балуан ұстаған

жерін сүйіп-сүйіп алды. Ендігі сәтте дәл жанағыдай кара жорға көктемнің самал желін төсіне алып, көк мұнар басқан тауға қарай сілтеп бара жатты.

Бір үйдің босағасына сүйеніп карт әйел тұр. Жылап тұр. Разы болып тұр. Ол — Битабардың анасы.

Бір үйдің босағасына сүйеніп жас қыз тұр. Күліп тұр. Қуанып тұр. Ол Битабардың сүйгені — Жанкүміс сұлу.

Топ ортасында Балуан Шолак тұр. Қадала қарап тұр. Құлды бір көлденен адам:

— Айна қатесіз Балуан Шолақтың өзі! — деп жұртты ду күлдірді.

\* \* \*

Кілең жарау атқа мінген қалың топ — үкілі қыздар, жас бозбалалар Балуан Шолақты шығарып салып барады.

Алда Балуанның өзі. Бір жағында Бертшек. Бір жағында кара жорға мінген Битабар. Сағым шөккен самарқау кең сахарادا ән толқиды — Балуан Шолак әні «Ғалия».

«Беу, Ғалия-ай жан сәулем!..» — деп қайырған кезде, неге екені белгісіз, Битабар қыздар тобына көз салып, Жанкүмісті іздейді. Ол да «...Жан сәулем...» деген сайын сондай бір терең мағынамен Битабарға күле қарайды.

Жанкүміс — Ғалияның жакын сінлісі, Әлім картқа құдаша. Сондай қылықты, сұлу қыз, паң қыз. Қырындаушыларда қисап жоқ. Бірақ біріне мойын бұрмайды. Біріне ынғай білдірмейді. Өз үйіне келген қонақ болған соң қызғыштай қорып, иемденіп Бертшек жүреді. Сөйтсе де оған да ықыласы жоқ. Ал Битабар жөні бір басқа — қылығына қылықпен жауап береді. Сөйлесе де Битабарға арнап сөйлегендей. Күлсе де Битабарға арнап күлгендей.

Балуан атының басын тартты. Қыздар бір топ, жігіттер бір топ болып алқа қотан құрды.

— Бір тілегім — не нәрсе болса да жұбымен сәнді, — деді Шолак. — Қыз, бозбала, араласа тұрыңдар.

Жұрт құйындай сапырылысып кетті. Қозғалмай қалған Битабар ғана. Байқаса, қасына Жанкүміс келіп тұрыпты.

Балуан Битабарға қарап сөйледі:

— Ән шырқайықшы бір мына сахарادا кең көсіліп!.. — Шолак бір түрлі қапастан шыққан адамша армандай айтты.

Тағы да кең даланы «Ғалия» баурады.

Балуан Шолак тобы осы бір сұлу ән тербеткен Иманак бөктеріне қол бұлғап қоштасып, ұзап сала берді...



Кілең жарау атқа мінген калын топ — үкілі қыздар, бозбалалар  
Балуан Шолақты шығарып салып кайтып келеді.

Алда кара жорға мінген Битабар. Қасында Жанкүміс. Жұрт  
Балуан тілегін орындаған. Екеу-екеу, жұп-жұп.

Жанкүміс жақындай түсті.

— Битабар, жарысайықшы!

Кара жорға бауырын жерге төсеп көсіле жөнелді. Жанкүміс  
астындағы көкқасқа қосарлана тартты.

Артта айқай:

— Жанкүміс, тоқта! — Бертшек даусы.

Караса, созыла тартқан топтан Битабар мен Жанкүміс жұбы ұзап  
кетіпті.

«Токта!» дегенмен бұлар тоқтаған жоқ. Иманакты бөктерлей кара  
үзіп барып тасаға түсті. Ат басын сонда ғана тежеді.

Онашада сөз таппаған Битабар мактаулы жорғаны қайта мақ-  
тады:

— Басын тежеп отырдым қайта. Еркіне жіберсем, көкқасқаға да  
шалдырмай кете ме деймін. Жануарым-ақ!

Жанкүміс әзілдей сөйледі:

— Битабар, сен қазір Балуан Шолақтың өзіне ұқсап тұрсың.  
Битабар тауып кетті:

— Ал сен болсаң, баяғыдан бері Ғалия секілдісің ғой маған,  
Жанкүміс.

Жанкүміс жымия күліп, Битабарға жанаса жүрді. Бұл Битабарға  
әл бергендей. Қыздың білегінен барып ұстады. Жанкүміс қарсылық  
көрсеткен жоқ.

— Жанкүміс, аударып алып, алып қашып кетейін бе осы?

— Көкпарға тартар лақ емеспін. Аударып алып қайтесің, Битабар,  
— Жанкүміс сондай мұңлы.

Қараөткел жағында айттырылған жері бар деуші еді, рас бол-  
ды-ау сол сыбыс!

Битабар үндемей қалды. Жанкүміс күрсініп қойды.. Атын  
қамшылап Бертшек осы кезде жетті...

— Апыр-ау, тоқта дегенде неге тоқтамайсыңдар? Жауапты Жан-  
күміс қайтарды:

— Жас арыстанға сыйлаған жорғаның қарымын байқадық,  
батырекесі.

Әлде қыз қызғанышы, әлде кара жорға күйігі, Бертшек астын-  
дағы торының сауырына қамшыны көміп-көміп алды.

— Битабарға кара жорғаны мен сыйлаппын ба?! Жүр, кеттік.  
Әйтпесе көкем тағы ұрсып жүреді.

Жанкүміс қарсыласқан жоқ. Бертшекпен бірге ілгерілей беріп, Битабарға күле қарап, көтерген оң қолының саусақтарын қыбырлатты. Битабар кейіндей берді.

\* \* \*

Битабар шалкалап төсекте жатыр. Кешегі нұрлы күн көріністері көз алдында: қол бұлғап күліп бара жатқан Жанкүміс... көзіңнен жас ағызып көсіле жорғалаған қара жорға... Битабар керіліп, езу тартты.

Сырттан дауыс естілді:

— Битабар, шығып кет! — бірден таныды. Бертшек даусы. Битабар сыртқа шықты. Бертшек ат үстінде. Жетегінде бір тай.

— Мына тайды келер жылы ат қып мінесін. Қара жорғаны өзіме қайтар.

— Қайтарғым келсе, қара жорғаны иесіне қайтарам да, саған не деп қайтармакпын?

Бертшектің беті катты.

— Қисық сөйлемге өйтіп, Битабар. Қара жорға не теңің?! Екі арада мына «ал» деп тұрған тайдан айырылып қаласың.

Битабар шамданып қалды.

— Тайында менің шаруам жоқ. Қара жорғада сенің де шаруан болмасын.

— Жок, шаруам бар менің қара жорғада. Тайды да бермеймін. Жорғаны да алып кетем.

— Алып кете алмайсың, Бертшек. Қан боласын, білдің бе! Мен тірі тұрғанда қара жорға түсіңе де енбейді. — Битабар шын ашуланып айтты.

Бертшек те ашуға булығып тұтығып қалды. Жетегіндегі тайдың ноктасын сыпырды, да, «әкеңнің аузы!» деп қақ жонынан қамшымен бір тартты. Боктағаны әлде тай, әлде Битабар, бір құдай білсін. Қанына қарайған жас балуан ұмтыла берді... Бай баласының астындағы жарау ат екі көзі шатынап ырғып-ырғып түсті. Бертшек ат басын тартқан жоқ.

— Көрсетем әлі мен саған! — деп айқайлады ол ұзап алған соң.

\* \* \*

Битабар уәдесі бойынша моллаға шөп шауып қайтты. Үй төңірегі күбір-күбір.

— Оу, не болды?

Битабар қайта дауыстады:

— Уа, не болды деймін?

Битабардың қасына он жасар бала келді. Жамағайын баласы — Хамит.

— Сен шөпке кеткен соң бар ғой, ана Бертшек ағатайым бар ғой, ия, кара жорғаны бар ғой, келіп алып кетті...

Битабардың өні өзгеріп сала берді:

— Кайда алып кетті?

— Жетелеп апарып бар ғой, ия үйдін ар жак тасасына бар ғой, ия, байлап койды. — Біреу естіп қалмасын дегендей бала мойнын созып, сыбырлай сөйледі.

Канына қарайған жас балуан бір шешімге мықтап келген секілді. Адымдай басып бай үйіне беттеді. «Өні, ана жакта!» — деп бала жортақтап келеді.

Рас, кара жорға бала көрсеткен бетте екен. Бертшек ерттеп жатыр. Қасында екі-үш жігіт, мәз-мәйрам.

Битабардың түсі сондай сұсты болса керек. Бертшек не істерін білмей сәл тұрды да, үйге қарай жүгіре жөнелді. Жігіттер шеттей берді. Битабар үндеген жоқ, ертоқымды сыпырып тастап кара жорғаға қарғып мінді де, кешегі Бертшектің өзіне ұқсап салмақпен дауыстай сөйледі:

— Бертшек, шығып кет тысқа! Үйде тырс еткен дыбыс жоқ.

Битабар үш кайтара дауыстады. Бертшек үш кайтара үндемей қалды.

Дауысты естіді білем, үлкен үйден таяғына сүйеніп Әлім қарт шықты. Битабар бұрын көрмеген ашулы халде.

— Ой, өншен иттер! Біреудің жалғыз атын барымталайды екен-сіндер енді жауабын неге бермейсіндер. Әлде бұлай боларын ойламадыңдар ма?!

Үйден дыбыс шыққан жоқ. Ат пен Бертшекті төңіректеген әлгі жігіттер құмға сіңген судай жымып отырды:

Әлім қарт түсін жылытып, Битабарға қарады:

— Ана Бертшек ит балалық жасап жүр, құдай алдында сұрауы жоқ, кара жорға сенің малың. — Бертшек естісін дегендей әдейі дауыстап айтты.

Битабар ақылымен аты шыққан Әлім қартқа риза болып үйіне келді.

— Жорға дауы осымен біткен болар, — деді қарсы шыққан анасына.

\* \* \*

Ай туды. Тау жактан самал жел соқты. Үй түндіктері әлдеқашан жабылған. Ел шырт ұйқыда. Қотанда қой жусайды. Күйіс қайырған мама сиырлар анда-санда бір ыныранып қояды.

Битабар есік алдында отыр. Ұйықтай алмайды. Жұмбақ бір ансау бар. Сол күш жетелеп сыртқа шығара береді.

Жанкүмісті ансайды. Көргісі, кездескісі келеді. Бірақ Балуан Шолак аттанып кеткеннен бергі күндер сондай бір сұрқай, көңілсіз, Шолак бардағыдай кешқұрым қыз-бозбала жиналмайды. Кен сахараны тербетіп ән де шырқалмайды. Алтыбакан ағашы әлдеқашан отқа жағылған. Битабар бір ауылда отырып, Жанкүмісті көруден қалды.

Бәрін де бағып отыр, бәрін де біліп отыр. Күнде үлкен үйде жататын Жанкүміс бүгін отау үйде. Бертшек үйінде. Олар әлі жатқан жоқ. Біреу кіріп, біреу шығып, абыр-сабыр.

Ай жоғары өрмелеп, кара мақпал түн тыныштығына бөккен сахараға бозғыл сәулесін септі.

Бертшек үйінің есігі ашылып, екі адам шықты да, бері салды. Қараңдап қой ішінен өтті. Шыға түсіп кідірді де, бірі орнында, бірі осылай қарай жүрді. Битабар бірден таныды – Хамит.

– Сені бар ғой, аға, Жанкүміс тәтем бар ғой, сол шақырады...

Битабардың жүрегі тулап, тұла бойы от тигендей шымылдап жүре берді.

– Жанкүміс тәтен қайда?

– Жанкүміс тәтем бар ғой, ия, әне қой арасында...

Лаулаған бір от-жалынға ұксап Битабар ұмтыла берді. Бірақ Жанкүміс күйі өзгеше. Сәл қалтыраған сұп-суық қолымен жас балуанның кеудесінен итеріп тоқтатты да салқын үн қатты:

– Жок, Битабар, сезім мастығына жеңдірме. Мен қоштасқалы келіп тұрмын. – Даусы да сондай қалтырап шықты.

Битабар анырып қалды:

– Қоштасқаны несі? – Жанкүміс күлген секілді.

– Аралбай еліне біржола келді деп пе ең мені! Кетемін-дағы. – Битабар кара тас сияқты, не дерге сөз таппай түйіліп тұр. Тағы да Жанкүмістің даусы сондай мұңлы, сағынышты:

– Қызықты күндер тез өтеді ғой, кеше ғана келген секілді едім. Міне, енді күз болыпты. – Жанкүміс Битабардың қолынан ұстады. Жас балуан қайтып ұмтылған жоқ. Қыз алдында шөккен нарға ұксап, бір тізерлеп отыра қалды да, ойындағысын лақ еткізді.

– Қайда кетсек те бірге кетейікші, Күмісжан!

Жанкүміс күрсініп алды.

– Тағдыр оған жазбаған ғой...

– Неге жазбайды? Өзің шыныңды айтшы, сүйесің бе мені? Жанкүміс сәл кідіріп барып, тым баяу сөйледі:

– Сүймесем, бүйтіп келем бе, Битабар...

– Олай болса, не кедергі бар? Қосыламыз.

Жанкүміс үндемеді. Кенет Бертшек үйі жағынан дауыс шықты.

– Жанкүміс! Ә, Жанкүміс?! – Бертшек даусы.

Жанкүміс тұла бойы қалтырап қозғала берді.

— Кош бол, Битабар. — Жана ғана қызуымен Битабарды шарпып тұрған тірі Жанкүміс қараңдап көлеңкеге айналып барып, қараңғылыққа сіңіп, жоқ болып кетті.

Ай төбеге көтерілді. Битабар мелшиіп әлі отыр.

Бертшек үйінің сыртынан дүр етіп тарантас қозғалды да, Қараөткелге өтетін қара жолға қарай салды. Мөлдір түнді тербеп ән естілді.

Баяғы таныс ән. Ғашықтар әні. «Ғалия», «Беу, Ғалия-ай, жан сәулем...» — деген кезде талып үзіліп, барып, «Жазылдың бай-ай, дертіңнен?..» дегенде әлдебір жойқын күш — су тасқыны келе жатқандай болып кетті. Битабар қарғып тұрды: қазір тұсаулы жүрген қара жорғаны іздеп тауып алады да, Қараөткелдің қара жолына бұл да барып түседі... қарсы келгенді киратады. Жанкүмісті алып қалады. Шешім осы.

Битабар жүгенін ұстап олай жүгірді, бұлай жүгірді. Інірде ғана тұсап жіберген қара жорға үшті-күйлі...

«Апырау, жер-көктің бәрі от, ұзап кетпеске керек еді ғой?».

Таң атты. Иманак жақтан бір салт атты көрінді — жылқышы екен.

— Уа, қара жорға көзіңізге түскен жоқ па?

— Ана төбенің астында қарайып бір мал жатқан секілді. Сол болмаса, бейсауат жылқы көре алмадым.

Битабар екі өкпесін қолына алып, төбе астына барды. Қара жорға мойнын соза құлапты. Шек-қарыны ақтарылып жатыр.

Битабар еңкейіп, қара жорғаның маңдайынан сипады — сұп-суық. Жас арыстанның көзінен жас моншақтары домалап-домалап кетті.

\* \* \*

Сәске кезінде аспанды біртіндеп сұрқай бұлт жапты. Сілімтік жанбыр сіркірейді. Ұзақ күндер жылап жауар ақ жанбыр. Түндіктеріне тіреуіш қойылған киіз үйлер шағын-шағын төмпелер секілді. Мелшиіп қалған. Иманак тауы да үлкен бір обаға ұқсап, жым-жырт құлазып тұр.

Битабар жүгенін арқалап бай үйіне келді. Ортада маздап от жанады. Айнала айшықты тұс киіз. Жып-жылы. Әлім қарт бас болып үй іші жас қой етінен жасалған ыстық кеспеге бас қойыпты. Пияз бен қара бұрыш, ет иісі мұрынды қытықтайды. Бірақ бұл үй де қанырап қалған секілді — Жанкүміс жоқ.

— Битабармысың, кеспеге кел. — Әлім даусы ықыласты. Бертшек басын көтермейді.

— Жоқ, Алла разы болсын. — Битабар селқос айтты.

Әлім тіктеп қарады.

— Шырағым-ау, саған не болған? Битабар жүгенді босағаға тастай салды:

— Біреу кара жорғаны пышақтап кетіпті...

Аксакал баласына қарады. «Сен емессің бе?» деген қарас.

Бертшек безектеп жатыр:

— Мен емес, әке, мен манайынан да жүрген емеспін, әке. Аанада өзін айтқаннан бері кара жорғаны мүлде ұмытқанмын.

Әлім қарт байсалды:

— Мен саған ештене деген жоқпын ғой. Байбалам неге салдың, балам?

Бертшек үндемей қалды. Аксакал Битабарға қарады.

— Ат тұяғын тай басар деген, Балуан Шолактан бата алған баласың, жаяу қалғаның жарамас. Жылқыға бар да, таңдаған құнаныңа құрық сал.

— Кара жорға тұяғын құнан да, тай да баса алмайды, Әлеке. Айтқаныңызға рақмет. Мен мал дауламаймын, — деп Битабар бай үйінің есігін жапты.

\* \* \*

Қыс түсті. Ел қыстауға оралды. Арада айлар жатыр. Битабар Бертшекті көрген емес. Кара жорғаның ішін кім жарды? Сұрау салған жоқ. Бертшек ақылымен болған іс екеніне имандай сенеді. Ал Жанкүмістің кетуі көпке аян. Бертшек Битабардан қорқып, қыздың туыстарына да, айттырылған жеріне де хабар салған: «Тез келіп, Жанкүмісті алып кетіндер. Әйтпесе, қолды болатын түрі бар!» Жанкүмістің түнделетіп кетуінің себебі осы. Бірақ Битабар: «Жанкүмісті неге жібердің?» — деп кінә тағып, Бертшекке барған емес. Бұлар жақын туыс адамдар. Әлім қарт — қадірлі аксақал, ел кісісі. Ағайын арасы ашылмауға тиісті. Бұл — Битабардың өз түсінігі. Жел бергендер де, тоқтау салғандар да болған. Бірақ ашқанды да, қосқанды да балуан тыңдаған жоқ. Өз ұғымы, өз иланымы мықты адамға көлденең сөз қашанда әсерсіз келеді.

Арада айлар жатыр. Қыз жарасы да, ат жарасы да жазылып келеді. Сөйтсе де, Бертшекті әлі балуан көрген емес.

Битабар жүгіре басып келеді. Беті — Бертшек үйі. Жок, Әлім қарттың үйі.

Әлім қарт әл үстінде...

Ел тайлы-таяғымен басында күзетте отыр. Бүгін сәскеде қарт көзін ашыпты. Айтқаны: «Битабар қайда? Битабар баламды шақырыңдаршы!»

Битабар сол себепті жүгіре басып келеді. Есік ашылды. Алғашқы естігені:

— Кайта-кайта сені сұрап, асығып жатыр жарықтық.

Битабар төргі бөлмеге өтті. Бес-алты жібек жастықты аркасына қойдырып, Әлім қарт шалкалап жатыр екен. Өні құп-қу. Шүңірейіп, ішіне түсіп кеткен көзі жұмулы. Жарланып біткен қалың қабағы аппак. Айырықша өсіп, салаланып кеткен ақ сақалы омырауын түгел жапқан.

Карияның осы бір қалпы, көрмесе де естіген, ерте заманғы сәуегей әулиені елестеткендей.

Дауыстар:

— Жакынырақ кел!

— Берірек, берірек отыр.

Битабар лезде жасып, шөгіп, жүзін төмен салды. Қарт қияпаты жақсы көретін Битабарға сондай аянышты.

Дабыс-дыбысты естіп кария көзін ашты. Сөзі айқын, түсінікті:

— Ата-бабалар кеткен келмес сапарға мен де аттанғалы жатырмын, балам...

Біреулер солқылдап жылап, біреулер күрсініп алды.

— Құдай тағала Бертшек екеуінді кем жаратқан жоқ. Ата балаға сыншы! Білем мен. Екеуін қосылып бір құстың қос қанатысында. Бірінде білек пен жүрек бар. Бірінде ақыл мен білім басым. Осы төрт қасиетті тең ұстасандар биікке самғайсындар. Сонда бұл атаның баласы қор болмайды. Өлер алдындағы өсиетім, тату жүріндер. Тату жүрсеңдер, ат та бар, ас та көп...

Кария даусы үзіліп кетті...

Бас жағында отырған көсе молда:

— Кәлимаға тілінді келтір, Әлім Кәлимаға... — деп тоқтады.

Әлім қарт кәлимаға тілін келтіре алмады. Әдейі осы өсиетті айтуды ғана күтіп жатқан секілді, жан тапсырды. Көсе молда бірдеме деп күбірлеп, карияның бетіне ақ жаба берді. Әйелдер дауыс көтерді. Бертшек әкесінің аяқ жағында отыр екен, еңбектеп келді де, Битабарды бас салып, құшақтап, боздай бастады.

Битабар жан дүниесі езіліп, тебіреніп кетті. Арыстай ел адамы опат болып жатқанда күйкі тірліктің ашу-араз, өкпе-назы деген не тәйірі. Іші бос бөшкедей ебетейсіз қоңқылдап, бұл да Бертшекті құшақтай алды.

— Ұйытқымыз еді ғой, Әлекен!

— Мәйегіміз еді ғой, жарықтық!

\* \* \*

Баяғы Балуан Шолактан бата алған күннен бастап Битабар бұл өлкеде Балуан атанған еді. Аты шулы ас, жиын, тойлардың бірі Битабарсыз өтпейді. Қайда жүрсін, Битабар арнайы шақырылады. Қайда жүрсін, Бертшек оның қасында болады.

Өлген адамның соңғы сөзі — құдай сөзі. Өлген адамның өсиетін орындамау — кісілік емес. Битабар сертіне берік. Әлім қарт айтқан қас жолды айнытпай ұстап келеді. Ақыл мен білім — Бертшектің үлесі. Білек пен жүрек өзінде. Бәйге атаулы да өзінде. Бірақ, бір қызығы, сол бәйгеден түскен олжаның бір суыртпағын иемденіп көрген емес.

Битабардың осы мінезін білетін ел түгел сауғашы. Таласып келіп, алып кетіп жатады. Таласып келіп, жетелеп кетіп жатады. «Мынаны мен алайын» — деп ел сұрамайды. «Мұны сен неге аласың?» — деп Битабар сұрамайды. Өзді-өзі болып, бөлісе алмай өкпелесіп жатқандарды ғана көреді. Сонда да «сенікі дұрыс, сенікі теріс!» — деп төрелік айтар балуан жоқ. Дауласып келген біреу болса бар айтары:

— Бар, Бертшекке барындар. Сол біледі.

— Ойбай-ау, сол Бертшектің өзі ғой озбырлық жасап отырған.

Битабар айтар сөзден жанылмайды.

— Бертшекпен барып сөйлес дедім ғой. — Дауды балуан осылай тындырады. Олжаға Бертшек қана ие.

Осы парықсыздықтың есесі Битабарға бір-ақ жерде ғана қайтады. Ел аралап, той тойлап ала жаздай үйіне бір соқпайтын балуан «малым бар еді-ау, жаным бар еді-ау» — деп көрген емес. Мал қамы, жан қамы ел үстінде.

Битабар осындай сауық-сайранмен жүріп, отыз бес жастың беліне шықты.

\* \* \*

Бұрын кісі жіберетін Бертшек екі-үш жасының үлкендігіне қарамастан өзі келді.

— Ал, балуан, дайынбысың?

— Балуан қашанда дайын ғой, Бертшек.

— Ал, кеттік олай болса! Бұл бір бұрынғыдан мүлде өзгеше той.

— Несі өзгеше? Талай көрген тойымыз емес пе.

Бертшек жымиып күліп қойды. — Өзгеше екенін барғасын көресің. Битабар қайталап сұрап, қазбалаған жоқ. Ағайынды екеуі атқа қонды. Беті — Сарысудың төменгі жағын жайлайтын тама-лардың елі.

\* \* \*

Дағдыдағыдай қырық-отыз шақырым жерге ат кетті. Дағдыдағыдай бел шешіп, Битабар ортаға шықты. Баяғы ұстазынша түйе жүн шекпенді айқара тастап көп отырды. Қарсы елден шығар балуанды күтіп отыр. Ол елде мұнымен жағаласар еркек кіндіктің жоғын

да біледі. Сөйтсе де «бәйгемді күреспей бер!» — деп асылық, артық айтар бұл емес. Көріп отыр: әркімге құрық салынады. Құрық салынғандар отырған жұрттың алдына шығып шешінген болады. Шешініп жатып, даяшылармен тағы да сөйлескен болады. Әйтеуір күйбең көп. Сол күйбеңнің ақыры — қайта киінумен, топ арасына қайта барып қарасын үзіп кетумен тынады. Күн түске ауды. Битабардың шыдамы таусыла бастаған кезде өз жағының бір даяшысы келіп Бертшектің шақырып жатқанын хабарлады.

...Бертшек тойға арнап тігілген боз үйде онаша отыр. Бұрыңғадан да айырықша ілтипатты. Түрегеп келіп қарсы алды.

— Мына көп шуылдақ тамадан ер мінез, катын жүрек бір жігіті табылмағаны-ау сонымен.

— Қайдан білейін, күйбеңдесіп жатыр ғой әйтеуір. Бертшек сәл ойланып алып сөйледі:

— Тамамен арамыздың жақсы емес екенін білесің ғой, балуан. Жаз болса, мал жайылымына таласып дегендей... — Бертшек лекіте күліп алды. Онысы Битабарға ерсілеу көрінді. — Бір жолға таманың ырқына көне салсақ та болады-ау осы? Не дейсің осыған?

— Өзіне аян ғой. Несін сұрайсын, Беке. Қатар көшіп, қатар қонып жүрген ел болған соң, араның ашыла бергені жақсы емес.

Манадан бері түлкі бұланға салып, әр жерден тамырын басып, сак отырған Бертшек мына сөзден кейін кесіп айтты:

— Ал ендеше бұл жолы кезекті тамаға бересің.

Битабар түсінбеді.

— Кезекті бергені қалай? Кезекті жығып алмаушы ма еді?

— Жығып алу қолынан келмесе қайтесің? Олар кісі салып отыр. Арамыз ашылмасын десендер, Битабар бұл жолы жығылатын болсын депті.

— Сен не дедің?

— Ойлай келе көнуге тура келді.

— Сен көнгеніңмен мен көне алмаймын. Аруақ аттатар жәйім жоқ.

— Жок, көнесің!

— Жок, көне алмаймын!

— Онда күреске түспейсің!

Битабар ұшып тұрды да есікке беттеді.

— Битабар, тоқта!

— Ал не айтайын деп ең?

— Таманың бұл тілегін орындасақ, екеуіміз де көк ала қағазға шаш етекпен боламыз.

Битабар мысықша қарғып келді де, Бертшекті жерден жұлып алды.

— Ел басшысы десем, қорқау екенсің ғой!

Бертшектің зәресі ұшты. Жайшылықтағы сабыр-салмақтың бәрінен айырылып, шынғырып, бақыра берді. Ілезде жұрт жиналды. Битабар сасқан жоқ, тынысы тарылып, серейе бастаған жемтігін әлдебір түйіншекке ұқсатып, жиналған жүк үстіне қарай лақтыра салды да «не болды?» — деп анталап, анырып қалған қалың жұртты қамысша жапырып далаға шықты...

Осы оқиғадан кейін Битабар күрт өзгеріп кетті. Баяғы ойын-сауық, серіліктің бәрін тастады да, үйіне кеп жатып алды. Жаз болса, бірер қарасына шөбін шабады. Шабындықтың жақсысын бердің, жаманын бердің деп, не алғап, не қарғап жатқан да бұл жоқ. Қыс болса, өз қорасының төңірегінде. Былайғы дүниенің бәрінен бейхабар. Өсек-аянға да құлағы сондай керенеу. Жаңалық сөз болса да, жаманшылық сөз болса да, қайтарар жауабы біреу-ақ: «Е, жақсы болыпты». «Өткенді ұмытсайық, татуласайық», — деп Бертшек жіберген ара ағайынға айтқаны: «Мен ешкіммен араз емеспін».

Арада талай жыл жатыр. Заман да қауырт өзгеріп сала берді. Кеше ғана бұл өлкені ұлы конфискация науқаны дір сілкіп өткен. Әр жерде кедей, арық жақыбайлар топтасып, ұйым құра бастады. Союз қосшы деген, ТОЗ дегендер шықты. Осы жаңалықтарды әркім әр қилы қабылдап жатыр. Біреулер үркеді, біреулер құшақ жаяды. Ел іші дүрмек. Дала мен Қарағанды арасына қасқа жол түсті. Кешегі шаруа қуған жандар енді шахтаға ағылды.

Битабар бұған да селт еткен жоқ. Бір күні бір топ белсенді келді.

— Биеке, ТОЗ-ға мүше боласын!

— Жарайды, мүше болсам, болайын. Арада бір-екі ай өтті.

— Ал, Биеке, ТОЗ-ға кірдің. Енді үйде қарап отыруға болмайды. Ортаның өгізшелерін бағасын.

— Жарайды, ортаның өгізшелерін бақсам, бағайын. Битабар жаңалықты осылай қарсы алды. Өгізше бағуға осылай шықты....

### 3

...Битабар кештетіп келсе, ауыл іші тып-тыныш. Бірінші кездескен адамнан сұрағаны:

— Ауылға машина келді ме?

— Ия келді. Бірақ тоқтаған жоқ. Құланөтпеске қарай өтті.

— Кім екенін білдіңдер ме?

— Білдік. Қарағандыдан шыққан өкіл. «Битабар үйде болсын, екі-үш күнде ораламыз», — деп кетті.

— Өкіл? — Битабардың жүрегі лүп ете қалды.

Таңқаларлық жай. Битабар осы далада туды. Осы далада ер жетті. Күні бүгінге дейін осы далада ол өзін су ішіндегі балықша

сезінеді. Кең сахараның кең тынысы, көз ұшына кете беретін жұмбақ көкжиек, ала құйын ақ бораны мен қара нөсер жаңбыры әманда оған қуат береді. Әманда ол осы даладан киындықты іздейді. Екі аяқты, төрт аяқты дала көкжалдарымен кездесем деп жүреді. Кездесе калса, селт етпейді, қарсы барады. Қарсы барады да, қабырғасын қаусатып шығады. Сөйткен Битабар далаға еніп келе жатқан жаналықтан сескенеді. Қара жорға мен атан түйе де, шанырақ мүйіз шандақы өгіз де даланың пернесі іспетті. Жорғалай басса да, жә болмаса, алшандап, маң-маң басса да қилы-қиян, күй саулайды. Сондай күй атаулының бірақ аты бар. Ол – «дала гөй-гөйі». Дала гөй-гөйі Битабарға тән гөйгөй. Осы даланың баяу ауысқан көктемі мен жазына, күзі мен қысына үйренген, балпаң басқан баяу жүрісіне үйренген Битабар үшін құйынша құйғытқан шайтан арба да, селтендеген шетен қалпақ та көзге шыққан сүйел секілді әрі оғаш, әрі ерсі еді. Жүрегі лүп еткен Битабардың алғашқы ойлағаны – «екі-үш күнде қайтып оралады-ау».

Осы бір ала құйын сезіммен үш күн өтті. Бес күн, тіпті он күн де өтті. Шетен қалпақ оралмады. Битабардың көңілі орнығайын деді: «Сол жақтан тура Қарағанды тартқан ғой».

Бір күні танертен төсектен тұрса, келер қыс белгісін танытып қырбақ қар жауып қалыпты. Суық жел бар. Далада жана саз, жана әуен: «Қыс келе жатыр, қыс келе жатыр!»

Көрші екі үйдің өзі жоқ, жұрты қалған.

– Е, бұлар қайда кеткен?

– Қарағандыға, шақтаға кетті. Көшіп кетті...

Түс ауды. Кеш болды. Күн суыта түсті. Битабар тумысында тұңғыш рет келер қыс жайын ойлады. Қалай ойласа да, алдағы неғайбыл, қараңғы заһар қыс. Қазан-ошак жағында күйбеңдеп қатын бишара жүр. Ұлы – Амантай біресе далаға шығады, біресе үйге кіреді. Алғашқы жауған қар да қызық. Дағдысынан ықтасынға ерте тығылған тоқты-торым, мал да қызық. Бірақ биылғы жылы жаңбыр-шашынның тапшы, қуаңшылық болғаны, егін-шөптің шықпай қалғаны ойында жоқ: «Мал қайтіп күн көреді? Жан қайтіп күн көреді?» – Биекең «ененді...» – деп күбірледі де, киіз үйдің как ортасында маздап жанған отқа қарай жантайды. Содан кейін езу тартты: «Тартпай кеткірдің тартқанын!..» Ия, тап өзі секілді. Өзі секілді анқау, өзі секілді парықсыз. Дене бітімі де дәл өзіндей кесек. Өз теңдесі түгел, он бес, он жетідегі жігіттеріннің өзі де батпайды оған.

Битабар келер күн әкелер жүдеушілікті бір сәт ұмытты да, Амантай арқылы өз балалығын есіне түсіріп жадырайын деді...

Кенет гүрілдеген машина даусы шықты. Биекеңнің арты қылп ете қалды: «Мына иттер әлі де осы жақта жүр екен ғой». Қатынына

«бар, карашы!» — дегенше болмады, есік ашылып, шетен калпак кіре берді. Алып денелі Битабар тұра келді де, ебетейсіз кимыл жасап:

— Е, тамыр, үй таппай келмеген шығарсың, төрлет! — деп кал-  
балақтады.

Шетен калпак сәлем орнына сәл жымыды да:

— Қымыз бар?... — деді баска тілдің ырғағымен.

Битабар да қонақ еркіне көшіп алған.

— Қымыз ба? Қымыз бар, тамыр. Қымыз бар.

Сілеусін дағдылы әйелдігіне бағып:

— Осы кеште қымыз қайдан болады, — деп күнк етті.

Битабар әйелін окты көзімен бір атты: «Құдай-ау, осы әйел атаулы не еткен халық? Кеудесіне мылтық төсеп тұрса да, «бар еді» деп бір айтпайды. Бір аяқ қымызға бола атылып қалса не болады сонда? Шіркін-ай, содан кейін сөйлесер ме еді?! Бірақ атылып қалған соң, сөйлестің не, сөйлеспедің не?! Қара тас та бір, ол да бір.

— Қымыз бар, тамыр, — деп кайталады Битабар сөзін. — Қымыз болмаса, саумал бар.

— Ә, онда отыруға болады. — Өңінде жылылық. Заты зұлымдықпен келген кісі секілді емес.

Битабар көңілі орнығайын деді.

— «Е, бір көрген біліс, екі көрген таныс» деген. Үй таппай келмеген шығарсың, төрлет, тамыр, — деді Битабар тағы да, осы кезде еркін басып, төрдің қак төбесіне шығып үлгірген шетен калпакка, — қымыздан баскасы да болады.

Алып денелі үй иесінің қалбалақтап жатқанын қызықтағысы келді білем:

— Е, қымыздан баска нен бар? — деп сұрады қонақ.

— Бәрі де бар. Бәрі де. Токты бар. Ісек бар. Құлын да бар.

Қазақ даласын көп аралап, ой-шұқырын егжей-тегжейлеп біліп алған шетен калпак бір нәрсеге қайран: бұл далада осылардың әрқайсының алар өз орны бар. Бұлар айла-қулық та жасай алады. Дау-шарға да түсе алады. Ал сырт күшпен, сенімен кездессе, дәп осындай сорлы, бишара. Өз ортасында алар орнынан, өз арасындағы дәреже салмағынан айырылып, қалбалақтайды да қалады. Сол себепті, бұлардың қай дәрежедегі қандай адамдар екенін білу де қиын. Қонақ бір сәт құмырска илеуін көз алдына келтірді. Қайнап жатқан бір дүние. Бірақ не қарекет жасап жатыр? Қайсысы қандай қызмет атқарады? Қанша уақыт үнілме, бәрібір әрқайсысына ат қойып, айдар тағып, айыру қиын... Құмырска илеуінің айқын елестегені соншалық, шетен калпак ұзақ уақыт үніле қарап тұрды да, «Ә, жарайды» — деген адамға ұксап қолын бір сілтеді де, аяғымен таптап жүре берді.

Битабардың даусы шықты:

— Ойбай-ау, күйдің ғой, алдында жанып жатқан от бар...

Шетен қалпак шын дүниеге қайтып оралды. Байкаса, шынында да отты аттап барады екен. Отқа қарыла бастаған балағын уқалап сөндірді де, басын шайқап, кейін шегінді.

Шофер жігіттің аты Есім екен, сөзге араласты.

— Түнде Құланөтпестің өткелін таба алмай көрер танды көзімізбен атқызып едік. Суық тиіп қалмаса игі еді.

Битабар бәйек бола бастады.

— Ойбай-ау, қонақты онда үсітіп алмайық, қатын. Отқа қарағайды көбірек таста. Қалың етіп көрпе төсе төрге.

Шетен қалпактың көзіне тағы да құмырсқа илеуі елестеді. Өзгелерінен мүлде өзгеше бір дәу құмырсқа басқаларын апырып-жапырып, кетіп бара жатыр... — қонақ жымыып күліп алды.

— Қатын, қарағаныңды аяма. Үйді жылыт тезірек. Өлтіріп алып, ұятқа қалып жүрерміз. Бәледен машайық қашқан.

Шетен қалпак «машайықты» түсінбеді, «бәлені» түсінді.

«Менің өлімім түк емес бұларға. Бәлесінен қорқады».

Тағы да Битабардың даусы:

— Амантай, ә, Амантай, бері кел.

Үйге Битабардың өзінен аумай қалған кеспелтек, дөңгелек иек бала келіп кірді де, қонақтарға қол берді. Алаканы үлкен кісінің алаканынан да ірі екен. Шетен қалпактың интеллигент уысына сыймай жатыр: «Әкесіне тартқан мынау да бір алып қой!»

— Аманжан, бұл кісі — құдайы қонақ. Ана тоқты-торымның бірін әкеп сой.

Амантай сөз қатқан жоқ. Тағзым етті де, сыртқа шығып кетті. Құдайы қонақ расында да суыққа ұрынған болса керек: денесі мұздаған соң көрпені отқа жақынырақ салғызып орана отырды.

— Аанада мына жігітке қатты ренжіп тұрған ем... Қалай ренжі-мессің, екі адым бұрылып жүрсе түк жоқ еді ғой. Жок, қойды да кетті. Сөйтіп тұрғанда арамыз шәлкем-шалыстау болып қалды. Батыр кексіз келеді деген, ұмытқан шығарсың, — деп шетен қалпак енді кішірейе сөйледі.

— Оқасы жоқ, — деді көңілі орныға бастаған Битабар, — кейде үй ішінде қатын, балаға кейіп жатқанда өзіміздің де сәлем алу дегенді ұмытып кететініміз бар.

Битабар сөзінің аздап кекесіні барын сезгендей болып, қонақ кенкілдей күлді.

Сөзді Есім іліп әкетті:

— Иван Иванович менің бір ісімді дұрыс деп көрген емес, сонда екі адым бұрылып жүрсем бұл кісімен жүздесе алмай қалатын едіңіз ғой.

— Оның рас. Есім, рас айтасың, — деді де қонақ Битабарға бұрылды, — атыңа бұрын қанықпын. Шіркін, бір кездессем деп

жүруші ем. Мына Есім ретін келтірді. — Осыдан кейін оқыс өзгеріп, көптенгі бір таныс, құрбы адамша Битабардың аркасынан қағып-қағып қойды. — Апырау, өзін де қызық екенсің. Келген бетте: «Мен Битабармын!» — десең, болып жатыр еді ғой.

Битабарда қалтқы жоқ, мынадай сөзге ағынан жарылды:

— Битабар орыс арасында да қадірінің барын біліп пе?!

— Бұл кісі орыс емес.

— Енді кім?

Қонақ ендігі сөзді асықпай отырып қазақшалап өзі жалғады.

— Бұл отырған кісі, — деп өзін көрсетті. — Левенштерн — Иван баласы. Өзі де Иван. Мынадай кішкене кезінде Германиядан келген. Сосын шоқынған аздап. Сосын орыс болған...

— Әлгі ана жылы орыспен соғысатын керман ба?

— Ия, тап сол Германия.

Битабар басын шайқады.

— Енді аз-маз қазақ та болғысы келеді, — деп Иван Иванович күліп қойды.

— Жарайды, тамыр, қазақ бол. Қазақ болған жақсы.

Осы кезде өзіне жуық бір тоқтыны сүйреп Амантай үйге кірді.

— Ал, тамыр, бата қайырасын.

Қазақ арасында көп жүріп, әбден қазақуар болып алған Левенштерн қашқан да, қысылған да жоқ.

— Қазақ шахтерлері көбейе берсін! — деп қәдуілгі қазақша бетін сипады.

Қазан жақта жүрген Сілеусін аузын бір сылп еткізді де, Левенштернге тесіле қарап, бетін жыртты. Битабар дағдысынша домалай күлді.

— Ей, тамыр, — деп қонақ енді мүлде анайылыққа көшіп алды.

— Күлме. Мен жәй жүрген жоқ. Осы жүргенде қазақ жұмысшыларының басын құрап жүр.

— Бұл кісі — жана ашылған шахтаның бас инженері, — деп қойды Есім. Шай келді.

— Қатын, бұл бір іздесе таппайтын қонақ екен, қант, майын мен ірімшік, құртынды аяма, бәрін сал, — деп Битабар шалқая отырды.

— Бәрін салып, ертең неңді жейсін?! Жел обасың ба?

— Әй, қатын-ай, бүйтпесең сен қатын боламысың! — деп Битабар кейінкіреп қалды. Содан кейін қайта жайылды. — Оқасы жоқ, қатын, сал деген соң сала бер. Таңдағы тамақ тәнірден. Аштан өлгеннің моласын көрген жоқсың.

Левенштерн осы бір мақалды талай естіген. Естіген сайын есіне оралатыны: парықсыз халық. Ертеңгі күнін ойламайды. Сөйте тұра аштан өлген бірі жоқ. «Дегенмен есеп-қисапқа еркектерінен көрі қатындары жүйрік».

Әлдебір ишара-белгі болды ма, Есім жүгіріп далаға шықты да, әлдебір түйіншек пен екі-үш мылтықты алып кірді.

— Мына мылтықтарын не?

— Кәдуілгі мылтық. Бұл кісі — мерген кісі. — Осыны айтты да, Есім оқыстан, — Иттерін жоқ па еді? — деп сұрады.

— Оны неге сұрадың? — Битабар күдікпен қарады тағы да.

— Жәй. Машина үстінде атып алған бес-алты акбөкен бар еді.

— Ит болған күнде де, иесіне тартқан ит болса, акбөкенді алдына тастасан да жемейді, — деп Левенштерн үй иесін мақтай сөйледі.

— Итке сенім жоқ сонда да, байлап тастандар, — деді Сілеусін сактық жасап. Дегенмен итке мән берген Левенштерн жоқ.

— Жә, болды енді. Одан да, ана түйіншегіңді әкел бермен қарай!.. Есім дастарқан шетіне бір тізерлей отырып, түйіншекті шешті.

— Мен, тегі, ауыратын болармын. Денем қалтырайды. Тона берем. Толтыра-толтыра құй, — деп Левенштерн әмір етті.

— Жок, өздерің болмаса, Битабар мұндайды ішпейді, — деді Битабар кесеге құйылып, алдына қойылған мөлдір суға жиіркене қарап.

Левенштерн қояр емес.

— Ендеше қонақ та ішпейді. Ауырады сосын.

— Жок, ауырма.

Есім де қыстырылып жатыр.

— Окасы жоқ, Биеке. Жұмаққа жалғыз барып не барқадақ таба-сыз, барсақ бәріміз бірге барайық.

Битабар мұртын бір сипап Сілеусінге қарады.

— Мына жазғанның көңілі шын кетіп отыр ма? Таста әрі. Әлде у шығар, кім біледі...

— Ал у болса іштім онда, — деді де, Битабар бір кесе арақты көтере салды. Ыстық қорғасын секілді ме, әйтеуір салмақты бірдеме өнешін тіліп, бөтегесіне барды да от болып жайылып жүре берді.

Мақтағаны ма, кім білсін:

— Нағыз шахтердің өзінше тартты! — деді Левенштерн. Содан кейін орысша ұзақ сөйлеп кетті. Есім оны қазақшалап отырды. Битабардың содан түсінгені — жақсы тұрмыс та, келешек те шахтада.

Битабар ойы: «Бар жұрт шахтаға барса, сонда малды кім бағады, егінді кім салады?» — Бұл сұраққа жауап таба алмай отырды да: «Жә, қойшы!» — деп қолын бір сілтеді. От маздап жанғандықтан ба, үй іші біртүрлі жылынып жүре берді. Битабар серпіле отырды. Байкаса, болмашы нәрсені уайымдаған екен. Қыс келе жатса, немене, Битабардың бірінші көрген қысы осы ма еді. Шөп?.. Тәйірі, шөп те сөз болып па!

Тіпті болмаса, Битабар қолына күрек алады да, қар аршиды. «Тождан» қалған ұсақ-түйек малды сөйтіп те асырайды. Ал мал аман болса, жан да аман. Нан болмаса, ет жеп, сорпа ішіп те күн

көреді. Битабар мырс етіп күліп жіберді. Бұрын асқаралы таудай ауыртпалық деп жүргенінің бәрі де баланың ойыншығы секілді бірдеме екен. Дүниенің бәрі де оп-оңай, жеп-жеңіл. Аяқ-қолын қозғаса – о, тоба, – су ішіндегідей түк салмақ жоқ. Өстіп өзімен өзі болып отырған Битабардың көзі Амантайға түсіп кетті. Токты әлі бұтарланып болмаған. Ашуы келді.

– О, иттің баласы! Сомадай болып бір тоқтыға шаман келмей жатыр ма?! Тартпағырдың нағашы жұртына тартуын! – Битабар суда жүзген адамша екі қолын дағдыдағыдан көрі ерсілеу, ербендетінкірей қозғап, созыла беріп, Амантайдың қолындағы пышақты алды. Содан кейін белдемеден бір қабырғаның басын шығарып, екі жакка тартып қалып еді, жыртылған шыт матадай дар етіп сөгіліп жүре берді.

– Ал, қатын, тезірек қазанға сал!

Осы жайдың бәрін қылп еткізбей бағып отырған қонақ:

– Бұл бала нешеге келді? – деп сұрады. Сілеусін бұрынырақ жауап берді:

– Әлі онда ғана. Біздің үйдегі кісі бет алды айта береді. Левенштерн Есімге қарады:

– Нағыз шахтердің өзі болашақтағы. Битабар алған бетінен қайтар емес.

– Мен он жасымда асаудың құлағында ойнағанмын. Амантай үндеген жоқ. Қызарактап төмен қарай берді...

...Битабар көзін ашты...

\* \* \*

Есінде қалғаны Амантайдың төмен қарай бергені. Қалай орнына келді, сосын не істеді, не әңгіме болды, төсек қалай салынды, кім қайда жатты – білмейді. От сөніп қалған. Қазан босағада, беті жабық: «Ет желінді ме осы?»

Қонақтар тұрып кеткен...

Жүгіріп далаға шықты. Есім машина астына от жағыпты.

– Ау, мұның не? Басқа жер жетпей ме от жақсаң?

– Машина жүрмей жатыр...

– Е, жүрмесе, онда көтерейік те. Левенштерн күліп жіберді.

– Көтергенге болмайды, тамыр. От жағып, жылыту керек.

– Е, сұмдық-ай, адам секілді, бұл мақлұғың да тонады екен ғой.

– Тонбақ түгіл үсіп те кетеді...

Битабар шын танырқап, астыңғы ернін жымқырып, басын шайқап-шайқап қойды.

«Үсіп кеткен» машина жылынған соң Есім кузовтан бір ақбөкеннің істегін алып түсті. Сөзді Левенштерн алды.

– Бұл – өзін секілді дала тағысы. Байлағанымыз, тамыр.

Әуелгі ойы: «Керек болса, өзінді де осындай етем дегені ме, о не дегені?!» Бірақ райынан тез қайтты.

— Е, рахмет, қанжыған майлана берсін осылай.

— Саған да рақмет! Ал соңғы сөз: енді Қарағандыда жолығысамыз. Шахтада... Еш нәрседен қысылып, қам жеме. Бәрі де алдында әзір тұрады...

Машина жүріп кетті.

Басы ауырған Битабар өгізше бағуға бармай қалды. Күн ұзақ сары тонды бүркеніп жатты да қойды.

Келесі күні ала көбеден оянды.

— Қатын, тұр, үйді жығамыз. Сілеусіннің ойында түк жоқ екен.

— Үй жыққаны несі?

— Көшеміз...

Көп кешікпеді, жан-жақтан құйылып, Қарағандыға бет алған көп керуеннің тобына Битабардың да көші келіп қосылды...

#### 4

Битабар түнгі кезектен келіп, енді ғана дем ала беріп еді, сыртта Амантайдың даусы шықты:

— Әке, әке, ау, әке!

— Е, не болды?

— Қызық бар, керемет қызық!

Битабар «үйге кел» — деуді де ұмытып кетті. Дамбалшан жүгіріп далаға шықты.

— Ие, не қызық?

Амантай қолындағы газетті ұстата берді:

— Мә, мынада сенің суретін бар.

Битабар газетті алып, олай төңкерді, былай төңкерді.

— Кәне, қай жерінде?

— Әке, жоқ, теріс ұстап тұрсыз, міне, былай... Міне, мына төртеудің ең зоры...

Битабардың көзі ең әуелі кішкенесіне түсті. Ол — Әли деген Битабардың иығынан ғана келетін пәкене жігіт. Одан қалқынқысы — Левенштерннің өзі. Үшіншісі — Ылғаз атты балуан. Шахтаға жана келгендердің бірі. Ең зоры — Битабар. Аналарды салмай танығанымен өзіне келгенде үніліп, көп қарады. Өз суретін бірінші рет көріп тұрғандықтан ба, қызық тіпті. Ұқсамайтын секілді. Ұқсамайды дейін десе, ұқсайтын да секілді.

— Ал не депті?

Газетті қолына алған Амантай мүдіре берді. Ол да Битабардың өзі секілді, мектеп бетін көрген жоқ әлі.

Ентігіп Әли келді.

— Ой, Биеке, бізді газетке беріпті.

— Ия, еңтікпей, не деген екен, соны оқышы. Әли ежіктей бастады:

«Ле-вен-ште-рн да-ла-нын кө-пейі мен дө-кейін шахта-ға алып келді!».

Битабар күліп жатыр.

— Көпей болып, дөкей болып кездескен екенбіз... Әлидің қулығы бар екен:

— Көпейің ана Ылғаз екеуін де, дөкейі менмін-ау сонда. Өйткені мен Әзірет Әлимін!

— Ой, Әзіреттен садаға кеткір, — деп Битабар ұмтыла берді. Әли зытып отырды.

Үйге кірген соң да әңгіме — сурет жайы.

— Қатын, байка енді, Битабардың қайда кеткенін?! Сілеусін аузын бір сылып еткізді.

— Құдай-ау, дәл өзі. Қалай айнытпаған!

— Айнытса, тамыр бола ма! Тамыр болған соң да айнытпай салдырғаны. — Битабар сәл кідіріс жасады да, — біздің тамыр шіркіп нағыз азамат екен ғой, айтқан жерден шықты, — деп түйді.

Ия, Левенштерн айтқан жерден шықты. Өзі қарсы алды. Тандап жүріп, үйді де бір әдемі жерге тіктірді. Шахтаға да өзі алып түсті. Битабар Әлимен осы жерде кездесті.

— Мынаның салмағы елу бес екен. Ал, тамыр, сен болсаң бір жүз алпыс тарттын. Норманы да бұдан үш есе артық орындайсың. Келісім осы. Әйтпесе паяқты тегін бермейді шахта, — деп Левенштерн ойын-шынын араластыра айтты.

— Үш есе деген не, тәйірі, бес есе, — деп қойды көңілденген Битабар.

— Онда тіпті жақсы. Жалақы да көп. Бәйгеге берілетін нәрсе де мол. Абүйір-атағы да бар.

— Жақсы, тамыр, жақсы. Левенштерн қолын ұсынды:

— Уәде осы.

Левенштерн дауыстап жіберді.

— Николай, қайдасың?

— Мен мұнда, Иван Иванович.

Шалғы мұрт, москалдау біреу келді. Десятник.

— Сен осы Николайдың карамағында істейсін.

— Мақұл, тамыр.

Десятник қайла әкеп берді де, қазатын жерді көрсетті.

Бір жаманы, көмірдің қалыңдығы кара саннан аспайды екен, еңбектеп, тізерлеп отырып, не жатып қазу керек. Сахараның кең тынысына үйренген, не істесе де еркін, көсіле сілтейтін Битабарға ұнамағаны осы болды. Соған назаланды ма, қайланы құлашын жаза сілтеп, тартып қалып еді, сабы қолына келді. Десятник басын шайқады. Қайла сағағына дейін көмірге кіріп кетіпті.

— Иван Иванович, темір сапты қайла болмаса, ағаш саптысы жарамайды. Көрмейсің бе, саз балшыққа кірген секілді.

Иван Иванович үндемейді, мұртынан күледі.

— Иван Иванович, осындайларды қайда жүріп тауып аласыз дейім, —

деп десятник те сылк-сылк күлді.

Бұлардың не деп тұрғанын Битабар түсінбеді. Басында сынған қайла үшін ренжіп тұр ма деп ойлап еді, күлкілеріне карап, көңілі орнына түсті. Жамандап тұрмаған секілді.

Алғашқы күн осылай аяқталды. Келесі күні Битабардың қолына темір сапты қайла тиді. Кешегі біреуі айбалта селкілді шолтаң ете түсіп еді, мынау ондай емес, салмақты.

— Қалай шабам? — деп сұрады Битабар десятниктен.

— Осылай қарай үңги бер. Жауап осы болды.

Каруға разы Битабар енді бір жамбастай жатып, көмірді кесек-кесегімен қопарып домалата бастады...

## 5

...Біреу Битабардың аяғынан қақты:

— Әй, жолдас, шық былай қарай. — Сондай зілді, өктем дауыс. Битабар бұрылайын десе, мүмкін емес. Жас кезінде бәстесіп, қасқырдың апанына кіргені бар еді, дәл сол апанда жатқан секілді, бір шама үңгіп, біраз жерге кетіп қалыпты.

— Әй, шығасың ба-ей, жоқ па? Не қылған немесің өзін?

Битабар шегіншектеп кейін жылжыды. Өктем сөзге шамданған түрі бар. Ебетейсіз кимылдап, төбесін де соғып алды.

— Немесін саптап тұрған бұл кім өзі? Кім болсаң да жағынды айырайын ба?!

Кесек денелі шұбар бет бір кара екен, болар емес.

— Біреудің жағын айырам деп, өз жағыңнан айырылып қалып жүрме! Битабар шын ашуланды: «Көкіген немені бір аунатып алайын!»

— Шық былай ендеше, көзіңе көк шыбын үймелетейін!

— Шықсаң шық, к...не тотияйын қыстырып жіберейін? — Кара шұбардың қолы Битабардың жауырынына сарт ете түсті. Тым қатты, жолбарыстың тебісі секілді. Тәлтіректеп барып зорға түзелді: «Мына иттің баласы қайтеді?»

— Ә, өле алмай жүрген біреу екенсің ғой! — деп Битабар жауырын тұсынан салып жіберді де, өзіне қарай тартып қалды. Кара шұбар да сүрініп барып түзелді. Жығылған жоқ. Битабар сескенейін деді: «Шынында да мынау бір ит қой!» Өйткені балуанның осы бір алғашқы шабуылынан бір пенде сау қалмайтын. Шірік томардай кисалаң етіп барып, жер сүзетін. Сонда ол есін жиғызып үлгіртпей,

құлап бара жатқан жерінен тұрғызып алатын да, оң жамбасын тоса беріп, іштен шалып алып, жарқ еткізе түсіретін. Мынау оған көнбеді. Енді не істеу керек?

Сөйткенше болмады, шұбар қара сақылдап күлді де, қолын босатып қоя берді:

– Сен Битабарсын ғой? Қолыңнан таныдым.

– Болсақ, болармыз. Ал сен ше? Сарысудың төменгі жағында Ылғаз балуан бар деуші еді, сен сол Ылғаз емессің бе?

– Болсақ болармыз.

Әлгінде ғана тіресіп тұрған екі асау бір-біріне күле қарасты да, құшақтай кетісті.

– Ылғаз, сен де келген екенсің ғой?

– Екі ай болды. Біз енді байырғы шахтерміз.

– Біз де келдік...

– Естідім. Тамыр айтқан.

– Тамырын кім? Ләуен бе? Ылғаздың тілі дұрыстау екен:

– Ия, Лебен...штерн. Шахтыға алып кеп жүрген сол ғой мені.

– Мені де сол әкелді. Әйтпесе шахты дегенді кім білген.

– Өзі бір жаксы адам.

– Ойбай, сұрама. Кісілігінде қисап жоқ тіпті. – Ылғаздың көзі қайлаға түсті: – Е, саған да темір сапты қайла жасаттырып берген екен ғой?

– Саған да ма?

– Ия, менде де темір сапты қайла. Ана ағаш саптысы баланын ойыншығы секілді, салмағы жоқ, шолтандап жатқан бірдеме.

Битабар өз басындағы жай айтылған соң кеңкілдей күлді де, қайланы қолына алып, салмақтап-салмақтап қойды:

– Сілтегенінде қара тасқа мылтықтың оғындай қадалады. Асыл темір.

– Қадалғаны жаксы-ау, өліп қалып жүрме, бірақ.

– Е, неге өлем?

Ылғаздың айтқанында жан бар екен. Әр адамның күндік нормасы сексен сантиметр жердің көмірі. Әр елу сантиметрде тіреу қойылуға тиісті. Әйтпесе ана қалың жыныс басып, тірідей көміліп қалуға болады екен.

Битабар қазған жерін көзбен шамалады: кісі бойы қол ұсыным.

– Құдай сақтады десейші.

Десятник өтіп бара жатып бері бұрылды:

– Әнгімеге жол болсын, жұмыс қайда?

– Жұмыс артығымен орындалды, нәшәндік. Десятниктің көзі шығарылған көмірге түсті.

– Жарайсың, Битабар. Үш погон метр, төрт норма!

Битабардың түсінгені – төрт норма. Ылғаз ана-мынаны көріп ысылып қалғанға ұқсайды.

— Төрт нормасы жақсы-ау, бірақ тіреу коюды неге айтпағансың?!

— Айтпаса, айтылады.

— Өлтіресін ғой?

— Ене, шахтаға бір түскен соң өзін де өлмей шықпайсың, — деп десятник жөнеле берді. — Тұрмандар, тіреу кой да шаба бер. Күн әлі ерте. Ал сен жөн үйретпей өз орнына бар. Айтқан тілді алмасаң, норманды кемітіп жазам.

Десятник ұзап кетті.

— Өзі осындай бір қырсық.

— Кой, онда тұрмайық, Ләуен естіп қалса, ұят болар, — деп Битабар қайланы алды.

## 6

...Күн батуға айналған шақ. Битабар шахтадан шықты. Кеудесін керіп дем алды:

— Қайран, таза ауа-ай!

Шахтадан шыққан қоқыс өз алдына бір тау. Әр жерінен от жылтылдайды. Тымырсық күйік иісі шығады. Битабар бетін тыржитты. Осы бір иіске үйрене алмай-ақ қойды. Жел күшейсе, құм боран соғып, беті-көзіңді оскылап тұратыны бар. Ол кез Битабар үшін тіпті қиямет. Сондайда өзінің туған жері — Сарысу бойы, шілдеде де көгеріп жататын Иманак тауы көз алдына келеді де, әлдене жүрегін шымшып ауыртады.

Битабар бір күрсініп алды да, шахтадан аулағырақ тігілген үйіне қарай адымдай жөнелді.

— Әй, Битабар, бері бұрыл. — Әли екен.

— О, Әзірет Әлі, жайша ма?

— Жок, жәй емес. Сені Левенштерн шақырып жатыр...

Битабар адымдай басып келеді. Әли бүлкілдеп жортып келеді.

«Ләуен неге шақырды екен? Жақсылық па екен? Әлде...» — Жаманшылық па деп айта алмайды. Мүдіріп қалады. Бастық алдына тұңғыш рет келе жатқаны.

Ылғаз да осында.

— Ләуен сені де шақырды ма?

— Ия. Ал сені ше?

— Мені де шақырды.

Екеуінің де жұмыстан шыққан беті. Екеуінің де бет-аузы кара кожалақ, күйе.

Іштен Левенштерн шықты. Далада кездескеніндей емес, ұстамды, салқындау, сыпайы. «Өзі отыратын жерінде бастық осындай болады екен-ау».

Ылғазға «отыра тұр» дегенді қолымен көрсетті де, Битабарды алдымен алып кірді. Отыратын бөлмесі тым үлкен екен. Мұндай үлкен кабинетті де тұңғыш көргені. Есік пен төрі – ат шаптырым. Өзінше, даланың өлшемімен мөлшерлеп жатыр: «Он екі қанат үйдей бар-ау шамасы. Бай емес, жалғыз өзіне осынша үйдін не керегі бар екен? Мәжіліс-дүкен құрады-ау есебі».

Есіктен төрге тартылған ұзын стол. Соның орта тұсынан Левенштерн қонағына орын көрсетті. Өзі жакын отырып, езу тартты. Бірақ өмірі орындыққа отырып көрмеген Битабар қолайсызданған секілді. Сасканы ма, қабырғаға қарады. Маңдай бетті түгел алып үлкен бір кісінің суреті тұр. Бір қолын шалбарының қалтасына салып, екінші қолын ілгері созған. Битабар: «Бұл кім?» деп құмартқан жоқ. Алғашқы ойы: «Не деп тұр?» Көп қарай берген соң Левенштерн түсінік берді.

– Бұл кісі – көсеміміз Ленин! Битабар балаша таңырқады.

– Ә, Ленин деген кісі осы ма?

– Ия, осы кісі. Ал жалакынды алдың ба?

– Алдық, тамыр.

– Пактарыңды ше?

– Оны да алып жатырмыз.

– Пакты молырақ жазғам...

Сілеусін үнемі дүкеншіні мактап келетін – «мен десе пейілі кең, жұртқа бір өлшесе, маған екі есе өлшеп береді». Дүкенші сырын Битабар енді білді.

– Матаның да талонын артығырақ бергізгем... Битабар айтты:

– Бұйырған нәсіпті ішіп-жеп, киіп жатырмыз. Алла разы болсын, тамыр.

– Сол сенімге лайық жұмыс істеу керек енді.

– Істегенде қандай, істейміз, тамыр. Левенштерн жүріп кетті:

– Бүгін шахтерлердің жиналысы болды. Жер астында жүрген соң жұмысыңнан қалдырмадық.

– Қош?...

– Әңгіме былай: «Күніне пәлен тонна, айына пәлен тонна өндірілсін» – деген жоспар бар бізде. Қалай өндіреміз, қалай орындаймыз – бүгінгі жиналыста біз соны қарадық.

– Қош?...

– Смена мен смена болып, бригада мен бригада болып, бір шахтер мен екінші шахтер болып өзара социалистік жарысқа түсіп жатыр.

– Қош?..

– Көтеріңкі міндеттемелер алып жатыр...

– Ендеше жұрттан қаламыз ба, мен де жарысқа түсейін, мен де көтере-көтере міндеттеме алайын, – деді Битабар.

- Жұрттан қаламын ба емес, жұрттын алдында боламын де.
- Е, құдай жазса...
- Сонда жарысқа кіммен түсесің? Ана Әлимен, әрине, түспейтін шығарсың?
- Құдай сақтасын. Естіген жұрттан ұяттағы.
- Енді кіммен? – Левенштерн ерікті Битабардың өзіне тастады.
- Ана есік көзінде Ылғаз отыр ғой. Сол дұрыс болар... Левенштерн қуанып кетті:
- Ә, өзім де солай ойлап едім.
- Дұрыс ойлағансың, тамыр.
- Бұл жарыс та қазақтың күресі секілді. Жөніліп калып, сүйегіңе таңба салып жүрме.
- Құдайға шүкір, әзірге ондай атағымыз шыққан жоқ, тамыр.
- Қара нар, қалы кілем болмаса да, жұрт алдында атап берер бәйгеміз бар.
- Шаппай бер десем, асылық болар. Күні бүгінге дейін Битабардан бәйге құтылып көрген жоқ, тамыр.
- Бәйге құтылмағанын білем. Сонда да ескерткен жөн.
- Онына рақмет, тамыр, – деп Битабар түйенің табанындай үлкен алақанын ұстата берді.
- Қандай тілегің бар, қысылма, айт, – деді Левенштерн.
- Рұқсат болса бір ғана тілек: су тапшы. Жұмыстан келгенде жуынайын десең, шай ішейін десең...
- Левенштерн Битабардың сөзін бөліп жіберді:
- Ия, су мәселесі қиын мәселе. Тасып үлгере алмайды. Дегенмен тағы да көлік бөлеміз. Әрі... Битабар тамырға суды бұрынырақ құй деп тапсырармын, – деп Левенштерн сәл жымысып қойды. – Тағы не тілек?
- Басқа тілек жоқ, тамыр, – Битабар түрегелді. Левенштерн сәл ойланып барып, оқыс бір сұрақ қойды:
- Балаң нешеде еді осы?
- Оннан он бірге шығады. Левенштерн тағы да кідірді.
- Биылғы оқудан қалып қойды-ау, ә?
- Ия, көшіп-қонып жүріп мектепке бара алмай қалдық. – Левенштерннің жүзіне кірбең жүгірді.
- Мен бала болса да еңбек-қаракетсіз отырғанды жек көрем. Битабар үндемеді.
- Амантайды да шахтаға түсіру керек.
- Левенштерн не айтса да, қарсы болар Битабар жоқ.
- Түссін. Әлі жеткенше істер. Левенштерн анықтап қойды.
- Көмір қазбайды, ат басына мінеді. Вагонетқамен сыртқа көмір шығарады.
- Е, оған ие ғой, қанша тартпады десем де, – деп Битабар күлді.

— Онда ертеннен бастап жұмысқа шыксын. Паяк алады, ақша табады.

...Битабар сондай көңілді, адымдай басып келеді. Әли бүлкілдеп жортып келеді.

— Е, неге шақырыпты нәшәндік?

— Мына шахтыда жұмыс істеу де кәдуілгі күрес секілді екен. Тамыр кіммен күресетінімді сұрады.

— Ия, кіммен күресем дедің? — Битабар мырс етті.

— Әзірет Әлі тұрғанда кіммен күресуші едім. Өзіңді таңдадым да. Әли болатын емес:

— Онда бас бәйге менікі.

Битабар бас салып, жерден көтеріп алды.

— Сенікі ме?

— Әрине, менікі.

Битабар Әлиді жағасынан ұстаған қалпы көтере түсті. — Әлі де сенікі ме?

— Әрине менікі. Өйткені мен сенен әлі де жоғары тұрмын.

Битабар күлді де Әлиді қоя берді. Кенет көз алдына Левенштерн келді: «Тамыр, жарайсың!» Кинодағыдай оқыс алмасып, Бертшек шықты: «Бауырым, жарамайсың!».

Битабар қолын бір сілтеді. Жортақтап келе жатқан Әли қалпақтай ұшты...

Балуан қайырылған жоқ.

## 7

Дүкен алдында кара-құра кісі көп. Кезекте тұр. Қант, шай, ет, май — бәрі де осында. Қазанбас сатушы таразыны асықтай үйіреді:

— Ал кәне, талондыңды әкел! — қазанбас сатушының қайшысы да өткір. Көз ілеспейді. Талон деп аталатын қағаздың айқыш-ұйқыш сызықтарын бойлап, ойып түседі. «Бір жарым кило ет. Бес жүз кірәм май. Ал болды, тайып тұр. Жұртты ұстама деймін, жөнел дедім ғой!».

Күндегісі осы. Біреулер дауласып жатады: талонды артық кидың... қантты кем өлшедің!..

Мұндай даудың не екенін Сілеусін түсінбейді. Кайтсе де дүкеншіге дән разы. Келе жатқанын әйтеуір қиядан көреді. Елу адам, жүз адам тұрсын, есеп емес:

— Елбаев Битабардың семьясы! Бері кел, бері! Оу, былай тұрындар деймін. Елбаевтың семьясына жол беріндер деймін... — Сөз осы.

Сілеусін де үйреніп алған. Қаймықпайды, қалын жұрттың арасын жарып келіп талонын береді. Таразы тілі қылтың-қылтың. Жұрт дорбалап қолына ұстап шығып жатса, Сілеусін қапшықтап, аркалап шығып жатады.

Ондайда жиналғандар тырс үндемей қалады. Сол тыныштықты қазанбас дүкеншінің өзі ғана бұзады:

— Міне, жұмыс істесеңдер, Битабарша істендер!

Бұл жақсылықтың арғы түбі қайда? Оны ойлап Сілеусін басын қатырмайды. Көз алдында қазан бас дүкенші болған соң бар алғыс, рақметін соған арнап үйіне оралады.

## 8

Битабар жұмыстан қайтты. Дүкеннен келген Сілеусін сыбырлап сөйлейді:

— Үлкен атам үйіндегі қайын аға келіп отыр.

— Е, ол қайдан жүр екен?

— Қайдан екенін сұрамадым.

— Ай, Алла-ай, кеше ғана ойыма алып едім.

Бертшек жылы оранып от басында отыр екен. Сақал-шашын қоя беріпті. Тым жүдеу. Ескі есепті ұмытып үлгірген Битабар ұмтыла берді:

— О, Бекенбісін? Қайдан жүрсін?

Бертшек «ақырын сөйле» дегендей қолын көтерді:

— Расынды айтшы, сен баяғы Битабармысың? Әлде белсенді болып алдың ба? — деп сыбырлап айтты.

— Белсендісі несі?

— Ә, өзім де солай ғой деп ем. Аласпаған екем...

— Ал, үй іші, ауыл-аймақ аман ба?

— Ауыл-аймақ дегеннен не қалды дейсін, тозды ғой, Үй ішінен хабарым жоқ.

— Сонда не, басқа жактан келемісін?

— Сен сұрама, мен айтпайын. Қаны бір туыс қой, паналатар деп келдім. Жаксы орналасты, тұрмысы онды дегенді және естідім.

— Е, не көрініпті соншама, аунап-қунап жата бер. Үй жетеді. Төсек-орын бар. Пак та бар.

Дастарқан жайылды. Ақ бөлкені түйе табан қолымен Битабар омырып-омырып тастады. Отырған қалпы керегеді ілулі тұрған дорбаны алмақ болып, бір-екі рет изеп еді, бытыр етіп бауы үзіліп дорба қолына келді. Сілеусін бай-байлап қалды.

— Әй, осы үйдің кісісі-ай, өзім де алатын едім ғой.

— Оқасы жоқ. Ана майынды сығымдамай молырақ сал. Тамыр аман тұрса бәрі де болады, — деп Битабар жанағы дорбадан құм-шекерді қолымен көсеп-көсеп алып ортаға үйіп қойды.

— О, жарықтық-ай, ыдыс бар еді ғой. Міне, аяққа салайық та.

— Оқа емес, қатын. Тек бар болсын де. Ал, шәйді құй дұрыстап.

Бірақ Битабардың өз пейіліндей кең дастарқанындағы ең тапшы нәрсе осы шәй болып шықты. Шәй емес, су тапшы.

— О заманда, бұл заман Кербаланың шөліндегідей суға жарымаған не сұмдык! — деп Сілеусін кейіп алды.

Шай дегенін бір-бір кеседен-ак келді. Көптен қарны тойып тамақ ішпеген аш қонақ нан мен майды қантқа араластырып қарбытып жатыр. Шайды түйілгенде ғана есеппен сараң ұрттап қояды. Битабар қонағын бір түрлі аяп кетті: бала күннен тай-құлындай тебісіп бірге өсіп еді. Бірі аға, бірі іні болған күндері бар. Тетелес құрбы болған да күндері бар. Ас пен тойда екеуінің жұбы да жазылмайтын. Битабар Бертшекке сенетін. Сол себепті көп мәселеде өз басын көп қатырмай, тізгіннің ұшын соған бере салатын. Балуанның осы қасиетін Бертшек те білуші еді. Аяқ асты еткен, қадірлемеген жері болған емес. Артта қалған ұзақ жылдарға Битабар дәл қазір тым биіктен қарап отыр. Бұралаң ұзын жолдың бұлтарыс бұрылыстары жазылып, ой-шұқырлары тегістеліп кетті де, өзара қатынастағы ашу-реніш, кикілжіңдер мән-мағынасын жойып, ұсақталып, аласарып жүре берді. Өткен өмірдің күнгейі ғана балуанның көз алдында. Басқа ағайын-туғанды іздемей, Битабар, деп келуі де содан ғой. Сондай ағайынға құшағын айқара ашпаса адамшылығы қайсы.

— Қатын, жок нәрсеге таусыла берме. Бас амандығын айт. Шүкіршілік ет осыны.

— Ия, барды қанағат ету керек, — деп қойды ішіне ел қона бастаған Бертшек ықылық атып.

Сәл қысылыңқырап қалған Битабар:

— Тамырға айткам. Ертеннен бастап суды өзімізге арнап әкеледі.

— Ал қазір қалған суына қазаныңды көтер....

Бертшек қателеспепті. Битабар ойлаған жерден шықты. Ет жеп, әбден тойып алған соң, қолын қайыс белбеу, етік қонышына сүртіп, түннің бір уағында ұйқыға ауысты.

## 9

Темір сапты қайла ұстаған екі балуан, сөйтіп, бәсекелесіп кетті. Арада десатник жүр. Битабарға келіп қазылған жерді өлшейді де:

— О, Ылғаздан қалыңқырап қойыпсың, — деп бәсеке отын өршіте түседі. Бірақ қанша қалғанын айтпайды. — Қимылдай түс, батыр!

Ылғазға барғанда да айтатыны осы:

— О, Битабардан қалып қойыпсың, қимылдай түс, батыр!

Битабар қимылдай түседі. Осындай қызыл танау, жанталаспен он күндік қорытынды шығаратын мезгіл де жақындап қалды.

Шахта кеңсесінің алдында асулы тактай бар. Битабар қалай өтпесін, сол тактаға үңіліп қара-құра халық тұрады! «Бұл не болды

екен?» – Білмекке құмарлық жеңді білем, шахтадан шыққан бойда бұрыла кетті. Жұрт ығыса берді.

– Неге бүйтіп жиналып тұрсыңдар?

– О, Битабармысың? – деп топтан Әли шықты. – Бұл социалистік жарысқа түскендердің суреті ілінген тактай. Ана ең жоғарыда тұрған сенсің. Содан кейінгісі – Ылғаз. – Әли сәл мүдірді. – Содан кейінгі... әрине мына дәден.

Жұрт ду күлді. Битабар мәз.

– Кім қанша орындапты сонда?

– Үшінші болып тұрғаныммен мен бәрінің де алдындамын.

– Қара-қара, құтыруын! Бері келші, «алдағыны» көрсетейін, – деп Битабар ұмтыла берді. Әли бұлтың етіп ұстатпай кетті. – Жоқ, ойнап айтам, алдыңғы орында Ылғаз, екіншісі – сен.

– Қой?..

Ұзын сары жігіт түсіндіре сөйледі.

– Жок, мұнда әлі кімнің алда, кімнің артта екені көрсетілмеген. Он күндік қорытынды бүрсігуі кешке шығады. Бәйге де сонда тапсырылмақ.

## 10

...Битабар үйге беттеп келеді. Қара дауыл. Қиыршық тас ашық жерді тікенше оскылайды. «Қарашаның қары жауып өткеніне екі ай болды, қыс түсетін мезгіл де өтіп барады-ау». Бірақ көңілі тыптыныш. Жуырда ғана екі бөлмелі жылы үйге көшіп шыққан. Көмір көп. Тамақ бар. Су да анадағы әңгімеден кейін үзбей келіп тұрады. Амантай да іс басында.

«Бүгін пәлен тонна көмір шығардық», – деп кәдуілгі үлкен адамша күн сайын баяндай келеді. Кісі болып қалған. Жалғыз-ақ мазасызданатыны Бертшек жәйі. Келгеніне бір ай. Оңалып, таралып алды. Бірақ не ойлағанының барын кім білсін, табан аудармайды, жатады. «Біздің тамырға айтып, жұмысқа орналастырайын, оған не дейсін?» – деп бір көріп еді. Бертшек «қоя тұр» дей салған. Содан кейін «ішкен асын, жатар орнын қызғанды демесін» деп, Битабар бұл тақырыпты жауып қойды.

Ертең ел ішінде «Бертшектің ішпесін ішіп, жемесін жеп жүрген Битабар еді, арып-ашып туыссырап келгенде дардай басымен бір ай да паналата алмапты» – деген қаңқу тараса бұдан артық өлім бар ма! Ия, үйіндегі бар асылы мен жылы-жұмсағын қонаққа деп сақтайтын қазақ үшін бұл өліммен тең.

Осы оймен Битабар үйге келді.

Амантай жұмыстан келіп үлгеріпті. Тамақ ішіп жатыр. Үстінде жұмыс киімі. Жуынбаған.

— Әй, неге жуынбағансың? Сілеусін шағынып жатыр:

— Ойбай, су жоқ тағы да.

— Е, әкелмеді ме?

— Әкелді. Бірақ кісі сондай көп болды. Жетпей қалды. — Битабар әлдекімді іштей сыбап алды.

— Ал ендеше, шәйінді берші. Шахтер болған соң жуынуды көпсінетін шығар бізге.

— Су жоқ дедім ғой.

— Ой, сонда шайлығын да жоқ па? Сілеусін жауабы шолақ:

— Шайлық та, тамақтық та. Мына балаға кешеден қалған тамақты жылытып беріп отырмын.

Битабар шын ашуланды.

— Мына иттің балалары шөлден қатыратын шығар, — деді де, бүкжиіп жатқан Бертшектің қасына киімшен қисая кетті.

...Ертеніне Битабар жұмысқа бармай қалды. Басын да көтерген жоқ.

Бертшек те солай, қозғалмайды. Амантай тұрып кетті. Сілеусін де тұрып, от жакты. Содан кейін бір шәйнек су әкелем деп ит өлген жерге жаяу жөнелді. Сәске кезі. Бертшек бір аунап түсіп, Битабарға қарап жатты.

— Битабар?..

— Ә, Беке, құлағым сенде.

Тағы тым-тырыс. Битабар су жайын ойлап жатыр. Бертшек ойы әр сакта.

— Битабар?..

— Әу, Беке, бірдеме дедін бе? — Битабар басын көтерді. Бертшек колымен кеудесінен басып қайта жатқызды.

— Он күннен бері айтсам деймін, бірақ айта алмай жүрмін бір жәйді. Осындай көрбілте, көмескілікті Битабар ұнатпайды.

— Ия, айтсайшы айтатын болсаң, сағыздай созып неге керек. Бертшек үндемей қалды. Битабардың ойына тағы да су түсті. «Тамырға тағы да барсам ба екен?» Бертшек ойы: айтсам ба екен, айтпасам ба екен?

— Битабар?..

— Иә?..

— Сөзіме құлақ сал.

— Құлақ салып жатырмын.

— Менде... көп қазына бар.

— «Апырау, суы түскірді не істеуге болады?»

— Сондай көп қазына...

Битабар бұл сөзге мән берген жоқ.

— Қазынаның көкесі су боп тұр-ау қазір.

— Тіпті екеуміздің қалған өмірімізге жететін қаз...

Битабар Бертшек сөзінің ар жағын естіген жок. Даладан дабыл қағылды. Барлыққан сушы даусы:

— Су келді! Су! Су алындар! Су!..

Битабар атып сыртқа шықты. Пар атты ұзын бірішке үстіндегі ұзын бөшке. Жұрт жиналып қалған. Жапа-тармағай бәрі де қол созады.

— Кезек менікі, маған құй әуелі!

— Жок, кезек менікі деймін!

— Әй, әне біреу қолын неге соза береді. О жактан құйма. Мында кеп кезекке тұрсын!

— Әй! А...ии!

У-шу. Қанғырлаған шелектер. Төгілген су. Бакырған бала даусы. Битабар үндемей келді де, шеткі аттың қайыс бауын шешіп алды.

Аттың өзін жетелеп кетсе де, аңғарар ешкім жок.

— Ал, кәне, балық үлестіріп жатырсындар ма! Шуламай кейін шегініндер! — Салмақты, зілді дауыс.

Жұрт тынып, жалт қарасты. Әлдекімді салып жіберуге оңтайланған адамша қайыс бауды екі қайырып ұстап Битабар жақындап келеді. Бірішке маңы сыпырылып ашыла берді. Битабар сол жай басып келген қалпында қайыс бауды айқара тастап, бөшкені екі жерден құрсаулай салды да, қайырыла берді:

— Ия, аруак! — Пар ат тартқан алып бөшке қаңбақша көтеріліп барып, балуанның жалпақ жотасына дік ете түсті. Үйге қарай беттей берген Битабар ойы: «Біреу-міреу келіп аяғымнан шалып қалмас па екен?»

— Он шақты аттап артына бұрылды: селт еткен бірі жок. Бәрі де ауыздарын ашып анырып қалған:

— Беке, су келді!

Бертшек төсектен ұшып тұрды.

— Мұның не, Битабар!! Қырсық болмаса игі еді. Даладағылардың көз жасына қалмаса игі едің.

— Оны қоя тұр, ыдыстарды дайында! Бертшек жүгіріп жүр.

— Астағыпиралла-ай! Астағыпиралл-ай.

Бакыр, шелек, күбі, қазан, аяқ, мес, шәшке мен кесе — үйдегі қуыс нәрсенің бәрі тізілді. Битабар лақылдатып құйып жатыр.

— Енді ештеңе қалмады-ау деймін!

Битабардың есіне Бертшек пен өзінің қара саннан келетін жуан қоныш етігі түсті.

— Етіктердің байпағын суыр!

— Ой, о не дегенің?

— Суыр, Беке, төрт етікке кем дегенде төрт шелек су кетеді. — Рас екен. Қара қазан мен күбіден кейін судың ең мол кеткені осы етіктер.

— Енді қайда құйдым? Беке, байпақтарға да құйсам қайтеді? Жұмыстан келгенде жуынуға жарайды ғой, әйтеуір.

- Байпакка су тұра ма?
- Жок сонда да көрейік.

Бертшек карсыласпады. Киіз байпақтың қонышын аша берді. Битабар құйып жатыр. Бірақ далаға құйған секілді, сар-сұр.

– О, қызык-ай, суық ұстайтын киіз байпак су ұстамайды екен ғой. Бөшке түбінде әлі су бар.

– Енді кайттім?

– Бәрін тауысу шарт па? Далада да ошарылып тұрған жұрт емес пе, қайтарып бер.

Битабарға тағы бір ой келді.

– Мен шешінейін, Беке, сен мына бөшкені көтер де басыма құй. Сөйтіп, кешегі шаңнан бір тазарайыншы.

Бертшек бөшкені олай қозғап, былай қозғап, тізесіне де жеткізе алмады. Бірақ жол тапты: әуелі жаулаудағы суды құйды да, содан кейін бөшкеден көсіп алып тұрды. Әбден шаң-тозаңнан тазарып рақаттанған Битабар бөшкені көтеріп есік алдына шықты. Жұрт манағы калпы. Бірі селт етпеген. Бәрі де «енді не болар екен?» дегендей осылай қарайды.

– Әй, сушы жігіт, бұдан былай суды әуелі біздің үйге әкеп құясын. Әйтпесе, көретінін осы. Ал, бөшкенді! – Битабар бөшкені төбесінен асыра көтеріп, лақтырып кеп жіберді. Қаңғыр-күңгір. Жұрт жапырыла берді.

– Ойбай, астында қаласын, былай тұр!

– Әй, жалтар деймін тура саған қарай келеді.

– Әй!.. Әй!..

Көпшілік енді бос бөшкені токтата алмай әлек. Сапырылыс.

Ашуы тарқаған Битабар қолын кеудесіне айкастырып қарап тұр. Мәз. Енді білді, бұл жер біраз еніс екен, бөшке көз ұшында бұлдырап әлі домалап барады... Біреу бері салып келе жатыр. Бөшкені көріп о да жалт бұрылды. Содан кейін тұра қалып кеудесін басты: аман қалғанына шүкіршілік. Бөшке кеткен жакқа біраз қарап тұрып-тұрып тағы бері жүрді. Әли екен.

– Әй, батыр-ау, мұның не?

– Не екенін көріп тұрған жоксың ба?

Ала көбеден кеткен Сілеусін де бір шәйнек су алып жеткен беті.

– Біздің үйдегі кісі-ау, не жасап тастағансың?.. – Бетін жыртып, аң-таң.

– Не жасап тастағанда шаруаң не? Шәйінді қой. Қазаныңды көтер тезірек. Қонағыңның да, байыңның да аш екенін білесің ғой.

Үшеуі де үйге беттеді.

...Шай ішіліп жатыр. Қазанда ет бүлкілдейді. Өзінің дағдылы калпына келген Битабар:

– Беке, жеп, іш! Әли, алсайшы! Қатын шәйді қызартыңқырап құй. Сен же, мен же.

...Терезе алдына кеп пар ат тоқтады.

— Әлгі сушы ма? Неғып келді?

Қағалтай Әли ұшып тұра келіп терезеден үнілді.

— Жок, сушы емес. Өй, мынау, әлгі Левенштерннің ат-арбасы ғой. Сөйткенше болмады, есік ашылды.

— О, шай, тәтті-ақ, иесі қатты-ақ. — Күліп Левенштерннің өзі кіріп келеді.

— Е, тамырмысың? Төрлет! Шәйдің тәтті екені рас, ал иесі қатты болғысы келеді, бірақ бола алмайды. — Битабар арбандап тұра берді.

— Бала секілді секеңдемей, отырсайшы, өзі де шығады ғой, — деп Сілеусін күйеуінің қалбалақтап қалғанын ұнатпады. Бертшек те бөтен адамның келгенін жаратпаған секілді. Сазарып, үндемей отыр. Бірақ олармен Левенштерннің ісі болған жок. Еркін басып қак төрдің басына шықты. Бертшек сырыла отырды.

— Ой, тамыр-ай, дүниенің астан-кестенің шығарыпсын ғой, — деп Левенштерн сылк-сылк күлді.

— Е, естіп қалған екенсің ғой? — Битабар да қарқылдап күліп жатыр.

— Естімегенде. Көлденең тұрған біреу тамашалап айтып берді.

— Қайтейін енді...

— Сол керек ол итке. Жарлықты орындамаудың не екенін біледі енді. Сушы шағыммен келіп еді, айдап шықтым: — Жарлықты орындамағаның үшін он сом айып. Қайталайтын болсаң, қуыласың. Бар, тайып тұр енді!

— Хи... хи... хи..! Ха... ха... ха! — Левенштерн күлкіден оқыс тыйылды.

— Сен бүгін жұмысқа шықпай қалдың. Ал Ылғаз болса көмірді боратып жатыр. Сөреге қай жүйрік бұрын келеді — ертен кеш айқындайды. Байка, Битабар балуанның жауырыны жерге тиіп қалып жүрмесін?!

— Тамыр, кешеден бері ашпын мен. Тамақ ішіп, әлденіп, дем алған соң, кешкі сменамен жұмысқа түсем... Түн шабам, күн шабам... Сонда бүгінгінің есесі қайтпай ма? Екі тәуліктік қауқар бар әлі Битабарда.

— Оған сенемін, — деп Левенштерн күлді. — Уәде осы болсын.

— Осы...

Кетерде Иван Ивановичтің көзі Бертшекке түсті.

— Бұл кісі?..

— Туысым...

— Жұмыс неге істемейді онда?

— Қонақ қой, — деді Битабар.

— Е, білем қазақтың айлап жатып алатын қонағын. — Енді Бертшектің өзіне туралап қарады. — Сендерде мақал бар ғой: Әлгі...

ие, қонақ бір қонса құт екі қонса, жұт... Солай ма? Неше қондың бұл үйде? – «Сіз», «біз» жоқ, «сен»... Левенштерн қазақтармен осылай сөйлеседі.

Битабар көлденендей берді:

– Жуырда ғана келген... Аңқаулығы ма, арамдығы ма:

– Қайын ағанын келгеніне кеше бір ай, – деп салды Сілеусін.

Битабар қатынына ала көзімен қарады:

– Көзіне қара, шәйінді құй жөндеп! Левенштерн қадалып алған, болар емес.

– Бір ай. Келген күннен бастап жұмыс істесен ғой, үкіметке де, өзіне де қанша пайда келтірген болар едің.

Бертшек жасқаншақ болып қалған ба, мінгірлей сөйледі:

– Денсаулық жоқ. Жұмысқа жарамаймын... Левенштерн бұл сөзге мән бермеді.

– Шахтаға, бізге кел. Ақша табасын, паяк алатын боласын, – деп тоқтады. Содан кейін турасын айтты. – Битабар көмір қазады. Паяк алады. Он жастағы Амантай далаға көмір шығарады. Паяк алады. Ал сен бір ай бойы солардың еңбегін сорып жатырсың. Мұндайды арам тамақ дейді. Түсіндің бе?

Бертшектің ерні жыбырлады:

– Түсіндім...

Бұл сөз Бертшектен гөрі Битабарға қатты батқан секілді.

– Әлі орналасады ғой. Аунап-қунап жата тұр деп мен едім болмай жүрген... – Тұмысында тұңғыш рет жалған айтқаны.

– Ә, солай ма еді?... – деп Левенштерн езу тартты. – Аунап-қунап болған соң, келсін маған...

Левенштерн кетіп қалды. Біразға дейін үй ішінде ауыр тыныштық орнады. Әзілқой Әли үнсіз сыртқа шығып кетті. Бертшек насыбай салатын шақшасын анда-санда саусағымен ұрып тырсылдатып, терең дем алып қояды. Сөзге алаң болған Битабардың сусыны енді ғана қанса керек, табақша түбінде қалған шайды қаттырақ ұрттай тартып, шәшкесін төңкерді. Ішінен ауасы шығып болмаған шұңқыр біріер қимылдап барып бық-бық етіп тынды.

Бертшек тағы күрсінді:

– Ай, Битабар-ай, манағы бір ісіннен шошып едім. Бірер сағат су ішпесек өлетін бе едік? Дүниені алатайдай бүлдіріп... үйіне нәшандікті келтіріп... Ендігі күн не болды?

Битабар шын қысылды.

– Тамырды келіп қалады деп кім ойлаған? Су жоқ болған соң былай нетіп... ызаланып... – деп мүдірді.

Сілеусін түтіні басқа.

– Басында осы тамырдың өзін ұнатпаған ем. Жаксы адам екенін кім білген.

Бертшек ренжіп қалды:

- Келінжан, бұл не, ауырлағаның ба ішкен шәйді?
- Жаксыны жаксы деген дұрыс қой, қайын аға.
- Несі жаксы, қазақ арасында көп болып, ішек-карнымыздың қырындысына дейін біліп алған қу, ит қой бір.

Сілеусін қайтпады:

- Өзімізге ұнайды, әйтеуір. Біздің үйдің кісісі десе жаны-құты қалмайды. Міне, көрмейсіз бе, өзі келді. Ал басқа бір қазақтың үйіне әке-көке десен де бас сұқпайды. Рақмет сонысына.

Бертшек түрегелді.

- Келіннің мұнысы кет дегені ғой. Кетейін онда.

Левенштернді мақтаған сайын жаны кіре түсіп отырған Битабар келін мен қайын аға арасындағы қақтығыстың мәнін осы жерде ғана түсініп, қатынын нұқып қалды.

- Иттің баласы-ау, саған сөз не керек. Тамағыңды қымзаула одан да, жұмысқа барам дедім ғой.

Сілеусін тым-тырыс, Бертшек буынып-түйіне бастады.

- Өй, Беке, есін дұрыс па өзіңнің, қайда барасың?
  - Келін кет деп отыр ғой, кетем... Сілеусін жыламсырай сөйледі:
  - О не қылғаның, қайын аға? Кет деген жоқпын ғой мен сізге.
- Битабар ұшып тұрды да, Бертшектің киіміне жармасты.

- Кетпейсің, Беке. Бір жылға қоян терісі де шыдайды деген. Қоян терісі құрлы жоқ дейсің бе. Бармыз. Кеңшілік заманда бірде былай, бірде олай жүргенімізбен, ағайынның шын ағайыншылығы осындай таршылықта көрінеді. Үй өзіндікі, жата бер, — деп шешіле сөйледі..

Бертшек мұны да тыңдамады.

- Жок, Битабар, келінмен алакөз болғым келмейді. Кетем дедім, кетем...

- Онда бұл итті қазір үйден айдап шығам!..

Сілеусін дауыс көтере бастады:

- Адал дәмімді ішіп отырып, мұның не, қайын аға, артық айтсам, кешіре көр. Кетпеніз. Бүкіл ауылға ұйтқы болған үлкен үйдің баласы ең, не болды? Кетпенізші. Сіз кетсеңіз осы үйдің кісісі өлтіреді ғой мені.

Бертшектің қалағаны осы еді. Ерлі-зайыпты екеуі бірдей жалынып, бағасы артқан соң райынан қайтты. Көңілі орныққан Битабар тамағын ішіп кешкі сменаға бет алды.

## 11

Жүйріктің делебесі дуда қызады. Ылғаз бен аруакты балуан шын белдескен адамша кимылдады. Үш темір кайла кезекте. Мұқалғаны кайралып, айналып келе берді. Баяғының тау копарған алыбы секілді, құлаштай соғып, кайланы тас көмірге сағалата кіргізеді де, көтеріп, не басып қалады. Сандықтай-сандықтай тас көмір кесек-кесегімен домалайды. Вагонеткалар тасып үлгермейді. Күрекшілер күрегін былай тастап, кей кезде екеу-үшеуі жабылып көмір кесегін зорға тиейді.

Осы кимылмен түн өтті. Битабар жарық дүниеге шыкпады. Аз ғана демалып, Сілеусін әкелген тамақты іштіде, жұмысқа қайта кірісті...

Түс кезінде Левенштерннің өзі келді. Екі алыптың кимылына дән риза. Көмір өндірудің осындай жолын тапқан өзіне де риза. «Ел аралап жүріп, шахтерлерді кілен осындай бір алыптардан жинап алса, көмір өнімін он есе арттыруға болар еді-ау».

## 12

...Шахтерлер үлкен залға жиналды. Мұнда да Левенштерн тапқырлық жасап, қазақ ауылының тойына ұқсатып, жұртты екі жарып отырғызды. Президиум орнына сарапшылар, даяшылар. Сөзді өзі бастады.

— Жолдастар, бүгін бізде үлкен той. Октябрь революциясының он үш жылдық мүшел жасын табыспен қарсы алғалы отырмыз. Шахта айлық жоспарын жүз он процент орындады. Той дегенім осы. Табыс құрметіне бәйгеге ат қоспасак та, күрес бастаймыз!

Жұрт ду күліп, көтеріліп қалды.

— Бірінші бригаданың атынан жауырыны жерге тимеген атакты балуан Битабар... — Левенштерн Битабарды ортаға алып шықты.

— Екінші бригаданың атынан жауырыны жерге тимеген белгілі балуан Ылғаз... — оны да Левенштерн ортаға алып шықты.

Битабар шешіне бастады. Шын көріп қалған секілді. Левенштерн күліп жатыр:

— Біздің күрес олай емес, былай болады: Битабар оң жағында, Ылғаз сол жағында. Әуелі Битабардың қолын көтерді.

— Битабар айлық нормасын жүз тоқсан жеті процент, ал Ылғазбен жарысқа түскен соңғы он күндік нормасын үш жүз жеті процент орындады.

— Битабар жасасын! Урра...а!

Левенштерн кезекпен Ылғаздың да қолын көтерді.

— Айлығы жүз сексен бес, сонғы он күндігі үш жүз. Бұған да жұрт ду қол шапалақтады.

Тағы да Левенштерннің орнықты даусы:

— Бас бәйге — шапандық жасыл барқыт — бес метр! Резинка калош Битабарға беріледі.

Жұрт қошеметімен аталған сыйлықты алып Битабар орнына отырды.

— Екінші бәйге — көйлектік сатин — төрт метр! Ылғазға беріледі. Ылғаз сыйлықты салқындау барып алды.

— Үшінші бәйге — қазақы шұлғаулық бөз — үш метр!.. Жұрт шулап Левенштерннің даусын естіртпей жіберді.

### 13

...Баяғы өзіне таныс ұзын стол. Кабырғада Ленин, әлі қолын созып тұр. Тағы да: «Не деп тұр?» Білгісі келеді. Еміс-еміс атын естігені болмаса, түк хабары жоқ. «Түсі игіден түңілме» деген ғой, жүзі жылы екен. Жаман айтып тұрмаған болар».

Тағы Левенштерннің даусы:

— Той еті домалақ дейді ғой қазақтар. Осыған разы боласындар. Жеңдер, ішіндер, жолдастар!

Столда қолбаса тұр. — Битабардың татпайтын дәмі.

— Қойдың қолбасасы.

— Мынау — бұзаудікі...

— Жок, Алла разы болсын. Қызыл шыны, көк шынылар тұр.

— Жок, мұны да ішпеймін.

— Жок, тамыр, ішесін бүгінгі тойдың құрметіне. Анада Иманак тауының бауырында ішкенсің бізбен.

— Ішеді Битабар, ішеді, — деп жұрт шулады.

Бір әйел келіп Битабардың қасына отырып алды. Сөзі шала орысша, шала қазақша.

— Мынау вино. Виноград біледі? Мынау сол виноград суы. Битабар мұны ішеді. Пейіште хор қызының ішетін суы!

Жұрт қолқалап болмаған соң, Битабар бәлсінбеді. Тартып жіберді. Содан кейін тағы да ішті. Бір қызығы, арақ ішіп уланбағандық па, Битабар ана жолғыдай, мұнда да тез қызды. Көзінің алды буалдырланып, дүниенің бәрі ірі берді. Қарсы алдында Ылғаз отыр. Біреу емес, екі Ылғаз. Битабар бір көзін жұмса, біреуі жоғалып кетеді, көзін ашса тағы екеу. Шошиын деді: «Жынданудың қай жағындамын?» Ылғаз оң жағындағы екі қолын созды.

— Сен алдадың!

— Кімді алдадым? Құдай сақтасын, ешкімді де алдап көргем жоқ осы жасымда.

— Жок, мені алдадың!

Битабар бір көзін қысты. Жоғалып кеткен Ылғазды кім білсін, мына Ылғаздың түсі суық:

– Жасырынып түнгі жұмысқа бардың. Бәйгіні сөйтіп алдың. Шырылдап ара түскен Әли даусы:

– Түнде барса, алдында күндіз бармады ғой. Екі есеп, бір есеп. Битабар ашуланып кетті.

– Кісі екен десем, ит екенсін ғой. Сен ендеше күн-түн істе. Мен жарты іспен... Сонда да басып озам...

– Оза алмайсың!

– Жок, озам! – Битабар қойнына тыққан барқыт пен калашты суырып алды. – Мә, қызғансаң, сен ал! Бәйге дүниесін бойыма жапсырған кісі емен. Өзім де кімге берем деп отыр едім.

– Неге алам? Алмаймын. – Ылғаз сыйлықты Битабардың өзіне қарай сырғытты. – Алсам, жеңіп алам...

– Жеңіп ала алмайсың, осылай ал!

Сыйлық біресе Ылғаз алдында, біресе Битабар алдында. Битабардың көзі Әлиге түсіп кетті.

– Мә, ендеше сен ал. Әли иіліп жатыр:

– Екі арыстан таласса, біздейлерге жем түседі...

Ду күлкіден Левенштерннің даусы жарылып шықты:

– Біз күн істе, ал түн істеме демейміз. Жок, түн істе, күн істеме деп те айтпаймыз. Күн де істе, түн де істе. Әйтеуір жұмыс істе. Әйтеуір көмір өндірі. Біз осыны айтамыз...

Әлдене үзіліп кеткендей болды. Битабар қайта көзін ашты. Манағы әйел тақалып алған. «Қайтеді мына кәпірің?!».

– Бұзаудікі мына колбаса!

– Мынау қойдың колбасасы!

Битабар қолымен «жок, жемейді» дегенді танытты. «Битабар ішеді, бірақ жемейді!»

– Іш, Битабар, іш!

Дүние шыр айналып барады. Әйел билеп жүр. Бір секірді, бір отырды. Аяғы байлар мінетін фэтон арбаның шабақтары секілді, зыр-зыр етеді. Керемет!

– Ойпырай! Кереметі-ай қолының!

Битабар көзін ашты. Әйел қасында отыр. Битабардың қолы столда. Саусақтарын бас-басына ашып қарайды да, күледі.

– Әр саусағы менің білегімдей!

Кенет шарап пен колбасаның иісі келді...

– Битабар жемейді, Битабар ішеді, – Өз даусынан өзі оянып кетті. Үңіліп бір көз тұр. Дөп-дөңгелек. Көкпенбек. Кең сахара даладағы тып-тыныш тұнық көл секілді. Көк аспан төңкерулі. Ала шарбы бұлттар калкиды. Ыстық леп соғады.

– Жок, колбаса жемейді Битабар!

– Жемей-ақ қой, іш бірақ. – Жінішке, назды әйел даусы.

Тағы да көз алдында тұр. Тұңғиық көз... Кіршік жоқ аппақ, тап-таза қарлы дала. Тұңғиық көз сол аппақ дала көзі. Жұп-жұмсақ, жып-жылы...

Дүниенің бәрі көкбенбек, дүниенің бәрі аппақ, жып-жылы, жұп-жұмсақ. Битабар жүріп кеткен секілді. Шахта артта қалды. Үйлер де артта.

Жүріп келеді. Ып-ыстық бірдемеге сүйеніп келеді. Кенет манағы әйел есіне түсті. Билеп жүр... Битабардың саусақтарын санап жатыр... Оқыс, оғаш сезім: «Бұлар да қазақ қатыны секілді ме екен? Әлде...» Соны ойлауы-ақ мұң екен, ыстық бір құрсау ішіне түсіп кетті. От құрсау. Бойы шымыр-шымыр. Жойқын бір ағын Битабардың ырқын алып, есенгіретіп жүре берді...

## 14

...Битабар шошып оянды. Айнала аппақ. Төбе де, төсегі де. Қасында бір әйел жатыр. Сілеусінге мүлде ұқсамайды. Жирен шаш. Әрі кеудесіне тартқан тілімдей шүберегі болмаса тырдай жалаңаш. Көрпесі сырылып қалған. Денесі аппақ, жұп-жұмыр, жұп-жұмсақ. Балтыры октаудай түп-түзу. Екі аяғын айқастырып шалқасынан жатқан күйі, қаперсіз ұйқыда. Битабар басын шайқады. Қашан келді, қалай келді? Есінде бірі жоқ. Есіне Амантай түсті. Қабак шытып алдына бір келіп көрмеген, барға да, жоққа да көнбіс Сілеусінді ойлады. Бала алдында, жар алдында тазарта алмас күнә. Ұят-ақ, өкінішті-ақ.

...Қоңыраулы сағат алты рет соқты... Битабар жата берді.

...Қоңыраулы сағат жеті рет соқты.

Битабар шыдамады. Ұйықтап жатқан әйел мүсініне тағы көз жіберді.

«Апырмай, мынаның қасында біздің қатындар да қатынбыз деп жүреді-ау!» Денесі бір түрлі қызынып сала берді. «Ә, болары болды ғой, қылмыстың азы не, көбі не, бәрібір». Жүрегі лүпілдей бастаған соң аунап түсті... әйел оянды да, балуанды ыстық құшағына ала берді...

— Какой ты сильный, Битабарчик! Сверх всякого ожидания! Ты просто чудо природы... Устала я. Сильно устала...

Битабар түсінбеді. Әйтеуір жамандап жатпаған секілді. Қоңыраулы сағатты сегіз рет соқтырып Битабар түрегелді.

— Жарық түспей тұрып кетейін мен. Бала бар. Қонақ бар, ұят. Маужырап, діңкесі құрып жатқан әйел басын изеді.

— Сенің атын кім? — деп сұрады Битабар киініп жатып.

— Марья.

– Ә, Мәриә? Жаксы, жаксы! Мәриә кәрәшәй. Мәриә! Мен калай келдім мұнда?

Мария күлді.

– Сен болмады, жүр деді. Мен жүрді сосын. Сен болмады, есік аш деді. Мен ашты сосын...

Битабар да кенкілдеп, басын шайкап-шайкап күлді.

– Мәриә, сен де шактыда істейді?

– Мен конторда. Шот қағамын, дегенді қолымен көрсетті. – Сендерге паек береді, акша береді...

– А-а. Бала қайда? Бай қайда?

– Бала таппаған. Бай өлген. Сосын Қарағанды келген...

– А-а...

Битабар той сонын осылай өткізді.

## 15

Битабар Марьядан шыққан бойда шахтаға барып түсті. Амантай күндегісінен ерте келіпті. Іздеп жүр.

– Әке, қайда болдың?

Тағы да өтірік айтуға тура келді:

– Түнде тамыр үйіне алып кетті... болмады.

– Ә-ә... Апам да, мен де қорқып... Үлкен үйдегі ағам да қорықты. Битабар Амантайды басынан сипады.

– Сендер қорқатындай әкене кімнің әлі келеді... Бар, жұмысына бара ғой.

– Амантай томпалаңдап кең штректі бойлап кетіп бара жатыр. Ойында түк жоқ, айтқанға сенді. Баламысын деген осы. Битабар карап тұр. Жүрегі бір түрлі. Бала алдында үлкен қылмыс істеді. Қалай ақталмақ енді?

Денесі дел-сал. Өрт соққандай. Басы да зіл кара тас. Қолынын қаруы кеткен бе, қайла да көмірге батпай қойды. Бір-екі рет десятник келді.

– Бүгін не болған саған, Битабар?

– Кеше арақ ішкен, соған ауырған...

Десятник көзін сығырайтып, жымың-жымың етеді.

– Арақ ішкен, ауырған... Сосын не істеген?.. Николай бәрін біледі. Айтпаса да біледі... – Николай шалғы мұртын сипады да, Битабардың арқасынан қағып, бас бармағын көрсетті. – Ол маржа – во! Битабар тоже – во!

Битабар үндеген жоқ: «Мынау ит біліп қалған екен ғой!».

Десятник Битабардың қысылғанын сезіп, әрі қазбаламады. Кісілік жасады.

— Жұмыс бүйтіп өнбейді, Битабар. Үйіне бар да, тынық. Жұмысқа ертен шық.

— Ракмет, тамыр, ракмет...

## 16

Үй сұп-суық. Сілеусіннің қабағы түсіп кеткен. Қылмыстының арты қуыс. Битабар қылп ете қалды: «Құдай-ай, бір сұмдық болмаса жарар еді!» Бертшек те бүк түсіп төрде жатыр.

— Қайда болдың, Битабар?

Битабар енді Амантайға айтқан дәлелінің түкке аспайтынын сезді. Левенштернді Бертшектің қаны сүймейді.

— Той кеш тарады. Содан әлгі Сарысудың төменгі жағындағы Ылғаз балуан болмай, үйіне алып кетіп... — деп жалтарды. Қайтсін, адам өтірікті айтайын деп айтады дейсін бе, осылай қысылған соң айтады да.

Бертшек жайдарыланып сала берді.

— Е, Ылғаз балуан да осында ма еді?

— Иә, ол бізден де бұрын келген екен... Тұрмысы жақсы. Әңгімеге тақырып табылып, Битабардың көңілі орнығайын деді.

— Е, қатын, үй неге суық? От неге жақпағансың!

— Жағатын көмір жоқ, таусылып қалыпты.

— Апырау, онында ерте неге айтпадың? Қазір, мен... — деп Битабар түрегелді...

## 17

Битабар атын жекті де жұмыс аяғында Левенштернге барды.

— Тамыр қайда? Осында ма?

Есік алдында отырған қыз ұшып түрегелді:

— Өзінде, кіріңіз! — «Шахтер келсе, күттірме» деген Иван Ивановичтің жарлығы. Қыз соны орындап жатыр. Битабар түсінігі басқаша: «Апырай, үлкен нәшандіктің алдында отырған күтушілері де сыпайы!» Осылай ойлаған Битабар кабинетке кіріп үлгірмеді, Левенштерннің өзі шықты. Қасында Ылғаз.

— О, тамыр, шаруа қалай?

— Шаруа жақсы емес, тамыр. Үй суық, көмір жоқ, тамыр. Левенштерн қарқылдап күлді.

— Саған да көмір керек пе?

— Иә, тамыр, көмір керек.

— Бұл қалай, тамыр атаулының көмірі бірдей таусылғаны. Міне, Ылғаз да көмір сұрап келіп тұр. — Левенштерн осыны айтты да, көмекшісіне бұрылды. — Қызым, бухгалтерді шақыршы.

Қыз жүгіріп кетті. Әлгіндей болмай Марья келді. Битабардын жүрегі зірк ете қалды: «Құдай сактай көр. Мәриә қайдан сап етті?!»

Левенштерн бірдемені сезетін секілді. Екі балуанға кезек карап күліп қойды. Левенштерннің сезгенін Марья да сезген секілді. Әуелі Ылғазға, сосын Битабарға көзі түсіп қадалып қалды.

— О, Битабар?! — Ішіп-жеп барады.

Битабардын маңдайынан тер бұрк етті: «Құдай-ау, мына кәпірін әйел болып қымсынбайды ғой тіпті. Бір сұмдық жасамаса игі етті!».

— Марья Александровна, мына екі тамырдың көмірі бітіп қалыпты, не істейміз.

— Е, көмірі бітсе, жазып берейік, — деді Марья. Битабардан көзін әлі алған жоқ. Ыңғайсызданған Битабар жүзін төмен салды: Неге екені белгісіз, Марья кейпі көзімен көргендегіден де айқын болып елестей қалды енді: әжімсіз аппак өң. Иегі сәби иектеніп дөңгеленіп тұр. Көзі тұңғыық су секілді, мөп-мөлдір. Жирен шашы тобығына түседі, жұп-жұмыр. Кеудесі сондай шалқак, шығыңқы, қап-катты. Ал белі болса, қылдырықтай-ак. Нағыз құлын мүсін, қыз мүсін. Байға тиген қатынның тап осындайын тумысында көргені осы. «Керемет кәпірің!» Аздап ой жетегіне еріп, еліккен Битабар қайда тұрғаны қайта есіне түсіп, басын жоғары көтеріп еді, Марья әлі көзін аудармаған екен.

Левенштерн айтты:

— Жазып бергенде, кезекті қайсысына береміз? Марья іркілмейді:

— Кезек Битабардікі. Левенштерн қарсы:

— Жоқ, кезекті өз ара келіссін. Марья күліп тұр, үндеген жоқ.

— Кезегі несі? — деді Битабармен кезектескісі келмеген Ылғаз. Битабар ойы өзгеше: «Мәриә мен осы тамыр екеуі бірдемені бүлдірмесе игі еді...».

— Кезектің не екенін көресің қазір. Ал жүріңдер, Марья Александровна, баста.

Марья Александровна жол бастады. Көш соңында әуелі Левенштерн, Битабар, сосын Ылғаз. Левенштерн сәл кідіріп, артына көмекшісіне бұрылды:

— Жұрттың бәріне айт, далаға шықсын, қызық бар.

Битабар әдепкіде тамырының әйелге жол бастатқанын бір түрлі балаша қызықтап: «Жөн-ау, осы. Үй-жайыңды ұстағанын жақсы көреміз, қойнына жатып, құмардан шығатынымыз және бар. Сөйте тұрып:

«Әй, сүйт, әй, бүйт!» — деп ат артына өңгеріп, кемсітетініміз теріс қой», — деп ойлап еді, Левенштерннің «қызық барына» қайта қобалжыды.

Марья Александровна бұларды көмір шығаратын жерге бастап келді. Әлгіндей болмай жұрт жиналды. «Қызық бар!» — дегенге ме,

ентелесіп иін тіреседі. Бір жақтан Әли де сап ете қалыпты: «Ал, кәне, қызықты көрейік!» — деп ентелей түседі.

Үлкендігі шөккен нардай, үлкен бір кесек тас көмір жатыр. Не Ылғаз, не Битабар шауып түсірген кесек. Левенштерн сол тас көмірдің қасында тұр. Битабар мен Ылғазды қатар шақырды:

— Мына тас көмірді қайысысын көтеріп әкетесіңдер? Ерік өздерінде. Құдай алдында сұрауы жоқ. Қай үйге болса да екі айлық отын.

Битабар бұрын сөйледі:

— Ылғаздың жасы менен кіші, Ылғаз алсын.

Ылғаз баса қоймады:

— Жок, жол жасы үлкендікі емес пе, Битабар алсын.

— Қайратты жас көрсетуші еді ғой...

— Битабар дұрыс айтады, — деп қойды Марья. — Бұл — Битабар шауып түсірген көмір. Ылғаз алады. Ал Ылғаз шауып түсірген көмірді Битабарға беретін боламыз.

Ылғаз сөз таластырмады. Көмірдің ол жағынан бір, бұл жағынан бір шығып қарады. Аяғымен де қозғап көрді. Құшағымен де өлшеп, шамалады. Басын шайқады.

— Жок, мұндай көмірдің маған керегі жоқ.

— Ендеше басқа отын жоқ, — деді Левенштерн. Жұрт ду ете қалды:

— Жок, Битабардың өзі алсын. Өзі шауып түсірген екен, өзі алуға тиісті...

Алғашқы ой: «Көтере алмай, ұят болып қалмас па екен?!» Левенштерн енді Битабарға қадалды.

— Тамырлықтың жолы бір басқа, тамыр. Осы көмірді алмасаң, саған да отын жоқ. — Ойнап тұрмаған секілді. Жүзі салқын.

Марья жақындап келді:

— Ну, көтересің ғой, Битабар, көтересің. Оп-онай көтересің.

Марьяның бұл сөзі Битабарға аздап әл берген секілді: «Осы көпірің біліп айтып тұрмасын!» — Бұл да көмірді айналып қарап шықты. Құшақтап көріп еді, бірақ бір кісі түгіл, екі кісі құшағы жетсе, зорға жетерліктей.

«Атан түйедей бар-ау сіре?!»

Битабар басын көтерді. Айнала жұрт, иін тіресіп анталап, демін ішіне тартып тұр. Марьяның бір қолы мықынында, жүзінде күлкі нұры. Ылғаз шеттеп кетіпті. Левенштерн өзгермеген, манағы салқын қалпы.

— Ау, былай сейіліңдерші, арбамды жақындатайын, — деді Битабар. Жұрт шу етіп қақ жарылды. Битабар беліндегі жалпак қайыс белбеуін шешіп алды да көмірге қарай беттеді.

— Көтерсем көтердім, көтере алмасам, демесіп жіберіңдер, жарандар!

Әли сөзге араласты:

– Олай болса, Ылғаз екеуін арбаға көтеріп салыңдар да, үйге апарып бөліп алыңдар.

Левенштерн қарсы:

– Жок, олай болмайды. Қайсысы алса да, дара алады. Әли дағдылы әзіліне басты:

– Е, онда қорықпа, Битабар, көтере алмасаң, мен бармын ғой.

– Е, соныңды айтпайсың ба? – деп Битабар күлді де, қайыс белбеуді көмірдің астынан өткізді:

Арба көмірдің қасына тартылды.

«Тіземе бір жеткізсем, ар жағы киын болмас еді-ау?!» – Битабар қайыс белбеудің ұшын қолына орай ұстап бір-екі рет изеп-изеп қойды. Жок, қозғалатын секілді.

– Ия, аруак!

Жұрт ішін тартып шу ете түсті. Вагонға ешкім көтеріп сала алмағандықтан, тас табандап осы жерде жатқан көмір кесекті балуан қаңбақша ойнатып кеудесіне апарды да, арбаға тастап жіберді. Жұрт тағы шу етті: байкаса алты арыс қу шыбықша морт омырылып, арба отырып қалыпты. Әли шық-шық етеді:

– Өзіне де осы керек, көмірді осыншама кесектеп өміріп нен бар еді!

Левенштерн Битабардың аркасынан қакты. Жүзінде күлкі, ризашылық:

– Қайғырма, тамыр, көмір де болады. Арбаның арысы да жөнделеді.

Осыдан кейін шаруашылық жөніндегі орынбасарын шақыртып алды

– Қазір Битабар мен Ылғаздың үйіне бір-бір арбадан көмір түсіріп бер. Мандай алды шахтерлердің үйінде отын жоқ деген естіген жұрттан ұят. Содан кейін ертеңнен қалдырмай мына арбаның арысын салдырып, иесіне табыс етесін.

– Айтқаныңыз орындалады, Иван Иванович!

Битабар қамыт, сайманын атқа артып үйге келді. Левенштерн сөзінде тұрды: сол күні кештетіп көмір түсіртті. Ертеңіне арбасын жөндеттіріп берді.

## 18

Битабар біраз күн қыл батпай, кобалжып жүргенімен ыстық-суығы басыла келе Марьяны есіне алатын болды. Төсекке шалқасынан жатып, қылығын көз алдына келтіріп, өзінен өзі жымып күледі. Сосын Сілеусінге бұрылады:

– Мұ не осы, кабат-кабат? Көйлегінді шұбалтпай шешіп жатпайсың ба?

Сілеусін аузын бір сылп еткізеді:

– Мына жазғанға не болған?

Битабар мұнымен тынбайды, қатынының әр жерін басады. Қу сүйек, тактай секілді.

— Денең немене өзі, так-так етеді... Сілеусін ашуланады:

— Жаңа білдің бе мені! Бірдеме көрінейін деген шығар өзіңе? Осындай бір түн. Амантай мен Бертшек төргі үйде шырт ұйқыда.

Көрші үйлердің тауығы шақырды: «Түн ортасы болып қалғаны-ау». Битабардың көзі іліне берді.

Терезе тықылдады.

— Бұл қайсысын-ей?

— Біз. Аш есігіңді, — өктем дауыс.

Сөйткенше болмады, бір топ адам сау етіп кіріп келді. Битабар ауылдағы әдетімен есік баспасы дегенді әлі іліп көрген емес.

— Бұл кімдер өзі жеті қараңғы түнде жүрген? — Битабар іш киімін таба алмай абыржып жатыр.

— Біз, шам жағыңдар!

Шам жағылды: қызыл ала киінген бес-алты адам.

— Кім тұрады мұнда? — деп сұрады алдыңғысы. Битабар шошып кетті.

— Мен... мен тұрам, нәшандік...

— Атың кім деймін?

— Битабар... Битабар ұрлық істемейді. Битабар өтірік айтпайды...

— Тағы кім тұрады?

— Қатын... бала... Дауыс қатай түсті.

— Тағы?

— Қо... қонақ...

Әлгі нәшандік артқыға иек қакты. Бәрі жапырылып төргі үйге беттеді. Бертшек бүкжиіп қалыпты. Біреуі аяғымен түртті. Қолында октаулы наған.

— Ей, түрегел! Документінді әкел!

Нәшандік дегені шам жарығына жақындап қағазға үңілді. Қолындағы сурет пен Бертшек бетіне кезек қарап:

— Дәл өзі! — деді.

Үй іші астан-кестен болды. Сандық ақтарылды. Киіз арасы тілгіленді. Үй қабырғасына сүймен жүгірді.

Нәшандік Битабар мен Бертшекке кезек қарады:

— Айтыңдар, алтынды қайда тықтыңдар? Бертшектің басы төмен түсіп кеткен. Үн жоқ. Битабар білгенін айтып жатыр:

— Битабар алтын тықпайды. Паек бар. Жалуна бар. Битабарға алтынның керегі жоқ...

Біреуі дауыстап жіберді:

— Мында ғой. Міне, дәл өзі. — Бұрышта Бертшек әкелген қапшық жататын. Битабар маңына барып көрген емес. Әкеле жатқаны осы қапшық.

Жүн-жұрка, макта, ескі жастықтың жүні. Бұркырап кетті. Ізгендері солардың арасынан шықты. Үлкендігі аяқтай... алтын. Шын алтын.

Битабар жүрегін ұстады. Аанадағы Бертшек сөзі есіне түсті: «Менде қазына бар! «Сондай көп қазына!» «Тіпті екеуіміздің қалған өмірімізге жететін қаз...».

— Су келді! Су! Су алыңдар! Су...

— Астағыпиралла!

Шудан Амантай оянды. Сілеусін дауыс көтеріп жылай бастады. Битабар мен Бертшек кезенген мылтық астында қараңғы түнді жамылып далаға шықты...

## 19

Ойда-жокта Битабар істі болды.

Жылап келген Сілеусінге айтары: әділдік бар, заң бар. Қорықпа. Шығарады әлі. Тергеушіге айтары: илан бұған. Алтыны барын білген жок Битабар. Қашып жүргенін де білмеді. Жакын ағайын. Туыс деп келді. Аш келді. Ал Битабар жұмыс істейді, жақсы істейді. Паек бар, ақша бар. Тұрмыс жақсы. Үй бар. Сосын ашығып келген туысты кет дей алмайды.

Қанша қайырып сұраса да жауабы осы.

Тергеушілер бұған қанағаттанбайды. Алып кетеді. Сұрайды. Қайтып әкеледі, отырғызып қояды.

Сондай тар бөлме. Жалғыз терезе. Бірақ дала көрінбейді, аспан да көрінбейді. Дүниеде болып жатқан құбылыстардың бәрі де тасада. Сырттан келер дыбыс жок. Тым-тырыс. Терезе... үй болған соң терезе шіркін керек екен ғой. Терезеден жарық түседі. Терезеден өткен-кеткенді, жүрген-тұрғанды көресін. Терезеден мөлдір аспан көрінеді. Таулар көрінеді. Терезе — үйдің көзі. Терезе — адамның көзі. Сол көздің алдын — сол терезе алдын көлегейлеп қойыпты. Сызаттап жарық түседі. Бірақ түкті көрмейсін. Битабар үшін жазаның ауыры осы.

Қырық-елу кісі. Бәрі ашулы. Сендей сығылысып нар үстінде жатыр. Битабардан басқанын бәрі де орынды кең алғысы келеді, аяқты кең көсілгісі келеді. Бүйіріне шынтағын тірейді. Тізесін тірейді. Қайтсе де ығыстырып, шығарып жібергісі келеді. Шығып кетейін десең есік жабық...

Битабардың қасында кертік мұрын біреу бар. Келген күннен бері балуанға тізесін тіреп жатыр. Битабар ажыраймайды, неге тірейсін деп те сұрамайды. Ығыса түседі. Ығысса, екінші жакта жатқан шар ете қалады, Битабар оған да қарсы келмейді. Бар айтары:

— Сабыр, таксыр! Сабыр!

Өзіне де, өзгеге де айтары осы. Біраздан бері зәр қысып жатыр. Шыдап жатыр.

— Сабыр, Битабар! Сабыр!

Соншалық қайран: зәр қысқан жұрт не істейді екен? Есік қағып, далаға шығар дей ме?..

— Сабыр, Битабар, сабыр!

Амал жоқ, есік тақылдатты. Есікте бас бармақтың аумағындай ғана шынылы тесік бар екен, содан бір көз көрінді де, жоғалып кетті. Битабар балға колымен қаттырақ ұрды. Есіктің темірі салдырады. Қарауылшы:

— Не керек?

— Далаға шығам...

— Қара, кара мынаны. Далаға шығатын болсан неге түстін?

— Зәр қысып барады...

— Зәр қысса, әне параша...

— Жоқ, онда Битабар отыра алмайды. Битабар кең дала шығып, алысқа барып отырады.

Қарауылшы басын бір шайқады да, сарт еткізіп есікті жапты.

Амал жоқ, қанша сабырлы болғаныңмен шыдау мүмкін емес екен. Арбиған саусақтарымен парашаның қақпағын ашты...

Орнына келсе, манағы тізесін қадап жатқан кертiк мұрын мүлде жайылып алыпты.

— Әй, таксыр, сырылыңқыра аздап. Кертiк мұрын сырылмайды:

— Бірдене көрейін демесен, өшір үніңді! — Айтқаны осы.

Битабардың иығынан ғана келеді. Қылығы мынау. Шақар. Жоқ, шақар емес, айлалы. Дала қазағының анқау, жасқаншақ келетінін біледі.

Битабар дағдарып қалды. Баяғы бала кезінде кездескен қасқырға ұқсатып аса қояр ма еді. Бірақ зан бар. Содан қорқады. Орнынан айырылған Битабар нардың шетіне кеп отырды. Түкпірден біреу дауыстады:

— Ана дене, ана боймен не бітіріп отырсың? Көкесіне танытып жібермейсің бе?!

— Итпен ырылдасып қайтем сол...

Ойы он тарау: сотталып кетсе, қатын қайда қалады? Бала қайда қалады? Қой, соттала қоймайтын шығар. Ақ қой. Адал ғой. Алыстан келген ағайын. Қонақ десе астындағы жалғыз атын сойып беретін қазақ қайтіп кет дей алады. Марья есіне түсті. Шалқасынан жатқаны көз алдында. Битабар тұрып кетті. Ұмытқысы келді: мынадай пәлеге душар болғаны — сол Марьяға барғандығынан. Арам жол әманда осындай бірдемеге бастайды. «Апырай, арам жолдың ақыры осы бір аз күнгі бейнетпен кетсе жарар еді?!»

Битабар бұл түнді өстіп түрегеп отырып өткізді.

Марья бұл түні ұйықтай алмады. Ойы әр сақта. Сонау орталық Россиядан мына көмірден басқа түгі жоқ сахараға неге келді, не іздеп келді? Бакыт па? Байлық па? Әйел көңілі бұл жауапқа дауаламайды. Әлде Битабар ма екен іздеп келгені? Битабар!.. Марья Битабарды есіне алып аунап түсті. Селдір өскен шөлейт өсімдігіндей осыншама ұланқайыр далада көшіп-қонып жүретін халық туралы ойлады. Қыстың қақаған бораны мен жаздың ми айналдырған ыстығына бой бермейтін көнтерлі халық — алып халық, анқау халық. Әрі батыр, әрі жасқаншак, сенгіш, иланғыш пәк халық. Бұл әрине Битабардың кейпі. Битабар арқылы Марья бар қазақты осылай түсінеді.

Ұзақ жатып бір ауық қызық бір сезімге де ауысты. Өзі осы бір романтикаға толы далада алып адамдардың арасында жүргендей. Кигені желеңді ұзын көйлек, басында кимешек, қасында Битабар. Марья — кәдуілгі казак әйелі.

Марья езу тартып күліп, тағы аунап түсті. Таң осылай атты. Жайшылықтан ерте тұрды. Жайшылықтан жұмысқа да ерте барды.

«Левенштерн кашан келер екен?» — деп тағатсыз тосты.

— Қалай келеді, солай маған хабар бер, — деп көмекші қызға қайта-қайта тапсырды.

Левенштерн жұмысқа мезгілінде келді. Марья оған мезгілсіз ерте кірді.

Левенштерн Марьяға сұраумен қарады: «Шахтада әр қилы оқиғалар болып тұрушы еді, аманшылық па?» Бұл Левенштерннің ішкі күдігі. Ал сұрағаны:

— Марья Александровна, өңін сондай сынық қой. Ауырып қалғанның қай жағындасын?

Марья езу тартты.

— Құдайға шүкір, саумын, Иван Иванович.

— Неге ерте келдің? Жайшылық па?

Кабинет оңаша болса да, біреу естіп қалмасын дегендей, Марья жақындай отырды.

Левенштерннің ойына өткенгі бір оқиғалар түсті, ең алғаш осы Қарағанды әйелдерінің ішінде Левенштерннің көзіне ілінгені — өзіне мына таяна отырған Марья Александровна болатын. Өзгеден өзгеше сұлу, көркем. Өзгеден өзгеше ақылды, іскер. Қырықтағы жігіт ағасының жиырма бестегі уыз әйелге көңіл құрығы да түскенді. Бірақ бір нәрсені әртіннен ойлайтын Иван Иванович бірден «ал кеттім» жасамай, әр жағынан баспалап сыр тартқан-ды: өзгеше ілтипат жасап, кабинетіне шақырғыштады. Бірер рет далаға да алып шықты. Марья көргенді, сыпайы әйелдің қылығын танытып, Левенштерннің бар ұсынысын қарсы алып жүрді. Бірақ одан

әріге барған жоқ. Левенштерн талай жерде еркектің айлалы тұзағын құрып еді. Марья одан сескенбеді, қанша құрса, сонша түскен-ді. Бірақ Иван Иванович күткендей әйел болып емес, өзі секілді еркек болып түскен. Әккі инженер тұзақты үйрекке құрып, үнемі қаршыға алып жүрді: Марья Левенштернді не қабылдамайды, не еркек пен әйел арасындағы қарым-қатынас, ашыналық дегенді түсінбейді. Осы бір қорытындыға келген Иван Иванович дер кезінде аяғын тартып алған-ды.

Міне, енді Марья өзі келіп, жақын отыр. Әрине Марья бұл жолы да Левенштерннің баяғы тұзағына үйрек болып түсе салайын деп келмеген болар. Кез келген жерде тұзақ құра салып, олжаға оп-оңай қарық болам дейтін кісің Иван Иванович емес. Сонда да бір кезде көңіл салған жақсы әйелдің қасына жанаса отырғаны қай еркекке болса да ғанибет қой. Содан ба, түс жарып түк сыр берген жоқ.

Марья сәл кідіріп қалды.

Левенштерн сұрағын қайталамады. Жауапты үнсіз күтті.

— Әлгі Елбаев Битабар дейтін шахтер бар еді ғой? Сол түрмеге түсіп қалыпты.

Левенштерн шошып кетті.

— Қайтіп?..

— Үйінде бір қонақ бар екен, соның қырсығы...

Левенштерн тұрып кетті. Олай-бұлай жүріп, саусақтарын сартылдатты.

— Ай, осындай бірдеме боларын біліп едім. Қызғыштай қорыған түрі жаман болатын.

Марья түсінбеді.

— Қызғыштай қорығаны қалай?

— Битабарды айтам... — Левенштерн сәл мүдіріп барып сөйледі. — Бұларға мен түсінбеймін. Келіп жатқанына айдан асқан. Битабар мен ана баласы тапқан паякқа ортақ. Ал мен оған жұмысқа шық, шахтаға түс, паяк ал десем баспайды. Баспайды емес-ау, Битабар бастырмайды: жата тұрады әлі, демалады. Ар жағын неге ойламайды сонда? Мен оған паякты бес есе артық бермедім, бірақ кісінің паягін бердім? Сонда қайтер еді?

— Битабар артық паяк алып жүрген жоқ. Өз еңбегі, — деді Марья. Левенштерн өз ойын жалғады.

— Осындай ашаршылық жылда шахтаға түсіп, жан сақтап отырып, бір ай бойы бөтен біреу түгіл, туған әкенді асырау оңай ма?! Ал бұл...

Марья Левенштерннің сөзін бөлді:

— Қазақтарды сондай мырза, қонақжай халық дейді ғой...

— Қонақжай... — деп Левенштерн кекесінмен айтты. — Қонақжайлылықтың да шегі бар, Марья Александровна. — Инженер

бір шешімге мықтап келген секілді, нық басып столына барып отырды. — Жо, жо... бұл қонақжайлылық емес, басқа бір гәп бар мұнда.

— Нендей гәп демексіз, Иван Иванович?

— Ана қонағымен қосылып жасаған бір шатағы бар... Марьяның даусы ыскайк шықты:

— Битабар ұры болса, онда казак атаулының бәрі ұры. Левенштерн бұл сөзге танырқаған жоқ. Креслоға шалқая отырды.

— О да мүмкін. Ұры емес деуге дәлелім жоқ. Енді Марьяның даусынан ашу білінді:

— Битабар ұры болса, онда мен де ұры, сіз де ұры. Жер бетіндегі адам атаулының бәрі ұры.

Левенштерн анырып қалды. Көңілі қалмаған әйелдің шын ашуланып отырғанын енді байқап, сәл жымыып әзілдей сөйледі:

— Марья Александровна, сізге не болған? Тым ашулысыз ғой тіпті?..

— Ашуланатын реті бар, Иван Иванович. Айталық, сіз, міне, Иван Иванович Левенштернсіз. Ал сізге көлденен біреу келіп: «Жоқ, сіз Иван Иванович Левенштерн емессіз, Сергей Сергеевич Ивановсыз», — десе ашуланар ма едіңіз?

Жауап орнына Левенштерн қаркылдап күлді. Левенштерн күлген соң Марья да күлді.

— Тіпті шаң жұқтырмайсыз. Битабар кімнің соншама? — Иван Иванович дағдысынша қайта сенге көшті.

— Түгім де емес. Ақтан күйген адамды ақтап алуымыз керек. Жөні сол. Ойланызшы, өзіңіз бетке ұстаған маңдай алды шахтерді түрмеге отырғызып қойып, тамақты қалай ішесіз?

Левенштерн іліп әкетті. Сөзі тағы «сіз».

— Бұл сіздің ұғымыңыз. Ал егер «қылмысы бар адамды маңдай алды шахтер етіп қалайша көтердіңдер?» — деп бетімізге басса не дейміз?

— Олай деп ешкім де айтпайды. — Марья басқа жауап таба алмады.

— Неге айтпайды?

— Айтпайтыны — Битабардың адалдығына көптің көзі ертен-ак жетеді.

— Ал бүгінгі күн ше? Бұл күнді қалай өткермекпіз? — Левенштерн мұны екі ұшты етіп айтты. Әңгіме Битабар жәйлі ме, өзі жәйлі ме? Қалай түсінсең олай түсін. Марья тағы да ойлаған жерден шықпады.

— Бұл не, Иван Иванович, көлеңкенізден қорқып?.. Мұндай емес едіңіз ғой?.. — Тұзаққа тағы да қаршыға ілікті.

— Не істе дейсің сонда, Марья.

— Барып, босаттырып алуымыз керек.

— Сіз де барасыз ба?

— Мен сізге еріп баруға әзірмін, Иван Иванович. Левенштерннің айласы бұл жолы да өтпеді.

— Ә, жарайды онда, барып сөйлесейік, анық-қанығына көз жеткізейік. Бас инженер, бас бухгалтердің келісімі осы болды.

## 21

Қанша көнтерілімін десен де үнемі түрегеп отырып ұйықтау қиын екен. Белі бүгіліп, арқасы мұздап, әбден шаршаған соң Битабар баяғы керттік мұрынның қасына, өз орнына барды. Керттік мұрынның пәрігөйіне түк енер емес, аяқты көлденең, екі қолды айкастырып басының астына салып, шекесінен қарап жатыр.

— Әй, таксыр, мына бел ауырды, аздап ысырылсаң қайтеді? Керттік мұрын ысқырған жылан секілді. Шақар.

— Жаныңның барында тайып тұр. Көресің әйтпесе... Тышқан-ның арыстанға шапқаны секілді, күлкілі сондай.

Бірақ күлген ешкім жоқ. Битабардың өзі де өзін арыстанға, ал ана керттік мұрынды тышқанға теңеуден аулақ.

Сол керттік мұрынның ар жағында жатқан біреу Битабарға жаны ашығансыды:

— Кет десе, кете сал, мынаның ашуы жаман.

Битабар ойы: «Расында да ашулы екен, кетсем кетейін».

— Әй, таксыр, ана дорбамды алайын ендеше. Керттік мұрын тағы шақ ете қалды.

— Қайдағы дорба? Ешқандай дорба көрген жоқпын.

— Мына таксыр не дейді? — Битабар таңырқап көпке қарады. Қалай көрмейді, әне ана бас жағында жатқан ала дорба мұныкі емес пе. Кеше Сілеусін келгенде нан, май, құрт салып әкеп берген дорба. Битабар ұмтыла берді.

— Міне, мына дорба менікі ғой!

— Жок, ол дорба сенікі емес, менікі!

— Қалай сенікі болады? Кеше қатын әкелген дорба. Ішінде құрт, майы бар. Қара, нанбасан, таксыр.

Керттік мұрын қараған жоқ. Кішкене жұдырығымен құлаштай беріп Битабардың бетінен салып кеп жіберді.

Битабардың көзінің алды жарқ ете түсті. Екі қолымен бетін басты. Мына ортада судан шығарып тастаған балық секілді. Сондай қауқарсыз, бейшара.

Әлгінде мүсіркей сөйлегеннің тағы даусы шықты:

— Бұл ит түсінбесе, тағы бірді қонжит! — Түтіні енді басқа жактан. Керттік мұрын тағы ұмтылды. Битабар жасқанып кейін шегінді.

— Жарамайды, таксыр, жарамайды бұлай етуге! — «Сирағынан алып, кабырғаға бір соксам ба екен?» — деп бір ойлап еді, тез қайтты: сакал-шашы өсіп түксініп отырған мына сұрықсыз жұрт жабылып кетсе, не болмақ?!  
 Битабар колымен бетін қалкалап нардан төмен түсті...

## 22

...Салдырлап есік ашылды:

— Елбаев Битабар, бері шык! Битабар бері шыкты.

— Алдыма түс! Битабар алға түсті.

— Оңға!

Битабар оңға бұрылды.

— Солға!

Битабар солға жүрді.

Шағын бөлме көк түтін. Әнекүнгі нәшандік төрде отыр. Бір бүйірде Марья. Шошына дауыстады:

— Ой, Битабар, көзіңе не болған?

Битабардың жүрегі су етті. «Бұл кәпірің қайдан жүр?» Марья сұрағына қарауылшы жауап берді.

— Сондағы біреуден таяк жеп қалды.

— Қалай, Битабар ма таяк жейтін? — Марьяның кейпінде шын таңырқағандық бар: — Битабарды ұрып жүрген қандай адам ол?

Қарауылшы қу екен:

— Сондай бір алып. Битабардай екі есе. Бойы мынадай. — Қарауылшы шынашағын көрсетті. Жұрт ду күлді. Нәшандік күлген соң Битабар да езу тартты. Көк түтін арасынан енді байқады. Левенштерн де осында екен. Сондай қуанып ұмтыла берді: «Ай, тамыр-ай, ести салып жеткен екен ғой!»

Левенштерн де қарсы жүрді. О да күліп келеді.

— Бұл не, бұрын балуан Битабар, шахтер Битабар едің, енді қаракшы Битабар болғанның қай жағындасын?

— Ия, тамыр, не десен де сыйып тұр... Левенштерн Марьяны нұсқады.

— Марья Александровна, біздің бас бухгалтер. Танитын шығарсың, тамыр? — Танитынын біле тұра әдейі сұрап тұр.

— Ә, Мәриә ма? Мәриә кәрәшәй. Мәриә жаксы катын. Марья сылқ-сылқ.

— Иван Иванович, сізге не болған?! Қолымнан талай рет талон алған Битабар неге танымасын, таниды.

— Ә, солай ма? — Левенштерн түсінген секілді, терең күрсініп қойды. Битабарға қарады. — Марья Александровна шынында да кез келген еркектің бір уысына түсе бермейтін жаксы катын, тамыр.

«Неге сонша мактайды?» — деп күдіктенген Битабар Марьяға қарады: күліп тұр. Сондай разы. Нәшандікке көзі түсіп еді о да күліп, Марьяға көзін қысып қойды. Битабар таңғажайып тағы бір жаналық ашты:

«Кұдай-ау, нәшандік те күледі екен ғой?!» Нәшандік сол күлген қалпы Битабарға бұрылды.

— Біз сізді тұтқыннан босатып, мына Марья Александровна мен Иван Ивановичтің карамағына беретін болдық. Бұл кісілердің өтініші осылай.

— Жаксы, нәшандік, тіпті жаксы... Левенштерннің жүзінен күлкі жоғалып кетті.

— Марья Александровна қандай талап қояды, оны өзі біледі. Ал менің талабым: көмірді бұрынғыдан да көп шабасың.

Битабар қалбалақтай берді:

— Битабарда қол бар. Битабарда аяқ бар. Битабар көмір шабудан жалтықпайды, тамыр.

Нәшандік сағатына қарады.

— Азамат Елбаев, сіз енді боссыз. Битабар мүдіріп қалды.

— Ана Бертшек туыс адам еді. Босатпас па екенсіздер?

Левенштерн басын шайқады. Марья үндемей қалды. Нәшандік баяғы қаһарлы қалпына келді.

— Азамат Елбаев, сіз енді боссыз деймін.

Битабардың: «Мен босадым, ол тұтқында қалып барады. Ертен ел-жұртқа не деймін?» — деп бір айтқысы келді де, нәшандіктің сұсты кейпінен сескеніп үндемеді: «Бірдеме десем, мына кәпірін қайта отырғызып жүрер. Түрі жаман екен».

Есік ашылды. Битабар далаға шықты. Ешкім шық демеді, өзі шықты. Артында мылтық ұстаған пенде жоқ. Дала қандай кең еді. Ауа қандай тап-таза. Ашық аспан мөп-мөлдір. Қалың қар жауыпты. Аппак. Қытымыр аяз бар. Битабар терең бір күрсініп, дем алды. Кеудесін ашып тастады. Қалың қарды түйе табанымен күрт-күрт басып жүріп келеді. Жүріп келеді.

Үйге келді. Үй іші самаладай жап-жарық. Жүгіріп терезеге барды. Қар басқан үйлер тұр. Мұржаларынан түтін будақтайды. Шахта... Террикон бұрынғыдан да биіктеп кеткен. Быксып жанып жатыр. Одан әрі алыс қырқалар... Кең жазық дала... Бұлыңғыртып жұмбақ көкжиек көрінеді. Нілге салған жаулықтай көгеріп аспан көрінеді. Осы ыстық дүниенің бәрі аядай терезеге сыйып тұр.

Терезе! Кішкенесі есеп емес, терезең болсын де үйінде әйтеуір...

Аз күн мылтық астында болған Битабар терезе сырын білді. Еркіндік қадірін ұқты. Ешкім саған тұр демейді, өзін тұрасың. Ешкім саған жұмысқа бар демейді, өзін барасың. Далаға да өз бетінмен шығасың, үйге де өз бетінмен кіресің. Құдай-ау, осыдан басқа адамға не керек.

Алтын не керек, ақша не керек? Сән-салтанат, байлық не керек. Жок, бар дүние малы бір күндік еркіндікке татымайды екен.

Битабар ертемен үйден шықты. Табалдырықтан екі-үш аттап барып сіресіп тұрып қалды. Біреу болмаса біреу «жүр» деп жекімес пе екен деп қасақана тұр. Жекімеді. Өзімен өзі мәз болып күлді де, адымдай басып қаттырақ жүрді. «Ақырын жүр» деген де ешкім жок. Шахтаға жақындай беріп қасақана онға бұрылды. Сол бетімен қасақана тағы да жүре түсті.

— Битабар, тоқта!

Битабар селк ете түсті. Ұмтыла басып Марья келеді. Қолын жайып, ыстық құшағын ашып келе жатыр. Әдемі құлкісін сыйлап келе жатыр. Аппак... Көкпенбек...

— Битик, шықтың ғой, әйтеуір? Жаксы, тым жаксы... Өзім де ойлап ем, Битабар қайтіп қылмыс жасайды деп... Дәл болды. — Ерке кылығы мен жұмсақ сөзін де алып келе жатыр.

Битабар қобалжыңқырап сәл тұрды. Көргісі келеді... Көрмегісі келеді... Сөйлескісі келеді... Сөйлеспегісі келеді.

Марья жақындап қалды. Әдемі киінген әйелдің жалаңаш тәнінде Битабардың көзі түспеген бір нүкте жок. Кеудесінде танадай қал... Жұп-жұмыр, аппак санында болмашы жара орны... Битабар бәрін біледі. Бәрін де... Жок, Битабар бұл әйел жөнінде түк білмейді. Сондай жұмбақ, сондай сиқыр әйел. Көктемде бұрқырап аққан Сарысу секілді алып кетеді, ағызып кетеді. Шілденің анызағы секілді қуартып кетеді, күйдіріп кетеді...

Битабар «жақындама!» дегенді танытып, қолын сермеді де, бұрылып кетті.

— Битабар!

Битабар қайырылмады, қаттырақ аяңдады.

— Токташы, Битабар!

Битабар тоқтамады. Токтау, тоқтамау енді Битабардың өз еркінде.

— Битабар саған барды... Сосын абақтыға түсті... Мәриә жолы жаман. Мәриә бабы некарошәй.

Марья бұл сөздің ырым-сеніммен байланысты арғы мағынасын түсінбеді. Анырып қалды. Түсінсін, түсінбесін Марьяның өз еркі. Битабардың онда шаруасы жок. Екпіндей басып шахтаға келді. Екпіндей басып жер астына түсті.

Ылғаз жүр. Өткен он күндікте ешкім оған жанаса алмаған. Ат та өзінде, атак та өзінде. Бұл он күндікте де солай болмақ. Айқайлап жатыр:

— Ал, Битабар! Сактан енді. Күн істе, түн істе жете алмайсың енді. Битабар таласқан жоқ. Арық айтып, семіз шығарған жөн.

— Кім озады, кім қалады, кезінде көрерміз, — деп өтіп кетті.

...Амантай үйден ерте кеткен еді, орнында жоқ.

— Балам қайда?

Десятник мұртын ширатты:

— Басқа штректе.

— Онда неге жібердің?

— Кісі жетпей жатыр...

Әке баласын қайтсе де көргісі келді:

— Балам-ау, бұрынғы істеп жүрген жеріңнен неге кеттін?

— Әке, бәрібір емес пе. Кел деді, келдім. — Қайыс бауды вагонеткаға іле салып, ақбоз атқа қарғып мінді де жүріп кетті.

Көлбеп шығар сонау биікте алакандай ғана болып көк аспанның бір пұшпағы көрінеді. Битабардың есіне терезе түсті, көз түсті. Ия, ол — шахта көзі. Амантай кішкене аяғымен аттың өкпесін қытықтай тепкілеп, биіктеп барады. Биіктеген сайын алыстап барады. Бала алды — жарық дүние. Қазір далаға шығады. Көкірегін керіп бір дем алады. Айнала қар басқан қырқаларға қарайды. Кең аспанға қарайды. Шахтаға да... Аласа үйлерге де... Содан кейін көмірді төңкереді де кері оралады...

Битабардың жүзіне күлкі жүгірді. Сондай тыңғылықты. Ат басына мініп, кішкене вагонетка толы көмірді жоғарыға сүйрейді де жатады. Есепке де жүйрік. Вагонетка санын бір шатастырмайды. «Он вагонетка шығардым, жиырма вагонетка шығардым». Айта-тыны осы. Әкенің жоқтығын сездірмепті. Жұрт сұрайды:

— Әкең қайда?

— Келеді.... — Үлкен кісі секілді. Саспайды.

— Қашан келеді?

— Келеді... — дейді тағы қайталап. Қашан келерін өзі де білмейді, бірақ нық сенеді. Шешесіне де айтары сол:

— Апа, жылама. Келеді әкем. Өтірік айтқан жоқ. Ұрлық істеген жоқ. Неге келмейді. Келеді. Тек жылама. Жыласаң әкем келмей қояды. Жылама.

Баланың осы бір бал-бұл сөзі жанға қуат:

— Ал жарайды, жыламайын енді.

— Мен ендеше жұмысқа кетейін...

Амантай анасын осылай жұбатып жұмысқа кетеді. Бір күн қалмапты. Атын да күтіп, баптап ұстапты.

...Амантай мүлде алыстап кетті... Битабар жұмыс орнына келді. Түк қаяу жоқ, көңілі сондай кетік.

Бұл он күндіктің екі күні өтіп кеткен... Денге саулық берсе, есеп емес. Қуып жетеді. Қуып жетіп, басып та озады.

Битабар темір сапты қайланы құлаштай соқты...

## 24

Амантай биіктеп келеді. Айнала бозамыктана бастады. Шығар жерге жақындағандықтың белгісі. Бала көңілінде де қаяу жоқ, ынырсып әндетеді:

...Боз шапса, боз озбай ма буырылдан... Мен шапсам, жер танабы қуырылған.

Бала киялында екі ақбоз ат кияны өрлей шауып, бірінен бірі мойын озыстырып, қажасып барады. Құйысканы сартылдайды...

...Амантай онда тоғызда еді. Ауылға үкілі бір акын келген. Аты жадында жоқ, сөзі, айтқан өлені күні бүгінге дейін есінде:

...Кемпірбай... Бүкіл әлемге аты кеткен кәдуілгі Кемпірбай акын әл үстінде жатыр... Айнала жұрт қоршап алған. Солардың ішінде жыра шыққан біреу бар. Ол да акын — Әсет акын. Акын акынның көңілін сұрай келген...

Бала құлағына күмбірлеп шыққан үкілі домбыра даусы келді. Акын даусы келді:

...Кең тастап аяғымды алып жылдам Жабының күнде озушы ем тұғырынан...

...Ақбоз ат аяғын жай тастап ытырына сүйрейді. Жердің шыңырау тереңінде жатқан тас көмір жарық дүниені көргісі келмейтін секілді. Тастабан. Қайыс бау қатты бұралған домбыра шегі. Бала аяғы тиген сайын — дың-дың.

...Кеудемнен көк ала үйрек кош деп ұшты Сол, шіркін, кәрі жолдас...

...Бала көзі жоғарыдан зырлап келе жатқан вагонеткаға түсті. Ақбоз ат жалт берді. Бозамық сәуле... Алақандай тұңғиық аспан аунап төңкеріле берді. Амантайдың бар көргені осы. Салдыр-күлдір. Шайнасқан темір шыңылы. Шыңғырып ат кісінеді. Амантайдың бар естігені осы...

Меңіреу түнек, жым-жырт...

## 25

Битабар... Ұшып келді ме, жүгіріп келді ме білмейді. Көмір тиеген вагон рельстен шығып, ақбоз атты қабырғаға жаныштап тастаған. Бос вагон екінші бетте. Ол да қалың жарды опыра сүзіп тұр. Амантай жоқ. Битабардың жуан даусы барлығып шықты:

— Амантай?! Балам-ау, тірімісің? Қайдасың?

Бозамық сәуле. Сығырайған шам жарығы жерге кадалған. Битабар сүзіп жүр... Еш жерде Амантай жоқ.

— Балам-ау, қайда кеттің, балам? Тірі болсан жарар едің...

Шам жарығы жоғары көтеріліп, бос вагонетканың ішіне түсті. Амантай осында отыр. Басын вагонетка жақтауына салып, бүкжиіп отыр. Шаршап, қалғып кеткен секілді.

— Қалқам, Аманжан?

Амантай үндемейді. Битабар баланың маңдайынан ұстады. Сүп-суық. Өн бойы мұздап жүре берді. Қалтыраған қолымен көтеріп алды. Балада жан жоқ. Сол бойда ілгері жүрді. Алда ашық аспан. Артта кара түнек шыңырау шахта. Қалын нөпір жұмысшы қолында өлеусіреп жанған шамдар... Сонау тереңнен басталып Битабарға тірелген. Шайқактап, қозғалып Битабарға ілесіп келеді. Жоқ, көр қараңғы түнектен шырақ атаулыны Битабар сүйреп келеді.

...Аппақ болып сәуле тарады. Қияда окшырайып күн тұр.

Балада жан жоқ. Дем жоқ. Сыртқа шыққан қан да жоқ. Бар нәрсе — самай шекесінде көгерген дақ. Бары сол.

Ылғаз тұр. Сазарып, үнсіз тұр. Әли тұр, жылап тұр. Десятник басын шайқап, едірейген мұртын басты. Левенштерн келді. Бас киімін алып, тағым етті.

Битабар иілген жоқ. Битабар жылаған да жоқ...

...Окшырайып күн тұр. Алыс қырқалар бұлыңғыртады. Бұрқасын боран бар. Қыбырлап жұрт жүр. Дабырласады. Әлденелер айтысады.

Күн неге окшыраяды? Алыс қырқалар неге бұлыңғыртады? Жұрт неге қыбырлайды? Түсінбейді. Дүние құбылысында түк мағына жоқ.

Левенштерн даусы естілді:

— Әкесіне тартқан еңбеккөр, адал бала еді. Қыршын кетті... Әлдебір күй тартылды. Ащы, зарлы күй. Жүректі тырнайды. Неге сөйлейді? Неге қаралы күй ойнайды?

Үйіліп бір уыс топырақ қалды. Жұрт тарай бастады. Битабар үніліп тұр. Көріп тұр: Амантай биіктеп барады. Биіктеген сайын алыстап барады. Көлбеп шығар сонау биікте алақандай көк аспан. Бала алды — жарық дүние...

Балуан алақанын жайды да, дірілдеген сакалын сипады. Тұра беріп, құшағын кең ашты. Жүріп келеді. Амантайын көлденең сап көтеріп келеді. Әли бір жағында. Ылғаз екінші жағында. Сүйемелдейтін секілді. Неге сүйемелдейді? Өзі де көтере алады ғой бір баланы.

Құдай-ау, олай тасып, былай тасып, қайда апара жатыр осы Аманжанды?

Байқаса, Амантай жоқ, қолын бос көтеріп келеді. Аспан айнала берді, Битабар құлап түсті.

...Битабар тұрмады. Жата берді. Көңіл айтып үлкен келді. Көңіл айтып кіші келді. Дүниенің фәнилығын, жалғандығын айтады.

Әдемі айтады: нокталы басқа бір өлім. Бәріміздің де барар жеріміз сол піл сауырлы кара жердің суық бауыры... Әуел баста солай жазған... Жазмыштан озмыш жоқ...

Мұның бәрін Битабар жақсы біледі. Жаттанды сөз. Әйтеуір бір өлім барын кім білмейді. Оны айтқанмен Битабар көңіліндегі Амантай орны толар ма! Бар еді ғой Амантай. Бақыты, ырысы еді ғой Битабардың. Адыра қалған мына үй толып тұрушы еді ғой. Сәулеге толып тұратын. Күлкіге толып тұратын. Мінезге, сезімге, махаббатқа толып тұратын. Жоқ қой енді соның бірі де. Қанырап бос қалған көңілді немен толтырады? Ертең өзінің де өлетінін ойлаумен бе? Жоқ, бос сөзуарлық бұл. Қызыл сөз.

...Жұрт келіп жатыр. Жұрт кетіп жатыр. Жұрт сөйлеп жатыр. Битабар тындамайды. Битабар сөйлемейді, үндемейді. Битабар жылаған да жоқ. Үйіп тастаған топырақ секілді... Мелшиіп жатыр.

Еміс-еміс білгіштер сөзі құлаққа келеді:

— Бұған Левенштерн кінәлі. Жас баланы шахтаға түсірді...

— Бұған десятник кінәлі. Жас баланы басқа штрекке ауыстырды.

Битабар даусы:

— Жоқ, бұған кінәлі біреу-ақ, ол — Битабардың өзі.

...Қарсы алдынан көлендеп Марья шыға келді.

— Кет! Көзіме көрінбе, Мәриә! — Битабар, қалғып кеткен екен, шошып оянды.

Ылғаз отыр, Әли отыр. Сілеусін байғұс шошып кеткен. Битабарға дем салып жатыр:

— Астағыпралла-ай, Мәриәсы несі?.. Пәле-жалаңнан қағас ете көр, құдай.

Әли баяғы мінезінен айнымаған. Әзілдейді.

— Мәриә бізге паяк береді. Мәриә бізге жалуна береді. Мәриә — пайғамбардың анасы.

Битабар үндеген жоқ. Әлиді бауырына тартты. Кіп-кішкентай, Амантай секілді. Ып-ыстық маңдайын Битабардың кеудесіне басты.

— Есінді жи, Битабар. Бір жығылсаң тұрмайтын түйе секілді екенсің ғой. Белінді бекем бу да түрегел. Терезеден күн түсті. Түс ауып барады...

Терезе... Битабар көзін ашты. Күн сәулесі рас түсіп тұр. Үй іші самаладай нұрға толы. Битабарға деген махаббатқа толы.

Үй ішіндегілер абыржып қалды:

— Терезеден біреу өтті. Иван ба дедім.

— Ия, Левенштерннің дәп өзі. Ауыз үйде әйел дауыстары:

— Биекен төргі үйде. Жоғары шық!

Левенштерннің қылтанақсыз басы көрінді. Жұрт ығыса бастады.

— Е, тамыр, бұл не жатыс?

Битабар басын көтерді. Левенштерн сөйлей берді:

— Мәскеуден, Алматыдан телеграмма: көмір бер! Ал көмір беретін Битабар он бес күн болды үйде жатыр. Бала өлді. Рас. Бірақ көмір керек пе? Керек. Паяз керек пе? Керек. Шай да керек. Нан да керек. Сол себепті жатпау да керек.

Битабар алғаш рет үн қатты:

— Тамыр рас айтады, жата беруге болмайды.

## 26

Битабар кешігіп келді. Зал толып қалған. Сонау алыс сахнадағы қызыл үстел басында көп адам. Танитыны — Левенштерн. Танитыны — Есім. Қазір ол машина жүргізбейді. Левенштерннің үстінен қарайтын бір қызметте. Трест дей ме, сондай бірдеме. Танитыны — ана бір орта бойлы пұшық сары. Кеше Битабар үйіне Левенштерн алып келген.

Битабар теріс қарап жатқан еді. Өзінде қазір үлкен өзгеріс бар. Аз сөйлейді. Аз жүреді. Жұмыстан келсе-ақ іргеде қарап жатып алады. Ұзақ жатады. Ұзақ ойланады. Неше бір қиялдар келеді. Солардың бәрінен де айқынырақ, бәрінен де көбірек елес беретіні — баласы. Үй дегені кең сахара болып кетеді. Битабар Амантайымен бірге жүреді. Сөйлесіп жүреді. Жұмыс істеп жүреді. Атқа мінеді. Өгізге мінеді. Шөп шабады. Отын тасиды. Қызба жиын, күреске түсіп жатады. Соның бәрінде Амантай бар қасында. Екі елі қалмайды. Екі елі қалдырмайды... Осындай бір халде жатқан Битабар үйге бөтен біреулердің келгенін білді. Басын көтерді. Левенштерн мен осы пұшық сары.

— Бұл кісі танысамын деп келді, тамыр, — деді Левенштерн.

— Ал, таныс ендеше. — Өз тілін білетіндермен осылай батыл сөйлеседі. Жігіт сыпайы екен. Кек тұтады. Көмейіне дейін көрсетіп сақылдай күлді.

— Қалай, мына Левенштерн жолдас ренжітпей ме?

— Құдай сақтасын, кісі өліп жатса да, кісі үстінен шағым айту дегенді Битабар білген емес.

Жігіт рас елеңдеп қалды.

— Сөзіне қарағанда, ренжіткен болды ғой, Биеке?

— Не деп ренжітеді? Битабарда қол бар, аяқ бар. Көмірді бұрқыратып шабады. Қанша шап десе, сонша шабады. Битабар тірі пендені ренжітпейді. Сол себепті басқалар да Битабарды ренжітуге тиісті емес.

— Ә, жаксы онда. Атыңды көп естуші ем. Көргім келді сосын. — Левенштернге қарады. — Қазақтан шахтер шықпайды деп көкуші еді кейбіреулері. Міне, нағыз шахтерлер осылар емес пе?

Левенштерн жымып қойды.

— Бұл — Левенштерннің енбегі.

— Оның рас...

«Сөзіне қарағанда. Левенштерннен шені жоғарылау-ау, тегі», — деп топшылап еді Битабар, сол шынға шықты.

Облыстан келген бастық екен. Батталқан ұлы Заманбек.

...Битабарды жұрттан бұрын сол Заманбек көрді. Ұшып тұрып дауыстай сөйледі:

— Битабар, бері шық. Бері, бері, мында. — Жұртты ысырып, өз қасынан орын көрсетіп жатыр.

Сатыр-күтір орындықтар сықырлады. Залдағылар түгел артқа бұрылды.

Битабар екі айттырған жоқ. Аяғында кара саннан келетін саптама етік. Көк барқытпен көмкерген байпағы одан да ұзын. Үстінде түйе жүн пешпент. Белінде күміс кіселі жалпақ белбеу. Қалың жұртты жарып барып дайындалған орынға отырды. Заманбек түрегеліп қос қолдап амандасты. Левенштерн мен Есім де...

Левенштерн сөйледі: Битабардың ұққаны — шахта жақсы. Жоспарын орындады. Битабар жақсы. Жоспарын асыра орындады...

...Зал да, адамдар да жоғалып кетті. Битабар шахтада жүр. Бұрқыратып көмір шауып жатыр. Амантай жүр. Жок, ат басына мініп жатыр... Жок, жарық дүниеге шығып барады... Жок, вагонетканы төңкеріп жатыр... Жок, емес-ау, рас... жүргені де рас. Атқа мініп жатқаны да рас. Жарық дүниеге беттегені де... Вагонетка төңкергені де. Бәрі де... бірақ бір сәтте, бір уақытта... Амантай біреу, екеу, үшеу болып көбейіп барады... Битабар шошып кетті... Қараса, Заманбек сөйлеп тұр.

Битабардың ұққаны — бұрын қазақ мал баққан. Көшіп жүрген. Аздап егін де салған. Сонда да көшіп жүрген. Қазір де мал бағады. Бірақ көшпейді. Бұрын қазақта жұмысшы болмаған. Қазір жұмысшы бар. Жаңа тап құралды. Өкімет сол жұмысшының қолында. Сендердің қолдарында. Жаңа тап — жұмысшы табының маңдай алды өкілі мына Битабардың қолында.

«Менің қолымда ма?» — Битабар алақанын жайды. Заманбек даусы:

— Көсеміміз Ленин осылай деп айтқан!

Битабар көңілі дауалайын деді: «Ленин айтса, қалпы айтпауға тиісті». Жұртпен бірге дуылдатып қол соқты.

Жок, қол соққан жоқ, үйде отыр. Иманактың бауырында, киіз үйде. Амантай кіріп, шығып қараған тасып жүр. Жок, қараған тасып жүрген жоқ, тон жамылып ұйықтап жатыр. Битабар енкейіп қарай берді. Астағыпиралла-ай, тон емес қой бұл. Үйілген топырақ қой. Жас топырақ... Битабарды біреу бүйірінен түрткілеп жатыр: «Қабыр, қабыр!..»

Соны айту үшін түрткілеп жатыр ма?

Битабар бұрыла берді. Түртіп отырған пұшық мұрын сары – Заманбек екен. Иегімен мінбені көрсетеді. Зал ду-ду. Енді түсінді: Битабарға сөз берілген... Битабар естімеген. Зал соған дуылдасып жатыр: Битабар соңғы кезде өстіп естімейтін болып барады. Сап-сау отырады. Сап-сау жүріп келе жатады... Кенет бәрі де іріп жүре береді. Түсінбейді осы өзгерісті. Өзі түсінбеген соң өзге қайдан түсінсін.

– Шақта абыройлы болса, біз де абыройлы екенбіз. Абыройлы болу үшін қирата жұмыс істеуіміз керек екен. Ал, жігіттер, аянбайық. Тас-талқан етіп көмірді шаба берейік. Ленин өкіметті бізге беріпті ғой. Біз енді өкіметке көмір берейік!

Өзі-өз болып Битабардың шешен сөйлегені. Шешіліп сөйлегені. Жұрт қол соқты. Уәде осы соғылған қол болды.

## 27

...Битабар өрлеп кетті. Кәсіп одағының облыстық конференциясына делегат болып катысты. Облыстық конференция өлкелік съезге делегаттар сайлады. Сайланғанның бірі – Битабар.

...Кішкене жер үй. Қарағандының жаңа вокзалы осы. Бетін солтүстікке түзеп поезд тұр. Оңтүстіктегі жаңа астана – Алматыға жүрмек. Оңтүстікке тура жол – солтүстік арқылы өтеді. – Ақмола... Көкшетау... Қызылжар... Омбы... Ноуайсібір... Семей... Алматы. Бұл жол алыс. Алыс болса да жақын.

Левенштерн келді.

– Ал, жолдастар, жайғасыңдар.

– Е, Битабар қайда екен? Кешікті ғой.

– Қазір поезд қозғалады. Вагонға кіріңдер деймін. – Левенштерннің даусы қатқыл.

– Әлгі Битабар қалып қоятын бөлді-ау?

– Битабар жүре алмайды...

– Е, не болыпты жүре алмайтындай?

– Көмір басып қалыпты...

– Не дейді?! Тірі ме өзі?

– Өлі-тірісін кім білсін, қазып алып, ауруханаға жөнелттік.

Қаңғыр-күңгір темір дабыл қағылды. Екі иығынан дем алып тұрған паровоз ышқына бір айқайлап, қозғала берді...

## 28

Битабар көзін ашты... Айнала аппақ. Төбе де, жатқан төсегі де. Шошып кетті де, көзін жұмды. Қолын сермеді.

– Кет! Кет! Кет деймін.

Ыңырысып жылаған дауыс естілді. Сілеусіннің даусы.

«Ойпырым-ау, Сілеусін мұнда қалай келді?» Біреу сыбырлап сөйледі:

– Жана көзін ашты... Бері қарағаны бұл. Жылай берменіз енді... Бұл не? Қайда жатыр? Төбе неге аппақ? Төсек ше?..

Көзін қайта ашты. Басында Сілеусін отыр. Битабардың аузына су тамызып отыр.

– Мен қайда жатырмын? – деп сұрады Битабар.

– Ауруханада жатырсын. Міне, бүгін үш күн... Есіне Левенштерн түсті.

– Біздің тамыр қайда?

– Алматыдан әлі келген жоқ.

– Ә, ия, Алматыда сыязда екен ғой. Әйтпесе неғып келмей жатыр деп ем...

## 29

Күндер жылжып өте берді... Битабар мықтылығынан ғана өлмей қалыпты. Бөксеге енді-енді жан кіре бастады.

Битабар өз қадірін енді білгендей. Келген-кеткен адамда сан жоқ. Келмек болып кезекте тұрғандар одан да көп.

Күлдіріп Әли келді.

– Битабар балталаса да өлмейді. Оны біз білеміз. Бірақ шонданайын сау ма, соны айтшы?

Битабар тура жауап бермейді:

– Жыланды үш кессе де кесерткедей қауметі бар деген... Әли шын қуанады:

– Е, бәсе...

Кілт бұрылыс. Оқыс сұрақ:

– Біздің тамыр қайда? Алматыдан келіп пе еді?

– Келген... Осында, қызметінде...

## 30

Күндер жылжып өте берді. Битабар балдакпен жүретін болды. Ылғаз келді. Буын бұрқыратып, бір табак ет алып келді.

– Келем дегендерді кезекке қойыпты. Сұмдық қой. Өлдік-талдық дегенде қолымыз зорға жетті ғой. Ал же! Майлы ет жесен ғана көтеріле аласың.

Битабар ойы басқада:

– Сыяз қалай өтті?

– Жаксы өтті, Битабар. Кім сөйлесе де сенің атын: Битабар... Битабар... Шахтамыз да сондай абыройлы екен. Мына сенің

Левенштерн тамырың да шаруаның түбін түсіретін кісі ғой деймін. Көп макталды.

— Ол тамыр қайда қазір?

— Жұмысында. Кеше бізге келіп кеткен. Бұрынғыдан да ширақ. Айтары — партия сенімін, үкімет сенімін ақтамайтын шахтердің құны бір-ақ тиын.

Битабардың сазып жүрегі ауырды: «Апыр-ау, түрмеге келгенде, бәлніс қиын болып па?! Неғып келмей жатыр?!»

Жегідей жеген осы ойдан құтылу үшін сөзді Битабар басқаға аударды:

— Алматы деген қандай қала екен?

— Жұмақ дерсін. Біз барсақ жып-жылы. Қар жоқ. Боран жоқ. Жел болмайды дейді. Қар дегенің жауады да еріп кетеді. Жауады да еріп кетеді. Жұрт шапаншаң жүр. Ал біздің аяғымызда жуан қоныш етік. Үстімізде тон. Басымызда тымақ... Көмір қазғанда да дәл сондай терлемеген шығармын. Қара су боп жүресің. Жұрт саған оқшырая, күле қарайды. Қатты қыс болады, қақап боран соғады дегенді бірі түсінбейді.

Битабар көңілденейін деді:

— Апырай, ә!

— Құдай-ау, алма дегенді естігеніміз болмаса кім көрген... База-рына барып ек... Тұнып тұр, қып-қызыл. Әрбіреуі кісінің басындай.

— Тәтті бола ма екен?

— Тәтті болғанда тіліңді үйіреді... Бірақ кенеуі жоқ па деймін, қанша жесең де әлгіндей болмай жүрегің қараяды.

— Е, қанша дегенмен кертіп жейтін қазы-қартаға не жетсін, — деді Битабар.

— Оның рас. Рас айтасың, Битабар. Қазы-қартаның садағасы да... Битабар қарқылдап, рақаттана күлді.

### 31

Күндер жылжып өтіп жатыр...

Битабар балдаққа сүйеніп терезе алдына келді. Бір біріне мінгескен тоқал үйлердің арасы ашылып қалған. Үй қапталында, көлеңкелі жерде ғана қар бар. Бірақ көшеде қылтанақ жоқ. Қиыршық тастар. Шалшық су. Арба ізі... Саздауытта адам іздері... Бір үйдің маңдайшасына сырық ілінген. Басында кішкене жәшік. Колдан жасалған бұтақшаға екі қараторғай кеп қонды. Битабар ұзақ қарады. Қараторғайлар ұшып-қонып, ұзақ отырды. Битабар құлағын терезеге төседі. Түк естілмейді... Неге естілмейді? Неліктен қара торғай ән салмайды? Битабар қараторғай шырылын сондай сағынып кетті.

Балдағын көтере берді де ұшымен терезені түртіп қалды. Шыны саудыр етіп жерге түсті.

Ең алдымен, күйген қоңырсық иіс келді. Жел шахта жақтан екен. Содан кейін кара торғайдың шырылы. Битабар мұрнын басты да, құлағын әнге тосты...

Аурулар шулап жатыр.

— Терезе қирады. Терезе... Ал өлдік енді... Жүгіріп дәрігер келді:

— Ойбай-ау, мұныыз не, Биеке?

— Бәлнісінде жата-жата тойдым, шырағым. Үйге шығарындаршы.

## 32

Күндер жылжып өтіп жатыр. Битабар үйіне шықты. Балдакпен кош айтысқан. Ендігі жолдасы — таяк. Далаға өз бетімен шыға алады. Үйге өз бетімен кіре алады. Дүниенің зор бақыты өз бетінмен далаға шығып, өз бетінмен үйге кіру екен ғой. Битабар ашқан тағы бір жаналық.

Жұрт баяғыдай, көңіл сұрап келіп-кетіп жатыр. Битабар да баяғыдай.

— Қатын, тұр, шәй кой...

— Қатын, шәйінді жақсылап құй...

— Қатын, майыңды әкел.

Сілеусін туралап қарсылық жасамайды.

— Әлгі дүкенші бір ит болып шықты...

— Е, неғып? Мақтап жүрмеуші ме едің ылғи?

— Сен ауырғаннан бері өзгеріп кетті. Пакты дұрыстап бермейді.

— Битабардың есіне Левенштерн түсті. Даусы бүгінгідей құлағында:

— Жалақыңды алдың ба?

— Алдық, тамыр.

— Пактарыңды ше?

— Оны да алып жатырмыз...

— Пакты молырақ жазғам...

Пак молырақ жазылған соң, дүкенші молырақ босатты... «Енді аз босатуында бір гәп бар емес пе екен?»

Битабар қисаңдап шахта кеңсесіне келді. Баяғы таныс бөлме алдында баяғы жас қыз.

— Қызым, Битабар келіп отыр деп айт. Қыз кабинетке кіріп қайта шықты:

— Қазір қабылдайды. Күте тұрыңыз.

Қабырға сағаты бір тынбайды: шық-шық... шық-шық... Битабар ұзақ карап отырды: «Сағаттың шықылдағы емес ермек». Қайдан

естілді? Кашан естіді? Жадында жоқ. Кім айтса да рас-ау. Әркім әр килы қарекет үстінде: егін салады, мал бағады... көмір шабады, машина айдайды. Тек Битабар ғана сағат шықылдағын ермек етіп, есік күзетіп отырған...

Талайлар кіріп жатыр, талайлар шығып жатыр. Есікке дамыл жоқ. Битабар әлі отыр. Сағат тілі шық-шық. Кет деген ешкім жоқ. Кел дейтін де бір пенде табылар емес. Сондай үлкен Битабар сондай елеусіз..

Қыз жақсы бала. Битабар күйзелісін сезіп қалғандай.

— Иван Иванович жұмысбасты ғой. Сізді ұмытып кетті ме деймін, — деп кабинетке кірді де қайта шықты.

— Жүріңіз.

Битабар кіріп келеді. Көзіне ең алдымен, қолын созып тұрған Ленин түсті. Көсемге қараған сол қалпы бір екі аттап барып отыра кетті. Левенштерн сонау алыста қалды.

— Е, тамыр, бері жақында...

Битабар бала емес, біледі: бұрынғы жылылық жоқ. Айтып жатқаны жай сыпайылық.

— Битабарға осы ара да жарайды. Көп жүрсе аяғы ауырады. Битабар өз орнында отырып қалды. Левенштерн де қозғалған жоқ.

— Пенсия тағайындаттырғам. Естіген шығарсың?

— Битабардың ата-бабасы пенсия алып көрген емес. Битабар да алмайды...

Левенштерн үндемеді. Битабар да тым-тырыс отырып қалды. Мұнда да қабырға сағаты бар екен: шық-шық... жоқ, сағаттын шықылдағы ермек екен. Жауап күткен Битабар ермек етіп отыр. Көзі Ленинге түсті. Қызық: Ленин қолын созған қалпы тұп-тура Битабарға қарап тұр. Ана жолы келгенде де өстіп жылылық нұрын сеуіп қарап тұрды-ау. Қалай аңғармаған десеңші.

Левенштерн шыдамады білем, тіл қатты:

— Ал сонда не шаруа?..

— Бір сұрағым бар, тамыр.

— Айта бер...

— Битабар бөлністе табаны күректей екі ай жатты. Аурудың көңілін сұрап бір рет болса да неге келмедің?

— Жұмыс көп, тамыр. Науқан... Көмірді көп шығар дейді жоғарғы жак. Шығармасаң орныңнан алып тастаймыз дейді.

Окыс, күрт бұрылыс:

— Ана, Ленин көсем не деп тұр? Левенштерн жанып кетті:

— Көмірді көп беріндер. Әр шахтер жоспарын асыра орындасын! — деп тұр.

— Маңдай алды деп макталған шахтер жараланып қалса, қасына жолама, халін сұрама деп те тұрған шығар?..

Сасканы ма, неге екені белгісіз, Левенштерн артына мол бұрылып Ленинге қарады.

— Жок, карағын келсе, мына тұсқа келіп, алыстан кара! Андағы жерден көре алмайсын. — Битабар осыны айтты да, ақсаңдай басып шыға берді.

— Ау, тамыр, токта!

— Жок, тамыр енді токтамайды... Есік каттырақ жабылды...

### 33

Битабар токтамады. Таяққа сүйеніп жүріп келеді. Қайда барарын өзі де білмейді, сонда да жүріп келеді. Шахта да, үйлер де алыста қалды. Айнала жап-жазық. Қып-қызыл. Жап-жасыл. Құлпырып көк шыққан. Құлпырып бәйшешек гүл жарған... Жұпар иісі аңкиды: дала иісі. Бусанған жер иісі... гүл иісі. Туған жер — Иманак баурайының иісі. Битабар мас болды. Иіске мас. Шалқалап жата кетті. Аяқ-қолды шалқалап жазып жіберді. Аспан сондай тұңғыық. Мөп-мөлдір. Үн-түнсіз қарақұс қалықтайды. Әртінде, мөлдір аспанның нақ тұңғыық түбінде Иманак тауын бетке алып кішкене... нокаттар кетіп барады. — Тырналар. Сондай алыста, бірақ сондай жақын... Битабар қалқалап құлағын тосты.

— Ты-рау!.. Ты-ррр-ау!.. — кикүлап барады.

Битабардың көзіне жас іркілді: дүние сондай жып-жылы... Дүние сондай ып-ыстық. Өн бойы шымырлады...

Қыс қыспағын көріп шыққан Битабар туған жерді аңсады... Еркіндікті, кеңдікті аңсады...

...Күн батты. Ымырт үйірілді. Мөп-мөлдір, тұп-тұнық аспанда сансыз жұлдыздар жымындайды. Солтүстіктен оңтүстікке тартылып құс жолы жатыр. Сайрап жатыр. Өткен жылғы күзде оңтүстіктен солтүстікке қарай жатқан секілді еді. Енді солтүстіктен оңтүстікке...

Бала кезгі аңыз әлі есте: жыл құсы көктемде осы жолмен келеді. Жыл құсы күзде осы жолмен қайтады. Бұл жолдың құс жолы деп аталуы да содан. Жыл құсының адаспайтыны да сол өз жолы — құс жолы болғандықтан...

Битабар ұшып тұрды. Жүріп келеді. Шүңкиіп шахта қоқысы артта қалды. Битабар таяғын демеу етіп адымдай түсті. Қарайып екеу көрінді. Бірден таныды. Ылғаз бен Әли.

— Е, Битармысың? Неғып жүрсін? Бала кезде өстіп қызды ауылды қырындаушылар болушы еді. Жігітшілік құрудың кай жағындасың? — Екеуі жамыраса күлді.

Битабар күрсініп алды.

— Мына қоқыстың қоңырсыған исін-ай, былайырақ шығайықшы. Террикон алыстап қалды..

Битабар оқыс аспанға қарады. Құс жолы құлпырып, сайрап жатыр.

— Ау, ағайындар, бір сөз айтсам не дейсіңдер? Әли бұрынырақ үн қатты:

— Айтып көр...

— Ата-бабамыздың кәсібі бұл емес кой. Тастандар, елге кетейік.

Ұсыныс соншалықты оқыс болғандықтан Әли де, Ылғаз да үндемей қалды.

— Ел де қазір түзеліпті. Колхоздасып, отырықшы орын теуіп жатыр дейді.

Ылғаз айтты:

— Шахтаны тастап ешкайда енді кетпеймін мен. Әли де косарланды.

— Қалай десен де, өндірістің аты өндіріс, Битабар.

— Ауылда тудым, ауылда ер жеттім. Не көрдім? Не мұратқа жеттім? Түк те көргенім жоқ. Түк мұратқа да жеткенім жоқ. Ең соңы балаларды дұрыс оқытсам да көз ашуға қала жақсы, шахта жақсы.

— Ал жақсы онда, туғандар, сау болындар. Жолымыз бөлек-бөлек екен. Зорлағанмен түк те шықпайды, — деп балуан қош айтысты.

...Битабар үйге келіп Сілеусінді ертті де, құс жолын бағытқа алып жүріп кетті...

## КІЛТ

1950 жыл. 6 март. Салт атты екеуміз. Шәмішкен — осы ауданның комсомол басшысы. Әлиге ұқсайды. Кішкене, қуақы. Шәмішкенге қарағанда мен, құдайға шүкір, кәдуілгі Битабар секілдімін. Сарысу әлі түспепті. Бірақ мұз бетіне қызыл су жүгіре бастаған. Кесіп өттік. Жол өзекшені өрлей салды. Битабардың баяғы өгіз баққан, Левенштерннің машинасын көтерген өзекшесі болуға тиісті. Аяң бұлкек. Аттар қыстан қажып шыққан. Жол жаман. Жүріп келеміз. Бетіміз — Иманақ тауы, тау етегіндегі «Бірлік» колхозы. Өрге шықтық. Алдымызда қарайып, қалқайып біреу көрінді. Түйелі адам секілді. Таудай. Қарай-қарай көзім талды. Жок, түйе емес, ат екен астындағысы. Аяңдап барады. Біз бұлкектеп келеміз. Арамыз жақындай берді. Қарап келем, санап келем: біз жеткенше жалп етіп үш құлады. Құлайды. Атын тұрғызып алады да, қайта мініді. Шәмішкен күледі:

— Сафуан, сен біз мінген атты арық дейсін. Тәуба. Ана алға қара. Көтерем ғой мінгені...

— Тәуба болса, тәуба-ақ болсын. Бәйгеге қосып жатқам жоқ. Қалқактап барар жерге жетсек жарар-дағы.

Қуып жеттік. Өзіме өзім сенбейтіндеймін. Көтерем дегеніміз октаудай жұмыр, семіз торы құнан. Ауыздығын шайнап, алысып келеді. Бірақ көзім құнаннан көрі жолаушының нақ өзіне түсті. Аяғы салбырап кеткен. Жер сызады. Нық отырған бойы құнандай үш есе бар. Торы құнан екі шелек су көтерген он жасар қыз бала секілді, бұралаң-бұралаң етеді. Жұмсақ қарға аяғын тығып алса бітті, омакасады. Жолаушы құламайды. Салақтаған аяғымен жер тіреп тұра қалады да, аттын басын аттап ілгері шығады. Кәдуілгі жыққан балуанның жығылғанның басын аттап, күш алғаны секілді. Тұмысымда мұндай ірі кісіні кездестірген емен.

— Ассалаумағалайкөм! Қарт ернін қимылдатты. Шәмішкен қағытып жатыр:

— Ақсақал, бұл не, көтерем мініп?..

— О, ит, семізің сонда ана астыңдағы ма? Шәмішкен мәз. Шәмішкенге қосылып мен де мәз. Ілгерілеп кеттік.

— Шәмішкен, бұл кісі кім?

— Жәй, осы жердің бір ақсакалы ғой... Мен қазбалаған жоқпын.

\* \* \*

Иманак тауы аласа ғана төбе екен. «Бірлік» колхозы шаруасы жұтандау, жетпіс-сексен ғана үй.

Біз Жұмаділда ақсақалдың үйіндеміз. Жетпістен асқан қарт адам.

Үлкен баласы — Ақажан. Осы колхоздың председателі. Екіншісі — Асан. Қарағандыда педагогика институтының соңғы курсында.

Ақажан алыс қыстаулардағы малды аралап кетіпті. Мал мен жанға март қиын ай. Шаруа адамы үйде отыра алмайды.

Шай келді. Үйдің үлкен қонағы болғандықтан мен төрде отырмын. Сол жакта Жұмаділда қарт. Оң қолда Шәмішкен. Одан әрі байсалды ақ сары жігіт — Қазыкен. Колхоз есепшісі. Ақажан жоқ болған соң, үй иесінің қызметін атқарып отыр.

Әңгіме тақырыбы әр қилы: мал жайы, жан жайы... Көктем, егіс... бірақ қиыспайды. Өйткені, менің есі-дертім жолда кездестірген қарт жайы.

...Есік ашылды. Бірден таныдым, нақ өзі. Бүкіл ауыз үйді толтырып кіріп келеді...

Сасқаным ба, жә болмаса, қалай кездестірем деп күткенім бе, ұшып түрегелдім.

Жұмаділда қарт белгі жасады.

— Отыра бер, шырағым. Ол — осы үйдің өз кісісі.

— Осы Жұмекең ақсақалдың інісі, — деп қойды Қазыкен. Дегенмен Шәмішкенге қарай ысырыла отырдым.

Жүмекен інісі жайғасып жатыр... Дастарқан кейін жылжыды. Баяғы Балуан Шолак артында қалған құдды Битабар секілдімін. Мүлде сыртта қалдым. Жүмекеннің інісі Жүмекеннің өзіне қарай ойыса отырып, малдасын құрды. Екі тізе екі жақта – Жүмекен алдында бір өркеш, менің алдыма бір өркеш. Шай келді. Түйе алақанға шай табақ сүнгіп кетті. Кіп-кішкентай. Балалардың ойыншық табағы секілді.

Түрі жат бұл кім болды екен?

Ешкім тіс жарып ештеңе демейді. Өзіне сұрақ берсем, қысқа қайырады.

– Осы Атасуда тұрам... Баллар ма?... Құдайға шүкір, бар баллар... – Бары осы.

Көңілім құлап, тым құмартып отырғанымды Шәмішкен де, Қазыкен де байқаған: ақсақал, ананы айтшы, ақсақал, мынаны айтшы...

Ақсақал мынқ етпейді.

– Ә, өтіп кеткен дүниелер ғой... Қалай сөйлетем? Кілті қайда?

Дастарқан жиылды. Жұмаділда карттын інісі далаға шығып келді де, алдына бір орамалды жая сап, намаз оқи бастады: аузын жыбырлатып біраз тұрады да, тізесін бүгіп, сәждеға басын тигізеді. Сондай күлкілі. Дүрс-дүрс... еден сықыр-сықыр етеді.

Ойыма бір қулық кірді:

– Ақсақал, намазды көптен оқисыз ба?

– Ә, жас ұлғайған соң.

– Рұқсат етсеңіз, бір сауалым бар.

– Ә, рұқсат.

– Құранда, «Баһыраи сүре» деген сүре бар. Қазақша бұл «сиыр туралы тарау» деген сөз. Сиырдың құранда не шаруасы болды екен?

Ақсақал ойланып, сәл отырды.

– Сонынды ит білсін бе?

Біз жабыла күлдік. Өзі де езу тартты. Содан соң маған туралап қарады.

– Бұл қай бала?

– Газеттен. Тілші.

Қарияның сыр сандығын ашатын кілт осы бір штрих болды. Сөйлеп кетті...

Күн сөйлестік. Түн сөйлестік...

– Биеке, бір сұрақ бар.

– Құлағым сенде.

– Содан кейін не істедіңіз?

– Тура колхозға келдім. Мүше болдым.

– Бір адамға өкпелеп, шахтадан кеткеніңіз қалай? Биекен біраз ойланып қалды. Тура жауап бермеді.

– Шахтадан кеткеніммен елге келіп «шахта жақсы, шахтаға барындар!» – деп үгіт жүргіздім...

– Қайратыңыз қалай? Қайтқан жоқ па?

– Қайратым бар әлі де. Бірақ тізем шыдамайды....

– Тізем шыдаса, атан түйені әлі де көтере алам ғой деймін...

...Битабармен мен осылай кездестім. ...Битабармен мен осылай қоштастым...

\* \* \*

Битабар кейін сексенге жақындап барып қайтыс болды. Зираты сол Иманак бауырында. Мойнында баяғы тұмар: «Күрес те өнердің бір төресі. Мал табар онай кәсіпке айналдыра көрме!» Баяғы Балуан Шолак сөзі. Балуан Шолак сөзін Битабар алпыс жыл тұмар етіп мойнына тағып жүріпті...

Иманак бауырында қазір «Бірлік» атты колхоз жоқ. Сол «Бірлік» құралпы бес-алты көпей колхоздар бірігіп, дөкей совхоз құрған. Сәкен Сейфуллин атындағы совхоз. Сәкен аты тегін қойылмаған. Бұл – Сәкеннің туған жері. Иманак – Сәкеннің шыққан тауы.

Битабар – Сәкеннің аталас ағасы.

Ел ішіне аты кеткен балуан Сәкенмен де бірге жүрген болар. Иманакқа да Сәкенмен бірге талай-талай шыққан болар. Бірақ, амал қанша, мен онда Сәкен туралы сұрай алмадым. Сөзге сараң Битабар өз бетінше айтқан жоқ...

*1969 жыл.*

## ӨМІР НҰРЫ

**Б**үгін Жантуар мен Шәмшігүлдің қуанышында шек болған жоқ. Екеуі бас қосып, жұбайлық өмір сүргелі айта жүрерлік ең зор қуаныш. Жұбайлық өмір демекші, бұлар қосылғалы табаны күректей он екі жыл. Әй-шәйсіз, тату өткен жылдар. Осы бір ғұмырда Шәмшігүл Жантуарға, жә болмаса, Жантуар Шәмшігүлге бажырайып бетіне қарап, бір қатты сөз айтып көрген емес.

— Апыр-ай, үйді бір алса, сендер алуға тиісті едіңдер, — деп мүсіркейді.

Көптенгі арман — бітеу жаранын аузын біреу келіп тырнаған соң Шәмшігүл күрсініп қояды.

— Күте-күте шаршадым, тіпті. Жұрт секілді дүние құрап, адамша тұрғын-ақ келеді, амал қанша!..

— Торыкпа, Шәмшігүл, бір реті болар, — дейді ондайда көрінген нәрсеге көп уайымдай бермейтін Жантуар.

Ия, сол «бір реті болардың» реті бүгін келді. Қаланың нақ ортасындағы жана салынған үлкен үйден Жантуар мен Шәмшігүл екі бөлмелі пәтер алды. Пәтер болғанда қандай: еден дегенің қызыл паркет, жалтырап жатыр. Ванна мен ас бөлменің қабырғасы айна дерсін — ақ кафель. Терезелері аттылы кісі өткендей.

Ыстық су, суық су, газ дейсін бе, бәрі де қол астында. Он екі жыл отын тасыған, су тасыған, күл шығарған Шәмшігүл:

— Уһ, жеттім бе, жетпедім бе! — деп паркетке отыра кетті.

— Әрине, жеттің, Шәке, — деп Жантуар оны тұрғызып алды.

Жеткенімен, енді жана бір шаруа тап болды: Шәмшігүл жана үйді жана дүниемен жасақтауға кірісті.

— Көрсө қызарлық жасап қайтеміз, осы өзіміз қосылған кездегі дүниеіміз маған сондай ыстық көрінеді, — деген Жантуарға: — Үй шаруасына араласпа, ол әйелдің жұмысы, — деп кесіп тастады.

Содан кейін амал жоқ, Жантуардың Шәмшігүлге еріп мебель магазиніне баруына тура келді.

Ең әуелі бір павильонға кіріп еді, Шәмшігүл бір мебелдің жанында сәл аялданқырап қалған Жантуардың жеңінен тартты.

— Қой, бұларды қарап қайтесін, ана импорт жағына барайық.

— Осы өзімізде жасалатын мебельді де жұрт жаман демей жүр ғой. Бұған болар Шәмшігүл жоқ:

— Жана пәтер алып отырып, мына секілді мебель қойғанымыз ұят. Жұрттың бәрінде импорт. Біз не, солардан кембіз бе?!

Жантуар дәлелді ештеңе айта алмады, Шәмшігүлдің сонынан ерді. Шетел мебельі тұратын павильон шынында өзгешелеу екен. Жеке-жеке орындарда жіп белдеушемен айнала қоршалып қойылған мебель түрі көп-ақ, Шәмшігүл таңдап жүріп «Космосқа» тоқтады.

— Қазір жұрт аузындағы мебель осы. Осыны аламыз, — деп білетінін де танытты, кесімін де айтты.

Бірақ ақшасын төлейін деп сатушыны іздесе, бір қиындықтың үстінен шықты: мұның бәрі үлгі екен. Ал сатылатындарына сыртта алушылардың өзі қойған кезек бар. Мебель алғың келсе, ең алдымен кезекке тұрасың.

Жантуар анырып қалды. Шәмшігүл жолды тез тапты.

— Ендеше, Дәулетке барайық.

Жантуардың есіне орта бойлы, кара жігіт түсті. Талай жерде қонақта кездесіп қалып жүретін Дәулет жыпылдап сөйлеп:

— Қажет бірдемелерің болса, хабарласыңдар, — деп өзінің саудада істейтінін танытып, телефонын беретін.

— Барсақ, барайық.

...Дәулет шынында да, айтқан жерінен шықты... Бұлардың келген жайын ықыласпен тыңдады да, телефонға жармасты.

— Бұл кім? Ә, Бекбатыровсың ба? Өзінде бол, қазір саған ерлі-зайыпты екі кісі барады...

Осы кезде Шәмшігүл:

— Ұнатқанымыз «Космос», — деп үлгірді. Дәулет саккұлак екен.

— Алло... алло... «Космосың» бар ма? Е, болса, сол «Космостың» біреуін...

Осы кезде Жантуар да:

— Білмеймін, Шәкеңнің ұнатқаны «Космос», ал мен болсам... — деп мүдірді.

— Ал сен болсан?

— Мен болсам, ана чех мебельі дұрыс па деп... Дәулет телефон трубкасын аузына тақады:

— Ал чех мебельі ше? Шәмшігүл қарсылық білдірді.

— Қазіргі жұрт аузында жүргені осы «Космос». Біздің Жантуар білмесе де айта береді.

Дәулет бұлардың әлі бір ымыраға келе қоймағанын сезіп, Бекбатыровка:

— Қыскасы, қазір осы кісілер саған барады, қалаған мебельін беретін бол, — деп қадап айтты. Содан кейін сәл тоқталыңқырап барып Шәмшігүлге қарады: — Бұрын үйленсеңдер де, жаңа үй болып жатырсыңдар ғой, тағы не керек. Қысылмаңдар, айтыңдар.

Қысылма деген соң, Шәмшігүл қысылған жоқ.

— Екі-үш кілем керек, екі үш палас керек, хрусталь вазалар, рюмкалар...

Жантуар ұялыңқырап қалды.

— Бір жолға мебеліңнің өзі де аз жүк емес еді ғой, Шәке?!

Шәмшігүлдің бір жақсы қасиеті — осындайда қысылмайды. Кімге болсын орынды сөз тауып, еркін сөйлесе алады. Және бәрі де жарасымды, сыпайы болып шығады.

— Жок тағы келіп Дәукеннің мазасын алғанша, біржола тындырып кеткеніміз жақсы. — Табиғатында сүйкімді әйелді бұл сөз тағы бір биікке көтеріп тастады. Дәулет қарқылдап күлді:

— Шәкен дұрыс айтады. Бүгін тындыратын шаруаны ертеңге қалдырып керегі жок. Бірақ тағы да айтарым — бәрін бүгін тындырдық деп келмей қойып жүрмендер. Мынадай жерде отырып ағайынға қолқабыс жасамаудың несі жөн. Қолдан келгенді жасаймыз. Жиі-жиі хабарласып тұрыңдар. Мазалайды екенбіз деп қапа болмандар! — Дәулет осыны айтып, бұларды есікке дейін ұзатып салды.

Арада аз ғана күн өтті. Шәмшігүлдің дегені болды да, Жантуардың үйіне «Космос» мебелі келіп түсті. Жарқырап жатқан паркетке шытырман сызықтары бар қызыл палас төселді. Қабырға атаулыға гүлді кілем ұсталды. Айналы сервантты хрусталь вазалар, фужерлар, рюмкалар, сервиздермен безендірді. Кең балконға гүл қойылды. Ас қылатын бөлмені аппақ ас үй гарнитуры мен тоназытқыш алды. Осындай біршама шаруа тынған соң, бұл үйге Дәулет бастаған бір топ жолдастар келді. Шәмшігүл жана пәтердің құрметіне айта жүрерліктей етіп той жасады. Әлгі әдемі сервантты безендіріп тұрған хрустальдар сынғырлады. Бұрқылдап шампандар атылды. Түннің бір уағында разы қонақтарын ұзатып салған бақытты жұбайлар бұрынғыша тар төсекте бір-біріне арқасын берісіп қысыла жатпай, екі төсекке көсіле, шырты ұйқыға кетті.

\* \* \*

Ертеңіне күн демалыс болатын, Жантуар дағдысынан кешендеу тұрып, жуынып, ас ішетін бөлмеге келіп көк шұғамен жабылған жұмсақ диванға жантайды. Терезеге қарсы шولاқ мандайда жарқырап сервант тұр. Ал өзі жатқан ұзын қабырғаға қарсы бет жалаңаш екен. «Бұл жерге не қойса болар екен? — деп сәл жатты да, өзіне өзі — жә, қойшы, жок нәрсеге бас қатырмай!» — деп күбірлеп қойды. Содан соң өзі басқарып, жобасын жасап жатқан ірі комбинат жайында кеше ғана болған әңгімені ойлап кетті. Осы бір сәтте Шәмшігүл де тамақ алып келді.

— Ау, тұратын кезің болған жоқ па? Жататын бөлмені аздай-ақ, енді мында келіп жантайғансың ба? — деді әзілдеп.

— Батырға оң, терісінің бәрі бірдей, қолдан келген соң қайтеміз. Екеуі де қылықты күлкімен шайға отырды.

— Осы бөлмеге не жетпей тұр деп ойлайсың? — деп сұрады бір кезде Шәмшігүл.

Жантуар ойлап-ойлап не жетпей тұрғанын таба алмады.

— Маубасым-ай! — деп Шәмшігүл күйеуінің басын сипап, шашын қобыратып қойды — мына жалаңаш қабырғаға жетпей тұрған пианино ғой!

— Пианино ойнайтын ешкім жоқ, құр сәнге демесен... — деп Жантуар сәл қарсылық білдірді.

— Ешкім жоғы қалай? Қазан аузы жоғары. Отқа қарап отырған жандар емеспіз, қайта тілеу тілеп тұрады.

Жантуарға бұл сөз орынды секілденді.

— Осы ана эстон пианиносын жұрт жақсы десіп жүр ғой, — деп қойды әйелінің сөзін құптағанын танытып.

— Эстон-сестонды қайтеміз, алсак кәдімгі импорт пианиносын аламыз.

Осы сөз — сөз болды. Көп кешікпей баяғы бос қабырғаға қызыл күрен түсті әдемі пианино, оның қасына үлкен телевизор қойылды.

Осыдан кейін қанша кең десен де бөлме төркіні көрініп қалды. Біреу-міреу келе қалса, Шәмшігүлдің:

— Орындығыңызды бері сала отырсаңыз, артыңызда пианино бар еді. Орындығыңызды столға таман жылжытсаңыз, артыңыздағы диванға тиіп отырсыз, — деген қытымырлау сөзі жиі шыға бастады. Шәмшігүл айтса, амал жоқ, екі беттегілер сығылыса-сығылыса кеудесімен жақтау тіреп, тіпті стол астына кіріп кете жаздап отыратын болды.

Осы секілді қонақтар тарқағанда біреу айтып үлгіретін, біреу ішіне түйіп кететін бір сөз бар.

— Бұрын аядай жерде тұрғанда ондай тарлығы жоқ еді, не болып кеткен өзі?!

Әрине, бұл сөзді Шәмшігүл әзірше естіген емес. Тіпті естіген күнде қысылмаған да болар еді. Кім дүниесін далаға тастамақ? Сирек болса да қонақ келген сайын пианино сынып тұрса, Шәмшігүлдің шашы шақ келмейді ғой!

Бір күні Шәмшігүл өзімен бірге істейтін, әрі жақсы көргендіктен «қайын аға» деп кеткен Қожан деген кісіні кездестірді. Демалыстан оралған беті екен, Шәмшігүл келінінің қолын алып сілкілеп жатыр.

— Тап өздеріңше қуандым. Құтты болсын үйлерің!

Шәмшігүлдің де ықыласы баяғыдай.

— Шын қуанған адам «құтты болсынды» үйге келіп айтады, қайын аға.

— Женілдім, келінжан, тап бүгін кешке барам, — деп Қожан екі қолын жоғары көтерді.

Кожан қасына екі-үш жолдас алып, айтулы уақытында келді. Ал Шәмшігүл болса қадірлі қонағын соншалықты қуанып қарсы алып, соншалықты ренжіп шығарып салды. Өйткені, Кожан мойны кеудесімен тұтасып кеткен, ұзыны мен көлденені бірдей, екі кісінің құшағы жетпейтін семіз кісі болатын. Қанша сығылса да диван жаққа да, пианино жаққа да сыймай-ақ қойды. «Қайын аға, артыңызда пианино бар еді», — дегенді Шәмшігүл келіні айтудай-ақ айтып еді, амал не, пианино жақтауы мен орындық таянышын жауыр аттын арқасынша жаланақтап кетті. Мал ашуы — жан ашуы деген емес пе, тәртіпті, инабатты Шәмшігүл:

— Жазған неме, аузы-басы мен кеудесін былғап тамақты өлгенше былапыт жейді екен! — деп қалды.

Жантуар баяғы бір көңіл қарсылығын тағы аңдатты.

— Ақшамыз бар екен деп құр бекер үй ішін көкір-шүкірмен толтыра беріп керегі не еді. Пианино алмай-ақ қой деп ем ғой...

Шәмшігүл мұндайда сөз тапқыш:

— Аңадағы айтқаным жетпесе, қайталап анықтап айтайын, баламыз болар ма екен деп, ырым етіп алдым.

Осымен сөз бітті. Бірақ Шәмшігүлдің жүрегінде бір жай шемен болып қатып қалды: трамвай мен троллейбуста, жә болмаса магазинде, көшеде толық адам кездестірсе есіне сыры кеткен пианино түсіп, жүдеп қалатынды шығарды. Жаксы көретін қайын ағасы Қожанды мүлде көргісі келмейді. Катпар-катпар май ішінен қаңқа сүйегін кәдімгі кәнігі болған археологша іздесең де таптырмайтын жуан денесін ирелеңдете, қажап реверанс жасап «о, келін-жан!» — деп келе жатса да естімеген болып теріс айналып кететінді шығарды. Басында: — Инелікше қатып-семіп жүретінің-ай осы, тамақты молырақ жеші, толар ма екенсің! — деп Жантуарды нығыртатыны болушы еді, онан да қайтты. Тағы бір шешімі — мүлде қонақ шақырмауға белін бекем байлады. Содан кейін пианиноны да, газет-журнал столы мен оның креслоларын да жататын бөлмеге апарып тықты да, ас ішетін бөлмені кеңітіп қойды.

Шәмшігүл өстіп бір қиындықтың ретін тауып жеңіп, көңілі орнығайын деп келе жатыр еді, ойламаған жерден мазасы тағы кете қалды. Бәрі де баяғы мебель магазині түскірге «не бар екен, кіре кетейінші» — деуден басталды.

Барса бір таныс әйел тұр.

— Е, не алғалы тұрсын?

— Бір мебель түседі деп...

— Е, мебелін бар емес пе еді?

— Бар болатын, бірақ мынау айтулы.

— Айтулы болғанда не, «Космос» па?

Таныс әйел мырс етіп күліп жіберді. Даусында кекесін бар.

— Арасына ағаш үгіндісін толтырған «Космос» алып жыным бар ма?

«Будапешт» — нағыз қызыл ағаштын өзі.

Шәмшігүлдің тауы шағылып қалды. «Космос» деп дардай етіп жүрсе, арасы үгіндімен толтырылған бірдеме. Бірақ қайтарып сөз қатпады, салқын ғана бас изеп, қоштасты да, салып отырып анадағы Дәулет таныстырған Бекбатыровка барды.

— Ал, туысым, маған мебель керек.

— Е, осы жуырда ғана алған едіңіз ғой?

— Алғам. Бірақ ұнамайды. Енді «Будапешт» керек. Директор жал-тара сөйледі.

— «Будапешт» төрт-бес бөлмесі бар пәтерге лайық мебель. Оның үстіне... бағасы да...

Шәмшігүл директордың сөзін бөліп жіберді.

— Немене, бізді ақшасы жоқ кедей деп естіп пе едіңіз? — Ашумен айтқан жоқ, салмақты, астары бар уытты күлкімен айтты.

Бекбатыров артық кеткенін енді байқады.

— Құдай сақтасын, Шәке, ондай ой түсімізге де енген емес. Шынымды айтайын, жалғызы ғана түскен еді, амал жоқ, өзіңіз келіп қалған екенсіз, алыңыз.

Шәмшігүл қайта қадалды.

— Жоқ, өйтіп қиналсаныз, алмауыма да болады.

— Қиналып отырғаным жоқ. Ақшанызды өткізіңіз де, алып кетіңіз, — деп директор орнынан тұрды.

Шәмшігүл Жантуармен ақылдасқысы келмеді.

Ақылдасса, анау айтқан қарсылық білдіре қоймағанымен «пәлен-түген» — дері хак. Сол себепті, бірден үйге келіп, бір машинаға «Космосты» тиеп, комиссия магазиніне өткізді де, екі машинаға тиеп «Будапешті» үйге әкеп түсірді.

Құдай сақтасын, директор айтса, айтқандай екен, «Будапешін» жатқан бір пәле болып шықты — бәрі қос-костан, сырт киім салатын шкаф, іш киім салатын шкаф, ас сервизін, шай сервизін салатын серванттар бөлек-бөлек. Оның үстіне горка деген пәлесі тағы бар. Секретер дейсіз бе, үш қырлы стол, төрт қырлы стол, шалқак кресло, еңкек кресло, кітап сөресі, газет-журнал сөресі, жазу, сызу столы дейсіз бе, тіпті санап тауыса алмайсын. «Космостың» бас-аяғы алтау, жеп-жеңіл қағалтай орындығы болушы еді, мынада он екі. Әрі орындық болғанда қандай, бір-біреуі, ана «Космос» орындықтың үшеуіне бергісіз. Көк барқытпен тыстаған диваны да, сондай жап-жалпақ бірдеме. Оның үстіне кушетка түскірі тағы қосарланып жүр. Шәмшігүл ет қызуымен алуын алып қалса да сасайын деді. Қолайлы деген жерге сервантты қойып еді, горкасы құрғыр сыймады.

Диванды қойса, кушеткаға орын жоқ. Баяғы кең көрінген екі бөлме аядай-ақ қуыс болды да шықты. Дегенмен Шәмшігүл ретін тапты. Жазу столының үстіне тумба, оның үстіне үшінші қабат етіп телевизорды апарып қойды. Орындықтарды да бірінін үстіне екіншісін төңкерді. Көп қабатты биік үй салу дегенін еріккендіктен емес, осындай жердің тарлығынан барып шыққан ғой. Шәмшігүл де сол тәртіпті ұстанды. Жататын бөлмеге де сондай өзгеріс енгізді, екі кереуеттің бірін қалдырып, екіншісін жинап тастады. Сөйтіп, әр жерден сығылысып өтер жымба із жасап, екі бөлмені аузы-мұрнынан келтіре сықап, толтырды да қойды.

Жантуар қызметтен мезгілінде келді. Ан-тан.

— Ойбай, бәйбіше-ау, не жасап тастағансың? Шәмшігүл күлді.

— Бәйбішен жасады бір кереметті.

Керемет десе керемет дегендей. Бұрынғы «Космос» жарық үйдің өзін сұрландырып тұрушы еді, ал мынау болса бөлме ажарын ашып, жарқырап кеткен. Осы бір алғашқы әсер үстінде Жантуарға сарт етіп тағы бір ой келді. Қайда отырамыз. Қайда жатамыз?

— Бәрі дұрыс, бірақ ана кереуетті жинап тастағаның жөн болмаған екен, — деп қынжылды Жантуар, екі бөлмені де көзбен шолып. — Бұдан он жыл бұрынғы жалғыз тақтай үстіне сиып кетер шағымыз емес. Екі төсекте кең көсіліп жатып, рахаттанып қалып едік.

Шәмшігүл саспады. Бұл жәйді да ойластырып қойыпты.

— Ана Ескалин бар ғой?

Жантуар Ескалин дегенді есіне түсіре алмады.

— Ана музейде істейтін Ескалин Сарыбас ше? Соның жалғыз баласы бар еді ғой? Сол үйленіпті. Содан көп кешікпей шешесі келінімен сиыспай, бөлініп кетіпті.

— Ия, оның бізге нендей қатысы бар?

— Токта! Төрт бөлмелі үйде сопайғаннан сопайып екеуі-ақ қалса, неге қатысы болмайды! Болады. Үстіне акша қосамыз. Сөйтіп айырбастасамыз үйді.

Жантуар сеніңкіремеді.

— Айырбастамайтын шығар?..

— Өстіп кежегеннің тартып тұратыны-ай! Баспа аяғыңды ілгері. Ыңғайлы екі бөлмелі үй болса айырбастар едікті өздері айтыпты. Ал білгін келсе...

Жантуар ойланып қалды. Шәмшігүл отқа май құя түсті.

— Музейден алатыны қанша дейсің, конторғайлау тұрады деп естігем. Дәлел орынды болған соң Жантуардың көнуіне тура келді.

\* \* \*

Есікті Ескалиннің өзі ашты. Әуелі бұрын келмеген адамдарды көріп, танырқап қалса да, кешеуілдеп барып таныды.

— Ә, Жантуар екенсің ғой, жоғары шығындар.

Шәмшігүл ішінен: «Мынаның түрі жақсы екен, жолымыз болар», — деп түйді.

Ескалин бұларды ас ішетін бөлмеге алып кірді: Түлкіні канша асырасаң да далаға қарайды дегендей. Жантуардың да, Шәмшігүлдің де көзі амандық сұрап жатқан Ескалинде емес, бөлмеде болды. Тіпті пәтердің айы өтіп, әбден титықтаған Шәмшігүл іштей қай мебельді қайда қоюға болатынын да шамалап үлгірді. Келген екеу амандық-саулықтан гөрі әр бөлмеге бір үніліп, сұқтана бергендіктен бе, әлде өз көңіліндегісі сол ма, әйтеуір құдайдың дес берісінде Ескалин әңгіме тақырыбын үй жайына ауыстырды.

— Дағардай-дағардай төрт бөлмеде женген екеуміз-ақ қалдық, Жантуар.

Жантуар жөтеліп, Шәмшігүл қозғалып қойды.

— Женгелеріңнің сыпырып, тазалайтыны болмаса, тіпті әне бір шеткі бөлмеге жұмалап басымды сұқпаймын мен.

— Ия, екі бас үшін үйлеріңіз тым үлкен екен, — деп Жантуар Ескалинді қостап қойды. Шәмшігүл ұрланып күйеуінің етегінен тартты. «Жайыңа отырсайшы. Өлер жеріңді білмейтін әдетін-ау, олар екеу болса, өзін ше? Төртеу ме едің?» — дегені. Жантуар үндемей қалды. Ескалин сөзін жалғады.

— Айтпақшы, женгелерің осы сендерді де үй алды деген секілді еді?..

Жантуар енді «алдық» дерін де, «алмадық» дерін де біле алмай әйеліне қарай берді. Шәмшігүл қысылған жоқ.

— Ия, Сәке, біз де алғанбыз үйді, — деді көңілді түрде.

— Е, оларың жақсы болған екен. Үй тақсыретін біраз тарттың-ау деймін осы?

— Оныыз рас, Сәке, біз көрмеген азап жоқ десе де болады. Кереметі сол, азаптан әлі де болса құтыла алмай жүрміз, — деп Жантуар төтелеңкірей тартты. Шәмшігүл күйеуінің етегінен тағы басты. «Иә?.. Қайтып?» — деген Ескалиннің сұрағын да жауапсыз қалдырды.

— Сәке, женгіміз қайда?

— Базарға кетіп еді, қазір келіп қалуға тиісті. Айтпақшы, мен шай қоя берейінші, бұрын есік ашып көрмеген балалар еңдер, — деп Ескалин тұра бастады.

Шәмшігүл қарсы болды. Қатты өтініп үй иесін орнына қайта отырғызды да, манағы бір әңгімені қайта бастады.

— Келінді болды деп естіп едік, балалар не, сонда бөлек шыққан ба?

— Үйленген соң бала қызығы өзімен екен ғой, келіннің төркіні осы жерде еді. Соларға көшіп кеткен. — Содан кейін Ескалин жеңіл күрсініп, — киыны мына дағардай төрт бөлмеде сопайғаннан сопайып, екеуден екеуіміз құлазып қалғанымыз ғой, әйтпесе бала шіркін кашанға дейін канжығанда жүреді, — деп түйді.

Шәмшігүл енді оңтайлы жерден ұрды.

— Үй үшін киналатын не бар, қала орталығындағы бір-екі бөлмелік пәтерге айырбастаңыз да жіберініз.

— Тіпті ол да ойымызда жоқ емес, — деп Ескалин бұлар күткен тоспадан айдау-қағусыз өз бетімен шыға келді.

Шәмшігүл енді іркілмеді.

— Айран сұрап келіп шелегінді жасырма деген бар ғой, Сәке, біз сондай бір сөз естіп келіп едік. Жарығы мол екі үлкен бөлме. Балконы да үлкен, әрі көленке жағында. Қысқасы үйіміз жақсы.

Сарыбас үнденкіремей қалды. Бұл шаруада қырсыздығын танытып отырған Жантуар тап осы жерде батылырақ сөйледі.

— Бөтен адамдар емеспіз ғой, шынымызды айтайық, ренжітпейміз.

— Қысылманыз, Сәке, қосарымыз өз көңіліңіздегідей, — деп Шәмшігүл әрі күйеуін қостап, әрі істі анықтап қойды.

— Қысылып отырғаным жоқ, Шәмшігүл шырақ, жеңген қалай қарар екен, соны ойлап отырмын.

— Е, өзіңіз тап басып, бел байласаңыз, жеңгіміз қайда кетер дейсіз,

— деп Шәмшігүл төсей сөйледі. — Міне, ініңіз отыр ғой, шынын айтайын, «қай жағынан шығамыз деп» — дәп бүгінге дейін қасы мен қабағына қарап жүреміз.

Жантуар көтеріліп, желпініп алды. Ескалин сөйледі.

— Жаксы, жеңгелерің келсін, тоса тұрындар. Қайда кетер дейсін, айырбастап жіберейікті шығарып жүрген өзі болатын.

Жантуар «тоссақ тосайық» дегелі отыр еді, Шәмшігүл шешімі мүлде басқаша болды.

— Жеңгейді біз тоспай-ақ қояйық, Сәке, келген соң өздеріңіз ақылдасып, сосын хабарын бізге айтарсыздар. Құдайға шүкір, телефон бар екі үйде де.

— О да жөн екен. Бүгін-ертең телефон соғып қалармыз, — деп Ескалин бұларды шығарып салды.

\* \* \*

«Бүгін» де өтті. «Ертең» де өтті. Бірақ Ескалиннен хабар болмады. Шәмшігүлде жан жоқ. Біреу есік қакса, телефон шылдыратса, жүрегі тоқтап қала жаздайды. Түн баласы дөнбекшіп, ұйықтай алмайтынды шығарды. Әйелінің шыбын-шіркей болып жүргенін сезіп, Жантуардың да тынышы кетейін деді.

— Кісідегінің кілті аспанда деген емес пе, кешіктіріп жатқаны құнын көтерудің амалы шығар. Өзіміз телефон соқсақ кайтеді.

Шәмшігүл бұл ақылды жөн көрді.

— Жаксы, соға ғой.

— Жоқ, сен соқсайшы. Шәмшігүл қабағын шытты.

— Осы үйдің еркегі сен емессің бе? Еркекпен еркек болып сөйлеспейсін бе бір.

Жантуарға қайтарар сөз қалмады. Пәленің басын өзі қозғаған соң амалсыз телефон трубкасын көтерді.

— Алло, маған Сәкен керек еді?... Ар жакта әйел даусы:

— Бұл кім Сәкенді сұрап тұрған? ...Жантуар? Әлгі мен жокта біздің үйге келіп кеткен Жантуармысың?

— Ия, женеше...

— Сені мен бір инабатты бала екен деп жүрсем... Кіммін деп, не бетінмен келдің? Соны айтшы?

Қапелімде сөз таба алмаған Жантуар күмілжи берді.

— Шаранаңнан тазармай жатып не бетінмен келдің деймін?!

— Женеше, кешіріңіз, бір ағаттық болды, — дегенге Жантуардың тілі зорға келді.

Бірақ оны тындаған әйел жоқ.

— Балам кетсе, өз балам. Келінім кетсе, өз келінім. Бүгін болмаса, ертең кайтып келеді. Сонда бұл үйде үбірлі-шүбірлі мен тұрмағанда, Шәмшігүл мен сен кубас тұрмақсындар ма?!

— Апырай, тым катты кеттіңіз-ау. Өзгені айтсаңыз да, кубас деменізші! Біз де бір жылы ішектің иесіміз ғой, — деп әрі қарай әйел сөзін тындауға дәті шыдамаған Жантуар трубкуны тастай салды.

— Нак көргенсіздің өзі. Әйтпесе, соншама шаптығатын әкесін біз өлтірген жоқ едік қой, — деді Шәмшігүл.

Үрлеген қуықтай тырсылдап, ашуға булыққан Жантуар кінәні әйеліне аударды.

— Бәрін шығарған сен осы, ойда-жокта мебель алам, ойда жокта үй айырбастаймын деп.

Енді Шәмшігүл де шыдай алмады.

— Мен... мен... кінәлі, бәріне де. Сенің кубас атануына да кінәлі менмін, — деп сәл тоқырады да, даусын көтеріңкіреп, — кубас атансаң, оған өзін ғана кінәлісін. Менің денім сап-сау, — деп солқылдап жылап жіберді.

Жантуар тез жадырап, өмірі ренжітіп көрмеген әйелінің маңдайынан сипады.

— Сенін арқанда әне қубас атандық...

— Жә, ки енді ашуыңды бір жолға.

— Қимаймын.

Енді әйелі айтқан сөз аяздай батып таусылуға айналған Жантуар да тесілейін деді.

— Қимағанда не, өл дейсін бе енді. Осы үй де жарайды.

— Жок жарамайды.

— Сонда не қыл дейсін?

— Ертең тура қалалық советке барып, үш бөлмелі үй сұрайсың. Мынасын қайтарып береміз.

— Жарайды, барсам барайын, тек ашуыңды басшы өзін, — деді Жантуар әйелінің маңдайынан иіскеп.

Қанша ашуланса да Шәмшігүл жадырайын деді. Екеуі әр мебельге бір соқтығып, жататын бөлмеге өтті.

— Ертең қайтсең де қалалық советке барасың, — деді Шәмшігүл шешініп жатып.

— Әрине, барғанда қандай, барам, — деді Жантуар сәл алқынықырап.

Шам сөнді.

\* \* \*

Айтқан сөз атылған окпен бірдей. Жантуардың, амал жок, қалалық советке баруына тура келді. Барғанда, былай өз бетімен емес, Шәмшігүл алып барды.

Пәтер бөлетін бастықтың алдында кісі сонша көп екен. Тәнертеңнен түске дейін, одан түскі үзіліске шығып, тағы біршама күтулеріне тура келді. Жантуар — «кісілердің азайған бір күні келсек қайтеді» — деп көріп еді, Шәмшігүл көнбеді: «Әдейі келген екенбіз, шыдаймыз. Күнде келе беретін уақыт жок» — Шәмшігүлдің бір жақсы жері — бір істі ойына алмайды, ойына алса, оны тындырмай өзі де тынбайды.

Көп күтудің бір пайдасы күбірлеп отырып екеуі біраз мәселені шешіп алды: пәтер жөнінде Жантуардың өзі ғана кіреді. Асықпай, баппен басып барып креслоға отырады. Мүмкіндігі болса, ең әуелі бастыққа шылым ұсынады. Содан кейін әдеті болмағанымен өзі де тартады. Тартқанда кәдуілгі машығы бар адамша терен сорып, мұрнынан шығара бұрқыратып тартады. Сосын өз мекемесінің жайын, салынып жатқан жаңа бір үйдің жобасы жайын сөз етеді. Қыскасы Жантуар өзін иығы тең адамша еркін ұстайды. Барған шаруаның реті сонда ғана түсетін болады.

Осы бір әңгімемен отырғанда дес беріп кезек те келіп қалды. Жантуар салмақпен барып есікті ашып, ішке кірді. Көңілі орныға бастаған Шәмшігүл: «Шамасы қырық-отыз минут отыратын шығар», — деген оймен көмекші столында жатқан газетке үніле беріп еді, сықырлап бастықтың есігі ашылды да, ар жақтан тез-тез басып Жантуар шыға келді.

— Өй, не болды? — деп Шәмшігүл танырқай сұрады.

— Жүр, не болғанын далаға шыққан соң айтам. — Екеуі дәлізге беттеді.

— Ия, не болды деймін?

— Ойбай, сұрама! Жүр тезірек!

Көшеге шыққан соң Шәмшігүл тартынып, тұрып қалды.

— Айтпасаң, жүрмеймін.

— Айтқанда, былай: басекен айтты: «Балаларың болса жоқ, екі басты адамға екі үлкен бөлме жетеді. Ал бұдан былай бүйтіп жүгіре беретін болсаңдар, екі бөлмені қайтып алып, бір бөлмелі пәтерге жібереміз», — деді.

— Құдай-ау адамша бір шылым ұсынып... — деп келе жатқанда Шәмшігүлдің сөзін Жантуар бөліп жіберді:

— Ойбай-ау, ұсынбайын дедім бе, кірсем, қабырғаға «бұл бөлмеде шылым шегілмейді» — деп баттитып тұрып жазып қойыпты. Енді қайтып шылым шегініз дейін.

— Ал әлгі жоба...

— Ал жоба жайын бастай беріп едім, басекен: «Көлденең сөз тындап отырар уақытым жоқ, көрдің ғой анталап отырған жұртты, токетерін айтсаң»... — деп қадалып болмады.

Шәмшігүлдің денесі қалтырады.

— Әйтеуір, басқан жеріңнен шөп сынбайды-ау, — деп зілменен айтты да, қаттырақ жүріп кетті.

— Шәмшігүл, тоқташы, ақылды едің ғой, ақырынырақ жүрші, — деп Жантуар әйелінің сонынан ерді.

\* \* \*

Кешкі тамақ үстінде Жантуар әйеліне бір ой салды.

— Әзірше үй кенітеміз деп қайтеміз, осы екі бөлмеде-ақ тұра берсек қайтеді?

— Сиып отырмыз ба?! Жантуар жымба жолдап келді.

— Сияр едік қой. Мына ас ішетін бөлменің жартысындай үйшікке де сиып тұрып едік қой.

— Онда дүниеміз, мебеліміз болмаған.

— Иә, дүние пәленің бәрі осы мебельде болып тұр ғой. Шәмшігүл тіксініп қалды:

— Неліктен мебельде?

— Бұрынғы «Космос» болса, үй кенітеміз деп әуреленбей-ақ тұра берер едік қой.

— Он екі жыл ит болып тұрғаным да жетеді. Енді адамша тұрғым келеді, — деп Шәмшігүл кесіп тастады.

Жантуар сөз қайтармады. Үйілген мебель арасындағы жымба жолмен ептеп басып төсекке келіп жатты.

— Бұрынғы екі кісілік темір кереуеттің өзі жақсы еді, мына түскірі бір кісілік бірдеме ғой деймін, — деді қасына келіп жатуға айналған Шәмшігүлге сырылып орын беріп жатып. Аз күн болса да екі төсекте кең көсіліп жатып жаман үйреніп қалғандықтан ба, көпке дейін дөңбекшіп ұйықтай алмады.

Арада қанша уақыт өтті, білмейді. Бір кезде шошып оянса, сирағы Шәмшігүлдің аяғының астында ұйып қалыпты. Бөлме іші тымырсық, жаңа мебельдің иісі шығып басыңды айналдырады. Жантуар түрегеліп балконға ұмтылып еді, жолда әлденелерге соғылып ұшып түсті. Оянып кеткен Шәмшігүл лып еткізіп шам жакты.

— Не болды, жазған? — даусында жылылық бар.

Байкаса, жолда үйілген үстелдерге сүрініп кетіп иығын сүйеулі тұрған кереует жақтауының қырына соғып алыпты.

— Байкамадың ба, алдында үстелдер барын?

— Байкамағандығым осы ғой, — деп Жантуар балконға шықты.

— Қатты ауырды ма?

Жантуар сұрауға сұраумен жауап берді.

— Шәмшігүл, каланың шет жағынан жер алып кенірек етіп үй салып алсақ қайтеді?

— Онсоң екі үйі бар деп көрсетіп жүрмей ме?

— Мына үйді өздеріне тапсырамыз.

— Тапсырамыз?.. Жок, шырағым, айта көрме. От жағып, күл шығарып жүрсін дейсің ғой. Бола қоймас оның. Он екі жыл от жағып, су тасығаным да жетеді.

— Олай болса, тағы бір ой бар: мына пәтерге жарым-жарты мебель қалдырып жасаулап қоямыз да, жарым-жарты мебельді алып үй жалдап тұрамыз. «Бөлмемді баласы жоқтарға береміз» — деген хабарландыруды талай жерден көргенім бар.

Шәмшігүл сәл ойланды да көнбейтінін танытты.

— Жалға бөлме беретіндердің үйі дымкыл болады. Мебеліміз бүлінеді.

— Енді не қыл дейсің? — деп Жантуар әйеліне тұңғыш рет тіксіне қарады.

— Жүр, ұйықта қазір, — деп Шәмшігүл күле қарап күйеуінің қолынан тартты. — Дал болмай-ақ қой, амалын өзім табам.

Жантуардың көңілі орнына түсейін деді.



Күн ұзақ бір жиналыста болып, Жантуар кабинетінің есігін аша беріп еді, телефон қонырауы безілдеп жатыр екен.

— Ия, мен тыңдап тұрмын. Ә, Шәмшігүл, сенбісің? Ойбай-ау, қайда кеткенде, жиналыс болды ғой. Кіріп тұрғаным осы.

Шәмшігүлдің даусы өктемдеу естілді.

— Қазір он минутта такси алып барам, есік алдына шық.

— Е, не боп қалды?

— Шаруа бар.

Дымы құрыған Жантуар он минутті өткізіп сыртқа шыкса, Шәмшігүл тосып тұр екен.

— Найкалып, тіпті шықпай қойдың ғой, — Шәмшігүл даусы сондай қытымыр.

— Ия, төтеннен кездескен не шаруа? Аманшылық па? — деп Жантуар кайталап сұрады.

Жауап орнына Шәмшігүл шоферға ым қақты. Қайда баратынын білетін болса керек, көк «Волга» сырғанай жөнелді.

— Құдай-ау, қайда бара жатырмыз, айтып өлтірмейсің бе, Шәмшігүл?

— Жантуардың даусында жалыныш бар.

— Бір шаруаға белімді бекем байладым.

— Не шаруаға?

— Бала асырап алам.

Жантуардың бұл мүлде ойламаған нәрсесі екен. «Бала асырағанда...» дегенше болмады, машина айналасы бау-бақша, екі қабат үйдің алдына келіп тоқтай қалды. Жантуардың көзі маңдайшадағы жарнамаға түсті: «Балалар үйі». Қанша ойланбадым десе де, осы бір екі сөз Жантуардың жан-жүйесін тебірентіп кетті. Тұлдырсыз бір ой... Демалыс күні мойнына отырғызып, паркке барсаң, зоопаркты араласан... Тіпті басқа қызық-қылығын былай қойғанда «папа...» деген бір ғана бала даусының өзі неге тұрады?! Жантуар, міне, отыздан асып барады. Өзі «папалаудан» қалғалы талай заман. Ал күні бүгінге дейін мұны «папалаған» бір пенде жоқ. Өткен жылы басқа қалада тұратын бір жолдасы екеуі көшеде келе жатыр еді. Бір бала кенет «папалап» дауыстап жіберген. Ойыны ойын, күлкісі күлкі, мәз болып келе жатқан әлгі жолдас оқыс тоқтап, жалт бұрылды. Жүрегін басты.

— Уһ, Болатым келіп қалған екен десемші! — Содан кейін Жантуарға туралап қарап, — білесің бе, дүние жүзіндегі бала атаулы бір-ақ дауыспен папалайды, — деп еді. Әрине Жантуар бұл сырды білмейтін. Сол себепті де «папалаған» бала даусына кайрылмаған. Жантуардың ойына осы оқиға түсті. Дүние жүзінің баласы бір-ақ

дауыспен папалайтын болса, өз нәсілін бе, басканын нәсілі ме, не тұр онда. Әңгіме шын аталық, шын аналық махаббатпен тәрбиелей білуінде ғой. Өзін біреуді «папа» демесен немесе біреу сені «папа» демесе бұл дүниенің сәні не!

Бір сәтте осылай толғанған Жантуар машинадан көңілді түсті де:

— Шәмшігүл, сен керемет ақылдылық жасадың, — деп әйелінің қолтығынан алды. — Жарайсын, жаным!

Ақ халат киген бір жас әйел бұларды күлімдей кездестірді.

— Ә, келіңіздер, сіздерге бала керек қой? Онда былай қарай, — деп жол бастады. — Әрине, керегі ұл бала болар?

— Ия, ұл бала...

— Жок, ұл бала емес, қыз бала, — деп Шәмшігүл Жантуарды түзеп қойды, — ұл баланың азабы көп болады.

Тәрбиеші дәлізге ұқсас, қатарлап жиырма шақты койка қойылған бір бөлмеге бастап кірді.

— Мұнда ұл балалар, ал қыз балалар осының ар жағындағы бөлмеде.

— Ендеше соған алып барыңыз, — деп қозғала берген Шәмшігүлдің Жантуар қолынан тартты.

— Мына баланы қарашы.

Кіре берістегі ен шеткі койкада дөңгелек жүзді, көзі қап-қара бір бала отыр екен. Екі шекесі торсықтай аппак. Сүп-сүйкімді.

— Ұл баланың керегі жоқ дедім ғой мен саған, — деп Шәмшігүл ілгерілеп кетті.

Жантуар кереуетке еңкейіпкіреп:

— Атын кім? — деп сұрады. Бала мұңлы көзін туралап:

— Болат, — деп жауап берді.

— Болат?! — деп таңырқады Жантуар. Тәрбиеші:

— Ия, бұл баланың аты — Болат, — деп анықтап қойды.

— Болат, маман қайда?

— Міне, тұр ғой, — деп Болат тәрбиешіні көрсетті.

Тәрбиеші бала қылығына разы болып кетті де, торсық шекесінен сүйіп, басын сипады.

— Сондай ақылды: Үш-ак жаста, елуге дейін санай біледі.

— Ал, папан ше? Папан қайда?

— Папам ба?.. Папамды білмеймін, — деді Болат орнықты түрде үлкен кісіше.

Осы кезде Шәмшігүлдің «Ау, Жантуар, жүрсейші!» деген даусы естілді. Жантуар қозғала беріп артына қарады. Бала Жантуарға тесіліп қалыпты.

— Папам бал ғой... Папам елтен келеді. Жантуардың жүрегі бір түрлі болып кетті. Амал не, Шәмшігүл тағы дауыстаған соң тұра алмады, әйелінің соңынан қыздар бөлмесіне өтті. Бұл бөлме де әлгі

ер балалар бөлмесіне ұқсайды екен. Қатарлап қойылған кішкене темір койкалар. Үсті жұпыны болса да, сондай таза. Балалар әр жерде үйір-үйір шоқталып ойын үстінде. Шәмшігүл соларға онша жақындамай алыстан көз салып, шолып өтті.

«Мына бала ше?» «Ана бала ше?» деген Жантуар сөзіне құлак сала қойған жоқ. Бөлменің арғы шетіне барған соң:

— Мен ойлаған бала мұнда жоқ болып шықты, — деп жеңіл күрсінді. Жантуар далаға шыққан соң әйеліне жақындап келіп тағы қолтығынан алды:

— Құдай біледі дейін, ана Болат деген бала бар ғой гений болады.

— Оны неден білдің? — деп Шәмшігүл мырс етті.

— Сөйлеген сөзінен. Тіпті үлкен кісі секілді. Шәмшігүл сықылықтай күлді.

— «Данышпандықты бақырғанына қарап айыратын болса, онда есек сорлы бәйгенің алдында келген болар еді» деген шығыс макалы бар еді. Соның керін жасадың ғой.

Басқа сөз таппаған Жантуар:

— Маған бала ұнады, — деді.

— Маған ұнамады ендеше.

— Неге ұнамады? — деп қадалды Жантуар.

— Мұрыны...

Енді Жантуар мырс етті.

— Өз мұрның онып тұрғандай...

— Онып тұрмаса, неге соқтықтың? Күйемін де өлемін деп соңымнан қалмап едің ғой.

— Себебі, маған осындай таңқы мұрындар ұнайды.

— Ал маған ұнамайды. — Шәмшігүл өтіп бара жатқан бір таксиді тоқтатты да отырып алды. — Ал мінуші ме едің?

— Шәке, әдейі келдік қой, ана баланы алып кетейікші.

— Мін делім ғой машинаға!

Жантуар ашуға булығып, түйіліп қалды.

— Жок, мінбеймін ендеше. Жүре бер өзін.

Дегенін істеттіріп үйреніп қалған Шәмшігүл қайталап сөз қатпады, жүріп кетті.

Көңілі құлазыған Жантуар, бір сәт көшкен жұртта қалған басы артық нәрседей мелшиіп қалды. Содан кейін әлденеге қолын бір сілтеді де жүріп кетті. Жұмысқа барды. Онда да өні қашып, бір түрлі болып отырды. «Жәке, не болған сізге?» дегендерге жауабы қысқа.

— Жүрегім шаншып, мазаланқырап тұрғаны.

Жұмыстан кейін де Жантуардың көңіл күйі өзгермеді. Ұзақ жүріп, көше аралады. Шала таныс біреулер кездесіп еді, ресторанға алып барды. Сөйтіп үйіне түннің бір уағында оралды.

Он екі жыл ішінде бір рет бейсеует жүріп көрмеген күйеуінің мына қылығына Шәмшігүл аң-таң, ұйықтамаған, күтіп отырған.

– Жантуар, кайда болдың?  
 – Мен Жантуар емеспін! – Жауап осы.  
 – Қайда болдың деймін?  
 – Болатқа бардым. Болатты алып келдім. Болат әне сыртта тұр.  
 – Сен әкелуді ғана білесің. Сосын бар сабытын маған салмақсың, ә?! Ондай тәлкекті қой, шырағым! Бала керек болса, денім сау, өзім де тауып ала алам.

Жантуар ұшып тұрды. Көзі қанталап кеткен.

– Ә, солай ма?

Жантуардың мына түсінен шошыңқыраған Шәмшігүл:

– Жә, жат енді төсекке барып, дем ал. Бұрын істемеген кәсіпті істеп, сылқиып келіпсің ғой...

– Менде төсек жоқ бұл үйде, – Жантуар осы сөзді нықтап айтты да, ескі-құсқы бірдемелерді алып балконға барып қисайды. Ғажап бір түстер көрді. Бір қызығы, Жантуар отыз екі жыл Жантуармын деп жүрсе, Жантуар емес, кешегі балалар үйіндегі Болаттың папасы екен. Қатты қиналды: Азамат басымен жалғыз Болатын балалар үйіне қалайша берді? Соны түсінбей дал. Жок, бұл бір жай жаңсақтық. Болат балалар үйінде емес, өз бауырында болуға тиіс. Екі өкпесін қолына алып, ұшып келеді. Ұшып келеді. Жолда бір бейтаныс адам: «Ей, Жантуар, кайда асығып барасың?» – деп айқайлады. Қайырылған жоқ. Жантуар дегені кім еді шіркіннің? Алдында балалар бақшасы. Табалдырықта ақ халат киген кешегі тәрбиеші. Жақындап келсе, тәрбиеші дегені – Шәмшігүл.

– Сізге кім керек? – деп көлденеңдей берді. Өні сұсты. Даусы қатал.

– Маған Болат керек. Мен Болатыма келдім.

– Кімі боласыз Болаттың?

– Мен Болаттың папасы боламын.

– Атыңыз кім ендеше?

– Атым ба? Атым... – кара басып атының кім екенін ұмытып қалғаны. Жок, ұмытып қалмапты. Атының кім екенін білмейді тіпті.

– Атым ба? Атым... Болаттың папасы.

– «Болаттың папасы» деген ат болмайды, – деп Шәмшігүл мұнын кеудесінен итеріп, кейін ығыстыра берді.

– Неге болмайды, болады «Болаттың папасы» деген ат, мен Болаттың папасымын!

Қатты шыңғырып, айқайлағаны сондай, Жантуар өз даусынан шошып оянды. Шашырай шыққан күн басына түсіп, әбден терге шомылыпты.

Жантуар қарғып тұрды. Тез-тез киініп, бір шашке кара кофе ішті де, есікті қаттырақ жауып далаға шықты.

– Тан сәріден кайда тұрып барасың? – деген ұйқылы-ояу Шәмшігүлге жауап қатқан жоқ.

..Кешегі тәрбиеші жас әйел тағы да ықыласпен қарсы алды.

— Сіз Болатқа келдіңіз бе? Жантуар басын изеді.

— Кайтіп келетін шығар деп ойлап едім өзім де, — деп тәрбиеші жол бастады. — Болат жаңа ғана тұрды, тамағын ішіп отыр.

Жантуар асхананың есігінен сығалады. Болат кешегідей шетте емес. Көп баланың нақ ортасында. Өзге баладан өзгеше тіпті. Жұп-жұмыр, білезіктеніп келген сәби қолымен қасық ұстап, аузына апарғаны, сосын бұлтандатып шайнағаны тіпті қызық. Болмашы тірлік азабын ұмытып үлгірген Жантуар бала қылығына мүлде тебірене беріліп, күле қарап тұрып қалды.

Болат бір кезде тамағын ішіп болды. Сосын қағаз салфеткамен аузын сүртті. Сосын даяшы қызға «лахмет» — деп орнынан тұрды да, томпаландап жүріп кетті.

— Болат, бері кел! — деп шақырды тәрбиеші, — сен «менің папам ертен келеді» — деп едің ғой. Міне, папан. Саған келіп тұр.

Болат жақындай беріп, сәл аңырып қалды. Содан кейін Жантуарға оты бар кішкене қара көзімен қаймықпай тіктеп қарады.

— Папа?!

— Ия, Болатжан, мен сенің папаңмын. Танымай қалдың ба? Келе ғой бері. — Жантуар жүрелеп отыра қалып қолын жайды.

Жантуардың көз жанары мен нұрындағы шын әкелік мөлдір махаббат бала жүрегіне осы сәтте жетті білем. Болат ұмтыла берді.

— Папа, сағындым ғой, сені, папатай!

— Сағынсаң, келдім, міне, құлыным. Біржола алып кетейін деп келдім.

— Жантуар Болатты жерден көтеріп алып құшырлана сүйіп сәл тұрды. Содан соң мойнына отырғызды да, сол бойда далаға шықты.

Аспан ап-ашық. Көк жапыраққа малынған айнала таңғы самалмен баяу тербеліп, шайқалады.

— Дүниеде құрығанда үйі құрысын, дүниесі құрысын. Он екі жыл тұрған үйшігіме қайтып баруға бармын. Тек қасымда Болатым болса жетті, — деп күбірледі Жантуар. Манағы шашырап туған күн ұйқысынан енді оянып дағдылы тірлік камына кірісе бастаған кең көшенің сонау маңдайына ілігіп көтеріліп барады.

Жантуар Болатты мойнына отырғызған бойы, сол қасқа күнді бетке алып адымдай басып жүріп кетті. Бар күйкі тірлік азабынан құтылған көңіл алабұртып әкелі-балалы екі ғазиз жанды жаңа бір жарқын соныға жетелеп бара жатқандай.

## МАЗМҰНЫ

### Повестер

|                                                   |     |
|---------------------------------------------------|-----|
| КАРҒАШ .....                                      | 5   |
| ИТАШУЫ .....                                      | 89  |
| <i>Бірінші тарау. АЙКАС</i> .....                 | 89  |
| <i>Екінші тарау. ӨТКЕН КҮННІҢ БЕЛГІЛЕРІ</i> ..... | 108 |
| <i>Үшінші тарау. ЖАЛҒЫЗДЫҚ</i> .....              | 141 |
| <i>Төртінші тарау. ӘУРЕ-САРСАН</i> .....          | 154 |
| <i>Бесінші тарау. ІЗІМ-ҚАЙЫМ</i> .....            | 174 |
| ЭПИЛОГ .....                                      | 186 |
| МЕЗГІЛ .....                                      | 189 |
| ЖЫЛ ҚҰСЫ .....                                    | 220 |
| ӨМІР НҰРЫ .....                                   | 300 |

# Сафуан Шаймерденов

*Шығармалары*

*Повестер*

**2**

**ТОМ**

Бас редакторы *Кәдірбек Құныпияұлы*

Редакторы *Таңат Нұрғазиев*

Көркемдеуші редакторы *Кенжеғазы Айтжұманұлы*

Суретші *Нұрмұхамбет Наурызбаев*

ISBN 978-601-7337-49-0



9 786017 337490

Басуға 27.08.2013 ж. қол қойылды. Қалыбы 60х90<sup>1</sup>/<sub>16</sub>,  
Басылымы офсеттік. Кәріп түрі «DS Times».  
Шартты баспа табағы 20,0 б.т. Таралымы 2000+50 дана. Тапсырыс №1039.

«Ан Арыс» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылайхан даңғылы, 105.  
Тел.: +7 (727) 272-51-84, 261-60-67, факс: +7 (727) 261-62-13.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан  
басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.  
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru